

А 2016

5 к

С. МӘДИМӨРҰЛЫ

# Өмір – керуен





Сауытбек МӘДИМӘРҰЛЫ

ЖЕКЕ КІТАПХАНА  
Мәдімәров Сауытбек  
Мәдімәрұлы

# Өмір - керуен

01. 05. 1999 жылдан  
23. 03. 2013 жылға дейін...

<http://sauytbekmadimar.kz>

Ұш Алматы  
2015 Қызыл

УДК 821. 512. 122- 94

ББК 84 Каз 7-44

М 35

М 21 Мәдімәрұлы С

Өмір - керуен. Алматы: “Үш Қиян”, 2015. - 416 б

ISBN 978-601-7194-29-1

Өмір – деген өткен күннің архиві,  
Сыр ашатын әркімдерге әр қилы – деп көрнекті  
ақын Өтежан Нұрғалиев жырлаған екен. Сауытбек  
Мәдімарұлының бұл еңбегі бұрын жарық көрген “Менің  
қарапайым өмірім” атты кітабының жалғасы іспетті.  
Жинаққа өз өмірінің белгілі бір кезеңінде бастан кешкен  
оқиғалар мен ой-толғаныстарын арқау еткен. Кітаптың  
тілі жатық. Көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 978-601-7194-29-1

© Мәдімәрұлы С., 2015



*Осы еңбегімді анам Ізданның рухына арнаймын.*

Автор.

*«Өмір - өзін зерттеген жандарға ғана сабақ бола алады»*

Ключевский.

## СӨЗ БАСЫ

Бисмиллаһі-Рахмані-Рахим.

Өзімді түсінуден қалып барамын. Тіпті өзімнің қандай адам екенімді білмеймін. маған мынау қоршаған орта, адамдар елең еткізері жоқ мүлгіген дүние тәрізді. Санамды жалғыздық билеп өз ойыммен арпалысып, «не үшін өмір сүремін» дегендей, осы өмірдің мақсатын іздеумен келемін.

Жасым ұлғайған сайын тым соған берілудемін. «Мына өмірді жалған дүние сондай-ақ «Мен кімін?» деген сауалдарға шешімді түйін таппадым. 1992 жылдан дінге ден қойып, құштар сезіммен ықылас қойдым. Құран Кәрім Алла тағаланың сөзі хазірет Мұхаммед (ғ.с.) арқылы адам баласына тура жол көрсетуші сүрелеріндегі аяттарын сан мәрте қайталап оқып, өз әлімше санама сіңіруге құлшындым.

Дін адалдыққа, бауырмалдыққа, әділеттілікке, рақымшылдыққа, әдептілікке, жанашырлыққа, кішілейілділікке, сыпайылыққа, кешірімділікке, тазалыққа, кайырымдылыққа, өсек-өтірік айтпауға, арам ас таппауға, өзге де сан алуан жақсы қасиеттерге тәрбиелейтін құрал екендігіне көзім жете түсті.

Енді бұрын-соңды қолжазбаларыма қоса кездейсоқ ой-пікір толғанысты қалт жібермей, күнделік жазып, қағазға түсіріп қояды

дұрыс көрдім. Керек еткендер болса оқып көрсін, түкке тұрғысыз болса ақ қағаз көтерер деген ой. Күнделікті өмірдің өзіме қатысты тұстарын қағазға түсіріп, кейбір жайларға өзімше баға беруге тырыстым.

*Алматы. Балам Назарбектің үйінде жазылды.  
01.05.1999 жыл.*

\* \* \*

Бүгін менің отбасым үшін ерекше қуанышты күн. Сегіз баламның ішіндегі ұлдың кенжесі, өзінен үлкен үміт күттіретін ұлым Мұратбектің болашақ жары Әлияның үйіне құда түсіп бардық.

«Құдай қосқан құда болады» дегендей, Рысбек құда мен Балзия құдағи, қажылық сапарға төрт мәрте барған Қамза құда, тағы бір қауым топ Зәбира, Ғалия, Назарбек төртеуімізді шашу шашып, қарсы алды.

Рулы елге ұран болған данқты Қарасай батырдың Көшек деген батыр ұлынан өрбігендер екен. Текті жердің баласы тектілік көрсетіп, артық талап болған жоқ. Әйтпесе қыз ұзату деген кімге де болса оңай шаруа емес екені белгілі.

*14.05.1999 жыл.*

\* \* \*

Рысбек құда бізді шақырып, үлкен қыз ұзату тойын жасады. Бұрын қазақ халқының ата салтында бір-бірімен құда түсіп, қыз беріп, қыз алғаны белгілі. Онда қыз бен жігіт бір-бірін көрсін-көрмесін, ұнатсын-ұнатпасын, тіпті балалары туылмай тұрып та құдаласқан ғой. Не деген үміт, сенім десеңізші! Ой, шіркін, халқымыз қандай ақылды болған!

Ал бұл жерде ата салтымызға аздап қосылатын жаңалық – Мұратбек пен Әлия екеуі де аспирантурада оқып жүріп, бір-бірін ұнатқаны ғана құдалығымызды жалғастырып тұр. Екі жасқа әуелі Қамза қажы ақ батасын берді. Содан соң той жалғасын тапты.

*09.06.1999 жыл.*

\* \* \*

Бүгін мен үшін шанырақ шаттығы маздаған күн. Олай дейтінім бұдан бұрын 1999 жылғы 12-ші ақпанда үшінші ұлым Ниязбек Айгүл атты қызға үйленген болатын. Міне, бүгін Ниязбек-Айгүл. Мұратбек-Әлия – екі жас отаудың тойын бірге жасадым. Екі құда-құдағилар екі топ болып, қыздарының жасау-жабдықтарын көшкен елдей артынып-тартынып келіп, тойға қатысты. Отау иелеріне көп тілек айтылды. Оның ішінде облыс, аудан әкімдерінің де тамаша тілектері жалғасын тапты. Той Шу ауданы Жиенбет ауылындағы өз үйімде болды.

*12.06.1999 жыл.*

\* \* \*

Жаңа түскен келінімнен:

- Қарағым аспирантураны бітірген соң ойын қандай? – деп ептеп сыр тарттым.

- Мұратбек бітірген соң ыңғайына қарай шешемін. Өйткені оның алдына шықпай, ығында жүруім керек. - деді.

Жолдасына жол беріп, оны сыйлағанына не жетсін, ішім жылып қалды. Ибадаттық, кішіпейілділік деген болымсыз нәрседен басталады емес пе?

*16.06.1999 жыл.*

\* \* \*

Махатма Гандидің «Менің өмірім» атты өмірбаяндық кітабы жеке кітапханамнан орын алды. Қолыма күштарлықпен алдым. Өйткені кітаптың аты менің елу жылдығыма орай жазған «Менің қарапайым өмірім» атты қолжазбама ұқсастығы қатты ойландырды. Екі кітап арасындағы айырмашылық – «қарапайым» деген сөзім ғана. Болашақта кітап етіп бастырудан үмітім бар.

Мен Гандиге қарағанда кіммін? Ол Алатау болса, мен етегінде ойнақ салып, еркелеген еліктей ғана емеспін бе? Сөйтіп кітап ұқсас болғанына да құдайға шүкір. Бұл айтылған сөз кітап тақырыбына ғана сездірген ойым. Ішкі ұқсастық сыры болса енді оқып көремін. Мен өте ұнатып, оқитын кітаптарға көп уақыт жұмсайтындықтан алаңсыз бос болатын уақытта қолға аламын. Өйткені өте жәй,

түсініп, түйсініп, астын сызып, егер түсінбеген жерім болса сан мәрте қайталап оқимын.

*12.07.1999 жыл.*

\* \* \*

Алматыға Зәбира екеуміз барып, Мұратбектің өз алдына үй болып, отау иесі болғандығына, әрі Әлияның туған күніне орай Рысбек құданы тумаларымен қоса шақырып, қуанышты кеш өткіздік.

*27.07.1999 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Гандидің «Менің өмірім» атты кітабын оқып бітірдім. Үнді халқының аты аңызға айналған көсемнің еліне сіңірген еңбегі өте зор екені әлемге белгілі.

«Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылады» демекші, ақиқат үшін басқа түгіл өзін аямаудан қымсынбаған.

Ол халі өте нашар әкесін күзетіп отырғанда ұйықтап жатқан әйеліне барады. Осы бес-алты минутта әкесі жүріп кетеді. Бұл ісіне қатты өкінген Ганди: «Егер хайуандық құмарлық көзімді тұмандатпағанда, мен өлерінен аз ғана минут бұрын әкемнің қасынан кетіп қалғанымға қапаланып, қиналмаған болар едім. Әкемнің өлер сағатында да мені нәпсі құмарлығы биледі», - дейді. («Менің өмірім». Алматы. 1989 жыл, 46-бет). Тағы «қызғаншак күйеу едім» (осында, 38-бет). «Ақиқат іздеген жан тозаңнан да төмен тұруға тиісті» (бұл да осында, 7-бет) деген сөзінде тұрғаны кітабының әр жолында көрініп тұр. Әйеліне ұрысканын, бірде көзіне шөп сала жаздағанын, үйінен сүйрегенін, келісіп жақындасуды қойғанын, өмірін тым қарапайымға бейімдегенін, отбасылық істен бастап, мемлекет қайраткерлігіне дейін ашық айтып, ақиқатын бүкпеген. Басқасын тілге тиек қылмағанда өз мінін мойындаулары жетерлік. Осының әсері маған түрткі болып, басым сан түрлі ой туындап, маза бермеген соң, қағазға түсіргім келді.

Өз мінін біреу бетіне баспай-ақ өзі ашық мойындаған да данышпандықтың бір белгісі тәрізді. Мен кітапты көп оқитын жанмын. Құдайға шүкір, кітапханам кітапқа толы. Өмірбаян

жазғандар өзін жазсын, не басқа біреуді жазсын, тек біржақты, кейбірі кем-кетіксіз, мақтағанда алдына жан салмай, бірінен бірі отуда. Әйтпесе бұл өмірде сүттен ақ, судан таза адам бар ма?

Осы ойымды айтпас бұрын Алладан, келешек оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

*21.08.1999 жыл.*

\* \* \*

Абай туралы жазған Мұхтар Әуезовтың төртінші кітабындағы оқиғалар барысын екіталай қабылдаймын. Ал Абайдың өлең-қара сөзінде, «Қыздарға» өлеңінде «Адалдыққа бар елдің зоры Бәкен» дегеннен басқа өзі сөз еткендер ішінде бір адам оған жақпаған сияқты. Бәріне өкпелі, сын айтып, сыбағасын берген. Жалпы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп түгел қамтып айтқанына карағанда сол заманның адамдары сондай болған-ау дейін десең, өз отбасылық өлеңінде басқаша сыр береді.

«Жан асар ма осыдан» деп Оспан інісін, «Мұндай асыл тумайды» деп баласы Әбдірахманды жырласа, Ескендір, Темір, Шыңғыстай деп әкесі Құнанбайды соларға теңейді.

Абай жалпы өз отбасына 17 өлең арнаған. Оның ішінде мұндай мақтау, жоқтау, теңеу дегендер жетерлік.

Ал қазір біз Абайдың данышпан, терең ойшыл екенін мойындай отырып, неге Мохандас Ганди сияқты ақиқатынан аттап өтеміз. Бұл туралы сыр берген жоқтың қасы. Тек марқұм сыншы Сағат Әшімбаев Абай әкесі Құнанбаймен аса кірбеңі жоқ деп өлеңін алға тартқанын оқығаным бар.

Келешек ұрпақ ішінен терең ойлылары шығып, зерттеп «Жақсы менен жаманды айырмалық» деген Абайдың өз өлеңін өзіне айтып, бүкіл қазақ халқынан сонын тұсында Оспан, Әбдірахман, Құнанбай деңгейлес бір пенде болмағаны ма деп, оның да өзімізді пенделігі болған деген ой тумай ма? Қайта ақиқатын көрсете отырып, данышпандығын биіктеткен жөн емес пе?

Күнделігінде аздап сыр бергені болмаса, Мұқағали Мақатаев та өз тұсында арам ниеттілерден жапа шегіп, жұмыссыз, киген-жегенге зар болса да аса ешкімге қатты сын айтпай, қайта замандастарын неше түрлі тамаша, сиқырлы өрнектермен толғап, жырға қосқан.

Өзін қауіпті қасқыр мен боранға қалдырып, көлігіне мінгізбей кеткен қатыгезді: «Аға, мен тірімін» деп, «Шұбар ат желіп кетті, шу деп едің» дастанында жұмсақ, жеңіл баяндайды. Ағадан садаға кеткірге тіл тигізбей аға деді – не деген мінезге бай!

Халық Мұқағалиды Абай құсатып көп атап жүргені келешекке кең қарағаны шығар. Абай туралы осы пікірімді мен «Болашаққа хат» деген қолжазбамда жазғанмын. Енді Ганди кітабы тағы ойға түсіріп отыр.

\* \* \*

Қаныш Сәтпаев, Мұхтар Әуезов сияқты толып жатқан алыптар өмірінен өмірбаяндық кітаптар шығып жатыр. Солардың көбісі тек бір сарынды мақталуда. Осының өзі данышпандардың, келбетіне нұқсан келтірмей ме? Бұл өмірде пенделікке бой алдырмаған кім бар? Ганди құсап кемістігін ақиқат тұрғысынан айтса данышпан ойшылдар даралана бермей ме?

Естеліктерде Мұхтар Әуезов Москваға барғанда бір-екі ауыр портфельді: «Мынаған не бол», - деп жолсеріктеріне ұстатады. Бұл не екен деп ол жоқта бірін ашып, ақша екенін көргендер, ақшадан аздап алып, кейін қайтып беретіні айтылады.

Сонда Мұхтардың ол жақтан зат әкеліп, қайта сататын алыпсатар емес екені белгілі. Десек те дүниеге бой алдырғандар қазір де бар ғой. Кімнің таланты бар, соның дара бағасын ортасы, елі беріп, өз орнына қоюда ғой.

Мәселен, бір портфель ақша тасымақ түгіл күн көріске зар болып, қолжазбаларының денін шығара алмай кеткен Мұқағали Мақатаевтың кітабы үсті-үстіне шығып, өзіне өте данышпан деген сөздер айтылып, Абайға теңеп жүргені туған халқының оған деген сүйіспеншілігінің жемісі емес пе?

Бір оқырманның: «Мен Мұхтар Әуезовтың кітабын оқымаймын. Ол Ілияс Жансүгіровтың әйелін алыпты» - дегенді де оқығаным бар. Осыған орай мысал келтірейін.

Біздің өмірде «Сарқобы» деген жерден Әулиеата базарына сатуға ұсақ мал айдайтын Сержан қожа деген жігітке Сика деген азамат малын қосып, айдасуға келіседі.

- Қарағым, мына бәйбішем саған аманат. - депті. Бәйбіше дегені

жас келіншек. Екеуден екеуі талай күн мен түнді бірге өткізген жас келіншек жігітке жақындасуды қалайды. Оған жігіт:

- Сені маған аманат қып тапсырды, - дейді.

- Онда тұрған не бар? – деп әйел азғырады.

- Аманат - аманатқа қылма қиянат деген. - деп Сержан қожа іргесін әйелден аулақ салады.

Сол ұсап Сәкен, Бейімбет, Ілиястар, тағы басқалар қазақ халқының қамы үшін опат болып, «аманат» арқалап кеткендер емес пе? Әйел әйелдігін жасаса да оқырманы айтқандай, Мұхтардың бұл ісі шаригатқа жөн болса да, Ілияс оның жолдасы, замандасы. қаламдасы емес пе. деген сөзімді қауым дұрыс дей қоймас. «Ең болмаса көз көрген ғой. Ілиястың әруағын сыйласа қайтесі» деушілер шығуы сөзсіз.

\* \* \*

Мохандас Гандидің кітабын оқымай тұрып «Менің қарапайым өмірім» атты колжазбада отбасылық туралы майда-ұсақ оқиғаларға дейін көрсеткеніме өкінген болатынмын. Өйткені «Аша елі» кітабым жарық көргенде ақиқат шындықты сүймейтіндер сезілген. Ал Ганди болса өз кітабында айтуға ұялатын оқиғаларды шығармасына арқау етіп, жіпке тізгендей жүйелі баяндапты. «Ақиқат іздеген шаң-тозаңнан да төмен тұруға тиісті» дегені рас екен.

Міне, осылай салыстыра отырып, өзіме-өзім шүкіршілік келтірдім де, «Болмаса да ұсап бақ» - деп Абай айтқандай. ұсағанымның өзін жетістікке баладым.

*23.08.1999 жыл.*

\* \* \*

Келінім Әлия босанып, Ниетжан деген немерем өмірге келді. Забира соның шілдехана тойын өткізуге Алматыға кетті. Мұратбектің тұңғышы өмірге келгені біздің шаңырақты шаттыққа бөледі. Бір бала жоққа тән, екі бала бірге тән. сол үшін отыз ұлын Байзақ датқа көпсінбеген (осының жолын берсін. аумнн).

*11.10.1999 жыл.*



\* \* \*

Зәбира екеуміздің отасқанымызға бүгін 40 жыл толды. Балалар осы тойды атап өтті. «Екінші мыңжылдық пен үшінші мыңжылдықтың шекарасынан туындаған ой» деген шығарма жаздым.

*13.12.1999 жыл.*

\* \* \*

Зәбира екеумізді Мұратбек: «Жаңа ғасырдың Жаңа жылын Алматыда біздің үйде бірге қарсы алайық», - деп көлігімен ауылдан алып келген болатын.

Міне, бүгін Жаңа жылды күтіп алу сәтінде қасымдағы басқа балаларымнан бұрын аз минуттар қалғанда алыстағы Мұхамбет Пайғамбар елінде демалып жатқан сүйікті қызым Ғалия телефон шалып, бәрімізбен жеке-жеке тілдесіп, Жаңа жылмен құттықтады.

- Сіздерде ауа райы қандай? Бұл жерде 38 градус жылы, - деді.

Бұл жақта, әрине, қыс қыстығын жасап тұрғанын хабарладық. Ой, шіркін-ай десенші! Бұрын ата-бабаларымыз ұзақ жол жүріп, қажылық сапарға әрең жетеді екен. Бүгін сол жерден Ғалиям бізбен ауызба-ауыз сөйлесіп, Жаңа жылға жана игі тілектер тілеп, жақсы ниетін білдірді.

Бізге осы үйдің төрінде тұрған жасыл шыршаның көздің жауын алатын ойыншықтармен безендірілуі ұнады. Осындай ерекше сұлулыққа ұл балаларымның ішінде, әсіресе, Мұратбектің жаны құмар. Ауылдағы үйдің де төңірегіне алыстан шым ойып әкеліп төсеп, цемент астаулы арық арқылы су жүргізіп, көгалды нұға айналдырған сол еді. Осындайда өткен күндер ойға оралады екен.

Аудан бойынша малшы қауым орталығы саналатын алыстағы «Көлқұдық» штабка 1964 жылы көшіп барғанда мен 24-те, Зәбира – 23 жаста болсақ, үлкеніміз екіде, Ғалиямыз айға да толмаған кезі еді. Сонда бізді ешкім жас деп ойламайды. Қайта үлкен адам құсатып, үйімізді кісіден-кісі басып жатты. Енді бірде келімді-кетімді кісің бар, сенің үйінде болайық, деген ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша (тура Мұратбектің жасында едім) мен де шырша (елка) құрып, соның ортасына кішігірім самауырындай ақ сақал құмыра

Аяз Ата орнатып. 1965 жылдың Жаңа жылын қарсы алдық. Сол Аяз Ата біздің үйдің төріне тұрақтады.

Штабта онда қонақ үй ашылмаған болатын. Малшы қауым жайын білуге аудан, облыс, республика, тіпті кейде ЦК-дан да өкілдер жиі келіп аралайтын. Сол жылдың қысында біздің үйдің қонағы Совет Одағының Батыры Сәду Шәкіров жана отыра бастаған Ғалияны қолына алып, алақанына аяғынан тік тұрғызбасы бар ма? Қаз-қаз тұрып та үлгермеген сәби басы ауған жағына қарай қисайса, алақандағы аяғын ауған жағына теңесе, содан тепе-теңдік туындап, тік тұрғандай болып, мәз-мейрам болып, ішексізесі қатып күледі. Осылай бұлталактатып, аяғы мен басын теңестіріп, алақанына қаз-қаз тұруға тән әдісін қолдану сәтінде шыр-шыр еткен ауданның екінші хатшысы Әнуарбек Жүнісәлиев:

- Сәке, жығасыз. Сәке, жығасыз! – дегенін батыр елең қылмай, бұлтылдағанын теңестіріп, бізге цирк ойынын көрсеткендей болды. Шынында, батырдың сәби жайын жақсы білетіні бізді таңғалдырды. Сөйтін алақанындағы сәбиді бірауық бұлтылдатып, тік тұрғызып, жерге қайта отырғызғанда үһ деп демімізді бастық. Сәби құлап қалатындай үрейде болсақ, батыр бізге күліп жүр. Сәду Шәкіров өте балажан екен. Осыны Зәбира екеуіміз анда-санда еске түсіріп қоямыз.

\* \* \*

Штабка ауданның бірінші хатшысы келеді-мыс деп, бір үйді дайындап, құрақ ұшып жүрді шабармандар. Бірақ Жапар Түйебеков оған бұрылмай, біздің үйге келді.

Сол кезде осы кісінің шешімімен мәдениет, байланыс, су, жол, комхоз, сауда, орман, быткомбинат, баспа, аудандық адам, малдәрігерлік мекемелерінің бастықтары өкіл ретінде егін орағы мен мал қыстату сияқты науқандық жұмыстарды өткізу кезінде өзіне бекітілген шаруашылыққа соның директорымен бірдей жауап беретін. Әр саладан автопоез жасақталып, малын қауымға саудасаттық, медициналық, мәдени қызметті үздіксіз көрсететін. Бұл жөнінде үлкен кісіге есеп беріп, тілшілер дұрыс-бұрысын газетке жариялап жазатын.

Міне, бұлар да мына бірінші хатшы келгенін пайдаланып, көзіне

көрініп қалу мақсатында штабты төңіректен тұрған. Көпшілігі арнайы дайындалған үйге бармай, біздің үйге кіргеніне аң-таң. Кейін «Бірінші хатшыны бағындырған сен де оңай емессің» - дегендері де болды маған. Біз, адамдар, кейде пенделікке ұрынамыз-ау, шіркін! Осыдан кейін, әсіресе, лауазымы жоғары кісілер, біздің үйге шақырмай келетін қонағымызға айналды.

Мұхтар Әуезовтың 70 жылдық тойына орай елін-жерін көруге Кеңес өкіметінің барлық түпкір-түпкірінен келген меймандар да 2-3 күн болды бізде.

«Қонақ тандап қонады, ұры басынып ұрлайды» деп, хатшы бұрын да біздің үйде болып жүрген болатын. Мүмкін, біздің кіршіксіз ниетімізді таныса, Зәбираның үйді таза ұстап, бала тәрбиесіне ұқыпты қарайтынын, астың да дәмін кіргізетінін ескерген шығар. Көпті көрген, көптің басын ұстаған кісі ғой. Кейін штабтан ашылған қонақ үйге түнеп, ертеңгісін біздің үйге келіп, менің механикалық сақал-мұрт алғышыммен қырынып, айран ішіп тұратын.

Осыны бір әпкесіне: «Сауытбектің үйіндегі келін үй шаруасына тиянақты, айраны бал татып тұрады», - депті Жапар Түйебеков.

Қаһары Кенехан құсаған бірінші хатшы малшы қауымды жиі аралағанда шаруашылық ойынан шығып, көңілденіп, біздің үйге аялдап, ептеп преферанс ойнап, ой-санасын тынықтыратын.

Сонда кішкентай Ғалиямды өзіне жақын тартып, «апаңа апарамын» (ауылдағы Іздән анама) десе, ол қасынан шықпайтын. Ыңғайсызданған біз Ғалияны қасынан алайық десек: «Тиме, менің қасымда отыра берсін», - деп қылығына риза болып, ойын арасында көзін салып, жылы-жылы сөздер айтатын. Сырттай суық, зілді болғанымен, балаға тым жылы, жақын екендігіне таңғалатынбыз. Үйге келген қонақтар арасынан кім балаға жылы, кім суық екенін үлкендерден бұрын бала сезінетінін өмір көрсетіп жүрді. Преферанс ойынында кейде қолы жүріп қалса: «Кэмпит алып же», - деп балаларға шотал ұсынатын.

Ең әуелі Жапар Түйебеков Ғалияға: «Кэмпит алып же», - деп 25 сом тұтас ақша ұстатып кетіпті. Оны маған бергенде, төрде тұрған тиын жиғыш Аяз Атаның артындағы кішкене тесігінен ақшаны бүктеп салып көрсеттім де: «Енді сендер шотал ақшаны осыған сала беріндер, оқуға барғанда қалам, дәптер, кітап сатып әперемін.

Осы шотал берген атан құсап сендер де ел танитын үлкен адам боласындар» - дедім. 1970 жылы алды оқуға барғанда жиналған шотал ақшаға, әрі оқуға ілікпеген 4-5 балама дейін оқу құралдарын ырым қылып алып қойдым.

\* \* \*

Сол штабтағы бір көрші әйел:

- Біздің балаларды емес, мына бөтен біреудің балаларын икемдейсіз. - дейді туған қайнағасы Ошанға. Сонда ол:

- Мен Сауытбектің балаларын қалай жақын тартпаймын, өздері қойныма кіріп кетеді. ал сенің балаларың ұшатын құс құсап аспанға қарап тұрады. - депті.

Бірде жылқышы Төкен:

- Әй, Сауытбек, мына кішкентай Назарбегінді қарашы, менің қолымдағы қамшыны ұстап алып: «Ата, аттан түс, біздің үйден шәй іш, - деп тұр. — Айналайын, жасың ұзақ болсын. Осы аман жүрсе, ел танитын азамат болады. Бағанадан бері сөйлесіп тұрған сенін ойында жоқ нәрсені кішкентай балаң айтып тұр». - деп ұялтқаны бар. Балаларымның жас кезінде осындай жағымды қылықтары көп болатын.

Мұндай ниеттерін Алла қабыл еткен балаларыма ризамын. «Бес саусақ бірдей емес» демекші, сегіз баламның ішінде көңілден шығатыны да, шықпайтыны да бар. Отбасы болған соң бәрі кездеседі екен. Кейде «Аузы күйген үрлеп ішеді» деп, анау анадай, мынау мынандайды айтып қаламын, сонда басқасын айтпағанда, көңілден шықпайды дегеннің өзі «ұят болды» дегенді алға тартады. Мейлі маған жақпаса да көптің көңілінен шықса болды деп ішім жылып қалады. Оның үстіне бәріне ортақ әдет сол – біреу бірдеме сұраса ешқашанда жоқ демейді, беруге, қолғабыс жасауға, жолда тұрған жолаушыны жолпұлсыз ала кеткеніне бір жасап қаламын. Өмір көрсетіп жүр: біреуге қолқайыр жасамақ түгіл, ұры ит құсағандардың жолдарының тар екенін. Менің 2-3 жыл жинаған шөбімді, мал қорамды, екі машина құрылыс ағашымды, тағы толып жатқан заттарымды көпе-көрнеу біреудің баласы өртеп жіберді. Өртті сөндірген өрт сөндірушілер жасаған актісін қызым Әсия, жолдасым Зәбира, кейін келген Мұратбек үшеуі мені әрең

тоқтатып заң органына бергізбеді. Шыны керек, ақиқат алдында қиын екенімді мойындаймын.

*01.01.2000 жыл.*

\* \* \*

Алматы. «Мерей» баспасы. Әбіқұл Ибрагимовке Мұратбек екеуміз «Менің қарапайым өмірім» атты қолжазбамды өткіздік. Әуелім оқып көріп, сын-пікір айтуын сұрандым.

*03.01.2000 жыл.*

\* \* \*

05.01.2000 жыл. Ә.Ибрагимов қолжазбаны толқып, таңғалып оқығанын телефон шалып хабарлады. «Сөз саптауың, сөйлемің, оқиға желісі. өмір жолындағы кедергілер, жетістік, ашық айту, қатты кеткен тұсың – бәрі орынды», - деді маған. Кейін Мұратбекпен сөйлескенде: «Әкең өзін тым төмен көрсетіпті. Әрі қолжазбадағы оқиғаларда көп кездесетін кісі аттары өзгерусіз берілген, осы туралы ақылдасамыз, үйге келіндер», - депті.

*04.01.2000 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек екеуміз Ә.Ибрагимовтың үйіне бардық. Қолжазбаны оқығандағы өзі белгілеп қойған тұстарынан пікір-сын айтты.

- Мен де бұрын «Ерназардың қарттары-ай» атты осыған ұқсас шығарма жазғанмын. Одан өзгешелігі – сен бәрін тарау-тарауға бөлім жазыпсың, - деді.

- Ойымды шашыратып алмайын дегенім ғой.

- Оның дұрыс. Бірақ сенің оқиға барысында орын алған істер ақиқат болса да кісі аттарын өзгерусіз бергенін дұрыс емес, - деді.

Ақиқатқа тура қарай алмайтың, шындықтың шырқына шаң бүркетіндер бұрын жарық көрген кітабымда белгі берген. Әбекең осыны айтып тұр. Пікіріне келістім.

- Тағы сен өзінді тым төмендетіп көрсеткенсің, - деді.

- Шыны солай, білімім төмен. шала-сауат екенім рас қой, - дедім.

- Екі-үш кітабы шыққан авторға оқырман қауым сене қоймас. әрі олардан ыңғайсыз. - деді.

Шығатын кітаптың бағасына келістік. Енді жарық көруін тек қаражат күтіп тұр.

*07.01.2000 жыл.*

\* \* \*

Зиян мен пайда қабат жүретіні – өмір заңы. Кейде адамдарға зиян - пайда келтіреді де, пайда – зиян келтіретін сәттері жиі кездеседі. Соның басымнан өткен бірі – әкемнен мал көп қалды. Өте жас кезімде соны бағамын деп қыста суық, жазда ыстық күн өтіп, аурушан болдым. Не малдың қызығын көрмей – оны біреу көріп, енді жасым елуге жетпей құлағымның естімеуі белең алды. Бұл байлық адам баласына пайда болса маған зиян емес пе?

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ә.Әспетов, аудан прокуроры Аққұлиев, рабкооптың бастығы К.Өмірқұлов өздеріне көнбеген мені қорқытып алу амалына кірісті. Өз ойларын іске асыру үшін қисынсыз мені талай күнге қаматқан. Бірақ мен біржарым тәулікте түрмеден шықтым. Бұл оқиға маған өмір сырын терең зерттеп, басқаша қарауыма үлкен ой туғызды. Бұл зиян пайда емес пе?

*09.04.2000 жыл.*

\* \* \*

Данышпандар неге өлімді өздері іздегендей болады. Тіпті өз еркімен өлімге баратындар да бар. Абай терең толғанып отырып, көз жұмған. «Пушкин Дантестің кейпіндегі ажалды өзі іздеп, соқтықты немесе ақсүйектер қауымынан сөйтіп өш алғысы келді» - деп В.А.Сологубтың жазуы тегін емес. Лев Толстойдың «Көз көрмес, құлақ естімеске кеткім келеді» - деп, қазанның 28-і күні таңсәріден көпшіліктен, атак-данктан қашып шыққанымен жол азабына ұрынып, ақыры өліп тынуына не себеп? Эрнест Хемингуэй 1961 жылдың 2 шілдесінің таңында өзінен-өзі аңшы мылтығымен неге атылып өлді? Айналасын торлаған сатқындыктан көңілі біржолата қалған Бейбарыс сұлтан атак-абырой, алтын тақ пен алтын тәждің бәрін тәрік қылып, елі жерден-көктен іздесе де таптырмай, өз еркімен бұл фәнимен коштасуы қалай? Міне, осындай данышпандар өмір ағымындағы дерттерді неге көтере алмайды?

Бұған жауап – өйткені олар өз жеке бастары үшін емес, жалпы көпке ортақ мүдде үшін жауап іздеп, кейде соның шешілмейтін түйіні үшін құрбан болатыны көп кездеседі.

*04.07.2000 жыл.*

\* \* \*

Шындықты жазатын, жырлайтын, талап ететін, соған шақыратын қазақ елінде ақын-жазушы, түрлі ақпарат құралдарында журналист, тілші, заң қызметкерлері қауымы бар. Бұлардың бар мақсаты – Отаны, елі, жері үшін ортақ мүддені қорғау. Бұған зиялы қауым мен қарапайым халықтың үлесін қоспағанда, жоғарыда аталған әр саладағы әр отбасы, тағы үш отбасыдан тартқанда бәленбай мыңдаған отбасы ортақ мүддесін қорғайды екен.

Осының бәрі жабылып жүріп ауыл, аудан, облыс әкімдерін айтпағанда, елі үшін ортақ мүддеге жанымен де қасық қаны қалғанша шын берілетін президент пен үкіметті ұстайтын ұятты меңгерген адал, арлы, іскер, ой-санаға жетік екі-ақ адам тудыра алмағаны ма? Ой, шіркін-ай, десеші! Басқасын айтпағанда, 70 жыл тірнектеп жинаған мал, техника, өндірген өнімнің тоз-тозын шығарып, ауылдық жерді бігірді-ау. Бұл өмір, Артың не болар екен?

*05.07.2000 жыл.*

\* \* \*

Менің қиналып, көзіме жас алған сәттерім көп. Солардың ішінде Бабырдың немересі Ақбардың ұлы Шах-Жаһанды үш ұлы тақтан тайдырғанда, Уранза деген кіші ұлы екі ағасын өлтіргенін айтпағанда, өз әкесін темір торға қамап, сүйікті жары Мұнтаз-Маһалдың басына әлемде жоқ өзі салдырған ескерткішіне телміре қарап отыруына ғана рұқсат еткен. Осы күйіктен 8 жыл Тәж-Маһалға қарап отырып, Шах-Жаһан көз жұмған.

Осыны оқығанда көзіме жас алдым. Өйткені Шах-Жаһанға бұдан тез, табанда күйік кешпей өліп кетуі артық еді. Басқадан емес, тек өз туған ұлының қатыгездігі 8 жылдың әр минуты бір-бір өлімнен артық қиналыс тудырды-ау. Көп уақыт ойымнан шығара алмай, қиналдым. Өмірде бұдан қиын жаза жоқ шығар. Менің кейбір қиналыстарым мұның алдында түкке тұрғысыз, пейіштің



тәріңдей екен-ау, деп толғанумен болдым. «Біреуді көріп бүкір дейсін, біреуді көріп шүкір дейсін», деген осы екен.

04.10.2000 жыл.

\* \* \*

1960 жылдың наурыз айында Зәбира екеуміз қолхоздың аға шопаны Арапбай Сарыбаевқа сақпаншы болдық.

Соғысқа бір қолын беріп келсе де төрт мүшесі түгел кейбіреулерден артық жері - еңбекшіл. Қой басын көбейтуге қосқан үлесі зор. Бір емес, екі дүркін Социалистік Еңбек Еріне лайық кісінің адал, арлы, жалғандыққа жол бермейтін, тура жүріп, тура сөйлейтін, тек ерен еңбегі мен шыншылдығы өзімшіл бастықтарға кедергі болып, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, Қазақстанның Алтын кітабына жазылып тынды.

Өзі алмаса да мен барған кезде көмекшісі, кейін өз алдына отар иесі болған Әбдірахман Дәуітовтың Социалистік Еңбек Ері болуына тікелей осы А.Сарыбаевтың қатысты екенін біздің аудан жақсы біледі. Бұл кісі туралы көп айтып, көп жазуға болады, бірақ бұл жерде оған орын жоқ. Қорыта айтқанда өмірі мөлдір.

Енді өзіме келейін. Зәбира екеумізге бекітіліп берілген сақпанды бағып жүрдік. Бала жастан әңгіме тыңдауға әуес басым:

- Сіздер ертелі-кеш қалт еткен басқосуда қойдан басқа сөз айтпайсыздар, бір мезгіл өткен-кеткен ұлағатты әңгіме айтпайсыз ба? – демесім бар ма.

Арапбайдың түрі суық, мінезі тік, көп сөзі жоқ, қатал, бірақ осы қасиеттері адамгершілік пен ақиқатқа бағытталған.

- Әй, Сауытбек, не деп тұрсың? Қазір әңгіме айтатын уақыт па? Күндіз-түні қой қоздап жатқаны мынау, бірі қозысын алса, бірі алмайды. Қауырт жұмыс шаш етекпен. Қой төлдеп бітеді, арқабасымыз кеңейеді, әңгіме содан кейін айтылады. - деді. Осындай сөздің жалғасын көмекші шопан Әбдірахман Дәуітов те айтып, мені талай жерге апарып тастады. Сөйтіп үлкен кісілерден сөгіс естідім.

Қой төлдету барысында жемшөп уақтысында жеткізілмесе, аңғал-саңғал қора, осы сияқты мал мамандарының ұқыпсыздығы маған да таныла бастады. Осыдан барып «Қара қойдың айтысы» деген өлең туды. Көркемдігі нашар болса да айта кетейін:

Қараға тән боз қойсын,  
Қатарыңнан озбайсың.  
Кейін қарап маңырап,  
Қандай ойды қозғайсың.

Қараға тән қоңыр боз коймын,  
Ойдағы мұңды қозғайын,  
Сен адамдар тілің бар,  
Сұрақ қойдың – болжаймын.  
Астым бағпақ, үстім су,  
Қышытып тұр қотыр қу,  
Тағы өзімде тағам жоқ,  
Сен, адамдар, қарның тоқ.  
Өстіп сорлап тұрғанда,  
Жемшөп тағы құрығанда,  
Кіріс қосып өзіңе,  
Қозы тудым тағы да.  
Күн райын қарасаң,  
Теңейсің зәрін бураға.  
Жылы мекен – қораң жоқ,  
Бәрін айтып «АРА»-ға,  
Жазсам егер өзіңді,  
Тірідей мені көмерсің,  
Мына тұрған ұраға, - дейді қара қой.

*05.10.2000 жыл.*

\* \* \*

Үйінен шыққан қонағын Тілеуғабыл болыстың бәйбішесі  
Дәулет атына мінгізуге қолтығынан аттандырып жатып:

- Жақсы аттың жалы майда өрген шаштай,

Жүреді жайнаң қағып қырың баспай, - дегенде, - аяғын мен  
айтайын, - депті Жүнісұлы Қоңқыш:

- Болыстың жақсы-жаман қатыны едің,

Жүрсенші аяғыңды қия баспай, - деп оның Досқожа бимен ойнас  
екеніне тоқтау айтып бітіріпті.

*07.1.2000 жыл*

\* \* \*

Менің балаларымның ішінен, кеңес өкіметінің бұрынғы құрамына кірген елді айтпағанда, шет елге бірінші сапар шеккені сүйікті қызым Ғалия. Ол бұрын Италияға, Сауд Арабиясына тұңғыш рет сапар шекті. Одан кейін, бүгін, ұлым Мұратбек Италияға аттанып кетті. Алла оған сәтті сапарын берсін. Бұл оқиға қарапайым менің отбасым үшін өте тың, әрі қуанышты жаңалық.

*06.10.2000 жыл.*

\* \* \*

Өте беделді, не лауазымы тым жоғары адам кемтар момын сияқты нешетүрлі мұқтаждылар сырын жете біле бермейді. Өйткені мұндай жағдай оның басында жоқ болса және оның төңірегіндегі жандайшабы басқаның мұңын оған сездірмеуге тырысса, өзінің де онымен ісі жоғын қосыңыз. Сонда мұндай кембағалдар сырын өзінен артық ешкім білмейтін болып шығады. Бұл, әрине, қарапайым халық үшін өте өкінішті жағдай.

*19.10.2000 жыл.*

\* \* \*

Қызым Ғалия балаларымның ішіндегі бір ерекше жаратылған жан. Парасатты, салдарлы, әрі біліміне қоса пейілі өте кең.

Осы Ғалиям туралы мені көптен толғандырған ой бүгін өте жақсы шешімін тапты. Ғалиям аман-есен босанып, өмірге Диана деген немеремді әкелді. Бұл отбасымыз үшін шегі жоқ қуаныш. Алла екеуіне де ұзақ өмір сыйласын.

*24.11.2000 жыл.*

\* \* \*

Басқаны айтпағанда, өз отбасым осының ойын бөлмейік, ізденісіне жол берейік – деп жан сырымның түпкіріне терең үңіліп жазуға жағдай жасағаны шамалы. Ой толқынына беріліп, бірдеме жазып, не кітапты іздене қызыға сүйіп оқып отырғанда ешкімге әсері жоқтай азан-қазан органың шуына көміліп, талай киналдым. Сонда ойға келген сәтті толғаныстан туған талғам мен айшықты сөз ұтымынан табанда адасқан қаздай боламын.

Осы аз ғана жазғанымның өзін қалтарыста, атуесті ұрланып, қысылып жүріп әрең жазғанымды қалай жасырайын.

Демек менің тарапымнан осыны бірдемеге бастап жүрген құдірет шығар – деп әсіресе жазу, іздену үстінде кедергі келтірмей, тыныштық сақтап, уақыт беріп, күнделікті аты жоқ сан жетпес үй тірлігінен қол үздіріп, жағдай жасаған жан әзірге аз болып тұр. Бұл үшін үлкен отбасымның жағдайы, күн көрісі, әлі жас болып өзін-өзі игермегені лаж жоқты тудырған тағдырымнан. Оған отбасым кінәлі емес, мүмкіндіктің жоқтығы. Сөйтіп менің шығармашылық жағдайым кейін қалай болатыны елімнің әділ тобы мен сегіз жұлдызымның сезімділеріне байланысты шешіледі. Тек келешегім даңқты, белгілі болу үшін менің сырымды ашатын осылар деп үлкен үміт күтемін. Менің бағамды солар береді деп ойлаймын.

*27.11.2000 жыл.*

\* \* \*

Өмірі қарапайым қауым қатарында болса да, ой-өрісі, жүріс-тұрысы, ісі, сөзі, өмірге көз қарасы тым мөлдір ретінде жалпы көпке танымал Арапбай Сарыбаев өте ерекше жан еді. Сондықтан мен «Аша елі» повесіндегі және «Өлік жөнелту жайлы» («Болашаққа хаттағы») деректердің басым көпшілігін осы кісіден алдым.

Көпті көрген, көкірегі ояу, құйма құлақ еді. Қазақ халқының бұрынғы салт-дәстүрлерін мықты ұстанатын. Соның бірін ғана айта кетейін.

Мен анда-санда атпен ауылына барғанда, алдымен біреуге күттіріп алып, демеп түсіріп, атты басқаға байлатып, оны оған жайғастырып, ертеңіне ерттегіп, атқа мені қолтықтан демеп мінгізіп аттандыратын. Сонда жасым отызға да жетпегендіктен осыны істеген үлкендерден мен ұялып тұрушы едім. Сөйтсем «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт алдынан күтіп алатын» салтты қапысыз ұстануы екен. Мұндай қасиетті мен өмірімде осы кісіден ғана кездестірдім.

Бірде заводтан жаңа шыққан «Волга» машинасымен біздің үйге келді.

- Мына көлікті Социалистік Еңбек Ері Әбдірахман Дәуітов өз атынан алып, маған мінгізгеніне оның туыстары қарсы болып, көп сөз қылып жатыр. Мен онда да оған жасаған жақсылығымды

ешкімге айтпаймын, ол ұмытпайды, - деді Арапбай. Шынында Әбдірахман Дәуітовтың осы ең жоғарғы марапатқа қол жеткізген Арапбай Сарыбаев екенін тұрғылықты ел іштей жақсы сезінеді.

Өзіне емес басқа біреуге ең жоғарғы атақ, бақ, байлық сыйлау деген адамдар арасындағы қатынастың ең зор дәнекері шығар. Алланың сыйынан кейінгі сый осыдан артық болмас.

Осы келісінде Арапбайға қисынсыз сұрақ қойып, үш балаңыздың қайсысын жақсы көресіз демесім бар ма.

- Ең үлкен ұлым Әскербайдан бастап Рақымбай, Белгібай үшеуі де айтқанымды орындап, сөзімді екі етпей сыйлап тұрады. Онда да болса ортаншы ұлым Рақымбайдың орны бөлек. Бірақ осы өңірдің елін билеген Шу өзенінің күншығыс жағалауында тұратын Құтым деген төренің бәйбішесі айтады екен:

- Шу өзенінің аржақ-бержағындағы елді Құтым билейді. Құтымды менің бұтым билейді,- деп.

Сол айтпақшы, Рақымбайымды келін билеп бара жатқанынан іш жиямын. Жөнімен билесе мақұл ғой, олай болмай тұр, - деп еді. Шынында да Арекен айтқандай болды.

*17.12.2000 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Елубай Үсенұлы жерленіп, екінші мәңгілік өмірі басталды. Марқұмның сүйегіне түсіп жуған бес адамға (қайтыс болған адамның киіп жүрген киімі емес) су жана киім алып, оны үлестіріп беріп, осыған дұға бағыштап жатқанда осы тыныштықты бұзып, есікті салдыр-гүлдір еткізіп Салтынбек Көзенбайұлы кіріп келді.

Өзі мүгедек адамның жүріп-тұруы мұң болып, құран аятынын оқулығын бұзса, мұнда келуге қақысы да, қатысы да жоқ. Өйткені, марқұмды жуып-шайып, суын тасымақ түгіл маңында болған жан емес.

Келген сәтте тік тұрған бойда өлікті шомылдырғандар алған жаңа киімге көзін сатып тұрған соң, өзіне тиесілі ішік ішіндегі су жана көйлекті Төрехан дұғасын бағыштап болған соң оған ұсынды. Оны сау қолының қолтығына қысып алып, мақсаты орындалған Салтынбек үйіне қарай тайып тұрды.

Енді лаж жоқ, осы көрініс оның бұрынғы дәніккен іс-әрекетінен аздап сыр тартуды сұранып тұр.

Қазір, жасыратыны жоқ, кейбір өлік шыққан үйде үлкен талан-тараж жасалып, басқасын айтпағанда, су жаңа жағалы киім: костюм, көйлек, ақша таратылып, неше түрлі маталар сатып алып, жыртыс жырту шарифатка қайшы болса да бәсекеге айналды.

Тек гұрпымызда өлген адамның киіп жүрген киімдерін үлестіру ғана бар. Бұл да аса міндетті болмаса да бұрынғылар салған жол деп, өлікті жуғандар мен аза салып келген жегжаттарға берілетін.

Енді бүгін өлген адамның киіп жүрген киімін үлестірмей, тек су жаңа киім сатып алып, соны үлестіретін әдет белең алды.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген бар, қарызданып-қауғаланып, көп ысырапшылыққа жол беріліп, өлік шыққан үй кейбір дінбұзардың талан-таражына ұшырауда.

Мына Салтынбек Көзенбайұлы да өлік шыққан үйден алып дәндегені соның белгісі.

\* \* \*

1 – мәйітті жуатын жанашырлары немесе сауап үшін жуатын мұсылмандар, болмаса ақы төлеу арқылы жуғызады. Біздің ауылда бұрынғылар жолы бойынша әр атадан кезекпен-кезек адам шығып, өлікті 5-7 адамға дейін жуатын. Әрі өлік несі жуағын адамды өзі қалайды.

2 – өлікті жуатын адамдар мүгедек, сырқат дегеннен сау болуға тиісті. Егер ауруы көпке белгісіз болып, өзі жасырып, киім алу үшін өлікті жуғанға қатысса, өзіне де, марқұмға да ауыр болады дейді.

3 – өлікті жуғанға қатысқандар 3 өлік жуса сауап. Бұдан артығы жуған адамға да, марқұмға да ауыр тиеді дейді. Мұның рас-өтірігін бір Алла білер.

4 – өлікті жуғанға қатысатындар дәрет алады. Олардың міндетті түрде бой, дене тазалығымен бірге ой тазалығы да болып (мен де осы құсап өлемін ғой деген сияқты) ниет білдіруі тиіс.

5 – өлікті жуатындар «бисмилла» деп бастайды. «Гұфранака на рахман» - қазақшасы «Сен кешіре гөр, ей рахман» деген сөзді шомылдырып болғанша қайталайды. Ерді ер, әйелді әйел жуып, ердің мұртын басып, сақал, тырнағын алып, көзін жұмылдырып жаптырып, қол-аяғын ретке келтіреді. Саусақтарының арасын, қуыс-қуысын, өрістігін, (ұятты жерін жауып қойып) бармақ басты

сумен қол тимеген денесін қалдырмай мұқият шомылдырып тазалайды. Өлікті қинамай, өзі кишалмай жуу керек. Өлікті жуатындар иіс сабынмен шомылдырып, әгір себеді. Міне, осындай ұқыпты іс тындырған өлікті жуып-шайған адамдарға өлген адамның киіп жүрген киімдерінен басынан бастап аяғына дейін рет-ретімен үлестіріп береді.

Бұл бізге қалған үлкендердің жолы: біз, демек кейінгілер, осыны орындауға тиісіміз.

Діни шарияттың жолымен мұның қарама-қайшы тұстары бар ма, жоқ па, одан хабарым жоқ. Менің өлікті жуып-шаюдағы көріп жүргенім осы. Ал мен бұрын көп жыл зерттеп, «Өлік жөнелту жайлы» («Болашаққа хат») қолжазбамда кеңінен күрделі тоқталғаным бар. Ол өзінше жарық көруі мүмкін.

Өлікті жөнелтуде әр ауыл, әр ру сайын әртүрлі іс атқарып жүргенін көріп жүрміз. Өйткені бұрынғы ата-баба жолын аяқ асты қылатын шолақ білгіш, дінбұзар, шала сауат молдалар әр жерден табылып жүр ғой. Оның дұрыс-бұрысы бір Алла білер.

Бұрын қайтыс болған Келгенбай деген марқұмға соның иелері Әскербай Арапбайұлына: «Сен қатарысың, өлікті жуғанға сүйегіне түс», - деді. Оған ол: «Менің үзірім бар», - деп түспеді. «Бізге тұмау тиіп жүр», - деді. Көрер көзге бізге сау сияқты сезілді. Түскісі келмей, марқұмды да, өзін де ауырлықтан сақтаған тектілігі шығар. Сонда: «Мен өлген адамның сүйегіне түсемін», - деп Салтынбек барып марқұмды жуғанға қатысып, киім алды. Сонда тұрған көп адам оның ауру екенін, әрең жүргенін көріп таңғалысты.

\* \* \*

Енді бүгін Елубай Үсенұлы марқұмның өмірлік құтты көршісі, әрі оның жаншығысында «Лә иллаһа» деп дем салып отырған еңбегін ескеріп, мен Саусан Әліхайұлына мына Елубайдың өлігін жуғанға қатысуын ұсындым. Бірақ ол: «Менің қолым, аяғым жарамайды, маған болмайды ғой», - деп бас тартты. Оның да оң жағынан қаны тасыған (паралич). Бір қол, бір аяғы кем, әрең жүреді. Бірақ сол Салтынбекке қарағанда беті, сөзі түзу. Ол Салтынбек сияқты өліктен киім алуға қызықпаған азамат екенін сездірді.



\* \* \*

Жоғарыдағы үлкендер қалдырған ескертпеге денсаулығы, тазалығы, ниеті, білімі сай келмесе де Салтынбек өмір бойы, басқа жақты айтпағанда, осы ауылда сүйекке түсіп келеді. Тіпті өзі жуып-шаюына қатыспаған өлік үйіне де барып, киім алып дәнiккенiне мына ісі куә.

«Имансыздың арты даулы болады» - деп, «Сен аурусың, төрт мүшен түгел емес, өліктің сүйегіне түсіп, жуғанға қатысуыңа болмайды» - деп Салтынбекке айтуға өліктің иелері марқұмын сыйлап, артын дау-дамай қылғысы келмейді. Не өзі Әскербай, Саусандар сияқты білмейді. Оның мақсаты – ашкөзденіп, өлікті жусын-жумасын, әйтеуір өлік шыққан үйден киім алып калу.

«Мұнын не?» - деп әйелі Таңыл тоқтам бермек түгіл өлгендер киімін әкеле бер дейтін о да түсініксіздің өзі. Міне, осындай өлгендер киіміне әуес пайдакүнем, құдайдан безгендер болады екен. Ой, сұмдық-ай! «Тозаққа жетектеп кіргізетін – тек қана наландық». Рашид-әд-дин.

*21.12.2000 жыл.*

\* \* \*

Менің ақыл берер досым – кітап. Кейінгі кезде оқыған кітаптарыма белгі жазатын болдым. Оның үстіне бір оқыған кітабымды 3-4 мәрте қайталап оқып, бұрын байқамаған тұстарын дариядан балық аулағандай ой-санама құйып, қажеттілерін ұмытпас үшін қағазға түртіп қоямын.

Мәселен, «Абай жолы» кітабын төртінші мәрте оқу үстінде бұрын байқамаған тың жаңалықтың үстінен түскендеймін. Әлі оқығым келе береді. Осыдан көп жыл бұрын оқыған «Тоғыз толғау» (Ә.Нұршайықов) кітабы туралы да осыны айтуға болады.

*22.10.2000 жыл.*

\* \* \*

Әркім табиғат көрінісінен үйренсе соның өзі сабақ.

Табиғат көрінісінің ішінде табиғи су құрылымын алайық. Соның өзі саналы адамға бірталай ой салады. Жер бетіндегі мұз, қар ерітіндісі, қайнар көзі – бәріне де жаңбыр суы қосылып, жылға

болып ағалы да, бұлаққа айналады. Бұлақ – өзенге, өзен – көлге, теңізге, теңіз – мұхитқа құяды. Кішкентай жылғадан бастап мұхитқа дейінгі ұзақ жолда алғаш екпіндеп, асып-тасып, көбіктеніп-лайланып ақса, кейіннен сабырлыққа, мөлдір – тұныққа көшіп, саябырлайды. Барлық су құрылымының үлкені, кені, тереңі, ең төмен тұратыны да мұхит. Және дүниедегі жаратылыстың ішіндегі құпиялысы, әлі сыры ашылып бітпеген жым-жырт ең зор күштісі де мұхит. Өзендер мен теңіздер туласа ашуын мұхит көтереді. Ал Алла мұхитты тулатпасын, ол ашуланса дүниені шайып кетеді. Адамдар сана-сезімі де, мінез-құлқы да соған ұқсап, әртүрлі болады. Демек адамды табиғаттан бөлектеуге болмайды.

Мысалы, біздің Шу өңірінде жасанды Тасөткел су қоймасы (көл) бар. Ол табиғи су құрылымы сияқты елді мекеннен төменде емес, керісінше, жоғарыда тұр. Қазірдің өзінде «қар жауып, қазан ұрмай жатып» демекші, сол биіктегі су қоймасы табанының астында тұрған ауыл үйлерінің іргесі дым тартып, құлай бастаса, егін егетін алқаптарда жер асты суы көтеріліп, егін шықпай жатқан жері бар. Шу өңірі жасанды көлдің жоғарыда тұрғандығынан зардап шексе, Шу аяғында тұратын аудан Мойынқұм халқы су тапшылығын көруде. Сонда Тасөткел су қоймасының пайда-зиянын ескермегенде «жаман айтпай жақсы жоқ» деп, келешекте жер сілкінісі, не басқадай төтенше жағдайлар орын алса біргалай халық жоқ деген сөз. Алла осындай апатынан сақтасын деп тілеймін.

*23.12.2000 жыл.*

\* \* \*

«Өзімді өлтіру туралы ой миымнан шығар емес. Бірақ табиғат маған бұрын дәл мұндай әдемі болып көрінбеген-ді. Рас, табиғатқа тамсанып отырған адамның өзін-өзі өлтіру туралы ойлауы сіздерге қисынсыз, күлкілі болып көрінетін шығар. Бірақ табиғат мен сонғы рет жанарымды тігіп жатқандықтан ғана әдемі»депті новелла жазудың теңдессіз шебері Акутагава Рюноска (1892-1927) отыз бес жасында өзін-өзі неге өлтірді екен? Мен бұған бір жақынымнан айырылғандай сұмдық қиналдым. Шіркін, өмір-ай, сырың мол-ау!

\* \* \*

Сөздің реті келгенде айта кетейін. Зәбира ауыршаң болғалы мен де өлімді көп ойлайтын болдым. Кейбір құдай қосқан қосағы бұрын кеткенді көріп жүрмін. Бала-шағасы бар, барлық жағынан жеткілікті. Бірақ ит құсап өмір сүріп, ит құсап о дүниеге аттануда. Құдай сондайдан сақтасын. Адам болып туған соң адам сияқты құсап өлу де орынды ғой.

Сол үшін Зәбираның алдында аттанғанды қалаймын.

*24.12.2000 жыл.*

\* \* \*

Сыншы Сағат Әшімбаев марқұмның үйіне алғаш қонып отырғанымда, әңгіме арасында «Жаманның дүние тапқанға кемдігі жоқ» дегендей, күнделікті тірлік қуып, өзімнің жазғандарымнан қол үзіп қалдым. дедім. Сонда ол: «Сәке, мынау тамаша мақал екен» деп, табанда қағазға түсіріп алып еді. Сөз қадірін жете түсінетін Сағат, осы мақалды, шіркін, керегіне жаратты ма екен? Әй, қайдам-ай, жас кетті-ау!

*26.12.2000 жыл.*

\* \* \*

Бұрын ауыл, ауданда жоғарғы лауазым сатысында қызмет істегендердің кейбіреуін қазір көрсем көзінен аянышты өксік сезінемін. Еркін жүріп, өктем сөйлеп, айтқанын істетіп, басқадан өзін артық санаған тәкаппар кезін көксейтін сияқты. Басынан қарапайым халықпен етене жақын болса, бүгін уағы өтсе де көпшілік қауымнан бөлектенбес еді-ау.

*28.12.2000 жыл.*

\* \* \*

Мен мәңгілікке өз еркімен бармақпын. Сондықтан көптен бері сыр берген зілді сырқатты отбасымнан жасырып келемін. Дәрігерге қаралмауым да сондықтан. Өз ажалымнан өлсем болды.

*29.12.2000 жыл.*

\* \* \*

Мұғалімдер, дәрігерлер, зан орындары, тағы-тағы толып жатқан неше түрлі мекеме қызметкерлері «жалақымыз аз» деп, ақпарат құралдарында дабыл қағады да жатады. Ал ауылдық жерде аз жалақы тұрмақ жаппай бәрі жұмыссыз. Бала-шағаларын қалай асырауы мұң болып, не ішіп, не киерін білмей күн көріске зар.

Әуелім ауылдық жердің камын ойлап, соларды бір ретке келтіріп алайық. Содан соң біздің жалақымыздың өсуі ешқайда қашпас. Аз да болса айлық алып тұрмыз ғой демейді бір пенде.

Ой, шіркін, пенделік-ай десеші! Өзім өлмейін, басқа не болса о болсынның кері. Бұл шенеуніктер не болып барады. Осылай кете бере ме? Жоқ, олардың басына да нөқта түсер ме екен?

\* \* \*

Сыпатай батыр бір шаһарды базарлап, үйіне керек-жарақ алып жатады. Жанбакы сарт жалғыз екенін сыртынан байқап калып, оны тонамаққа жолын ториды. Бұдан бейқам, ойында ештеңе жоқ Сыпатай батыр ауылына кері оралған жолдағы көгалды бұлақ басына атынан түсіп, кешкі бесін намазын оқып, жолға алған дарбызын жарып жеп, сусындап, қаннен қаперсіз отырады. Сонда осы көгалдың бір қалтарыс қуысынан жаңағы үш жанбакы шыға келіп, жүргіншілер сияқты аттарынан түсе салып, Сыпатай батырға сәлем бергенсіп, бірден жабыла кетеді. Қайраты мол батыр табанда опай-топай үшеуін бірінің үстіне бірін басып алып, өз белбеулерімен өздерін байлап тастайды.

- Сендер жалғыз жүрген мені торыған екенсіңдер. Өзі мен атына сенген адам жалғыз жүреді. Сендерді өлтіріп, қандарыңды мойныма жүктемеймін, - дейді де, әрқайсысының бетіне бас бармағымен қарбыз шопақтарын қалың етіне дейін батырып, сүнгітеді де босатып жібереді Сыпатай батыр. Кейін осы беттеріндегі шопақ орындары боржық-боржық болып жазылып, үшеуінің де жанбакы екенін бетінен елге белгілі болған екен.

*31.12.2000 жыл.*

\* \* \*

Сүйікті қызым Ғалиям 2000 жылғы 21 қарашада босанып, қызды болғалы Зәбира сол үйде тұрды. Ал Алматыда оқитын қызым Әсия,

Аида үшеуміз 01.01.2001 жылдың алғашқы минутын қарсы алдық. Сонда Алматыдан алып келген шампанын атып, ширек ғасырдан бері ішпеген ішімдікті Әсиямның көңілі үшін ауыз тиіп қойдым.

*01.01.2001 жыл.*

\* \* \*

Өмірді көріп отырсаң, жаман мен жақсының, сұм мен адалдық, ақ пен қараның, ақиқат пен өтіріктің күресі екен-ау. Солардың көбіне қара бояудың басым түсіп жататыны неліктен?

Жақсының жаманға жығылатыны неліктен?

*10.01.2001 жыл.*

\* \* \*

Қатар тұратын ел болған соң әңгіме-дүкен құрысып, қалжыңдасып жүретін сәт жиі ұшырасатыны белгілі. Бірде осындай дүбірлі басқосудың бірінде Орта жүздің бір кісісі:

- Біздің жақта өте бай адамдар көп болған ғой, - деп аттарын атап, тізімін шуатып айта беріпті.

Сонда Ұлы жүздің бір кісісі тұрып:

- Мал да мақтаныш па? Ол шөпкіндікті мал ғой. Мұнда біздің Шымырдың Бекболатынан тараған руы Жаңабай Мәмбет балалары жылына 50 баланы сүндетке отырғызады. Сіздерде мұндай бар ма? — депті.

- Жоқ, - деп жауап беріпті.

*15.01.2001 жыл.*

\* \* \*

Ақын Сауытбек Ұсаұлы топқа, антқа көп түскен. Соны өзі айтыпты деген сөз бар.

- Халқым үшін ақты — қара, қараны — ақ деп антқа түскен жерім жетерлік. Менің ақырым не болар екен, - деп күдіктеніпті.

Сыпатай батырдың тұқымы Шоңшабай Аша еліндегі Жүнісәлі деген жегжатының үйінде екі-үш күн болады. Қайтарында шығарып салушылары бар, Шудың базарына аялдайды. Қайнаған базарда құлақтанғандар батырдың тұқымы, әрі «жақсыны көрмек үшін» деп сәлем берушілер жиілей түседі. Сол отырыста:

- Әй, Жүнісәлі, соңғы аққұба жібектей баланың берген сәлемі де, сөзі де ерекше, ибадатты ғой. Және киген киімі түр-түсіне жарасты, келісті екен. Бұл қай бала? – депті Шоңшабай.

- Ой, бұл әлгі әйгілі Сәукеннің баласы ғой.

- Қай Сәукен, ақын Сауытбек пе?

- Иә.

- Сәукеннен бала бар ма еді?

- Нәметқұл, Телғара, Сатарқұл деген балалары бар. Үшеуі де белді қызмет істеп, Шу ауданын тіреп тұр. Сізге сәлем берген аққұба бала – Сатарқұлы. Ауданның хатшы аппаратында қызмет істейді, - дейді Жүнісәлі.

- Ойпырмай. «Антқордың ақыры болмайды» деуші еді. Сауытбектен тұқым бар екен-ау, ә! – деп өзінің жағасын өзі ұстап, Аллаға сұқғаныпты.

Мұны естіп отырғандар үстіне біреу суық су құйып жібергендей, денелері тітіркеніп, аң-таң болып, секем алып қалыпты. Осы танқалыстан соң көп ұзамай Сауытбектің балалары бірінен соң бірі қайтыс бола бастайды. Ең соңғы ұлы Сатарқұлы да ауырып, төсек тартып жатады. Ел-жұрты жиылып, күңіреніп, Сауытбектің ең соңғы тұяғына да тықыр таяды деп, көңілін сұраушы көбейіп, ауруды күзетеді. Сонда сарыүйсін руынан Дәбер бастаған бір топ адам барып Сатарқұлдың көңілін сұрайды.

Өзі жатқан темір төсектің аяқ жағындағы басына байлаған орамалдың бір ұшын шешесіне: «Әперші», - дейді. Ауруы мендеген Сатарқұл орамалдан ұстап тартынып, басын әрең көтереді де:

- Ау, қасиетті халқым, менің әкем қандай адам болған? – деп көңілін сұрап келуші топқа сұрақ қояды.

- Әкең ақын болған. Топқа көп түсіп, ел арасындағы дауды шешкен. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып танылып, ел-жұртқа сыйлы болған, - деп бірінен соң бірі Сауытбек ақынды мақтай жөнеледі.

- Жоқ, менің әкем жақсы адам болмаған. Бәрі бітті, менің де жатысым мынау. «Құдайдан ақырын сұрамаған екен» деп көзіне жас ала, орамалды жібере салып, басы жастыққа сылқ ете түседі.

Отырған жұрт күңірене күбірлесіп: «Ойпырмай-ә, сұмдық-ай-ә,

мына баланың сөзін-ай, ә!» - десіп, не айтарын білмей тосылып қалады.

Содан соң Сатарқұлдың анасы Дәбер тобын үйінен шығарып салып тұрып:

- Халқым, қауімім тым қатты. Осыдан екі-үш жылдай бұрын әлгі құрғыр шал (күйеуі Сауытбек ақынды айтады) ескі қонысқа үш бәйтерек тігіп еді. Үшеуі де өсіп, әжетке жарапты. Биыл біреуін, келер жылы екіншісін, одан арғы жылы үшіншісін кесіп аламын деп жүр түсімде, - деп сыңсып жылайды. Бұған басу айтып, Дәбер тобы жүріп кетеді. Бұдан соң Сатарқұл да қайтыс болады.

Бүгінде сол ақын Сауытбектің үш ұлының бірінен бір қыз ғана тұяғы бар, дейді білетіндер.

*07.02.2001 жыл.*

\* \* \*

Байқалмақ, Биқалмақ (Қарабала) деген ағайынды кісі болған. Аша болысы алғаш құрылғанда ауыл қариялары осы лайықты деп Байқалмақты болыстыққа ұсынады. Оған ол:

- Менің әйелім босбелбеу. олақ. Үйге келген кісіні күтіп алып, аukat істеп бере алмайды. Оның үстіне мен жасым келген адаммын. «Қырыққа келген кісінің бағы кайтады» деген сөз бар. Одан да жалынды жас Тілеугабыл болсын. - деп болыстықты өз қолымен беріп, өзі төрт бидің бірі болып сайланады. Байқалмақ әділ, көпшіл, ақылды кісі екен.

Ал інісі Биқалмақ батыр болған. Жаугершілік кезде батырдың да іс-әрекетінін ақ-қарасы қатар жүретіні тағы белгілі.

Сонда Байқалмақ төрт баласы төрт ауыл болып кетсе де:

- Менің ақырым не болар екен? Мына құзғын үшін (інісі Биқалмақты осылай атайды екен) құз-жар жағаладым, - деп інісі күйіп кететін дәлелді қырсыз ісіне бола беделді ағасын антқа ұстап, араша болғанына қауіптеніпті. Бүгінде сол төрт баласы төрт ауыл болып кеткен, Байқалмақтан да, қыздан да тұяқ бар, дейді білетіндер.



\* \* \*

Менің әкемнің әкесі Тұңғышәлінің тоғыз ұлы, бір қызы болыпты. Ең үлкені менің әкем Мәдімәрді он үш жасында онбестегі қызға үйлендіріпті (менің анамнан бұрын). Одан екі ұл көріпті. Сонда Тұңғышәлі шаңырағында онбір ұл, бір қыз өрбіген. Содан жалғыз қызын жылан шағып өлтіргеніне «Арпа ішіндегі бір бидайым» деп, бір жыл жоқтау айтыпты. Мұны Тілеуғабыл болыс: «Өсіміне жаман ырым» - деп жоқтау айтуды қойдырыпты.

Одан бір көпір салу кезінде:

- Сен ағаштан көпір салсаң, мен адамнан көпір саламын, - деп Тұңғышәлі тағы артық сөйлепті.

Кейін мұнда балаларының бәрі жігіт болып қалғанда «домалатпай» деген аурудан қайтыс болып, менің әкем Мәдімәр мен ең кенже баласы Әлеш-ак қалыпты.

- Мен Аллаға асылық қылдым, - деп Тұңғышәлі өне бойы жылайды екен.

«Расында адам баласы өте енсапсыз аса шүкірсіз». (19-с. 34-А.)

Міне, Сауытбек ақын, Байқалмақ би, Тілеуғабыл болыс – үшеуінің күдігі дәл келіп, өмірдегі артық іс пен артық сөздердің сұрауы бар екенін оқырман қауым ойына саламын. Сатарқұлдын: «Менің әкем Құдайдан ақырын сұрамаған екен», - деп қапаланғанына қарағанда әркімнің сөзге бармай, Алладан ақырын тілеп жүргенге не жетсін демекпін.

«Алла тағала тәубасына келген адамға кешірім жасайды». Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың қасиетті хадистерінен.

\* \* \*

Мені қатты ойландырып, түйін шешімін таппай жүрген бір сырым бар. Ол кейбіреулердің өтіріктің өткір ретін тауып, сезім, ой, іс-әрекетін бір арнаға үйлестіріп, жымдастырып жазу арқылы көркем әдебиеттің білгірі атануы. Бұл бір жағынан адамды қисынсыз өтіріктен керемет суреттеп, құрастырып жазғанына еліктіру болса, екінші жағынан оқырман қауымын өтірік пен шындықты ажырата білмейді, сезімсіз дегендей кемітуі емес пе?

«Абай жолы» кітабындағы бұрын-соңды оқиғалар орындары ауысқанмен, қазақ халқының әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, рухани

дүниесінде бар болған шын-ақиқатымен ұштасып жатқан іс-әрекет екенін халық жақсы түсінеді. Сол үшін де сүйіп оқиды. Ал кейбір шығармада өтірікті қанша қисындастырып жазғанмен оқырман қауым шын-өтірігін сезіп, біліп отырады.

Дарынды деген Оралхан Бөкеевтің «Бәрі де майдан» повесінде ерлі-зайыпты Ақан мен Алма бір мезгілде үй-жайын тастап барып, екеуі екі үйдегі отырған адамдарға өз басынан өткізген оқиғаларын әңгімелеуі арқылы шығармасын өрбіткен. Осы жері сезімді оқырманға шындықтан алыс жатыр деген күдік туғызып, тамаша кітаптың бағасын кемітері сөзсіз. Өйткені екеуі бірдей бір мезгілде үй-жайын қалдырып, әңгіме қуып кетуі арғы байыбына барған оқырманын сендіре қоймас. Мен бұл жерде көрнекті жазушы болған соң мысалға келтіріп отырмын. Бұдан басқа да қисынсыз дүниелер қаншама?

*13.02.2001 жыл.*

## **БЕЙІТТЕРДЕН ӨТКЕНДЕ**

Ей, тірілер, біз де сіздердей болғанбыз,  
Бұл фәниге шиірлап із салғанбыз.  
Салтанатпен талай-талай сән құрып,  
Талап қылып тамашаға барғанбыз.

Дегендей боп бейіттерден өткен сайын үн қатар,  
Ойсыз өткен сәттерімді кешіктірмейтін күнә артар.  
Сол бір сәтте бойымды мазасыздық қажытып,  
Жаулап алар санамды небір қилы сұрақтар.

Ағат өтсем асығыста кешіре гөр, о, әруақ,  
Сендер жүрген өткелмен мен де келем туралап.  
Менменліктен о да жаман артық кетсем пенделік,  
Кейде адамды қояды екен қу тірлікте арбап ап.

«Шу өңірі» газетінде, №45 (7314) санында, жұма, 3 қараша 1995 жылы жарық көрген өлеңім.

*01.03.2001 жыл.*

\* \* \*

Осы өз сөзімді түгел, не бір жолын ғана («Ей, тірілер, біз де сіздердей болғанбыз») дегенді мен өлгенде өшпейтіндей етіп басыма жазып қойындар. Бұл сөзім кейінгіге аманат.

Сауытбек Мәдімәров.

\* \* \*

Бүгін Мұратбек екінші балалы болып, Тоғжан деген немерем өмірге келді.

*05.03.2001 жыл.*

\* \* \*

Басынан менің түсімнен шықпайтын бір жасасып келе жатқан бір жолбарысым бар еді. Бұл «Менің қарапайым өмірім» атты шығармамда айтылған.

Сол көптен бері көрінбей кеткен болатын. Бүгін түсімде сол жолбарысым қайта келіп, менімен бірге болды. Бас жағымда мені қорғап шықты. Сырттағы, үйдегі отбасымның бәрін аман қылып, өсіп-өндіріп, ой-мақсатына жеткізіп, әруақ қолдай гөр, Алла, жақсылығынды бер, әумин.

*30.04.2001 жыл.*

\* \* \*

«Шындықтың алдында елдің бәрі бірдей кішік. Сондықтан аспанның асты мен жердің үсті аралығында шындықтан асқан ұлы нәрсе жоқ. Шындықты әркім тани алмайды, шындықты әркім айта алмайды, шындықты айтқанды әркім ұната қоймайды.

Шындықты да, шындықты айтқанды да айнымай сүйетін құдірет иесі біреу болса ол – Құдай, ал екеу болса – біреуі – Құдай, екіншісі – Халық». (Жанғара Дәдебаев. «Әулие ата» кітап, 311-бет) депті.

Осыған орай «Аша елі» кітабымдағы «Күміс той» повесіндегі (60-61 бет) шын-ақиқатты айтқанымға сыртымнан біреулер мені жазғырғанына не дерсің?

*01.05.2001 жыл.*

\* \* \*

Зәбира екеуімізді Мұратбек еріксіз «Меркі» демалыс орнына апарып орналастырды. Бұл біздің өмірімізде бірінші рет демалуымыз. Қауырт жұмыс басты болып кеткен екенбіз. Мұны білген балаға да рахмет.

*19.06.2001 жыл.*

\* \* \*

Үй тірлігіне Ниязбек пен Айгүл қарайтын болыпты. Ерте тұрады. Сиыр сауады. Малды бақташыға қосады. Бұрынғыдай емес бәрін өздері істейтін болып, ерекше адамдыққа қарай өзгеріпті.

*30.06.2001 жыл.*

\* \* \*

Өмір талабының бар-жоғы, ащы-тұщысы, бейнет-рақаты, ақ-қарасы сияқтылардың неше түрі бастан өтті. Мұндайын есепке алмаймын. Бұл өмір заңы. Тек адамдар мен Отаныма пайдам тимесе де зияным тимей, ала жібін аттамай, өтірік айтпай, жалған іс істемей, артық сөзге бармай, сүттен ақ, судан таза болмасам да, осы сияқты жолсыздықтардан аулақ болсам, сонда ғана мен өзімді адамша өмір сүріп жатырмын деп есептеймін.

*15.07.2001 жыл.*

\* \* \*

Менің кінәм көп. Өзіме қатысы түгіл өз адамдарымның кінәсін кешіре алмадым. Сөйтіп А-ны жаздым, З-ға талай қорлық көрсеттім.

Ал маған түк те қатысы жоқ басқа біреулердің жаман ісін сезсем қарадай жүріп оған қырың қарадым.

Соның бірі, әсіресе жолдасының көзіне шөп салған жүргіштерді аяусыз сөзім, ойым, тілім жеткенше ашық әшкерелеуге күш салдым. Бұған басқаның қалай қарайтынын қайдам. Бірақ шын ақиқатты сүймейтін, осы лас жолды ұстанушылардың мені жақтырмайтынын да білемін. Мейлі, не десе о десін, әйтеуір, түбі шын екені маған жетеді.

*16.07.2001 жыл.*

\* \* \*

Мен басынан өзіміз тұтынатын зат болмаса, жиып қойып оған өзіміз қызмет істейтін. дүние жиғанға қарсы едім.

Сонымен басы артық зат біздің үйде жоқ. Осы үйді тұрғызғанда бір-ақ баламыз бар еді. Сондықтан үйіміз шағын. Ал менің өзімнің жеке басымдағы сүйікті дүнием – кітап. Үлкен кітап қойғышым бұрын мейман күтетін бөлмеде тұрған. Кейінгі кезде кітап жоғала берген соң, әрі кітап қойғышқа кітап сыймаған соң, өзіміз жататын бөлме қабырғасын өзім ойып тұрып кітап жиятын этажерка жасағанмын. Сөйтіп, кітап қойғышты да жататын бөлмеге ауыстырып, қабырғалары да кітапқа толды.

*18.07.2001 жыл.*

\* \* \*

Өте қатты сырқаттанып отырмын. Мұны басқаға білдірмедім.

*19.07.2001 жыл.*

\* \* \*

Үйдің ертенгі-кешкі аты жоқ тірлігі жетерлік. Соның бәрін өзім істедім. Бұрын да кітап оқуға уақыт жоқ еді. Ниетжаным келгелі (16.07.2001 ж.) тіптен уақыт жоқ. Сол балапанымды ойнатамын. Мұндай бала өмірде сирек кездесер.

*25.07.2001 жыл.*

\* \* \*

Шіркін, жасыннан қосылған жан жолдасың деген осы екен. Зәбираның жас кезінде, мұндаға дейін ауырмай тұрғанда, күш-қайраты барда, үй тірлігі тұрмақ маған тән ер жұмысын маған істетпей өзі істей беруші еді. Мені баласындай мәпелейтін. Сол қадірін де мен уағында біле бермеппін. Зәбирам аурушаң болып, әрі кәрілік қабаттасып, күш-қуаты кеткелі қадірін енді түсініп жүрмін. Жіберген өткен күнгі ағаттық – кейін білінеді.

*26.07.2001 жыл.*

\* \* \*

Мен кейінгіме түсінікті болғым келеді. Сол үшін өмір жолымның шын-ақиқатын көп жазып келемін.

*27.07.2001 жыл.*

\* \* \*

Менің қарапайым болмысымды сыртымнан танып, өзі артымнан іздеп келіп танысып, үйіне шақыртып, одан да кейін талай рет қонақ ете отырып, ақыл берген сыншы Сағат Әшібаевтың да қазасына барып, жолдасы Шәрбану Бейсеноваға көңіл айтуға жармадым.

Тағы өзі Штабка іздеп келіп танысып, менің қарадай жүріп жазғаныма сүйсініп, «Аша елі» атты кітабымды жарыққа шығарып берген жазушы Әбіқұл Ибрагимовтың да ұшпағынан шықпадым. Ой, шіркін, менде де пенделік жетеді-ау!

*29.07.2001 жыл.*

\* \* \*

Қатты ауырып отырмын. Түнімен ұйықтай алмай қиналып шықтым. Мұны тек өзім ғана білемін. Үйдің ертелі-кеш тірлігінен де қалғаным жоқ.

\* \* \*

Бүгін бір жаман сөз естідім. Соны айтуға тура келіп тұр. Өйткені «Жақсы сөз, жарым ырыс» деп, жақсы сөз естісең - жаның жадырап, ғибадат алып, соны өнеге тұтасың да, жаман сөз естісең сол басына түскендей мазан кетіп, қиналып, жирене қарайтын парызың. Бізбен көрші тұратын ауылда И. деген қария болды. (Әруағын сыйлап атын атамайын). Бұл кісі өзінің тұрған ортасына қарағанда барлық жағына сертек кісі еді.

Топты жарып, сөз сөйлейтін, өлең айтып, айтысқа да түсе салатын өнері бар болатын. Ал «ақанды» да жек көрмейтін. Мен талай сөзін тыңдап, Т. деген кісімен айтысқан өлеңін жазып алғанмын.

Осы марқұмды бір жетесіз әжептеуір сөз қылды. Баяғыда марқұм болып кеткен адамды жақсы жағынан айтса жөн ғой. Жоқ, керісінше. Сонымен И. марқұм айтыпты-мыс:

- Мен өлгенде бас жағыма бір-екі шиша арақты қоса көміндер. О дүниеде де ішіп жатайын,- депті-мыс.

Сол айтқаны дәл келді, дейді әлгі. Мұның шын-өтірігін бір Алла білер.

Біздің қазақ халқы өлген адамын сұмдық құрметтеп шығарып салады. Соның ішінде көр қазғанның еңбегі зор, сауабы күшті деп көр қазып жатқандарға ауқатын, арағын тасып, солар риза болса, өлген адамы да риза болатындай аянбайды. Бірақ осы көр қазушылар ішінде де, шектен шыққаны, күн ыстыққа көрдің іші салқын деп соның ішінде арақ ішетіндер болыпты.

Осыны мен бұрын көп жыл зерттеп жазғам. «Болашаққа хат» атты қолжазбамдағы «Өлік жөнелту жайлы» бөлігіне қосқамын. Кейін оны «келешек ұрпақтан ұят болар» деп алып тастаған едім. Енді міне сол тағы алдымнан шығып отырған соң лаж жоқ жазып отырмын.

Қазір біздің ауылға Ираннан бір молда көшіп келгелі көр қазған жерде арақ тасымақ түгіл оны ішпейтін, тіпті марқұмдардың өзі жақын адамдары көрін қазатын тәртіп орнады.

Уағында сол марқұм И-дің көрін қазушылар жерін қазып болып күн ыстық болған соң екі бөтелке арақты салқындаған соң ішеміз деп дәл марқұм жататын ақымына топырақпен көміп, демалып ішінде отырады.

Сол сәтте И-дің сүйегін алып жерлеуші жұрт сау етіп келіп қалады. Алып шығуға ел көріп қоятын болғандықтан арақ көмулі бойы іште қалып қояды да, көр қазушылар бір-біріне тамсанған бойда дымы ішінде өшеді.

Сол бір құпия сыр көп жыл өткен соң бірте-бірте «ел құлағы елу» деп бүгін айтылып жүрген сияқты. Осыны әлгі біреу «Құдай И-дің тілегін беріп ол дүниеде де арағын ішіп жатыр» деп көпшілік ішінде марқұм әруағына қайбар сөз айтқанына қалай өкінбейсін.

*02.08.2001 жыл.*

\* \* \*

Жеті нәресте туғаннан кейін денсаулығына байланысты дәрігер Зәбираға бала көтермеуге кенес берді. Оған мен Аллаға сиынып бала

тууын сұрандым. Өстіп жүргенде ауырдым деген соң 60 шақырым қашық тұратын «Көлжұдықтан» дәрігерге қаралуға әкелдім.

Ауруханаға жататын болдым деген соң қалдырып кетіп, былай шыққаннан кейін ойыма бір күдік түсіп қайта барсам, Зәбира менің кетіп қалғаныма өкініп, сыртта жүр екен. Машинама мінгізіп алып, ауылға бет алғанда:

- Ішіме бала бітіп қалып еді, соны алдыруға қимадым, - деп шынын айтты.

- Мен де соны сезіп қалып, қайта саған оралып келгенім сол еді, - деп рахметімді жаудырдым.

Содан соң Алла кеңшілік беріп, Мұратбекті, одан кейін Әсияны тағы дүниеге келтірді. Дәрігердің күдігін кең Алла сейілтті.

Бүгінде екеуі орта мектепті де, жоғары оқу орнын да өте жақсы бітірді. Балаларымның ішінде бізге жақыны да, бізді терең түсінетіні де осы екеуі.

«Бірде кедейшіліктен қорқыл, балаларыңды өлтірмендер. Біз оларды да, сендерді де қоректендіреміз». (17-С. 31-А.)

*08.08.2001 жыл.*

\* \* \*

Мен бүгін «Қанышты сүйген сұлулар» атты («Қазақ әдебиеті», №25 (2707), 22 маусым 2001 жыл) мақаланы оқыдым.

Қаныш Сәтбаевқа көп әйелдердің ғашық болғанын дәріптей жазыпты. «Кәмила Досқызы Қаныштан қыз бала тауып, кабинетіне көтеріп барады, оған енді маған үйленбесең деп, ашуланып, қызды өзінің фамилиясына жаздырыпты.

Тағы Патшайым Тәжібаева да Қанышқа ғашық болғанын жазыпты. «Қаныштың шәкірті, ағақты геолог-ғалым, Академияның корреспондент-мүшесі, көрнекті тұлға болыпты».

Әрине, (тәнінің арқасында қызмегі де, білімі де өскенін білдіріп тұрғаны, қазіргі тәнін сатқандардан сыпайлығы ғана өзгеше емес пе?). Сөйтіп ойнас жасағанды да мақтана жазатын жағдайға келдік. Қазіргі бей-берекет уақытқа қарай тәнін сатқандарға мұны үлгі ретінде ұсынғаны ма? Ойнас жасау Қаныш сияқты көрнекті адам тұрмақ көрінген еркек-әйелдің қолынан келетінін халық білмей ме? Осы да мақтаныш па?

Осыған қарап кейбір осындай келеңсіз іс өріс алып бара



жатқанын қарап, бұрын мұндайды жұрт, не қоғам сезіп қоймасын деп имену мен тәртіп сақтауы кенес өкіметімен бірге кеткені ме деп қалдым. Әйтпесе біз не болып бара жатырмыз? Ар-ұят деген қайда? «Егер де балаңыз 100 пайыз сіздікі болсын десеніз, етегін жел аспаған қызға үйленіңіз» (С.Нелидов) деген өмір тазалығы емес пе?

*14.08.2001 жыл*

\* \* \*

«Сарықобыда» тұратын қоралас Сиха деген қарияның үйіне ауданның бірінші хатшысы барып қонады.

Сөзден-сөз туындап:

- Мен бір-ақ сайлау (үш жыл) болыс болдым. Онда да әлі күнге дейін «Болысеке, болысеке» - деп елдің айтқан сөзімен сый-қошаметін естіп те, көріп те жүрсіз. Шынында халық әлі «болысеке» деп сый көрсетіп, алдымнан қия өтпейді.

- Ал біздің ауданды сізден бұрын да ұзақ жыл басқарған талай бірінші хатшыны көрдім. Бүгін қызметінен түссе болды, ертең оған сый-құрмет көрсетпек түгіл, «алды-артына топырақ», дегендей атын атаудан қалады. Сіздің де ертең мына қызметтен кетсеңіз, соның кебін киеріңіз сөзсіз. Бұл қалай,-депті Сиха.

Бұған бірінші хатшы жауап айта алмаған.

*14.08.2001 жыл*

\* \* \*

Осы ел-жұрт құрметіне бөленген Сиха қаза болғанда Алматыда тұратын баласы әкесін соңғы сапарға шығарып салу шарасын көңілдегідей өткізбеген. Сиханы жерлеп келген соң:

- Сиха бауырым, қор болдың, Сиха бауырым, қор болдың, қош бол, қош бол! – деп Сиханың үйін үш айналып жалайыр Әміребек Сиханы баласы жақсылап шығарып салмағанын дауыстап білдіріп кеткен.

Сонда Сиханы жерлеуге қатысқандар Әміребектің ащы сөзіне таңғалып, Сиханың баласынан түңілген екен.

## I - бап

Күнделіктің алғы сөзіндегі үш сауалға тоқталайын

- I – Мына өмір жалған дүние?

- II – Мен кімін?

- III – Діннен неге бас тарттым?

– Мына өмірді жалған дүние деп әуелім бұрынғылар айтқан.

Енді осыны түсіндіруге тырысайын. Бұл өмірде саналы адамға бұйыратыны тек екі-ақ нәрсе жеген тамағын, ұйықтағандағы жайлы төсегің - депті бұрынғылар.

Бұл екеуінен басқа тірнектеп жиған мал, мүлік, қазына-байлықтың бәрін – көздің құрты, опасыз жалған дүние санаған.

Егер біреуден жағдайын сұрасаң:

- Жан сақтап жүрмін – десе, танымасқа біреу арқылы танысының тірлігін білгің келсе:

- Жаман емес, жан сақтап жатыр, - деп ол да осылай жауап береді.

Енді жан сақтау дегеннің ішкі мағынасына келейік. Адамның бойындағы қозғалысты игеріп тұрған жан. Жанды бойға сақтап тұру үшін ауқат жеу керек. Жандылар өміріне кездейсоқ төтенше қауіпті айтпағанда, егер тамақ жемесең бойындағы жан кетіп, аштан өлесің де, сен де бір қимылсыз дүниеге айналасың. Әлгі жағдайын сұрағанда әуелім жан сақтап жүрмін деуі сондықтан.

Бұл тамақ жеу арқылы жан сақтап жүрген тек бүткіл дүниедегі жандылар ғана емес, жерден өніп шыққанның бәріне де ортақ. Мысалы, ағашты жердегі нәр беріп тұрған тамырынан бөліп, кесіп тастасаң о да өлік. Міне, жандылар жеген ауқаты арқылы өмір сүрсе, жерден өнгендер тамыры арқылы бойына нәр алып, жанын сақтайды. Енді екеуі де ерте ме, кеш пе тағдыр жазған мезгіл бітіп, өлікке айналып, шіру, не өртену арқылы топыраққа қосылады. Орнын енді жаналар басып, өмірлері үздіксіз алмасады да жатады. Міне, осылай жандылар ішінде саналы болып жаратылған адам өмірінде бұйыратыны жеген тамағы болса да соның өзін кейбіреулер барын бардай, жоғын жоқтай өз дәрежесінде өзіне ішіп-жеуге қимайтын, тойымсыз көздер өмірде көп-ау.

Өзі өмір бойы еңбектеніп тапқан адал байлығын, сыркат сыр берсе де емделуге, демек жанын бойына сақтауға қимай, артына қалдырып, онысы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен

Сейсенбай сияқтылар өмірде аз емес. (Алматы. «Мерей». 1994 жыл. «Аша елі» кітап, 84-бет).

### *Ұйықтағандағы жайлы төсекің*

Қамшының сабындай қысқа өмірінде саналы адам жанын күтіп, жайлы төсекке жатып, рахатқа бөленсе о да өмірдегі бұйырғаны есепті болып, онын да орны ерекше екен.

Мен есімді жаңа білген бала кезімде бір туысымыз үйіне алып барып, көрпесі жоқ болған соң асты-үстімде киіз, соған жатқызды. Сол бір жайсыз төсекте таң атқанша дірдек қағып, көз ілмей шыққаным әлі күнге дейін ойымда қалып, жүйкем тітіркенеді. Сол үшін «жайлы төсек» саналы адамға тіршілігінде бұл да бұйырғаны деген бұрынғылар сөзіне өзім сенемін.

Жаугершілік, ат үсті, малшы, қауырт жұмыс барысында бел шешпейтін кездерді айтпағанда, мәжіре-жай кезде жайлы төсек бұйырмайтындар да бар. «Айтқан – өтірік, көрген - рас» дейді қазақ халқы. Екі көргенімді айтайын. Қомыт деген өмір бойы ораза ұстаған сопы кісі болды. Осы мезгілсіз оразасын Кәрібай деген молда әрең қойдырған. Осы кісі біздің үйге талай келіп, қонып жүрді. Алғаш сырын сезбеген кезде Зәбира салып берген жайлы төсекке жатпай, шапанын астына төсеп, бешпетін үстіне жамылып, жастықсыз ұйықтап жүрді. Мұнысынан қыста жаурамайды, жазда ыстықтамайды.

Тағы Абыла деген кісі үйге келіп қонғанда, астына кеуде жағына бір-екі кабат көрпе салдырып, бөкседен төмен қарай жерде жатады. Үсті де, асты да жайсыз орында екі кісі ұзақ түнді қалай өткізетіні бізге мұң. Сөйтсе: «Жайлы төсекке жатсақ, Құдайды танымай, ұмытып кетеміз» деп, екеуі де үйінде осылай жатады екен.

Шынында да мына екі кісінің сырына жете мән берсең, жайлы төсек те өмірде адамға бұйырғаны деген бұрынғылар сөзіне қалай сенбессің. Сол үшін мен де бұл екеуінен басқасын жалған опасыз дүние деп өте қатты мән беріп, ол дүниеге жинақталып жүргенім сондықтан.

*21.08.2001 жыл.*

## II-бап

«Мен кімін?» деген екінші сұраққа жауап беремін. Үш мүшелі жасқа келмей жатып, өмірге басқаша қарай бастадым. Адал кәсіп істейін деп сауда жұмысын және арақты, картаны қойдым. Мұным «Менің қарапайым өмірім» атты қолжазбамның «Жетімдік өмірімнен» және «Ойсыз өмірімнен» деген бөлімдерінде баяндалады. Енді толғаныстарым мыналар:

\* \* \*

Не істесем екен? Халқыма қалай жағынамын? Мен өмірге тек жансақтау үшін ғана келдім бе? Менің тұрмысты болуым кімге пайда, Халқым түгел мұндай болмаған соң? Билік басындағыларың пәресіз іс істемейгіні неге аз? «Қиянат адам болмысының болмай қоймайтын қылығы» десек те, одан құтқарар жол бар ма? Бай болдым, міне, одан басқа түгіл өзіме не пайда, азабы күш-қуатымды жойып, жүйкемді жұқартып, өзі жоқ болатын? Өмірдің мәні сонда тек байлықта ғана болғаны ма? Не үшін өмір сүремін? Қалай тәрбиелесем балаларым саналы болып, Отаны мен еліне, туған жеріне пайдасын тигізеді? Бұл өмірден кейде неге түңілемін? Штабтағы корамда өзімді-өзім неге өлтіре жаздадым? Сырқат сырын жасырып, неге өлгім келеді? Енді қалай өмір сүруге тиіспін? Адамға өзінен басқа, төңірегіннің көбісі жау болатыны несі? Адам бір-біріне бауыр емес пе? Өмір сыры мен өлім сыры неде? Неге біз басқаны да өзіміздей көрмейміз? Менің мақсатым не? Жақсылықты жамандыққа неге айырбастаймыз? Бүгінгі ісімнің ертеңгі көрінетіні бар ма? Шындық неге жоқ? Мейірім неге аз? Қиянат неге көп? Ақиқаттар қайда болды екен? Әркім басқаның кемістігін айту үшін әуелім өзінен неге бастамайды? Сөз бен іс қашан тең келеді? Нағыз ақиқат нағыз өмір емес пе? Бүгінгі ақиқаттың болмысын ертеңгі ұрпақ сезінер ме екен? Мен неге төңірегімнен оқшауланып барамын? Басқаны ғана емес, өз отбасыма дейін сынайтыным қалай? Мен неге басқа түгіл өз адамымның кемістігін кешіре алмаймын? Мені қасарыстырып қойған қандай күш? Ақиқаттың кереметі қашан болар екен? Ертең өлгенде сонымда не қалады? Өлгендердің тірі күнгісі мен артын салыстыруыма не себеп? Біз неге тіршілікте мәңгі тірі болатындай боламыз?

Молдалар өлік жөнелткенде орынсыз ашкөзденіп, пайдакүнем болатыны несі? Тірі жүріп, тірі күннің қадірін сезінеміз бе? Мына жалған бізді алдандырып жүре бере ме? Қарадай жүріп, жақсыға сүйініп, жаманға күйініп, нашардың құры камын жеу кімге дәрі?

\* \* \*

Санама әсер еткен осы құбылыстардың шешімін таппауым да болмысымның шынайы нақты процесі шығар. Осы, тағы да сан жетпес бұлынғыр ойдан өзімді қалай құтқарсам екен. Міне, осындай сан жетпес сұраққа жауап іздеп, сезім ой-толғаныс пен құры қиял құшағына беріліп келемін.

Осының түйінін шешуге құры ойлап, басымды қатырғаннан басқа терен білім, тұжырымды ақыл жетпей, орнықты, парасатпен саралауға өрем де, санам да дәрменсіз. Не ақын, не жазушы болып, ішкүсамды сыртқа шығарып, өз дәрежесінде халқыма айтып бере алмадым. Мына жазғандарымды күр шатпак санап, өзіме-өзімнің көңілім толмайды. Не онда емес, не мұнда емес бос арпалыстамын. Содан соң осыншама қолдан келмес, тіл жетпес, шешімі жоқ, ой-толғаныстарға ұмтылып, басымды қатыратындай «Мен кімін?» деп, өзіме-өзім сұрақ қойдым. Бұл ойларымда, жазбаларымда сыр беріп қалады. Енді бүгін мұрағатымды ақтарып отырсам, «Мен кімін?» деген өлеңді осыдан жиырма екі жыл бұрын жазыппын. Соны айта кетейін.

### **Мен кімін?**

Мен кімін?  
Білмеймін.  
Бүгінге дейін.  
Тірлікпен өткен,  
Мақсатсыз көктем  
Қалыпты кейін.  
Мен кімін?  
Түсінбеймін.  
Шындыққа арланбаймын.  
Тойғанға мас.

Кигенге мәз,  
Үш мүшелі жасқа дейін.  
Мен кімін?  
Ойламаппын.  
Гүл егуді жолыма қолға алмаппын.  
Хабарсыз боп  
Бір бөктерде  
Белгісіз жайда қалыппын.  
Мен кімін?  
Сыйла өмір сезіміңді.  
Пайдалан, сездір-дағы төзімімді.  
Жұртқа мәлім,  
Еліме баян етіп,  
Дүрмекпенен дүбірлет өз үнімді.  
Мен кімін?  
Тұрақтайын.  
Бұтақ жайсын бір ақ қайың.  
Келешек қиынын бер,  
Менен де төгілсін тер.  
Ойлаған мақсатым өр.

*С. Мәдімәров.  
«Шу өңірі» газеті, 7 желтоқсан 1979 жыл,  
№ 146 (4883) жарық көрген).*

Мен кімін? Мұның жауабын келешек берер?

\* \* \*

Мен кім болсам, ол болайын,  
Ел-жұртым, сен аман бол, айналайын.  
Отаным, туған жерім құрбаныңмын,  
Тұғырың мәңгілікке тұрсын дайын.

*25.08.2001 жыл.*

### III-бап

«Діннен неге бас тарттым?» деген үшінші сұраққа жауап берейін.

– 1992 жылдан 1997 жылға дейін дінге берілдім. Құран Кәрім Алла тағаланың сөзі Хазірет Мұхаммед (ғ.с.) сүрелерінің намазға қатысты аяттарын бес жыл үзбей, жаттап оқып ниет қойсам да тілім келмеді. Қате оқыдым, қате айттым. Бұған қоса намаз оқығанда, ораза тұтқанда дінге деген ұйитын түзу ниет, ой тазалығы тағы болмады. Мұны қалай жасырайын.

– Жұма намазына жиналғандар Төрехан Дәнебергенұлын мешітке имам етіп сайладық. Келесі жұма намазында мешіт ішінде оның қылмыстық ісін қарадық. Бейсен дегеннің бұқасын ұрлапты. Соны төлеттірдік. Ең болмаса жұмадан жұмаға дейін имамдықты таза істемеді.

Тағы мешіттің шырақшы жұмысшысы оның төңірегінде әрдайым мас болып жүрді. Шатырхан деген жұма намазына қатысқандарды тойға шақырды. Бардық. Сонда Салғынбек араққа бас қойғанын көргендер:

- Бүйтіп намаз оқып, мешітке барғанша, мешітке бармай, намаз оқымағанымның өзі артық, - десті.

Бұл әуелім дінді аяқасты қылуы болса, ауыл ортасынан мешіт салып берген Әділханды сыйламау, еңбегін бағаламау деген сөз. Ар-ұят деген болсашы, шіркіндерде? Бұл да мені мешіттен жирендіруге себепші болды.

– Басқа біреулер сияқты шын иман таппай тұрып, сырт көзге көріну үшін намаз оқу, мешітке бару, ораза ұстау, қажылыққа бару шарифатқа жатпайтын іс екенін сезіндім.

Сондықтан жасым ұлғайғандықтан дін тәртібін қабылдайтын қабілет артта қалған соң, өзіме зәбір келтіріп, дінге қиянат жасағанша, тек өзімді-өзім бағындыра алатын арғық істен арылу арқылы ғана ниетімді дінге үйде отырып берейін деп ойладым. Алла қабыл көрсін. Аумин. Бір ақын:

Аталмайтын таудан

Күнде аталатын төбе артық.

Сөзіне дауа қонбаған шешеннен

Сөз ұғатын есті артық, - депті. Осыны ұстандым.

– Енді бүгін Әділхан ауыл ортасына бұрынғыдан басқа, Қазақстан бойынша сирек үлгідегі тамаша мешіт салып берді. Бұл өте зор адамгершілік. Бұрынғы қырсыз істерді сезген болу керек, мешіт төңірегін ішімдік ішетіннен тазартты. Ауылдық көшелердің таза болуына, аруақты, үлкенді сыйлауға және тәртіп сақтауға баса назар аударды. Ауыл тойларының ішімдіксіз өтуін талап етті.

Жаужүректегі «Жексенбай Дүйсенбетұлы» атындағы мешітке жаңа сайланған имамы да шынайы ізгі ниетті болып, дін тәртібін орната бастады. Дін жолының шарифатына көпті тартып, баули алатын, сөзі мен ісі ұштасатын, өз қанағатын бағындыра алатын иман жүзділігі бар сияқты. Өлі-тірі арасынан пайда табушыларды тәртіпке шақырды.

Міне, Әділхан мен имамның мына игі ісі, ізгі ниеті, тәртіпке тартуы, бұрыс жолдан дұрыс жолға бұруы, демек мөлдірдей тазалыққа бастауына ішім жылып қалды. Енді тіл келмей, ой тазармаса да осы екі азаматтың еңбегі үшін мешітке барып, шын ниетімді білдіріп тұрсам ба деген ой мазалап жүр.

*27.01.2001 жыл.*

### *I-бап*

Мен 26.10.1964 жылы алыстағы Мойынқұмның малшы қауым орталығы – «Штабқа» (Көлқұдық) қызмет бабымен көшіп бардым. Зәбира 23 жаста, мен 24 жаста едім. Сонда бізді ешкім бала деген жоқ. Қазір карап отырсақ 40 жастағының кейбіреуі әлі бала болып жүр.

Штаб 5-6 шаруашылық малшы қауымының шоғырланған орталығы. Шу ауданы малшыларынан басқа Мойынқұм, Меркі аудандарының малшы қауымы да Штабқа ағылып келіп, мұқтаждарына қанағат табады. Міне, осыларға Штаб мәдени қызмет көрсететін орын.

Қызыл отау, кітапхана, аурухана, мектеп, дүкен, рация, монша, мал емдейтін орын, жылжымалы почта, жылжымалы тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, жарық беретін мотор жұмыс істеп тұрды, ал мейманхана 1969 жылы ашылды. Бұған дейін көбінесе қонақтар біздің үйде болып жүрді.

Осы салада қызмет істейтіндермен қоса бір бөлімшенің



басқарушысынан бастап аға жұмысшысына дейін, мал маманы, есепшісі, тағы түйеші, жылқышылары штабта тұрды.

Облыс, Қазақстан, Москвадан өкілдер жиі-жиі келіп, малшы қауым жайын аралап көріп тұратын.

Сол кезде Шу ауданын он бір жыл басқарған бірінші хатшысы Жапар Түйебековтың есімі елге дүркіреп тұрды. Өте іскер, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, халықтың өзін еңбекке жұдырықтай жұмылдырды. Өте талапшыл, бір сөзі екі қайталанбайтын. Ешкімге дабыра қылмай, жасырын малшы қауымды өзі жеке аралап шығып, ақиқат кемшіліктерді дөп басқанына мен де талай куәсі болдым. Содан соң ол аралаған шаруашылықтың ортасына бомбы түскендей опыр-топыр болып жататын.

Жапар Түйебековтың тұсында тәртіп сақталса, аудан экономикасы биіктеп, жоғарыдан көрінсе, халық тұрмысы да жақсарды. Ол кісі қасына жолсерік ілестіре қалса көпті көрген көнекөз, сөзшең, жөн білерді ерте жүріп, әр ауыл қарияларын аттап өтпей, атбасын соған бұрып, сәлем беріп, сөзін, тілегін тындайтын.

Осындай ел билеген Москвадан, Қазақстаннан, облыстан, ауданнан келген зиялы қауым өкілдері үйімізде талай болып, олардан Забира екеуміз батасын алсақ, ұлағатты өсиетін естіп, әзіл-қалжыңдарының да куәсі болдық. Бұл менің бұрынғы жазбаларымда да ептеп кездесіп қазады. «Жолда жомарт отырады, не сараң отырады» деп, қайсысына жатсақ та ұзақ жылдар отырып, үйге келген қонақтардың ептеп ойымда қалған сөздерінен мына күнделігіме сыр шерткенді жөн көрдім. «Өте жақсы сөз айтқандар - дана ғой. Білімді сөз – білімсізге сана ғой» (Ю.Баласағұни) – деп жақсылардың сөзіне жол берейін.

\* \* \*

Бір күні «Береке» совхозының директоры Әбиболла Көшенов жоғары жақтан кісі келеді деп күні бұрын штабтан бір үйді дайындатып жатты. Келетін кісісі Жапар Түйебеков екен. Ол әдейі дайындаған үйге бармай, біздің үйге кірді. Олар аласұрып, аң-таң болды да қалды.

Осыдан бастап Әбиболла Көшенов жоғары жақтан келетін өкілдерді, кім болса ол болсын, біздің үйге ертіп келеді, не күтсе де

оларды біздің үйден күтетін болды. Басқа совхоздың директорлары да сөйтетін. Әбиболла Көшенев күні бұрын біздің үйге келіп:

- Сауытбек, бүгін хан келеді, - деуші еді әрдайым. Онысы – Жапар Түйебеков. Шынында ол кісінің ханға ұқсастығы көп еді. Артық сөз, артық іс, артық мінез білдірмейтін. Бір жай сөзі бірнеше батпан болса, алара қарауы талай істі тындырып, зілділігі ұшантеңіз болатын. Ол басқарған тек бір аудан ғана болса да Кене ханға теңеп, шешімі тотияйындай деп жүретіндер болды.

*01.09.2001 жыл.*

## *II – бап*

Бірде ауданның бірінші хатшысы Жапар Түйебеков қасында «Береке» совхозының директоры Әбиболла Көшенев екеуі ертеңгісін біздің үйге сөйлей кірді. Жапар Түйебековтың өңінің жылы болатын кезі сирек. Көбінесе қабағы тым қатқыл тартып, түрі суық сезіледі. Егер барған жерінде аралап көрген шаруашылығы ойдағыдай болса, бір жерге демалып отырып, ұлағатты өсиет сөздерге ерік беріп, тіпті әзіл-қалжыңның да тнегі ағытылатын. Егер керісінше болса, ешкімге тіл қатпай, сөзге келте жауап беріп, дайын сый-құрметке карамай, тағына тартып кетеді. Отан мүлкіне өз мүлкінен ары жауапты қарайды. Міне, мына келісі оның бір көңілді екенін сездірді де келе салып:

- Сауытбек, бүгін бір айта жүретіндей қызық әңгіме болды. - деп мені жассынбай, әрі жатсынбай сөз тындауға тартты. – Бүгін таң азақмен оразамды ашпастан, малшы қауымды аралап келемін. Сөйтіп «Итөлген» құдығындағы мына Әбекен (Әбиболла Көшеновты айтады) ауылына келсек екі отар қойы жайылымға өрмек түгіл, аға шопандары ұйқыдан бас көтермепті. Сол сәтте олармен көрші тұратын Абай атындағы совхоздың су тартатын моторы ертеңмен тыныштықты бұзып, жер-көкті жанғыртып, отарын суғарып жатыр екен. Бұлар тұрғанша соларға бардық.

Ертеңмен еңбектеніп жатқан аға шопан қылығы ұнады да жағдайын талғап сұрадым. Қыс айының ертеңгі аязының өзінде бетін тер жауып кеткен қарияға.

- Отарды қалай қарай жайып жүрсіз? – дедім.

- Бүгін батысқа қарай өргіземін. Бұрын күншығыс жаққа

қарай жаюшы едім. Оған мына бізбен көрші тұратын «Береке» совхозының орыс директоры кезігіп қалып:

- Бұл жаққа отарыңызды жаймаңыз. Бұл біздің ауылдың жайылымы, - деді.

- Сіз орыс директорымен қалай сөйлестініз? Орысша тіл білуші ме едіңіз? - дедім.

- Жоқ, мен орысша білмеймін. Ол қазақшаға тілмар екен, - деді.

- Сіз сол орыс директорды көрсеңіз танысыз ба? – деп қасымдағы мына Әбекене қарадым. Ол кісі мұнымды байқамады.

- Танимын. Көзінде көз әйнегі бар, толықша келген сары орыс екен, - деді.

Мына Әбекеннің көзінше өзін сары орыс деп тұрғанын естіп сезіп қалмай тұрғанда екеуін беттестіріп, бір-бірін ұялтпайын деп жүріп кеттік. Содан соң «Шеңгелді» құдығындағы түйеші Қосекеңе (Қосымбай) барып сәлем бердік.

- Әбекен қарап тұрмай Қосекеңнен де сыбағасын алды, - деп жымыяп күлді де сөзін одан әрі тағы жалғастырды Жапар Түйебеков. – Қосекең де сары ғой. Сонысын пайдаланып мына Әбекен:

- Қосеке, сарының бәрі орыс бола ма? – деп сұрақ қойды. Оған Қосекең:

- Жоқ. Сары бөлінеді. Ақ сары, қызыл сары, жалақ сары, былжыраған жаман сары, шикіл сары, - деген сияқты толып жатқан сарыны шуатты да:

- Соның менақсарысымын. Ал сен орысқа бейім, әлгі маймылдың арты құсаған сарысысың, - дегені.

- Е-е-өй, Қосеке, онда неніз бар еді, - деп Әбекен отырған орнынан тұрып үйден шығып кеткені.

- Қап, Қосеке-ай, сіз де өкпелетіп қойдыңыз-ау, Әбекен енді түйеңізді алып қойып, жұмыссыз қалатын болдыңыз, деп осында келдік,- деді Жапар Түйебеков.

- Әбеке, жаңағы мал суғарып тұрған момын кісі екені көрініп тұр. Біздің байқауымызша ол кісі қулық, не астарлы сөзден бейхабар. Бірақ сіздің жеңгейдің орыс екенін қайдан білді. Жоқ, әлде жеңгейдің орысқа тән сізге сіңісті болып қалған иісінен сезінді ме екен, - деп Жапар Түйебеков жымыяп күлді.

- Әй, Жақа-ай, сіз де қайдағыны айтасыз. Ол кісі Қосекең сияқты

бәріне бесаспап емес, бір құдай деген момын шаруаның адамы екені көрініп тұр. Менің отбасымның жартылай орыс екенін ол біліп айтып тұрған жоқ, құдай аузына салып тұр ғой, - деп Әбиболла Көшенев қарқылдап күліп алды.

- Сіз сөзге есе жібермеуші едіңіз. Жаңағы малшы мен Қосекене есеңіз кетті-ау.

- Иә, «түйе де жөніне шөгеді» деген, екеуінің де сөзі орынды, - деді Әбиболла Көшенев.

\* \* \*

«Қалжың сөзге өкпе жүрмейді» деген. Онда да «Сарыарқадағы» Кәден Қабышевқа айтқан қалжың сөз үшін екеуміз бір жыл сәлемдеспей жүрдік. Мен сол ащы қалжыңды айтайын деп айтқан жоқпын. Реті келгенде айтпасаң «сөздің атасы өледі» деп айтқызған өзі екенін сіз естідіңіз де, ішінде болдыңыз да, - деді Әбиболла Көшенев Жапар Түйебековке.

Ауданның барлық шаруашылықтарының малына Сарыарқадан жайылымдық жайлау бергендіктен әр колхоз-совхоз басшылары өздеріне тиесілі жерін белгілеуге Жапар Түйебеков бастаған топпен бәрі барған болатын. Сонда Сарыарқаның талай жерін аралап көріп, жазиралы табиғи көрінісіне тамсанады. Некен саяқ бірлі-жарым өз шаруасымен отырғандар болмаса құлпырған кең даланы қу мекентге айналдырып, иесіз қалдырып кеткендерге жер көрушілер өкінеді.

Сонда әр жайлауды, әр қыстауды көрген сайын топталып жүргендер ішінде осы Сарыарқада туып-өскен, әр жері оған бұрыннан таныс «Алға» совхозының директоры Кәден Қабышев та бар болатын.

- Жақа (Жапар Түйебеков) көрдіңіз бе қандай тамаша жайлаулар бос жатыр? Мал, не адам аяғы баспаған, - деп, өзі білетін небір кілем түріндей құлпырған жайлау-қыстаулардың атын атап, жүрген жерінде әрқайсысына көлігінен түсіп отыра калып көрсетіп Кәден Қабышев мақтап айта береді. Шынында мақтауға да, мақтануға да тұратын жер екені сөзсіз. «Сөздің артын сөз түртеді» деп:

- Шіркін, осындай жайлауды, осындай қыстауды қарашы, іздесен таптырмайтын жер. Осы құлпырған жазиралы кең даланы қайтіп

көздері қнып, қандай иттер иесіз қалдырып тастап кетті екен? – дейді жер көрушілер ішінен Әбиболла Көшенев.

Міне, осы сөз үшін екі құрдас бір жыл сәлемдеспеген.

- Жақа, бәрінен де аудан орталығындағы өзіңіз отырған кенсеге күнде кіріп-шығып, жүздескенде сәлемдесіп, тілдеспеген жаман екен. Жақында мен екі құрдастың мына ісі кейінгі жастарға ерсі болар деп үйге Кәден Қабышевты шақырдым. Сонда даладан күтіп алған мені көлігінен түсе сала құшаққа алып, жылап жібергені.

- Әй, Әбеке-ай, мені осымен екі мәрте ұттың. Сені сағынып, мен де әрең жүр едім. Сөйтіп, ертеңге сені шақырайын деп отыр ем. Бір күн бұрын жылдамдық жасап, шақырып қойдың. Дегенмен үш жүздің баласына нокта ағасы болған ауылдың баласы емессің бе? Сондығыңды тағы жасадың, - деді Кәден Қабышев.

- Жақа, сөйтіп екі шал татуласып тындық, - деді Әбиболла Көшенев.

- Оларың дұрыс болған, - деді Жапар Түйебеков.

*02.09.2001 жыл.*

### III-бап

Бір күні Жапар Түйебеков пен Әбиболла Көшенев екеуі онаша біздің үйге келіп қонды. Асықпай, аунап-қунап демалып жатып, көп әңгімелесті. Соның арасында Әбиболла Көшенев:

- Әй, Сауытбек, біз жақында Жазылбек Қуанышбаевтың қос ұлы – Қойшыбай мен Тойшыбайдың туған күніне арналған тойға бардық. Мен тойға деген тартуым бар, тағы бір үй апарып тіктім. Сонда бір акын сұмдық келтіріп өлең айтты деп, соның сөзін маған айтып берді. Табанда қалай жаттап ала қойғанын қайдам. Өте зерек сұңғыла кісі ғой. Сондағы өлеңде осы ауылдан қос екі мәрте Еңбек Ері шыққанын (Нұрмолла Алдабергенов пен Жазылбек Қуанышбаевты айтқаны ғой), одан соң Жазекеңнің әйелі қос ұл тапқанын акын тамаша келтіріп, жеткізе айтты.

Акын осы өлеңін айтып болғанда мына ағаң (Жапар Түйебековты айтады) жастыққа жантайып жатыр еді. Ақырын басын көтеріп отырды да:

- Шіркін, жалайыр дегеннен басқасын келтірген екен-ай, - деді.  
- Бізге осыны да көпсінгені ме, қайдам, - деп Жапар Түйебековты Әбиболла Көшенев бір қағытып өтті де, екеуі де күлісіп алды.

Маған ағаң деп Жақанды теңеу қылғаны екеуің де Бекболаттан тарайсың дегені шығар деп ойладым.

*03.09.2001 жыл.*

#### **IV-бап**

Бірде обкомның екінші хатшысы Анатолий Шалов вертолетпен біздің үйге келді. Сонда Зәбираның қонаққа деген дастархан мәзірінің бәрін қолмен істегенін Шалов байқап отырыпты. Өзі қазақша таза сөйлейді екен. Әсіресе пісірген нанына таңғалады.

- Мына алыстағы малшы қауым ортасында отырған жас отбасы екен. Бұлардың малшыларға сіңірген еңбегін айтпағанда, осындай айдаладағы құмның ішінде отыруының өзі бағалы. Сендер бұл жас отбасына нендей қамқорлық жасадыңдар? – деп Жапар Түйебековке қарады. Ол қасында отырған көп совхоз директорларына алара қарап:

- Мыналар біледі, - деді. Сөз осымен бітті.

Бір күні мен аудан орталығында жүрсем, Абай атындағы совхоздың директоры Әділ Жақыпов кездесіп, мені көлігіне мінгізіп алып, ауылына апарды. «Үйіне мейман келсе, бізге ұят болады», - деп бір қораб ашылмаған электр мотор беріп, Штабқа жеткізіп салды. Тағы да бір управляющиінан газ пешті балонымен беріп жіберіпті. Бұл екеуі де малшы қауым үшін жаңадан шығып жатқан кезі болатын. Көбінесе жергілікті жерден гөрі жоғарғы жақ қамқорлыққа бейім тұратыны осындайдан сезіліп калатын.

«Алла тағала құлдарын өте аяушы. Кімді қаласа, несібе береді. Ол өте күшті, тым үстем». (42-с. 19-А).

*04.09.2001 жыл.*

#### **V-бап**

Бірде Әбілда деген аға шопан алдындағы бағып жүрген бір отар қойынан түгел ажырап қалып, таяғын ұстап үйіне барады. Мұны естіген «Береке» совхозының азаматтары дүрлігіп, түгел атқа қонады. Совхоз директоры Әбиболла Көшенев барлығын көлігімен жан-жаққа шапқылатып, өзі хабарды біздің үйден күтіп жатты. Екі күн біздің үйде болды. Екеуміз көп әңгімелестік. Атпен қарды

омбылатып, аң ауладық. Кешіне есіктен кіріп келген Әбілдаға сәлемін алып жатып:

- Әй, сені не құдай ұрды. «Мың бір түн» кітапты оқимын деп ең болмаса үйіңе бір қой да айдап бармапсың, - деді. Сонда ол босағаға отыра қалып:

- Бұрын астымдағы атымды белімдегі белбеуімен тұсай салатын «Сал Әбілда» едім. Енді бүгін бір отар қойды түгел жоғалтқан «Мал Әбілда» болдым, - деп екі күрдас алғаш осылай тілдесті.

- Бопты енді. Сенің бұл сөзің де жөн болды, - деп сөз қадірін білетін Әбиболла Көшенов мал жоғалғандай емес, бір тойда бас қосқандай әзіл-қалжың сөздердің тиегін ағыта жөнелді. Ренжу, ұрыс-керіс деген болған жоқ. «Бас аман болса бір мәнісі болар», - деді Әбиболла Көшенов. Кершілес Абай совхозының күллі малды ауылын басып өтіп, оның арғы жағындағы «Алға» совхозының малды ауылына барыпты жоғалған отар қой. 70-80 шақырымдай жол жүргенде, иесіз отарға төрт, не екі аяқты қасқыр кездеспепті. Бөтен отар екенін біліп, қораға қамап қойып, олар да жан-жаққа хабар жіберіпті.

Бір отар қойдың бір лағы да жоғалмай, екі күннен соң түгел табылды. Сол уақыттың адамдары не деген адал, арлы, тамаша адамдар десенізші. Қазір болса даладағы иесіз мал тұрмақ қораңнан жан қоймайды. Шіркін, сол бір кездер қарапайым қазақтың бір тамаша кезеңі екен. Осы істің басы-қасында болған мына сөзіме қазір ешкім сенбес.

*05.09.2001 жыл.*

## VI-бап

Малшы қауым үшін қысы-жазы бірдей ауданнан тұрақты өкіл сайлап қойған. Олар да әр шаруашылық басшыларымен бірдей іс барысына жауап береді. Соның бірі «Береке» совхозының тұрақты өкілі, аудандық су жүйесінің бастығы Бақытжан Балгереевты ертіп. Әбиболла Көшенов біздің үйге келді.

Асығыс мейманына қазақ халқының беретін екі шәй, бір етінің соңғы шәйін жасауға Зәбира меймандар ықыласын күтіп тұрды. Осыны сезген Әбиболла Көшенов:

- Әй, - деп Балгереевке қарады. – Бұл біздің ауыл. Әрі екеуміз

қатар болған соң сен қонақсың. Сондықтан жол сенікі. Бағанадан бері бата бермей, келінді күттіріп қойғанымыз ұят болды. «Итте ата жоқ, орыста бата жоқ» деп, мен – орыстан, сен – татардан әйел алған соң бұлар бата дегенді білуші ме еді деп тұрған шығар келін, - деп алды да, батасын беріп, сөзін қайта жалғастырды.

- Мен «халық жауы» атанып, атылып кететін жерден жанымды арашалап қалған үшін, лаж жоқ, осы орыс әйеліме үйлендім. Кең дүниеде өз елің, өз жерінде жүріп, сені не құдай ұрды татардан қатын алып. Мүмкіндік болса, әркімнің өз ұлтына не жетсін. «Итті несімен кинасын» деген емес пе, - деп барып тоқтады Әбиболла Көшенов.

*06.09.2001 жыл.*

### **VII-бап**

Көктемде Қорағаты өзені тасып, «Береке» совхозының тұрғындары ауданға қатынайын десе, өткел бермей жатады. Сонда совхоз директоры Әбиболла Кошеновке Совет Одағының Батыры Сәду Шәкіров телефонмен звондап:

- Әбеке, сиыр мінетін ауылдың (жалайыр дегені) баласысыз ғой. Бір өгізді мініп, Қорағаты өзенінен өте шықпайсыз ба? – дейді.

- Әй, Сәду, карағым-ай, бұрынғының ірі өгіздері қайда? Қазір бәрі келте бақай, мыртық болып майдаланып кетті емес пе? Бізді алып өтпек түгіл, өздері Қорағаты өзеніне ағып кетеді, - депті.

Сөйтіп Сәду Шәкіровтің бой бейнесін өзіне суреттеп береді

\* \* \*

Біздің үйдегі меймандар ішінен Совет Одағының Батыры Сәду Шәкіров қалтарыста тұрған нәрсені сұраусыз алып жатқанда Зәбира барып қалады. Осыған ұялған-сымақ болған ол:

- Құдай абыройымды ашқыр, қап, абыройым ашылып қалды ғой, - деп осыны көріп отырған ауданның бірінші хатшысы Әнуарбек Жүнісәлиев бастаған қонақтарды күлкіге қарық қылады.

\* \* \*

Обкомның бірінші хатшысы Сәдуақасов келгенде Совет Одағының Батыры Сәду Шәкіров бірге дастархандас болды. Сәду Шәкіровтің қай уақытта да үлкен-кішіге, лауазымы жоғары-



төменге қарамай, іске де, сөзге де, ішіп-жегенге де еркін араласып отыратын әдеті бар еді.

- Сіздің тәбетіңіз тартымды екен, - деп қалады стаканды жиі көтергеніне Сәдуақасов.

- Оныыз рас. Менің ішек-қарным сау, - деп қолымен қарнын сипайды Сәду Шәкіров.

Онысы Сәдуақасовтың Отан соғысында ішінен көп жарақат алып, соның зілі әлі басылмағанын айтқаны.

Сәдуақасов сөзге сөз қайтара алмай қалды.

*07.09.2001 жыл*

### VIII-бап

Кездейсоқ сұрақ, не қағытпа сөзге табанда тауып айтқан сөзім аз. Керісінше, мұндай жағдайда ойыма орынды жауап сөз кейін түсіп, оған өкінетін кезім көп. Әрине, бұған ұшқыр сезім, терең ой, саналы парасат, жүйелі тілмарлық керек. Бұл жағы менде кемшін.

Қарадай хан болғандарды айтпағанда, білімсіз болса да төңірегін табиғи болмысымен тәнті еткен талай шешеннің ойлы сөзін тыңдадым. Құдай дарытқан дарынға, білімнің бар-жоғы есеп емес екен. Онда да болса, білімді болғанға не жетсін. Табанда тауып айтып, қарсыластың жауабын дер кезінде бермеген соң, уағы өткен сөз мезгілсіз жауған жауын сияқты. Реті келген сөзге сөз қайтармасаң «сөздің атасы өледі» деген осындайдан туындаса керек. Онда да болса мен ойымда қалған екі ұтымды сөзімді күнделікке қосқанды жөн көрдім.

\* \* \*

Ауатком кеңсесінің алдында Сауранбай Байтөбенбаев екеуіміз сөйлесіп тұр едік. Анандайдан келе жатқан Естемес Төлендиевке үлкен кісі болғандықтан, бұрынырақ алдынан жүре шығып, сәлем бергенімізде:

- Өңкей «Боқай» жиналып қалыпсындар, - деп кекеткені.

- «Боқай» екеніміз рас. Бірақ «жерден теріп алатын» емеспіз, - дегенім табанда.

- Ық, - деді де жауапсыз кеңсеге кіріп кетті.

Бұрын біздің Жиенбет ауылында жаңа қазан татын кетіру үшін

малдың қиын салып, қайнатып жатқан күні бір күйеу келіп қалып «Боққайнат» атандырып кетіпті.

Аузы дуалы екен. Содан бері Жиенбет – Боққайнат екеуі телі аталады. «Боқай» деуі осыдан.

Ал өзі Күнту деген елдің Масақ атасынан. Менің «жерден теріп алатын» емеспін деуім сондықтан. Кейін бір кездескенде:

- Әй, Сауытбек, бір аталы сөз айттың, ә! – деп өзі сөзден ұтылғанын мойындады Естемес Төлендиев.

\* \* \*

Зәбира Әлия деген қызыма 15.01.1968 жылы босанып, соған барып, қайтарда көлік жүргізуші Бастаубайға беймәлім болған соң айырма жолда:

- Мынамен жүр. - дедім.
- Тарт қолыңды! – дегені.
- Не, көзіңе тиіп кетті ме?
- Қап, қатырдың-ау, - дегені.

Бұдан кейін өзі сөз құмарлығына салып:

- Машина жүргізушілердің күні құрысын. Күні күн емес. Күндіз де қуады, түнде де қуады. Жазда да, қыста да тыным таппай жүреміз. Сонда арт жағымнан ары-бері жел өтіп (сквозняк), белден шойырылып, отырсақ тұра алмай, тұрсақ отыра алмай қаламын, - деп қайта-қайта айтып, зар жақтығына басып, беліндегі жылы белбеушесін көрсетті.

- Шынында, шаруашылықтың сан жетпес барлық істеріне сендердің қосатын үлестерің зор. Сондықтан жаздың ыстығында да, қыстың суығында да күндіз-түні бірдей жүресіздер. Соның кесірінен белден қалдың ғой, Ақа, - дедім. Ол да:

- Ақа, - деді. Жүріп келеді, жүріп келеді. Бір кезде көлігінің жүрісін тежеп, қалт тұра қалып:

- Әй, Сауытбек, сен не деп келесің? Ой, сұмдық-ай, мені «Ақа» дегізіп, мойындатып алып. Ақаның ар жағында бір пәле жатыр екен ғой. Мені үйдегі құрдасыңа жарамсызғып мойындатып, - деп өзінен-өзі өкінді де кетті. – Сен бүгін мені екі мәрте сөзден ұттың. Сенімен байқап сөйлесу керек екен. - деді.

«Ел құлағы елу» деп, түзу сөзден гөрі қыңыр сөзге бейім қауым осыдан кейін Бастаубайды «Ақа» деп атап кетті.

*09.09.2001 жыл*

## Х-бап

Бір жолы штабқа (Көлқұдыққа) Қасым Қайсенов келіп, біздің үйде қонақ болды. Алғашқы шәй ішіліп болған соң ет дайын болғанша карта ойнадық. Сөз арасында маған:

- Сенің көзің қырғидың көзіндей екен, - деп қалды. Жас кезім ғой. Оны не себептен айтқанын түсінбей қалдым. Ет желініп біткен соң қасына ере келген аудан, ауыл басшылары: Енді карта ойнауды қояйық. Сіз батырлығыңыз туралы ептеп айтыңыз. Бауыржан Момышұлының ерлігінен де әңгіме айтыңыз, - деп Қасым Қайсеновтан сыр тартып, сұрақ қойды.

Ол Бауыржан Момышұлының өте шыншыл, мінезінің қатал, тым батыл, батыр екендігінен қысқа-қысқа сыр шертті. Содан соң өзінің бір ерлігін баяндады. Өз аузынан естігенімнің ойымда қалғанын оқырман қауымға айтайын. Кейбір жерін ұмытып қалыпмын.

- Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кез, - деп бастады сөзін. - Украинада өздері жаулап басып алған жеріндегі нан заводты немістер орталық штаб етіп алған. Сол штабтың бастығы қолға түскен совет адамын тірідей алдырып, өз қолымен атып өлтіргені 100-ден (дәл нақты санын айтып еді, есімнен шығыпты) асып кеткені туралы біздің партизандарға хабар жетеді. Сол штаб бастығының көзін жоюды маған тапсырды. Мен қасыма бір жолдас ертіп (мұның да атын атап еді, ұмытыппын) штаб бастығы бөлмесіне бет алдым, соған жақын бір үйден су сұрап ішкенсіп (ол үйдің адамы біздікі) жалғыз екенін білдім. Екеуміздің де мінгеніміз мықты ат. Кеңсе алдына барған соң серігіме атымды ұстатып, ішке кірдім. Штаб бастығына кіруге ауыз бөлмесіндегі хатшы қыздан рұқсат сұрадым. Ол: «Кіріңіз, жалғыз отыр, бос», - деді. Штаб бастығының бөлмесіндегі қос есіктің арасында тұрып, әуелім сыртқысын, кіріп жатып ішкісін, дыбыс естілмес үшін екі есікті де мықтап мұқият жаптым да басымды изеп, ишарат жасап, оның өкпе түс қырындағы орындыққа жайғастым. Штаб бастығы қасқабас, толықша келген, түрі суық неміс екен. Оған қалтамнан суырып алып «пакет» тапсырдым. Оның ішінде «Сені атып өлтіретін Қасым Қайсенов» деген ғана жазу бар.

Ол пакетті аша бергенде дыбысы шықпайтын пистолетпен өкпе тұстан екі рет атып өлтірдім де, сейфтегі печать пен құнды қағазды

қалтама саялып, ауыз бөлмедегі хатшы қызға басымды изеп, тез-тез адымдап жүріп далаға шықтым. Сол мезетте немістер жанадан ұстап әкелген біздің бір адамды мотоциклден (үш дөнгелекті) түсіріп, штаб бастығына кіргізуге сүйреп жатыр екен. Қаным қызып кетіп, соған болысқым келді де, бұл ойымнан тез тынылып, атыма қарғып мініп, желе-жоргтық та, былай шыға шаба жөнелдік. Соның артында көшенің басына жетпей, мотоциклмен артымыздан қуғын түсіп, ата бастады.

Атымыз сұмдық ұшқыр, бар шабысымен орманға кіріп кеттік. Онда да немістер артымыздан қуып, қалмай оқ жаудырып келеді. Бір мезгілде жолдасымның мінген атына оқ тиіп, құлады.

- Мен жау қолында қалатын болдым, - деген оның айқайына бұрылып барып, артыма жолдасымды мінгізіп алып, қаша жөнелдік. Бірте-бірте орман қалыңдай бастады. Әрі жер батпақ болғандықтан мотоцикл жүре алмай, бізден алыстап қала берді. Сөйтіп аман-есен құтылып кеттік, - деп әңгімесін аяқтады Қасым Қайсенов.

*12.09.2001 жыл*

## XI-бап

Бұл өмірдің кейде қарама-қайшылықтарын, бірінің бағасын бірінен ажырату қиын. Тіпті айырмасын ажыратқан күнде бірінсіз бірін терең тану, сезіну, білу оңайға түспейтіні де бар. Бастан өткен соң салыстыру арқылы сезінесің. Соның ішінде басқалардан гөрі өз басымнан өткен істен ептеп сыр шертейің.

Құдайға шүкір, ұлдарымнан да, қыздарымнан да немерелерім бар. Олар Зәбира құсап сегіз бала тумаса да алды үш баладан туып, соны өсіріп, тәрбиелеп жатыр. Солардың кейбіреулеріне үйіне барған мейманы тұрмақ, әке-шешесіне тыныштықпен ауқат ішкізу мұң.

Кейде қыздарыма айтамын: өздерің білесіндер, біздің үйге қонақ көп келетінін. Сонда менің ішкенім арақ, ойнағаным -- карта, өзім тағы Зәбираның қонағымен бірге қонақпын.

Бір жолы ғана обкомның бірінші хатшысы Мұстақым Ықсанов дайындықсыз уақытта үйге келіп қалып, сонда Зәбираны аяған Ошан қарт:

- Балам, басқа шаруанды істей бер, - деп үш шақырым жерде

тұратын үйіне аяқпен барып, тоқаш пісіртіп әкеп берді. Сонда кісіні де күтетін Зәбираның өзі, үй тірлігін де істейтін өзі. Көбінесе қыдырып кеткенде де мені жоқтатпайтын. Ал сендер болсаңдар сегізін бір бала сияқты ың-дыңсыз, кісінің үстіне бару, дастарханға жақындау дегенді білмейсіңдер. Қазіргілердің кейбіреуі қонақтан бұрын баласымен болып кетеді. Бұл қалай? Сендер Зәбирадан алған өнегені неге өз балаларына үйретпейсіңдер? – деймін. Олар үндемей қалады. Қазіргілердің бала тәрбиелеуі бұрығыдан басқаша ма? Қайдам?

Міне, бүгін немерелеріме карап, сегіз баламды, олардың анасына карап. Зәбираны салыстырып танып, біліп, сезініп отырмын.

Тағы кейбір баламның ер-азамат екендігіне нұқсан келтіріп, қисынсыз әрі шектен тыс әйеліне тақ тұрғанын көргенде Зәбирамның алдында өзімді кінәлі санаймын.

Зәбирамды енді танып-білдім. Оны маған табыстырған тағдырыма ризамын.

*10.09.2001 жыл*

\* \* \*

Сырттағы барлық балаларым жиналып, Зәбира өкеуіміздің 60 жасқа толғанымызды атап өтуге келіпті. Мен 01.10.1940 жылы туылғанмын. Құжаттарымда 20.05.1941 жыл деп алыныпты. Зәбира 07.11.1941 жылы туылған.

Бұрын біз 60 жылдығымызды тойламай-ақ қойындар, деп ескерткенбіз. Бірақ балалар Алматыдағы және басқа аудандағы кісілерді тойға күні бұрын шақырып қойып келіпті.

Сөйтіп бүгін тойды жақсылап өткізді балалар. Сонда сөз сөйлеушілер ішінен Бейбітбай Жексенбаев игі тілегін білдіре келіп, «жоғарыдан қонақ келсе кімнің үйіне келеді? Әуелім Сауытбектің үйіне келеді» деуі мейлі делік. Бірақ әуелім «ауданда машинаны кім алады? Бірінші Сауытбек алады», деп дүние шіркінді айтуы ыңғайсыз болды. Заводты бітісімен «Жигулиді» бірінші алғаным да рас. Кеңес өкіметінің қатаң тәртібі бар кездің өзінде жекешеге иеленуге рұқсат етпейтін сегіз адамдық ГАЗ-69 машинаны 1973 жылдан, ал трактор ДТ-16-ны 1978 жылдан жекешеге иеленіп үлгергенім жолдас-жораның арқасы еді. Сол трактор 23 жыл болды

әлі үйде тұр, балалар айдап жүр. «Жақсының артынан сөз қалады, жаманның артынан бөз қалады» деп осы жері жиналған көпшілікке ыңғайсыз болды.

*15.09.2001 жыл*

\* \* \*

- Сіз неге мешітке келіп, жұма намазына қатыспайсыз? – деп мешіт имамы Шүкірәлі талай мәрте ескерте берген соң, ішке бүккен көп жылғы құпия сырымның ой көрінісін ашық айтып, сұрағына лаж жоқ, жауап бермеске болмайтын болды.

Бұрын осы мешіт ашылғанда әуелім Мұхамедамин Бегімбет қажы имам болды. Ол жиырма жылдан аса дін жолын оқып, білім алған ғұлама, діндар молда болса, Иран мемлекетінен мешіт ашқан оралман. Оның жасаған дұғасы шынайы, айқын, ізгі ниеттілігіне қоса сүрелер аяттарын кейде көзіне жас ала уағыздағанда, отырған тындаушысын сұмдық ұйытып, өзінді қоярға жер таппай, өзге дүниеге кіріп кеткендей сезінесің. Мешітке барушы елді топтастырып, осыған ұмтылдырды. Бегімбеттің имам болған кезінде намаз оқып, ораза тұтып, мешіттегі жұма намазын қаза жіберген емеспін.

Бұдан кейін оқымаған, дүмше молдалардың бірі - Төрехан Дәнебергеновты жұма намазында мешітке имам етіп сайладық. Келесі жұма намазында мешіт ішінде Бейсеннің бұқасын ұрлағаны үшін қылмыстық ісін қарап, соны төлеттірдік. Жолсыздығы жетерлік болды. Мешіт төнірегіндегі мешіт қызметшілері мас болып жүретін.

Шатырхан деген азамат жұма намазындағыларды тойына шақырғанда мешіттен барғандар араққа бірден бас қойды. Бұған күлмеген жұрт жоқ. Осындай жағымсыз істерден жиреніп жүргенде өзімнің де дін жолына жатпайтын іс-әрекетімді енді ғана сезініп, намаз оқу, ораза тұту, жұма намазына мешітке бару сияқты бәрінен біржолата тнылдым.

- Неге осының бәрін қойдың? – дегендерге ашық айтпай, ішкі сырымды құпия сақтап, «қайбар сөздің өзі кінә, әркім өз кінәсін өзі көтереді» дегенді ойлап, көп жыл өз күдігімді сыртқа шығармадым. Бірақ бұдан бес жыл бойы дін парызының бәрін үзбей өтеуге

қатысқан соң, әрі құры шын имам таппай тұрып, сырт көзге көріну үшін ғана намаз оқып, ораза ұстап, жұма намазына мешітке барып жүрген, көлденең көк аттылар да қарап жүре ме?

- Жұма намазына мешітке неге келмейсің? – деп сөккендерді де жауапсыз қалдырып жүрдім.

Енді, міне, жаңа болған мешіт имамы Шүкірәлі да көп ескерте берген соң ол дін жолын оқымаған, білімі жетімсіз болса да, топшылауы оған тұрарлық, ұры имам, дүмше молда, тағы басқасына қарағанда имани жүзділігі бар, ізгі ниеттілігі түзу сияқты, өлі-тірі арасынан пайда табу көзіне аса құлшыныясы жоқ, сөзі де жеңіл, осы болмысын ескеріп, қайбар сөз болмас үшін, жоғары қырсыз істердің бәрінен аттап өтіп, тек өз іс-әрекетімнің дін тазалығына жатпайтын пайымдауымды ашық айтуға тұра келді.

- Шүкірәлі, сен сұранып болмадың ғой, дін жолынан неге тиылғаным туралы. Алла кешірсін, ешкімге ашпаған құпия сырымды, лаж жоқ, саған баяндайын. Құран кәрімнің барлық сүресіндегі аяттарын түгел оқып шықтым. Әлі қайталап оқудан жалықпаймын, адамды адамдыққа тарту терең, молынан көзделген екен.

Мұндағы шариғат жолының бәрін ойға ұстап, оған таза ниет беру онай емес болса, осыған қарап мен өзіме-өзім үш міндет жүктедім. Олар: біріншісі – іс тазалығы, екіншісі – тіл тазалығы, үшіншісі – ой тазалығы.

Ал енді бірінші – іс тазалығына келетін болсам, отыз жылдан асты, арақ түгіл осыған жақын ішімдіктің жеңіл түрінен де дәм татпасам, өмір бойы насыбай атып, шылым шеккен жан емеспін.

Ал өтірік, ұрлық, жамандық атаулы сияқты кісіге қиянат түгіл, қолдан келсе басқаға көмек қолымды ұсынып, жағымсыз іс-әрекетінен аулақ жүретін, сырымды шын ұғып, әділ төрелігін беретінім жұртқа мәлім шығар, деп ойлаймын. Бұл күнде мұндай қалыстар да сиреп барады. Алла өзімді-өзім айтқанымды кешірсін, мен де пендемін ғой, періште болмасам да егер ештеңені пенделігім болса, одан арылуға қабілетім жететін сияқты. Содан тазаруға тырысамын.

Екінші – тіл тазалығына келетін болсам, жас ұлғайған соң, қабылдау қабілеті артта қалып, басқасын айтпағанда, намазға

қатысты аяттарды қаншама беріліп оқып, жаттасам да оған тілімді сындыра алмадым.

Үшінші – ой тазалығына келетін болсақ, намаз оқып тұрғанда қате оқып, қалай айтқанымды, тағы өзімді-өзім сезбеген, білмеген өмірдегі жағымсыз жақтарымды Алла кешіре гөр – деп тілеу тілеп, қаншама шын ниетіммен дін жолына беріліп, соған ұйыын десем де дәл соя сәтте бөтен ой көнілімді бұзып, сан гарауға бөліп бұрып жібереді.

Шыны осы. Іс тазалығына жақын болсам да, тіл мен ой тазалығына жақындай алмадым. Бұл екеуін меңгермей тұрып, дін жолын ұстау маған лайықсыз деп өзіме-өзім баға бердім. Одан да дін жолын таза ұстамаған сон, үйде отырып, жамандық атауды артық істен арылу арқылы Аллаға адал берілейін, дедім Шүкірәліге.

- Осы үшеуін меңгерсеңіз «Әулие» болып кетпейсіз бе? – деді Шүкірәлі. Бұл сөзді қалай айтты, ой-сана жүйесінің жеткен жері осы ма, деп түсінбедім.

- Не десен, о де. Шыным осы, - дедім. Менің намаз оқып, ораза ұстап, жұма намазына мешітке баруымды қалап, жолдасым Зәбира Шүкірәлі сияқты дін жолын ұстаушы қауым талқысына талай салды.

- «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас» деп те Зәбира ескерткен. Шынында, сөзі сөз-ақ қой? Бірақ мен сырт көзге көріну үшін дінге берілгендер құсап солардың ішінде жүре берсем болады ғой. Оған мені бір күдірет күдік алған жеріме қасарыстырып қойған. Шүкірәліден ауыр сөз естігенше, осы сырымды оған да жария қылмай, жабық ойға сақтағаным дұрыс болатын еді. Онда да мейлі білім, ой-санам, тілім жетпейтін дін. Жолын шатпақтағанша қолдан келмес істен аулақ жүрейін дедім.

- Намаз оқымасаныз да мешітке келіп тұрыңыз. Әңгімелесіп тұрайық, - дейді Шүкірәлі кездескен сайын. Оған бір күдік алсам болды, кері қайтпайтын әдетім мойын бұрғызбады.

Менің кемістігім де, жетістігім де кім болса ол болсын, тіпті жақыным болсын, өз тұсымдағы сұмдықтарға кешірім жасамайтындығымды оқырман қауымға мойындаймын. «Бір сағат ойға шому, алпыс жыл дұға қазбылдағаннан пайдалы» деп өмір ағымындағы сұмдықтарды кешіре алмай көп ойланамын.

*20.09.2001 жыл.*



\* \* \*

Бүгін Ниетжанның туған күніне арнап, бір мал сойып, атап өттік. Балапаным екі жасқа толды.

*11.10.2001 жыл.*

\* \* \*

Бүгін сүйікті ұлым Мұратбекті отбасымен түгел Астанаға жүргіздік. Қызметке шақырған соң сол қаладан үй алған.

*27.10.2001 жыл.*

\* \* \*

Руы бестерек Мәдімәрдың жас кезінде бір ағасы қаза болып, жесір қалған жас жеңгесіне әмеңгерлік жолмен атастыратын адам болмай, басқа ел азаматына тұрмыс құрып кетеді.

Кейін Мәдімәр пысық жігіт болып өсіп, енді ғана ел-жұртқа танымал бола бастаған шақта-ақ құнсыз кеткен жеңгесін іздеп барып, кері қайтарып алатынын айтып, сөз салады.

- Жесір қалғанымда маған ие шықпады. Содан соң лаж жоқ, басқа ел азаматына ерге шықтым. Менде кінә жоқ. Енді менің бұл елден балаларым бар. «Түстен кейін тұсақ қой маңырайды» деп, саған жол болсын. Мен өз жеке басым бармаймын. Егер балаларымды қосып алсаң мен мақұлмын. Бірақ бұл ел де өзінше ел-жұрт қой, бөтен жерге балаларын шұбатып жібере қоймас, - деді жеңгесі.

- Онда мен сені балаларыңмен түйдей түгел кері қайтарып аламын, - деді Мәдімәр.

Сөйтіп осы құпия келісім бойынша Мәдімәр осы өңірдің қазысына барып, сұрақ қояды.

- Мен бір сартпен дос болдым. Жылына бір рет бір-бірімізді шақырысып, тамақ берісеміз. Сарт ағайынның әдеті ғой, өне бойына астына азынатып-кісінетіп айғыр мінгенді бір мәртебе көретін. Осылай алғашқы жылы сарт досымды қонаққа шақырғанымда мініп келген айғыры есік алдында күйлеп жүрген биемді тоқтатып кетіп еді. Келер жылы тағы үйге мейманға шақырғанымда әлгі сарт жегжатым, бұрын айғыры тоқтатып кеткен биемді танып, соның соңында жүрген жабағы ат менікі. Кәне, бер, алып кетемін, деп дау шығарды. Осының шешіміне тәрелік беріңіз, - дейді.

- Бие кімдікі болса, құтыны соныкі, - деді қазы.

Содан соң бір күнде, жедел, жеңгесін балаларымен түгел ауылына көшіріп алды Мәдімәр. Мұны кейін құлақтанған ауылы:

- Жеңгеңе дауымыз жоқ. Ол басы ашық, сенің нәмеңгерін, тек балаларымызды қайыр, деуге шығады. Сонымен Мәдімәр дау қуушыларды ертіп барып, баяғы қазыға жүгінеді. Сонда даудың мән-жайын түсінген, әрі Мәдімәрды таныған қазы бұрын берген төрелігіне іштей өкініп:

- Мен мұның шешімді жауабын бұрын айтып қойғанмын. Анасы қайда болса, балалары сонда болады, - дейді. Сөйтіп Мәдімәр балаларымен қоса босатып алып, жеңгесінің көнілін тауыпты.

*05.11.2001 жыл.*

\* \* \*

Әбіқұл Ибрагимовтағы «Менің қарапайым өмірім» атты қолжазбамды алдым. Мұратбек ол кісіге осы қолжазбаның көркемдігін кара деп отыз мың тенге бергендегі сіңірген еңбегі осы ма? Шошқа түрткендей әр жерін бір түртіп-түртіп қойыпты, деп балаларым, келінім маған ренжіді.

*29.11.2001 жыл.*

\* \* \*

Мен кейде басқаның артық сөзі мен артық ісінен үндемей құтыламын: «Еріксіз жеңілісім, кейін жеңіске айналады». Бұған Зәбирам күйіл, еріксіз тиіседі.

*07.12.2001 жыл.*

\* \* \*

Зәбира менен артық. Ал менің кінәм көп. Өзім ешкімге тиісіп, біреуге артық іс істемесем де, біреудің артық ісін кешірмеймін және өмір бойы ұмыта алмайтыныма өзім де қиналамын.

*29.11.2001 жыл.*

Мойынқұм ауданындағы «Байтал» шаруашылығының орнында бұрын тұрған бір бай ірі той жасап, ат шаптыратынын бір жыл бұрын хабарлап, елге жария етеді. Соны естіген шапыраштылар көкбайталын ат бәйгесіне қосуға әкеледі.

Көкбайталдың ерен жүйрік екенінен хабардар той иелері «сендерді шақырған жоқпыз» деген сылтаумен көкбайталды бәйгіге қостырмайтын болады. Бұған көкірек Бекқұлы би араға түсіп, шақырмасаң да қатар тұрған ел болған соң келіп қалыпты. көкбайталды бәйгеге қостыр. Қоржынның бір басы сенікі. депті. Сонымен көкбайтал бірінші келіп, бас бәйгені шапыраштылар алады. Бұдан үміткер той иелері баяғы уәде бойынша Бекқұлы биден баяғы уәде бойынша қоржынның бір басын сұрады. Сонда Бекқұлы би:

- Менің қай қоржынымды айтқанымды қайдан білсін, - деп жауап беріп, тақыр жерге отырғызып кетеді. Той иелері өзінің тойы болған соң дау шығара алмай, демі ішінде болып, өкініп қалады. Қазіргі Байтал шаруашылығы сол жүйрік байтала атымен аталған.

*30.12.2001 жыл.*

\* \* \*

Шаршадым. Көңілімнің қосы жоқ.

*23.03.2002 жыл.*

\* \* \*

Астана қаласынан хабар алдық. Мұратбек осы айдың басында Сыртқы істер министрлігіне қызметке орналасыпты. Отбасымыз қуанып, Алла қызмегін жемісті. баянды қылсын, деп тіледік.

\* \* \*

Апам мен інім Әбдіманаптың бейіттерінің басына тал отырғыздым.

*19.04.2002 жыл.*

\* \* \*

Алматыдан Ғалия мен Әсия келді. Әсия заң университетін қызыл дипломмен бітірді. Соны көріп, қуанып қалдық үй ішімізбен. Біздің отбасымыздың мүшелері ішінен Мұратбек те қызыл дипломға жақын бітіріп, аспирантураға оқуға қалдырылған болатын. Ал шын мәнінде қызыл дипломға бітірген Әсиям ғана болды. Алла еңбегін жемісті, халық танитын азаматша болсын, деп тіледім.

*28.04.2002 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек Астанадан отбасымен келіп, Ниетжаным мен Токжанымды (немерелерімді) бетінен сүйдірді. Маған прозам мен поэзиямды реттеп жөнге келтіріп, дайындап қоюды тапсырды.

*09.05.2002 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек отбасымен Астанаға жол жүріп кетті. Ол менің «Аша елі» кітабымды, қайта жазғандарым мен өлеңдерімді ала кетті, компьютерге түсіремін деп. Мұратбектің жол жүргенінде алып жүретін қол қапшығынан менің «Аша елі» кітабымды көріп, іштей риза болатынымын. Өйткені менің шығармашылықпен айналысатынымды өте-мөте қолдап, құлтайтын осы Мұратбегім ғана болатын. Әйтпесе, маған тыныштық беріп, оңаша бөлме ыңғайлап, кітап оқып ізденуіме жағдай жасайтындар отбасы мүшелерінде шамалы. Мен көбінесе жағдай тандамай «түйенің қомы, аттың жалында» сияқты сәттерінде жазып жүрмін.

*19.05.2002 жыл.*

\* \* \*

Мінезі нашар баласына әкесі бір дорба шеге беріпті: «Жолдастарыңмен әрбір керіскен, төбелескен кезінде тақтайға бір шеге қағып отыр», - депті. Бірінші күні тақтайға 37 шеге қағыпты. Содан кейінгі аптада «тек-тек» деп жүріп күн сайын аз шеге қағуға тырысыпты. Әйтеуір бір шеге қакпаған күнге жетті. Әкесіне барып айтқанында, ол баласын шеге қағылған тақтайдың алдына ертіп келіп: «Бүгіннен бастап керіспеген, төбелеспеген әрбір күнінде бір шегені суырып отыр», - депті. Бірнеше күн өткеннен кейін тақтайда бір шеге қалмапты. Әкесі оған: «Бәрекелді, қайырымды іс жасадың, карағым. Бірақ та тақтайға дұрыстап қара. Көптеген тесіктер пайда болды. Енді бұрынғыдай әдемі, әсем болмайды, - депті. – Жолдастарыңмен керісіп, төбелескен кезде жаман сөздер айтылды. Әр жаман сөз бір жарақат жасайды. Жолдасына мың рет кешіргеніңді айтсаң да, бұл тесіктер бітелмейді. Дос – асыл тас сияқты. Көңілің жабырқаса, көмекшің болып, қайғына ортақтасады», - деген екен әкесі.

*27.05.2002 жыл.*

\* \* \*

Өзім жазған поэзиямды ретке келтіріп, жеке кітапханамда сақтаулы тұратын журналдың 51-бетінен бастап, мазмұндарын тіркедім. 53 өлең жарық көрітті, 3 поэма жазыпшын. Жарық көргені бар, жарық көрмегені бар – барлығы 197 өлең жазыпшын. Мұның қаншасы өлең деген атқа лайықты, лайықсыз екеніне келешек сыншылар баға бере жатар. Сонда да бәрін ретке келтіріп қойдым.

*28.07.2002 жыл.*

\* \* \*

Кеңес өкіметі аяғаш құрылған жылдары бір шаруашылықтың басшысы Найманхан дегенге ауданның бірінші хатшысы өне бойы әрі жазықсыз тиісе береді. Әбден ығыры шығып, жәбір көрген ол хатшыға бір қой сыйлайтын болып уәде береді. Оған да сол керек болып жүргендіктен, тез жібер дейді. Өзі бір момын, аңғал қарияға қойды арбасымен жіберіп тұрып:

- Сен аудан көшесіне кірген соң «бірінші хатшыға қой апара жатыр едім, үйін білмеуші едім» деп, әуелі ішкі істер бастығының, одан соң прокурордың, ең соңында соттың төрағасының үйлеріне кіріп сұра, деп олардың тұратын жерін дәлдел түсіндіріп табыстайды. Момын қария көше бойы аралай, үш үйге де кіріп, сұрай-сұрай хатшының үйін тауып барып, қойды беріп қайтады. Содан соң Найманхан шағым түсіріп, үш лауазым иелерін куәге тартып, бірінші хатшыны орнынан түсіріп, құтылып тынады.

*29.07.2002 жыл.*

\* \* \*

Көжек деген кісі, руы Бестерек, бір үйге барады. Ел еңсесін көтеріп, тың бұйымдар әр үйге жаңа біте бастаған кез болғандықтан, кебеже үстінде тұрған будильник сағат Көжектің көзін тартады. Соған қызыққан ол сұрап алуға бермейтінін сезіп, үй иесі сыртқа шығып-кіріп жүргенде, базыналық қылып, сағатты шапанының ішкі қалтасына тығады. Бұдан соң, шай ішіп отырғанда жаңағы сағаттың бұрауы жетіп, шырылдап қоя береді. Сасып қалған Көжек қып-қызыл болып, ұялып қалып, лаж жоқ, шай құйып отырған әйелге қойнындағы сағатты алып беріп жатып:

- Мынаның осындайы бар ма еді? - дейді.

- Иә, ұрлық жасағандарды осылай айғақтайтын әдеті бар, - депті отағасы.

*05.08.2002 жыл.*

\* \* \*

Шу ауданының өлкетану мұражайына өткізетін 1 поэзиямды, 2 прозамды, 3 мақалаларым мен неше түрлі маған қатысты құжаттарымды, 4 жекешелендіру туралы жазғандарымның жарық көргендерін, 5 Төле би атындағы өндірістік кооперативі туралы жазғандарымды ретке келтіріп, жеке кітапханамда сақтаулы тұратын журналдың 35-бетінен бастап мазмұндарын тіркедім.

*14.08.2002 жыл.*

\* \* \*

Бүгін балам Мұратбек Тәжікстандағы Қазақстанның елшілігінде қызмет істейтін болып Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтан бұйрық алды.

*24.10.2002 жыл*

\* \* \*

Мұратбек Тәжікстан мемлекетіне елшілік аппаратқа қызметке тұрған болатын, соған бола Алматыға қарай отбасымен жол жүріп кетті.

*18.12.2002 жыл.*

\* \* \*

Тәжікстанның Душанбе қаласына Мұратбек пен Әлия, Ниетжан, Тоқжанды самолетке шығарып салды анасы Зәбира, тағы қайын жұрты, бауырлары мен жора-жолдастары. Сонымен Мұратбегім отбасымен бүгін Душанбеге ұшып кетті. Бұларға денсаулық беріп, Алла жолын болдырып, ел танитын азамат болса екен деп тілеймін.

*22.12.2002 жыл.*

\* \* \*

«Көлқудықта» жиырма жылдан аса көрші болып отырған

тамаша көршіміз Ошан марқұмның кемпірі – Қаратайдың 80 жасқа толу тойына бардық. Той тамаша өтті.

*24.12.2002 жыл.*

\* \* \*

Руы күнту Қырқынбай деген айтыпты:

- Шу өзенінің ар жағынан екі жылқы олжалап, жетекке алғаным сол еді, қуғыншылар қуып берді. Онда да екі жылқыны тастамай, тұра қаштым. Сонда Шу өзені жаңа қатып жатқан кез болатын. Лаж жоқ, мұз үстіне салдым. Сөйтсем, ортасында өзеннің жылымы бар екен. Түстім де кеттім. Мұз асты ағын сумен жарты метрдей ашық болады екен. Ағысына қарай, екі жылқы жетегімде, жүздім де отырдым. Тек қана мұз астындағы шиша құсаған келдір-бұдыр найзадай мұз ұштары анда-санда төбемнен ұрды да отырды. Киізге тысталған түлкі тұмақ болмай жұқа бас киім болғанда, төбемнің ойылатыны кәдік. Басым осылай аман қалды. Бір жерге келгенде, алдымнан тағы жылым шыға келді. Қайран жарық дүниеге не жетсін. Шу өзенінің қатты ағынды ағысы мені ат-патымен жылымнан сырттағы мұз үстіне қарай ытқытып жібергені. Ой тоба-ай, сыртқа аман шықтым. Қуғыншылар боса да, бұлар суға кетті деп кейін қайтып кетті. Мен сөйтіп екі атты олжалап, құтылып кеттім, - деп бөседі өтірікшілдігімен елге ерен жүрйірік атанған Қырқынбай.

*25.12.2002 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Алдабергенұлы Құрал біздің үйге келді. Өткен-кеткенді еске түсіріп, біраз әңгімелестік. Содан соң өз шаруасына көшті.

- Өлікгі жерлеудің екі түрі бар, - деп сөзін одан ары жалғады. Қазір көбінесе төрт бұрышты 2/2,5 ғып, тереңдігі 1,5 метрдей жерді қазып, соның орта тұсы жәнін тереңіне қарай үңгіп, марқұмдар жататын үй жасайды. Бұл мықты, құламайтын, опырылмайтын жер болса өте дұрыс-ақ. Әрине, ата-бабамыз терең ойлап, кең пішіп, өлген адамын құрметтеп шығарып салудың әсері екені белгілі. Бірақ кейбір жер жұмсақ, не қумак, не қызыл топырақты бос болғандықтан үй құсатып адам қабірін қазғанды көтере алмай опырылып, ойылып кетіп, үңірейіп қалатыны да кездеседі. Әр

өңірдің өзінің жерінің неше түрлі қыртысты топырағына қарай өлген кісіні жерлеген жөн сияқты.

Мысалы, «Бірлікүстем» ұжымшарында менін бір 80 жасқа келіп қайтқан құдағнымның қабірін үңгіп қазып болып қалғанда, бір жас жігітті топырақ басып қалып, қайтыс болды. Сөйтіп кемпір жас жігітті ала кетті. Мұндай жағдай әр ауылда сирек болса да кездесіп қалады. Оның үстіне осындай жәнін үңгіп қазып, үй құсатып ішіне қойған марқұмдар зираты кейін жауын-қардың ылғалы әсерінен топырағы лықсып түседі де, адам жатқан орынды басып қалып, кейбір жері үңірейіп, ашылып қалады. Содан соң үңгірге төңірегінде толып жүрген зиянкестердің кіріп-шығып жүргені де сезіледі.

Тағы осылай жерленген марқұмдар басына қоршау, қорған, күмбез, ескерткіш дәл төмпешіктің айналасына тұрғызады да шын мәнінде марқұмдар жатқан орын сыртында қалады. Содан соң жылдар өткен сайын құбылмалы ауа райының әсерінен, не жердің осалдығынан марқұмдар жатқан орын ойпаң болып, не үңірейіп қалады. Мұндайлар әр ауылдың қалың қорымында кездеседі.

Кейбір адамға орнатқан көрнекті ескерткіш пен қоршауы болса да марқұм жатқан қабір үңірейіп жатыр. Бұрын менің жас кезімде осы ауыл түгелімен құмда, сексеуіл ішінде көшіп-қонып жүргенінде ата-бабамыз өмірден өткенде төрт бұрышты ғып қазып 1,5 метрден, тағы соның ортасын өлген марқұм бойына қарай ұзынша шатжарды ғып 1 метрдей терең ғып, соның ортасына марқұмдар денесін қоятын.

Ол кезде ағаш жоқ болған соң мықты сексеуілден жиі қатар қойып, оның үстін 3-4 қабат киізбен жауып, топырақ сауылдап, марқұмды баспасын деп көмгенін талай көргемін. Сонда марқұмдар зираты қазіргідей ойпаң болып аласармай, не үңіреймей мәңгі сыр бермей тұратын. Оның үстіне әрі марқұмдар денесі қоршау, қорған, күмбез, ескерткіштің дәл ортасында жатады да қазіргідей сыртта қалмайды. Ал қазірдің өзінде таулы, құмды, сексеуілді жерлер мен Алматы сияқты қалаларда мен айтқандай шатжарды ғып өлген адамын жерлейді.

Осыны айтып біркелкі шатжардығын марқұмдарды жерлеу керек десем имамдар мен адамдардың кейбірі көнсе, кейбіреуі көнбейді.



Сол үшін мен саған айтқалы әдейі келдім. «Кәрі өле ме, жас өле ме» оны бір Алла білер. Онда да болса осы ауылдың ең үлкені едім. Ал өлімге мойынсынып, Алла сенен бұрын мені төрелесін, деп тілеймін. Сондықтан саған айтарым: «Мен өлгенде, жерімді өзім айтқандай шатжардығып қаздырып, соған қойғыз да бетімді 4-5 шпалды жиі қатар қойғызып, оның үстіне топырақ сауылдап түсіп, денемді жаппас үшін қара қағаз, не целлофанмен 3-4 қабат жауып мені көмгіз. Менің саған айтайын деп келген аманат өсиетім осы».

- деді Құрал.

- Оу, ағасы, мұныңыз қалай? «Сіздің өлісін біледі, менің көмісім біледі» дегендей ол жаққа асықпаңыз. Оны уақыт көрсетер, әлауқатыңыз мықты, сырқаттан адасыз.- дедім.

- Жоқ, олай деме. «Жан бар жерде, қаза бар» деп денім сау, тілім барда осы аманат-өсиетімді әдейі күні бұрын саған ескертіп қойайын деп келдім. Кім біледі, оны бір Алладан басқа «Лебіз кірсе бар, шықса жоқ» деген ғой. - деді.

- Онда осы аманат өсиетіңізді жазбаша қалдырыңыз. Балаларыңызға да ескертіңіз. - дедім. «Жақын ағайындарына ескерт».

- Мақұл. Ол жағы да ойымда бар, жазып қалдырамын. - деді Құрал ағамыз.

\* \* \*

Бұл аманат өсиеті мені біраз ойға жетеледі. Өйткені анам мен інім бейітінің басына (19.04.2002 жыл) тал отырғызып, оған су тасып суғарып жүргенімде, қорғанның ішкі анам жатқан үйінің ауыз жағындағы төмпешікті мұқият қарадым. Күдіктен аман екен. Жақсы жатыр.

Шын мәнінде, осы анам жатқан қалың қорымда аласарып, тіпті үңірейіп қалған мүрделер баршылық.

Бұрын біреулердің зираты көп ұзамай-ақ қатты үңірейіп қалып, балалары қиналып, абыржып жүр деп естігенмін. Оған не істегенінен хабарым жоқ.

17 жыл би болған әрі батыр Доскожаның немересі Құрал құсап бұған терең мән беріп жатқан пенде жоқ. Дегенмен текті жерден шыққандығын білдірді.

Осы анам жатқан обаға Совет Одағының батыры Сәду Шәкіров кабірін де шатжардығып қазып, марқұм денесі салынған ағаш табытпен қойып, қақпағын алып, табыттың жанына жантайтып қойды. Содан соң қалың бетонды экскаватормен көтеріп, марқұм бетін жауып, одан кейін топырақпен көмгенін көзім көрген. Мен де топырақ салысқанмын. Бұған қарағанда Құралдың мына ұсынысының жөні бар.

Ал ата-бабамыздың үңгіп, үй жасап марқұмдарын жерлеуі, жері мықты болып топырағы опырылмайтын болса, өлген адамы жайлы жататын бір тамаша мәңгі мекені ғой. Оған жоғарыдағы кейбір кедергілер жайсыз тиюде.

Сол үшін ең сенімдісі - шатжардығып жерлеу марқұм сүйегін төңірегінде толып жүрген зиянкестерден сақтаса, тағы марқұм денесі сыртта қалмай оған орнатқан қоршау, қорған, күмбез, ескерткішінің дәл ортасында жатады. Сондай-ақ марқұмдар сүйегі сол қалпында сақталып, оның артындағы өлік иелерінің көңілі алаң болмайды.

Сонымен, Құралдың бұл аманат өсиеті осы жайында ойландырып, мені әрбір өңірде тұрағын қазақ жұрты өлген адамын қалай жерлейтінін зерттеуге бастады.

*26.12.2002 жыл.*

\* \* \*

Елім, Отаным үшін 2002 жыл бір жемісті жыл болып, қарқынды шарықтап, көркейіп келе жатқанын танытты.

Менің отбасыма да құтты жыл болды. Зәбира да, мен де аурушаң едік, бұл жыл одан сыр бермегенінен Аллаға шүкіршілік етеміз. Әсемай, Асылай деген екі немерем өмірге келді.

Аспирантураны бітірген балам Мұратбек Сыртқы істер министрлігіне қызметке орналасып, одан соң Тәжікстан Республикасындағы қазақ елінің елшілік аппаратындағы жұмысына ауысып, сол жаққа отбасымен түгел кетті.

Заң университетін қызыл дипломмен бітірген қызым Әсия әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурсқа қатысып, қызметке орналасты. Одан соң келісіп жүрген адамымен тұрмыс құрып, 28.09.2002 жылы тойы өтті.

Демек, екі баламның парасыз, таныс-тамырсыз жұмысқа орналасуы жағымды жаңалық болды. Жергілікті билік орындағылар болмаса, жоғарғы жақтағы әкімшілік лауазымдағылар жақсы оқыған маманды танып, бағалай біледі екен.

Сөйтіп Мұратбек пен Әсияның таныс-тамырсыз, парасыз қызметке орналасуы жергілікті жердің сырына қанық бізді және осыны естіген ауыл тұрғындарын таңқалдырды. Отанымыздың ең жоғарғы әкімшілік лауазымды орындарында шындықтың бар екеніне көз жеткізді.

Енді өзімнің көп жылдан бері барлық жанрда жазып келе жатқан шығармаларымды қолға алып, шашылып кеткенін жинап, дүмбілез шикісін қайта жазып, ширатып, бәрін саралай бастадым.

Поэзиямның 53-і жарық көріпті де, жарияланбағанымен бәрі 197 өлең екен. Прозамды да, мақалаларымды да, демек барлық жанрдың жарық көргені-көрмегені бар архив пен өлкетану мұражайлардың сұрауы бойынша соған өткізетінін және өз үйімдегі жеке кітапханама сақталатынын жеке-жеке бөлектеп, оны тізімден бір жүйеге келтіріп, бір үлкен іс тындырғандай болдым. Мұның ішінде және күнде жазып жүрген күнделігімде түкке тұрғысыз жазғандарым да бар. Өмірде кездесіп жүрген ел арасындағы, өз ағартығыма қоса үй ішілік неше түрлі өткір қарама-қайшылықтарды жасырмай, ашық көрсеттім. Мейлі, бұл басқаға қажетсіз болғанмен, осындай қырсыз істен кейбір сезімділерді сақтандыруға септігін тигізуі мүмкін деп ойлаймын.

«Өнегелі өмір» сериясымен шығып жатқан кітаптың көпшілігі үстірт жазылғанын өмір өзі көрсетіп жүр. Ақын-жазушылар арасында өз кемістігін мойындап жазғандар сирек кездеседі. Көбісінің сүттен ақ, судан таза болғандайғын жазағыны мені таңқалдырады, әйтпесе әрбір пендеде пенделік болатыны өмір заңы емес пе?

Бұрын жарық көрген «Аша елі» кітабымдағы «Аша елі» мен «Күміс той» повестерін қайта қарап, қосатын жеріне қосып, алып тастайтын жерін алып, дегендей жазғанмын. Сол «Аша елі» повесін Мұратбек алып кетіп, компьютерге көшіріп әкеп берді де, поэзиямды түгел компьютерге түсіруге Тәжікстанға алып кетті.

Бұдан басқа «Тәсейітсіз өне» мен «Түйе бошалағанда» деген

әңгімелер жаздым. Сондай-ақ Мұратбек беріп кеткен теңгеге Мейрамбек екі сиыр мен ешкілер сатып алдық. «Өз күніңді өзің көр» деген уақытта жұмыссыз, не зейнетақысыз жүрген бізге күнкөріске орайы келген сәтті кадам болды.

«Бір үйде қаншаусың – бір-біріңе меймансың» депті бұрынғылар. Сол айтқандай, сегіз баламның бәрі өз қызметтеріне орай отбасымен әр жақта тұрады. Анда-санда қонақ құсап келіп, қуантып кетеді. «Қанша жан болсаң да жалғыздық бір келеді» екен. Енді, міне, Зәбира екеуіміз 2003 жылдың алғашқы минуттарын күтіп отырмыз.

*31.12.2002 жыл*

\* \* \*

Барлық жанрда жазған еңбектерімді Шу аудандық өлкетану мұражайына апарып өткіздім. Енді суреттерімді сұрады – маған қатысты құжаттарымды да өткіздім.

*07.01.2003 жыл.*

\* \* \*

Қазақтың жері қазақтан басқаға сатылған соң түптің түбінде соның жекеше жері болып кетеді де, сол кірме ұлттың әрқайсысы өздерінше бірігіп, біздің бәленше гектар жеріміз бар, өзімізше автономия республика боламыз демесіне кім кепілдік береді. Бұдан басқа да неше түрлі айла-тәсілді ойлап табуы да мүмкін. Сөйтіп түптің-түбінде қазақ жері бөлшектеніп кетуі мүмкін. Сол үшін жер тек қазақ халқына сатылсын да, басқаға жалға берілсін деген ойымды газетке ұсынып ем, жарыққа шықпады.

*09.01.2003 жыл.*

\* \* \*

Мұқағали Мақатаевтың өміріндегі бақытсыздық кейін өлген соң келешекке саналы, есті бақыттылыққа айналатынын өзі сезген сияқты. Өйткені күнделігінде «Мен кереметке қатты сенемін. Кереметтер болуға тиіс!!! Ей, безілдектер: «Сендер емессіңдер маған баға беретін. Нағыз бағалаушылар әлі алда», депті. (21

қыркүйек 1974 жыл). Неткен көрсен аулие. Қазір оған деген халық қошаметі осы сөзін растайды.

*12.01.2003 жыл.*

\* \* \*

Біздің ауылда Шағатай, Жақсыбай деген қалжыңға жүйрік тілді кісілер болыпты. Кездескен сәтте-ақ қарсыласын ойланбай-ақ қалжын сөзбен ұтып кетеді екен. Өне бойы бір жүретін екеуі бір жаққа жолаушылап кетіп бара жатса, мына үйге бір топ қыздар қыдырып келді дегенді естиді.

- Құдашаларға амандасып шығайық, - деп Шағатай Жақсыбай екеуі аттан түседі. Үйге кірісімен-ақ сөзге құмар қалжыңбас әдетіне салып, танымайтын қыздарға қағыта амандаса бастайды Шағатай. Оның жүн басқан бет-аузына қарап:

- Мына үлкен кісіні-ай, баласындай бізге ұялмай дөрекі қалжындауы несі, - дейді бірінші қыз.

Сонда сақал-мұртының қалың өскеніне бола мені егде кісі деп тұр ғой деген оймен:

- Менің сақал-мұртым боқ жеп жүр, жасым өзіме белгілі, - дейді Шағатай.

- Сақал-мұртыңыз боқ жеп жүргенде аузыңыз қай жағында тұрды, - дейді екінші қыз.

- Мына кісінің жақтауын-ай, - дейді үшінші қыз.

- Сақал-мұртының өрге қаптауын-ай, - дейді төртінші қыз.

- Көз ұялы деген, көзін жүн баспай бір құдайдың сақтауын-ай, - дейді бесінші қыз.

- Боқ жеп жүрген сақал-мұрттың ортасында (адамдай) ас ішетін дәл аузының сақтаулысын-ай, - дейді алтыншы қыз.

- Тілдеріне шоқ түскір, мені бігірдіңдер-ау, - деп орнынан атып тұрады Шағатай.

- Саған да сол керек. Маған болмай келгендегі естіін деген сыйын осы, жүр енді, - деп Жақсыбай Шағатайды үйден ертіп шығады.

*09.02.2003 жыл.*

«Ниет көшбасшы» деген тамаша әңгіме жаздым.

*10.02.2003 жыл.*

\* \* \*

Бүгінгі «Шу өңірі» газеті, №7 (7674), дүйсенбі, «Моншада» деген әңгімем жарық көрді.

*15.02.2003 жыл.*

\* \* \*

Менің бір бажам (Зәбираның сінлісін алған) атақты Ағыбай батырдың үрім-бұтағы еді. Солар еліне барып келіп (Қарағанды облысына), ол жаққа кейбіреулер өзіне көзі тірісінде қорған, не күмбез, не ескерткіш, әйтеуір өздері қалаған жай салатынын айтып келді. Онысы қалай дегенімізде: «Мен артыма сенбеймін. Сол үшін тірімде өз қаражатымнан өзіме өзім жай салғызып қойғаным жөн» - деген жауаптар берілгені.

Кезінде мен бұған танқалған болатынмын. Бұл өңірде шымыр Төбет қажы деген кісі ғана өзіне-өзі тірі кезінде күмбез тұрғызған екен. Бірақ бұған өзінен бұрын о дүниелік болған баласын жерлейді. Өзі «Қобы» деген жерде қайтыс болып, сол жерге күмбезі салынады. Бұл күмбез әлі тұр. Осыны Кәрібай деген ғұлама молдаға айтқанда:

- Ол бір жақсы кісі екен ғой. Екі жерден оған жай бұйырған. - депті.

Енді бүгін қарасам, тірісінде өзіне-өзі жай тұрғызғанның аса сөкеттігі жоқ сияқты. Өйткені менің құдай қосқан құдам мен құдағымның арасы 100 күндей-ақ, бірінен соң бірі мәңгі бақи ұйқыға кетті. Сол марқұмдардың төрт ұлы әуелім шешесі, одан соң әкесі бұл өмірден баз кешкеніне, тіпті екеуіне бір-ақ беріп құтылатын жылдығын (асын) уақыты асып кетсе де, әлі берген жоқ. Егер марқұмдарға екі бөлек ас беретін болса, қайтер еді? Құдай қосқан құда-құдағиымыз болған соң біз шыдай алмай «Өлі разы болмай, тірі байымайды», деп Зәбира да, мен де талай барып балаларына ескерттік. Тіпті Тәжікстанға қызметке кетіп бара жатқан балам Мұратбек құда-құдағиға салған азам деп бір қараның пұлын беріп кетті. Әке-шешесіне ас берейін деген әлі балаларында ой жоқ. Екеуінің де қайтқан уағынан үшінші жылға аяқ басты.

Осыған қарап, бүйткен баланың жолы болсын, кейде артыңа сеніп те болмайды екен дегенді еріксіз ойға аласың. Әлгі бажам айтқан Қарағанды жақтағы өзіне-өзі тірі кезінде жай салуы осындайдан туындаса керек.

*10.02.2003 жыл.*

\* \* \*

«Көксау» деген әңгіме жаздым. (Бұрын жазылған, қайта қарадым).

*16.04.2003 жыл.*

\* \* \*

«Аяғы борыштар болды» деген әңгіме жаздым.

*17.04.2003 жыл.*

\* \* \*

«Өріктің сүйегі» деген әңгіме жаздым.

*03.05.2003 жыл.*

\* \* \*

Астанада тұратын қызым Әсия мен күйеу балам Серіктің үйіне бірінші рет баруға, әрі Астананы аралап көруге жолға шықтым.

*15.05.2003 жыл.*

\* \* \*

Он күн Астананы аралап, қыдырып, ерекшеліктерімен таныстым. Маған ұнады. 26 рет суретке түстім. Мұнда бір айдай жатамын деп барып едім, оған Зәбира түсімнен шықпай қойды. әрі Алматыдағы құдам Рысбек екі баласын Шудағы үйге жіберіп, біздің Мәдімәр әулетін түгел тамаққа шақырыпты. Сол жақтан құдағи Астанаға телефон шалып: «Тез қайтыңыз да біздің үйге келіп, тамақ жеңіз», - деген соң, қайта Шуға қарай жолға шықтым.

*26.05.2003 жыл.*

\* \* \*

Мен өмірбаяндық естелік кітап жазғандарға аса көңілім толмайтынын әр жазбаларымда ашық жазғанмын. Өйткені данышпандардан бастап қоғам қайраткері, ақын-жазушы, өнер

адамдарын, демек, зиялы қауымның бәрін бір жақты сүттен ақ, кінәдан пәк, пенделіктен ада көрсетуге тырысады. Солай жазады да. Қара қылды как жарып, шын ақиқат жазатындар өте сирек екенін әр жазбаларымда ескерткенмін. Демек, өмірде пенденің пенделігі болмай қоймайтынын менің күнделігімнің 21.08.1999 жылы ашық айтып, дәлел келтіргенмін. Соныма бүгін «Қазақ әдебиеті» газеті №22 (2808), 30.05.2003 жыл, «Құпия шежіре шынайы естелік және әдебиет ертеңі» деген тақырыпта ой қозғап жазған Әмірхан Балқыбек деген азаматқа өте риза болдым. Маған қосылатынын да бар екеніне көзім жетті. Мүмкін мұндайлар көп шығар.

Енді осы азаматтың жазғанынан үзінді келтіре кетейін: «Жасырмай айтсақ, қазақ әдебиетінің тарихы ара-тұра болмаса, ақ адал естеліктерінің молдығымен мақтана алмайды. Тіпті кейде қазақта естелік жазудың дұрыс үрдісі әлі қалыптаспаған ба деген де ойға қаламыз. Болмаса қайсыбір естеліктер жинағын оқып отырып, ұлыларымыз судан таза, сүттен ақ, бейне бір өмірге бейкүнә сәби болып келіп, тағы сол сәби қапқында кеткен жандардай хал кешетініміз неліктен?» - дейді Әмірхан Балқыбек. Бұдан артық не айтсын азамат. Міне, оқырман қауым, ойланып көріндерші.

*05.06.2003 жыл.*

\* \* \*

Бүгін ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы Григорий Марченко бір миллион жүз алпыс алты мың теңге жалақы алатынын («Жас Алаш», №67, 05.06.2003 жыл) газеттен оқып қапалаңдым. Өйткені, ауыл, не қала тұрғындары ішінде жұмыссыздар мен жалақысы өте төмен көп балалы отбасы жетерлік. Олар күнін көре алмай, қара нан мен қара суға зару болып отыр. Осыны көріп-біліп отырып, билік басындағылардың миллиондап жалақы алатыны несі?

Шіркін, келешекте осындайларға тосқауыл қойса жарар еді, деген ой мені мазалады.

*11.06.2003 жыл.*

\* \* \*

Көптен бері қол үзіп кеткен мешіттегі жұма намазына бүгін қатыстым. Тілім келмей, ойым тазармаса да, Алла кешірсін, имам



оқыған намазға ұйнын деп. Шынын айтқанда, құр сырт көзге көріну үшін мешітке барып, жұма намазын оқыған болып жүрген ойы мен ісі таза еместер қаншама. Әрине, мұнысы «әркім өз кінәсін өзі көтереді» дегенмен, мешітке енді барып, жаңадан дінге берілейін дегендердің кейбіреуін шошытары сөзсіз. Осындайына сұрақ қойып, ақиқатын алдына жайып салғанымға жақпаймын.

*13.06.2003 жыл.*

\* \* \*

Немерем Аиданы Алматыдағы шет тілдер университетінің ағылшын-түрік тіл мамандығына оқуға апардым. Алла қолдап, осы оқуға түсіп кетсе екен.

*30.06.2003 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Астанада тұратын Әсиям босанып, өмірге Арай деген қыз бала әкеліп, бізді қуантты.

*05.07.2003 жыл.*

\* \* \*

Павел Михайлович Голов деген орыс азаматы бір жұмысымен жолы түсіп, Абай атындағы ауылға барып қалады да, оны сүт бетіндегі қаймағындай белгілі Төреқұл, Байсалбай, Кәдірхан деген азаматтар жылы қарсы алып, отырыс болады. Сонда қызды-қыздымен дастархан басында қалжыңнан-қалжың туындап, Голов орыс өкілінен болса да, оған акцентсіз сөйлеумен белсене араласып, қазақтардан асып түскен. Бұған таңқалысқан жұрт ішінен:

- Сен орыс болсаң да, қазақ тілін жатық, таза, жақсы сөйлейді екенсің, - дейді ауатком төрағасы Байсалбай.

- Жақсы сөйлемек түгіл, қазақ тілін сендердің кейбіреулеріңнен артық білемін, - дейді Голов.

- Қой. Бұл сөзің артықтау шығар, - деп екі ауылдың басқармасы Төреқұл мен Кәдірхан жарыса үн қағады.

- Егер бұл айтқанымға сенбесендер, бәстесейік. Сендер қазақ халқының киын деген астарлы сөзінен сұрақ қойыңдар. Мен жауабын дұрыс тауып шеше алмасам, өз обалым өзіме. Егер қойған

сұрақтарының шешімін дәл тауып, жауабын тура берсем, сұрақты мен қоятын болайын. Осыдан ұтылған бәсті орындайтын болайық. - дейді Голов.

- Бұл бәс неден болсын? – дейді Төреқұл.

- Оны сендер белгілендер, ауыл сендердікі ғой. - дейді Голов.

- Жоқ. Қонақсың. әрі орыс ұлтының екілінен келген жалғыз өзіңсің. Сондықтан бәс неден болатынын сен белгіле. - дейді Кәдірхан.

- Онда жеңілген жағымыз бір қой сойып, екі жәшік арақ алатын болайық. Мына жүріп жатқан Ұлы Отан соғысының зардабынан азаматтары құрбан болған қамкөңіл отбасыларды шақырып, көңілдерін бір көгерейік. - дейді Голов.

- Мақұл, - деседі Кәдірхан, Төреқұл, Байсалбай үшеуі қосарласып.

- Енді, сендер көп, мен жалғыз орыспын ғой, ұтылып қалсаңдар, қапы қалып өкінерсіңдер. Сол үшін сұрақты әуелім сендер қойыңдар. - дейді Голов.

Сонымен отырған жұрт бірінен соң бірі қазақтың қиын да астарлы деген сөзін жанбырша жаудырады. Бұл сұрақтардың жауабын Голов шемішкеше шағып, шешімін дәл тауып, тура қайтарып отырады.

- Біз болдық, енді сен қойғын, - деген соң сұрақты Голов қояды.

- Қазақ халқы түйеге мұрындық өткізерде, мұрындықтың түп жағы түйенің мұрнын жырып, не өтіп кетпес үшін ашамай, не доғалақ шокпар түрлес қып жуан жағын жонып, кертіп, ағаштан жасайды. Мұны түйенің мұрнын тесіп өткізбес бұрын мұрындықтың ашамай түп жағына көннен, не қатты қалың қайыстан ойып өткізеді. содан соң тағы түйенің мұрнына жайлы-жұмсақ, әрі қалытқы қылып қалың киізден, не жұмсақ нәрседен ойып өткізіп алып, мұрындықты содан соң түйенің мұрнынан өткізеді де, бер жағындағы мұрындықтың үш жағына қарай бұрынғы түп жағына өткізгендерді қайта өткізіп алып, содан соң бұйыда байлайды. Осы рас па? – дейді Голов.

- Иә, рас, - дейді жұрт.

- Сол мұрындықтың түп жағындағы мен түйенің мұрнына жайлы, әрі қалытқы қылып қалың киізден, не басқа нәрседен өткізіп салынғанның ортасындағы көннен, не қалың қайыстан ойып өткізгеннің аты не? – дейді Голов.

- Ол бұйданы тартып жетелегенде түйенің мұрнын жырып, не өтіп кетпес үшін салынған нәрсе гөй. - дейді көпшілік.

- Оның аты «нәрсе» емес, өз аты бар. соны айтындар, - дейді Голов.

- Бұл түйенің бұйдасын тартып жетелегенде, мұрнын жырып, не шығып кетпес үшін салынған «қалытқы», - дейді Кәдірхан.

- Ол рас, түйенің мұрнына жайлы-жұмсақ тиюі үшін, әрі қалытқы ретінде салынған қатты киіз, не жұмсақ нәрседен басқа арғы мұрындықтың ашамай жағындағы екі ортада тұрған көннен, не қатты қайыстан салынғанның аты не? -- деп тағы қайталайды Голов.

- Ол қабаттап салынған қалытқы, - дейді Байсалбай.

- Жоқ, ол қалытқы емес, өзінше аты бар, - дейді Голов.

- Онда оны «шайбы» дейтін шығар, - дейді Төрекүл.

- «Шайбы» деген оның аты емес, әрі бұл орыстың сөзі, - дейді Голов.

Сонымен абыр-сабыр болып, келіп-кетіп жатқан көпшілік қауымның бәрінен сұрап, мұның атын таппай қояды.

- Сендер қапы қалып, арманда болмаңдар. Осы ауылда үйінде отырып қалған көнекөз қарттардан сұрастырып, жауабын іздестіріңдер, - деп тағы біраз уақыт берді Голов. Үй-үйді аралап, шалдардан сұрастырғанмен мұның жауабын таба алмайды. Мұны кім ескеріпті, Головтың қойған сұрағының бәрі орынды.

- Бұрынғы өткен қариялардан мұны ұқыптап, түрін түстеп, атын анықтап, сұрап алмаппыз. Бәрі бейкамдықтың әсері. Айналайын, мұның аты не, жауабын өзің айтшы, - дейді Байсалбай, Кәдірхан, Төрекүл. Үшеуі де ел басқарып жүрген сергек, саналы азаматтар болса да мына кінәсін мойындайды.

- Онда бұдан былай ойларыңда болсын. Мұрындықтың түп жағындағы көннен, не қатты қалың қайыстан ойып өткізіп салынғанның аты **«тығырық»** деп аталады, дейді Голов.

- Ой, мына сөз біз естімеген бір ерекше жаңалық болды. Біз сенен қатты жеңілдік, - деп үш ауыл басшысы келіскен «бәсті» орындауға көшті.

\* \* \*

Біреу өз туысын жасаған қылмысы үшін заңға беріп, ісін сот кезінде Павел Михайлович Голов қарайды.

Осы сот ісін қарау үстінде баяғы өзі заңға берген туысы қылмыскерді соттап, бас бостандығынан айыратын үкім шығатын болған сон тағы аяп кетіп, оны босатуды сұрайды. Сонда:

- Әй, сен не деп тұрсың? Туысыңды мал құсатып төрт аяғын буып алдыма әкеліп, өзің бауызда деп қолыма пышақ бересің де, енді алқымына пышақ тақалғанда аман қалуын сұрайсың. Ой, жолың болғыр, осының боларын басында білмедің бе? – деп сотқа қатысып отырған куәларды таңқалдырып, әлгі азаматты қазақтың аталы сөздерімен тірідей өлтіріп, сөгіп, қылмыскерді босатып жібереді Голов.

\* \* \*

Шу ауданынан Мойынкұм ауданы 1965 жылы бөлініп шыққанда осы ауданда ауаткомның төрағасы болып қызмет істеген Айтбай Назарбеков жаңа ауданға бірінші хатшылыққа сайланады.

Оның көшін екі аудан арасындағы шекараға дейін шығарып салуға Павел Михайлович Голов та, орман шаруашылығында қызмет істегендіктен, бір жүк машинасына сексеуіл тиел барып, межелі жерінде күтіп тұрады. Сонда Шу ауданының бірінші хатшысы Жапар Түйебеков те келіп, елден бұрын барып шығарып салушылармен көшті күтіп тұрған Головты көріп:

- Әй, көкірек, сен елден бұрын қашан келгенсің? – дейді. Головты «көкірек» деуі – ол шымырдың Шыңқожасының көкірек елінде туып, сонда тәрбиеленіп, арабша оқып, қазақтың тілін, салт-дәстүрін бойына сіңіріп, өте зеректігіне орай қазақшылдығы кейбір қазақтардан ары зият болып өседі. Ол өзін орыс дегендерге:

- Мен орыс емеспін, казакпын. Қазақтың ішіндегі елім көкірек, - дейді. Жапар Түйебеков көкірек деуінің сыры осы. Сонда Голов:

- Әй, Жака (Жапар), жана көштің келуін күтіп тұрмын. Әйтпесе сен осы жерге жеткенше мен Шу мен Мойынкұм аудандарына барып келіп қоямын ғой, - дейді.

Салдарлы, парасатты Жапар Түйебеков бұл сөзіне жымыяп күліп, қасындағы шабармандарына:

- Мына көкіректің сөзін ұқтындар ма? Сен жәй, шабан жүретін «**сиыр сәмбетсін**» бұл жерге аяңдап жеткенше, мен екі ауданға барып келіп қоямын ғой дегені, - деп түсіндіреді. Өйткені қазақ халқы қашан да қалжыңсыз жүрген бе? Сәмбет елінің жәйбасарлығынан ба, жоқ әлде «әйел үй тастамайды, сиыр су тастамайды» дегеннен бе, әйтеуір «сиыр сәмбет» деген Головтың астарлы қалжынын Жапар Түйебеков қасындағыларға өзі ашып, талдап беру арқылы сұмдық кешірімді екенін сездіреді.

Керісінше, қолында үлкен билігі бар, бір ауданның басшысы тұрмақ, жәй қарапайым, не болар болмас билігі бар лауазым иелері мұндай артық сөзді көтере алмай, ауырсынып, жағасына, не қызметіне жармасатындарды өмір өзі көрсетіп жүргені белгілі.

Головтың қазақтың тарихын жақсы білумен қоса арабша жазып, сөйлегені талайды таңқалдыратын. Оның әйелі де қазақша таза сөйлеп, қазақтың салт-дәстүрін жақсы меңгерген. Осы отбасы үйіне қазақтар топ-топ болып келіп-кетіп қонып жүретін. Қонақ күтуі – дастарханға қазақша отырғызып, қазақша сыйлайтын.

Бір жолы бір топ қазақтарға Голов өзі арабша бір шумақ өлең жазып беріп, олар арабшаны оқи алмаған соң, өзі оқып беріп, көпшілікті таңқалдырғанның куәсі болдым.

Ал бүгін кейбіреуіміздің өз тілімізді білмеуіміз қандай өкінішті!  
*10.07.2003 жыл.*

\* \* \*

1983 жылдың көктем айында Көлқұдықта тұратын түйеші Еңсебек Аралбайұлының мал қорасын салысып жүрген Балқыбеков Аққаз деген қария да бар Ошан Ақбозұлының үйінде көпшілік басқосқан отырыс болды.

Сөзден сөз, қалжыңнан қалжың туындап, талай тың әңгіменің тиегі ағытылды. Сонда Аққаз қария:

- Мен көп жыл Шу аудандық «Межколхозстройда» құрылысшы болып жұмыс істедім. Әр шаруашылықтың тұрғын үйі мен қорасын салып жүрдік. Бір жолы «Белбасар» колхозының тау қуысындағы мал қорасын тұрғызып жүрген бес-алты адам сол өңірге қарауыл болып отырған Еркебай деген шалдың үйіне барып кешіне қондық.

Бізден жеке-жеке елімізді, руымызды, атымызды сұрап, танысқан соң елім Жиенбет екенін естіген Еркебай шал:

- Әй, Аққаз, ауылыңда Берген деген бар ма? – деді.

- Бар.

- Мен бұрын онымен «Қосқұдық» станциясында көрші тұрып, «Леспромхозда» бірге жұмыс істеп едім. Сәнді деген тоқал шешесі бар еді. Сонымен мен көңілдес болып, ол екіқабат болып қалды. Содан соң Сәнді «мені алғын», деді. Мен «сені қалай аламын, көп бала-шағалымын» деп, алмай қойдым. Осының артынша әрқайсымыз өз елімізге тарап, көшіп кеттік. Кейін естідім, сол Сәнді ұл туыпты деп. Сол бала бар ма? – деді.

- Бар.

- Оның аты кім?

- Көпбосын.

- Ол қандай бала болып өсті?

- Көпбосын жоғарғы оқуды бітірген, саналы азамат болып, белді қызмет істеп жүр, - дедім де, мына шал біздің бір азаматымызға жала жауып, өзіне иеленгелі отыр ма деген ой туып, оның тұртүсін, бет-әлпетін, бой-басын, тіпті сөз сөйлеуіне дейін зер сала қарап, іштей екеуін салыстырдым. Ой, сұмдық-ей, Еркебай шалдан Көпбосын айнымайды екен деген ойымды жиып алғанша:

- Ол бала қазір қай жерде жұмыс істейді? – деді Еркебай шал.

- Ой, шал, тегі сұрап болмадың ғой, анық сенің балаң ба?

- Иә, анық менің балам.

- Онда ол сенің ақиқат балаң болса, аты оның Тенбаев Көпбосын деген. Екі ай болды, дәл қазір осы өзіңнің ауылыңа (Белбасар шаруашылығы) парторг болып жұмысқа келді.

- Ой, біздің ауылға жақында жаңа парторг шегіліп келіп еді, сол екен ғой?

- Иә, сол. Енді бала ақиқат сенікі болса, иеленіп танып алғын, - депті оған Аққаз қария.

Сонда осы сөзді естіп отырған көпшілік ішінен Батырхан Бекбауылұлы:

- Менің әкем Бекбауыл бұрын егісті шапқан комбайындардың түнгі қарауылы болды. Сонда Берген ауылдың бас қорықшысы ретінде біздің үйге келіп-кетіп, қымыз ішіп жүрді. Бірде әкем Бекбауыл:

- Әй, Берген, үйіңде бір бала бар ғой. Сол сенің балаң ба? Жоқ інің бе? Ол сенің нен? – деді.

- Ой, жазған Бекбауыл-ай, оны несің сұрайсың? Мен Ұлы Отан соғысында жүргенде тоқал шешемнің тапқан пәлесі ғой. деп отырған жұртты бір күлдірді, - деп Батырхан да Аққаз сөзін қостады.

- Шіркін, қайран ұқыпты қазақ халқым-ай десеші! Қазіргі бізге жеткен шежіресіндегі кейбір кірме аталар осы құсап бірден-бірге ұмытылмай, ақиқаты айтылып отырған-ау, деген ой өзінен-өзі туындады.

*21.07.2003 жыл.*

\* \* \*

«Әттең, ұлтым татар, әйтпесе Пушкинмен болар ем қатар». депті татардың мықты ақыны Тоқай.

Сол айтпақшы, шіркін, жеті жылдық сыныпты да толық оқымай, шала-сауат болғаным-ай, деп өкінумен келемін. Бірде менің білімімді сұрап білген жазушы Молдахмет Қаназов:

- Он жылдық сыныпты бітірмесең да жазуды бұрыннан қолға алғаныңда көрнекті жазушы болмақ екенсің, - деген еді. Сол есіме түссе ең болмаса жәй, қағардағы жазушы болар ма едім деп, өзімнің шатпақтарыма (жазғандарыма) көңілім толмайды.

*31.07.2003 жыл.*

\* \* \*

Мен жабық үш әңгіме жазғанмын.

1. «Әй қайдам-ай» (04.09.1998 жыл)

2. «Ене әдетін келіні де жалғастырған» (16.06.2001 жыл)

3. «Қарымта» (05.06.2003 жыл)

Міне, осыларды кәзір жарыққа ұсынуға ұяламын. Өйткені өте қатты, барынша ашық суреттеліп жазылған. Осыны жазбай-ақ қоюға болар еді. Бірақ философ Протагор «Адам – барлық заттардың өлшемі» деген қағидасы мені мойын бұрғызбады. Өйткені, жабық әңгімелерге деректі кейіпкер болып отырған мына әйелдер өзіне тән ардың өлшемінен аттап өткендер.

*08.08.2003 жыл.*

\* \* \*

Мұхамед Хайдар Дулати кітабын оқып бітірдім.

*22.08.2003 жыл.*

\* \* \*

Немерем Аида Абылай хан атындағы қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне оқуға түсті.

*29.08.2003 жыл.*

\* \* \*

Тәжікстанда елшілікте қызмет істейтін балам Мұратбек келіп, бізге он сегіз сиыр сатып алып беріп кетті. Рахмет, бізді ойлағанына.

*07.09.2003 жыл.*

\* \* \*

Бұрын балаларыма табыстап қойған мына аманатты бүгін қағазға түсіріп қоюды жөн көрдім. Олар:

1. Ибрагимұлы Кенжебай марқұм отбасы.

2. Дүкенбайұлы Берікбай марқұм отбасы.

3. Медеуов Манапбай отбасы. Осылардың екі жанұясы жесір әйел, жетім бала да, соңғысы мүтедек, демек бәрі тұрмысы төмен жандар. Құдайға шүкір, балаларым, сендерде жеңіл көлік пен трактор бар. Соған орай қазіргі мына өтпелі қиын сәтте, бұдан кейін де осы үш отбасының айтқан тілегін тегін орындап, әжетін ашып, кездейсоқ кездескенде баратын жеріне жолақысыз жеткізіп салуларыңды өтінемін. Егер көліктерің толық болса да оларды мүмкіндік жасап, көңілін қалдырмауды ұмытпаңдар. Мені әкем деп сыйлайтын болсаңдар, осы сөзімді срындауға тиіссіндер» - деп табыстағам. Мұны орындау-орындамауын құдай білер.

*18.09.2003 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Қарауылбек Қазиевтің кітабын тағы оқып шықтым. Мен тегі оның кітаптарын қайталап оқудан жалықпаймын. Әр оқыған сайын тын әсер алып отырамын. Менің өмірімдегі бар жазған



шығармам оның бір сөйлеміне тұрғысыз екенін мойындаймын. Мен тек болған оқиғаны, не ойымды сол қалпы кейінгіме жеткізушімін. Менде Қарауылбек Қазиев сияқты көсiлдiрiп еркiн жазу, не төгiлдiрiп көркем жазу жоқ.

*27.09.2003 жыл.*

\* \* \*

«Қашанда қаламгердiң шығармасы өзiнiң ғұмырнамасынан алыс кетпейдi» деген қағида маған айтылғандай. Өйткенi шығармамның денi осы қағиданы айғақтайды.

*15.11.2003 жыл.*

\* \* \*

Мұқағали Мақатаевтың жаңа шыққан «Аманат» атты кiтабын сатып алып, оқып жатырмын. Бұрын жарияланбаған өлеңдерi кiтап iшiнде көп екен. Қайран ақын, кезiнде көп өлеңдерiн жарыққа шығара алмай, армандап кеткен ғой. Бүгiн сол арманы ақынның көзi тiрiсiнде орындалмағаны өкiнiштi.

*27.11.2003 жыл.*

\* \* \*

Джон Бритт деген 1874 жылы жарық көрген «Адамның жасы туралы» еңбегiнде 20-дан 30-ға дейiнгi жасты – қола, 30-дан 40-қа дейiнгi – алтын, 40-тан 50-ге дейiнгi – күмiс, 50-ден 60-қа дейiнгi – темiр, 60-тан 70-ке дейiнгi – қалайы, 70-тен 80-ге дейiнгiнi – ағаш кезеңi деп жiктептi.

Жалпы адам өмiрiнiң болмысын кезең-кезеңге бөлiп жiктеуi дәл сияқты. Бiрақ осы кезеңдердi әркiм өзiнiң сана-сезiмi, ой-өресi, денсаулығы, iске бейiм қабiлетiне қарай өткiзбейтiндер бар. Тiптi алтын мен күмiс кезеңiнiң қадiрiн сезiнбей, аттап өтетiндер де кездеседi.

Егер жоғарыдағыдай жiптесек мен қазiр қалайы кезеңiнде өмiр сүремiн. Онда да мен өзiмдi күмiс пен темiр кезеңiнен құр алақан емес сияқты сезiнемiн. Өйткенi:

- Қатарларың тiрлiктен қалғалы қашан. Олар тұрмақ сенен де

көп кіші кейбір жігіттер сен істеген істі істемейді, - деп таңғалады төңірегім.

Шынында да, үй тірлігінің ауыр жұмыстары, демек қолмен жер жырту, арық қазу, қол арбамен (тачка) топырақ, тағы ауыр зат тасу, шөп шабу, оны жию, сексеуіл жару, ағаш кесу, дақылдар егу, бақша салу, суару, оларды жию, міне, осы сияқты тағы неше түрлі аты жоқ ауыр жұмыстарды қазір өзім істей беремін.

- Балалары бар. Жағдайы жақсы. Қатарлары түк істемейді. Бұған сонша не көрінді, - деп қайта менің еңбекшіл екенімді басқаға үлгі ретінде сөз қылмақ түгіл, сыртымнан неше түрлі жағымсыз өсек айтып, іштарлық жасайтындар да бар екен. Тіпті өзіме де айтқандар болды. Сонысына қарай «Бұл не, бұл не?» деген деректі әңгіме жаздым.

Мен басынан жетім болып, тапталып өскеннен кейін бе, жоқ, жаратылысым солай ма? Қоғам жұмысын айтпағанда, үй тірлігінің үлкен-кішісі болсын, балаларға айтпай өзім істей беремін.

- Енді бүгін пайғамбар жасынан астық. Мына үй тірлігін қойғын, - дейді Зәбира. Шынында, енді үй тірлігінің барлығынан қол үзіп, бұрынғы әдетімше әр жыл сайын тек тал отырғызамын, дедім. Сөйтіп енді қалған өмірімді газет, журнал, кітап оқуға арнап, әрі сыртта тұратын балаларыммен кезекпен-кезек қыдырумен боламын. Бұған ел-жұрт аман, Отан тыныш, отбасы мүшелеріне зор денсаулық, ұзақ өмір сыйлап, ынтымақ-береке берсе екен деп Алладан тілек тілеймін. Аумин.

*10.12.2003 жыл.*

\* \* \*

Мен шежіремде басқа түгіл, өз ұрпақтарымның шежіресін қалай болса, дәл сол қалпында баяндап қалдыруға тиістімін.

*17.12.2003 жыл.*

\* \* \*

Осы жылы ел-жұрт аман, Отан тыныш, экономикамыз қарыштап өсіп келеді. Бұл біздің қазақ халқының басты жетістігі. Бұған Аллаға шүкіршілік айтамын. Енді 2003-2005 жылдары ел басшысының

шешімімен ауылды көтеру жылдары деп белгіленді. Бірақ ауылға деген қамқорлық тек қағаз жүзінде қалып тұр.

Бұған бір дәлел – біздің Шу ауданының қарапайым халқына бөлінген тиесілі 20 миллион теңгені осы жерге қатысы жоқ біреуге аудан әкімі беріп жіберген. Ең болмаса соның есебінен сол бір алаяқ бұл ауданға салық та төлемейді екен. Алғашқы Ауыл жылы бізде осылай өтті. Мұндай жолсыздыққа әй дейтін әже, қой дейтін кожа болмай тұр.

Дәл қазір ауыл адамдары өздеріне тиесілі үлес жерін алып, оны жыртуға күш-көлігі жоқ, күш-көлігі бардың жанар-жағар майы, тұқымы жоқ болып, қол байлау болып тұр. Бұларға несие қаржы өте қажет.

Міне, осындай қарапайым халық не істерін білмей тұрғанда аудан шенеуніктерінің қырсыз ісі осы. Бұдан басқа да осындай шешімін таппаған іс жетерлік.

\* \* \*

Енді менің өз отбасыма осы жыл бір тамаша, жемісті жыл болды. Зәбира екеуміз де ауыршан едік, одан аманбыз. Басқа отбасы мүшелеріміз де аман-есен, ауру-сырқаудан аман, уайым-қайғысыз өмір кештік. Бұл Алланың сыйына рахмет. Өмірге Арай деген немерем келді. Ал жоғарыда сөз болған Ауыл жылына байланысты несие теңгенің бізге қажеті жоқ. Біз қоғамға қарызданып, оны алмаймыз. Құдайға шүкір. Биыл балам Мұратбек келіп, 18 сиыр сатып әперді. Бұдан басқа да талай мал сатып әперген. Осыны аман-есен өсіріп бақсаң, соның төлі жетеді.

Бірақ «Дүниенің кендігінен не пайда, аяқ киімің тар болса» демекші мен сияқты санаулылардың тұрмысты болғаннан гөрі жалпы халық жағдайы жақсарса екен деп тілеймін.

*31.12.2003 жыл.*

\* \* \*

Алматы. Галяның үйінде Зәбира, Галя, Дания, Аида, Талғат бәріміз 01.01.2004 жылдың тұңғыш минутын күтіп алдық.

Жаңа жылда ел-жұртымыз аман, Отанымыз тыныш болып.

экономикамыз қарыштап өсіп, әр отбасына бақыт пен береке, бірлік әкеліп, аман-есен болсын деп тіледік.

*01.01.2004 жыл.*

\* \* \*

Астана қаласының Сарыарқа ауданының екінші әкімі Оразкүл Асанғазықызына Әсия екеуіміз кірдік. Бізді жақсы қабылдады. Әсияға келіп тұр деді.

*08.01.2004 жыл.*

\* \* \*

«Жолдан қосылған жолаушы» деген әңгіме жаздым. Менің «Ниет көшбасшы» деген әңгімемнен үзінді аудандық «Шу өңірі» газеті, №3 жарыққа шықты.

*12.01.2004 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбек ауырғанын хабарлаған соң мен Астанадан, Зәбира Алматыдан Жиенбеттегі үйге келдік.

*16.01.2004 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбектің аяғы ісіп кеткендіктен Алматыға жібердік.

*18.01.2004 жыл.*

\* \* \*

Менің «Ниет көшбасшы» деген әңгімемнен тағы үзінді «Шу өңірі» газетінің 5-ші нөмірінде жарияланып, жарық көрді. Осымен «Ниет көшбасшы» деген әңгімем тұтас жарық көріп тынды.

*26.01.2004 жыл.*

\* \* \*

Алматыда Мейрамбектің бір аяғына екі жерден операция жасалды. Мұның сәтті жасалғанына балам Назарбек көп еңбек сіңірді. Баласынан айналайын, бауырын қауіп-қатерден аман-есен алып қалған.

*27.01.2004 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбек операциядан соң Алматыдан ауылға келді. Поездан өзім күтіп алып, үйге әкелдім. Өз аяғымен жүріп келді. Ауруын дәл тауып, сәтті операция жасалғанына қуанып қалдық. Әуелі Алла, содан соң Назарбектің көмегімен жақсы аяқталыпты.

*01.02.2004 жыл.*

\* \* \*

Өмір қартайған сайын тәтті болады. Сенің қоршаған ортаға, әсіресе, сүйген жарыңа деген құштарлығың арта береді. Жас кезіндегі іс-әрекетіңнің артық-кемін таразылап, ой елегінен өткізесің. Сонда тындырғаныңнан гөрі, ағат өткізген тұстарыңа көп таңқаласың. Сол үшін жас шағыңнан бастап, өкінбестей етіп өткізуді басында ойлаған, соған еңбектенген адамның ғана өмірі сәтті өтіп, жемісті бөлмак. Әрине, мұндайлар өмірде сирек кездеседі.

*05.02.2004 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбекке сырқат қаупі төнген кезде мен Астанадан, Зәбира – Алматыдан бір күнде жеттік. Содан соң барымызды беріп, күн аралатып, Алматыға жөнелдік. Назарбек тез аурудың алдын алып, операция жасатып, бәріміз оның құрбаны болып кете жаздадық. Қазір қаралып, ауруханаға жатқаннан шыққанға дейін ақылы екені белгілі. Соның бәрін әке-шеше, бауырлары болып көтердік. Операциядан соң поездан күтіп алып, үйге әкеле жатқан жолда:

- Мені ажалдан алып қалған Назарбек, - деді Мейрамбек.

- Бауыр деген қандай екен? Ол саған төнген ажалдың алдын алып, жаныңа болысты, - дедім. Ол үндемеді.

Енді реті келіп тұрғанда бұрын айтып жазсам да, қысқаша Мейрамбектің өмір жолынан сыр шертейін ақиқатынан.

\* \* \*

Мейрамбек 02.11.1962 жылы туған. Қазір 42 жаста. Орта білімді. Болмысы әләзір алға қойған мақсаты жоқ. Өзім техникумда 7 жыл оқытып, үш мәрте үйлендірдім. Сырқат қаупі төнген сәтте әке-

шеше, бауырлары болып, бар болсын, артымызда қалсын деп, оның құрбаны болып кете жаздадық. Бірінші әйелі Ләзаттан Аида, Жантөре, Торғын деген екі қыз, бір ұлы бар. Айданы екі айлығынан (Ләзатты ЖенПИдің 2-ші курсынан біз оқыттық) Зәбира бағып өсірді. Қазір Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде оқытып жатырмыз.

Жантөрені нағашылары Шымкент қаласындағы салық оқуында оқытып жатса, Торғын Қызылорда облысының Жалағаш ауылында нағашысының үйінде мектепте оқиды.

Екінші әйелі Жайдарманды он бес жасынан әпердік. Бір ұл туып, шетінеп кетті. Міне, осы екі әйелі босағамызды аттаған адал, тамаша жандар еді. Мейрамбек екеуін де кетіріп тынды.

Үшінші әйелі қазір бірге тұрып жатқан Раиса жөнінде пікірім нашар... Ел ішінде қаңқу сөзге іліккен, барған жерінде отаспаған келіміз туралы ойлағанда «айтсам сөз көп болады» - деген біреудің өкініші еске түседі. Бүгінде осы үшінші әйелі Раисаның тауып жатқан баласы жоқ, не істеп жатқан жұмысы жоқ, не артынан келген бір көрпе, не жастығы жоқ, бетімен жүрген.

*10.02.2004 жыл.*

\* \* \*

Жалайыр Әміребек бетті, өжет кісі болатын. Өмірді талай орынды-орынсыз іс-әрекетінен ел-жұртқа кеңінен танымал болғанын бұрынғы қариялар көп айтатын. Осыдан аздап тілге тиек етейін.

Қосқұдық станциясынан сексеуіл тиеуге бара жатқан поезд вагон үстіне есегін салып, Мойынқұмның ең түкпірінде тұратын үйіне жол тартады. Жолда вагонға мінген жүргіншілер билетін тексерушілер келгенде Әміребек вагондағы есегінің үстіне мініп алады да:

- Мен есегіме шипта (билет) алғанмын, өзім соның үстіне отырып келемін, - дейді.

Бірде дәрет сындырып тұрса:

- Мына имансызды қарашы, отырмай, түрегеп тұрып дәрет сындырып тұрғанын, - деп біреу ар жағынан жазғырады. Осы сөзін естіп қойған Әміребек:

- Сенің иманына мен таластым ба. - деп колына таяқ ала салып, қуа жөнелген. Әлгі аузына ие болмаған жазған әрен қашып құтылыпты.

Осы жалайыр Әміребек бұрынғының кісісі болса да, мұсылман шариғатын сақтамай, арақ ішкен, аңшылыққа шығып, басқа аңдармен қоса жабайы шошқа етін де жеген. Кімге де болса, өткірлігімен қоса бетіне пенде қаратпаған. Мінезінің шәлкестігінен төнірегіндегі жұрт одан ықтап жүретін болған. Бірде ол қатты ауырады. Ауыл қариялары мен замандастарынан ешкім келіп, оның көңілін сұрамайды. Содан соң Әміребек ауылдағы қария біткенді түгел үйіне шақыртады.

- Мына Әміребек ауырған соң «құдай-а тобасы аузына кеп» мұсылманшылыққа келейін деген екен. Қой, баралық. Бізбен райласып, жақсы айттық па, жаман айттық па, бұл фәнн жалғанның артық-кеміне кешірім сұрап, о дүниеге үзір-мәзір айтысып аттанайын деген ғой. - десіп, ауыл адамдары бір-бірімен хабарласып, бәрі жиналып келеді. Сонда:

- Мені мына сырқат меңдеп алды. Сірә, бұл аурудан жаным қалатын емес. Сол үшін тіршілікте етін жеген малым ғой, мен өлгеннен кейін менің денеммен бірге бір шошқаның басын қоса мені көміңдер. Осы аманат-өсиетімді табыстайын деп, бәріңнің басынды қосып шақырып отырмын. - депті Әміребек. Мұнысы, «әркім өз кінәсін өзі тартады», сірә мені шошқа етін жеді деп «қасқыр көрген ешкідей» суық қарауы несі деген қиялы екен.

Мұндай істері өмірде өте көп деседі сырын білген жұрт.

*11.02.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін көгілдір экранда «Шынның жүзі» бағдарламасы бойынша Қасым Аманжолұлы жазушы Қабдеш Жұмаділовпен сұхбат жүргізді. Журналист жазушыға көп сұрақ қойды. Бірақ оның жауабының көбісіне мен қанағаттанбадым. Соның бірін мына күнделігіме қосып отырмын.

- Сіздің 12 томдық кітабыңыз жарық көреді екен. Бұл даңқ құмарлығыңыз емес пе? Кітаптарда сіздің өтірік жазған тұстарыңыз болды ма? Тіпті осы өміріңізде қателік жасап, оған кейін өкінген

кезiнiз ұшырасты ма? - деп Қасым Аманжолұлы жазушы Қабдеш Жұмаділовке өткір, айқын сауал қойды.

- 12 томдық кітаптарымды шығаруым, мен о дүниелік болғанша жинақталуым керек қой, - деді. Жазушының бұл жауабын орынды дедік. Келешегін ойлағаны ғой. Бірақ мен шекара асып, сырттан келген жазушымын, жазған шығармаларымның өтірігі жоқ, өзімді өмірімде қателік жіберген жоқпын деп есептеймін. Мұны халық шешіп, бағасын берсін, - деп те демейді. «Шығармамда өтірік жоқ, қателік жібергем жоқ», деді.

- Ой, тәйір ай! Мен де басы жұмыр пендемін ғой, кім біледі? Өзімді-өзім сезбеген пенделігім болған шығар, - деген сөз аузынан шықпады. Қабдеш Жұмаділовтың ойынша ол жаңа туған сәби сияқты. Сүттен ақ, судан таза екен. Оқушы қауым, осыған сенесіздер ме?

Осы сөзін естігенде мен Қабдеш Жұмаділовтың өзінен емес, жалпы қалам тартатындар үшін ортақ жазушы деген аттан ұялдым. Халық Пайғамбардың да қателігін шығарған ғой. Оған қарағанда Қабдеш Жұмаділов кім?

Демек, ол 100 томдық кітап жазса да, «тәсіелі» шамалы жазушы екен. Оның кітаптарын оқу да неғайбыл ма деп қалдым. «Адам пенде. Кемістік әркімде де бар. Кемістігім жоқ деп ойлаған адамдар – адам емес. Налаңдықтың үлкен дәрежесі сол ойда жатыр». (Бауыржан Момышұлының жарияланбаған күнделігінен).

*13.02.2004 жыл.*

\* \* \*

Талғат күйеу балам айтыпты: «Атамның үйінде жоқ нәрсе жоқ, бәрі бар», - деп. Мұнысы өздерінің тұрмысына қарай асырып айтқаны болар.

Осымды анама, бауырларыма, балаларыма жұмсап, соларды оқытып, үйлендіріп, жайландырғаным болмаса өзіме бұйырғаны шамалы екенінен екі мысал келтірейін. Міне, биыл алпыс төрт жасқа келгенше арнайы демалыс орындарына барып демалып, не бір қалаларды аралап, көңіл көтерген емеспін. Екіншіден, кейінгі кезде Алла мені кітап оқуға, бірдемені түртіп жазуға құлшындырып қойды. Осындай сәттерде ықшам жазу столың, таусылмас



қаламсапты, дайын қағаз бен онашалықты қалайсың. Әсіресе, ізденіс үстінде отырғанда ұшып-қонып жүрген бір шыбынның өзі ойынды бөледі. Ал менде оңаша бөлме тұрмақ, арнайы жазу столым да болмады. Мен осы өмірімдегі бар жазғандарымды аттың жалы, түйенің қомындай сәттерде, күй таңдамай, кез-келген жерде жаздым.

Біздің үйде, күйсеу балам айтқандай, құдайға шүкір, бәрі бар екені де рас. Бірақ осының бәрі үлкен отбасымның қажетіне жарап, игілігіне істеу де болды. Столдың да неше түрлісі бар. Соның ықшамы үш суыrmасының бірі кілттенетіні бар, екі жазу столының бірі де маған бұйырмады. Балаларым үлесін алғанда, мынау менің жазу столым еді деп айтуға көңілдерін кимадым. Менің өмірім осылай өтіп келеді.

*19.02.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін әйелдер мерекесіне орай өзімнің көп кінәларым ішінен тек өмірлік жан жолдасым, отбасымның алтын дінгегі Зәбирама істеген қиянатымды бұрын жазсам да, тағы бір парағынан сыр шертемін. Мұнымнан басқалар жиреніп, менің жіберген қателігімді қайталамау үшін ақиқатты жазып отырмын.

Зәбира 07.11.1941 жылы Алматы қаласында, мен 01.10.1940 жылы Жиенбет ауылында туғанбыз. Бірақ құжаттарымда 20.05.1941 жылы туылған деп жалған жазылыпты.

Сонымен Зәбира 18 жастан 18 күн асқанда, мен 19 жастан екі ай 14 күн асқанда, демек, 13.12.1959 жылы екеуміз қосылып, отау құрдық. Сонда бізді ешкім жас деген жоқ. Керісінше, бізден үлкен кісілер тындыратын істерді талап етіп отырды. Қазір кейде балаларына, не басқаларға сөз реті келгенде:

- Әкене, не шалыма өз күшім, денсаулығым барда, демек 60 жасқа таянғанша аса ештеңе істеткенім жоқ, - деп мақтана күліп айтып қалады Зәбира.

Шынында, оның сөзі ақиқат рас екенін көп аты жоқ үй тірлігінен, қоғамның ауыр жұмысынан бір-бірден айтып, көз жеткізейін.

Біз екеуміз жас кезімізде біраз жыл үлкен шаруашылықтың орталық азық-түлік дүкенінде сатушы болып қызмет істедік. Күніне

ертеңгі сағат 8-ден кешкі 8-ге дейін 12 сағат үздіксіз, апта сайын демалысыз үш шақырым қашық жерден қатынап, айқай-шуы көп 20 шақты ұлт өкілдерінен тұратын тұғынушыларына ойдағыдай қызмет еттік.

Сонда менің ішкенім арақ болса және артық жүріс-тұрысым жетерлік еді. Сонда үйден таң азанда тұрып, үш шақырымдық жолдың жартысына дейін төнірек тола қабаған ит біткеннің сырттаны Боқжер деген итіміз жаяу жүрген Зәбираны шығарып салады да, кейде қараңғыда барып дүкенді ашады. Дүкен астындағы койма подвалынан заттарды үстіне шығарып сату машақаты да аз емес.

Мен болсам ұйқым қанғанда тұрып, сәске түске таман артынан велосипедпен барамын. Кешіне қараңғыда үйге тағы Зәбира жаяу, мен велосипедпен келеміз. Ал енді Зәбира Алланың берген тоғыз баласын туды. Қазір сегізі бар. Осы балаларға екіқабат уағы мен жаңа босанған сәттерінде үйдің ауыр жұмыстарын айтпағанда, сексеуілді өзі жаратын.

Сонда «мен осындаймын ғой, сен сексеуілді жар», деп Зәбира айтпапты, не мен «сен екіқабатсың, не жаңа босандың, мен жарайын» демеппін. Қазір ойласам, мен не деген парықсыз болғанмын. Сөйтпін енді маған ес кіріп, Зәбирадан күш кетіп, ауыршаң болған соң ауыр жұмыстарды өзім істейтін болдым.

Тағы да пенделігім ұстап, Зәбираның ақкөңіл, көпшіл, адамгершілікті, меймандос, аңғал, бейкам тұстарынан кінә тапқан кезім бір Аллаға белгілі. Осындай пенделігіме шешем келіннің сөзін сөйлеп:

- Зәбирама құдай қосқан қосағы болған соң, қаншама ол айбынды болса да сен оған еркіндікке үйренгенсің, әрі сені сұмдық сыйлап, бір сөзіңді екі етпейді. Сол келінімнің қадірін кейде біліп, кейде білмейсің. Әйтпесе қаһарынан қарадай жеріп жүріп, ер адамнан бетіне келуге жасқанып, жараған бурадан ыққан інгендей қаймығады бәрі. Сұмдық беттілігіне орай ешкімнің артық ауыз сөзін көтермей, бетінен алып тастайды. Ары таза, барлық ісіне көңілім толады, - деп келініне шап жуытпай отыратын енесі Іздән.

Осындай менің ойлы-қырлы артық ісіме кешіріммен қарап, барлық жұмысты «сен істе» деместен, өзі тындырып, мені жас

балаша мәпелеп отыруы, әрине, маған шын жүрегімев берілуінің көрінісі екені белгілі.

Мен біреудің, тіпті жақындарым болсын, артық ісіне қарай бірқырын кететін тұстарым көп. Осыма басу айтып, кешірімді болуымды өтініп, адамгершілік тұрғысынан мәнді баға беріп, соған бейімдеп отырады мені. Зәбираның жаратылысы өте алғыр, сөзді тез тауып айтатын тілмар болса да, қасына деген қаталдығын бір пәсте жойып, бұлттан шыққан күндей жадырап, толған айдай көркем келбетіне сай зіл сақтамай, тез ұмытып, қарсыласымен жылдам райласады. Сырт көрінісі мен болмысына қарағанда мұнысына таңғаласың. Көңілімді қалдырғандарға қадалып қоймайтынымды «уағында кінәсін бетіне басып айттың, болды, енді бәрін ұмыт», деп, зіл ой-пікір сақтамауымды талап етіп, мені содан сақтандырып отырады.

«Кейінгіні көріп, қартаясың», деп кейінгілерді көріп, оның ішінде өзімнің бала-келіндерімнің іс-әрекеттері, көп жағдайы ойыма түсіп отыр. Демек, кейде түсініксіз мен сияқтылар өмір сырын бірімен-бірін салыстыру арқылы ғана «соқырға таяқ ұстатқандай» сезінеді-ау деймін. Мен өз басым осындай күй кешудемін.

Қорыта айтқанда, Зәбираны маған қосқан тағдырыма, әрі Зәбираның өзіне өмірлік ризамын.

Енді жатсам да, тұрсам да Алладан тілейтінім – мені Зәбираның артына қалдырмай, соның алдында төрелесе екен деп келемін.

*08.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Әбіқұл Ибрагимовқа барып, қолжазбаларымды оқып көріңіз деп тапсырдым.

*19.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Рысбек құда үлкен ұлы Айдосты үйлендіруге ақылдасарға үйіне шақырды. Бардық. Оралдағы болашақ құдаға құда түсу үшін, демек, құда танысқа Зәбира да баратын болып келістік.

*20.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Қазақстанның Тәжікстандағы елшілігінде қызмет істейтін кенже ұлым Мұратбектің үйіне қарай Зәбира екеуміз Алматыдан ұшаққа сағат 17.05.-ге (5.05.) мініп, аспанға көтерілдік.

Бұрын 1973 жылдың ақпан айының басында «Жигули» машина алуға асығыс Шудан Жамбыл қаласына қарай ұшаққа алғаш рет мінгенмін. Міне, бүгін екінші мәрте сапар шегуім.

Тәжікстанның Душанбе астанасына сағат 19.00-де (7.00-де) барып қондық. Бізді Мұратбек, Әлия, Ниетжан, Тоғжандар күтіп алды. Мәре-сәре болып, сағынысып көрістік.

*21.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек бізді көлігімен Тәжікстанның тарихи және мәдени маңызы зор Ғисар бекетіне апарып, ерекшеліктерімен таныстырды. Ғисар қамалының үстіне шықтық. Қасындағы әулие ағашқа беторамал байлап, қасиетті құдығынан су ішіп, осы жерде молдаға құран оқытып, құдайы садақа бердік. Осы Ғисар қамалының алдында тәжік қыз-келіншектер, жігіттерімен бірге Наурыз мейрамын қарсы алдық. XII ғасырдағы медресе, мұражайының әр бөлмесін аралап, ерекше жәдігер заттармен таныстық.

Мавзолейдің әр жеріндегі қуыс-қуыс жолымен үстіне шығып-түсіп, сұмдық ерекшеліктерін көріп, тамсандық.

Бұдан соң тәжік халқының ұлы перзенті, XX ғасырдағы әдебиет әлемінің ұлы тұлғасының бірі ақын, Лениндік сыйлықтың иегері, Социалистік Еңбек Ері, үлкен қоғам қайраткері Мырза Тұрсынзаданың ескерткішіне барып, бас иіп, гүл шоғын қойдық. Мырза Тұрсынзада ресторанына кіре бергенімізде бізді алыстан келген мейман ретінде қабылдады ма, қайдам, қолжуғыш тұрса да бір қыз жүгіріп келіп, нығында орамал, екі қолымен құмғанмен су құйып, бізді кірленге жуындырды. Біз рахметімізді айтып, тамсандық.

Қазір біздің қазақ халқының ресторан тұрмақ үйіне барған сыйлы қонағына шәугіммен су құйғанды ұмытқалы қашан. Әркім өзі барып, қолжуғыштан қол шаяды. Сөйтіп Мырза Тұрсынзада ресторанының дәмді тамағынан тамақтандық.

Бұдан соң Мырза Тұрсынзаданың тау бөктеріндегі туған ауылы «Қараток» қыстағына бардық. Бұл екі тау арасында екен. Кейде екі таудан құлап аққан тасқын өзен суы жағасындағы Мырза Тұрсынзаданың музейіне өте жақын ағатын болғандықтан, қауіп-қатер төндіріп, талай мәрте қолдан жасалған цемент жуан бетон блоктарын тұрғызған жасанды қамалды бұзып өтіп, құлатқаны көрініп тұр. Онда да дүлей күшке тосқауыл қойып, жылда бұзып кетсе де бөгеп отыруды әдетке айналдырғаны құлап жатқан талай бетон блоктар айғақтап сыр шерткендей.

- Мына екі жағасындағы үйлерді, көпірді кейде таудан тасып аққан асау өзен суы жиі-жиі бұзып кетсе де, тез қалпына келтіріп алатын еңбекшіл халық екен. - деді Мұратбек.

Біз Мырза Тұрсынзаданың музейіне кіріп, мұнда тағы ескерткіш мүсіні бар екен, соған да тәжім еттік.

«Қараток» қыстағының халқы жыл сайынғы алапат су тасқынын бөгеп, үздіксіз бекеттер тұрғызып, жанкешті өмір сүруі туған жер мен ұлы перзентіне деген ерекше құрмет-сүйіспеншілігінің көрінісі ғой. шіркін! Ал біз мұндай қауіп-қатер туатын жерге құрылыс салмақ түгілі, ат ізін салмайтынымыз жеріміздің өте кендігіне асқақтап жүр екенбіз, деген ой келді маған. Осыншама мекенді ұрпағына аман-есен мұраға қалдырған ата-бабамызға мың да бір рахмет.

Осы аралаған жердің бәрінде бізді Мұратбек суретке түсіріп жүрді.

*22.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Осыдан көп ғасыр бұрын тәжік мемлекетін құрған тәжік халқының ұлттық көсемі Исмоил Сомониге арналған сәулет кешенін Зәбира екеуіміз араладық. Тәжікстанда байлық көздері өте аз, жер көлемі де өте тар, барының көбісі таулы жер болады екен. Өздері дана, ақын, жазушы, батыр сияқты ұлы асылдарына деген құрметі ерекше көрінеді. Өйткені тәжік мемлекетінің негізін қалаушы көсемі И.Сомониге арналған сәулет ескерткішін алтынмен аптағаны айдаладан жарқырап, көз тартады.

И.Сомониді қорғап тұрсын дегендей ескерткішінің екі жағында екі сұсты, айбарлы арыстан ескерткішін салып қойған. Мұратбектің

сөзіне қарағанда И.Сомониге арналған сәулет кешенінде алтынның әжептеуір бөлік қоспадан бар көрініп жарқырап тұр. Сол үшін мұнда күндіз-түні үздіксіз бір топ жасақшы күзетіп тұрғанын көзіміз көрді.

Біз жалт-жұлт еткен баспалдақтарымен жоғарыға көтеріліп, арыстан мен И.Сомони ескерткішіне жақындап, суретке түспек сәтте бір жасақшы ысқырып жетіп келді. Өзі шенді екеніне қарағанда бір топ жасақшының жетекшісі сияқты. Бізге:

- И.Сомониге жақындауға болмайды, - дегенді орысша айтты.
- Біз қонақпыз. Суретке түсейік деп едік.
- Қайдан келдіңдер?
- Қазақстаннан.

Ол қолын сол кеудесіне басып, басын иіп, бізге ишарат жасап, сәлем бергенін білдіріп, жылы қабақ танытып:

- Не шаруамен келіп едіңдер?
- Қазақстанның Тәжікстандағы елшілігінде қызмет істейтін баламның үйіне келдік. Қазақпыз.

- А-а, онда мен әскерде қазақ балаларымен бірге міндетімді атқарғанмын. Қазақ халқы жақсы халық, меймандос, кеңпейіл.

Мақтағанды кім жек көрсін. Айдалада халқымды танымайтын басқа ұлт өкілі мақтағанда төбем көкке жеткендей болды.

-И.Сомони мен арыстандар қасына барып, суретке түсуге рұқсат беріңіз. Елімізге көсем И.Сомониді көрсетемін.

- Бұларға жақындауға, әрі суретке түсуге болмайды. Бірақ сіздерге, қазақтарға суретке түсуге рұқсат етемін, - деп қайтадан оң қолын кеудесіне қойып, бізге ишарат жасады. Біз суретке түсіп болып, анадай жерде алыстау кетіп бара жатқанымызды көріп, тағы қолын жоғары көтеріп, одан соң кеудесіне қолын басып, қош сау бол дегенді естірте, басын иіп, бізбен қоштасты.

*23.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Зәбира екеуіміз ертеңгі-кешкі уақыттарда Душанбе қаласын жаяу аралап, ерекшеліктеріне көз тіктік. Мұратбектің үйі Тәжікстан парламенті кеңсесінің қасында көрші тұрады екен.

Өзі елшіліктің мәдениет жағын басқаратын болғандықтан күнде

Қазақстаннан жаңа келген сан түрлі газет-журналдарды үйге алып келіп тұрды. Елде болып жатқан жаңалықтарды газет-журналдардан күнде оқып, хабар алып тұрдым.

*24.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Келінім Әлия немерем Ниетжан екеумізді шаштаразға апарып, табыстап кетті. Шашымды алған соң:

- Анау есікке кіріңіз, - деді шаштаразшы тәжік жігіт аздап білетін орысша тілмен сөйлеп. Жұмсаған есігінен кірсем, кеуде киімімді түріп, бір жігіт басымды төмен еңкейтіп, сабындап жуды бір. Содан соң о да шала орыс тілімен:

- Анау шаш алғыш жігітке барғын, деп жұмсады. Ол мұртымды басты. Сөйтіп бір шаш алдыру үшін үш адамның аялы алақанынан өттім.

Содан кейін Ниетжанды паркке ертіп барып атқа, машинаға мінгізіп ойнатып, көңілін көтеріп, тағы ерекшелерін көрін араладым.

*25.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Қазақстанның Тәжікстандағы елшілігінде Наурыз мейрамы болды. Бұған осы елдің лауазымы жоғары 50-60-тай адамдары қатысты. Солармен бірге осы елде тұрып жатқан қандасымыз, қазақ халқының ер азаматтары мен қыз-келіншектері де қатысып, олармен дастархандас болдық. Наурыз мейрамына сұмдық жақсы дайындалған екен. Тағамның барлық түрі болды. Шіркін, біздің қазақ қайда болмасын, жүрген жерде береке ғой. Мені таныстырған екі қандасымыз Қорғантөбеден келіпті. Елге көшуге қағаз күтіп жүр екен. Алматы университетінен білім алған, қазақ тілі мен әдебиетінің маманы. Қазақстан мен Тәжікстан елдерінің достығы одағының орынбасары. **«Мерейі білік Ғисар бұл»** атты кітаптың авторының бірі, өзі тәжік-қазақ тілін кейбір қазақтан ары зият сөйлейтін Әбдусәттар Нұраллиев пен «Бизнес», «Саясат» газетінің бас редакторы тәжік-славян университетінің проректоры Ульмосовпен де, басқа да көптеген адамдармен Мұратбек

таныстырды. Бәрі маған Мұратбек балам туралы болашағынан көп үміт күтетініне жылы сөз айтып, сендіре сыр бергеніне ішім жылып, қуанып қалдым.

Өзім де Мұратбектің бұларға сыйлы екенін жүріс-тұрысынан сезіп, Аллаға шүкіршілік қылдым. Зәбира екеумізді де кездескендердің бәрімен суретке түсірумен болды Мұратбек.

*26.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Өзі тәжік ұлт өкілі болса да, қазақ тілі мен әдебиетінің маманы, ғалым Әбдусәттар Нұралиевті Мұратбек үйіне шақырып, менімен кеңінен таныстырды. Әбдусәттар әйелімен, Зәбира төртеуіміз онаша отырып, кешке дейін әңгімелестік. Өзі менімен құрдас болып шықты.

- Мен Қазақстанға жиі барып тұрамын. Бір жолы Алматыда жиын болып, мен қазақша баяндама жасадым. Сонда қазақ халқының зиялы қауымы маған рахмет айтып, риза болысты.

- Мына тәжік ағайын Әбдусәттар Нұралиевты қарашы. біздің ұлтты құрметтеп, қазақ тілінде таза сөйлеп, баяндама жасады. Ал біздің басқасын айтпағанда, кейбір қазақтың зиялы қауымының өзі өз тілінен ақтап өтіп, жиынды орыс тілінде өткізіп жүр, деп мені олардың алдына көлденең тартып, қиналыс сезімін білдірді. - деді.

Бұл кісі қазақ халқының, әсіресе, акын-жазушылардың көбісін танитын болып шықты. Олармен үздіксіз байланыс жасап тұрады екен. Қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениетімен қоса мақал-мәтел, шешендік сөздерден де көп хабары бар екен. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған. Бәрі оқыған, тоқыған, сауатты, салауатты, үлкен зиялы отбасы екен.

- Жакында «Мерейі биік Ғисар бұл» атты кітап жазғанда, осыны өңдеп, деректерді жинау барысында сенің балаң Мұратбектің жазуға икемі бар екенін сездім, - деді Әбдусәттар Нұралиев.

- Онда неге кітаптың бір жерінде Мұратбектің есімі аталмаған?

- Оны Қазақстанның Тәжікстандағы төтенше және өкілетті елшісі Аманжол Жанқұлиев біледі.

- «Мерейі биік Ғисар бұл» атты кітапта осы кітаптың авторы ретінде екеуіміздің ғана есімдеріңіз аталған.



- Иә, солай. Оны А.Жанқұлиев шешкен.

Біреу еңбектенеді, оның орнына басқа біреудің аты жазылады, бұл бір қызық екен. Бұрын да Мұратбек Астанада Сыртқы істер министрлігінде қызмет істеп жүргенде Қазақстан Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтың орыс тілінде жарық көрген кітабын қазақ тіліне аударғанда Мұратбек те өңдесіп, ретке келтірген еңбегінде есімі аталмай қалған.

- Бұл басынан келе жатқан үйреншікті жәйт. Мұндай бола береді.

- Мұратбектің сурет салытынын өзім де көріп жүрмін. Ал проза, поэзиядан да хабары бар, бірақ соның соңына түспей жүр деп есептеймін.

- Бәсе, солай. Өйткені жазуға икемі бар екенін сезгенмін, - деді Әбдусәттар.

Бұдан соң тәжік халқының тілі, діні, тарихы, әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрі, ата-бабасы, қыз беріп, қыз алысуы, елі, туған жері, не шаруамен айналысатынына дейін Забіра екеуміз кезек-кезек сұрап, жауабын тындап отырдық.

Тәжік халқы ата-анаға емес, туған жер, тұрған жер арқылы бөлініп, сол арқылы қыз беріп, қыз алысады екен. Бұдан басқа да толып жатқан тәжік халқының ішкі-сыртқы сырына Әбдусәттар арқылы қанық болдық.

Бұл мен үшін бір ерекше отырыс болды. Ең соңында өзім жазған «Аша елі» атты кітабымды сыйға тартып, кешке жақын үйіне қарай әйелі екеуін шығарып салдым.

*27.03.2004 жыл.*

\* \* \*

Варзоб өзені жағасымен жүрген сайын Варзоб тауы да еңкейіп келіп басып қалатындай сезілетін жолмен Мұратбек бізді машинамен алып келеді. Мына жүрген жері бізге бір қауіпті сияқты. Өйткені, кей жердегі тау беткейіндегі құлағалы тұрған қойдай, түйедей жартастар домалап келіп, машинаны қағып кететіндей сұсты.

Бұл Варзоб өзеніне екі жағасындағы таудан құлап аққан екпінді тасқын су жолындағы қойдай тастарды соғып өткен сайын, толқын-толқын ақ көбіктеніп, жұлқына сарқыраған у-шуы жан-жағына естілуде. Осы өзеннің екі жақ ұзына бойы тау қуысының ой-

қырына қарай биік-төмен болып, жолмен жарыса созылып өзеннен өтуге салынған көпір. Кейбірі жаяу жүргіншілер үшін де, кейбірі жеңіл көлік өтетіндей кең. Тәжік халқы құрылыс пен көпір салуға өте шебер екен. Тастан қаланған бөгет, дуал, қора, үй, қамал деген жетерлік, күйген не шикі кірпіштен қалап көтергенінің өзі кейбірі кедір-бұдыр болып кездесетіні бар.

Ал бұл халық әр жерде үлкен-кіші тастың өзін оқтай тұзу рельстей етіп, жымын білдірмей сыптай қалағанын, қалап жатқанын Зәбира екеуіміз көріп таң қалдық.

Осы жолда бес-алты жігіттің Варбоз өзен суы тасығанда жағаға шығып, үйлерді бұзып кетпес үшін ортасына арматураға сым темірді тартып қойып, өңкей үлкен-кіші тастарды бөгет салып жатқан жеріне тоқтап, жөн сұрап, өзіміз суретке түстік. Бұл біз келе жатқан Варбоз тау баурайындағы президенттік демалыс үйі тұрған мекен екен.

- Былтыр Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев, Ресей Президенті Владимир Путин, тағы басқа ел басшылары осы демалыс үйіне келе жатқанда 50-60 шақырымдай қашық болса да, орталықтан бастап, демалыс орнына дейінгі жол жиегінде қаз-қатар, оқтай тізіліп тұрған тәжік халқы жалауы бар және жәй тұрғаны бар президенттерді қарсы алып, қошамет көрсетіп тұрды.

Варбоз тауының төбесіне қарай қиялаған жолды салған кезінде өте сұмдық шеберлік іс танытыпты. Өйткені таудың биік шоқысынан табанынан қарай әр жеріне су ағар жылға-жылғанын әрбір арнасын цемент бетон блоктарды қалап, екі машина айқасып өтетіндей асфальт жол салған. Осы әдіспен тау биігіне жеткенше қиялап жүріп, кейін қайтып екі-үш мәрте алма-кезек қиялап көтерілген сайын цемент бетон блоктар жылға арнаға жол жөнөкей қаланып отырған. Демек, Варбоз тау биігіне қия жүріп жеткенше алты шақырымдық жолға ілгері-кейін жүрген жерінің бәріне осы әдісті қолданған.

Осылай қиялап, тау төбесіне жеткенше әр жер беткейінде бір бес-алты тұрғын үй салынып, соның құламасына тал тігіп, тағы кесілген ұзын бөрене ағаштарды көлденең бөгет қып тастап, үйлердің асты опырылып, қиыршық тас аралас топырақ ойға қарай лықсымау әдісі жасалған үй көріністері жол жөнөкейі қалып жатты. Сол үйлерден

біз жүрген жолға қарай жалғыз аяқ жүргінші ізі көмескі жалғасуда. Соның беткейіндегі қып-қызыл шағыл тастағында бес-алты лақ, козы жүр.

- Мыналар түнде үйінен дәретке қалай шығады? Таудан құлап өледі ғой, - дегеніме келінім, балам, Зәбира маған күлді. Қандай қиындық болса да, лаж жоқ, тірі адам тіршілігін жасайтын жер екені көрініп тұр.

Бір жерге жолдың тау жағындағы шетіне түйедей домаланған дәу тасты окшау қойыпты. Соған еңкейе құлайтын құсап көрінген жарқабақтан анда-санда ірі тастар, не қиыршық тас аралас топырақ құлап, жолды жауып қалатын болғандықтан, соған қойылған тосқауыл болса керек.

Сойтіп біз таудың ең шыңына шықсақ, қуықтай сүйір келген алаңшадағы жолдың екі шетінде 7-8 жеңіл көліктер қаңтарылып тұр. Бұл шағын алаңның жан-жағы темір штакетпен қоршалған. Сырланған, табаны толық асфальтталған. Төмен қарай түсетін цемент баспалдақ аузындағы жалғыз адамдық жолдың есігінің алдында 7-8 әйел сөйлесіп отыр.

Жаңағы біз тоқтаған сүйір алаңның тау жағында жайма базар көрінісін елестетіп, тәжіктің қыз-келіншектері анау-мынауларын сатып тұр. Бұл «Ходжа Оби Гарм» атты елді мекен, әрі 95 градусты родонды суы бар курорт екен. Осы көріністің арғы бойында тау беткейінің ой-қырына қарай көрініс беріп, оннан аса зәулім үйлер демалуға келгендер үшін салынғаны белгілі. Көз ұшында Варзоб тауының басында қар жатқаны көрінеді. Машинадан түскен бойда біз аңырып, біраз кідіріп қалдық. Бала емес пе, Ниетжан мен Тоғжан әр нәрсені таң көріп, жүгіріп жүр. Мен байқаусыз төмен қарағаным сол еді, басым айналған соң Мұратбекке:

- Кетейік, - дедім. Бұған Зәбира маған ренжіп:

- Сонша жерден келіп тұрып неге кетеміз? Төмен қарама, құлап кететіндей өзіне үрей туғызбай, - деді.

Басқалардың қорқатын түрі жоқ. Үрейленіп жүрген тек мен. Жаңағы қоршау есігінің алдындағы сөйлесіп отырған әйелдің бірі бізге жол беріп:

- Былай қарай түсініздер, мына жақта ел бар, деді.

Цементтеп салынған баспалдақ жолмен төмен түссек, 20 шақты

адам көрпе төселген орындықта отыр екен. Оларға басында сәлдесі, қолында таспигы бар бір жастау тәжік молда сөйлеп тұр. Бізге қол нұсқап, көрпе төселген орындыққа отыр деген белгі беріп, сөзін одан әрі жалғастыра берді.

Бұл молда алдымызда кішкене ескерткіші көрініп тұрған адам зиратын нұсқап, соның ерекшеліктерін баяндап түсіндірді. Біраз сөйлеп, сыр шертіп болған соң, жатқан әулиеге құран бағыштады. Әркім құдайы садақасын беріп жатты. Бізден Мұратбек тәжік ақшасынан қомақты пұл берді. Сол жерде бір ұзын бойлы сары жігітке:

- Мынау менің әке-шешем, - деп бізді таныстырып, сәлемдестірді. Бұл жігіт Қазақстанның су шаруашылығының бастығы екен. Бұл жерге әулие Ходжа Осими мазарына тәу етуге келіпті.

VII ғасырда Тәжікстан жеріне ислам дінін алғаш уағыздаушы адамдарының бірі Ходжа Осими келеді. Дінді тәжік халқына толық уағыздап болған соң, ол кісі о дүниеге аттанар уақытын сезіп, ұятқа қалмай тұрғанда туған жеріне жетіп қайтайын деп, Алладан рұқсат сұрап, тілек айтып, намаз оқиды.

Сол кезде Осимиге әулиелер айтады:

- Сен осы жерде қаласың. Сенің есіміңмен ғажайып дүние байланысты болады, деп. Сөйтіп Осими таяғымен жерді ұрады. Сонда сол жерде 95 градустық ыстық су атқылайды. Өзін намаз оқыған жерге жерлеуді тапсырады.

Осыдан бастап адамдар келіп, оның жатқан жері мен суына емделіп, шипа тапқан.

1965 жылы Осими сүйегін мазарынан алып тастап, орнына жол жүргізбекші болады. Бірақ техникалары қирап, адамдары қырылады. Оның тегін адам емес екенін сезген соң жатқан жерін күтімге алып, жол құрылысын тоқтатады.

Ходжа Осими сүйегі жатқан жердегі белгі ескерткішіне әркімдер тигізген қолын тәу етіп, маңдайларына басып жатты. Мен де Осими сүйегі жатқан белгіге тигізген қолымды Ниетжан мен өз маңдайыма басып, тәу еттім. Атқылап тұрған ыстық судан екеуміз де іштік. Зәбира да мен істегенді өзі мен Тоғжанға қайталады. Мұратбек пен Әлия да тәу етті. Бұл жерде Мұратбек бізді көп суретке түсіріп алды.

\* \* \*

Тәжікстанның ежелгі археологиялық мемлекеттік музейінде болып, бұрынғы жәдігерлерін аралап көрдік.

Мұнда Нирована жағдайындағы 12 метрлік Будда мүсіні топырақ пен ағаштан жасалыпты. Рудаки ақынның тамаша мүсіні бар. Топырақтан салынған картиналар да көп.

Бұдан басқа да неше түрлі, әр елдің өзіне тән, ерекше жәдігер заттар да толып тұр. Осылардың әрқайсысының қасында тұрып, бір иран жігіт бар, суретке түстік. Будда мүсіні Душанбе қаласының жер астынан табылған. Бір қолын сындырып алған соң, оны өз қалпына келтірген.

*01.04.2004 жыл.*

\* \* \*

Душанбе қаласының «Фарахоноз» ресторанында болдық бәріміз. Бұл бір қазақ салты бойынша молдасқұрып отырып, тамақ ішетін тамаша орын екен. Қандай тамақ болсын, сұранысыңа табанда дайындап береді.

- Жеп көріңіздер, - деп Мұратбек бізге орама ғып пісірілген шашлыққа тапсырыс берсе, Әлия құмыра ыдыс ішіне дайындаған тамаққа тапсырыс берді.

Осы ресторанға кіре берісіндегі қаз-қатар тіреулерде құстың ұялары ілулі тұр. Бұл ұялардағы құсты жұмыртқалату үшін ұясын жауып қойса ғана туады да, ашық болса жұмыртқаламайтын көрінеді. Мұнымен айналысатын тәжік азаматының ақ халатты киіп алып, ұяларды ашып-жауып жүргенін көрдік. Біз де көзімізше жаңа туған құстың жұмыртқасынан ауыз тидік. Мұратбек екеуіміз құсты ұясымен ұстап та, басқа да талай суретке түстік.

Біздің қасымыздағы көрші тапшанда отырған үш тәжік жігіттерімен немерем Ннетжан тәжікше сөйлесті де кетті. Олар балама риза болғаны соншама таң тамаша қалып, сүйіспеншілігін білдірді.

«Фарахоноз» мейрамханасы қазақ халқының бұрын салт-дәстүрінен көрініс беріп, кісі күту тәртібін елестеткендей әсер алдым.

*02.04.2004 жыл.*

\* \* \*

Тәжік халқы иманжүзді, карапайым, өздерінің дәстүр-салтын, ана тілін, дінін берік сақтайды екен. Туған жері тұруға өте ыңғайсыз, қауіпті болса да, соған тұрғын үй, жол, көпір салып тұра беретінін, асау өзендер үйлерін, олардың жолын бұзып кетсе де, ол жерден көшпей, қайта қалпына келтіретін еңбекшіл ел.

Әйелдері, қыз-келіншектері ұзын көйлек киіп, бірен-сараны болмаса басынан орамал тастамайды.

- Мен Тәжікстанға келгелі екі жылға жуық болды, әлі бір спирт ішімдігіне қызып жүрген тәжік көрмедім, - деді Мұратбек. Шынында да сондай тәртіп бар екенін, жарты ай бойы астанасын аралап жүріп біз де бұған көз жеткіздік. Жолында танымайтын, кездескен бөтен ұлт өкілдерін көргенде, көбісі қолын кеудесіне басып, басын иіп сәлем бере, жылы қабағын сездірін өтеді.

*04.04.2004 жыл.*

\* \* \*

- Отырған үйінді, қызмет істеген мекенінді, қызметтестерінді, жүрген жерінді, көріп риза болдық. Тәжікстанның талай елді мекенін қыдыртып, екі жүзден аса суретке түсірдің, енді бізге рұқсат бер, елге қайтайық, Маған ештеңе алма. Киімім жетерлік, алтын-күмістің де қерегі жоқ, - дедім Мұратбек пен Әлияға.

- Ең болмаса осы айдың аяғына дейін болыңыз, - деді Мұратбек.

- Бізді Алматыда Ғалия күтіп отыр, - деп асықтық. Анасы Зәбираға қолы мен құлағына біркелкі алтын сақина, сырға тағып, көрнекті киім алып берді.

- Аға, апа, кетпеңіздер, - деп айналайын немерелерім Ниетжан мен Тоғжан шапқылап жүрді.

*05.04.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Шу өңірінің азаматы Әнуарбек Жүнісәлінің «Өмір өткелдері» (Алматы, «Мерей», 2003 жыл) атты кітабын оқыдым.

Әнекең аудандық ауатком төрағасының бірінші орынбасары, ауданның екінші, бірінші хатшысы болып қызмет істеген жылдары

үйде талай мәрте қонақта болғанда көп әңгіме айтқан еді. Осы туралы аздап сыр шерте кетейін.

Мен өмірімнің қиын тұстарын айтып, не жазып қалсам «соны да сөз қып» деп жақтырмайтындар бұл өмірде көп екенін естіп те, көріп те жүрмін.

Ал Әнурабек Жүнісәлі болса өзінің кітабында көрген қиыншылығы, отбасы ошак қасының жайсыз тұстарын, қызмет барысының қалтарысын түгел қамти отырып, басынан өткен жақсы-жаман іс-әрекеттерді жасырмай жазған. Мұндай шындықты жазғандарды жаным сүйеді. Сондайларға күштар сезіммен қараймын. Менің де сондай екенім әр жазбаларымда қылаң береді.

Енді Әнурабек Жүнісәлінің тек көлеңкелі тұсынан жазғандарына аздап тоқтала кетейін.

1 – «Қыстың күндері тіземізден қар кешіп барып біздің қолхозға көрші орналасқан «Мойынқұм» атты шаруашылықтың маялап жиып қойған күріштің сабанын қағып, күніне 2-3 кило дән әкелсек, шешеміз ұл тапқандай қуанатын едік» (кітап, 6-бет).

Міне, бір түйір дән қадірін біліп өскен. Қазіргі нанды аяғымен теуіп, не далаға, не дәретханаға тастағандарға ой салар емес пе. Бірақ олар осындайды ойлайтын болса, мұндай іс істелмейді де ғой.

2 – «Үйімізде тіске көлденең басар ештеңе жоқ. Мен «қарным ашты» деп қыңқылдай берсем керек. Біз сиырлы ауылға зорға жеттік-ау. Сиыр фермасы бастығының әйелі ала көзімен бізге жақтырмай қарап, теріс айналып кеткені. Одан соң сиыр бағатын Бидайбек үйіне ертіп барды.

- Мына жалғызым екі күндей болды, тамақ татқан жоқ, жүрегі үзіліп кете ме. - деді шешем тағы да көз жасына ерік беріп. Бізді біртүрлі аяп, әлгі кемпір маған бір дәу кесе піскен сүт бергені. Әрине, мен ол кеседегі сүттің бір тамшысын да қалдырмай тез жұтып тастадым», дейді (7-бет).

Осы эпизодтардан сұмдық аянышты әсер аласың. Осыны жазып, ой түйіп отырған менің өзім жоқшылықтан емес, керісінше, баршылықтан қорлық көріп өстім. Өйткені менің қолымдағыны кішкентай күнімде қараулар тартып жесе, түйе, ағ сияқты күш - көлігімізді сырттан зұлым адамдар ұстап жұмсаса, қоралы

қойымызды борышына салып жіберіп, жоқ әкемнің қадірін біліп, сағынып өстім.

Ал қазіргі өтпелі кезең қиындығына төзбей жүргендерді мынамен салыстырғанда сөз етуге тұрмайды емес пе? Еңбектенсе болды түйір дән, дәу кесе сүт үйіне ағылып келіп жатыр емес пе? Менің ойымша қазіргі киын сәт деген құр бос сөз.

3 – «Бірде МТС директоры Дөненбаев Шәкір мені жерден алып, жерге салып айғайлап, ұрысып жатқанда, қайдан келгенін білмедім. Сары Хасенов араға түсіп (МТС-те партия ұйымының хатшысы):

- Жолдас Дөненбаев! Сіз кеше ғана оқу бітіріп келген жас кадрды өсірудің, дұрыстап тәрбиелеудің орнына орынсыз айқайыңмен олардың кеудесін басып, қорлап, арын аяққа басып жатырсыз. Сізде тәрбие, үгіт-насихат жұмысы жоқ, құр айқай, бүйте берсеңіз жас жігіттер жүнжіп кетеді. Қойыңыз бұл айқайыңызды, үгіттеп жұмсау керек», - деп айтқан болатын. Ішімнен Сәкене рахметімді айтып, теріс айналып, көзіме жас алып едім. - дейді (205-бет).

Міне, бұдан артық не жазсын. Білдей жігіт бас инженер болып жүргеннің өзінде көзіне жас алып, жылағанын айтқаны ақиқат алдында құл екенін сездіреді.

Мұндай шын-ақиқаттар «Өмір өткелдері» атты кітабында тұнып тұрғанына көз жеткіздім.

\* \* \*

Мен де жетім күнгі, не жұмыс барысы, не елден жинаған деректерді дәл сол қалпында шығармама көрсеткенім үшін де кейбіреулерге жақпаймын. Сонда не жасырып, не өгірік айту керек пе, деп қиналатын сәттерім көп.

*10.04.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Насихат Сүгірұлының «Еділ-Жайық – екі су» атты кітабын оқыдым («Арыс» баспасы. Алматы қаласы, 2002 жыл). Сұмдық әсер алдым. Насихаттың тағдыры өте қиын болған екен, оқымай-ақ өздігінен үйренген, аз-кем шала сауат болған. Мұрасы да аса көп емес. Шығарған өлеңдерінің бәрі жазбаша емес, ел аузында қалған. 28 қараша 1937 жылы атылып, жазықсыз құрбан болған. Насихат



пен сегіз адамды Атырау қаласының оңтүстік-батыс шетіне 9 шақырымдай қашықтыққа жерге (ойпанға) денесін көмген.

Насихаттың өлеңдерін Атыраудан, Орал өңірінен, Астрахан жерінен, Маңғыстау елінен, Ақтөбе, Қызылорда аймағынан, Алматы қаласынан, басқа да бірнеше елді мекендеріне тарыдай шашырап кеткен жерлерінен жинастырып, бір жүйеге келтіріп, кітап етіп шығарған. Не деген ерен еңбек десеңізші!

Насихаттың осы асыл мұрасын бүгінгі ұрпаққа кітап етіп жеткізгендер, әсіресе, Кабиболла Сыдықов, Пазыл Мағазов, Хамидолла Қонатыров, Мақсұт Нығметоллаев, Серік Махамбетовтер ерен еңбек сіңірген. Бұдан басқа да атсалысқандар толып жатыр. «Адам – адамға бауыр, бір-біріне жанашыр» деген осындай-ақ болар. Олардың бұл жақсылығы инемен құдық қазғандай екені көрініп тұр.

Қазіргі өтпелі қиын кезде анасы – баласынан, әкесі – бауырынан безгендер аз емес екенін өмір өзі көрсетіп жүргенде, мұндай ұшаңтеңіз жақсылық жасау көрінгеннің қолынан келмейтіні белгілі. Әйелі Тогы күйеуі Насихаттың жазықсыз жазаланғанын өзі өлгенше қуған. Архивте 4 арызы сақталған. Сүйген жарға не деген сүйіспеншілік. Насихаттың ұлдары Әсиет, үшінші ұлы Ғинаят та соңғы рет 1974 жылы әкесін арызданып қуған. Міне, бұл әділеттілік үшін жанкешті күрес.

Енді бүгін кітабын жарыққа шығарумен қоса, жатқан жерін тынбай іздеп тапқан, басын қарайтуға, мектеп пен көшелерге Насихаттың есімін беруге үкімет пен ел тарапынан сәулетшілер, суретшілер оның нар тұлғасын мүсіндеуге шаралар ұйымдастыруда.

Мен кітап оқып, осы деректерді сезгенімде, осыған қағысты азаматтарға шексіз алғыс айтып, оларға сұмдық сүйсіндім. Және мына бір екі жағдайды сол жанашыр азаматтармен салыстырып өтпекпін.

\* \* \*

Біздің өңірде, осыған ұқсас екі азаматтың атын айта кетпекпін. Біріншісі Төребай Сейсенбаев деген кісімен жақын араластым, өлеңді жақсы жазатын. Аудандық газетте әрдайым жарық көріп тұрған. Үйіндегі мұрасында да жарық көрмеген өлеңдері көп еді.

Сол кісі қайтыс болғанда үйіндегі жазбаларын қарындасы жинақ етіп, кітап шығартамын деп бәрін алып кетіпті деп естігенмін. Сол хабар жым-жырт болған соң жақында қарындасынан сұрадым:

- Қашан кітап етіп шығартасыз?

- Уәш Асатов өлеңдерін алып кетіпті. - деді. Бұл кісі артық іске бармайтын.

Өтірігі жоқ, өзінің тамаша ағайыны. Мейлі, кім алса, ол алсын, марқұмның өз мұрагері соңына түсіп, жанашырлық жасап, кітап етіп жинақтау керек еді. Қарындасының барлық жағынан марқұмның кітабын жарыққа шығару мүмкіндігі толық бар. Асыптасып отырған отбасы. Бірақ көз жеткен соң көңілден таса болып, Төребай шығармасы жым-жырт күйде қалып тұр.

Екіншісі – Ақшатыр Іккібаев деген ақын, облыстық «Еңбек туы» (қазіргі «Ақ жол») газетінің екі аудандағы тілшісі (Шу мен Мойынқұм аудандарының) болып істеген. Оның өлеңдері аудандық, облыстық газеттерде үздіксіз жарық көріп тұратын. Прозадан да хабары бар еді. Ақшатырдың, құдайға шүкір, оннан аса ұл-қыздары бар, өсіп-өңген отбасы. Бұл кісінің де еңбегі көрінбей кеткен соң, ағасы Орманов Темірбекпен бір күн сапарлас болып, көлікте қатар отырғанда Ақшатыр жайлы аттым.

- Ақшатырдың өлеңдерін жинастырып, бір жүйеге келтіріп, кітап қылып шығаруды балаларына айтып, қолға алыңыз, әруағы үшін, - дедім.

- Ой, оның өлеңдері көп қой. Мына қиын заманда қайтіп кітап қылып шығарады. Оған жағдай жоқ, - деп тұғырға жауап берді Темірбек.

Міне, осы да сөз болып па. Насихатқа карағанда осы екі кісі де сауатты, жоғарғы білімді, аудан, облысқа танымал, белгілі азаматтар болатын. Өлеңдерінің бәрі шашырамаған, үйінде. Міне, екі ақынның да жанашыры, жоқшысы жоқ болған соң атаусыз қалып отыр.

Кейде мен өмірдің осындай ұқсас сәттерін салыстыру арқылы көз жеткізгенді жөн көремін.

Насихат Сүгірұлы өзі қаншама қиянат көріп, сонын құрбаны болса да, оның әруағы артындағы ел-жұрт, ағайын-бауыр, баласы, әйеліне, демек жоқшысы болғандарына риза.

Насихатты өлді деуге болмайды. Ол енді мәңгі ірі. Сол үшін тағы қайталаймын. Насихаттың асыл мұрасын жарыққа шығаруға атсалысқандардың бәріне өз атымнан рахмет айтамын. Өмірдегі бар жақсылықты оларға тілеймін.

\* \* \*

Менің әкем Тұңғышәліұлы Мәдімәр патша үкіметінің 1916 жылғы маусым жарлығына байланысты солдатқа алынып, онбасы болады. Сонда майдан жұмысында жүрген қол астындағы, әрі ауылдан бірге барған Саусақбай дегенді бөрене басып калып, қапыста қайтыс болады. Сол жерде басқа өңірден барған бір акынға Мәдімәр ақысын беріп, Саусақбай қалай төтенше жағдайға ұшырағаны жайлы жоқтау өлең шығартып, оны жазып әкеліп, елдегі Саусақбай марқұмның отбасына естіртіп, көңілін аулайды. Осы жоқтау өлеңді шешем Іздән, інім Әбдіманап, жеңешем Шынжыр бала күнімде талай айтқанын естідім. Әсіресе, Шынжыр ұйқасы шебер шыққан жағық өлеңді термелетіп, төгілдіріп, тындаушысын мұңға батырып, сұмдық айтып отырушы еді. Соны жазып алмағаныма бүгін өкініп отырмын.

Енді бүгін Насихат Сүгірұлының кітабын оқып отырып, оның да 1916 жылы патша солдаттына алынып, «Айдады патша жыраққа» деген сол жылы жазған дастаны мен Мәдімәр шығартып әкелген жоқтау-өлең арасындағы жақындықты сеземін. Өйткені, екі өлең ырғағы, шебер ұйқасы бір қолдан шыққандай, ұқсас болса, дастанда бар. Румын. Харьков. Черновец. вагон деген бөтен сөздер Мәдімар әкелген жоқтау өлеңінде де бар. Жоқтау өлеңде поез көп айтылатын:

Неше күн жүрді тақылдап,

Шаршамайтын сорлы екен. - деп вагонда болғанын сездіретін. Ал енді Насихат ақын мен менің әкем Мәдімәрдың бірге болғанын осы дастан да дәлелдеп тұр:

Бес мың казак жатқанбыз,

Сарытауда сарып етіп, - деп (33-бет).

Тағы да:

Бес жүз казак бір жүрдік.

Ажырамаған тобымен, - деп (37-бет).

Қорыта айтқанда, менің әкем Мәдімәр жоқтау өлеңді Насихат

Сүгірұлына шығартып алғанын анық көз жеткізуге болатын сияқты. Тағы Насихат пен Мәдімәр екеуі де 1889 жылы туылған кұрдас екеніне көз жеткіздім. Әкем Мәдімәрдың 100 жылдығына мен 1989 жылы Қали Қораласбаев дегенге мүсін жасагып, өз бөлмеме койдым. Әкем Мәдімәр туралы «Ниет көшбасшы» деген деректі әңгіме жазып, аудандық «Шу өңірі» газетінің 2004 жылғы 3, 4, 5-нөмірлерінде жарық көрді. Онда әкем Мәдімәрдың патша үкіметінің 1916 жылғы жарлығына сай солдатқа алынып, ол жақта онбасы болып жүргенде қарамағындағы Саусақбай қаза тауып, оған басқа өңірден барған бір акынға ақысын беріп, ұзақ жоқтау өлең жаздырып, оны марқұмның отбасына әкеп беріп, көңілін аулағаны толық жазылған.

Сөйтiп Насихат акын мен әкем Мәдімәр майдан жұмысында бірге болып, марқұм Саусақбайға ұзақ жоқтау өлең шығартты деуге сенімім мол, оқырман қауым.

Оу, әке, сені зерттеп, ісінді ардақтадым,  
Борышым таза опасыз ізінді сараладым.  
Насихатқа жоқтауды жаздырыпсың,  
Соны таптым кітаптан, танып алдым.

*20.04.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Зәбира Шу қаласына барып, бір әйелге бал аштырып келді.

- Балаңыз дұрыс, жақсы екен. Бірақ отбасында толқу бар. Жолдасы әр сәт сайын неше түрлі құбылып тұратын тұрақсыз, айтқанынан қайтпайтын, жолдасының талабын орындамайтын тәкіппар адам екен. Жолдасы үлкен қызметке көтерілетін несібесі зор екеніне әйелі өне бойы кедергі келтіреді. Қазір өзі бала алдырды, не алдырайын деп жүрген сияқты. Өзі енді істерін істеп алып, күйеуін балаларына қайта оралатын шығар, деп үміттеніп, өкінуде. Балаңыз да әйелін кетсе кете берсін дегенімен балаларын көп ойлап жүр. Өзіне ішімдік жақпайды. Сондықтан оны мүлдем қоюы керек. Балаңыз сыртта-ау деймін?

- Иә, сыртта. - депті Зәбира.
- Бәсе, солай.
- Ол келе ме? Сіздер барасыз ба?

- Ол келеді.

- Бәсе, шіркін. балаңыз несібесі зор, қызметі жоғарылайды. Бірақ әйелі көп бөгет жасайды, әрі оның қызмегінің өсуін қаламайды. Мен Алланың көрсеткенін айтамын – келінііз жолдасына тұрақты болатын адам емес. көңіліңізге алмаңыз, - депті.

Зәбира осыны естіп, қиналып келді.

*21.05.2004 жыл.*

\* \* \*

Бісмиллаһір-Рахманір-Рахим.

Құран Кәрім қазақша мағына аудармасын бұрын бір толық оқып едім. Енді бүгін Құран Кәрімді әкем Мәдімәр Тұңғышәліұлына бағыштап аударуды бастадым. Осы ниетімді «Ең тура жолға ұластырушы Алла қабыл көрсін». Әумин.

Әке парызын өтеу қиын.

Жетпей қойды оған миым.

Құран аударсам құтылам ба.

Қабыл ал жан әке осы сыйым.

*24.05.2004 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек, Галя, Аида, Ниетжан, Тоғжан бәрі Отардағы Данияның үйіне барып, кешкісін Жиенбет ауылындағы үйге келді. Мұратбек әке-шешесіне, бауырларына, мешіттегі имамға, оның көмекшілеріне Тәжікстаннан базарлық үлестірді.

*03.06.2004 жыл.*

\* \* \*

Алматыда Мейрамбекке екінші мәрте операция жасады.

*15.06.2004 жыл.*

\* \* \*

Құран Кәрімнің 114 сүресіндегі аяттарды түгел әкем Мәдімәр Тұңғышәліұлына бағыштап, аударып шықтым. Аяттарды оқу үстінде түсінгендерім де, білімім ішкі мағынасына жетпегені де

болды. Онда да Құранды оқудан жалықпай, шын ниетімді салып оқыдым. Негізінен осы Құран ең тура жолға бастайды. Оған сенемін. Алла әкем Мәдімәр Тұңғышәліұлына бағыштап аударған құранымды қабыл көрсін. Әумин.

Құранның жүз он төрт сүре аяттарын аударып біттім бүгін.

Жан әке, қабыл ал, рухың риза болсын сенін.

*20.06.2004 жыл.*

\* \* \*

Купондардың бесеуін өткіздім. Тұрмыс құрған қыздарыңның аты-жөні (фамилиясы) бөлек деп, үш купонды қайырып берді. Мен қазір үйдегісі бар, ажырасқаны бар – барлығы тоғыз келін алдым. Солардың бәрі де үйіндегі аты-жөнімен (фамилиясымен) жазылып, солай некеге тұрды. Мен оларын құптадым да. Өйткені, ата-анасы туды, өсірді, оқытты, тәрбиеледі ғой, солай болуы да тиісті. Сонда аты-жөнін ауыстырғанда тұрған ештеңе жоқ, қайта төркіндері үшін әр қыз балаға бұл дұрыс. Тек келін келген жерімен тіл табысып, сол үйдің тұрақты адамы екенін сезініп кетсе болды ғой.

Ал енді менің Әлия мен Дания қыздарымның барған жерінің аты-жөнімен жазылғанына да аса мән берген жоқпыз. Өздері солай ұйғарған соң. Бірақ, мынандай кедергіге өне бойы тап болған соң, өкінеді екенсің.

Сөйтп, мен Ғалияның үйіне келсем, Қызылорданың Жалағаш селосында тұратын 15 жастағы немере қызым Торғын келіпті. Бұл Мейрамбектің қызы. Жантөре мен Торғынды сол жақтағы нағашылары, Айданы біз бағамыз. Біз алыстағы Жантөре мен Торғынмен қатынас жасап, қарайласып тұрамыз.

*23.06.2004 жыл.*

\* \* \*

Алматыға келгелі сол жақ кеудемнің қолтығының астына қарай удай ашып, жалпы ішім (асказаным) қарнап ауырып жүр. Бүгін түнімен ұйқым бұзылып шықты. Зілді сырқат сыр беретін сияқты. Бүгін өткізген купондардың чектерін алдым. Кітап оқып жатырмын. Данияның купонын өткіздім.

*28.06.2004 жыл.*

\* \* \*

Қарындасым Сауыткүл келіп, үйіне шақырды. Ауырып отырмын деп, барғаным жоқ. Шынында сырқатым қозу үстінде.

*29.06.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін де түнде ұйқым шала болып, өте қатты ауырып шықтым. Көптен оқып жүрген Николай Васильевич Гогольдің III томдық кітабын бітірдім. Осыны оқу үстінде сұмдық ойлы жазылған шығармасын аудармасынан емес өз тілінде оқуға білімім жетпейтініне өте қатты өкіндім.

*30.06.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгінгі кейбір жастар өздерімен бірге тұрған әке-шешесін ескерусіз қалдырып, туған күнін тойлап жағады. Шіркіндерде ес болсашы, сонда олар аспаннан түсті ме екен? Бізді өмірге әкелген осы әке-шешеміз деп, үйдің төріне отырғызып, әуелгі тост сөзін солардан бастау керек емес пе? Содан соң қысылып отырғандар болса, «ал, қарақтарым, еркін отырындар», деп әке-шешесінің өзі-ақ рұқсат сұрап, тұрып кетеді ғой.

*01.07.2004 жыл.*

\* \* \*

Бұрын бір, бүгін екінші рет Әбіқұл Ибрагимовтың «Жазым» атты кітабын оқып шықтым. Өз өңіріннен шыққан жазушының кітабын оқыған қандай тамаша. Ауыл, жер, өзен, кейіпкер аттары – бәрі таныс, өзін күнде көріп жүргендіктен көзіңе ыстық, көңіліңе қонымды, жаныңа жақын екені сөзсіз. Ағамыздың сөз саптауы жол жорғадай көсілдіріп, төгілдіріп, тым еркін, көркем жазады ғой. Әрі әр сөйлемі жатық, биіктен құлап аққан бұлақ сияқты жеңіл оқылуы оқырманын сүйсіндіреді. Мысалы, «Бір купеде» деген әңгімесінде «қараторы» әйелдің бейнесін қандай тамаша, сиқырлы өрнектермен ашып, терең суреттеген.

Мұндай-мұндай басқаларда кездесе бермейтін ерекшеліктері кітаптың барлық жерінде кездеседі.

*14.07.2004 жыл.*

\* \* \*

Шығармаларын оқыған сайын Мұқағали Мақатаев пен Қарауылбек Қазиевтың мінездемесі екенін сезінемін.

Мұқағали мен Қарауылбек нағыз суреткер. Қатты сөзге бармайды. Тек жаны жайсаң адам мен табиғатты көркем тілмен жеткізеді.

*02.07.2004 жыл.*

\* \* \*

Назарбектің үйіндегі қолжазбаларымды алдым. «Менің қарапайым өмірім» мен әңгімелерімді қайтадан қарап шықтым.

*06.07.2004 жыл.*

\* \* \*

Алматыдан Шудағы үйге келдім. Өте қатты ауырып жүрмін. Алла кешірсін, асылыққа жазбасын, артық сөз болса тағы да кешірімді жаратушы күдіреттен сұрана отырып, өз ойымды айтайын. Мына сырқат сыр берген сайын күмәнді болып қалдым. Өйткені 1976 жылы қанша жыл өмір сүретінімді жазып қойған жайым бар еді.

*09.07.2004 жыл.*

\* \* \*

Туысқан. жегжат-жұрат, көңілжетерді айтпағанда, танитын адамдар арасында «тіріге – көңіл, өліге - бата» деген атам заманнан үзілмей келе жатқан салт. Осыған сақ болуын балаларыма ескертіп отырамын. 2003 жылы бір, 2004 жылы екі рет алыста, демек. Тәжікстанда тұрса да, балам Мұратбек келіп мені ертіп, ауылды аралап жүріп, өмірден озғандарға құран бағыштап, әр өлгендерге сый-құрмет жасағанына риза болып қалдым. Осыны кейде істеп, кейде істемейтін балаларыма көңілім құлазып, «тіріге – көңіл, өліге - бата» дегенді ұмыттыңдар, деп киналып қалатын сәттерімді несіне жасырайын.

\* \* \*

*II – «Менің кейбір ой толғағыстарым» мынадай бөлімдерден тұрады:*



1. «Адамдықтан пенделікке дейін» 03.03.1993 жылы жазылды.
  2. «Шындықтан өтірікке дейін» 30.04.1993 жылы жазылды.
  3. «Қазір ойласам» 06.09.1993 жылы жазылды.
  4. «Біз қайтіп оңамыз» 06.08.1992 жылы жазылды.
  5. «Кейбір толқындардың осындай болуына өзіміз де кінәліміз» 01.09.1991 жылы жазылды.
  6. «Сүйіп қосылып ажырасқанға дейін» 02.05.1993 жылы жазылды.
  7. «Бір жасап қаламын» 15.06.1993 жылы жазылды.
  8. «Ей, адамдар-ай!» 01.10.1992 жылы жазылды.
  9. «Ей, кейбір еркектер-ай!» 03.06.1993 жылы жазылды.
  10. «Байболат болыс» 13.12.1991 жылы жазылды.
  11. «Ел қоңқасыз болмас» 13.12.1991 жылы жазылды.  
«Аялаға тәуекел ет. Ол уәкіллікте жеткілікті». (33-с, 3-А).  
Мен шығарма жазуға тәуекел еттім.
- III – «Көлқұдыққа келдің, көл боларсын» (повесть) 17.02.1995 жылы жазылды.
- IV – «Екі ағым арасы» (повесть) 21.09.1993-26.12.1999 ж.ж. жазылды.

\* \* \*

1984 жылы Зәбира екеуіміздің шанырақ көтергенімізге 25 жыл толғанына балаларым «Күміс той» жасап, бізге сыйлық тартқан болатын. Бұл «Күміс той» повесінде толық баяндалады. Сонда маған үлкен, көрнекті алтын сақина сыйлаған. Оны мен сирек тақтым. Үйге тығып қойған жерімнен, отбасым ренжи берген соң, қапшыққа салып алып, олар жоқтағанда ғана саусағыма тағатынымын.

Мен қыңыр адам екенімді мойындай отырып, алтын, күміс сияқты жылтыраққа жаным қас. Осы сақинаны Зәбирадан бастап, балаларыма берсем де алмай қойды. Мен өзі карадай жүріп, сасып-салбырап жүретін әдетім бар. Бүгін сол алтын сақинаны, 1000-нан аса теңгені, бәкіні, тәспіхті қапшығымен бесеуін жоғалтып алдым. Кім тауып алса да соған бұйырсын. Жоғалғанына өзім кінәлімін.

- Ақыры қолыңа салмаушы едің, алтын сақинаң жоғалғаны дұрыс болды, - дейді үйдің іші.

\* \* \*

Мен сүйек мүжіп отырып, үстіңгі төрт күрек тісімнің бірін ортасынан сындырып алдым. Сол кетіле-кетіле жартысынан азы қалды. «Соның орнына алтын тіс салдырып ал». - дейді үйдегілер.

- Түгел түссе де жасанды тіс салдырмаймын, - деп көнбей қойдым. Кейбір адамдарға танғаламын. Алтын, күміс сияқты неше түрлі жылтырақты құлағыңа тағынып, мойнына асынып, білегі мен саусағына салғаны бұл да кейбіреулерге ой-санасына қарай жөн шығар. Ал табиғи тісі өздігінен түссе, құрт жесе, не жазым болып сынса, лаж жоқ оның орнына жасапды тіс салуға жол ашылатыны белгілі.

Бірақ керісінше, тек сәндік үшін сау тісін егеп, жондырып, алтын тіс салдырғаннан артық күнә бар ма? Іштен тума денесін өзі жарақаттағанын Алла да кешірмес.

Менің бір құрдасым бүгін тістерінің сөйлегенде көрінетінін түгел шарықпен жондырып, алтынмен қапталты. Оның болмысына тән аузын ашып, тіл қатқанда одағай, дөрекі сөзі ірі шыққанда жарқ еткен алтын тіспен үйлесім таппай тұрғанын көрінген сезімді одан ұялғандай әсер алады. Әрине, адамнан алтын артық емес болса да, әр нәрсе өз жарастығын күтері сөзсіз. Аузын ашса, алтын тістері жалт еткені, ойсыз көздері тартқанмен содан шыққан дөрекі ірі сөз, ойлы құлаққа түрпідей естілетіні белгілі.

Жылы сөз иіндерін келтіріп, тіл көркемдігін өріп төгіліп тұрса, алтын тістен шыққанын білдіріп, жарасым тауып тұрмай ма? Бүгінде осы азаматтың аузында әр жерде бір алтын тістің журнағы ғана қалған.

\* \* \*

Бүгін Мейрамбек Алматыдағы ауруханадан шығып келді. Бұрын 27.01.2004 жылы аяғына сол жақта операция жасатқанда өте сәтті өткен болатын. Бірақ дұрыс күтім болмағандықтан аяғындағы сырқат қайтадан белең алды. Бұған әйелі Райсаның да кесері тиді деп тіке айта аламын. Бірінші отадан соң аяқтағы дерт толықтай жазылғанша күтілу керек-ті. Ал Райса өз інісін шақыртып алып Мейрамбекті қояр да қоймай рульге отыруға яғни адам тасып ақша табуға мәжбүрледі.

Бірақ өз балаң болған соң жаның ашиды екен. Артымызда қалсын

деп Алладан тілеу тілейміз. Ауруханадан шыға салып тіккен жерінің жарасы бітпей, ой-қырға машинамен адам тасып, тенге тапқаны былай тұрсын, басқа ауданда тұратын Раисаның әкесі Оңласын да алыс Бішкекке, одан Тараз қаласына апартып 2-3 күн әуреге салды. Машинаның газ басатын аяғы пышаққа түскендіктен ұзақ жолдың кедір-бұдырына жаңа тігілген жарақаттың еті ыдырап, ісіп кеткен. Сонда осыны көріп-біліп тұрып, өз жанына өзі болыспаған Мейрамбекке не шара айтасын?

Содан соң тағы Назарбекке хабарлап, қаражат беріп, Мейрамбекті қайта зорлап жібердік. Аяғына қайта операция жасаса, бұрынғы тіккен жерінің еті қарайып кеткен. Соны жамбас сүйегіне дейін сылып алып тастапты. Енді Мейрамбектің келешегі немен тынары беймәлім болып, күдік төніп тұр бізге.

Анасы емес пе, Мейрамбекті ойлап, Забира жылай береді. «Немқұрайлылық, жаны ашымастық баламның түбіне жететін болды-ау!» - деген ой мазалап тұр бізді.

\* \* \*

Күйініп, ақиқатты ашық жазғанымға оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

*22.07.2004 жыл.*

\* \* \*

Осыдан екі жыл бұрын 6 x 30 метрлік мал қораны балаларым сыртта болған соң жалғыз өзім тұрғызғанмын. Кейін балам Ниязбек «Көлқұдықтағы» үйіме көшіп барып, жеріме (1050 гектар), малыма ие болды. Сол жаққа қайта мал қора салу үшін қораны бұзып, ішкі-сыртқы щиталарды алдым.

Щита деп отырғаным ұзындығы 6 метрге жуық әртүрлі енінің де кейбіреуі менің бойымнан да ұзын тактайлардан жиі қағылған, ыстық-суықтан малды қорғап тұратын қабырғалар. Екі адам әрең көтеретін осы щиталарды жалғыз өзім аз күш жұмсап, әдіспен дйттеген жеріме жеткізіп жатқанымда Забира:

- Неге зорланасың, тасыма, босатқан жерінде әрқайсысы тұра берсін, - деді жанашырлық танытып.

Басынан шашылып жатқанды қаламайтын басым, тап-тұйнақтай қылып қоймасам, көңілім көншімейді.

Бұл шиталар тұрмақ екі жарым метрлік жиырма, тағы төрт метрлік бес рельс қадаларды жалғыз өзім жерден қазып, суырып алып, үш-төрт күнде қораны түгел бұзып, жиып, дайындап қойдым.

Соларды бүгін Ниязбек трактормен келіп, екі тіркемеге басып жібердім. Сонда шиталарды жалғыз адам қалай көтеретінін көрсеттім.

- Рельс қадаларды мен келген соң-ақ екеулеп алатын едік, неге жалғыз өзіңіз зорландыңыз. - деді Ниязбек.

Оған мен бұрын тек өзім ғана істеп қалған шыдамсыз басым бәрін дйттеген жеріме жеткізіп, жиып-теріп, қанттай қаттап, текшелеп жиып қоймасам, көңілім көншімейтін әдетіме бастым.

Міне, соның әсерінен бүгін белімнен шойырылып тұра алмай, тұрсам отыра алмай, тағы екі тізем бастырмай ауырып, тобан аяқ болып қалдым.

Басынан балаларыма көп іс істетпек түгіл, егде болғанның өзінде ауыр жұмыстар мен малдың бітпес шаруасына аса жиі жұмсаған емеспін. Қандай іс бастасам да соны аяқтамай тынбайтын әдетіме салып, жасымның егде тартқанын мойынсынбай, ет қызуымен өлген-тірілгенімді сезінбей істей беріппін. Рельс қадаларды көтеріп, тасу былай тұрсын, жерден суырып алғандағы ауыр салмағы белім мен екі тіземе түсіп, осының зілді сырқатына ұрынып қалдым. Бұдан да зор аты жоқ талай ауыр тіршілік маған түкке тұрғысыз болып, қанай болса солай жалғыз еркіме көндіріп, істей беретінмін.

Бүгін осы рельстерді ауырғанымды Тәжікстандағы балам Мұратбек естіп, звондап: «Неге басқаны жалдап істетпеді?» - деп маған ренжіп жатыр.

Осы қора хикаясынан сәл бұрын жоңышқаны шалғымен шауып, жиып жатсам, Зәбира мен кейбір көршім мені сөкті:

- Балаларың үйіңе түгел келіп, бір аптадай болды. Солар кетісімен шалғыны шыңдап, шөп шабуың қалай? Неге соларға шаптырмадың? - дейді. Бұлардікі де жөн. Оған мен алыста жүрген балаларым андасанда «үйім» - деп келгенде еркін демалып, көңілдерін көтерсін. Тіпті олар да мейман ғой, өзімнің балам болсын, мейлі күйеу балаларым болсын, жұмыс істе деуге ұяламын. - дедім.

Соның өзінде: «Басқаларды көрмейсің бе, балалары келген сайын бар шаруасын істетіп алады». - деп Зәбира маған ренжіді.

Ілгеріде Әбдірәсіл деген қария менің сыртымнан айтыпты:

- Сауытбектің қолынан бір тиын түссе, жерден екі тиын ғып көтеріп алады, - деп. Сонда менің ұқыптылығымды, әрбір істің көзін табатынымды, еңбекқорлығымды айтса керек.

Қазір ойласам, осы еңбегімнің көбісін іні-қарындастарым мен балаларыма жұмсап, өзіме жаратқаным аз екен.

Жас күнімде бір аттық арба істеп жатқанымды анам Іздән көріп айтып еді:

- Сәукентайым, сен шаруаға әкеңнен артық болдың. Әкең Мәдімәр мал тапқыш болғанымен үй тірлігіне жок еді. Өз шаруасының бәрін басқаларға істететін. Содан соң қой қырқуды, мал сойып, оны жайғауды, түйеге жүк артуды – міне, осындай толып жатқан үй шаруасын өзім үйреніп, өзім істейтін болдым. - деп еді.

Өмірімде өте іскер, барлық шаруаға жан-жақты жандарды ерлерден емес, әйелдерден көріп, таңқалғаным бар. Олар – Қадиша, Қаратай және өз анам Іздән. Бұлардың іске тындырымды екенін ерекше айтамын. Алғашқы екі әйел күйеулері бар болса да одан ары зият істің көзін табатын. Ал өз шешем жесір болған соң оған тағдыры солай болуды үйреткен шығар.

Өзіме келмек болсам 64 жасымдағы ісім мынау. Қазір мен істеген істі қатарларым тұрмақ менен 10-15 жас кішілері де істемейтінін өмір көрсетіп жүр.

*10.08.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін балам Назарбек пен келінім Ұлбала Алматыдан Жиенбеттегі үйге артынып-тартынып келді. Бұл жұма күнге әдейі келісі екен. Неше түрлі тағам түрі мен бір үлкен қой ала келіп, Жиенбет ауылына құдайы тамақ берді, аруақтарға құран бағыштады.

*20.08.2004 жыл.*

\* \* \*

Мен өте қиын адаммын. Жаныма жалау болып, келешегімді көгертіп отырған Зәбирама кейде маза бермеймін.

Бүгін сондайымнан Зәбира Алматыға кетті. Бара салып, ашығып

қалатын болды деп, 2000 теңге беріп Анданы маған жіберіпті. Төрт күннен кейін өзі де келді шыдамай.

Екі күннен соң:

- Мен келген күні бетің ісіп қалған екен. Бүгін қайтты, - деді Зәбира. Онысы дұрыс. Зәбира мені жас балаша күтіп, мәпелеп отырғанына әбден үйренгенмін. Анау-мынау тамақты да іше бермеймін. Тамақты Зәбира дәмін кіргізіп, шебер дайындайды. Соның өзінде кейде қатты кетіп, тыныштық бермейтінімді мойындаймын.

*22.08.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін бір жаналық естідім. Біздің Шу өңірінің бір лауазымы жоғарысымақ азаматы әкесінің қайтыс болған 20 жылдығын атап өтті. Бір жылқы, үш қой сойыпты. Соған келген қариялардың иығына шапан жауып, жастарға мың теңгеден үлестіріпті.

Бұл, әрине, өлген әкесін құрметтеп атап өтуден туған шаралар екені белгілі. Бірақ бұрын ата-бабамызда болмаған мұндай қылықтың әр жерде болып қалатынын естіп те, оқып та жүрміз.

Мен «Болашаққа хат» атты шығармамды «Өлік жөнелту жайлы» көнекөз қариялардан сұрастырып, зерттеп жазған болатынмын. Соған қарағанда мына ісі артық сияқты. Егер ол әкесіне жұма сайын құран бағыштатып, туған, өлген күндері осыны қайталап отырса, 100-150 жылдықтары сияқтылар мүшелі жасында ас беріп, құран оқытып, еске алып отырса, бұл жөн сияқты.

Егер ол асып-тасып, байлығын сыйдыра алмай жатса, жесір, жетім, күнкөрісі өте төмен және көпбалалы отбасыларға құдайы етіп таратса, не көпшілік қауымға ортақ игі шаралар, мешіт, мектеп, клуб, жол, көпірге жұмсаса, не әкесінің әруағы да, ел де риза болары сөзсіз.

Қорыта айтқанда, бұл әкесінің өлгеніне жиырма жыл болғанына кеткен шығын оған адал еңбегінің жемісі емес, қисық жолмен келіп - қисық жолмен кетті деуге болады.

\* \* \*

Осы жерде басқаны айтпай-ақ қояйын. Өзім о дүниелік болған соң мені еске алу шараларын өткізгісі келетіндер болса, бұған мен қарсы екенімді кейінгіме ескерту жасаймын. Мұндай басы артық дарақылықтың орнына әрбір мүшелі жылдарым мен туған. өлген күніме орай бар жазғандарымды кітап етіп шығарып, не жазғандарым мен суреттерімді еске алу ретінде газеттерге жариялатып отырса, әруағым да, ел-жұрт та риза болатынын кейінгіме ескертіп кетемін.

*03.09.2004 жыл.*

\* \* \*

Ақселеу Сейдімбековтің «Күнгір-күнгір күмбездер» атты кітабын оқып шықтым. Тарих, мәдениет, ескерткіш, халқымыздың асыл қазынасы жайлы мол тарихи, археологиялық-этнографиялық деректерге сүйене сыр шертеді. Кейінгі жастарға бұрынғы казак халқының бағалы рухани болмысы мен салт-дәстүрін терең, тебірене отырып, ой толғайды.

Осы кітапты, әсіресе, кейінгі жастар оқып, ой түйсе болар еді, шіркін! Мұнда көп нәрсе қамтыған ғой. Сол үшін авторға рахметімді айтамын.

*08.09.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін қызым Галямның 40 жасқа толған күнін Алматыда өз үйінде тойлап отырмыз. Басқа жора-жолдас, көңіл жақындарын айтпағанда, бауырлары түгел, сіңділері, күйеу балалары Астанадан. Қарағандыдан, Отардан, Шудан келіп, бәрі Галяны құттықтап, тойлап отыр. Мен жетімдікті, таршылықты жеңіп, борыш-қарыздан құтылып, өз тізгінімді еркін игеріп, алымды-шалымды болып үй салып, соны жауып жатқанда Зәбираның 23-те, менің 24 жасымда өмірге келіп еді. Біздің отбасымызға бақ-қыдыр, жақсылықты ала келді. Одан кейін де өзімен-өзі келген жанымға жалау болып, Алланың берген сегіз баласын тәрбиелеп өсіріп, оқытып, оларды үйлендіріп, тойларын жасауда үлкен көмек көрсетті. Әсіресе, Назарбектің, Мұратбектің, Әсияның, Анданың жоғары білім алып,

осындай саналы бодуына Галямның еңбегі өте зор. Алла енді Галя мен қызы Дианана ұзақ өмір, таусылмас бақыт берсін деп тілеймін.

*19.09.2004 жыл.*

\* \* \*

Бір қақпаншы: «Қақпан салып қойып едім, соны бірдеме алып кетіпті. Сүйреткен ізіне түсіп едім, қорыс, ну қамысты тіліп отырып, ортасына мол еніп кеткенімді өзім де сезбей қалдым. Бір мезгілде байқасам, қақпан жабайы қабанның аяғына түсіпті. Бірақ ол артқа қарай көткеншектен, бір аттап, екі аттап, кейін шегініп келеді екен. Алдында бір мұртты пәле бар сияқты. Екеуі арбасып, бір-біріне аса еркін бағпағанымен қабанның көткеншектеуі алдыңғысының мысы басқандықтан болса керек. Сүйреткен ізімен келе жатқан мен мына қауіпті көрініске тап болып, не істерімді білмей, кейін қарай тура қашсам, қамыс сылдырынан мені тарпа бас салатындай болып, тыныштықты сақтап, қалт тұра қалдым. Енді не істесем екен, деген ой-тұжырым жасағанда көткеншектеген қабан да маған таяп қалғаны, Лаж жоқ, не де болса, жандалбасалап, қолымдағы қанжарды қабанның артқы санына салып кеп қалдым. Бар болғаны сол екен, қабан табанда атылып барып, алдыңғысымен опай-топай болды да кетті. Сөйтсем алдындағы мұртты пәле жолбарыс екен. Екеуі де мерт болыпты. Олжаға қарық болдым да қалдым», - дейді.

Сөзін одан әрі тағы жалғастырып:

- Бірде тағы өстіп қақпан құрып, байқаусыз отырғанымда, артымнан келіп қабан шошқа мені жұтып алғаны. Бір тәуір жерім қалтамда кездігім бар еді. Сонымен ішін жарып, іш майымен көрпеге оранғандай жерге домалап түстім. Қабанның өзі де қай онсын, анандай жерге барып құлады. Еті мен майын сатып, олжаға кенелдім, - деп бөседі.

Осы қақпаншының өтірігін естіп отырғандар ішінде менің інім Әбдіманап та бар екен. Ол өзінің тілмар, сөзқұмарлығына басып, былай деп әрлеп жеткізеді басқаларға:

- Мен бұрын Тұрғынға ілесіп, Қарабөгетте аң ауладым. Сонда көл жағасының бір қалтарысында қаз-үйректі аңдып отырғанымда, артымнан келіп, жабайы шошқаның қабаны жұтып алғаны. Ішінде тегін жатайын ба? Қалтамдағы бәкімді алып, ішін жарып, іш



майымен оралған күйі жерге домалап түстім. Іші жарылған жаралы қабан да жүріңкіреп барып құлады. Іш майы мен етіне олжалы болдым, - деп қақпаншының сөзін қайталап бөседі.

Осыны естіп отырған жұрт ішінен Әтілес деген әйел:

- Ей, қыршын-ай, соны да араққа құрттың-ау! – депті. Әтілес туа біткен зағип болған соң шошқанын қандай екенін қайдан білсін?

*01.10.2004 жыл.*

\* \* \*

Амангелді шаруашылығында қызмет істейтін Оспан Өткелбаев деген азамат бір-екі күн жолаушылап, ауылына оралған бойда, құдықтан су тартып жатқан келіншекті көреді. Соған бұрылып, жақындай бергенде екі шелек суды мойынағашқа іліп, әрі қарай жүре береді.

- Ей, құдаша, тоқтай тұр, танысайық, - деген Оспан сөзін келіншек естімегенсіп, өзі бет алған жағына кете береді. «Мына бір құдаша өзі саңырау ма, қалай?» - деп астындағы атын тебініп, қамшылай оған жетуге тездетеді. Келіншек те қасакана жеткізбей, жүрісін жылдамдатып, бет-әліетін теріс қарағанып, көрсетпей, Оспанның ұры көзін сырт көрінісіне қызықтыра жүре түседі. Одан сайын ынтық болған, құштар сезімі қозып, Оспан астындағы атын желдіре шоқытып, омыраулата алдын орай жетіп барса өз әйелі екен. Сасып қалған ол:

- Үстіндегі көйлекті қашан алғаның? – дейді.

- Өзін әперіп едін ғой, - дейді әйелі.

- А, солай ма? Мен бұл көйлекті кигенімді көрген емеспін, - дейді күйеуі. Қасында бірге жүрген атты жолдастары:

- Өсеке, бөтен құдашамен таныстыңыз ба? – деп бірінен соң бірі кекетіп, күлкіге қарқ болады.

\* \* \*

Оспан қайын жұртының ауылына барады. Сонда дастархан басында сөзден сөз туындап:

- Сендердің ауылда ұлты кәріс отбасылар бар екен. Мен кәріс келіншегін көрген емеспін. Соның ретін тауып, бірін менімен кездестір, - депті Оспан.

- Оя қолдан келеді. Женгетайлықка бізді ащы суға бір қандырсаң болды. - деп еріккен жігіттер қалжындайды. Оған ол:

- Мақұл. - деп, табанда үш-төрт бөтелке шиша алдырып, жігіттердің қалжынын шын көреді.

- Онда сен үйдің төбесіндегі шатырға шығып, жасырынып тұра тұр. Сенің бөтен екеніңді көрсе, кәріс келіншек шақырған жерге келмей қояды, - дейді жігіттер.

Сонымен Оспан үйдің шатырына шығып, жасырынады. Қыстың аязында Оспан түннің бір уағына дейін ары тұрады, бері тұрады, өзін тағы суық қысады. Жерге түсейін десе саты жоқ. Үйдегі еріккен жігіттер алын-келінмен болып, кәріс келіншек түгіл, шатырдағы тонып тұрған Оспанды ұмытып кетеді.

Түннің бір уағында Оспанның айқайлаған жан дауысын естіген біреу саты қойып, түсіріп алып, суық қысқан оны от жаққан пешке жылындырады. Ал әлгі уәде берген жігіттер болса, Оспанға әуелі сен үйіндегі әкпеізді қарық қып алғың, - депті.

*04.10.2004 жыл.*

\* \* \*

Шала сауат маған ақыл беретін кітап. Сол үшін талай 100-ден аса кітап оқыған шығармын. Соның ішінде, әсіресе, Мұқағали Мақатаев, Қарауылбек Қазиев, жапон жазушысы Рюноске Акутачава кітаптары отырсам жанымда, ұйықтасам – бас жағымда болды. Осы үшеуінің кітабын сан мәрте кайталап оқып, айналып соға берем. Жаныма өте жақын. Рюноске Акутачаваның «Мугалим мори» деген кітабын қолыма түсіргеніме көп жыл болды. Керемет ұнағаны сонша сырттағы балаларыма оның басқа кітаптарын әр қаладан іздестіріп, таппай қойғанына қатты өкіндім. Жақында «Жалын» журналы (№4, 2004 жыл) Р.Акутачаваның «Сикыршының кереметтері», «Әулие» деген новеллаларын кездестіргенде өлген әкем тірілгендей қуандым. Осыны аударған П.Бейсеновтен «Мугалим мори» атты кітабын аударған Ботагөз Қожабекова маған әсер етеді, әрине, мен жазушының шығармасының түпкі идеясының сырынан хабарым жоқ болса да. Б.Қожабекованың аудармасы ерекше ұнап, мені өзіне баурап алды. Басқа толып жатқан кітаптарды оқығанымды айтпағанда, осы үш ақын-жазушының

кітаптарын көп жыл үздіксіз ұғынып талдап, қайталап, оқысам да, ой-санама түкте жемісі дарымағанымға қорланып, өкінемін. Үшеуі де керемет дарындылар ғой! Ал мен қаншама ізденсем де, уағы өткен емен қалай бұтақ жайсын, мен де сол сияқтымын. Шала сауаттың аты шала сауат екен.

*05.10.2004 жыл.*

\* \* \*

Нақыл сөз айтып, не жазып, басқаларға түзу жол нұсқап отыратындар бар. Соны өзі іс жүзіне асырғандар аса көп емес. Егер өзі жазған қанатты сөзін өзі іс жүзіне асырып, халықтың игілігіне жаратса, бұл тіпті ең жоғарғы саналы адам.

Мысалы, бұған лайықтылар Қожа Ахмет Иассауи өзі жазған рубаяттарында (өлеңдерінде) іс жүзіне асырғанын айтып, діни тазалық жолына көп шәкірт ерткен. Бабыр да басты еңбегі «Бабырнама» мен рубаяттар жазып, өзі билік құрған жеріне лайықтысын пайдаланған. Әбілғазы (16.02.1664 жыл Шыңғысхан тұқымы) Мұхамед Хайдар Дулати, Карл Маркс, Фридрих Энгельс, В.И.Ленин, Бауыржан Момышұлының жазғандарын іс жүзіне асырып отырғандары белгілі. Мұндайларды ағай беруге болады.

Ал қазір бізде мыңнан аса ақын-жазушылар бар екен. Бұлардың да өздері жазған ақылды нақыл сөздерін өздері іс жүзіне асырғандары бар. Бірақ сирек. Көбісі құр сөз күйінде қалып жатқанын қалай жасырамыз.

Біреуге ақыл айту оңай. Оны орындау – қиынның қиыны. Мысалы, кейбір ақын-жазушылардың 12 томдық кітабы шығып жатыр. Осы кітаптарды оқып, осыдан үлгі алып, өзінің өмір жолына пайдаланбақ түгіл, оқығаны белгісіз. Сонда бұл кітаптардағы ақылды нақыл, қанатты сөздер айдалаға айтылып, айдалаға құр жазылған болып шығады. Аз да болса менің де шатпағым, соның бірі екенін қалай жасырайын.

*06.10.2004 жыл.*

\* \* \*

Көлқудықтағы үйіме үлкен мал қора салып, соны бүгін бітірдік. Зәбира екеуіміз Жиенбет ауылындағы үйге келдік. Қораны өзімнің

калауымша тұрғыздым. Балалардың қамы үшін көп мал ұстауға ыңғайлы етіп, мықты ғып тұрғыздым.

*09.10.2004 жыл.*

\* \* \*

Алматыда Мейрамбек үшінші рет пышаққа түсті. Ақыры немен тынары белгісіз болып, күдік тудырып тұр.

Ізгілік ниет көрсетпедің, тентегім,

Көркем мінезсіз өмір сүріп келесің.

Кірмесе ақылын кірмей-ақ қойсын, қайтейін,

Аман жүрші, сенен бұрын мен кетейін.

*12.10.2004 жыл.*

\* \* \*

Мұратбекті Қазақстанның Тәжікстандағы елшілік қызметінен Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігінде қызмет істеуге ауыстыру туралы Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтан бұйрық алды. Жаңа қызметі құтты болсын!

*16.10.2004 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек екі жылдық демалысын алып, үйге келді. Бізге көп базарлық әкелді. Маған көп кітаптар мен «Жұлдыз», «Жалын» журналдарының барлық сандарын әкеліпті. Осыларды оқып, бір жасап қалдым.

*27.10.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Зәбираның туған күнін Мұратбек бәріміз атап өттік. Сырттағы балалар телефон шалып, Зәбираны құттықтап жатты.

*07.11.2004 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Зәбира екеуіміздің шаңырақ құрғанымызға 45 жыл. Мұратбек Ташкенттен телефон шалып, құттықтады. Басқа да сырттағы балалар бізді құттықтап жатты. Әрі Қарағандыдағы кенже

кызым Әсияның туған күні, ол 28 жасқа толды. Оны да құттықтап жатты. Отардан Дания Қарағандыға барып, Әсияны туған күнімен құттықтады.

*13.12.2004 жыл.*

\* \* \*

Әрбір жазушыға тән менің де алдымнан да «нені жазуға болады, қалай жазсам екен» деген сұрақ көлбеңдейді. Өмірде шынайы, таза адамгершілік пен жиреністі хайуандық қасиет, жезөкшелік, тоғышарлық, анайы қиянаттың неше түрі жымдасып жатады. Осылай жақсы-жаман болып келетін, екіге бөлінген кейіпкерді суреттегендей, әрбір жазушы да өзінің артық-кеміне анда-санда бір соғып, сыр беріп отыруға тиіс деп ойлаймын.

Өйткені, жазушы да пенде, кемшіліксіз адам болмайды, бірақ менің байқауымда жазушының көбі сүттен ақ, судан тұнық сияқты аса сыр бермейді. Бұған қоса шектен тыс шындыққа жанаспайтын, өмірде болмайтын нәрселерді жазып, оқырман қауымды түсініксіз, сезімсіз санағандай тым өтірікке кейбіреуіміз баратынымызға мен ұяламын. Шығарманың негізгі өзегі шындықтан құралуы керек емес пе? Мен өзіме-өзімнің көңілім толмай, жазғандарымды шатпақ санаймын. Өйткені менің білімім шектеулі, болған оқиғаны, естігенімді, елден жиган-гергенімді, өз ойымды кейінгіге жеткізуші ғанамын. Суреттеп жазу менде жоқтың қасы. Егер жазғандарымда шындыққа жанаспайтын жері болса, менің қосқаным емес, маған айтқандардың артық-кемі, деп түсінсін оқырман қауым.

*17.12.2004 жыл.*

\* \* \*

12.05.1993 жылы Шапырашты Қазыбек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты кітабы қолыма түсті. 16.05.1993 жылы оқып тауысқанда одан алған әсерім өте ерекше, зор болды. Содан соң Алматыға әдейі барып, «Жалын» баспасынан он кітап сатып алдым. Әрбір балама бірден беріп, оқыған соң жоғалтпай, кітап қойғышына сақтап қоюын тапсырдым. «Мойынқұл» шаруашылығындағы (бұрынғы «Дружба») Жеңістің 30 жылдығы атындағы орта мектеп директорына «Түп-тұқияннан өзіме шейін»

кітаптың бірін сыйға тартып, қазақтың іргелі ел болғанын, ел қорғайтын ерен ерлер тудырған қаһарман халық екенімізді дәлелдеген мына тарихи кітапты оқушыларға оқып, көрсетіп, насихаттауын сұрадым. Құдайдың құдіреті, осы кітап маған сұмдық әсер етті. Жоңғар езгісінен қазағым қалай азат ету жолында жеңіске жеткізгеннің түп-төркіні ынтымақ-бірлік екені мына кітапта сұмдық, көз жеткізе, тамаша баяндалады.

Бұрын мен бұл кітапты талай мәрте қайталап оқығанмын. Сонда кітапты даттағандар үшін «Жабық дерек» деп мақала жазғанда, соған да аздап өз пікірімді білдіргенмін. Енді, міне, бүгін тағы қайта оқып, күнделікке өз ойымды қосып отырмын.

Өйткені Қазыбек Тауарсарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты естелік кітабы 12 жыл болды жарық көргеніне, әлі шынайы бағасын толық алмағаны мені мазалайды. Хан, би, батырлардың туған, өлген жылын және қай жерге жерленгенін, тағы да неше түрлі соғыстардың жеңісінің де қанша жыл болғанын, демек осы кітап арқылы біліп, соған көз жеткізіп, белгі тұрғызып, құран оқытып, ас беріп, ат шаптырып, неше түрлі мерей той шараларын атап өткізіп жатса да Қазыбектің ерен еңбегі елеусіз қалуда.

Бұл кітапты мақтаушылар да, даттаушылар да баршылық. Қазыбек бек әуелі өз атасы Мағайдың жазып кеткен аға шежіресінен алса, екінші хан, би, батырлардың жоңғар езгісінен азат ету жолында жан беріп, жан алысқан керемет іс-әрекетін, өзі көрген-білгенін және өзі де араласқанын кітапқа жазғанын оны жақтаушылар танып, түсініп құптауда. Ал кітапты даттаушылар болса да қазақ халқына ортақ игі істен гөрі, өздерінің жеке басының атақ құмарлығын биік ұстап, менсінбейтін менмендік тудырып, іштарлық қызғанышын қоздырып, тағы бұған қоса Абылай, Жолбарыс хандар мен Ханкелді батыр сияқты басқалардың да арғы тегі жайында жазған шын ақиқат оларға жақпағанын көрсетеді.

Кім болса ол болсын, неше түрлі ересен, керемет, тамаша қабілетінен бұрын, әуелім, адамгершілігін алға тартуымыз керек деп ойлаймын. Мысалы, батырлардың батыры Бауыржан Момышұлы мен ақындардың ақыны Мұқағали Мақатаевты әуелі халық адамгершілігін танып, сол арқылы жақсы көретіні белгілі.

Сол сияқты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме

шейін» кітабында оның адамгершілігі зор екені көрініп тұр. Шежіре жазғанның өзінде. Мен төмен жағына бармай (Ұлы жүзді айтады) Арыстың Ақтан басқасының тұқымының жайында әдгімелей кетейін (46-бет). Бұл Орта жүз бен Кіші жүз шежіресіне жол беріп, ізет сақтағанын көрсетеді.

Осы шежірені өзіне шейін 90 атаны (126-бет) таратып жазу үстінде де мұндай ізеттілігі жиі кездесіп отырады. «Менен ешқандай терен ғұлама шықпайтынын білдім» (154-бет). «Суретшілік өнерді де байқап едім, ол маған қонбады. Бұл жөнінде Өтен (Өтеген) менен әлдеқайда өнерлі болып шықты». (164.165-беттер). «Мен Бұқар ағаның өлеңін хатқа түсіру арқылы өзімнің зор бір кемшілігімді аңдыдым». (422-бет) Міне, өзінің осалдығын мойындағанның өзі сұмдық тамаша, адамгершіліктің көрінісі емес пе? Ал енді «Түп-тұқияннан өзіме шейін» кітапты ең бірінші «Қазақ әдебиеті» газетінде жамандап жазған Қабдеш Жұмаділов пен 13.02.2004 жылы көгілдір экранда «Шынның жүзінде» бағдарламасын жүргізген Қасым Аманжолұлы.

- Сіздің 12 томдық кітабыңыз жарық көреді екен. Бұл даңққұмарлық емес пе? Бұл кітаптарда өтірік жазған тұсыңыз болды ма? Тіпті осы өміріңізде қателік жасап, оған кейін өкінген кезіңіз болды ма? – деді.

- Мен шекара асып, сырттан келген жазушымын. Жазған шығармаларымда өтірік жоқ. Және өмірімде қателік жіберген емеспін, - деп кесіп айтты жазушы.

Осыны көріп, тыңдап отырған мен «Мен де пендемін ғой, пенделігім болған шығар» деп айтатын шығар деген ойым бекер болғанына өкіне таңғалдым.

«Мұхамбет пайғамбар» атты кітапта (Алматы. Жазушы. 1991 жыл. 75-бет) Пайғамбардың артық-кемі 72-73-74-75-84 – беттерде толық ашық жазылғанда. Қабдеш Жұмаділов періште болғаны ма, оқырман қауым.

«Алты ұлды екі-екіден еншілес етіп қойған ата жаугершілікте оларға 100-ден әскер беріп, қол бастаған деседі. Үш жүз осыдан қалған». (37-бет). Әсіресе, Азық тұқымынан тараған Барлас ұрпағы Ақсақ Темір (100-бет). «Түріктерден де көңілім қалды. Бұлар да парсылар, арабтар сияқты өз туысқандарын алады екен» (165-

бет). «Батырлар көп, оның ішінде Бөлек батырдың ерлігі ерекше. Бөлек Анырақты жекпе-жекте өлтірді» (қалай айқасқанын толық суреттеген 255-256-беттер). «Бөлек Долоңқараны жекпе-жекте өлтірді» (тағы түгел қалай айқасқанын 263-264-беттер). «Қасқара Боролдойды жекпе-жекте өлтірді» (277-278-беттер). «Жекпе-жекте Наурызбай салған көксүгі Қаскөлең жауырынан жықты» (279-бет). «Наурызбай Шамалды жекпе-жекте өлтірді» (288-бет). «Қабанбай 67 жасында Арқауылды жекпе-жекте өлтірді» (түгел суреттеген 360-361-беттер). Мұндай айқастың неше түрі кітапта өте көп. Өзі көзімен көріп, басы-қасында болғанын, жан берісіп, жан алысқан соғыстың неше түрлі тәсілін түгел кітапта қамтылғанын баяндап жазса да, Қабдеш Жұмаділов, Бигелді Ғабделлин сияқтылар кітапты жамандап жазды. Мен бұған қосылмаймын. Егер ағат кеткен көлеңкелі тұстары болса, төрт рет көшіргенде кеткен қателік деп ойлаймын. 2000 жылдың қазанында Әл-Фараби ағындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіндегі «Қазыбек бек Тауасарұлы – тарихи тұлға, ғалым және ақын» деген тақырыпта ғылыми конференциясында тарих ғылымының докторы, профессор Талас Омарбеков баяндама жасап, тура бағасын берді. Сонда келтірген оның төрт тұжырымдамасы өте дұрыс, орынды деп ойлаймын. Ол берген шынайы баға «Қазыбек бек Тауасарұлы – тарихи тұлға, ғалым және ақын» деуін қазақ халқы толық қолдайды, деп ойлаймын. (Алматы. Қазақ университеті, 2001 жыл. 10-18-беттер). Талай тарихи кітап оқып жүрмін. Мұндай өзі көрген-білген, өзі араласқан, көп жылғы жан беріп, жан алысқан соғыс тәсілдерін дәлме-дәл жазғанды бірінші кездестірдім. Сол үшін қазақ халқы және кейінгі ұрпақ «Қазыбек бек Тауасарұлын келешектен келешекке құрметтеп отыру – біздің борышымыз» деп есептеймін, оқырман қауымым.

*27.12.2004 жыл.*

\* \* \*

2004 жылы ел аман, ал өз отбасымда Мейрамбектен басқамыз, осы жылы да ауру-сырқаудан аманбыз. «Басы аманның малы түгел» деп, Аллаға шүкіршілік етіп келеміз. Үй ішілік тың жаңалықтар болса да, күнделікте айтылған.



\* \* \*

01.05.1999 жылдан бастап 01.01.2005 жылға дейін күнделік жазып, бір үлкен дәптерді тауысып отырмын. Осыған қысқаша тоқталып өтейін. Мұның ішінде өмір-өзен ағымының сан қырынан ой-толғаныстар кездеседі. Өз отбасымның ішкі-сыртқы сырынан бастап көргенімді, естігенімді, не істегенімді, ойға, көкейге түйгенімді, өзім араласқан үлкен-кіші, лауазымы жоғары-төмен адамдардың сан-алуан ұлағатты, көреген артық-кем сөздерінен алған тұжырымдарымды, оқығандарымды, өмірдің неше бір қыр-сырынан ой толғап, сыр тартып, сын пікіріммен бірге кейбір жазған шатпағымды да күнделікке қостым.

*31.12.2004 жыл.*

## **ЕКІНШІ КҮНДЕЛІК**

\* \* \*

01.01.2005 жылды өз үйімде қарсы алдық. Балалардың бәрі сыртта болғандықтан телефонмен Зәбира екеуімізді жана жыл мейрамымен құттықтады. Екі жеңгем Ташен мен Күләнді шақырып алып, 01.01.2005 жылдың алғашқы секундын қарсы алдық. 2005 жылда ел-жұрт аман, Отан тыныш болып, халқыма зор денсаулық, ынтымақ, бірлік-береке әкеліп, еңбекте мол жемісті, ой-мақсатымыз орындалған бақытты жыл болсын деп тілек тіледік.

\* \* \*

Қасымызда тұратын Мейрамбек баламыз да жаңа жылды бізбен бірге қарсы алуға шақырғалы үйіне барсақ, олар жоқ. Сөйтсек, қасында тұрған бізді емес, әйелі Раисанын Көктеректе тұратын төркінін жаңа жыл мерекесімен құттықтауға кетіп қалыпты. Оған не дейсің?

*01.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігінде қызмет істейтін, демек, балам Мұратбектің үйіне баруға Зәбира екеуіміз жолға шықтық. Түнгі сағат 12-де поезге міндік. Алла жол бере гөр.

*14.02.2005 жыл.*

\* \* \*

Күндізгі сағат 2.5-да Сарыағаштан Мұратбек, Әлия, Ниетжан, Тоғжан, тағы жолдастары бар, екі жеңіл машинамен бізді поездан күтіп алды. Ташкент қаласындағы Мұратбектің үйіне келдік. Үйі төрт бөлмелі кең, тамаша екен. Немерелерім мен баламды көріп, төбеміз көкке жетті. Жақсы демалдық.

*15.01.2005 жыл*

\* \* \*

Бүгін Мұратбектің 30 жасқа толған күні. Күндіз қар жауып тұрғанда Зәбира, Мұратбек, Әлия, Ниетжан, Тоғжан бәріміз Төле би жерленген жеріндегі ескерткішіне барып, құран бағыштатып, әруағына шырақшысы Шенгелбайға көп садаға бердік. Шенгелбай бұрын қатты сырқаттанып, Төле бидің басына барып, бас ұрған соң жазылып кетіпті. Бұдан кейін Төле бидің шырақшысына айналған Шенгелбай қазір 53 жаста екен. Шешесі айдаладағы шенгел ішінде туған соң атын Шенгелбай қойыпты «Төле би тарихынан қысқаша сыр бере келе, мына атам мұнда тегін жатқан жоқ. Ташкент қаласы бұрын қазақтыкі болғандықтан соны ұрыс-керіссіз алып беремін деп жатыр» - деді біз сияқты барған көп адамдарға.

- Қой, ондай сөз айтпаңыз. Біздің қазақта жер де, қала да жетеді. Кейінгі ұрпақ тыныштықта, ұрыс-талассыз бейбіт өмір сүрсін, - дедім.

- Жоқ. Біз кедергісіз кеңес өкіметінен қалай бөлініп, тәуелсіз ел болдық. Сол сияқты Алланың жақсылығымен Ташкент қаласын да сәтімен қайтарып аламыз, - деді Шенгелбай.

- Оның дұрыс. Бірақ оның жөнге келмейтін сияқты. Өйткені, шекараны белгілеп, хаттамаға қол қойылып қойды ғой, - дедім.

*16.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Зәбира, Ниетжан, Тоғжан төртеуіміз Ташкент қаласын араладық. Мұратбек неше түрлі көп газет-журнал әкеліп берді. Соларды оқып, серігіп қалдым.

*17.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек машинасымен бәрімізді Әмір-Темір музейіне апарып, соны аралатып көрсетті. Ерекше әсер алдым. Парк ішіндегі Әмір-Темірдің атпен тұрған ескерткішін қызықтап көрдік. Ертеректе Әмір-Темір қабірін ашып жатқанда үш ақ киімді шалдар келіп: «Мұны неге ашасындар? Егер ашсаңдар, алапат соғыс болады» - деген. Москвадан келген оншақты сарапшылар ішіндегі Садиддин Айна шалдарды қуып жіберген. Қабірді қазғанда алғаш бос табыт шыққан. Әдейі алдау үшін қойылыпты. Оның астын қазғанда шын табыт шыққан. Оны ашқанда өздігінен жеңіл ашылып, тұман сияқты бу көтеріліп, сарапшылар қашқан. Әмір-Темір тегін адам емес екенін сезіп, жанағы ашуға қарсы болғандарды іздеп, тапнай қойған. Содан соң бір-екі күнде Отан соғысы басталған. Сталин Әмір-Темір сүйегін тікұшақпен Москва, Ленинград, Сталинград қалаларын үсті аралатып «ырым» жасатыпты. Сталин бұйрығымен бір миллион сом қаражат бөлдіріп Ақсақ Темір және оның тұсқандарын барлық сән-салтанатымен 1942 ж. 20 желтоқсанда қайта жерлеген деген сөз бар.

Мұның шын-өтірігін Алла білер.

*19.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Бүгін өзбек халқының құрбан айт мерекесі. Өзбекстандағы қазақ ақындарының жыр кітабы «Алтын алқа» атты кітапты оқып тауыстым.

*21.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Ташкент қаласындағы «Шымыр» ағамыздың бейігіне Зәбира, Мұратбек, Әлия, Ниетжан, Тоғжан бәріміз барып, құран бағыштап, рухына бас идік. Шырақшысы Сұлтанқожа деген 81 жастағы қазақтардың ішінде тұрған өзбек екен. Алғаш мен:

Қай ұлтсыз,- дедім.

- Түбім жоқ, өзбекпін, - дегені. Баласы жоқ болған соң «түбім жоқ» дегені ғой деп ойладық. Мұратбек сейфке салайын - деген бір уыс ақшаны қолынан көріп:

Мына құдайы (садаға) ақшаны жәшікке салмаңызшы? Орталықтан өкімет өзбектер келіп, «елдер салған құдайы (садаға) ақшаны өзіміз аламыз» деп құлынтап кетті, - деді. Содан соң өзі алайын деп дәметкен соң Мұратбек Шымыр ата қабірінің қасына құдайыға көп ақша қойды.

Шырақшы Сұлтанқожа бізге риза болып, шай ішуге шақырды. Біз барғанымыз жоқ. Шымыр ата күмбезі мен мешіттің қашан салдырғанын және Шымыр атадан тараған аталарды түгел Өмірбек Бәйгелдиев жаздырғаны толық көрсетілген. Үлкен дәптерге кімдердің барып, Шымыр ата рухына бас игендердің аты-жөні мен қай күні барғандарына дейін толық жазылып тұрады екен.

Мен де осы дәптерге бәріміздің аттарымызды, Шымырдың Бекболатынан екенімізді, қай күні келіп Шымыр атамыздың рухына бас игенімізді толық жазып, қолымды қойдым. Шымыр ата мешітіне барып құран бағыштағым.

*23.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Үйде газет-журнал оқыдым. Маған Мұхтар Әуезовтың мына бір ойлы сөзі әсер етті. «Еркектер құлдырап, кейін кетіп барады екенбіз, әйелдер озып барады. Базанова, Бейсалиева, кейін өсіп келе жатқан Мәскеңдер, партия – совет жұмысында жүрген әйелдер – бұлардың бәрінде білім бір болса, тіл екі бар». Осыларды ойлап отырып, тағы бір есіме алғаным – осы бала туатын әйелдер жұмысбасты болып, бірер баладан артық перзентті болмайды, тұқым бере алмайды – дейді.

Мұхтар Әуезов («Ана тілі» газеті, №6, ақпанның 5-і-11-і 2004 жыл) «Мен білетін Әуезов». Данабике Байқадамова.

Еркектерден әйелдер озып кетпек түгіл қазір шаң қалтырып кетті. Басқа толып жатқан кері кеткен іс-әрекеттерін айтпағанда, қызмет не жай жұмыс істегендер емес, үйінде қарап отырған әйелдер бала тумайтын болды. Туса да бір-екі баладан асырмайды. Күйеуімен бірге жатқанды жақсы көреді де, бала туғанды жек көретін өзі би, өзі қожа білерман әйел көбейді. Шіркін осыдан 60 жылдай бұрын осыны ойлаған Мұқаң қандай данышпан.

*25.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Ташкент қаласын аралап көргендегі байқағаным, кошелері кең, машина түрлері аз болған соң тоқтаусыз кедергісіз ағылып жүруде. Біздегідей қаптаған көліктің кесірінен кідіру жоқ. Бұрынғы үлгідегі тамаша ғимараттар көп. Біздің елдегідей жартылай жалаңаш киінген қыз-келіншектерді көрмейсің. Басқа ұлт өкілдері де баршылық. Олардың өздері өзбектің салт-дәстүрін, дінін, тілін сақтағанын көпшілік орындарда көзің көреді.

Біздегідей қазақ пен қазақ орысша сөйлеу түгіл, біз мінген таксист, бізді өзбек деп қалды ма, бізге өзбек тілінде жауап берген соң:

Сен өзбексің бе? – дедім.

Жоқ, гректін. – дегені. - Алыстағы ауылдан келіп, осында күн көру үшін таксист болып жүрмін. - деді өзбекше сайрап.

Өзбек халқы өзінің салт-дәстүрін, дінін, тілін өте мұқият сақтап, басқа ұлт өкілдерін де соған ынталандырып қойғанын әр қадам басқан сайын сезгендей болдым. Біз кәріс, түрік ресторандарында болып тамақтанғандағы байқағаным, бәрі өзбек әдеп-ғұрыптарына, салт-дәстүріне, тағам түріне, дініне, тіліне дейін беріліп тұрғанын көзің көреді.

Қай жер болсын сол жер, мейлі көпшілік орны болсын, біздегідей дәретханасы ақылы емес, тегін.

Біздің ел олардан қаншама бай болсақ та, содан қоғам бүйірі шығатындай, дәретхана ақылы екені жасырын емес. Кәріс ресторанына отырғанда Мұратбек қалта телефонын ұмытып қалдырып кетіп, қайта барса, бізден кейін екі мәрте ауқаттанғандар ауысса да қалта телефоны ұмытылған жерде әлі тұр екен. Тауып әкелді.

*27.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Үйде газет-журнал оқыдым. Тараздағы ауруханадан Мейрамбек шығып, үйіне келді дегелі екі-үш күн болды. Забира соны ойлап ұйықтамайтын болды.

Неге ауруханадан Мейрамбек ерте шықты? - деп баласын көп ойлайды. «Іштен шыққан шұбар жылан» деген киын екен. «Жемесе

де май жақсы, бермесе де бай жақсы» деп артымызда қалсын деп Алладан тілек тілейміз.

Сондықтан маған: «Балаң Мұратбектен рұқсат сұра, ауылға қайтайық» - деді Зәбира. Мұратбек бізді «Сарыағаш» курортына демалдырамын» - деп жібермей отырған болатын.

Біз өмірімізде демалып көмеген жандармыз. Бұрын да Зәбира екеуімізді «Мерке» курортына зорлап апарып Мұратбек демалдырған болатын. Енді «Сарыағаш» курортына апармақшы. Мұны білген балаға да рахмет. Сонымен түсте келгенде Мұратбекке:

Мына анаң екі-үш күн болды Мейрамбекті ойлап ұйықтамайды. «Сарыағаш» курортына демалуға кейін келерміз. Біз ауылға қайтайық, рұқсат бер, - дедім.

Құдай сақтасын, балаңызды ойлай бермесендерші. Ең болмаса он шақты күн демалыңыздар, - деді Мұратбек.

Баласын көзімен көргенше көңілі тынатын емес Зәбираның, ауырып қалатын болды. - дедім.

Ой, болмадыңыздар ғой - деп қиналды Мұратбек.

Ата, ана, жібермеймін! - деп немерелерім Ниетжан мен Тоғжан да кететінімізге қиналып жүрді.

Сонымен ауылға қайтуға әрең рұқсат берді балам. Бір суретшіні үйге әкеліп Мұратбек бізді жүзден аса суретке түсіртті. Кешіне Ташкент қаласын тағы аралатты. «Эфенди» көне ресторанына, одан кейін «Лавас» деген түрік ресторандарына (жеткізіп, қайта-қайта бізді тамақтандырды. Түнде қаланы жаяу аралап), үйге келдік.

*28.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Зәбира екеуімізді Мұратбек, Әлия, Ниетжан, Тоғжан, тағы бір жолдас жігіті бар, Сарыағаштағы поезға кешкі сағат 5-те мінгізіп, шығарып салды.

Құдайдың мұнысына шүкіршілік айтып ауылға қайттық.

*29.01.2005 жыл.*

Ертеңгі сәт сағат 6, 5-те Шу қаласына түстік. Жиенбет ауылына сағат 10 шамасында келіп, әуелі жолдағы Мейрамбектің үйіне кіріп, жағдайын білдік.

Құрал Алдабергенұлы деген ағамыз 29.01.2005 жылы күндізгі сағат 1-де өмірден озыпты. Өзі Шу қаласында тұрады. Соны бізге табанда хабарлады. Ертең жерлейді екен. Соның жаназасына Зәбира екеуіміз қайта жолға шықтық.

Он жеті жыл би болған, әрі бағыр Досқожа бидің Құрал немересі ол 26. 12. 2002 жылы үйге әдейілеп келіп, қайтыс болған жағдайда өзін қалай жерлеу, қалай жүргізу керек екенін аманат етіп еді. Марқұмның өз аузынан шыққан өсиеттің ток етері, мынау еді:

«Біздің ата-бабамыз бұрын Мойынқұмда (құм өңірі) көшіл-қонып жүретін.

Марқұмдарды жерлегенде төрт бұрышты қылып қазып, соның дәл ортасын шапжарды ғып адам бойымен еніне лайықты етіп тағы қазатын. Соған өлген адамды қойған соң, ағаш атаулы жоқ кезі, тек сексеуілдің сары жігерісінен жуан-жуандарын қатар-қатар, ете тығыз қойып, оның бетін 4-5 қабат киізбен жауып, содан соң топырақпен көметін. Бұлай жерлеу, сонда ауа райының неше түрлі құбылуына сыр бермей, мәңгі тұратын.

Ал қазір төрт бұрышты қылып қазып, соның жанына қарай тереңдете үй құсатып үңгіп, марқұмдарды қойып жүр. Бұл қатты опырылып, төмен түспейтін жер болса дұрыс, бірақ мұның өзі түптің-түбінде жауын-шашын, қар ерігенде, не жер сілкінісіне төтеп бермей, мүрделер үнірейіп, не аласарып, адам сүйегін топырақ басып қалатынын көзіміз көріп жүр. Әрі қорған, күмбез қоршауды топырақ үйілген төмпешікке орнатады да адам жатқан жері сыртта қалады. Оның үстіне ақымын үңгіп қазып жатқанда топырақ басып қалып, көр қазушының өлгендері де бар.

Сол үшін жерімді төрт бұрышты, ортасын тағы «шапжарды» ғып қазып, мені қойған соң биіктігі мен малдас құрып отырғанда төбем тимейтіндей болсын. Қабырды шпалдармен қатар-қатар бір-біріне тақал қойып, оның бетін үш-төрт қабат кара қағаз, не целлофанмен жаптырып көмгіз» - деді Құрал.

Осыны орындау үшін Құралды шығаратын Шу қаласына түс

қайтқан кезде жеттім. Ташкент қаласынан келіп, тура қазаның үстінен түстім. Марқұм екеуіміздің ниетіміз қалыс екен. Құралдың әйелі көп жыл бұрын өмірден қайтқан болатын. Құдайға шүкір. Құралдың 4 ұл, 5 қызы бар. Бәрі үйленген, жайланған. Тек үлкен ұлы үш-төрт жылдай бұрын қайтыс болып, оның да балалары бар.

\* \* \*

Барған мезетте маған марқұмды жерлеу жөнін жеткізген Құралдың Тұрар деген ағасының баласы - Марат болды.

Сізге айтқандай, өзін қалай жерлеу керегін маған да ескерткен болатын. Сол аманат өсиетін айтсам Шу қаласының имамы (ұлты өзбек) дұрыс деп таппады. Бұрынғыша жерле деп. Көрін кеше бастап, бүгін әлі қазып жатыр.

Оның үстіне бұл жақтың жері құмақ екен. Қыс қысып, қақап тұрған аяздың өзінде көрдің енді адам жататын үйін үңгіп қазып жатқанда ауыз жағындағы топырақ опырылып түсіп, бір көр қазушыны жазым ете жаздапты. Құдай сақтаған.

Тағы да ұлдары тұрғанда қызының үйінен Құрал ағам неге шығады? – деп кеше айтып едім. - ұлы, қызы, күйеу балалары - бәрі де жабылып мен айтқан тілекке көнбейді. - деп Мұрат маған мұнын шақты.

Содан соң мен Қарағанды қаласындағы бір заводтың екінші бастығы болып қызмет істейтін Самат деген баласы, тағы басқа күйеу балалары бар, бәріне әкесі Құралдың айтқан аманат өсиетін жеткіздім.

Самат Қарағанды қаласынан таңға жуық келіпті.

Аға, бұл жақтағылар мен келгенше көрін қазып бастап қойыпты. Бұрынғыша жерлейік деп шешіпті. Біз, екі ұл, Қарағанды қаласында тұрамыз. Мұнда бір ағам мен өлген ағамның үйі болғанмен әкем өзі осы өлігі шығатын қызының үйінде жүрген. Сондықтан өзі тірі кезінде жүрген үйінен шықсын деп келісім бердім, - деді Самат. Міне, сөйтіп «Өлінің тілін тірі алмайды» - деп Марат екеуіміз марқұм Құралдың табыстап кеткен өсиет аманатын орындай алмадық.

«Өлгеннің өсиетін орындамай, тірілерден өлгенін жақсы жөнелтті» деген сөз естігенше, «өлгеннің өсиетін орындап,



тірілердің өлген адамның рухына бас игені мын есе артық еді» - дедім Саматқа.

\* \* \*

Бұл өмірде баланы ұл-қыз деп бөлудің қажеті жоқ екені де рас. Бірақ екеуінің де өзінше орны бар екені тағы рас. Біздің қазақ халқының салт-дәстүрі тамаша, қашаннан талғампаз, әрбір сөзді өз орнымен сөйлеп, әрбір істі орынды шешеді ғой. Өйткені, ұлдары тұрып, қызының үйінен марқұмды шығарғаны несі дейтін де баршылық.

Табиғи тәртіпке жүгінсек, ұл деген сол әке-шешесінің шаңырағының иесі, ал қыз болса, басқа елдің түтінін түтетіп отырғаны белгілі. Бұл - табиғи заңдылық. Бұған ұл да, қыз да бағынуға тиісті.

Бұл жерде ойлы көзбен қараған адам екі жағын тең түсінеді.

Мысалы, Мараттың: «Неге Құрал ағам ұлдары тұрғанда, қызының үйінен шығады?» деуінде заңдылық бар. «Түйе де жөніне шөгедінің» кері.

*30.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Ағамыз Құралды ақырғы сапарға шығарып салдық. Аға, кешір, өсиет-аманатыңды орындай алмадым, деп ішімнен бала-қыздарының көзінше өз білгенімше үш рет рухына құран бағыштадым.

«Бала деген бар болсын, арғында калсын» - деп әр нәрсе ойыма келіп, осындайда кейде «бала деген де әшейін бе» деп қалдым. «Өмір шіркін, сырың көп-ау!» - деп өзімнен-өзім қапа болдым.

Түс мезгілінде Жиенбет ауылындағы үйге келіп, қайта жиналып, Төле би селосында тұратын Әлияның үйіне барып қондық.

*31.01.2005 жыл.*

\* \* \*

Галя «Біздің үйге келіндер» деп шақырған соң Зәбира екеуіміз поезбен Алматыға бардық. Ендігі менің жұмысым күнбе-күн шыққан газеттер мен журнал, кітап оқу.

*01.02.2005 жыл.*

\* \* \*

Салтанат деген қарындасым үйіне шақырды. Зурақұл жеңгеміз мені көріп, көзіне жас алып, көңілі босады. Көзкөргендер де қалмай бара жатыр ғой.

Қаншама балаң, жақын, бірге туғандарын болса да, өмірлік жан жолдасынан айырылған қиын екен.

Шалы Байтөре кеткелі Зурақұл жеңгеміз жетімдік көргенін маған қайта-қайта айтып, мұның шақты. «Қосағыңмен қоса ағар» деген осы екен-ау! Төрт ұлы, үш қызы болса да шалын жоқтап отыр.

*06.02.2005 жыл.*

\* \* \*

«Азамат» деген кітапты оқып тауыстым. Кемел Тоқаевтың тамаша қасиеттерін ашып жазған. Әсіресе, жетімдіктен Кемел ағасы Қасым екеуінің көрмеген қорлығы жоқ екенін баласы Қасымжомарт сұмдық сыр шертеді.

Осыны оқып отырып өзімнің де жетім күнгі (шешем мен інім сырқат, екі қарындасым жас) бесікпен белім шықпай көрген қиыншылығым ойыма түсіп, көзіме жиі жас алған сәттерім болды.

Осы әкесінің аянышты сәттерін ойына алып, соны кітап етіп шығарған Қасымжомарт Тоқаевқа рахметімді айта отырып, бізді де еске алатын бала бола ма екен» деген ой көңілімді босатты.

*08.02.2005 жыл.*

\* \* \*

«Алматыға барғанда» атты әңгіме жаздым. (Алматы қаласы, Достық көшесі, 50 үй, 22 кв.)

\* \* \*

«Өркімді жалғыз қайғыдан сақтасын – көппен көрген ұлы той» деген мақал бар. Мешін жылғы аштықтан қазақ халқының үштен екісі (3/2), Ұлы Отан соғысында елу миллион ел қырылды. Сонда мұның несі той?

*09.02.2005 жыл.*

\* \* \*

«Ауылында қариян бар ма» дегендей, осы сөзге лайықты әрбір ауылда қариялар бар ғой. Сол сияқты ауылымыздың белгілі қариясы Сары Хасенұлы өмірден өз орнын ерекше алған ағамыз еді.

Оның, әсіресе, марқұмдардың әруағына, жетім-жесірге, нашар-кембағалға, ағайынға, ауылына деген көзқарасы орнықты еді.

Бүгін соның қырқына қатысып, балдарына былай дедім:

Жоғарғы лауазым жетегіне жүре бермей, соның арасынан уақыт тауып, анда-санда әкең Сары ағамыз құсап, еліне, ауылыңа, туған жеріңе атбасын бұрып, «Тіріге - көңіл, өліге - бата» дегенді білдіріп қойыңдар.

«Дүние шіркін ешкімге көптік етпейді». онда да осыны ұмытпандар деген бірталай сөз айтып, ағам Сары Хасенұлы рухына бағыштап құран оқыдым.

*11.02.2005 жыл.*

\* \* \*

Ташкент қаласынан Мұратбекпен телефонмен сөйлесіп жағдайын білдік. «Баласы жоқ бір қайғы, баласы бардыкі мың қайғы» деп әр баланың аман-есен екендігін естігенде бір жасап қаласың.

*04.03.2005 жыл.*

\* \* \*

Әбіқұл Ибрагимовқа барып, қолжазбаларымды беріп, кітап етіп шығаруға 1000 долларға келісіп, алдына 300 долларын өткіздім. Менің жазғандарымды ұнататынын және білімсіз қарадай жүріп жазғаныма сүйсініп, сол үшін жақсы көретінін айтты. Мен оған ішімнен мың да бір рахмет деп отырдым.

«Адамды адам шын бағалай білу де қалыстық қой». Маған Әнуарбек Жүнісәлінің екі өлең кітабы мен Нағашыбек Қапалбекұлының «Ұлағатты ұшардақты» атты кітаптарды сыйлады. Үйге қайтарда кітап дүкенін аралап, Бексұлтан Нұржекеұлының «Бейтаныс әйелдің құпиясы» атты кітап сатып алдым.

*10.03.2005 жыл.*

Сауыткүл қарындасымның туған күнгі сөзім:

Сауыткүл 05.03.1953 жылы Сталин өлген күні туған. Атын өзіме ұқсастырып өзім қойдым. Онда мен 13 жаста едім. Шешем мен інім ауру, жағдайымыз өте ауыр болса да лаж жоқ, төрт жетімнің үлкені болған соң қабырғам қайысып, омыртқам майысып жүріп шаруашылыққа ерте араластым. Осы үш бауырымның ешқайысысын ешкімнен кем қылмай бағып өсірдім. Сауыткүл Жамбыл (Тараз) қаласындағы статтехникумға (есепші мамандық) түсемін деген қарсылығына көнбей, алғашқы танысым берген қаражатымды алдап алып кетсе де қайта шығынданып жүріп, әрен дегенде жаңадан ашылған пединституттың (мұғалім дайындайтын мамандық) ағылшын тіл мамандығына түсірдім.

Сол кезде екі-екіден қойдың етін тасығанымды айтпағанда, сол уақытта көлік деген сирек болатын, соның өзінде бір жолы бір жылқының тұтас етін көліктен-көлікке артып жүріп, Жамбыл қаласына осы қарындасым үшін әрен жеткіздім.

Ой, шіркін, неден болсын қайтпайтын жалынды жастық кездегі қайран ерен еңбегім-ау! Осыған бүгінгі күні өзіме-өзім таң қаламын.

Менің қарындасымдай әркімде бауыр бар ғой. Бірақ мен құсап еңбек етуі сирек. Сонда мына менің қарындасым отыр ғой, осының жолдас қызы Лесті әкесі Мерген мен ағасы Токтасын маған табыстап, ілестіріп жіберді.

Сауыткүлдің статтехникумға оқуға түсем деуінің өзі Леске еліктеуі еді.

Сонымен Сауыткүл оқуын бітіріп келгенде «Қай ауылды қалайсың, сол жерден саған орын ашып беремін» дегеніне шешем Іздән марқұм мұндаға дейін «Сәуентайым таңдаған мамандыққа орын көп екен» деп айтып жүрді. Әрине, ол кезде ағылшын тіл маманы өте сирек екені де рас болатын.

Міне, қазір де ел жұмыс таппай жүргенде қарындасым Сауыткүлге Алматының өзінде қай жерде болсын, сол жерден қызмет дайын.

Осы ерен еңбегімнің игілігін құдағи (Сауыткүлдің жолдасының шешесі) Сіздер көріп жатырсыздар, осы кең ниетімнен шығар үлкен отбасымның талай хикаясын құдайға шүкір, жақсы жағынан өзіміз

атқарып, ойлаған мақсатымызға, тіл-көзден аулақ жетіп келеміз, дедім.

Сөйтіп құдағиыма өмірімде бір рет артықтау сөйлеп қойдым. «Жақсы көргенін, жаман бергенін айтады» деп, мейлі қайсысына жатса да осылай дедім.

\* \* \*

Бексұлтан Нұржекеұлының «Бейтаныс әйелдің құпиясы» атты кітабын оқып бітірдім.

Махаббат туралы әйел мен еркектің қатынасын сондай терең талғаммен суреттеген. Бір қызығы, әйел мен еркек арасынан туындаған сенімсіздік, қызғаныш, адалдығы жоқ сияқты толып жатқан мәдениетсіз жүріс-тұрысты сезім ұстаханасына жатқызып, сүйіспеншілік сәттерін жарқыратуға бейім. Адалдықты сақтамағандардың өзін махаббат күдіретіне бөлеп, аса кінә тақпай, ғажайып сәттерге жатқызатын сияқты.

*03.04.2005 жыл.*

\* \* \*

Қазақстан Президенті Шу қаласына іс сапармен келді. Екі айдай бұрын дайындалған жерлерді көріп қайтты. Егер ол нағыз іскер басшы болса, алдын ала хабарламай кездейсоқ келіп, ел ішіндегі болып жатқан іс-шараларды, жұмыс барысын көрер еді.

Әр облысқа барғанда жергілікті басшылар ұсынған аудан, өндіріс орнына бармай «Мен бәлен ауданға, не өндіріс орнына барамын» деп өзі шешер еді-ау. Сонда ақиқат-шынның үстінен түсер еді. Ондай болмай тұр. Бұрын дайындалған орындарды көріп қайтуда.

Үш жыл Ауыл жылында басқа өңірді қайдам, біздің ауданда түк те істелінген жоқ. Кұр сөз қалпында қалуда.

Жоғарыда жаздым ғой кезінде Шу ауданын 11 жыл басқарған бірінші хатшы Жапар Түйебеков ешкімге хабарламай, тосын келіп, әр шаруашылықты аралап көріп, ақиқатты іс барысының үстінен түскен. Кейде қайтарда біздікіне соғып, шәй-пай ішіп жүрді. Сонда ақиқат жұмыс барысының орынсыз жеріне бомбы түскендей айқай-шу шығып жататын.

Ал Назарбаев тек бұрыннан дайындалған жерге барып қайтуда.

*26.04.2005 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Тараз қаласындағы ауруханада жатқан Мейрамбекке сағат ертеңгі 7-де бардым. Сағат 12-ден 3-ке дейін аяғына төртінші рет операция жасады. Дәрігерге жолықтым.

- Ойдағыдай кеселін ала алмадық, беріш болып, сегізкөз сүйегіне дерті жабысып қалған, сонда да аузын ашып көрдім. Төңірегіндегі балалаған кеселін тазаладым. Қорыта айтқанда, сыркат түрі асқынып кеткен. Балаңыздың қалы мүшкіл, ешқайда апарып қаратып әуре болмаңыз. - деді хирург.

Кешіне «Үлгілі» ауылында тұратын Кенжеханнның үйіне барып қондым. Қоныс аударған ауылы шаруаға ыңғайлы, жақсы жерде екен. Тараз қаласына 12 шақырым қашықтықта.

*14.06.2005 жыл.*

\* \* \*

Пышаққа түскен жерінде жатқан Мейрамбекке кіріп, қал-жағдайын білдім. Ұйқыдан оянып тілге кепті. Ауылға қайтуға рұқсат сұрап, ауылға қайттым. Үйге кешіне келдім. Құдыретке шара бар ма? Әйтпесе сырқатын асқындырмай Мейрамбекке Алматыда операция жасайтын еді. Таразға барып ауруын асқындырып алған.

*15.06.2005 жыл.*

\* \* \*

Мәрлен әке-шешесіне ас берді. Назарбек келді. «Менің қарапайым өмірім» атты повесін кітап етіп шығаруға алып кетті.

*05.08.2005 жыл.*

\* \* \*

Руы ішкі Шымыр, Жантөбет дегеннің екі нар түйесі қолды болады. Елдің сыбысы бойынша Дулат болысының ұрысынан көреді. Ізден барып сұрастырса, Дулат болысы Байболат теңдік бермейді.

Содан соң Жантөбет сарыүйсіп Сәрсенбі деген қарадай жүріп елге билігі жүрген кісіні ертіп барады. Сәрсенбі барғанда Байболат үйден далаға өзі шығып қарсы алып, баға сұрап, қой сойып, жақсы қабылдап, қонақ етіп сыйлап, жоғын тиісті адамдардан өндіріп

беріп, риза етіп жібереді. Олар кеткен соң болыстың жақын ақыл қосар адамдары Сәрсенбіні Байболаттың өзі үйден шығып қарсы алғанына таң қалып:

- Бәке, Сәрсенбі келіп еді, үйден өзіңіз атып шығып, қарсы алып, жақсылап сыйлап, біздің ауылдың жігіттері алды ма, алмады ма, күмәнді болса да, екі нарын өндіріп бердіңіз. Сіз ерекше құрмет күтегіндей оның қандай қасиеттері бар? - дейді.

- Әй, шуылдақтар, сендер не білесіңдер? Сәрсенбінің екі жолбарысы бастап келгенде, менің жалғыз жолбарысым үйдегі жүк аяқтың астына кіріп кетті. Содан соң оның алдында мен құрдай жорғаламай қайтейін. Шынына келгенде Сәрсенбі менен артық адам. Тек шыққан жері нашар, - депті төңірегіндегілерге.

«Түйе де жөніне шөгеді» - деп Байболат әр істі жөнімен істейтін ақылды адам болған. Әруақты Сәрсенбі, Байболат сияқты адамдардың кісісі, жолбарысы, тағы осы сияқты киелі жолбастаушысы бір-біріне көрініп, сол арқылы бірін-бірі танып отырған. Басқа жай адамдарға мұндай қасиет көрінбеген. Күдіреттің құпиясы көп қой, шіркін.

*08.08.2005 жыл.*

\* \* \*

Бір керуенші көктем айында жол жүріп бара жатып екі аты болдырып қалады да Сусамырда отыратын Мырзахмет деген байға:

- Мына екі ат сенде болсын. Күзде қайтқанша қоң жисын. - деп табыстап, аманаттап кетеді. Малшылары бірін мініп өлтіреді де, қалған құла атты тұралатып қояды. Күзде қайтарда екі атты алайын деп келген иесі осыны көріп:

Екеу едің бірін қайда?

Жаздай алған шырын қайда,

Мырзахмет бай бақпады ма,

Сусамырдың суы жақпады ма? – деп қалған құла атты сабай береді. Осыны естіген Мырзахмет бай:

- Қой, мынау тегін адам емес екен. Мені ел-жұртқа күлкі қылады. - деп екі ат беріп құтылыпты.

*17.08.2005 жыл.*

Төле би селосының көшесінде жүр едім: «Сауытбек, бері кел», - деген көшенің арғы бетінен дауыс шықты. Қарасам, Уәш Асатов ағамыз екен. Мен ол кісіні байқамаппын. Барып сәлем беріп, аман-есен айтысып, біраз тұрдык. Байқасам, қолына сүйеніп жүретін кішкене таяқ ұстап қалыпты.

- Аға, мұнының қалай, жүріс-тұрысыңыз ширақ еді, кәрілікке мойнсұнайын дедіңіз бе, неге таяқ ұстайсыз? - деп бұл қылыққа ағамды қимадым.

- Әй, Сауытбек-ай, біз талай қиындықты көріп өстік қой. Қазір мына өтпелі кезенді сөз қылып, таршылық, жоқшылық, жұмыссыздық, қымбатшылық деп жүргендердің бәрі біздің ағаларымыздың, аталарымыздың уағымен салыстырғанда бос сөз. Мен Алматыда институтта оқып жүргенде, ауқатты айтпағанда, киетін киімнен, әсіресе, оның ішінде аяқ киімнен көп қорлық көрдім. Күз, қыс, көктем айларында алба-жұлба аяқ киімнен су өтіп кетіп, суық қысқанда қаланың адам сирек жүретін бұрыш-бұрышына тұра қалып, бір аяғымды жоғары көтеріп кептіріп, әрі демалдырып, одан соң келесі аяғымды да сөйтіп алмастырып, кезек-кезек кептіріп, демалдырып алатын кез көп болды ғой. Әуелі «жөкка жүйрік жетпейді» деп сол Алматыда жаз айларында кейде жалаңаяқ жүрген де кез болды. Сол баяғы сөз, суық өткенінің әсері бүгін аяққа сыр беріп, таяқты ерте ұстап тұрмын, - деді.

Маған шешіліп, ішкі сырын бүкпесіз айтуы ғой ағамыздың. Әйтпесе ауткомның бірінші орынбасары болып, ауданның екінші, үшінші бастығы болып ел басқарған, ірі қызмет істеген кісіден мұндай бүкпесіз сырды кім күтеді. Ірі қызмет істеген кісілердің көбісі бұрын өз басынан өткен қолайсыз қиындықты ұмыта қалып, «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықтының» керін танытып жүргендер көп.

Үлкен кісінің осы сөзінен шығады: мен жетім болып өссем де, бардам болдық та ауқат-киімнен таршылық көрген жоқпын. Бірақ үй тірлігіне өте жас араластым да, қыста суыққа тоңып, жазда күн өтіп, ауыршаң болып өстім. Отбасының еркінен тыс қашып барып, 1958-59 жылы сельхозшколды, қой шаруашылығының бірғадиры кейін тағы келіншегім бір балалы болса да 1961-62 жылдары



кооперативный училищені - екі оқуды да Жамбыл қаласынан оқыдым. Сонда тамақтан, жүріс-тұрыстан қысылған күн болды. Ал киім жағынан жақсысын, модасын қуғамын жоқ. Тек бүтін, таза болғанын қанағат тұттым. Осы екі оқу жылдарында ауылдан қаражат күтпей тек стипендиямен күн көрдім. Әуелі кейін оқығанымда 21 сом стипендиядан жиып, апамға, іні-қарындастарыма, келіншегіме киімдік, не үйге тұтынуына керек заттармен қоса бума-бума маталар апарып беріп жүрдім. Өзім жоғары оқуға құмар болып өскендіктен кейін құдайдың берген балаларын оқуға ынталандырып, оқимын дегенін түгел оқыттым. Сонда өзім оқығандағы болмысыма қарап, балаларым оқыған кездегі талабы аспан мен жердей екеніне көз жеткіздім. Уәш Асатов пен өзіме қарап, қазіргі балаларда арман жоқ дер едім. Шіркін соның сырын түсінсе жара еді-ау, кейінгі жастар.

*20.08.2005 жыл.*

\* \* \*

1999 жылғы күнделігімде «Әулие ата» базарына мал айдап бара жатқан Сержанқожа деген жас жігітке:

Мына бәйбішем (бәйбіше дегені жас әйелі) айдасып барады, саған аманат деп руы қоралас Сиха деген кісі де сатуға мал қосады. Екеуден екеу сататын малды қинамай, жайып айдаған талай күн мен түнді бірге өткізгенде әйел жігітке жақындасуын тілейді.

«Аманат, - аманатқа қылма қиянат» - деген деп Сержанқожа көнбейді.

«Аманат» деген сөзде тұрған не бар, - деп әйел азғырса да жігіт іргесін аулақ салып жоламайды.

Осы хикаяны айтып, мен «Ілияс Жансүгіровтың әруағын сыйлап, әйел әйелдігін жасаса да Мұхтар Әуезов оның әйеліне неге жақындасқан?» деп жазғаным бар. 21. 08. 1999 жылғы күнделікте.

Енді соған аздап тоқталайын.

«1925 жылы Алматыға командировкаға келіп, Б. үйіне түскем, шалдау ері бар екен, жас әйелге:

Өзіңіз сұлу, әрі жас, еріңіз кәрі екен, - деуім мұн екен:

Сендей қайынысы бар жеңгенің ерінің кәрісі бола ма? – деп тап берген! Міне сол сағаттан басталған роман екі ай губоно бастығы ерін командировкаға айдап жіберіп, әйелімен жатып алғам. 34 жылы

Ташкеннен көшіп келгенде Ілияс шақырып барсам. Б. алдымнан шықты, әйелін айырып, тиіп алған екен. Бұдан кейін кездескенім соғыс жылдары. Б. кездестіріп үйіне шығарып сала барып, қонып қалдым. Екі ай өткен кезде:

- Сені жібермеймін, мені аласың, жүктімін! - деп кетейін деп жатқанда бас салды.

- Оныңның орны жоқ. Түсірсең түсір, тұсаң ту, бағам, өз ыңғайыңа кара. Менде бала жоқ. Мен бәріне көнемін, - дедім.

- Әйеліңнің менен несі артық? Тастайсың. Жек көрсең зорлаған мен жоқ едім ғой, жақсы көрсең қосыламыз, - деді.

- Жақсы-жаман болса да, өз әйелім, ешкімнің ортағы жоқ. Ал сенің пәленшенің әйелі деген атағың бар, сонда неге алмақпын? Ана байың тұсында, мына байың тұсында ... сен тек осының қолды әйел ісін – деуім мұң екен, шамванды да кетті» – дейді Мұхтар Әуезов. (Ана тілі №7, ақпанның 12, 2004 жыл. «Мен білетін Әуезов». Данабике Байқадамова).

Демек мен әйел әйелдігін жасаса да Ілияс Мұхтар Әуезовтың жолдасы, қаламдасы емес пе. Әруағын сыйлап әйеліне жоламаса кайтеді деуім артық екен. Өйткені Ілиясқа тимей тұрып Б. мен Мұхтар Әуезовтың бұрын байланысы бар екен. Сол үшін аз да болса Мұханды сөз еткеніме әруағынап кешірім сұраймын.

**24.08.2005 жыл.**

\* \* \*

Мейрамбек Тараз қаласындағы ауруханадан келісімен, інісі Ниязбек Көлқұдықтағы үйіне көлігімен алып барып, мал сойып, жас сорпа ішкізіп қалжалады. Сонда ол:

- Мен Көлқұдықты енді көрмеспін. Соңғы келуім шығар. Құм қойнауының бұйраттарын көріп жатайын, - деп далаға төсек салдырып жатыпты. Мен алғаш 1964 жылы Көлқұдыққа көшіп барғанда Мейрамбек 2 жастағы бала еді. Сонда өсіп, 40 жылдан аса тұрғандықтан әбден киелі Көлқұдықтың қасиетін көріп, жер жады болып қалғанын сездіріпті. Шіркін, туган жер мен тұрған жерге не жетсін!

**16.09.2005 жыл.**

\* \* \*

Мейрамбектің сырқаты мендеген соң мешіттің көмекші имамы Жетпісті шақыртып алып былай дедім:

- Мейрамбектің сырқаты ары кетіп барады. Сол үшін бізді айтты деме. «Інім, сені ауырып жатыр деген соң көңіліңді сұрайын деп келдім деп, имандыққа қуәлік айтып, кәлима қайтарып, дем сал», - дедім.

Сонымен Жетпіс барса, әйелі Раиса үйіне кіргізбей қайтарып жіберіпті. Мейрамбектің кеселі асқынып бара жатқан соң «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деп елтеген қам жасай бастағанмын. Соны сезген әйелі Раиса төсек тартып, әл үстінде жатқан Мейрамбекке айтып, бізді шағыстырды. Зәбира екеуіміз барсақ Мейрамбек:

- Сендер мені көрге тығуға дайындық жасап, маған өлім тілеп жүрсіңдер, - деп ұрысып жіберді. Ал әйелі, жақында ғана машинасын 2 мың долларға сатқызып, соған киініп-ішініп, алтыннан алтын тағынғанына бізді көз болады деп үйіне барғызбаудың амалымен шағыстырып отырғанын балам сезсейші. Ол дүние-мүлік, доллар баламнан әулие болып па? «Бастан құлак садаға», опа бермейтін машина менін атымда болса да, бізге не керек.

*23.09.2005 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Ташкенттен Мұратбек машинасымен әуелі ауру ағасы Мейрамбектің үйіне барып, көңілін сұрап, содан кейін бізге келді. Қуанып қалдық. Бауыр деген осы да, әуелі ағасына барған бауырмалдығына Зәбира екеуіміз риза болдық.

Содан соң тез Көлқұдықтағы ағасы Ниязбектің үйіне барамын деп бізді құмға апарып, сонда түнеп, ертесіне Жиенбеттегі үйге келдік.

*01.10.2005 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек екеуіміз Мейрамбекке дәрі әкелуге кеткенде анасы емес пе, шыдай алмай Зәбира Мейрамбекке барып қал-жағдайын біліпті.

Өз қателігін өзі мойындап, қолынан тартып, бетінен сүйіп, анасынан кешірім сұрапты.

- Өздерің мені кішкентайымнан кемпірге (Іздәнға) бердіңдер де, әкем - ағамдай, өзің - жангемдей болдыңдар. Еркелікпен галай артық іс пен ауыр сөз айттым. Соны кешіріндер. Менің 30 жасымды мына кішкентай бармақтай жара алып барады. Өлімнен қорықпаймын. бірақ қызық көрмей, ерте кетіп барамын. Осыдан 10-15 жыл бұрын кішкентай түйінді алдырып тастамаған кінә өзімнен.

Соны ғана армандаймын. Осы өмірімде сендерге зиянымнан басқа жақсылық көрсетпесем, соның қайырым жақсылығын балаларымнан көресіндер. Енді артымда қалған бауырларым мен балаларым, сендер аман болыңдар. Қырсық болса менімен кетсін. Мен өлген соң Раисаға «баламды өлтірген сенсің», - деп тиіспеңдер. Оның туған баласы жоқ, артынан дүние-мүлігі келмесе де мен өлген соң алам деген дүние-мүлігімен жіберіңдер, – деп аманат айтып, тағы кешірім сұрап, үзір-мәзір айтысып, анасы екеуі жылап көрісіпті.

\* \* \*

Мейрамбектің ақылы енді кірсе керек. Өмірінде өз қатесін мойындап, дұрыс сез айтқаны осы шығар. Мұратбек екеуіміз Мейрамбекке дәрі алып келсек, Зәбира бізге осыны айтып жылады. «Іштен шыққан шұбар жыланды» қимай.

*03.10.2005 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбек Мұратбекті Көлқұдыққа жіберіп, Ниязбекті шақыртты. Екеуі де тез келіп, қасында болып әңгімелесті. Не тапсырып, не айтқанын қайдам, Мейрамбектің жұмсауымен Ниязбек ауданға кетті. Біз Зәбира екеуіміз қасында болдық. Сонда маған қолын созып, қолымды тартты да, бетінді әкел деп бетімнен сүйіп:

- Тәте, мені кешір-кешір? - деп қайталай берді.

- Әй, тентегім, сенің өмір бойы бізге істеген тентектігіңді кешірумен келеміз ғой «төлбасым» болған соң, - деп көзіме жас алып жасып қалдым.

- Тәте, менің міндетім кешірім сұрау - деп қайталады.

- Әй, бұзығым-ай, баламның үлкені болған соң оннан аса жылқыны, 50-дей сиырды, 300-дей қойды құртсаң да кешірім жасап, бір ауыз қатты сөз айтпап едім ғой - деп тағы жасыдым. Өзінің өмір бойы бізге істеген тентектігін енді ойына алған сияқты. Бұл Мейрамбек басқаның ала жібін аттамайтын ақкөңіл еді, біздің барымызды әркімге таратып жіберетін дарқандығы бар болатын. Қаншама қателік жасаса да ішімдіктің кесірінен туындайтын. Соның өзінде де сау уағында кешірім сұрап отыратын. Тек қана соңғы үйленгеннен кейін бізге қарсы тұрып, кешірім сұраудан біржолата тиылған-ды.

*04.10.2005 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек Мейрамбектен рұқсат сұрап, аулада несіз үй құсап басып кеткен жабайы шөпті шаптырып, төңірегін тазалаттырды. Бізге оны істетпей қойған болатын. Тегінде сырқат адам кінәмшіл болады екен. Забира екеуімізден кірсек те, шықсақ та қайта-қайта кешірім сұрай берген соң, әрі Мейрамбектің бейімі бері қарап, бізге иманжүзділігі белгі берген соң еркінсіп былай дедім:

- Әй, қарағым, Мейрамбек, қазақта науқас адамға естіртіп тұрып имандыққа куәлік айту деген болады. Оны «иман айту, кәліма келтіру, дем салу» - дейді. Егер мұндайды істемесе о дүниеге аттанған марқұмдарды аузы жеңіл ойсыздар «арам өлді» деп артынан өсек қылады. Әрі «дем салу» - деген сенің күйіңе, сырқатыңа жеңілдік болады. Сол үшін Өңірберген мен Жетпістің қайсысын қалайсың, соның бірін шақыртып, өзіне дем салдырайың, - дедім. Біраз ойланып жатты да:

- Жетпісті шақыртыңыз, - деді де, - тәте, жарты айдай болды құм өңірі түсімнен шықпайды, - деді.

- Ой, Мейрамбек, кішкентай күніннен аяғыңды құмға күйдіріп өскен «Көлқұдығың» ғой, 40 жыл тұрған жерін болған соң киелі құм өңірі түсіннен шықпайды да, - дедім. Шақыртқан Жетпіс келді де:

- Өнеу күні мына көңіліңді сұрап, әрі дем салайың деп келіп едім, әйелің үйіңе кіргізбей қойды, - деді. Раиса:

- Дем салатыңызды білген жоқпын. - деп мұнәйімсіп жерге қарады. Дем салғанда Мейрамбек қолын жайып сүйсінгендей болды.

*05.10.2005 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбек Зәбира екеуімізден қайта-қайта кешірім сұраумен болды. Онысын біз жақсыға жорымай:

- Мұның не, сенің бар қатеңді кештім дедім ғой. - дедім жасып.

- Менің міндетім – кешірім сұрау, - деді. Мұнысына сүйсінсекте бір жағы Алла оған ақырғы сәті таянғанын сездірді ме деп қауіптендік. Дем салғанда ұзақ уақыт қолын жайып, бетін сипағанға әлі келді.

*06.10.2005 жыл.*

\* \* \*

- Маған «Көлқұдық» құдығынан 2-3 литр су әкеліп берші, ішейін, - деді Мейрамбек Мұратбекке.

- Күндіз дайындалып, құмға түнде барып, ертең әкеліп берейін, - деді. «Көлқұдық» Жиенбет ауылынан 50 шақырым қашық қой. Зәбира екеуіміз Мейрамбектің қасында отырмыз. Өзі қиналып жатса да қайта-қайта қолын созып, қолымыздан тартып, басына апарып, бетімізді сүйіп, бетін сүйдірген сабын кешірім сұраумен болды. Осыны күндегіден жиілеткені бізді үрей билеп, шоши бастадық. Өйткені Алла оған өлім жақынлағанын сездіріп тұр ма деген қауіп туды. Біз де жыламсырап, ол да бізден көзін алмай жәутендеп, жамандыққа бір-бірімізді қинамай тұрмыз. Мейрамбек осы Ораза айы басталғанда:

- Үх, бұл күнге де жеткеніме құдайға шүкір. - деп күрсінгенінен де секем алған болатынбыз.

Жетпіс келіп бүгін үшінші күні Құранның Ясын сүресін естіртіп оқып, дем салып болғанша, өте қатты ауруы қозып, қиналып, әлсіреп жатса да тағы қолын көтеріп тұрып, ұзақ жайып, бетін сипағанға әлі келді.

- Мына Мейрамбек бүгін кешегіден де нашарлап кеткен екен. Дем салып болғанша қолын көтеріп тұрып бетін сипады. «Жыланды үш

бөлсе де кесірткелік қауқары бар» деген. ой, шіркін-ай, бұрынғы жігерлігінің белгісі-ау. - деді Жетпіс маған сыртқа шыққан соң. - Бұрын ол спортпен шұғылданған. Өз қатарының алдыңғы легінен көрініп, топ басшысы болып, бір-екі кісілік күш-қуаты бар қарулы, омыраулы екенінің ізі жоқтай, бармақтай зілді түйін асқынып, қазір қолтоқпақтай ғана кішірейіп қалған. Арыстай азаматтың бұрынғы бейнесі екі жылғы төсек тұтқыны жоғалтқанның өзінде мына жігеріне кәмекші имам таңғалып тұр.

Көз қабағының арғы түпкі ойынан шүңірейіп екі көздің жанары солғын тартып, алыстан жылт-жылт етіп, бізге жаутендеп қарап қояды. Шіркін-ай, өмір мен өлім арпалыс сәті жүріп жатқандай сезесің.

- Бүгін оразаның үшінші күні ғой. - деді Мейрамбек.

- Иә.

Ішінен өзінше бірдеме деп күбірлегендей болды. Ойы мен тілін «калимаға» келтіріп жатыр ма деп жорыдым. Әйелі оны бізден, қатарларынан, ағайын-туыстан, қаншама алыстатып жібергенмен жөн білетін тектілігі бар екен деп ойладым.

Өлімнің жақындағанын сезіп, бізден кешірім сұрап, аманат, үзір-мәзір айтысып, Ораза айына жеткеніне қуанып, дем салуға келісім беріп, тілін калимаға келтіріп, бұрын өлген ағамыз Күзербай түсінде оған «кел» деп қол бұлғағанын және «Көлқудыққа соңғы келуім шығар» деп далаға төсек салдырып, жатып, бұйрат құмдарға кимай қарағанын «құм қойнауы жарты ай болды түсімнен шықпайды.» - деді інісі Мұратбекке.

- Көлқудықтың құдығынан су әкеліп берші, ішейін. - деді. Тағы да осының бәрі өскен жеріне, тұған жеріне деген айрықша сүйіспеншілігі болса, әрі артына зіл тастамай, ризалықпен қош айтысуы екен. «Мен өлген соң Райсаға баламды өлтіріп қойдым деп тиіспендер, оның туған баласы жоқ, не артынан келген дүние-мүлкі жоқ болса да алам деген нәрселерін беріп, апарып салыңдар. Кете берсін.» – деуі де. «Имансыздың арты даулы болады» деп өзінің ақырының даулы болмауын табыстап, иманын да ойлағаны екен.

Сонымен кешкі сағат 8 шамасында Зәбира екеуіміз Мейрамбекті күзетіп отырмыз. Ары-бері аунап, ширақ тықырылып жатыр. Бері аунаған сайын қолымызды ұстап, өзіне тартып, бетін сүйдіріп,

біздің де бетімізді сүйіп, бала мен әке-шеше арасындағы мейірім тәттілігін енді сезгендей.

Сағат 9-дан аса бері аунап жатып бетімізді сүйіп, алақанымызды басына басқан соң:

- Ал енді қош болындар. Мені кешіріңдер. Жақсы айттым ба, жаман айттым ба, кешірім сұрау менің міндетім, - деді де ары аунап түсті.

- Әй, қарағым, неге айта бересің. Біз бәрін кештік, - деп екеуіміз де қосарласып жасып жауап бердік. Қайта бізге қарай тез аунап түсіп:

- Су әкелші, аузымды шайайын, - деді. Аузында бір түкірік құсық бар екен, соны тастап, ыдысқа аузын шайған соң Зәбира орамалымен аузын сүртті. Кірпияз, өте таза, үстіне шаң жуытпайтын әдеті бойынша.

- Қош болындар, - дегенді үшінші рет қайталап айтты да аласұра ары аунайын дегенде даусында діріл пайда болып; күлгендей жүзінен о дүниеге жүре бергені байқалды.

Зәбира жылап, баласын бассалды. Мен де жан шығысының сәтінде иманын үйіріп «Лә Йллаһа иллалла» деп, көзін укалап жұмылдырып, аузы ашық қалмас үшін орамалмен жағын таңып, өлімге бермей екеулеп бассалып сүйіп жылап жаттық.

Сағат 9 бен 10-ның арасында Мейрамбек о дүниеге аттанып тынды. Інісіне айтқан «Көлқұдық» суын іше алмай кетті. Көмекші имам бастаған көршілер келіп Зәбира екеуімізді Мейрамбектің өлі денесінен ажыратып, бетіне ақ жамылғы жапты.

Тентегім, төлбасым, баламның үлкені Мейрамбегімнен осылай айырылып қалдық. Шіркін өмір 02.11.1962 жыл – 07.10.2005 жылы 43 жасқа 26 күн жетпей Ораза айында, жұма күні, өмірі қысқа осылай өтті құлынымның.

\* \* \*

Түн ішінде Мұратбек машинасымен шапқылап жүріп талай жұмыс бітірді. Талып жатқан Зәбираға дәрігер әкелді. Көлқұдықтағы Ниязбекке хабар жіберді. Жақындағы ауыл, аудан төңірегіндегі туыс, жегжат-жұратқа суық хабар беріп, сексеуілді әкелушіге келісіп келді.

Көлқұдыққа хабармен барған көлікке 3 ірі қара, қойларын тиеп



жіберіп, Ниязбек те өз көлігімен бала-шағасын түн ішінде алып келіп, ағасын көрмей қалғанына аһ ұра өкінді.

*07.10.2005 жыл*

\* \* \*

Мейрамбекті Зәбира екеуіміз өз үйінен шығарайық деп ұйғардық. Ағайын-туыс, жегжат-жұрат, ел-жұрт бәрі ағылып келіп, жылап көрісіп, көңіл айтуда.

Алматыдағы балаларым Галя, Назарбек. Ұлбала түсте, Аида, қарындасым мен күйеу балам Сауыткүл – Совет түнде, Астанадағы Әсия мен Серік кешіне келді.

Үйдің алдына киіз үй тігіліп, тағы үлкен палатка құрылды. Түс ауған мезгілде көпшілік қауымға қонағасы берілсе, кешіне ораза ұстағандарды шақырып, ауыз аштырдық.

*08.10.2005 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбектің жаназасын шығарған соң жерлейтін жеріне дейін машинаға салмай, көпшілік қауым үлкен асфальт жолмен жаяу көтеріп барды. Сонда машинасымен шыққандардың өзі жол жөнекей жолға көлігін тастай салып, имам, тағы басқалар Мейрамбекті көтеруге жүгірісті. Мен Мұратбектің қасында едім, ол да көлігінен түсе салып, жүгіріп кеткен соң Тәңірбергенге айдаттым. Назарбек пен Ниязбек те көліктерін тоқтата салып, ағасын көтеруге ұмтылды. Үш балама да машиналарынмен жүр. қариялар мінсін деген мен едім. Бекер болған екен. Сонда елдің көпшілігі, әсіресе, жастар жағы жүгіре жетіп, Мейрамбекті кезектесе көтеріп барды. Ауыл мен жерлейтін жер әжептеуір қашық қой.

Мейрамбектің қабірін туған жері Жиенбет ауылы мен көп жыл тұрып, балалалық шағы өткен жері «Көлқұдыққа» баратын екі үлкен асфальт жолдың бұрышына, екі жолмен де жүрген жүргіншілерге көрініп тұратын жерден қаздырдым. Бұған кейбір туысым қарсы болды.

- Мейрамбегім әлсіреп жағқанның өзінде «Көлқұдықты» жиі-жиі есіне алып, соны сағынумен болды. Әрі менің екінші мекенім - онда үйім, шаруашылығым, 1000 гектардан аса жайылымдық жерім

бар. Балам Ниязбек сонда тұрады. Ары-бері жүрген сайын көрініп тұрған ескерткішіне тағзым етіп, бас иіп, қол жайып, рухын елеп өтейік, - дедім. Бұл жерді тандағанымға балаларым риза болысты. Сонымен, Мейрамбекті жерлеп қайтқан жұрттың аузы ашықтарына палаткада қонағасы берілді. Ораза ұстағандарына кешіне аузын аштырдық.

Жер қойыны суық қой, Мейрамбегімді қойып келген сәтте одан біржолата айырылған мен:

Жетімдігімді ұмыттырған, жоғымды барға айналдырған, ел-жұртқа танытқан, балаларымның төл басы, бұзығым, тентегім, Мейрамбек құлынымнан біржола айырылдым. Ол туылған соң осыларға ақ жол болып еді, деп қайдағы бір көрген қиындығым, әкесіз қорлық көріп өскенім сияқты толып жатқан тағдыр тауқыметі ойыма түсіп, өгіздей өкірдім.

Көпшілік қауым кезек-кезек жұмсақ демеу сөздермен жұбатып тұрып былай деді:

- Әй, Сауытбек, Мейрамбектің жасамаған жасын, көрмеген жақсылық-қызығын мына артында қалған балалары көрсін. Қой, жасыма, жылай берме. Балаңды екі жыл қараттын, басына жастық қойып, аузына сусын ұсындың. Риза қош айтыстың, тағдыр жазуы осылай болса, шараң бар ма. Осы үлкен ауылда бұрын-соңды марқұмдарды жерлейтін жерге жаяу көтеріп апарған емес. Сеің Мейрамбегің ораза айында, жұма күні өте сәтті уақытта қайтты. Күн райы да күліп тұрып шығарып салды. Көпшілік қауым балаңды жаяу көтеріп бара жатқанда, көліктегілердің өзі жол жөнекей көліктерін тастап, Мейрамбекті көтерісті. Мұндай болған емес. Демек, бұл өмірдегі Мейрамбек Мәңгілікке Бек болып аттанды.

«Алды пейіш, арты кеніш боласын. Алла осыны қабыл көрсін, деп көңілімді жұбатты. Халықтан айналайын, осылай қайғыма ортақтасты.

\* \* \*

Соңғы әйелі Мейрамбекті қатарларынан біржолата қатынасын үздіргеніне көп болған еді. Сонда да қатарлары Мейрамбектің қазасына түгел келіп қайғырды. Әйелдері қазан-ошағын ұстап, өздері өлік жөнелтудің барлық шараларын атқарды. Алды 5 мың,

арты 2 мың теңгеге дейін беріп, шығынымызға ортақтасты. Бұған ел-жұрт риза болса, әрі танғалысты. Олар Мейрамбектің қадір-қасиетін ұмытпапты. Мейрамбекті қабірге дейін жаяу көтеріп баруға ұйтқы болып жүрген де осылар. Тентегімнің қатарларынан айналайын, садағасы болып кетейін.

\* \* \*

Алматыда оқитын Мейрамбектің кенже қызы Торғынды нағашылары жібермеді. Ал Шымкентте оқып жүрген ұлы Жантөре, нағашысы Абылай, әйелі Кәтия үшеуі келе жатып, Таразда машинасы бұзылып, кейін үйіне қайтыпты. Барған соң Жантөре «әке қазасына бармайтын болдым» деп қапаланып, өз бөлмесінен шықпай қойыпты. Осыны сезген нағашылары ақыл қорытып:

- Кәтия мен апарайын, жүр! - десе, қуанғанынан далаға атып шығыпты. Мұның бәрін Аида үйдегі телефонмен біліп отырған. Сонымен Кәтия мен Жантөре Мейрамбекті жерлей сала келді. Біздің де көңіліміз орнына түсіп, жарамыз жазылғандай болып, Жантөремен көрістік. «Ат тұяғын - тай басар» деп Мейрамбектің көзіндей болған Жантөреге ағайын-туыс, Мейрамбектің қатарлары түгел көрісіл, көңіл айтты.

Жантөре:

- Ата, мені әкемнің қабіріне апаршы? – деген соң Назарбектің машинасымен жеткізіп:

- Ей, Мейрамбек, құлыным, ұлың Жантөре келіп, рухыңа тағзым етіп тұр, оны үш рет айқайлап айттым да, құран бағыштадым.

Кешіне қарай бізден рұқсат сұрап, Кәтия, Жантөре қайтпақшы болды. Мұратбек Шуға апарып, ауылына қарай көлікке мінгізіп жіберді.

*09.10.2005 жыл.*

\* \* \*

Күндіз аузы ашық ауыл тұрғындарына Мейрамбектің жетісін өткіздік те, кешіне ораза ұстағандардың аузын аштырдық. Сонда Тұрсынқұл деген қарындас:

- Сен Мейрамбекті тентек деп жүруші едің. Ораза айында, жұма күні қайтыс болыпты. Мұндай өлім Алланың қалаған құлына

келеді деген сөз бар. Балаң тентек болса да жақсы адам екен, «алды пейіш, арты кеніш болып, о дүниесін берсін. Алла осы сөзімді қабыл көрсін» - деді ел көзінше маған.

*14.10.2005 жыл*

\* \* \*

Менің барлық ұл-қыздарым Шу қаласына барып, өзара қалап. Мейрамбекке тастан ескерткіш жасауға уәде жасасты. Сонын жарты құнын төлеп, Мұратбек ескерткіш дайын болғанша «Меркі» демалыс үйіне демалуға жүріп кетті.

*15.10.2005 жыл*

\* \* \*

16.10.2005 жылы Айгүл босанып, Әсел деген немереміз дүниеге келді.

*16.10.2005 жыл*

\* \* \*

Мейрамбектің әйелі Райса төркініне кетті. Зәбираға айтыпты, маған кететінін ескерткен жоқ. Осыны көрген Тұрғын деген марқұмның неміс әйелі Элла кетіп бара жатқан жолда тоқтатып:

- Сен неге Мейрамбектің қырқы өткенше кетесің? Мен ұлтым неміс болса да күйеуім Тұрғын өлгенде кетпек түгіл қырық күнге дейін аза тұтып, үйден көшеге шыққан жоқпын. Қой, Мейрамбектің қырқы өткенше үйінде бол, - депті. Қайдағы ол қолын бір-ақ сілтеп, кете барған.

Элла күллі немістер Германияға кеткенде, төркіндері «жүр» десе де үш баласы үшін ілеспей қалды. Германияға әлі де шақырады төркіндері, бірақ Элла бармай жүр.

*17.10.2005 жыл*

\* \* \*

Бүгін, жұма күні. Барлық қатарлары әйелдерімен, дастархан мәзірлерімен коса бір қой ала келіп, оны есік алдына сойып, нан пісіріп, Мейрамбекке құдайы беріп, құран оқытуға дайындық жасады. Иесіз үйдің төңірегін тазалап, қазан-ошағын ұстап, үй

ішін жинап, столдарды құрып, дастарханын жасау сияқты бір ауыл тұрғынын шақыруға лайық сан түрлі шаруаларды өздері істеді.

Ораза айы болғандықтан имам Шүкірәлі бастаған ауыл тұрғындарын ауыз ашарға шақырып, Мейрамбекке құдайы ауқат беріп, құран бағыштатты. Имамға да қомақты садақасын беріп риза етті. Біз Зәбира, Мұратбек үшеуміз мейман сияқты шақырылған көпшілікпен бірге отырдық.

- Біз осыны Райсаға ескерткенбіз, неге кетіп қалған? - деп оған ренжіді қатарлары.

- Мына Мейрамбекке деген қатарларының сый-құрметі өте сирек кездесетін адамдық қасиет екені белгілі. Біз де талай толқын-толқын жастағы адамдарды көріп жүрміз. Солардың қатарлары осындай жасады дегенді естіген де, көрген жоқпыз - деп жұрт рахметін айтып жағты.

Шынында әйелі жоқ (біз болсақ өз үйіміздеміз ғой), иесіз қалған Мейрамбектің үйінің отын жағып, өздері әкеліп, өздері істеп, елге мал сойып, құран оқыту деген барып тұрған адамдық қасиеттің ең шыңы емес пе?

Шыны керек, ауқат беріп, ел тараған соң кетер сәтте мен қатарларының жеке-жеке бетінен сүйіп, жылап тұрып шексіз рахметімді айтып, қоштастым. Мейрамбегім тіріліп келгендей әсер алдым.

\* \* \*

«Меркі» демалыс орнынан Мұратбек келіп, ағасы Мейрамбектің ескерткіші біткен екен, соны қабірінің басына әкелді. Зәбира екеуміз барып көрдік. Тасқа ойып тұрып Мейрамбектің суретін айнытпай дәл түсіріпті. Тура құлынымның өзін көргендей болып, құран бағыштадым.

**23.10.2005 жыл**

\* \* \*

Мейрамбектің ескерткішін Мұратбек төрт жігітке орнатқызды. Мен барып ескерткішті көріп, жақсы тұрғызғанына риза болдым. Тентегіме құран бағыштадым.

**24.10.2005 жыл**

\* \* \*

Мұратбек Ташкенттегі қызметіне кетті. Алла жүрген сайын жолын болдырсын.

*26.10.2005 жыл.*

\* \* \*

Қадір түнін Зәбира екеуміз Ақылдың үйінде өткіздік.

*30.102005 жыл.*

\* \* \*

Мәрлен-Әлия, Талғат-Дания екеуі бірігіп, дастарханы да өздерімен, бір қой әкеліп сойып, Мейрамбектің өз үйіне ораза айы болған соң көмекші имам Жетпіс бастаған ауыл тұрғындарын ауыз ашарға шақырып, Мейрамбекке атап, құдайы тамақ беріп, құран бағыштатты. Екі молдаға садака берді.

*02.11.2005 жыл.*

\* \* \*

Алматыдан Галя, Назарбек, Аида, Торғын, Ұлбала келген болатын. Әлия мен Дания жолдастарымен үйде. Осылар Мейрамбектің қырқын өткізді. Райса да кеше келген болатын.

Бұрын, Мейрамбек қайтыс болмай тұрғын (04.10.2005ж.) Мұратбекті жіберіп, Ниязбекті шақыртып өзінің сатқан машинасының қалған ақшасын алдырып, Райса әезілге бердіріпті де: «Мен өлген соң, қырқым өте салысымен алам деген дүние-мүлкімен қалаған жеріне жеткізіп сал» - деп інісі Ниязбекке аманат айтқызыпты.

Сөйтіп Мейрамбектің қырқы өте салысымен қалаған дүние-мүлкімен Назарбек машина жалдап, Райсаны салып жіберді.

*04.11.2005 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбектің жерлеу рәсімін, қырқын өткіздік. Осының бәрін түгел әрі ашық жаздым. Енді тек асы (жылдығы) ғана қалды. Соның артық-кеміне тоқталайын. Мен бұрын кеңес өкіметі кезіндегі айтпайтын-айтқызбайтын уақыттың өзінде ашық жарияламасам

да «Болашаққа хат» деген шығармада «Өлік жөнелту жайлы» деген бөлім бар. Сонда көргенімді, сезгенімді, өзім араласқанымға қоса көнекөз қарттардан бұрын өлікті қалай жерлеу рәсімін сұрап, зерттеп, соған ой түйіп жазған болатынымын. Бұл қазір компьютерде теріліп, дискетаға түсіп, дайын тұр. Тиісті орын оқып көріп, «кітап» етіп шығаруға болады, деді. Енді қазір айтайын дегенім. Мейрамбекті жерлеу рәсімі кезінде Ниязбек деген балам:

- Жаңа туған бала да өмірден қайтса қабір басында жиналған жәмиғатқа орамал таратып жүр. біз де таратайық, - деді, осыны екі-үш рет айтты.

- Балам жас кетті, - деп мен орамал таратпадым. Шынында бұл айтуы рас. Жас кетіп жатқан марқұмдар тұрмақ жасы келген қарттарға қыжым жыртис жыртып, пәленбай жүз метрге дейін маталар таратып, тағы неше түрлі шаш етектен шығын шығару шарифатта жоқ рәсім. Бұл сауан емес, қазалы үйдін жағдайын тұралату болып табылады.

Ал енді мен орамал таратпасам да Мейрамбектен еш нәрсемізді аямай, елден дара кеткен жоқ. Жылқы, қойлар сойып, қонағасы беру тұрмақ Мұхаммед галейссаламының: «Кімде-кім қайғы шеккен үйден үш күннің ішінде тамақ жесе, мен ол адамнан аулақпын. беземін» - деген. Өйткені Мұхаммед галейссаламының: «Өлік шыққан үй керегесінен қан ағып тұрғанмен бірдей» деген хадисі бар.

Оған бұрын қазаққа қазаға жиналған жәмиғатты бөліп-бөліп, қайғы шеккеннің туыстары өз үйіне шақырып, сыйлайтын болған. Мұндай ынтымақ-бірлік қазір аса жоқ болған соң, марқұмдардың өз үйінде қазаға жиналған жұртқа қонағасы беріліп жүр.

Бұл әуелі қайтқан кісіні құрметтеп шығарып салу болса, бір жағы лаж жоқтың ісі екені тағы белгілі. Осы қонағасы, не жетісі, қыркы, асы берілгеннің өзінде Құран Кәрімнің: «Жеңдер, ішіндер, ысырап қылмандар. Алла тағала ысырап қылушыны сүймейді» - деп жазылған. Мысалы, өзіміз берген қонағасы, жетісі, қыркын айтпағанда, қатарлары мен қарындастары Мейрамбекке атап берген құдайы тамағында жең-ішіп болған соң екеуінің де дастарханын сыпырып алып, дорба-дорба қылып әкетуі әйел қауымына жөн бе? Ауқат берушілер состиып қалды. Әр нәрсенің шегі, жөні бар емес пе?

Бұрын көрші ауданның Айдарлы ауылында Әсілман деген жас жігіт кездейсоқ казаға ұшырады. Сол ауылдың азаматтары қабір басынан таратқан ақшаны алмай, бәрі отырған орнынан тұрып кетсе, берген қонағасын да ішпей қойды.

- Жал-жас, қыршын жігіт өліп жатқанда қолымыз қалтырамай, қалай ақшасын алып, ішкен асымыз тамағымыздан қалай өтеді? - депті. Мен осыны көріп, сөзін естігенде, риза болдым. Шынында да мен де 43 жастағы баламнан айырылып отырғанда, біздікін айтпағанда, басқалардың жайған дастарханын сыпырып кетуі дұрыс па? «Біреуге жан керек, біреуге мал керек» деген осы екен.

Аленді «Алла тағала тірілердің дұғасымен өлілерді жарылқайды» деген де хадисі бар. Пайғамбарымыз Мұхаммед галейссаламының: «Осының өзінде ниеті түзу, жүрегі таза, дүниені ойламайтындар өлілерге дұға оқуы керек. Ал қазіргі кейбір өлілерге дұға оқушы тек алудың құлы екені жасырын емес. Тағы мысал келтірейін. Мейрамбекке: «екі молданың қайсысын «дем» салуға шақырайын» дегенде, Жетпісті калауы оның жүрегі таза екенін сезінуінен болса керек.

Міне, осындай басы артық орынсыз істер көп екеніне қалай қиналмайсың.

*07. 11. 2005 жыл.*

\* \* \*

Күләшты «Райымбек» қорымына қойды. Соған Зәбира екеуіміз қатыстық. Біздің ауылдағыдай 4-5 молда емес, бір-ақ молда қабір басында дұға оқыды. Қайырын берсін. Қазаға жиналған жамиғат көп болды. Зәбира сол Күләштің үйінде қалып, ертеңіне келді. Шабан шығарып салыпты.

*11.11.2005 жыл*

\* \* \*

Бүгін сайлау болды. Үш жылғы Ауыл жылында, басқа жақты қайдам, біздің ауданда түк те бітпеген сияқты. Облыс, аудан, ауыл әкімдері өз білгендерін істеп жатыр. Олардың ісі тек жемқорлық, қарапайым халық күйзелуде. Қазақстан Республикасының Президентіне халық кімді сайлауға дал болуда. Уәдені үйіп-төгіп,



зейнетақыны көбейткенмен базар бағасы да қабат көтеріліп, оның пайдасы шамалы болып тұр. Оның үстіне заңсыздық, жолсыздық өріс алып, Н.Ә.Назарбаев анық жеңіске жететін болған соң, лаж жоқ, мен де соған дауыс бердім.

*04.12.2005 жыл*

\* \* \*

Бүгін заң орнына барып, заңды тіркеуде тұрған екіатар мылтығымды балам Ниязбекке, бесатар мылтығымды балам Мұратбекке сыйға тартқанымды білдіріп, солардың атына құжаттарын дайындатып, өмірлік ескерткіш ретінде біржолата аудартып бердім.

*12.12.2005 жыл*

\* \* \*

Алматыға барып, Күләш әкпейдің қырқына қатыстық Зәбира екеуміз. Адам көп болды, Рысбек құда мен Балзия құдағиды көрдік. Кешіне балам Назарбек көлігімен үйіне апарды. «Бір үйде қаншаусың - бір-біріңе меймансың», демекші, екі жылдай болды баламның үйінде болмағанымызға.

*16.12.2005 жыл*

\* \* \*

Назарбек Зәбира екеумізді көлігімен Алматыны аралатып, қыдыртып Райымбек батыр кесенесіне апарып, суретке түсірді. Сағат үште Сабырдың үйінде қонақта болдық. Біз келеді, деп белгілі ақын-жазушыдан 3-4 отбасын қоса шақырыпты. Кешке дейін ақындардың әндерін тыңдап, көңіл көтердік.

*18.12.2005 жыл*

\* \* \*

Зәбира екеуміз Жиенбеттегі үйге келдік. Бүгін бір жігіт әкесінің мүшелі жасқа толғанына жеңіл көлік сыйлап, мінгізді. Ел-жұрт риза болысты. Әкесі бұл баласын оқытпақ түгіл, ол өзі бір байға барып жалданып жүріп үйленді, енді әкесіне жеңіл машина сыйлап отыр. Мен Алланың берген 8 баласынан еш нәрсемді аяған емеспін,

бәрін үйлендіріп, жайландырып, қазір көпшілігі қоғамдық жұмыста қызмет істейді. Біреуі ғана жеке шаруашылықтың жетекшісі. Оған да мүмкіндік жасаған өзім. Мен балаларыма екі тілек айтқанмын. Біріншісі: ештеп жазып жүрген шатпақтарымды кітап етіп шығарыңдар.

Екіншісі: Мен «сендер» деп ауылдан аттап шығып, қыдырып демалған емеспін. Мені қыдыртқандарың сол болсын Меккеге бір жіберіп алыңдар, - дедім. Бұдан әлі хабар жоқ. Мүмкін кейін болар. Бірақ жасамал болған сайын денсаулық та сыр бере бастады. Содан қауіптеніп, осыны жиі ойлайтын болдым.

Қараны көріп - ақты танитын, жаманды көріп-, жақсыны бағалайтын сияқты, өмірдің неше бір сырын кейде салыстыру арқылы сезінесін.

*19.12.2005 жыл*

\* \* \*

Бүгін жылдың соңғы күні. Осы жыл да бұрынғы жылдардай Отаным - тыныш, ел-жұртым - аман, ел байлығы қарқындап өскен жемісті жыл болды. Төңіректегі Қырғыз, Өзбек, Украина сияқты басқа елдерге карағанда, ынтымақ-бірлігіміз нығайып, бір қалыпқа түсіп, тыныш мемлекет болғанымызға тәубе қыламын. Кейбіреулер шет елдік инвесторлар қазына байлығымызды сорып жатыр, әрі ұйымдасқан жемқорлық та өріс алды, тағы толып жатқан жолсыздықтар бар» деп киналыс білдіруде.

\* \* \*

Енді өзімнің жеке отбасым үшін осы 2005 жыл азаматымды алып кеткен қиындау жыл болды. Сегіз баламның үлкені Мейрамбегім о дүниелік болды. Тағдырдың басқа салғанына лаж бар ма? Бұл туралы күнделігімде толық баяндалған. Құдайға шүкір, ізіндей болып артында қалған бір ұл, екі қыз -- үш балапанына тәуба қыламыз. Алла енді артында қалған балаларым мен немерелеріме ұзақ өмір, таусылмас бақыт берсін, - деп тілеймін.

Ал енді мен өмір құбылысын жинап жазуға бүгүсіз құмар екенім күнделігімнен белгілі. Сонда Мейрамбек туралы ашы ақиқаттар айтылды. Бұл оның тірі кезінде оған талай мәрте айтылып,

жазылғандар. Өлгеннің артынан жағымсыз сөз айтылмайды, деген сөз бар ғой.

\* \* \*

Мұратбек бізді Шу қаласының базарына алып келіп, біраз уақыт базар араладық. Содан соң Төле би ауылындағы біраз шаруаның бетін қайтардық.

Бұдан Жиенбет қорымына келіп, Мейрамбектің ескерткішінде болып, оған дұға бағыштаттым. Содан соң Жиенбеттегі үйге соқпай, бірден Көлқұдықтағы Ниязбектің үйіне бардық. Өйткені Зәбира мен Мұратбек Жаңа жылды, демек 2006 жылды осы құмдағы үйден қарсы алайық деп ұйғарды. Біздің барғанымызға балам Ниязбек пен келінім Айгүл, немерем Әсемай қуанып қалды. Көлқұдық ауылының барлық тұрғындары Ниязбектің үйінен Жаңа жылды қарсы аламыз деген соң келінім дайындық жасап жатыр екен.

Сөйтіп 2005 жылдың соңғы сағаттарын, минуттарын, демек секундтарына дейін Көлқұдықта өткіздік.

Көлқұдық менің 26.10.1964 жылдан бүгінгі күнге дейін тұрған мекенім ғой.

*31.12.2005 жыл*

\* \* \*

Жаңа жылдың бірінші секундтарын, минутқа жеткізбей, құштарлықпен қарсы алдық. Менің отбасымнан Зәбира, Ниязбек, Мұратбек, Айгүл, Әсемай, бесіктегі Әсел, көршілердің төрт отбасы түгел тұрып, қуана күліп, Жаңа жылды күтіп алдық.

Отан тыныш, ел-жұрт аман, бәріміздің үй-ішімізге зор денсаулық беріп, ынтымақ, бірлік пен береке әкеліп, еңбекте жемісті болып, баянды бақыт сыйласын 2006 жыл! – деп тілек білдірдім.

Бұдан соң Көлқұдық тұрғындарының әрқайсысы:

- Үйде қазан асулы, дастархан жаюлы. - деп бізді болмай, үйді-үйіне ертіп барып сыйлады.

Еліміздің қонысы қандай кең, әрі үсті-асты толып жатқан байлық көздері болса, соның бәрін Алла қазақ халқының кең пейіліне сыйлаған шығар деп ойлайсың.

\* \* \*

Бүгін Астанада тұратын кенже қызым Әсия босанып, ұл туды. Өмірге адам әкелгеннен артық қуаныш бар ма? Бәріміз қуанып, бір-бірімізден сүйінші сұрадық.

*08.01.2006 жыл*

\* \* \*

Өткен күндерді көз алдыма жиі елестететін болдым. Жылқышы Ошан Ақбозұлымен 1964-1984 жылдар аралығында көрші тұрдым.

Салдарлы, парасатты, көпшіл тамаша қария еді. Қазаны оттан түспейтін, дастарханы жиылмайтын, күнде үйінен қонақ үзілмейтін, кеңпейіл отбасы болатын. Көбінесе жоқ-жұқана, кемтар, мүгедек, нашарларға жаны ашитын. Соларды сөз қылғанда көзі жасаурап, тілі күрмеліп, жасып қалатын. Ол кез менің жас кезім, «Мына шалдың айдаладағы біреулерді ойлап жылағаны несі?» - деп ішімнен ойлайтынмын. Сөйтсем, менде де ес жоқ кезім екен. Соның екеуін ғана тілге тиек етейін.

\* \* \*

Төрехан Дәнебергенұлы деген малшының малы кем болып, істі болды.

Шиеттей бала-шағасы артында шулап, сотталып кетер ме екен, - деп бір түйесін мүсіркей берді Ошан. Сол кейін Ошан өмірден озғанда «Арты қайырлы болсынға» да жарамады.

Өзінің туысқаны Бейкас Дүйімбайұлы істі болып, еркінен айырылды.

Мұның әкесі осы ауылда аukatтылардың бірі еді. «Арам қылық саған жақпайды, адал жүр!». десем көнбеді. Шиеттей бала-шағасы шулап артында қалды, деп сауып, сүтін ішсін, деп бұзаулы сиырын берді.

\* \* \*

Осы екеуін де маған көзі жасаурап, тілі күрмеліп, жылап айтып еді марқұм Ошан. Мұны күнделігіме қосуым, осындай қариялардың азайып бара жатқанына қиналам.

*24.01.2006 жыл*

\* \* \*

Менің өзімді-өзім сезінбейтін кемістігім көп қой. Солардың ішінде мыналардың да қадір-қасиетін біле бермейді екем. Оны мен Мейрамбегімнің қазасында байқадым.

Ел-жұрт, ағайын-туыс, жетжат-жұрат, балаларым, балаларымның қатарлары Мейрамбегімнің қазасына жұмыла ортақтасты. Мың да бір рахмет айтамын айналайын, сендерге. Бұрын осылардың кейбіріне аса көңілім толмайтын еді. Оғанда кешірім сұраймын.

*27.01.2006 жыл*

\* \* \*

Біз көбінесе өмірдің болмысы, қуаныш-қайғысы, тағдыр тауқыметі сияқты сан түрлі тіршілік тиетін ағытамыз да, өмірдің бітер жері - өлім арасындағы жан шығысына аса мән бермейміз. Біржолата жарық дүниеден өтетін шақ әрбір адамға айрықша толғаныс тудыратын санаулы минуттар емес пе?

Өмірі бітіп, енді өлім тақалғанын сезген әрбір адамға сау кезіндегі барлық өмірін қас-қағым сәтте бейнелеп, көз алдынан елес бір минутта-ақ жүгіріп өткендей болады. Бұл жарық дүниені қимайтын сұмдық толғаныс қой, шіркін.

Адамды сырқат мендеп, өзінен күш кеткен соң төсек тартып жатқандығы, басына жастық қойып, аузына сусын ұсынып, асты-үстіне жақсылап қарап, шыбын қондырмай, жылы сөзбен демеп, жаншығысын күзеткен жанашыры ғана ауру адамын шын құрметтеп, сыйлаған деп ойлаймын.

Бұған дейінгі өзінің дені сау да тік жүргендігі сый-құрмет өзінен ал кеткендегіге қарағанда түкке тұрғысыз.

Әрине, әркімнің дәуірі жүріп тұрған да жақындары тұрмақ сый-құрметті бөтендер де істейді. Осы туралы аздап ой қозғайын.

\* \* \*

Үнді халқының бір туар ұлы М. Ганди өз өмірін айтып жазған еңбегінде өз пендешілігін былай жеткізеді. «Әкемнің аяғын уқалап отырғаныммен ойым жатар бөлмеде болушы еді. Мен қуанып, жатар бөлмеге кеттім. Әйелім қатты ұйықтап жатыр екен, байқас. Оятып

алдым. Бес-алты минуттан кейін күзетші есік қақты. Төсектен ағып тұрдым.

Әкемнің бөлмесіне тұра жүгірдім. Егер хайуандық, құмарлық көзімді тұмандатпағанда мен өлерінен аз ғана минут бұрын әкемнің қасынан кетіп қалғанымға қапаланып, қиналмаған болар едім. Бір минуттан соң жүріп те кетіпті. Әкемнің өлер сағатында да мені нәпсі құмарлық биледі».

«Екі рет маскара болғаным туралы қоса айтқым келіп тұр, әйелімнен туған байқұс бала бар болғаны үш-төрт күн ғана тұрды. Бұл мысалым үйленгердердің бәрін сақтандыратын болсын» - дейді. Мен сөзін қысқа қайырып отырмын. Мұндай өкінішті жолдар көп (Мохандас Ганди «Менің өмірім», 44-45-46-беттер. Алматы, «Жалын», 1989 жыл).

Не деген тамаша адам, өзінің ұятты кінәсін ашық мойындап отыр. Әкесінің жаншығысын күтлегенін қиналып жазады. Мұны қайталағанымға оқырманнан кешірім сұраймын.

\* \* \*

Ертеректе біз Зәбира екеуміз басқа ауданға кетіп бара жатсақ, көшенің шыға берісінде тұратын туыс женгейіміз Тәуірбала үрпип:

- Ағаң өліп қалды. - дегені. Үйіне жүгіріп бардым. Ашық-шашық, екі аяғы тізерлеп, бүгілмей, өзі шалқасынан жатыр екен. Баласы Өңірберген жұмысқа кеткен. Кемпірінің өзі бөлек бөлмеден сәске түсте ұйқыдан оянған бетінде маған хабарлап тұрған кезі. Шалының қашан қаза болғанын кемпірі, баласы, не келіні білмейді. Өмірлік жан жолдасы да осындай қадірсіз болады екен-ау.

- Сен кете бер! - деп мені күтіп тұрған Зәбираға айттым да мен қалдым. Бір тиынсыз отырған өлік иелеріне жан-жаққа хабарлап шапқылаумен, анау-мынау зат алуға қалтамнан 50 сом суырып бердім. Бұл бұрынғы құнды ақша талай нәрсеге жарайтын кез. «Әкең өліпті» - деп баласын жұмыстан шақыртып алып, өлік жөнелту шаруасына кірісіп кеттім. Ағайын-туған болып жүргіздік.

Кейін осы шалы сияқты кемпірі де түнде қаза болғанын, тағы үй ішінен ешкім білмей қалған. Баласы Өңірбергенді тағы жұмыс орнынан «Шешең қайтыс болды» - деп шақыртып алып, ағайын-туысқан болып жөнелттік.

\* \* \*

5. Осы үйге алыста тұратын бір жегжат әйел қонаққа келіп жатқанына екі-үш күндей болған. О да түнде жатқан жерінде жүріп кетіпті. Үйінде жоқ отағасын шақыртып алып, ол келіп, мейман өлікті өз ауылына апарып, жерлен қайтты. Тағдырындағы ақырғы сәтті мысалға алып отырмын. Міне үш адамын да қармай өлтіргенге осы жаза тұра сияқты.

\* \* \*

Енді осыны айтудағы ойым, науқас адамды жанашыры жаншығысына дейін бағып-қағып, күзетіп, күту өлген адам үшін керемет сый-құрмет болып есептеледі. Ол марқұм артына зіл тастамай, - қош айтысып, ризалығымен о дүниеге аттанады.

Бұған дейін сырқат адамға естіртіп «қалима келтіріп, дем салу» бар. Бұл «имандыққа куәлік айту» деген сөз. Бұл құранда өлген адамын о дүниесін бер - деп, иманды болуын тілейді. Ал марқұмның о дүниесі жұмақ па, тамұқ па, оны бір Алла білер, бірақ ата-бабадан келе жатқан дағды болған соң өлген адамымызға «қалила оқытып, дем салуға» міндеттіміз. Ал мұны істемесек, о дүниедегі Алла білетін көмескі істі айтпағанда, бұл өмірдегі аузы жеңілдер:

- Адамын арам өлтірді, - деп өсектейді. Міне, сөйтін осы үйдің бірдей азаматы әкесін, шешесін, қонақ әйелді нағашы жеңгесін осылай жүргізді.

\* \* \*

Енді өзіме келейін. Менің бес жасымда «Балажайсанда» (тау алқабы) отырғанбыз. Отан соғысының аяққы жазы. Әкем Мәдімәр ауырып тұрса да, жұмысын алмастыратын басқа адам жоқ болған соң, колхоздың отар қойын жайып, өріске кеткен болатын.

Сол өрісте қиналып ауырған соң лақ бағып жүрген Үсенұлы Әлпиды шақыртып алып, басын ұқалатады. Кешке отар қойлары өзі үйге келді де, әкем жоқ. Көршілер шапқылап іздеп тауып, әкемнің өлі денесін алып келеді. Әкем бардам адам болған соң өлігіне күмән тудырғандар да болыпты. Сонда менің есімде қалғаны әкемді ағаш үйдің ішіне өлігін шымылдықтап қойды. Қайта-қайта кіріп, әкемнің

өлі денесінің кеудесіне үлкен тас бастырып қойғанын көріп жүрдім. Мұны іші кеуіп кетпес үшін қойған екен.

Әкем өлді, жақсы болды, біз колхозға көшіп барамыз, мені балалар ойнатады, - деп есі жоқ мен қазаға келушілерден сүйінші сұрағандай қуанып жүріпмін. Әкемді арбамен ауылға әкеліп, «Жиенбет» қорымына қойды.

Әке өлімі осылай болды.

\* \* \*

Шешем Іздән бір жылға жуық ауырды. Төрт-бес ай төсек тартып, нашарлап, әл үстінде жатты. Соның, әсіресе, нашарлаған кейінгі кезінде өз қыздары аса пейіл танытпай, сөкем білдірді. Зәбира сонда жиіркенбей асты-үстіне дақ ылғал, кір түсірмей бақты, жақсы қарады. Бірде нашарлап, есі кірелі-шығалы болып жатқанда:

- Апа, анау кім? - деп Зәбира мені нұсқады.

- Сәукентайым ғой, - дегенде, - ой, алла-ай, әлсіреп жатса да баласын тануын қарашы, - деп сүйсініп Зәбира шешемді бас салып, аймалап, риза болды. Ұзақ уақыт төсек тартып жату науқасқа қиын ғой. Сонда шешемді тез-тез шомыладырып, аузы-басын шәйіп, шашын жуып, тарап өріп, қол-аяғының тырнағын алып, киім-кешегін, төсек орнын сәт сайын дереу ауыстырып, өзі де өте тазалықты ұқыпты ұстайтын Зәбирам шешеме өте жақсы қарады. Рахмет, балаларының қызығын көрсін, деді көрші-қолаң, ағайын-туыс. Ене мен келін арасын өмір күнде көрсетіп жүр ғой. Мұндай қамқорлық сирек кездеседі.

Сау кездегіден әл үстінде жатқанда жасалған сый-құрмет жүз есе артық десем болады. Мен Әбілда деген молдаға қунара «кәлима» оқытып, дем салдырып тұрдым.

Сол сырқат үстінде шешем Зәбираға ақ батасын беріп, ризалығын есі кірген сайын айтып жатты. Сөйтіп, 1991 жылы 02. 11 күні түні 78 жасында Зәбира, Манаткүл үшеуіміздің көз алдымызда өмірден озды.

Жерлеу рәсімін жақсы атқардың - деп ел-жұрт риза болысты. Қазіргі Мойынқұм ауылының орнын таңдап, осы жерге қоныстандырған, еңбегін ел-жұрты елеп, бір үлкен, бір қысқа көшеге шешем Іздәннің атын берді. Бұған мен де атсалыстым.



Осылай шешем өмірден өтті. Марқұм анамның жатқан жері жайлы, топырағы тәрқа болып, алды пейіш, арты кеніш болсын деп тілеймін.

Інім Әлешов Әбдіманап Мәдімәрұлы 26.09.1994 жылы кешкі үлкен пешінде әлсіреп, сәл тарта бастады. Молдасымак Төреханға айқайлатып, «кәлима» оқытып, дем салып тұрғанда өте нашарлады.

- Әй, Әбдіманап, жалғызым, жалғыз бауырым! Мені тастап қайда кетіп бара жатсың? – деп дауыстап жыладым. Құлағы естігендей болды. Сөйлеуге тіл жоқ. Көзімен алара маған бар күшін салып күрсініп бір қарады да «Ал, қош, аман бол» дегендей ықылық атып, бір діріл пайда болды да күлген бейнеде «У-ух» деген күрсініспен жүрді де кетті.

Ойбайлап жылап, бас салдым да сүйе бердім. Зәбира сақал-мұртын басып, қолының тырнағын алып болып, аяғының тырнақтарын алып жатқан болатын, аяқ жағында. «... Тетелес, қайда кеттің?» - деп ол да жылап жағыр.

Мені Төрехан өлі денеден бөлектеп, сабырға шақырып, бетіне ақ жамылғы жапты. Құр ойбайдан басқа қолдан не келеді? «Өлі риза болмай, тірі байымайды» - жылқы, қой сөйіп, жақсылап жөнелттім.

\* \* \*

Ал балам Мейрамбек қалай қайтқаны жайлы бұрын толық жазылғандықтан қайталамаймын.

\* \* \*

Анам Іздән, інім Әбдіманат, балам Мейрамбек үшеуін де «кәлима» оқытып, дем салдырып, науқасын қаратып, жақсылап бағып-қағып, жаншығысын күзетіп, о дүниеге көз алдымда жүргіздік. Құран тілімен айтқанда, о дүниесінің пейіш-тозағын бір Аллаға аманат еттім. Бұл өмірдегі құран шарифатын түгел орындадым десем асылық болар, қолдан келгенін істедім. Онда да болса мүмкіндік тудырып, жаншығысын көз алдымда күзетіп өткізіп, құран шарифатын орындағанға не жетсін. Соны орындадым деп ойлаймын. Марқұмдар риза болып кеткен шығар. Алла оларға алды пейіш, арты кеніш, жатқан жері жайлы болып, о дүниесін берсін. Бұл өмірде кім қалар дейсін? Енді Алла ақырымды беріп.

балаларым мен немерелеріме. Зәбирама зор денсаулық, ұзақ өмір, таусылмас бақыт беріп, ендігі кезек менікі болып, Зәбирамның алдында төрлетсін деп Алладан тілеу тілеймін.

*01.02.2006 жыл*

\* \* \*

Мен үш ауданның малшы қауымы қоршаған «Көлқұдықта» қырық жылдан аса тұрдым. Әлі тұрамын. Сондағы елдің күні-түні көргені мал, баққаны мал, ойлағаны мал. Тіпті ұйқыдан тұрса да, жүрсе де, отырса да - мал. Ой-сана, ақылын мал жаулап алғандай сезінуші едім. Тіршілік тұтқасы ғой мал.

Енді қазір мал жоқ. Бәрі тып-типыл. Ендігі мал қоғамдыкі емес, әркімнің өзінікі - жекеменшік. Оны көбейту – мақсат. Бұрын мал ақыл, ой-сананы жаулады ма деген ойым бекер екен. Сол кезде малшы қауымды ауыл, аудан, облыс, республика, тіпті ЦК-дан да өкілдер, не акын-жазушы, тілшілер, көпті көрген көреген, парасатты, салдарлы, білімді, ақылды ел билеушілер шығып, малшы қауымға жиын, әңгіме-дүкен өткізетін. Әрбір малшы үйін аралап көріп, жағдайымен танысып, кем-кетік талабын орындайтын. Салауатты өмір талабына сай газет, журнал, кітаптың таралуы мен жарық жағылуын, телевизор, радио, рация, адам дәрігері, монша сияқты күнделікті тұтынатын заттардың толық қамтылуын қадағалайтын.

Демек мұның бәрі малшы қауым үшін түрткі салып, ой-сана, сезім, ақылын жетілдіріп, дамыта берудің көзі екен. Жан-жақты болуына ойын оятатын. Ал қазір оның бірі де жоқ. Қайтсем бай боламның соңында жүр. Ішкі-сыртқы елімізде не болып жатыр – онымен ісі жоқ. Тек бірсыдырғы мал, не басқа шаруасымен болуда.

Сонда кеңес қоғам бардағы ой-сана, сезім, өзгеріссіз өмір дегенім бекер екен. Нағыз өзгеріссіз, топастана беретін өмір енді басталды ма деп қауіптенемін.

*02.02.2006 жыл*

\* \* \*

07.10.2005 жылдың түнгі сағат 9 бен 10-ның арасында Зәбира екеуіміз Мейрамбекті күзетіп отырмыз. Сол сәтте «ясын» сүресін

оқып. ішімнен «дем» салып, құран кітапқа шұқшиып қарап отырғанымда Зәбира:

- Әй, Сауытбек, оны қойсашы! Мына балаң басын көгеріп, 3-4 рет саған қарай берді, - дегені. Сонда Мейрамбек ары-бері аунап «Кешіріңдер, қош болыңдар» - деген сөзді айта берді.

«Кештім, карағым, кештім» - дегенді біз де айтудамыз. сол сол-ақ екен 2-3 минутта-ақ жүріп кетті.

Солбір көріністі қазір ойласам, өмірінің қысқа қылғанын, азаптана дәрмені жетпей, таңғажайып жансырымен бізді, жарық дүниені қимай жатыр екен-ау, карағым. Мейрамбектің жаншығысында сол бір сәт теңдесі жоқ жан-жүйесімен түпсіз тереңге бойлап, мен оған қарап, қош-ризалық білдірген соң жүріп кетуі не деген құбылыс десенізші, шіркін. Қайран өмір осылай өтеді-ау!

*21.02.2026 жыл*

Аудан орталығына Зәбираны шақыртып, аудан әкімі Бағлан Жиенәліұлы Қарашолақов «Күміс алқаны» өз қолымен омырауына тағып, құттықтады. Бұл «Күміс алқанын» Жарлығына Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 21.02.2006 жылы өзі қол қойыпты.

*04.02.2006 жыл*

\* \* \*

«Айғақтар мен күдіктер» деген деректі әңгімені 05.02.1995 жылы шын-ақиқатын ашық, әрі қатты айтып, түп идеясын жоспарлап жазған болатынымын. Енді бүгін әңгімені аяқтап, нүкте қойдым.

*16.03.2006 жыл*

\* \* \*

Мен кейде өзім жазған шатпақтарымнан ұяламын.

Өйткені көзге түсетін, немесе бадырайып тұрған, құлаққа анық естіліп, қораш, не бәсең, жағымды-жағымсыз оқиғаларды шығармаға жеткізе арқау ету қолымнан келмейді. Басқаны айтпағанда, өзіміздің қазақы мінезімізді толық бере алмаймын. Қарапайым ойымды жете-жеткізіп айта алмаймын. Бұл шығарма жазу барысында түзу, не әлсіз жерін ажырата сезінбеуімнен.

Осының бәрі тіпті жасырың, не астарлы, не келешектегі

болжамдарды түсіне білу үшін де шығармаға жеткізе жазуға өте нәзік сезімді болуым керек қой. Ондай қабілет менде жетіспегеніне киналамын.

Демек, мен қазір адам баласы үшін пайдалы іс істемегеніме өкініп келемін. Кейін менің шығармаларымның барысына жетістігім бар ма, жоқ па, оған келешек баға береді деп сенемін. Менің не тындырғанымды кейінгілер жеткізе талғам жасар, мен әйтеуір жазу барысында кемістігімді анық сезінемін де жетістігім болса оны оқырмандар еншісіне қалдырамын. Өйткені халықтан білгіш ешкім жоқ қой өмірде.

*19.03.2006 жыл*

\* \* \*

Жиенбет ауылында Наурыз мерекесі болды. Мен көпшілікке бата бердім. Галя, Мұратбек, Аида, Диананы Ниязбек көлігімен Жиенбетке алып келді.

*21.03.2006 жыл*

\* \* \*

Біздің қазақ халқы меймандос, кеңпейілділігіне қоса өте босбелбеу екеніміз тарихтан да, болмысымыздан да белгілі. Алла қолдап, пейілімізге қарай ата-бабамыздың арқасында осыншама асты-үсті толған қазыналы, өте үлкен атақонысымызға ие болып қалғанымызға шүкіршілік етеміз.

Осындай кеңпейілімізді басқа ұлт өкілдері де қисынсыз пайдаланып жүргенінен бір мысал келтіре кетейін.

Біздің қазақ халқының сыртта мекен еткендерінің, басқа елдегісін тілге тиек етпегенде, Қытайда 2-3 миллионнан аса болса, Моңғолия мен Өзбекстанда да аз емес екен. Сол қазақ халқы тығыз шоғырланған басқа елде «Қазақ ауданы» бар деген сөзді естімедім.

Ал керісінше, біздің Алматы облысына қарасты Ұйғыр ауданы бар. Осы да жөн бе? Енді бүгін егемен ел болғанда, осыны тиісті орындар ретке келтіруі керек емес пе? Осындай қисынсыз іс-шараны ретке келтіретін уақыт жетті деп ойлаймын.

*05.04.2006 жыл*

\* \* \*

«Түстік өмірің болса, кештік мал жина» деген ағалы сөз бар. Бұл өзін о дүниелік болсаң да артындағы отбасына көр қалсын деген жора. Демек еңбектен, еңбекшіл бол деген ұғым.

Кейбір о дүниелік болғандардың кештікке жинаған-терген байлығын кейінгісі рәсуә еткендерін де көріп жүрміз.

Енді өзімнің өмір жолымды зергітеп қарасам, анам мен інім сырқатына қоса, өзім төрт жетімнің үлкені болғандықтан, бала жастан бастап қу тірліктің азабынан бір тынбай келеді екенмін.

Әуелі бауыр-қарындастарымды тәрбиелеп өсіріп, оқытып, әрқайсысын ұядан ұшырып, құтты мекеніне қондырып, барлық міндетімнен құтылсам, одан кейінгі кезек өзімнің сегіз балама келді. Оларды да тәрбиелеп, өсіріп-оқытып, әрқайсысын үйлендіріп, жайландырып, барлық міндетімнен құтылдым-ау дегенде немерелеріме кезек келіп тұр.

Сөйтіп енді бүгін марқұм болған үлкен ұлым Мейрамбектің Аида, Жантөре, Торғын деген ұл-қыздарын ақылы оқу оқытып, жағдайын тынымсыз күйіттеп жүрген жайым бар. Әлі де болса, Зәбира екеуімізге Алла өмір берсе, бұл немерелерімді де жеке-жеке құтты мекеніне қондыру міндеті күтіп тұр. Міне, өміріміз осылай етіп жатыр. Бүгін міне, алпыс алты жастамын. Әлі ауыр-ауыр өмір тірлігінің камыты мойнымнан түспей тұр.

*07.04.2006 жыл*

\* \* \*

Бүгін көгілдір экранда қонақ күту туралы пікір алысу болды. Бірі де маған ұнаған жоқ.

*08.04.2006 жыл*

\* \* \*

Кейінгіге түсінікті болу үшін өз өмірімнің шежіресін бүгүсіз жазып келемін, Алла өмір берсе әлі де жаза бермекпін. Сондықтан мен бұрын «Түсімдегі жолбарыс» (1980-1981жж. жазылған) деген поэма жазған едім. Бұдан үзінді «Шу өңірі» газетінің №12 санында (22.01.1982ж.) жарық көрген болатын. Енді сол туралы аздап түсінік беріп, тоқтала кетейін.

\* \* \*

Бірінші түс. Үйленгенмін. Бір балам бар. Тұрмысымыз өте төмен. Көктем айында жаппа үйімде ұйықтап жатқанмын. Бір жолбарыс түсімде мені бас салатындай болады. Шошып ояндым. Ұйқылы-ојумын. Мен оңи түсім деп ойламай, түн ішінде далаға шығып, үйдің, қораның бұрыш-бұрышын, қуыстарын шақпақ жағып, қарадым. Жолбарыс жоқ. Сол түні үрейленіп, таңды көз ілмей атырдым. Мең-зең болып, денем ауыр тартып, неше күн зәрем ұшып жүрдім.

\* \* \*

Екінші түс. Жарты айдай уақыт өткенде әлгі жолбарыс бас жағымда мені қорғап жүресінен отыр екен. Бұл жолы одан қорыққан жоқпын. Түс екенін анық сезіндім.

\* \* \*

Үшінші түс. Тағы да едәуір уақыт өткенде түсімде көп адамдар біздің үйдің алдында тұр екен. Олар: «Мына Сауытбекке киелі жолбарыс пайда болды. Үйінің оң босағасынан ін қазып алып, сонда тұрып жатыр. Әне, қарашы, Сауытбектің жолбарысы» - деп бір-біріне көрсетіп, айтып тұр екен. Мен де барып солармен бірге жолбарысымды көремін.

\* \* \*

Содан бастап жолбарыс түсімнен шықпай, менімен бірге болатын болды. Ісім де оналып, жұртқа қарадай таныла бастадым. Әуелі Мойынқұм шаруашылығының (кейін «Дружба» совхозы болған) орталық азық-түлік дүкенінде меңгеруші-сатушы, одан кейін «Көлқұдықта» сатушы болғаннан бері де жолбарыс түсімнен шыққан емес. Әсіресе жастықтың буы мен ойлы-қырлы жүріп, арақ ішіп, мас болып, жағымсыз іс істеген түндері осымды жақтырмағандай жолбарыс түсіме кіреді... Кейде осындай қисынсыз, берекесіз сәттерімде жолбарысты үйімнен қумақ болсам қарсыласып, кетпей қояды. «Бұл жолбарыс түсіменен неге шықпайды?» - деп ой толғап, ешкімге айтпай көп жыл сөз қылмай жүре беріппін.

(1884-1972 ж.) нағашым Сүлейман әр жыл сайын «Көлқұдықтағы»

үйге келіп, бір аптадай жатып, аунап-қунап жүргенде де сол кісіге айтпаппын.

Бірде сөзден сөз туындап, түсімнен жолбарыстың шықпайтынын бастан-аяқ баяндадым. Нағашым Сүлейман көпті көрген, көнекөз, салдарлы, парасатты жасамал қария еді. Маған жатып кеп ұрысты: «Түсіндегі жолбарыс саған қонған бақ-қыдыр, киен. Сен тегін адам емессің. Басына қонған бақты күтіп, сыйлаудың орнына ішкенін арақ, ойнағанын карта, келіміме де маза бермейсің. Тойсаң тоба қыл, деп құран оқытып, құдайы садақа беріп, басына жолбарыс болып қонған бақ-қыдырды күт. Бұл түсіңді ешкімге жария қылмай, құпия ұста», - деді.

Содан бастап әуелі арақ ішкенді, одан соң карта ойнағанды қойып, қисық жүріс, тентектіктен тиылып, кейін мамандығым болса да сауда жұмысынан бас тартып, Забирама да тыныштық беретін болдым.

\* \* \*

Бүгін Әбдіраш марқұмды Жиенбет ауылынан бес-алты шақырымдай қашық Еңбек бөлімшесіндегі қорымға жерледік. Сонда нағашым Төлентұлы Сүлейман (1884-1972 жыл) мен нағашы апам Төлешқызы Зүбайда (1897-1986) марқұмдарға құран оқыдым.

Бұрын құран оқығанда байқамаппын, осында жерленген марқұмдардың денінің көбінің сүйегін топырақ басып, ойпаң болып, кейбірі тіптен ойылып, үңірейіп жатыр екен. Менің мына зер салуымның өзі Алдабергенұлы Құрал «соқырға таяқ ұстатқандай» осының бәрін ескертіп, күні-бұрын өзін қалай жерлеу керек екенін маған аманаттаған соң ойыма алып, байқап отырмын.

Сонымен нағашым Сүлейманның мүрдесіндегі темір қорған айдаладағы төмпешігін қоршап тұр да, дәл сүйегі жатқан жер ойылып, ойпаң болып, сыртында қалған. Ал нағашы апам Зүбайданың мүрдесі әлсіз ойылудан аман екеніне шүкіршілік еттім. Сол жерде Әбдіраш әкесін жерлеп жатқан баласы Мұрат пен басқаларға: «Бұл қорымдағы марқұмдардың көбісінің сүйегін топырақ басып қалыпты ғой, бұл қалай?» - дедім. «Бұл құмақ жер болған соң солай болып тұр» - деді Мұрат. «Онда басқа қатты жерге

марқұмдарды қоюға болмай ма?» - дедім. Мұрат та, басқа жерлеуге қатысушылар да сұрағымды жауапсыз қалдырды. Біз, адамдар, кейде ойсыз жеріміз бар ғой. Істің арғы байыбына бармаймыз. Марқұмдарды да тірі адамдай сыйлауымыз керек емес пе? Мен нағашым Сүлейманның сүйегін топырақ басып қалғанына қатты қиналдым.

*06.05.2006 жыл*

## ҮШ АНЫҚ

Басқа анықтарды сөз етпегенде мына «Үш анықты» тілге тиек етейін:

Бірінші анық. Құм өңіріне шыққанда ауданның бірінші хатшысы Жапар Түйебеков біздің үйге қонып жүрді. Кейін «Көлқұдық» ауылынан қонақ үй ашылғанда сонда түнеп, ертенгісін біздің үйге келіп, менің механикалық сақал алғышыммен қырынып әрі айран ішіп жүретін. Соның бірінде:

- Әй, Сауытбек, мына механикалық сақал алғышыңды неге бұрап қойғансың, серіппесі тартылып, жұмсарып қалады, бұрамай-ақ қой, алатын адам өзі бұрап алады, - деп ескертті.

Осындай келіп жүрген бірінде қырынып болып үйден шығарда:

- Мына Сауытбек тегін бала емес, - деп жүре айтып кетіпті. Осы сөзін үйдегілерден естідім. Онда анам Іздән да үйде болатын. Осы кезде Кеңес өкіметінің Орталық Комитетінде съезд болып, сонда жаңа сайланған Жоғарғы Кеңестің саяси мүшелері, оған кандидаттар мен әр сала бойынша министрлердің бәрінің суреттерін түгел үйге іліп қойған едім. Жапар Түйебеков соларды көріп айтты ма екен деп ойладым.

\* \* \*

Екінші анық. Осы «Көлқұдық» ауылындағы «Мойынқұм» қызыл отауының менгерушісі Кенебай Пірімқұловтың үйінде ішімдік, тамақ түрлерін күні бұрын жоғарыдан өкіл кісілер келеді деп шаруашылық директоры Әбиболла Көшенов, аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі Әуесхан Садыров, тағы осы салалардың шабармандары бар, бір апта дайындық жасады. Сондағы жоғарыдан келетін кісісі ауданның бірінші хатшысы Жапар Түйебеков екен.



Ол дайындаған үйге бармай, шақырусыз біздің үйге нөкерлерімен кіріп, қонақ болды.

Олар кеткен соң Әуесхан Садыров біздің үйге келіп:

- Әй, Сауытбек, сен тегін адам емес екенсің. Неше күн біз дайындаған үйге шақырсак та бармай, сенін үйіңе түсті. Сенімен байқап қатынас жасауымыз керек. Шаруанды бітіріп ал, - деп бір аптаға зат таситын үлкен көлігін, жүргізушісі Орысбайды маған қалдырып кетті. Ал шаруашылық директоры болса:

- Хан (сыртынан Жапар Түйебековты осылай атайтын) бүгін келеді, деп күні бұрын келіп, біздің үйден күтетіні әдетке айналды.

\* \* \*

Үшінші анық. Еліміз азаттығын алған соң үлесіме алған 20 гектар суармалы жерімді 4 күрд жігітіне жалға бердім. Соның уақтылы су ішуіне анда-санда атпен барып, қадағалап жүргенімнің бірінде мені көз ұшынан атпен келе жатқанымды көрсетіп, Нияз деген жігіттің әкесіне:

- Анау атпен келе жатқан бізге берген жердің қожайыны, - дейді күрд жігітінің бірі. Сонда:

- Бұл тегін адам емес, - дейді сыртымнан мені өмірде көрмеген күрд қариясы. Осы сөзді күрд жігіт айтқанда мен сенген жоқпын. Өйткені ол мені көрмей, тілдеспей жатып қалай сын береді деп. Кейін осы Нияздың әкесіне үш-төрт мәрте кездесіп, сөйлестім. Сонда ол:

- Біз бұрын Шымкент облысында тұрып, осында көшіп келгенімізге 3-4 жыл болды. Өзінің өмір тарихынан да, ел аралық та біраз сыр шерткенде: «Сен тегін адам емессің, бір қасиетің бар» - деп бұрынғы сөзін қайталады.

- Қой, олай деменіз. Аллаға күнәһар боласыз, - дедім.

- Жоқ, сен тегін адам емессің, бір қасиеті бар деп, бұрын да атпен келе жатқаныңды сыртыңнан көріп мына жігітке айтқанмын, - деп тағы қайталады.

- Сіз мені қалай тегін адам емессің дейсіз. Сөзім, жүріс-тұрысым, киім киісім мынау, білімім шала сауат, не тындырған көрнекті ісім жоқ. Сондықтан да ал «қасиетті» деген сөзді тегі ауызыңызға алмаңыз, елден ұят болса, Аллаға күнәһар боласыз, - дедім.

- Жок, сен тегін алам емессің, бір қасиетің бар, -- деп тағы қайталады. Бұл Нияздың әкесінің есімін де сұрамаппын. Өзінің сөзі, жүріс-тұрысы, көркі салдарлы, парасатты, текті екенін де көрсеткендей. «Сен тегін емессің» дегенді осы үш анық басқа да өмірімде талай адамнан күні бүгінге дейін естіп келемін. Ал бір қасиетің бар деген пікірді жақында бір мешіт имамы да айтты. Сонымен үш адам осылай баға берді. Ақиқаты осы. Сонда мұны айтқызған құдірет құпиясына таңғаламын. Шын ақиқатқа келгенде мен өзімді өзгеден өзгеше түгім де жоқ деп есентеймін. Осыларды жазғаным үшін де оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

*12.07.2006 жыл*

\* \* \*

Менің Мейрамбекке жазған «Жоктау» өлеңім толық 31 шумағы «Шу өңірі» газетінде №62 (79, 97) жарияланды.

«Мына өлең өте тамаша шыққан» деп редакция алқасы тез жариялап, тағы өлеңдер жаз, - деді. «Жиырма шақты жылдан кейін жазған өлеңім осы» дедім. «Неге өлең жазбайсың? Өлең де жаз» - деді.

*02.08.2006 жыл*

\* \* \*

Ошан Ақбозұлының қаза болғандығының 20 жылдығына Бейбітбай-Исакүл бізді шақырып, құдайы тамақ берді. Зәбира екеуміз бардық.

*17.08.2006 жыл*

\* \* \*

Ұлым Мейрамбек марқұмның асын (жылдығын) беруге дайындалдық. Бүгін міне, Алматыдан - Ғалия, Аида, Астанадан - Мұратбек, Әсия, Отардан - Дания, тағы ауылдағы Әлия, Ниязбек бәрі бас қосуда.

*13.09.2006 жыл*

\* \* \*

Бір қой сойып Мейрамбек марқұмға құдайы тамақ беріп, дұға оқыттық. Ошақ майлар деп те атайды мұны.

*14.09.2006 жыл*

\* \* \*

Жылқы, қой сойып Мейрамбектің жылдығының қонағасына келген алыс-жақындағы ағайын-туыс, жегжаттарға бердік. Назарбек түс ауғанда Алматыдан келіп, қонағасын беруге қатысты.

*15.09.2006 жыл*

\* \* \*

Мейрамбек марқұмның асын тараттық. Балаларым марқұм ағасына жақсы қызмет істегеніне Зәбира екеуміз разы болдық. Ел-жұрт, ағайын-туыс, жегжаттар да жақсы өткеніне риза болысты. Балаларым ештеңесін аяған жоқ.

*16.09.2006 жыл*

Бүгін Мұратбекті Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев қабылдап, қызметін жоғарылатып, екінші хатшы еткендігін хабарлады. Қызмет дәрежесін жоғарылататынын айтыпты. «Әке-шешен аман-есең бе» - деп сұрапты. Рақмет:

«Әрекетсіз өмір жоғын кейбіреу түсінбейді» деген өлең жаздым.

*20.10.2006 жыл*

\* \* \*

Зәбираның туған күніне орай Галя, Әлия, Дания, Әсия төртеуінің атынан Әлия-Мәрлен мен Дания-Талғат төртеуі келіп, Зәбираға алтын білезік сыйлады. Таң атқанша Зәбираның туған күнін тойладық.

*04.11.2006 жыл*

\* \* \*

Фабит Мүсіреповтың «Тұтқын қыз» кітабын 07.03.1997 жыл, 13.11.2000 жыл, 11.02.2006 жыл және бүгін бәрі төрт мәрте оқып шықтым. Әр оқыған сайын тың дерек аламын да бұрын байқамаған

тұстарыма өкінемін. Менде сезімталдық жетпей, құры оқығанда әсер алмайтыныма қиналамын.

*30.11.2006 жыл*

\* \* \*

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дегендей қазір әр елден, әр жерден атақты қалталы азаматтар шыға бастағаны белгілі.

Солардың бірі:

- Жаужүреков Әділхан Жексенбайұлының басқа жақтағы елге, жерге ірі-ірі ерен қол беріп жүргенін айтпағанда, өзіміздің ауылға екі мешіт, бір спорт кешенін салып беріп, ауылдың тұрмысы төмендерге қолғабыс тигізіп жүргені анық.

Енді, дәл бүгін, сол азаматымыз жұма күніне қарай бір үлкен ірі қараны сойып, соның егін, тағы бір үлкен пачка шай, бір килә конфет, бір килә печеньені екі целлофан қалтамен Жиенбет ауылының 150-ден аса әр отбасы тұрғындарына таратып берді. Бұл екі-үш рет қайталанып отыратын жылдағы әдеті. Жақында Жетпіс деген шиеттей бала-шағасы бар, тұрмысы төмен отбасына «Сауып, сүтін іш» - деп, бір туайын деп тұрған сиыр беріпті. Оны өзі келіп қуана маған айтты. Елден естуімше, бұдан басқа тұрмысы төмен отбасына көмек қолын созуы көп.

Басқа ауыл-аймақта байлар көп қой, бірақ мұндай дархандыққа барды, деп аса естілмейді. Ал Әділханның ерекше кеңпейілді екені әр жерде көрініп жүр.

«Кең болсан, кем болмайсың» дегендей, Алла да сонысына, ниетіне қарай жар болған шығар. Алла сол азаматымызды аман қылсын, деп тілейік.

*21.12.2006 жыл*

\* \* \*

Бүгін жылдың соңғы күні. Бұл жылда елім аман. Отаным тыныш, отбасым да аман-есен, бәрі өзіне тиісті қызметін істеп жүр.

Мұратбектің Сыртқы істер министрлігінде белді, беделді қызмет істеп жүргені қуантады. Бұл жылы еліме, де Отаныма да, отбасыма да берекелді, жақсы жыл болды, ауырған емеспіз.

Бүгін Мәрлен келіп Зәбира, Дания, Аида төртеуімізді үйіне апарып, моншаға түсіріп, әкеп салды.

Құрбан айт пен Жаңа жыл қабат болғаны еліме өте дұрыс болып. Жаңа жылды ішімдіксіз қарсы алды. Біз де ішімдіксіз жаңа жылды күтіп алдық.

Астанадан 01.01.2007 жылдың бірінші минутында бірінші болып Мұратбек телефон шалып, бізді құттықтады Жаңа жылмен. Өзі Сыртқы істер министрлігінде отыр екен. Сол жерден звондапты.

*31.12.2006 жыл*

\* \* \*

Зәбира, Аида, Дина төртеуімізді ең бірінші Жаңа жылдың бірінші минутында Астанадан Мұратбек телефон шалып, бізді Жаңа жылмен құттықтады.

Басқа балалар бұдан кейін құттықтады. Жаңа жыл ел-жұртқа құтты жыл болсын, деп тіледік. Күллі ел-жұрт Құрбан айтты Жаңа жылмен бір келген соң ішімдіксіз қарсы алды.

Бүгін Жаужүреков Әділхан Жексенбайұлы бір ірі кара сойып. 150-ден аса Жиенбет ауылының әр отбасына етін таратып берді.

*01.01.2007 жыл*

## **ҮШІНШІ КҮНДЕЛІК**

Мен бұрын дінге берілмек түгіл, Алла кешірсін, оған мән бермей жүргендердің бірімін. Біздің толқынды қоғам солай тәрбиеледі ғой. Керісінше, әуелім «Келешекке хат» деп жазған қолжазбадағы «өлік жөнелту жайлы» атты тарауында дінге күдік туғызған тұстарым да бар. Көргенімді, өзім араласқанымды, елден естігенімді сұрап зерттеп жаздым. Дүйсебай бабамның дін жолына берілгенін көне көздерден талай естісем де, әрі менің бабам екенін де кейін мұнда білдім. Мұның бәрі сезімсіз болып, ой тоқтаппағанның әсері. Ал енді дінге кейін берілгеніме тоқталайын.

Бұрын Сары Әулие деген болған. Соның данқын естіген соң жиі-жиі сырқаттана беретін жолдасым Зәбира Нарымбекқызы 17-22.01.1993 жылы Алматыға барып сеансына қаттықты. Менің де суретімді ала барған. Сары Әулие біреудің сұрағына жауап беріп

тұрып, өте көп қауым ішінен оқшау тұрған Зәбираға көзі түсіп кетіп, сөзін қоя қойып:

- Апа, сіздердің үйде үлкен аруақ бар. Неге оны күтпейсіздер? Оны күтіңіздер, - деп екі-үш мәрте қайталап айтады да, бұрынғы сөзін қайтып жалғастырып кетеді. Бұған аң-тан болған Зәбираны беймазалық билеп, қара терге түсіп, денесі қалшылдап, дірілдеп тұрған жерінен баласы Назарбек келіп, сүйемелдеп, ой-санасын қайта қалпына түсіріп, діттеген жеріне жеткізеді. Міне, бұдан басқа да Сары Әулиеден алған әсерін, сөздерін, шын оған беріліп, тәңгі болғандығын айтып келді. Осыны естігенде, ауылдағы маған да әсер етті. Сары Әулиенің ескертуін бір құдіреттің сөздірумен айтқан шығар деп ұқтым. Шын мәнінде Дүйсебай бабам Алла жолына шын беріліп, өмірі зікір тартумен өткенін бұрынғы өткен карттардан талай естігенмін. Осыны құдірет Сары Әулиеге сөздірген соң ол да тегін емес екеніне көзім жетті. Бұдан кейін мен бір аптадай мешітке барып, имамнан, оның көмекшісінен дін туралы дәріс алып, жұма намазына қатысып, Құран кітапты оқи бастадым. Құран кітапты оқып көрсем, ішіндегі әр сүресінің аяттары адамды адамдыққа, иман жүзділікке, тәлім-тәрбиеге баулиды екен. Мұнша жасқа келгенше дінге бізді қарсы ғып қойған кезеңімізге өкіндім. Намазды 14.02.1993 жылдан бастап оқысам, орананы 22.02.1993 жылдан ұстап, зекет, пітір, садақа беріп дастарханға дұға оқуды орындай бастадым. Бұл 02.03.1993 жыл еді.

*05.02.2007 жыл.*

\* \* \*

Облыс басшылары келгенде аудан мен совхоз басшылары қалай алдағанын мен «22 февраль» (Аша елі кітап 139-бет) деген әңгіме жазған едім. Мұны бүгінгі күнмен салыстырсам түкке тұрғысыз, жоғары жаққа жағыну үшін күнгей жағын көрсету екен. Ал мына қазіргі заманда тек көз бояп қана қоймай, қанағатсыз тойымсыздар малды қанша бар соншасын, техниканы гаражымен, кемені жүгімен, тағы тағыларды жұтып жатқандарға ашық жол ашылды. Жемқорларға о дүниеде зауал болмаса, бұл дүниеде зауал жоқ болып тұр.

*07.03.2007 жыл.*

\* \* \*

Зәбира ауырып Алматыға кетті.

*11.03.2007 жыл.*

\* \* \*

Әбіқұлдың қайтыс болғанын естідім.

*16.03.2007 жыл.*

\* \* \*

Астана сотының төрағасы Сайлаубек інімізге аудан азаматтығын алғанға қатыстым.

*17.03.2007 жыл.*

\* \* \*

«Шалынайын құрбандыққа-ай». «Қауіп-қатер төнді басыма» деген екі өлең жаздым.

«Жан құштарлығы достықты туғызады, ой құштарлығы сыйластықты туғызады, тән құштарлығы сезімді туғызады. Тек осы үшеуі тоғысса ғана махаббат оты тұтанады»-бұл көне үнді жырынан. Осылай қосылған Зәбирама қауіп-қатер төніп тұр. Онын орнына құрбандыққа мен кетсем екен деген ой мазалайды.

*19.03.2007 жыл.*

\* \* \*

«Ақиқатын мойындаймын күдігімнің». «Жетектеген» деген екі өлең жаздым.

Бүгін «Қазақ әдебиеті» газітінен «Ой түбіндегі толғаныс» атты Динара Мәлікованың мақаласын оқып, риза болдым. «Ағалар ақылға жарамай ақшасыз адал дос табу қиын. Он жетідегі қызды алпыстағы ағаның қасынан көресін. Көшеде жалаңаш қыздар толып жүр. Сол жүріс олар үшін мәртебе» деп осы сияқты тағы ерсі көріністерді ой-толғап жазғанына риза болдым.

*03.04.2007 жыл.*

\* \* \*

Зәбира екеуіміз Алматы мәдениетіне бардық, садаға бердік. Біреуге бал аштырдық.

- Сіздердің басқаға жасаған жақсылығың, берген қол қайырыңыз көп екен. Бірақ соның алдыңыздан шығуы сирек екен. Сіздің арқаңыз бар, тегін адам емессіз. Ешкімді қарғамаңыз, Алладан жетсін деп қойыңыз - деді.

*13.04.2007 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Әбіқұл Ибрагимовтың қырқына бардым. «Сен сауатсызбын деме. Сенің сауатсыз екеніңе ешкім сенбейді кітаптарыңды оқығандар. Шала сауатсызбын деп өзін төмендеткенді қойсын» - деп балаларыма звондап еді кейінгі жолы кездескенімде.

«Кейбір оқығандардың өзі сен сияқты жаза да алмайтыны бар. Сол үшін сені ұнатамын». - деп еді. Бұл кісі менің болмысымды шын танып еді. Міне, сол ағамыздан айырылып қалғанымға қатты қиналдым.

*14.04.2007 жыл.*

\* \* \*

Назарбек Зәбира екеуімізді кешелі-бері таудағы «Үш қоңырға» Қамза қажы (4 рет қажылыққа барған) құда салдырған «Қарасай» мешітіне. Наурызбай батыр ескерткішіне апарып, көп суретке түсірді.

*22.04.2007 жыл*

\* \* \*

Бүгін «Егемен Қазақстан» (25 сәуір, сәрсенбі, 2007 жыл) газетінде жарық көрген Қасым Тәукеңовтің «Неге өз атымен атамаймыз?» деген мақаласындағы көзқарасын оқыдым. Нағыз ұлтының болашағын ойлайтын азамат екен. Енді тек өз сөзіне жол беріп, әр жерінен бір келтіріп отырайын.

«Шынын айтсам, ұлтымыздың болашағына нұқсан келтіріп жүрген мәселені ышқына, жан айқайына салып айтқым келіп,



қолыма қалам алсам да, ойым сан-саққа кетіп, біраз әуреге түсіп отырған жайым бар» - деп тебірене ой толғайды.

«Біз ұлттық қасиетімізден, қазақы болмысымыздан, ата-баба дәстүрімізден ажырап, ұлттық намысымызды аяққа басып, ұлылығымыздан айырылып, қырықсідік болып азып-тозып, тұяқ серіппей құрдымға кете беруіміз керек пе? «Қызға қырық үйден тыйым» - деп айтпаушы ма еді көреген, қырағы ұтыларымыз» - деп автор өзінің көп ойын айта келе тағы: «Пәленнің қызы жеңіл жүріске салынып кетіпті» деген жаман сөз олардың құлағына жетпей ме? Олар сезінбей ме, көзі соқыр ма? «Қыздарының осынау қылығы оларды түршіктіріп, тірідей көрге тыққанмен бірдей емес пе?» Тағы: «Нәпсісін тежей алмай, арсыздықтан кімкөрінген етектерін көтеріп, әркім сарып кетіп малдан жаман қылыққа барғандарды етіміз үйреніп кеткендіктен бе екен, біз «қыз» деуден де арланбаймыз. Ол үш жасында, тіпті одан да ерте пәктіктерінен айырылғандарын, жүгенсіз кеткендердің әке-шешелерінің аты-жөнін неге ашық айтпаймыз. Ондайларды «қыз» деп жапқан сөйлеп дәріптей бергенше шындығына неге көшпеске. Тұрмысқа шықпай жатып абыройынан айрылған қарабеттерді несіне бипаздап көрсоқырланып жасырған боламыз.

Тіпті қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөзінде: «Әйел – адам баласының ұрғашы жыныстылары» деп жазып қойыппыз. Сонда қыз да әйел, әйел де әйел деп олардың ара-жігін ажыратпай, мәймөңкелеткенде не ұтпақпыз. «Әйел» деген сөз тұрпайы естіліп қана қоймай, оларды қорлағандай да болып көрінеді. Түсіндірме сөздікте: «Жылқы малының ұрғашысы – бие, байтал деп бөлек айтылады. «Бие – жылқы малының құлындаған аеалығы, байтал әлі құлындамаған ұрғашысы» деп олардың ара-жігін ашып жазған ғой. Сонда біз малдан жаман емес шығармыз. Не себепті біз өзіміздің қатын-қыздарымызды бір көрзенкеге «әйел» деп тастай салуымыз керек. Неге өзбек, татар тәрізді біздер де қатынды – қатын, қызды – қыз демейміз.

Қыздан қатын болу үшін болашақ күйеуінің ақ табалдырығын тән тазалығымен аттап барып хан-қаған деген ұлы ұғыммен қатар тұруы - ұлылықты, киелілікті білдіреді.

Бұл күнде отбасын құрғысы келген, қыздарымыздың ар,

тән тазалықтарын сақтамағандықтарынан, әрі қандарының сәйкессіздіктерінен оп-оңай айырылысып жатқандары көптеп кездеседі.

Еркектің жыныс безінің әр тамшы ұрығы қатынның қанына сәйкес келмесе ол умен тең. Кейбір қатында 10-15 бала тапса да беттеріне қан жүгіріп, құлпырып көріккеніп, жасарып кетуі ерлі-зайыптылардың қандарының сәйкес келуінен.

Тән тазалығы қосылған бір ерлі-зайыптының 15 жылдай бірге отандасқандарымен балалары болмайды. Кінәрат ерінің ұрығының сапасыздығынан болса керек. Күйеуінің ақылымен қатыны зертханаға барып, өзінің аналық жұмыртқасын (яйцеклеткасын) бөтен бір еркектің ұрығымен қолдан ұрықтандырады.

Уақыт жетіп, қатыны ұл табады. Осынау амалсыз қылықтың ғаламаты сол, әлгіңдей амалмен туған бала (бұл шаруаға күйеуінің ешқандай қатысы болмағанмен) тұр-тұрпаты, тіпті мінезіне дейін күйеуінен айнымай, соның аузынан түскендей болып өседі.

Таңғалдыратыны – қатынының бойындағы генетикалық коды ерімен ұзақ жыл бірге өмір сүргендігінен бе екен, бір жүйеде қалыптасып, бөтен еркектің ұрығы бұл жерде тек қана құрылыс материалдарының бір бөлшегі болып қалғандай әсер туғызды.

«Бір биеден ала да туады, құла да туады» деген қағидасы айна-қатесіз шындыққа ұласады. Себебі отбасын құрап, шаңырақ көтергенде әу баста тән тазалығына мән беріп, келешек ұрпағының өзінікі екендігін нық сезінгенге ештеңе жетпейді. АҚШ мемлекеті қыздарының пәктігін сақтау мақсатында жылына 100 млн. доллар көлемінде қаржы бөліп, үгіп-насихат жүргізуі бүгінгі заманда тегіннен-тегін болмаса керек.

Ал біздің оқу орындарымыз қыздарымызды намысшылдыққа баулудың орнына, керісінше жастарды бейбастыққа итермелеп, мүшеқапты қалай қолдау керектігі жөнінде сабақ жүргізіп әлек.

Біз рухы өр әжелерімізден неге тәлім-тәрбие алмаймыз? Бірде «Сарыағаш» санаторийінде демалып жүріп, денеме массаж жасатуға кезекте отырғанмын. 75-тер шамасындағы бір әжей кіріп келіп, біраз кібіртіктеп тұрып, қысылғандығына: «Әй, қарақтарым, осы кезекте тұрғандарыңның көбі менің балаларыммен жасты екенсіңдер. Дәрігерім басқа ұлттың өкілі екен. Осы жердегі массаж

жасайтын жігітке жіберді. Массаж жасайтын қатынға жібер десем, өзімді келемеж қылып, құлак аспады. Бөтен еркекың алдында қалай шешінемін. Шалым ғана көрген денемді қайтіп басқа бір ер адамға көрсетпекпін. Тірі өлім емес пе? Мына бір бөлмеде массаж жасайтын қатын бар көрінеді, орын ауыстыратын қайсын барсындар. Маған бір жақсылық, мұсылманшылық жасандар» - деді.

Мен сол жерде әжейге риза болғандығым соншалықты, атып тұрып басымды иіп, қасиетті алақанын балаларыма жұғысты болсын деп маңдайыма бастым. Ұлылықтың, тектіліктің мәйегін осы бір қарапайым әжемнің әрекетінен сезіндім. Бұл күнде жасы келіп қалса да кіндіктерін көрсетіп, әлем-жәлем ашық-тесік жүргендер жанағыдай әжелердің қасында құбыжық болып көрінбей ме?

Бір сөзбен айтар болсам, ұлттық рухымыз, ар-ожданымыз, қасиетіміз – материалдық молшылықтан, боқ дүние доллардан, қолдың «кірінен» жоғары тұруы керек.

Қатын-қыздарымыздың келенсіз жәйтгерге баруы, әрине, ұлт тағдырын дұрыс жүйеде шеше алмай келе жатқанымызда - деп тебіреніп, ой қозғаған мақала авторының парасаттылығына көз жеткіздім. Мен тек қана оның сөзін қысқартып алып отырмын.

\* \* \*

Мақалада айтылған мәселе орынды. Мен де бұған өз ой-толғанысымды қоспақпын. Бұл олқылықтың бір ұшы өзімізден үлкендерден іздеуіміз керек сияқты.

67 жасқа дейінгі өмірімде көрген, сезген, естігенімен өзім араласқандарыма қарағанда осындай жағымсыз қылыққа баратындардың әке-шешесі, не басқасы осындайдан сау емес пе деп қаласың. Өйткені ұлттық қасиетіміздің қазақы болмысымыздан ата-баба тазалығынан ажырап, намысымызды аяқасты қылғандарды мен де ептеп қатты ашып жазғаным бар. Сөзім дәлелді болуы үшін әуелі толғанып жазғандарымды алға тартайын.

1 – «Әй қайдам-ай» деген әңгімедегі жағымсыз кейіпкер басқа ұлт өкілі Ақпар Мариямен қалай қатынас жасағанын өзі неше түрлі құлпыртып тұрып айтуына, тағы да өзім де араласып жүргендегі көрген-сезгенімді әңгімеге деректі арқау еттім.

Ақпардың аузынан түскендей айнымайтын бір ұл бала Марияның туып алғанын күйеуі сезер-сезбес. оны бір Алла білер, бірақ туыстары мен ел-жұрт сөз ғып жүр. Міне, мұндай келеңсізден қандай өнеге туындайтыны белгілі.

2 – «Ене әдетін келіні де жалғастырған» деген әңгімедегі енесінің жолсыздығын қария көзімен көргенін маған айтса, келіні де өзі іздеп келіп, зоотехниктің қойнына кіріп құрығына түсіргенін, одан соң балалрың мен әйелінді таста. мен күйемнен ажырасып саған тиемін» дегенін зоотехниктің өз аузынан естігенімді әңгіме ғып жаздым. Жаман әдет енеден келінге жұқса тағы басқаларға тарайтыны белгілі емес пе?

3 – «Қарымта» деген әңгімеде Тұман айтуынша Әлен деген әйел Туанның өте жас кезінде қалай құрығына іліндіріп, дегеніне жеткенін баяндаған. Бұған қоса Әленнің жүгірмеден туған қызы Зәуреш те анасындай жүргіш болып, ойнасымен төсекте болып жатқанда күйеуі аңдып тұрып ұстап алып, абыройы айрандай төгіліп, ел-жұртқа күлкі болғанын әңгімеге арқау болды. Зинакорлық шешесінен қызына жұқса. басқаларды да шарпитыны белгілі.

Бұдан басқа да «Үш махаббат», «Өмірдегі диалог», «Күнделіктегі» өмірден туған ойлар қыз-әйел туралы ой-толғаныстарым сыр береді. Тағы басқа да жазбаларымда бар. Осы болған олқылықтарға қарағанда тұрмысқа шықпай жатып, абыройынан айырылған қарабеттерді «қыз» деп жалған сөйлеп, дәріптей бергенше шындыққа неге көшпейміз десе автор, әйел болғаннан кейінгі кейбір жүгенсіз кеткен әйелдердің ісі мынау.

Сондықтан бетімен кеткен қыздың әке-шешесі, бауырлары бар, күйеуі, ағайын-туысы бар. Осылар неге өз адамының жаман жүрісіне тосқауыл қоймайды. Жоқ әйтпесе олар да бұдан сау емес пе деген күдік туа ма? «Көрмейін десем көзім бар» деп Қасым Тәукеновтың айтқанына қарама-қайшы осындай лас жолдағылардың артындағыларының намыстан жұрдай ма деген ой туады. Олар неге жаман жүрісті қыз-әйелін тәртіпке шақырмайды. Неге біз осындай намысқа тиер қылығы үшін ұлтқа, Отанға кінә тағамыз. Әркім өзінің жағымсыз ісіне жауапты емес пе?

Мен Әбілез деген ұйғыр жігітімен көп жыл көрші тұрдым. Сол айтатын:

- Сендер, қазақтар, үйленгендерін қыз ба, қатын ба – соны ажыратпай үйлене бересіңдер. Біз жаңа үйленген түні бір жеңгесіне бақылатып, аражігін ажыратамыз. - деді.

Бірде Әбілездің көршісінің баласы үйленгенде әйелі Нұғиянды қарауылға жіберіп, қыз ба, қатын, ара-жігін ажыратқанын көзіміз көріп, құлағымыз естіді. Біз осындай таза жолды ұстасақ, сонда келешегіміз жарқын болуы ықтимал емес пе деген ой туады.

*26.04.2007 жыл*

\* \* \*

«Жас Алаш» газеті 8 наурыз 2007 жыл ном. 37 Бақытбек Смағұлдың «Ірілікті аңсау» деген мақаласын жариялап, Бауыржан Момышұлы туралы терең ой қозғағанына риза болдым.

*08.05.2007 жыл.*

\* \* \*

Карл Маркс жер бетіндегі адам баласы бір-біріне үстемдік етпей тең құқылы өмір сүруін терең ойлап, соның жолын тыңнан тауып өмірін өткізді. Осы жолы бүгін іске аспағаны мен әйтеуір адам баласының теңдігі үшін бұрын соңды болмаған тын жаналық. Мұны терең ойлайтын әрбір ғасырдың данышпандары мәңгі ойынан шығармайтын шығар.

Батырлардың батырына тағы оған қоса өте шыншыл Бауыржан Момышұлы сирек туатын тұлға. Оған мына сөзі тағы дәлел:

«Мен өтіріктен аулақпын, өтірік айтсам имансыз кетейін». «Менің жақсы қасиетімнен жаман қасиетім аз емес». «Құдай маған кемістіктерді аямай теріп беріпті». «Адам-пенде». «Кемістік әркімде де бар». «Кемістігім жоқ деп ойлайтын адамдар - адам емес. Надандықтың үлкен дәрежесі сол ойда жатыр». (Бауыржан Момышұлының жарияланбаған күнделігінен). Басқа түгіл өзін аямайды.

Ақындардың ақыны Мұқағали Мақатаев шығармашылығы арқылы жұлдыздай жарқырай беретін тұлға. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген мақал бар болса да «Кейбір тірі жүргендерден Мұқағалидың өлігі артық». Қатты кеткеніме кешірім сұраймын.

Сыншының сыншысы Сағат Әшімбаев «бір адамға сөйлегендей

болғанмен, көпке айтылғандай жазыңыз» деп мұндай ақылдың талайын айтып еді, шіркін. Қайран Сағатым-ай десеші. Бұл өмірден кім қалады десеңші.

*29.08.2007 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің қатысуымен Абай ауылындағы жаңа ашылған «Оспанәлі» мешітінің жиынына қатыстым. Әбсаттар қажы Дербісәлінің «2006 жылғы атқарған басты іс-шаралар шежіресі» кітабын берді.

*08.09.2007 жыл.*

\* \* \*

Мен жетім өскеннен кейін бе білмеймін біреудің болар болмас зәредей жақсылығы мен жамандығын да ұмытпай, соны ойға алатын не жазатын тұстарым көп. Сонымен қатар жақсы сөз естісем жадырап, жаман естісем соған мұнайып, тіпті кейде күйзеліп, неше күн ойдан шығара алмай, не ұйықтай алмайтын кезім бар. Соның бірі бұрын «Социалистік Қазақстан» - қазіргі «Егемен Қазақстан» газетіне штаттан тыс тілші болып жүргенде сонда қызмет істейтін марқұм ақын Кеңшілік Мырзабековпен кездесіп, пікірлесіп жүрдім.

Ашық, жарқын, басқаға көмек беруге бейім тұратын тамаша жігіт еді. Сол бір жолы менің «Орманшы ойы» деген өлеңімді алып калып, осы газетке жариялатқан болатын.

Сол Кеңшілік марқұмның баласы Амангелді Кеңшілікұлының газеттерден мақалаларын оқып, жақсының баласы әкесіне тартып туғанына ішім жылып, риза болып жүрмін сырттан. Енді бүгін сол Амангелді Кеңшілікұлының «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Гогольдің өлімі» деген эссесін оқып, тамаша жазушаның ақырғы сәтіне киналып отырмын. Соның бәрін тізебермей тоқ етерін тілге тиек етейін:

Өз дегеніне жеткен сайын сәбидің кіршікшіз жүрегіндей Гогольдің таза жанын қылқындруға кірісті. Осылайша не істерін білмей жаны қысылған Гоголь ауыр қылмысқа барып. 1852 жылы граф А.П.Толстойдың үйінде Матвей әкейдің азғырумен өзінің

«Өлі жандар» поэмасының екінші кітабын отқа жағып жібереді. «Өлі жандарын» отқа жағу арқылы абайсызда сайтанның тұзағына ілініп қалғандығын отқа жағып жібергеннен кейін Гоголь түк нәр татпай, ешкіммен сөйлеспей, бүк түсіп жатып алынды. Замандастарының айтуынша, ұлы жазушы қатарынан бірнеше күндер бойы летаргиялық ұйқыға кетіп қалатын ауруы бар екен. Өмірінің соңында оның осы сырқаты қайталанған. Сонысын сайтан иектеген қоғам Гогольді өлді деп танып, летаргиялық ұйқыдан оянып кетпей тұрғанда тезірек қара жердің қойнына тапсыруға асықты.

Осылай боларын алдын ала сезген Гоголь халықтың арасынан бір тірі жан табылатындығына үміттеніп, 1845 жылы мынандай хат жазып кетіпті. Бұл айналасындағылардың, яғни қоғам жазушыны әлі жынды деп жариялай қоймаған, өлетінінен алты жыл бұрын жазған өтініші-тін.

«Есімнен тапбай және ақылымнан адаспай тұрған кезімде соңғы өтінішімді ертерек жазып кетуді жөн санадым. Мүрдем иістене бастамайынша менің тәнімді жер қойнына тапсырмандар. Мұны есіңізге салып отырған себебім, ауруым ұстағанда өмірлік белгілерім жоғалып, жүрегім мен тамырым тоқтап қалған кездері болған».

Гоголь Данилов шіркеуінің жанында жерленді. Жо-жоқ, бұлай айтуымыз күнә шығар. Орыс қоғамы ар-ұятының айнасы болған, өмірінің соңына шейін христиан дініне адал қызмет еткен, Құдайды өтірік емес шын жүрегімен сүйөді үйреткісі келген пайғамбарын тірідей көмді. Оның өлімі елдің арасында түрлі әңгімелер туғызды. Жер қойнауына тапсырайын деп жатқанда, табыттын ішінде жазушының ауыр күрсінгенін естігендер де болыпты.

Бірақ ар-ұятын көмгісі келген, санасына сайтан ұялағандардың ішінде бір тірі жан табылмапты. Елдің ішінде айтылып жүрген түрлі әңгімелердің шын-өтірігін тексерудің мүмкіншілігі 1931 жылы туды. Себебі сол жылы жазушының сүйегін Новодевичье зиратына қайта жерлеу туралы ұйғарым жасалды.

Құдай сақтасын! Мына сұмдықты қараңыз! Гогольдің сүйегіне эксгумация жасау барысында кебінінің жырттылып, табытының

тырналып тасталынғандығы және марқұмның бүк түсіп жатқандығы анықталды.

Бұл не деген сұмдық! Ұлы жазушы осының боларын күні бұрын сезіп, өлерінен алты, жыл бұрын жазған өтінішін де тындамаған. Осыны оқығанда шын ақиқатын жеткізген Амангелді Кеңшілікұлына рақметімді айта отырып, ұлы жазушыны тірідей кара жер қойнауына бергеніне қиналып, ойнымнан шығара алмай отырмын.

Бұл өмір, әсіресе, ұлы адамдарға тар екеніне қалай күйзелмейсің?!

*27.09.2007 жыл*

\* \* \*

Зейнетақы реформасы: «Жаңа жүйенің «механизмдері» қандай» деген мақала жарияланған. («Алматы ақшамы» газеті, 11.01.1999 жыл).

Бұл тұрғыда статистика бойынша шетелдерде өмір сүру ұзақтығы айтылған. Ең алды Жапонияда - 79,2 жыл, ең соңы Данияда - 75,4 жыл аралығында, басқа елдер орта есеппен осылай өмір сүреді екен. Бұл сан олардың жағдайларының жақсы екенін көрсетеді.

Ал бізде статистика бойынша ер адамдар - 59,7 жыл, әйелдер - 70,4 жыл өмір сүреді екен орта есеппен. Жалпы әйел-еректі қосып, орта есебін шығарғанда 65 жыл өмір сүреді екенбіз. Бұл біздің күн көрісіміздің қиын екенінің белгісі. Сонда 63 жаста зейнетке шыққанда 2-ақ жыл ғана зейнетақы алады екенбіз.

Бұл ел қалаулылары ел камын аса ойланбаған сияқты. Өйткені 71 жаста зейнетке шығатын етіп жүйелегенде, бұл жасқа еркектер тұрмақ әйелдер де жетпей, о дүниеге аттанып, қоғам қорынын кемтігінің қоржынын толтыратын екен. Онсызда біздің ауылда өткен жылы 4-5 адам 50 жастың ар жақ бер жағында көз жұмды. Мұндайлар қазақ елі бойынша толып жатса, бұдан да жас кетіп жатқандар қаншама?

Зейнетке екі-үш жыл бұрын шыққанды халық қалаулылары қимағанмен жекешелендіруді сылтау етіп, ірілі-уақты өндіріс орындары мен қаладағы ірі ғимараттарды айтпағанда, ауылдық жерде қолайлы жерді, малды, техниканы, мүлікті, малшы үй мен қораларды, қолдан өндірген өнімдерді, тағы басқа толып жатқан



70 жылғы байлықты шенеуніктер мен сыбайлас жемқорлар иеленіп кеткені барша қауымға белгілі.

Мұндай жолсыз іс Қазақстанның көп жерінде өріс алғаны ақпарат құралдарында айтылып та, жазылып та жатыр.

Мұны тиісті орындардан ешкім тындап жатқан жан жоқ. Халық қалаулылары жасы жеткен зейнеткерлерді екі-үш жылдан қысқартқанша жекешелендірудің басталуы мен аяқталуының арасындағы ауылды, ауданды, облысты, республиканы тонап, сүліктей сорған бастықтарының іс-қимылдарының барысын тексеріп. 70 жыл жинаған ұлттық дәулетті иеленіп кеткен сыбайлас жемқорларды құстырып, жазасын бермей ме?

Қарапайым халық болашақтан осыны күтуде. Зейнетақыға жүйелегенше жасы жеткен қарияларды о дүниеге жақындатып алып.

*31.09.2007 жыл.*

\* \* \*

Мали республикасын 23 жыл билеген президенті Мұса Траорен қазынаның 357522 долларын жеп қойғаны үшін 1991 жылдан өмірлік түрмеге, ал жақында өлім жазасына кескен. («Егемен Қазақстан» газеті, 16.01.1999 жыл).

Біздің ауылдық жерде күн көре алмай отырған кейбір нашар отбасы күн көріс үшін ұсақ қылмыс: лак, қозы, тауық ұрлағанды тоғытқаны бар. Қылмыстың үлкен-кішісіне қарай жазасы бар екені белгілі. Қылмыстың аты қылмыс. Ол дұрыс. Бірақ бұл жаза түйені легімен, қойды отарымен, жылқыны үйірімен, сиырды табынымен, техниканы гаражымен, астықты қоймасымен. 70 жылғы ұлттық дәулетті түк қалдырмай жұтқан шенеунік, сыбайлас жемқорларға жаза жоқ та, қарапайым халыққа жазасы бар.

Бұған үш дәлел келтіре кетейін:

Біріншісі: Ел қамын ойлайды дегендер қаржы вице-министрі Оразалы Ержанов. Әділет вице-министрі Асхат Дауылбаев сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Оралбай Әбдікәрімов мырзалар тікұшақпен аң аулап, оны істен шығарғаны қалай? («Қазақ әдебиеті» газеті, 22.01.1999 жыл).

Оразалы Ержановқа зардап шеккені үшін қазына қорынан 40 мың доллар уысына салған. («Қазақ елі» газеті, 12.02.1999 жыл).

Ал қарапайым халық жай келікпен қатынауға жол-нұл таппай жүргенде бұл мырзаларға жол болсын.

Екіншісі: Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би шаруашылығында (бұрынғы «Коммунизм» совхозы) жаңа төраға Бейбіт Жазылбаев 16684 бас қой, 216 жылқы, 25 түйе, гараж толған техника, 4 бөлімшеге қарасты малшы үйлері мен 100-ге жуық мал 70 жылғы ұлттық байлықты 1997 жылы қабылдап алған болатын. Тоғыз айдан кейін 80 бас қой, 7 ат қана өткізіп тынған. Қалғандарын түбірімен жоқ қып, сатқанын сатып, құртқанын құртып, өзі бәрін иеленіп кеткен. Мұны қысқартып «Заң» газеті (28.10.1998 жыл) «Ұяттан басқаның бәрі бар» деп жазды.

Үшіншісі: Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Б.Абжанов атындағы Қаракөл кеңшар директоры болып келген Т.Райымханов 1994 жылы 43 мың қой, 2500 ірі қара мал, 700 жылқы, 120 трактор, 60 автокөлік, 30 комбайн қабылдаған. Содан саусақпен санарлық қалған. («Заң» газеті, 14.10.1998 жыл) «Қысым жасап жала жапты» деп жазды.

Ал Мали республикасын 23 жыл билеген президенті Мұса Траоренді қазынаның 357522 долларын жеп қойғаны үшін өлім жазасына кессе, бізде бұдан да сорақы әрекетке барған қылмыскерлер түк болмағандай қоғам мен халықты қанап жүр. 70 жыл жинаған ұлттық дәулетті құртқан халық жауын да Сталиннің қылмысындай ашар деп түптің түбінде халық болашаққа сенім артып отыр. «Ақиқаттың кілті - салыстыруда» деген ғой.

*18.10.2007 жыл.*

\* \* \*

«Жаксының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бар. Біздің ауылдың азаматы Жаужүреков Әділхан Жексенбайұлы Алматы қаласында тұрса да жиі-жиі келіп, ауылдағы елге қолғабыс тигізіп тұрады. Оның тындырған істері өз ауылының ғана емес қазақ елінің әр жеріне қолғабыс тигізіп жүргенін мен бұрын жазғанмын. Бұл азаматымыз «Жиенбет» ауыл тұрғындарына Оразада, Құрбан айтта, әке-шешесін еске алғанда жыл сайын 4-5 мәрте елдің басын

қосып, дұға оқытып, тамақ берсе, әр отбасыға (150-дей отбасы) бірекі кара (сиыр) сойып, етін таратып беріп жүр. Мұндай байлықты игергендер көп қой, бірақ мұндайлар аз екені белгілі. Бүгін міне сол әдеті бойынша ауданнан, тағы басқа жактан, Жиенбет елін түгел шақырып, тамақ беріп, әрбір қарияға 20000 мың теңге мен Елтай Мырзабайұлының «Ғұмыр иірімдері» атты кітабын таратып берді.

Әділхан інімізге мың рахмет. Мұны мен бергеніне емес, пейіліне айтып отырмын. Пейілі кенге құдай береді деген ғой.

*21.10.2007 жыл.*

\* \* \*

Кешегі мен бүгінгі адамдарды салыстырсам, бұрынғы буында өте еңбекшіл, әрі адал, ары таза, мейірімді еді. Әрине әр пенде өз күндерін көріп жүрген болса да, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен, қайтсем қулық-сұмдыққа бой алдырып күнін көрмекпен жүр. Менен үш жас үлкен Құдайберген Бабаалиев деген азамат бар. Ол өзі еңбекқор ары таза, өтірігі жоқ, басқаға қол ұшын беруге дайын тұрған азамат. Жетімдіктің кесірінен жай әшеуіл 2-3 айлық курс оқу орнынан да білім алмаған. Соның өзінде өмірдегі жұмыс орнының қай саласы болсын, жоғары мамандықты игергендерден, әсіресе, техника, электр тоғы, радио сияқтылар мен құрылыс тетіктеріне сонауғұрлым саналы. Қолынан келмейтіні жоқ. Егер ол жоғары не орта мамандықты оқыған болса, қай сала болсын тыннан жаналық ашатын адам. Онсыз да майда-шүйденің көзін тауып жүр. Осындай дарын екеніне сүйсініп, оған арнап өлең де жазғанмын. Оның ең адамдығынын зор жері елге қолқайырының молдығы. Елдің сұранысына уақытым жоқ, қолым тимейді, не қолымнан келмейді демейді. Кім болса оған айтқанына мақұл. Және басқаның қандай жұмысы болсын шын ниетімен беріліп, көзін тауып, өзінікінен кем, шала істемейді. Мен қазір жетпіс жасқа жақындадым, ақыпұлсыз (әрине, кейбір ақылы істерде саудаласпай бергеніңе риза) шын ниетімен басқаның жұмысын беріліп істейтін жалғыз-ақ осы Құдайберген Бабаалиев па деймін. Мұндай адам әлі кездестірмедім. Бір пәс бос отырғанын көрмейсін. Біздің Жиенбет ауылында 100-ден аса отбасы бар, соның бәріне де қолқайыры тиген шығар, басқа жақты айтпағанда.

Осыншама ерен еңбекшіл, адал ниетіне қарай ішім-жем, киім-киіс, жүріс-тұрыс өміріндегі күн көрісі соған лайықты еместігіне мен оны сырттан есіркеймін. Бұлай оны есіркеуім жоқтың әсерінен емес, отбасы мүшелерінің бардың өзін ұсқата алмауынан туындайды. Елге ақысыз жасаған қолқайыр барысында неше түрлі қулық-сұмдық, айласын асыратын қара ниетті адам жұмыс істетіп алып, танымай кететіндер де бар өмірде. Ондайларға: «Ақылды бұйрықты ақымақ адам орындайды. Ал ақымақ бұйрықты ақылды адам орындамайды» депті. Мейлі, Құдайберген Бабадиев ақылды болған соң да кейбір арам ниеттінің ақымақ бұйрығын орындап жүрген шығар демекпін.

*23.10.2007 жыл.*

\* \* \*

Жаппай жекешелендірудің басталуы мен аяқталауының арасындағы хадықтың шын жауларын аршып алып, оларды жазалайтын күн туар ма екен?! («Іздеуі жоқ, сұрауы жоқ, не деген иесіз дүние» Шерхан Мұртазаның «Адам құны» атты Камалға жазған хатынан. «Егемен Қазақстан» 26.12.1997).

Мен ауылдан алыстағы «Мойынқұм» мал жайылымының орталық штабында 1964 жылдан бері 12 жыл сатушы, одан кейінгі жылдары 1995 жылға дейін «Қызыл отау» меңгерушісі болсам, әлі сонда тұрамын. Бір топ өлеңдерім «Жыр бесік» (1983), «Аша елі» (1994) кітаптарым жарық көрген. Мұның көбісі малшы өмірінен ойып алынған өрнектер. Әлі үш-төрт жарық көретін, дайын тұрған кітаптарым бар.

Мен қызмет істеген Мойынқұм өлкесіне Меркі, Мойынқұм аудандарының кейбір шаруашылық малшылары шоғырланса, өзіміздің Шу ауданының бес-алты шаруашылығы «Қөлқұдықты» жағалай тығыз отыратын. Ал «Штабтың» өзіне қатысты Абай мен Төле би (бұрынғы «Коммунизм» совхозы) шаруашылығы тағы жоғарыда аталған аудандардың кейбір малшы қауымының мәдени қамқорлыққа зәрулері күнделікті талап-тілегіне орай өздері штабқа қатынап, байтаныс жасайтын. Осы аталған аудандардың әр шаруашылығында 40-70 мыңға жуық қой болса, мұның сыртында түйе, жылқы, сиыр қаншама болды десенші. Осыншама мал

Мойынқұмның кең өлкесіне сиыспай, жер дауы, суат дауы жиі болып, мен қызмет істеген «Қызыл отау» төрінде өз жерінің картасын жайып тұрып шекарасын көрсетісіп, қызыл кеңірдек болғандарының талай куәсі болдым. Сол өлкеде бүгін бір отар қой тұрмақ бір жетім лақтың жоқтығы өкінішті-ақ. Әуелім екі отар қой үшін салынған тамаша үлгідегі екі отбасының үйлері мен екі отарлық қоралар әрбір құдық сайынғы бастықтар тоз-тозын шығарып, бұзып құрылыс заттарын сатып, не өздеріне ауылдан, ауданнан, Алматыдан үй салып алып, иеленіп кеткен Бейбіт Жазылбаев сияқтыларға не шара?

Бұл тек қана осы өлкеде ғана емес Қазақстанның әр жерінде орын алған жолсыздық екені белгілі. Осы өтпелі кезеңде адал басшылар да болды, ол өте сирек кездеседі. Міне, осындай жаппай жекешелендіруді сылтау етіп, аз уақыт ішінде 70 жыл еңбектеніп жинаған ұлттық дәулетті ханталапайға түскеніне қиналмаған халық жоқ. Егер бұған тиымды мән берсе, мал, техника, үй, қора ханталапайға түсіп, ат төбеліндей бастықтар байып, қарапайым халықтың жағдайы төмендемес еді-ау!

Заң бәрінен де жоғары тұрса, сол озбырлардың табанында тапталды. Сондықтан болашақта халықтың ойы мынау: Жаппай жекешелендірудің басталуы мен аяқталуының арасында әр ауылды, әр ауданды кімдер басқарды. Олар 70 жыл жинаған ұлттық дәулетті кімдерге сатты, қайда құртты, су мойны жақын жерді кімдерге берді, осыны анық ара-жігін ажыратып, есепке алу керек. көп жылғы ұлттық байлықты иеленгендер сол кездегі бастықтар, балалары, ағайын-туысы, тамыр-тамысы, нәре бергендер екені белгілі.

Бұрын жала жауып зиялы қауымды жазықсыз «халық жауы» деп жапа шектірген Сталиннің кінәсін көп жылдан соң Н.С.Хрущев аршып тауып, оларды ақтағаны белгілі емес пе? Сол сияқты болашақта халық қамын шын ойлайтын біреу мемлекет басына келсе, «Іздеуі жоқ, сұрауы жоқ неғылған иесіз дүние» деп Шерхан аға айтқандай тексеретін шығар.

Қорыта айтқанда жекешелендіру кезеңін арасын тексерсе, Отанын, елін, жерін, байлығын сатқан шын «халық жауын» тауып, соны «құстырып», өздерін үрім-бұтағы жазалануы тиісті. Бұл болашақтың ісі.

*27.10.2007 жыл.*

Өмірге бей-жай қарай алмайтыным мені тағдыр қақтығыстарға кездестірді. Маған қатысы жоқ істерге өзімнен өзім барынша килігіп кететінім басқаларға мені жек көрінішті етті. Момын қара шаруа халықтың аянышты мүшкіл халі өз басыма түскендей сезінем. Қарапайым елді торлаған ұры, қанаушы топ, зорлықшыл теңсіз мансап сияқты қиянат жасаушының жолсыздығына қарсы болам. Бұл менің жазбаларымда жиі кездеседі. «Аша елі» кітаптағы кейіпкер дені солар екені оқырман қауымға түсінікті. Сондайдың екеуі ғана айта кетейін: «Келімсекке жем болып жүре береміз бе осылай» («Халық кеңесі» газеті 13.02.1992). Осы мақалам жарыққа шыққанда бір топ жігерлі азаматтар мені іздепті. «Шу өңірі» газеті ұжымына барыпты. Ауданның әкіміне барып шу шығарыпты. Менің еңбегімді бағалаған оларға рахмет.

Сондай сын мақаланың тағы бірі «Жекешелендіру әділ жүрмей жатыр» («Халық кеңесі» газеті, 20.05.1994). Осы мақалам жарияланған болатын. Алматыда тұрағын Әділхан Жаужүреков Жексенбайұлына балам Назарбек екеуміз бір жұмыспен бардық. Аман-саулық айтысқан соң:

- Сіз неге жазғанды қоймайсыз. - дегені Әділхан. Мұндай сөз одан күткен жоқ едім.

- Әй, інім, бұл сұрақты қалай қойдың? Әуелі осы сөзді айтпас бұрын мені зерттемейсің бе, - дедім.

- Әуелі ауыл қариялары болып шешпейсіздер ме? - деді.

- Ол да болды. Қарияларды кім тындайды қазір. Сол үшін мені бірінші зерттеп алып, артық кеткен тұсым болса ұн қосуың керек. Бала болсаң да менің өмір тарихымды жақсы білесің. Жетім өстім. Онда да біз ауқатты болдық. Ол кезде барлық шаруа көзі күш-көлік еді. Түйе-аттарымызды отын-су, бақшаға өңдеуге төңірегіміз сұраулы-сұраусыз жұмсаса, көкпар тартуға жылқы, тайымызға дейін мініп алатын. Сонда біз біреулерге керек болсақ, мал таусылған соң керексіз болдық. Кейін өз тізгінімді тез игерген соң, кейбіреудің жақсы-жамандығы менсіз өтпейтін болды. Қазір ел теңелді. Оларға бірде керек болсам, бірде керексізбін. Сен де осыдан біраз жыл бұрын кімге керек едің, сені кім танушы еді? Соны ойламайсың ба, - дедім.

Менен осындай сөз күтпеген Әділхан:

- Аға, елге дабыра қылмай, жазбай-ақ, ауыл арасында өздерің шешсеніздер деп едім, - деп ұяла орнынан тұрды.

- Мен ауылдан айдаладағы құм қойнауында тұрсам да ауылдағы теңсіз істер мен жерімізді қайтаруға ат салыстым. Сен де ауылдан алыс Алматыда тұрсан да, бүгін баршылықты игеріп, ауылға мешіт, тағы басқа кешендер тұрғыздың. Елге қолыңды созып, көмек көрсетіп жатырсың. Мұныға рахмет. Көлқұдықтан мен, Алматыдан сен ештеп ауылға қолғабыс көрсетіп жатқанымызды бірі білсе, бірі білмейді. Сыртымыздан өсек те жүреді, - дедім.

- Ит не ішпейді, өсекті кім айтпайды, айтса айта берсін, - деді Әділхан.

- Сол үшін, карағым, байқап сөйлеуің керек, - дедім. Ол шабарманына дайындатқан дастарханынан дәм татпай, жүріп кеттім. Былай шыққан соң балам Назарбек:

- Әділхан сізден қатты ұялды. Мұндай сөз айтады деп ойламаған болуы керек, - деді.

Әділханның «жазғанды неге қоймайсыз» деуі менің 88 отбасы атынан жазған «Жекешелендіру әділ жүрмей жатыр» деген сын мақаладағы Тілеу Бекқұловтың елге істеген қиянаты мен қорымды жыртып, бақша айдағаны айтылған. Соны айтып отырған сияқты. Міне мұндай сын мақала мен сын шығарма жазғаным үшін талай осындай қақтығыстар туындағанын өмір шіркін көрсетіп жүрді.

*31.10.2007 жыл.*

\* \* \*

Өмір айтыс:

- Жақсылық деген не, жамандық деген не? - депті.

- Жақсылық деген - шындық, жамандық деген - өтірік деген сөз бар. Олай болса, кейде басқасын айтпағанда, шығармашылықта қаны сорғалап тұрған шындықты - кері, өтірікті - жылы қабылдайтын қауымға не дейсін. Сонда өмір-өзенде шындықтан өтіріктің орны басым болғаны ма? Ой, шіркін, қайран өмір-ай десеші.

\* \* \*

Менің «Түсімдегі жолбарыс» атты кітабымды «Раритет» баспасы редактор болып қарап шығуына Кеңес Дүйсеновке беріпті. Сол азамат мені үйіне шақырып болашақ кітапты екеулеп ой қортып, баспаға беруге дайындады. Кетерімде маған «Өнегелі ертегілер», «Ертегі туралы ертегі» атты өзі жазған екі кітабын сыйға тартты.

*03.11.2007 жыл.*

\* \* \*

Кеңес Дүйсенов «Түсімдегі жолбарыс» атты кітабымды «Раритет» баспасына өткізді. Мен де кітапқа кіретін суреттерімді өткіздім. Тағы Кеңес Дүйсеновке болашақта шығаратын «Көлқудық» атты кітабыма редактор болыңыз деп, қарап шығуына түгел бір үлкен кітаптың қолжазбаларымды бердім.

*05.11.2007 жыл.*

\* \* \*

Галяның үйінде Сауыткүл-Совет, Назарбек-Ұлбала, Аида бәріміз Зәбиранын туған күнін, әрі екеуміздің шаңырақ көтергеніміздің 49 жылдығын жасап, атап өттік. Мен Зәбираға алтын білезік сыйладым. Басқалар да сый-сияпат жасады.

*07.11.2007 жыл.*

\* \* \*

Бұрын да күнделік жазып «Менің қарапайым өмірім» атты шығармаға пайдаланғам. Енді басқасын айтпағанда күнделік жазу арасында, іс үстінде ойға келген «қанатты сөзге» тән, тән емесі бар әртүрлі жанрда жаздым. Соны күнделіктен бөле қарап, өзінше топтастырсам мыңнан асып кетіпті.

Енді соны қалай жазғаным туралы қысқаша баяндайын өз өмірімде басымнан өткенін. Ел-жұртпен араласқандағы көргенімді, естігенімді, сезгенімді, содан алған әсерім бар. Көз алдымда өтіп жатқан марқұмдардың тіршіліктегісі және о дүниеге кеткеннен кейінгі арасын салыстырдым. Еркек, әйел, отбасы, баласы, ағайын-туыс, дос-жаран арасындағы қатынас барысын сараладым. Дүниежүзіндегі елдер мен өз қоғамындағы құбылыстар. Кешегі



мен бүгінгі, тағы ертеңіні ой елегінен өткізу арқылы. Барлық жанрдан оқығанымда, демек, өмірдің барлық болмысын өз әлімше зерттеп, ой түйіп, санамен саралап, соны қорытқандағы «қанатты сөзге» жататыны бар, жатпайтыны бар, неше түрлі жанр туды. Енді бұл шатпағым қалай туындады содан төртеуін ғана сыр шертейін.

Менің бала кезімде біздің ауылда жалғыз басты мүсәпір кемпір болды (аруағын сыйлап, атын атамай-ақ қояйын). Сол кісі өне бойы жол жағалап, көліктерден түскен сексеуіл сияқтышы отынға, жүргінші босатып тастаған бөтелке, тағы басқа заттарды теретін. Егін, бақша орағы аяқталғанда соның масағын теріп, тіршілік қамын жасайтын. Ол кезде ел-жұрт әрең күнін көріп отырса да қоғамнан көмек, зейнетақы деген атымен жоқ кез. Менің шешем жесір болса да ауқатты болған соң сол қара кемпір біздің үйге жиі келетін. Сонда айтқан мына сөзі бала кезімде ойымда қалыпты: «Жалғыз басты маған, әсіресе, түнде даладағы үріп тұрған ит те, үйдегі мысық та ес болып, жалғыздығымды сездірмейді» - деуші еді. Жалғыздықты сездірмейтін ит те мысық та жалғыздықты үшеулеп, женеді деп жазыппын. Сол үшін Алла әркімді жалғыздықтан сақтасын деймін.

Менің жолдасым Зәбира жеті бала тапқан соң, дәрігер «бала көтеруіңе болмайды» деп ақыл берді. Бірақ мен Аллаға сыйынып, бала тууын сұрандым. Содан соң аман-есен екі баланы өмірге әкелді. «Денсаулығы бола тұра, түсік алдырған әйелдер екі дүниеде кінәлі» деппін. Шыпында бала алдырғандар адам өлтіргенмен бірдей емес пе? Бала тууға күн көрісті сылтау ету бос сөз. «Бір қозы өмірге келсе, бір түп жусан артық шығады» деген сөз бар ғой. Әр баланың өзінің нәсібі бар.

Тәжік елін аралағанда көсемі Исмаил Сомениге алтын қоспасы бар ескерткішін көрдім. «Алтынмен аптап, ұлы адамын сомдап қойған. Ұрпағына үлгі еткен данасына көзің тойған» деппін. Бізде еліміз бен жерімізге ерен еңбегі сіңген Д.Қонаев өзі салдырған 43-тен аса қалада есімімен атауға бір қала бұйырмай тұрғанына не деуге болады? Әрине өкінішті.

Құрбан айт күні жасым оннан жаңа асқан мені шешем көкпар тартуға бара жатқан Өзенбай деген кісіге:

- Мына Сәукенбайымды (шешем мені солай атайтын) көкпар тартуға ерте бар. Көкпаршылар қағып кетіп, жазым етпесін. Бас көз бол, - деп табыстап жіберді. Керісінше сол күні көкпаршылар

Өзенбайдың өзін қағып кетіп, көз алдымда қаза тапты. Бұдан басқа да көкпарда қаза болғандарды естіп жүрдім. «Бұрын уағынан бұрын сирек көкпарда ажал табатын. Қазір техника, арақ жалмап жатыр күні біткен адамын» деппін. Мұндай мысал «қанатты сөзге» қатысты, қатысты емес болған күнделікте жиі кездеседі.

Осыған қарал мен ойлаймын. Бұл «қанатты сөзге» жатсын, мейлі жатпасын, әйтеуір қай жанр болса да өмір болмысының көшірмесі емес пе? Тыннан оған түрен салғаным өте сирек. Өйткені мен өзімнің әрбір сөзіме жауапты қарауым керек қой. Сол үшін осы осалдығымды мойындай отырып, оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

*17.11.2007жыл.*

\* \* \*

Өте терең ойшыл тұлғалар Аристотель, Платон, Евклид, Архимед, сияқтылардың адам баласына деген ойлы ақылы тура жолға нұсқағанмен өздері оны іске асырмайтыны көп қой. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар ол өзі тапқан тура жолын елге насихаттап, оны мұсылман қауымы іске асыруда. Қазір дүниежүзінде ислам дініне көшкендер де көп, әлі сол дініне көшіп жағқандар бар. Карл Маркс та ой толғамын жер басып жүрген дүниежүзі елінің тең болып, тең өмір сүруге «социалистік», қоғамды ойлап тауып, соны аз күн болса да іске асырды. Оның нақты жолын өз болмысынан кейінгілер бұрмаласа да біз 70 жыл дәмін таттық. Қазір бұл қоғам құрдымға кетсе де түріне, нәсіліне, жынысына, туған жеріне, тұрған жеріне, көп-азына, үлкен-кішісіне қарамай адам баласының бәрінің тең болып, тең өмір сүру жолын ойлап тапты. Мұнысы болашақта ұмытылмайды.

Ал ойшыл философтар мен ақын-жазушылардың жазған кітаптары көп. Сонысын, демек, ақылды сөзін орындамақ түгіл кітабының оқылмайтыны бар. Кейбіреуінің жазған ақылды сөзінен өзінің ісі бөлек болып жүргендер де кездеседі. Газет, журнал, кітаптан Абай, Мұқағали, тағы басқалардың да ештеп шығармашылығының қажеттілігі сезіліп қалады. Ал кейбір жазушыныңкі сирек естіледі, тіпті тым-тырыс беймәлімі де бар. Абай, Мұқағали сияқты өлендегі ой-мақсатын орындай алмай арманда кеткен қаншама?

Мен ойлаймын жақсы-жаман болсын сол өз ойын не жазғандарын

іске асырған, демек, екеуін де орындаған нағыз данышпан, жолы болғандар.

Жер бетінде ел үшін ортақ тура жол ойлап табу қиын болса, сол ойлап тапқан ортақ жолын енді іс жүзінде асыру одан да қиын. Сол үшін екеуінде игерген адам нағыз данышпан.

Кездейсоқ адамның өзі кездескенге ақыл айтуға дайын тұрады да, орындау жоқ, құры сөз. Мысалы, Заһир ад-дин Мұхамед Бабыр поэзия да, проза да жазған. Сол жазғандағы ой-мақсатын іске асырғаны да бар. Құдіретті патша 100000 әскері бар Рено-Сангам Синх басқарған ұрыста үндістан империясын жеңіп алуы - әскери көсем мақсатының орындалуы. Бар өмірі 47 жыл-ақ, соның өзінде Бабыр ерен іс тындырып, өшпес із қалдырғаны ой-мақсатының орындалуы деп ойлаймын. Демек айтқанын, жазғанын, ойын іс жүзінде Бабыр асырған. Міне, екеуін де орындаған нағыз данышпан адам. Мұндай іс көрінген данышпан қолынан келе бермейтіні сөзсіз.

*20.11.2007 жыл*

\* \* \*

Қазақ халқында саудаласып, келісіп жатып, сатушы да, алушы да бір-бірін «береке тап» десіп тарасатын әдет бар. Сонын бірі сонау өткен жылдары өз басымнан өткен бір елесі ойыма түсіп отыр. Малшы қауым орталығы Көлқұдықта соғым соятын кез еді. «Соғымдық жылқы сатамын» деп көршілеріммен бірге мен де жан-жаққа хабарлағам. Бізден 20 шақырымдай алыс тұратын 61-бекетінен Әлденбай мен Көкірекбай келіп бұйырған бағасын беріп, менің бір жылқымды соғымға алды. Бір аптадай уақыт өткен соң Әлденбай бір үлкен жүк машинасын нығыздап толтыра басқан сексеуіл әкеліп, біздің үйдің алдына түсірді. Келесі күні Көкірекбай да осы істі қайталады. Бұған аң-таң болған мен, сексеуіл деген оңайшылықпен дайындалмайды да үйге де келмейтіні белгілі. Әрі 61-бекеттен ары 30-40 шақырымдай қашық болса, оны сындырып, бұтап, көлік пен біздің үйге дейін әкелуге 50-60 шақырымдай жол бар, орман мекемесіне тәлейтін нарықты ақшасы сияқты машақаты баршылық болған соң:

- Бұларын не? Мен сендерден сексеуіл әкел бер деп сұрамап едім ғой,- дедім.

- Ой, Сауытбек мұның сыры бар. Бұрын соғым сатамыз деп

сенімен бірге көрші жылқышылар да төңірекке хабарлаған болатын. Сонда мына Көкірекбайдың қарт әкесі: «Жерге қарағандардан алма. Ана ашық-жарқын Сауытбектің соғымдық жылқысын алындар, зиян шекпейсін», - деген соң сенен алдық. Саған рахмет, бізге май жегіздің. Бұдан соң Көкірекбайдың әкесі тағы: «Әй, балалар, біз майды үндемей жей береміз бе? Осындай сауда жасасқан келісімде қазақта «береке тап» деген сөз бар, міне, берекеміз кіріп отыр. Ал ана Сауытбек сендерге сұраған бағаға жылқысын бере салыпты, рахмет. Қой, бұларын болмайды. Ексеуің де екі машинамен жұмысшы жалдап, орман шаруашылығынан билетін алып, қазір қатаң қыстың қысып тұрған кезінде отындыққа сексеуіл апарып беріңдер», - деген соң әкелдік». - деп Әлденбай мен Көкірекбай қосарласып сыр ашты.

*26.11.2007 жыл*

\* \* \*

Астанадан келе жатқан Мұратбекті пойыздан Ниязбек күтіп алып, үйге әкелді. Мұратбекке қызмет орны 19.12.2007 жылы кадастр номері 21:319:077:2:1: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ильинка көшесі, 0,2000 га жерді үйімен қоса беріпті. Осы меншік иесі туралы мәліметтерін көрсетіп, бізді қуантты. Үйі құтты болсын, қарағымның. Ниязбек Мұратбекті түтел отбасымен «Көлқұдықтағы» үйіне қонақ етуге алып кетті. «Бір үйде қаншаусын – бір-біріңе қонақсың» деген осы да.

\* \* \*

Бұрын Кеңес өкіметі кезінде біркелкі абыр-сабыр қайнаған еңбек әр салада артық-кемі болса да қызу жүріп жататын. Ал тәуелсіздік алғалы ауылды да жемқор, істің көзін табатындар, таппайтындар, еріншектер болып, жайбарақаттық билеп алды. Осы жайбарақаттық соңында көлдің түбіне тарғып кететін қара тұңғиық жылымы бар сияқты үңірейген алашы қауіп сезінетін. Алла бұдан сақтасын.

*30.12.2007 жыл.*

2007 жыл елім, отбасым үшін жақсы, табысты жыл болып өтті. Елім аман, Отаным тыныш. әрі барлық жағынан жылдан жылға қарқындап, өсіп келе жатқаны дүние жүзі елдерін таңғалдырып келе жатқаны белгілі. Тіл-көзден сақтасын.

Өз отбасымда Зәбирам сырқаттанып, қауіп-қатер төніп еді. Аллаға шүкір, жақсы болып, айығып кетті. Отбасымыз түгел күліп-ойнап, қызметтерін істеп жатыр. Мұратбек Астанада үй алса. Назарбек пен Ниязбек жаңа үй салудың қамында жүр. Бұлардың үйлері құтты болсын, денсаулық берсін. Алла.

Зәбира, Ниязбек пен Мұратбек отбасымен түгел 2008 жылдың бірінші минутын тік тұрып, жаңа жылды күтіп алдық. Сырттағы балалар телефонмен жаңа жылмен құттықтады. Елім аман, Отаным тыныш болып, барлық жағынан қарқындап, еселеп өсе берсін. Өз отбасымның үйдегі-сырттағысы бәрі аман-есен, денсаулығы зор болып, ой-мақсатына жетіп, мына 2008 жыл бақ-қыдыр әкелсін деп тілек білдірдім.

*31.12.2007жыл.*

\* \* \*

Әлия-Мәрлен, Дәния-Талғат келіп, бізді жаңа жылмен құттықтап, отырыс жасады. Демек, Мұратбек Әлия, немерелерім Ниетжан, Тоғжан, Ғалия, Аида, Диана, бәрі үйде болып думандатқанына Зәбира екеуміз мәз-мейрам болып қуандық.

*01.01.2008 жыл.*

\* \* \*

Жеке кабинетім тұрмақ жеке орындығым жоқ екенін бұрын ептеп бір жазғанмын. Шын мәнінде бұлар жоқ емес, бар. Балаларымның жас кезінде солардың у-шуынан болса, енді олар есейгенде немерелерімнің у-шуынан босамаса тұр. Керісінше, мұны Алланың сыйы деп қабылдадым. Онда да өзіңмен-өзің онаша отырғанда шығарма жазу үстінде сөздің шырайын, әсерін, қуатын, мәнін іздейсің. Кейде өз-өзінен құйылып келген сөз тіркесін у-шу бұзып, ойынды бөліп кететіні де бар. «Жұмыс істейтін бөлмеде ұйықтама, ұйықтайтын бөлмеде жұмыс істеме» - деп әр нәрсенің де өз орны бар екені рас қой.

*03.01.2008 жыл.*

\* \* \*

Бүгін архивімді актарып отырып, бұрын газетке жолдап жарияланбаған, қай газетке жолдағаным да ойымда жоқ мақаламның көшірмесін тауып алдым. Соны күнделігіме қосуды жөн көрдім.

\* \* \*

«Әдебиет және нарық» деген тақырыпты оқығандағы ой.

(«Қазақ әдебиеті» газеті, 24.04.1993 жыл, №17).

«Әдеби дастархан» басында белгілі жазушылардың басы қосылып, әдебиеттің хал-ахуалы туралы әңгіме қозғапты. Онда әдебиет және нарық туралы айта келіп, кітап шығарудың қиындығын көп сөз етіпті. Сондағы Оралхан Бөкей сөзінің кейбір тұстарын толық келтіре кетейін.

«Кітап басу дегеннен тұрады, менің топшылауымша, қазір баспада бұдан бұрын сан рет шыққан кітаптар тең-тең болып жатыр. Орта буын кешегі жастарымыз бар. Әлі бір кітабы жарық көрмегендер де жүр. Сонда бұрын шыққан оқырманның бағасын алған кітаптарды жамап-жаскап шығара беру мақсат па? Орта буынның біразының әлі таңдамалысы да шыққан жоқ. Оқырманға ғана емес, әдебиетке берері бар туындыларды ғана екішеп басатын кезге тұмсық тіреп тұрмыз-ау осы» - деп өзін ғана емес, өзгенің, сөзін сөйлегеніне мен де көпшілік атынан Оралхан Бөкейге алғысымды айтамын.

Бұған Акселеу Сейдімбеков: «Жаңа Оралхан айтқан сөз біздің көп аңсағанымыздың бірін түртіп кетті» - десе. Бексұлтан Нұржөкеев «Жалыннан» жалпақ жұртқа әлі айтары беймәлімдеу әдебиет босағасын енді ғана, әрі үркектеп аттаған жастардың туындысы шығуға тиіс. Оларға алдын-ала сұраныс түспейді, демеуші де табыла қоймайды, өйткені атағымен мәрт азаматтар Қазақстанда қаптап кете қойған жоқ» - деп Оралханның ұсынысын қолдаса, біз сияқты қайнаған еңбектің ортасында жүрген дала қаламгерлерінің көңілін аударғанының өзіне кітабымыз шықпай қалса да қалай рахмет айтпассың.

«Жастардың туындысы» деп Бексұлтанның айтқанынан шығады. мен Бексұлтанмен қатар болсам, Оралханнан үлкенмін. Әркімнің жасына қарай емес, тындырған ісіне қарай ғой. Онда да

болса бір пышақ сыртының қалыңдығындай да кітап шығара алмай жүрген ауылдан шалғай құм қойнауларындағы малшы ортасындағы азаматпын.

Сөз реті келгенде мұнымды тыңдайтындарға сездіре кетейін. Бір топ өлеңдерім «Жалын» баспасынан «Жыр-бесік» деген атпен (1983 жыл) топтама ақындар кітабына енген болатын. Одан кейін бір шағын кітап боларлық өлеңдерімді ақын Серікбай Оспановтың өзі қайта бастыруға, сол «Жалын» баспасының машинисткасына берген болатын. Ол келіншек «Серікбайға бердім» десе, ол «Алған жоқпын» деп екі ортада жоғалып тынды. Тағы басқа газеттерге берген өлең-әңгімелерімнің кейбіреуі жарық көрсе, кейбіреуі хабарсыз болып кетеді. Мысалы, сіздердің газетке жолдаған суретіммен «Алдында керемет жақсылық бар-ау» (Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына орай) деген деректі әңгімем бүгінгі күнге дейін хабарсыз.

Міне, бүгінде 52-ге келдім, әлі бір де кітабым шықпағанына өкінемін. Әйтеуір өлеңдерім, әңгімелерім, повестен үзінділер анданда болса да газеттерден көрініп қалғанын дәтке қуат көремін.

Мысалы «Жас Алаш» газетінде (14.04.1992ж.) жарық көрген әңгімем «Ұрыға жол көп деген...» осыны оқыған төңірегімдегі үш-төрт шаруашылықтың кейбір оқырмандары мен осы әңгімедегі жағымсыз кейіпкерлердің туыстары маған келіп рахметін жаудырса, әрі өміріңе қауіп төндірмесін, деп ескертті.

Ондағы жағымсыз кейіпкер ұрының аты Қаражолдың іс-әрекеті шынайы, әрі ақиқат еді.

Мен көбінесе шығармашылығымға шын-ақиқат істерді арқау етуге тырысамын. Ал көркемдігінің қандай екендігіне өздеріңіз баға беріңіздер. Сол газеттегі ұрыға жазылған «Өзі еріншек, өзі ұры» деген өлеңді де сіздерге жолдап отырмын.

Тағы да осы газетті оқыған, фамилиясын білмеймін, Әбдіманат деген біреу ауданнан келіп, маған рахметін айтты. Сол ұры бүгінде аяғын байқап басып, халықты зар илеткенін қойған сияқты. Аз да болса халқыма септігі тигеніне мен де қуанамын.

Бұл бұлтартпас шындықтың арқасы. Егер менің жалған қоспам болса, мұның қалай, деп бетіме келер еді ғой, көрші отырған ауылмыз.

Сөйтіп қолжазбам «Жалын» баспасынан жоғалған соң поэзиядан бір, прозадан бір шағын екі кітаптық қолжазбам казір белгілі жазушы Әбіқұл Ибрагимовтың қолында қағаз каражатының жоқтығына ұрынып тұр. Мен осы газет арқылы кітабымды шығаруға «Жалын». «Жазушы» баспасынан көмек сұрағанымды жариялауларыңды сұранамын. Егер ондай атты күн туа қалса, шығарған кітаптың қаламақысын маған аудармауды сұранамын. Оны мен сол шығарған баспаның қорына аударылсын демекпін.

Керісінше, егер кітап болып шыққандай болса поэзиядан шыққанынан 500 кітап, прозадан шыққанынан 500 кітап – барлығы 1000 данасын өзім өз ақшама сатып алуға уәде беремін.

Менің мақсатым – кітабым шықса, халқым оны оқып, танысса болды. Бұл маған қол жетпес арман.

Осы мақаланы жарыққа шығаруларыңызды сұранамын. Егер осы мақалам да жарыққа шыға қалса қаламақысын осы газеттің қорына аударуды сұранамын.

*Жамбыл облысы, Шу ауданы, Көлқұдық (штаб)  
малшы қауым орталығы. Мойынқұм «Қызыл отау»  
меңгерушісі Сауытбек Мәдімарұлы.  
26.04.1993 жылы жазылыпты.  
08.01.2008 жыл*

\* \* \*

Көне Қытай Чжунюнь – төрт кітапта «Адам не істесе де шектен аспауы керек» деген өсиет бар екен. Менің күнделік пен кейбір проза, поэзияда ақиқатын айтам деп «шектен асқаным» көп екен. Сол үшін оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

*09.01.2008 жыл*

\* \* \*

Түріктер қазаққа: «Күндіз сендер біздің құлымызсындар, кешке әйелдерің біздің күніміз». Ұйғырлар қазаққа: «Билік сендердікі, жер біздікі», күрдтер қазаққа: «Қолдарыңнан не келеді? Бір қойдың басын беріп, ақшамен істі жаба саламын», шешендер қазаққа Маловодныйда: «Сөйлескің келсе үйіме кел» - дегендері үшін жанжал болған.



Күрд мәдени орталығының жетекшісі Нәдіров қазаққа: «Көтеріс жасауға шақырамын» дегені үшін қоғамдық ұйымдар тарапынан бір шара қолдану мәселесін ашық қоюы керек деп. «Жас Алаш» газеті 06.12.2007 ж. жазған болатын.

Осы деректі жазғаннан кейін де талай рет Нәдіров қазақ еліне көгілдір экраннан қолын сілтеп тұрып, ақыл айтқызып қойғанын қайтерсің. Біз отбасымызбен осыны көріп, қатты қиналдық. Ниеттері теріс екенін сездіріп тұрса да оған бұларына мән бермейтін біз әшейінбіз бе деп қалдым мұндай туралы.

\* \* \*

Дружба совхозының Қорағаты селолық кеңесі атқару комитетінің төрағасы ұлты әзірбайжан Гусеин Асланов, А.Өзенбаев, Қ.Сптеміров, М.Иманбековтерге «қазақ менің қалтамда дегені» үшін («Халық кеңесі» №31 13.01.1992 ж) мен газетке жазып, қызметінен түсіргенмін. Сонда кейбір қазақтың оның сөзін сөйлегенін көрдім. Біз қазақ халқы өзгеге момын, өзімізге ала көзбіз-ау?!

\* \* \*

Менің шығармашылықта көсіліп, еркін жазуға кедергі болған үш басты кемістігім бар:

- білімімнің жоқтығы;
- жалынды жас кезімде ептеп құйылып келген шабытты ой болса, соны ұштап, дамытуға ынта жоқ болды. Енді егде тартқанда, ынта болса да шабытты ой жоқ;
- басынан шаруақор болып жұмыс басты болғандығым.

Демек, Расул Ғамзатов айтқандай: «Тіс барда ет жоқ, ет барда тіс жоқ»-тың кері менде бар.

*13.01.2008 жыл*

\* \* \*

Шыңғыс хан туралы көгілдір экраннан 30 сериялы киноны көргендегі ой.

Шыңғыс ханды ақылды, байсалды, қайталанбас тұлға екенін қытай елінің көгілдір экранға шығаруы ойға қалдырды. Өйткені

зерттеуші Ислам Қабышұлы осыдан 16 жыл бұрын «Егемен Қазақстан» 15-18 шілде 1992 жылы екі рет жариялағанда «Шыңғыс хан 1214 жылы Қытайдың бір бөлігі Алтын ұлысының астанасы (1038 жылдан астана болған) Бейжинді қан сасытып, айдан астам көк жалынға тұншықтырды. Қытайдың Алтын ұлысы оңай жеңілмей соғыс ұдайы үш жылға жалғасты. Алтын ұлысының ханы екінші рет елші шаптырып, достасуға шақырды. 1217 жылы Алтын ұлысын бағындырған соң, сол жерден еліне кері қайтқанда Алтын ұлысының ғалымы Елю-цзуайды кеңесші етуге Шыңғыс хан ерте келді» - деп жазған мақалада.

Өзін жаулаған Шыңғыс ханды Қытай елі сомдаған кино көрінісімен бұрын жарияланған мақаланың оқиға барысындағы шын-ақиқатын өз әлімше салыстыруға тырыстым. «Ақиқаттың кілті - салыстыруда» депті бір дана. Әрине, небәрі азғантай моңғол көшпенділерінен дара шыққан сауатсыз Шыңғыс өте ересен қайталанбас қабілетімен әлем тарихшыларының назарын өзіне аударуы да тегін емес. Батыс тарихшыларының жазғанындай «тұнның Еділіндей өз әулеті Ақсақ Темірдей қан құмар болмаған» деп жазады.

Жазылған деректер мен кино көрінісінің оқиға барысындағы ештеп әрбір тұсынан сезгенімді алға тартайын. Жаңа туған баланың кіндігін кесіп, оның қолындағы шенгелдеген қара қанымен анадан туған қалпы жоғары көтеріп туғанды көрсетуден басталады Шыңғыс хан киносының көрінісі. Балаға Темуджин деп ат қойып, оны әкесі қалыңдық айттырып барып, қоңыраттың Дай шешеннің Бөрте атты қызына құда түсіп, Темуджинді қалыңдығына үйірсектеу үшін тастап кетеді. Есугейді еліне келе жатқан жолда таныған татарлар ұзақ уақыттан кейін дарытатын у береді. Есугей өлерінде Темуджинді алдырып, өсиет айтады. Есугей өлген соң Боржығандар жан-жаққа ыдырап көшіп кетеді де, Есугейдің екі әйелінің бес баласын іргесінен қуып тастады, олар ел баспас ең далаға қаңғып кетті. Есугейдің бәйбішесі Сочигалданна туған ұлы Бектер мен Бегідейді шешесі жұртқа тастап көшіп кеткеніне Темуджин өшігіп алған болатын. Мал дегенде сегіз көк шолақтан басқа түгі жоқ. Темуджин аң, құс атып, тұзақ құрып ұстап алғаны мен жұртта қалғанын асырап қорлық көріп

өседі. Сонда тұзақ құрып ұстап алған «құранаға» таласып, 11 жас шамасында Темуджин әкесі бір, шешесі бөлек Бектерді өз қолымен өлтіреді. Темуджиннің осындай қатыгез қылығы жалпақ елге тарап кетті. Торғұтай ноян Темуджиннің ізіне түсіп жүріп, қолға түсіреді. Бір қапысын тауып Темуджин қарауылды ұрып жығып, қашып құтылады. Жолда мейірімді жандар табылып, Темуджиннің айла-тәсіл, өткірлігіне риза болып, жүннің арасына жасырып, қуғыншыдан аман алып қалады. Қалыңдығы Бөртеге 1178 жылы үйленеді. Меркіттер Бөртегі тартып әкетеді. Темуджин, Хасар, Белгідей үшеуі қашып әкеле жатқан жолда Бөрте босанып, ұл туады. Жолда туғандықтан атын Жолшы (Жошы) қояды. 1189 жылы моңғолдардың дені Темуджинді хан сайлайды. 1181 жылы Жамуха мен Темуджин бір көшіп-қонар жерге келгенде жалғыз ауыз сөзге келіспей, ат құйрығын кеседі. Бұдан кейінгі қақтығыстары жазбада да, кинода да болған ақиқаттар.

Темуджин өзін көк желкеден атып жаралаған тайшуақтың Зургадай батырымен достасып, «мені жебемен аттың ғой, аттың Жебе болсын» дейді.

16 жыл бұрын жазылған мақала мен бүгінгі кино көрінісі дәлме-дәл жері камшының өріміндей жымдасып отыратынына таң қаласын. Әрине, Шыңғыс өмірінің шым-шытырмандығы әлем тарихына өшпес із қалдырған аңыз бен ақиқат та қатар жүретін заңды болса, ала-құлалық та ештеңе сезіліп отырады. Жалпы қорыта айтқанда бұрын жазылған мақала мен кино көрінісі жымдасып отыратын тұсы көп. Ұлы империяның іргесін қалауы қаһарлы да қатыгез, ақылды да байсалды Шыңғыс хан аса күрделі тұлға. Оның канқұйлы қаракеті мен қайталанбас қайраткерлігі өз алдына бір төбе. Ал сұңғыла, көреген, көсем, досының да, жауының да ерлігін бағалағанын қытай елі танып, өздеріне жасаған қиянат-жауыздығынан аттап өтіп барып, Шыңғыс ханның адам баласында қайталанбас дара екеніне тәнті болып ақиқат-шын бағасынан аттамай, көп сериялы киноға түсіріп, экраннан әлем еліне көрсетіп отыру таңғаларлық. Киноның көп жерінде Ислам Қабышұлының зерттеп жазғандарынан да өте жоғары етіп сомдап көрсеткен тұстары да жетерлік».

Мәселен, ананы, әйелді, баланы, өзінен үлкенді, кішіні,

әскерлерін, қолбасшыларын сыйлап өтсе, әрбір жаңа істі бастарда, шапқыншылық соғыста, басқа жақтан келісімге елшілер келгенде төңірегіндегімен жеке-жеке ой бөлісіп, «сен қалай ойлайсың» деп ақылдасып отырады.

Саудагерлер құрамына елшілерді қосып жіберген 496 керуеншілерді Қайырхан өлтіріп, дүние-мүлкін олжалайды. Осыны естіген Шыңғыс хан қатты күйзеліп үш күн, үш түн демалыссыз аспанға қолын жайып, алладан Қайырханға қарғыс тілеп, «оның дүниеге тоймаған көзіне қорғасын құйып тойдырамын» деп, құрбан болғандардың кегін алуға ант береді.

Бұдан кейін «тұрысатын жерін айтсын» деп Бақира есімді қазақ пен екі монғолды елші ғып тағы жіберді. Екі монғолды өлтіріп, қазақтың сақалын күзеп, атына теріс мінгізіп қоя береді. Ашынған Шыңғыс хан өзі бастап 1219 жылы қыркүйек айында батысқа аттанады. Отырармен 5 ай, үргеніштіктермен 6 айдан астам соғысып, Қайырханның көзіне қорғасын құйып, антын орындап, дегеніне жетеді. Бұл Ислам Қабышұлының мақаласында да, кинода да бар.

Осыны біздің кейбір ақын-жазушылар керісінше жазып, «Қайырханды жауыздықпен жазалап, Отырарды ойрандатты» деп Шыңғыс ханға сын айтып, жазғанын баспадан оқып, көгілдір экраннан естігенбіз.

Тағы Шыңғыс хан соғыста өлген әскерлеріне қайғырып, «бөтен елде, басқа жерде сүйектерің қалды» деп аруақтарына бас ұрғанын кинодан да көрдік, жазбада бұл да жоқ.

Шыңғыстың әйгілі қолбасшысы Шихутагатын 30 мың әскерінің бірінде қалдырмай қырып салған Жалеладдиннің «біздің қолбасшылар табысқа мақтана бермей, жеңілісті де мойындау керек» депті. Шыңғыс 1221 жылы Жалеладдинді өз қолымен талқандау үшін Синд өзеніне дейін қуып барып, сарбаздарына Жалеладдинді өлтірмей тірі қолға түсіруді тапсырады. Ол 700 әскер қалғанда өзінің келіншектері мен аруаларын өзенге тұншықтыруға бұйрық береді де, өзі Синд өзенінің биік жартасынан секіріп түсіп, ары өтіп шыққанын көрген Шыңғыс тебіреніп «әр әкенің осындай ұлы болсашы» деп армандаған екен. Ол аздаған әскерімен қашып құтылып, ақыры Үнді, Иран, Грузин, Әзірбайжан, Кіші Азияға дейін

барып, 1231 жылы тамызда күрдінің есуас қарақшысының қолынан қаза тапты. Жалеладдин Шыңғыстың өлімін естігенде: «Есіл ер-ай, енді маған шак келер кімің қалды, кегімді кімнен алсам екен» - деп өкінген екен.

Шіркін, бір-біріне жау екі ересен ер де бірін-бірі сұмдық танып бағалаған ғой. Мұндай жауын да, досын да керемет бағалау мақалада да, кинода да жетерлік.

«Шыңғыс ақылды. иешен, ғұламаларды ерекше ардақтайтын, сондықтан оның ордасында «шешендер алқасы». «ғұламалар кеңесі» деген арнайы адамдар тарихпен шұғылданған» деп жазылған. Соның бәрін тізе бермей, үшеуіне тоқталайық.

Елю-цуца өне бойы Шыңғысқа кеңесші болып, ақыл айтып отырғанын кино көрінісінде көзіміз жетті. Оны Шыңғыс ұзын сақалына бола «Ұзынсақал» деп ат беріп, солай атаған.

Шың ағай. Керейдің ғұлама ғалымына Шыңғыс тарихи шежіре жазуға тапсырған. Шын ағай «ат үстінде жүріп ел жаулау оңай, аттан түсіп ел басқару қиын. Әрбір елді өзіңнің әдіс-тәсіл, өзінің дәстүрімен ғана басқару керек» - деп Шыңғысқа ақыл қосыпты.

Чан-чунь. Бұл да ұлы хан табанына тапталған Қытай елінің ғалымы. Шыңғыс шақыруымен 2 жылдай жол жүріп, күймемен оның үш ордасын көктем өтіп, қазіргі Завхан аймағының Байдарог өзені жағасындағы қазақ тауындағы Шын ағай ордасына келіп, бұдан ары жүре алмайтынын айтып, осы жерден қайтіп кетпек болғанда, оның күймесін тастатып, атпен Алтай асып, Ертісті бойлап, Шыңғыс таудағы ұлы ордаға Шың ағай ғұлама өзі келді. Бұл келуі 1223 жылы тамызда Шыңғыс ордасына келіп, ұлы ханға жүздеседі. Чан-сунь лақап аты екен, оның есімі Цю-чи-жи 1148 жылы Шандунь аймағында туған, ол 73 жасында жол азабын тартып отырып әрең жеткенін сөз етеді.

Шыңғыс та ер жүректі пенде емес пе, әлемнің қак жартысын иемденді. Енді қалған ғұмырын ұзартуды армандаған екен. Ең алғашқы кездесуде үлкен ықылас білдіріп, зор ілтипатпен қарсы алған қадірлі мейманына: «Маған мәңгілік дәрі әкелдің бе?» дегеніне Чан-чунь: «Адам ағзасын емдейтін дәрі бар, жасты ұзартып, жасаңғыртатын тәсіл бар. Ал мәңгілік ем жоқ» - депті. Шыңғыс адамға өлмек парыз, тұмак сүндес қой, тура адамға

бұлтару болмайды, ал өзіңіздің есіміңіз кім?» - деп тілмаш арқылы сұрағанда: «Адамдар мені Сян-сан дейді». Шыңғыс Шың ағай ғұламадан мұны өзімізше не деп айтсақ болады дегеніне ол: «Әулие ұстаз» - деген сөзге саяды депті. Шыңғыс оны Самарқанға дейін алып барып, бұл шаһарды қалай қалпына келтіру туралы ақыл алады. Ол бірде Чан-чуннан: «Көсілген көп елді қалай басқарсам болады?» - дегеніне ол: «Үлкен империяны басқару кішкене шабақты отқа қақтағанмен бірдей. Жалынға ұстасақ күйеді, алыс ұстасаң - шикі қалады. Ел басқару әлегі де осындай. Әрқашан ақылдылықты алға тартсаң, ел тоқтайды». Шыңғыс тағы да: «Орнатқан хандығымды қайтсем ұзақ ұстап тұра алам?» - дегеніне: «Дауыл күнде соқпайды, нөсер көпке созылмайды. Тәңірдің өзі жел мен нөсерді қашан соқтырып, жаудыратынын білмегенде, пенде де барлығын ойлағандай ете алмас. Тәңірдің жазмышынан еш адам аса алмайды» - депті. Шыңғыс бұл софыны екі жылдан соң еліне көп сый-сыяпатпен аттандырып салады. Әулие еліне барған соң көп кешікпейті. 1227 жылы дүние салған көрінеді, деп жазыпты.

Міне бұдан басқа да аты аталған ақылды, шешен, тарихшы ғұламаларды ерекше ардақтағаны Ислам Қабышұлының мақаласы мен кино көрінісінде көп екені зейінді, көкірегі ояу, саралай білетін оқырман мен көрерменге айдай анық.

Керісінше, қазір бізде өмір көрсетіп жүргендей, жоғары лауазым иелері өзінен қабілеті басым болып асып тұрса, ондайдың соңынан түсіп, тұншықтыруда екені жасырын емес.

\* \* \*

Шыңғыс өзінің қаһармандығымен небары 200 мыңнан асатын монғол әулиетіне қоса түрік тектес халықтардың басын қосып, Бейжіннен Хазар теңізіне дейінгі ұланғайыр елді иеленді. Айналасы 40 жылдың ішінде әлемнің тең жартысына жуығын қол астына қаратқан оның қарауындағы ел саны 300 миллионнан асса, сол кездегі ең өркениетті ел Ұлыбритания халқы миллионға жетпеген. Шыңғыс хан жалғанлы жалпағынан басып, жер жүзін дүр сілкіндірген Тұраннан дара туған ұлы тұлға жөнінде төрткіл дүние тарихшыларынан қалам тартпаған тарландар болды ма екен? Немістің ұлы ойшылы Маркс, француз Наполеон мен үндінің

көсемі Неру, жапон жазушысы Иноус Ясушиге дейін өз ойларын ортаға салған екен - деп жазады.

«Ел әрекетсіз, қам-қаракетсіз болды. Балалар ата-анасының, кішісі үлкенінің тілін алмайды, күйеуі әйеліне сенуден қалды, ал әйелі жолдасынан именбеді. Байлар кедейлерге қарамаса, қарашасы ханына бағынбаса мұндай бей-берекетсіздік пен қайырымсыздық бел алған елді бір тудың астына топтастырып, оларға ес жиғызып, ел еттім» - депті Шыңғыс хан. Осыдан 846 жыл бұрын туған Шыңғыстың мына сөзі қазір өркеннетті ғасырдың кезеңінде өмір сүріп отырған біздің қазақ халқының басында бар екені белгілі. Мұны түзейін деп, президентіміз ойламайды да. Егер шын ойлаған болса, біздегі бей-берекетсіздікті жойып, ұлттық салт-дәстүрлерімізді қалпына келтіріп, тәртіпке шақырған болар еді-ау.

«Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын, Наполеон мен орыстың князьдары мен боярлары, француз, ағылшын, шведтердің корольдері қызыл қаннан дария ағызса да Шыңғыстай жеккөрінішті, көшпелілердей ақымақ етіп жазбағанына таң қалмасқа шара жоқ. Әлем тарихшыларынан орыстың Бартольд, Владимирцов, Гумилевті батыстық Марко Полодан, Рубик, Жувенейіне дейін, немістің К.Маршан, Ф.Краузе, В.Шуплеріне дейін, Моңғолдың Лувсанданизан гүламасынан Н.Сайшал, Н.Нацаардорж, Ш.Бира, Г.Сухэбаторына дейін, қазақтың Шоканынан Абайына, Әлкейден Манашына дейін талай еңбектер жазса да Темужиннің тегі кім дегенді тектемеді. Ұлы ханның мирасқорларының жауыздығымен Ақсақ Темір, Батыйлар аты шықса, ақылды парасаттылығы мен Туран халқы үшін игі істер тындырған тұңғышы Жошы, Төлейдің балалары Құбылай, Кулеку, немере-шөберелерінен Бабыр ерекше дараланған елбасы Әйдік қайраткерлер».

Шыңғыс хан өмірінің шындықтарын шытырман ішінен ақиқатын айыру ләзім. Өйткені 1168-1178 жылдар мен 1189-1199 жылдары із-түзсіз. Оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, кейін қағаз бетіне түскенде «Ұлы жаза» немесе (Ұлы жаса) моңғолша «Их засг» болып кетуі Шыңғыс көшпелілердің негізгі заңын жазып кеткені емес, керісінше асыра дәріптеудің кесірі. Шыңғыстай шытырман тарихы бар қаталдығы мен қаһармандығы басым көшпелілердің

күдіретті қолбасшысының шын тарихы күні бүгінге дейін толық айқындалмай отырғанын айту ләзім.

Шыңғысты асыра дәріштеп, мақсат еткен кейбір тарихшылар оны пайғамбар, тіпті ілім-білім таратушы ғұлама, аса ізгілікті, мейірімді адам етіп көрсетуі ағаттық» - деп Ислам Қабышұлы мақаласында күдік те туғызыпты.

\* \* \*

«1962 жылы 800 жылдығын тойлап, Кені тау аймағының «Гурван нуур» (үш көл) жағасына үлкен мәрмәр ескерткіш тұрғызып, Шыңғыстан қалған жалғыз ауыз өсиет сөз жазылған. Ол «Құлаш денем құласа құласын, құрған елім, қолымдағы байрағым құламасын» немесе «Жаным елдігімнің садағасы, ерлігім елдігімнің садағасы» деген ұлағатты сөз. Ескерткіш тұрғызғаны үшін моңғолдың әлденеше зиялылары ұлтшылдықтың құрбанына шалынды.

Шыңғыс ханның шын суретін тауып, моңғол басылымдарына басып, оның шежіресін жазу қастерлі міндетін жүктегенде алыптардың алыбы туралы артық кетпей, тек ақиқатты айтуды борыш санадым. Әлбетте таразы басын тең баспай, тайқып кеткен тұсы болса, туған халқым, Тұран жұрты кешірер, деп сенемін деп ағынан жарыла мақаласын аяқтапты Ислам Қабышұлы, халықаралық түрік-моңғол зерттеу орталығының вице-президенті, тарих ғылымының докторы.

Міне, осы мақала мен 30 сериялы фильм маған қызығушылық танытып, оқығанымды кинодан көріп, әсер алғанымды, екеуін салыстыра отырып, өремнің жеткенінше күнделігіме қостым.

\* \* \*

Жақсының да, жаманның да өз деңгейлесі болады. Ойы кең ақылдысы өзінен артық болмысын мойындап отырса, іші тарлар күндеп отырады.

*17.01.2008 жыл.*



\* \* \*

«XX ғасырдың ірі мемлекет қоғам қайраткерлерінің бірі Джавахорлал Неру «Бүкіләлемдік тарихқа көзқарас» атты кітабында «Индияда монғол деп атайтындардың бірі біздің елді жаулап алды. Бұл Бабыр еді, оның шешесі Шыңғыс хан тұқымынан тарайды. Бабыр 1526 жылы Дели жанындағы Панипат жазығында болған ұрыста үндістан империясын жеңіп алды» деп жаза келіп, Неру өткен кезеңдерге қара күйе жақпай тағы «Шыңғыс дау жоқ, тарихта ұлы әскери кеменгер және көсем болды. Онымен салыстырғанда Ескендір Зұлқарнайын мен Цезарь жұпыны болып көрінеді» деп жазыпты. («Егемен Қазақстан», 15 тамыз 1992 ж.) «Бабыр» атты мақалада.

*20.01.2008 жыл*

\* \* \*

«Жас Түркістан» журналы шілде-тамыз 4/2001 жылы «Ғылыми дәлелденген тарихқа жүгінейік» атты сын тақырып мақаласында Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-түқианнан өзіме шейін» кітабы туралы Кәрім Еренов дүдәмал күдік жазыпты.

Әуелі Қазыбек бектің туған, қайтыс болған жылдарын Қазақ Совет энциклопедиясымен салыстырып, қате жібергенінен бастайды.

Бұдан үш ғасырдай бұрын жазу-сызудың жоқ кезінде туған адамның туған-өлген жылы тұрмақ қазіргі өркениетті уақыт Кеңес үкіметі тұсында туған-өлген жылы тура емесі толып жатыр. Қазір жаңа босанған ананың сәбиіне метірге алмай перзентханадан шығармайтын уақыттың өзінде туған жылының тура емесі көп кездеседі. Мәселен, осыны жазып отырған мен 01.10.1940 жылы туыппын. Туу туралы куәлігімде 20.05.1941 жылы деп жазылған. Біздің шағын ауылда менен де сорақы ала-құла жазылғандар жетерлік. Қазақ Совет энциклопедиясы біреулердің қате жазғанына Балғабек Қадырбекұлы кінәлі ме?

1931 жылы Ораз Жандосовтың «Қарадан туған хан Абылай», «Жегім жолбарыс», «Шапырашты тайпасы», «Дулағ тобы» атты кітаптарды алып кеткенін өтірікке шығарыпты. «Б.Қадырбекұлы ол уақытта сауатын ашпаған да шығар» деп сауатын ашпаған да бала,

бала күнгі көргенін, естігенін ұмытпайтындар өмірде кездесетіні бар емес пе?

«1932-33 жылдары көмілген үш кітап туралы жазылған Дорба шұңқырға көмілген кітап біреу ме, үшеу ме» деп күдіктенеді. Мұның кітап құнын кемітуге қандай қатысы бар?

«Осы кітапты Халметов бес күн күні-түні бірдей отырып көшіріпті, 365 бет кітапты қалай тез көшірген. (Халметов компьютер емес қой), адам нанғысыз» - дейді. Қайбір іс болсын әрбір адамның табиғи болмысына қарай (істі тындырымдығына қарай) шешімін табатыны бар емес пе?

«Мұндай ұжымдасқанын жанкештілігін көргенмін осы (260-бет) «ұжым» сөз біздің сөздігімізде жаңадан енген сөз емес пе? – дейді. Кітап бүгінгі күнге дейін үш-төрт рет көшіріліп жазылғанын ескермейді. Мүмкін бұл сөз жолдан қосылған шығар, кім біледі?

Қазыбек бек пен Өтеген Ресейден келіп, Пашка Косойға жалданып жүріп, оның бәйбішесі, үлкен ортаншы екі ұлы, үлкен үш келіні 12 адам тырдай жалаңаш моншада шомылғанын (181-бет) Өтеген әлгілерге қарауға дәті шыдамай, сыртқа тура қашқанына күмән келтіреді. Пашка Косойдың үйінде төсеніш, не кілем жоқ дегенге де сенбейді.

Кейбір бай адамдар соны өзінің күнделікті мұқтажына ұқсатпайтындар өмірде бар емес пе? Қора-қора төрт түлік малы жұт кезінде қырылып, не артында қалып, өздері ішпей-қимей өмірден өтетіндер де бар. Мұны Кәрім Еренов көрмесе, мен үш ауданның малшылар қауымының орталығында 40 жыл отырып, 1968-69 жылғы қатты қыста малдары түгел қырылып қалғанын көрдім. Пашка Косой көпес болса да, көзі тоймайтын, көкірегінде сәуле жоқ біреу шығар, оны кім білсін. Біздің бір ағамыз 25 жыл әскери қызметте істеген (атын атамай-ақ қояйын). Сол кісі айтатын: «Орыстың кейбіреуі өте лас келеді. Өздернің ауыз үйіне шошқасын, малын, итін ұстап, өздері түпкі үйінде ауқатын ішіп, сонда жатады» - деп. Бұл өркениетті мезгіл, кеңес өкіметінің кезінде Косойдың кітаптағы жазылған оқиғаға қалай үзілді-кесілді күмән келтіргеніне таңқаласын.

Міне, кітаптын арғы ішкі терең болмысына бармай «Көрмес түйені де көрмес» деп бергі жағындағы жол-жөнекей кінәларды

тізбектей келе «Кітап жасанды емес пе?» деп қалай аузы барып айтты екен.

\* \* \*

Мен осы Кәрім Еренов жазған күдіктерге өз ойымды айта отырып, оның пікірін түгел жоққа шығармаймын. Бірақ кітаптың ішіндегі хан, би, батырлар мен сарбаздардың жан беріп, жан алысқан жанкешті ерліктерінен бір ауыз жылы сөз айтпағанына таңғалдым. Ол келтірген дүдәмалдар Қазыбек бектің кінәсынан емес 300 жылғы жолдағы кітапты үш-төрт мәрте көшіріп, аударғандардан болуы мүмкін. «Кітап жасанды емес пе?» - деп түгел жоққа шығаруы кітап ішіндегі қазақ пен жоңғардың сан түрлі соғыстағы арпалысын өтірік дегенге саяды. Қазақта «Көзбен көрген рас, естіген өтірік» деген сөз бар. Демек Қазыбек бектің хан, би, батырлар, тағы-тағылармен араласқанын, естігенін айтпағанда, өзі басы-қасында болып көргенін, өзі басынан өткергенін кітапта дәлелді жазған ғой. Қайта мұнда дәлелді тарихи кітап жазып қалдырған Қазыбек бекке рахмет. Қазір қазақ халқы осы кітап арқылы хан, би, батырлардың туған, қайтыс болған жылдарының шараларын өткізу үстінде емес пе?

Бұрын өзін жаулаған Қытай елі Шыңғыс ханның жаманын жасырып, жақсысын асырып, өте ересен сомдап, 30 сериялы фильм шығарып, әлем жұртын танқалдырып отыр.

Керісінше, біз ата қонысымызды басқыншы жау қалмақтан тазартып, жан беріп, жан алысқан жанкешті ерліктерін баяндаған кітапты жоққа шығаруға бейім тұратынымыз қалай? Бүгін сол жеріміздің тұтастығына әлем елі қызығушылық танытып отыр. Қайта қазақ халқы Қазыбек бекке рахмет айта отырып, кітаптың жаманын жасырып, жақсысын асырып отыруымыз керек. Бұрын «Қазақ әдебиеті» газетіне Қабдеш Жұмаділов жамандап жазса, енді Кәрім Ереновқа жол болсын.

\* \* \*

Бұрын Сүйінбай ақын мен Қатаған ақын айтысының соңында қырғыз халқының манаптары:

Қатаған, сен Сүйінбайдан жеңілдің, қазақ халқының іштері

ала, алауыз екенін бетіне басқанда жеңетін едің, - деп айтысты тоқтатқан екен.

*21.01.2008 жыл*

\* \* \*

Қазақстанды 44 жылдан аса басқарған Д.А.Қонаевтың тұсында елге атқарған ұланғайыр адал еңбегінің көп екенін, халқы ойына мәңгі сақтайтыны белгілі. Соның ішінен мынаны бөле айтқанына жол берейін: «Димекеннің кезінде Қазақстанда 43 қала салынды, 70-тен астам жоғарғы оқу орны ашылды, өзінің академик ретінде ай сайын алатын 750 сом стипендиясын жетім балаларға, студенттер мен аспиранттарға 30 жылдан астам уақыт бойы таратып отырған. 1992 жылы Димекен Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарын аралаған кезде қасында жүрдім. Сонда шаланшакпытты есептемегенде 29 ат. екі боталы түйе мінді. Бірақ осының бірде бірін өзі алмай, көп балалы отбасыларға, жетім-жесірлерге үлестіріп берді. Димекеннің шапағатын, жақсылығын халқы көп көрді», - дейді Д.А.Қонаев атындағы халықаралық қордың вице-президенті Серік Әбдірайымұлы («Жас Алаш», №4, 15 қаңтар 2008 жыл). Кеңес өкіметінің құрамында тәуелді болып жүрсе де, туған халқының болашағына игі ірі-ірі көп іс тындырды.

\* \* \*

Бұл өмірдегі тағдырды адам өзі жасайды. Бала күнімізде екі-үш әйелі барды көрдік. Бұдан кейін газет-журналдан Абылай ханның он екі әйелі болды дегенді оқыдық. Шыңғыс хан да ата-бабаларындай әйелжанды кісі болған көрінеді. елудей қатын алған, бес жүздей сұлу қызды ордасына ұстаған ұлы хан кейде асқан қызғаншақ болса, кейде пейілі түссе, өзінің сұлу жарларын да нөкерлеріне сыйға бере салатын мырза болыпты. Төрт қатынының төрт ордасы болған – деп Ислам Қабышұлы жазады («Егемен Қазақстан», 15-18 шілде 1992 жыл). «Қыдырғали жалайыр» «Шежірелер жтнағында» Шыңғыс ханның бес жүздей қатыны бар еді – деп ол да растаған соң сенбеске лажың жоқ.

Ал қазіргі өркениетті кезеңде жалғыз әйелдің өзі күйеуіне сенімсіздік тудырса, ата-енесін, ағайын-туысын сыйламайтындары

да бар. Рухани ұлтқа тән салт-дәстүрді сақтамаса, көшеде, сахнада, көгілдір экранда, көпшілік орындарда ұятты жеріне ғана болар-болмас бірдеме жапсырып, денесінің 80-90 пайызын ашық-жарқын жүргеніне ұялмайтынын кайтесін. Бала көтермейтін әдіс қолданғаны былай тұрсын, алла берген сәбиін тастанды ғып тастап кетсе, шетелге сатып жатқаны қаншама десеңші. Міне, осындай келеңсіз істерді көріп, ойын ойран болса көңіл шіркін де құлазып, болашақ бұлдыр сезілетін сәттері бар. Осындай жалғыз әйелдің өзінің жолсыздығына қарап, бұрынғы көп қатын алған еркектер оларды бір тәртіпке қалай келтірген деп ойға қаласың.

*26.01.2008 жыл*

\* \* \*

Жер бетіндегі ұлттың көбісінен қазақтың ата қонысы қандай кең болса, пейілі мен дастарқаны да сондай кең.

Ізеттілік тәртібінің де сондай бір ерекше көрінісі, Шәкәрім Құдайбердіұлының шешесі жүзін көрсетуге именіп, атасы қажылық сапарға жүрерінде Құнанбай мен екі ортасына шымылдық перде құрып қойып, сәт сапар тілеген. Мұндай ізеттілік басқа ұлтта жоқ та шығар.

Міне, осындай өзімізге тән ұлттық рухани әдеп-ғұрыпты сақтай бермейтініміз өкінішті-ақ.

*28.02.2008 жыл.*

\* \* \*

Бұрынғы Кеңес өкіметі тұсындағы талай басшылар қазір ойға түседі. Оның республика, облыс басшыларын айтпағанда ауданның бірінші хатшыларының алтауының іс-әрекетіне қанықпын. Олардың кейбіреуі біздің үйде болып, қонып жүргенде әңгімесінен ой-өрісінің қандай екені көрінетін. Талай колхоз-совхоз басшылары да солай көз алдымда.

Хатшылардың ішінде Жапар Түйебеков пен совхоз директоры Әбиболла Көшеневтен басқасының «Қарадан хан қойса қасиеті болмайды, үлгісіден би болса, өсеті болмайдының» керін танытатыны да бар. Өйткені олардың дені өзінің жеке басының қамы үшін лауазымда жүргендей сезіледі. Шын мәнінде текті

адамның текті екенін өздері іс-әрекетінен халқына құдіреттерінен олардың ерекше қасиетін сездіретіні бар. Жапар Түйебеков пен Әбиболла Көшенов сондай текті екенін танытқанын талай көзім жетті.

\* \* \*

Кенесары ханды қылышпен шабайын деп ең алғаш қол көтерген қырғыз сол күйі сіресіп қалды дейді. Жанында тұрған бір есерсоқ қылышты жұлып алып, Кене ханды мойынан шауып жібергенде басы да жерге түсті, шапқан бағыр өзі де сылқ етіп құлап кетті дейді. Қараса табанда жаны шығып кетіпті. Сол өлтірушілердің тұқымы кейін, тоз-тозы шығып кетті дейді. (Егемен Қазақстан, 31 қаңтар, 2007 жыл, Мәшһүр Жүсіп).

Кене ханның текті екенін соны өлтірген қырғыздарға Алла табанда көрсетуі, онда ерекше қасиет бар екенін танытқаны емес пе?

\* \* \*

Шу ауданының «Мойынкұм» колхозындағы (кейін «Дружба» совхозы болған) паркте И.В.Сталиннің түрегеп тұрған ескерткіші бар болатын. 1956 жылы СОП XX съезінде И.В.Сталиннің жеке басқа табыну зардаптары сыналғаннан кейін Сталиннің ескерткішін бір неміс үлкен трактормен түнде сүйретіп апарып Шу өзеніне тастаған. Бес-алты айдан соң Шу өзеніне шомылуға барған сол неміс суға сүнгігенде өзі сүйретіп апарып тастаған Сталиннің ескерткіші қаңқасына басын соғып, табанда қаза тапқан болатын. Бұл да И.В.Сталиннің тегін адам емес екенін көрсеткен Алланың құдіретіне қалай таңғалмайсын.

*01.03.2008 жыл*

\* \* \*

«Егемен Қазақстан» газетінен 4 сәуір 2007 жыл Смағұл Елубайдың «Шарболат» деген мақаласын бұрын оқығам. Онда 35 жасында сал болып, аяқ-қолы жансызданған Намет Келімбетовтың қиын тағдыры баяндалды. Ол төрт жыл бойы өз қолымен қасық ұстап тамақ іше алмайды. Соның өзінде тілімен кітаптың әр

парағын ашып оқиды. Бес жыл өткенде саусағы қимылдай бастайды. Жанниан кешсе де күдер үзбей өмір үшін, тіршілік үшін тістеніп алып қасірет кітабын жазып, «Үміт үзгім келмейді» деген хикаят-монолог дүниеге келеді. Табаны күректтей 35 жыл төсек тартып жатып, өз ойларын, өмір болмысын түгел қағазға түсірумен қоса, шығармашылықпен де, ғылыммен де айналысып, тынымсыз ізденуі сау адамның қолынан келе бермейтін жан-жақты болғанына таңғаласын. Міне, осындай қиын тағдырды басынан өткерген Намет Келімбетов жазушы-ғалымдықты меңгеріп, кітап жазып шығарғаны толық мақалада айтылады.

Бұдан кейін де мен Намет Келімбетовтың «Егемен Қазақстан» газетіне 17, 18, 20, 21 сәуір 2007 жылы жарық көрген «Қариялар» эссесін оқып, тереңнен ой қазғанына риза болдым. Кейінгі ұрпаққа үлгі берер жері көп екен.

«Қариялар» эссесін міне бүгін тағы қайталап оқып, күнделігіме қосып отырмын. Сұмдық қиындыққа мойымайтын, басына түскен жаман сәтсіздіктен жол табатын, жеті рет операция жасаса да, жасымай алға қойған мақсатына жете білетін азамат екен.

Менің жазған поэзия мен прозада жетім болып, талай қорлық, зорлық, жоқшылық көргенім жиі айтылады. Мына Намет Келімбетов тағдырына қарағанда оным түкке тұрғысыз екен.

*17.03.2008 жыл*

\* \* \*

Бүгін көгілдір экраннан АҚШ президенті Джордж Буштың Иракқа соғыс ашқанына 5 жыл толғанын кинала хабар берді. Карл Маркс айтыпты: «Надандық - дүлей күш. Сол надандық әлі сойқанның сойқаны бола ма деп қорқамын». Буштың сойқаны өзімен өзі болып, тыныш жатқан Ирак елін бүліндіріп қойды. Күніне бәлен адам өлді, бәлен адам жараланды дегенді өне бойы естіген сайын қабырғаң қайысып, жаның ашиды. Қолдан келер түк жоқ. Шынында Буш тарихта шын надандық іс істеді.

«Айуандықтың шегі» деп Жолдас Темірәлиев пен Айбар Хасенов туралы сөз отырысын жазды («Жас Алаш», 29 қараша 2007 ж.). Осы істі істегендер мен Иракқа соғыс ашқан Буштың қалай «айуандықтың шегі» деп айтуға болады. Айуан ешкімге тиіспейді.

Оған тиісетін адам біз емеспіз бе? Айуанда ес бар, ақыл жоқтығын жазыпты. Тек жырқыштар ғана күнін көру үшін жыртқыштық жасайды. Жыртқыш ішінде әсіресе жегеніне емес, қырғанына құмар қасқырды айтса болады. Нағыз қасқойлар солар. Ал тірінің жауы жыланның өзі, өзің тимесен шақпайды. Сонда Иракқа соғыс ашқан Буш пен екі азаматты өлтіргендер қасқыр мен жыланнан да асып түсіп отыр емес пе?

*20.03.2008 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Бексұлтан Нұржекеұлы «Бейтаныс әйелдердің құпиясы» атты кітапты екінші мәрте қайта оқып шықтым. Бұрын оқығандағы өз ойымды кітаптың соңына қысқаша жазыппын. Соны да күнделігімде көрсете кетейін.

\* \* \*

«Бұл кітапты оқып біттім. Махаббат туралы қыр-сырын терең ашса, әйел-еркек қатынасын сондай терең талғаммен суреттеген. Бексұлтанның әйел-еркек кейіпкерлеріне деген сезімталдығында шек жоқ. Жеріне жеткізе әйел-еркектің төсек қатынасын баяндағандай ешкім жаза қоймасын мойындайсын. Өте тереңнен толғайтын тамаша жазушы»- деп 03.04.2005 жылы жазып, қолымды қойыппын.

\* \* \*

Екінші оқығандағы пікірім: Бексұлтан Нұржекеұлы әйел-еркек арасындағы сүйіспеншілік махаббатты жеріне жеткізе жазып көрсетуге өте шебер жазушы. Әйелдің күйеуі, еркектің әйелі болса да, көзіне шөп салды дегеннен гөрі өзгемен қатынасқа барып, екеуі де бір-бірін тілеп, құмарта құшып-сүйюін, сүйіспеншілік махаббатқа пәк қып жатқызуға бейім тұрады. Осы жерін құптамағандай «Оттан алып, мұзға салған, тас қараңғы түнді демде жарқыраған күнге айналдырар махаббат жөні бір басқа, кей-кейде төсектен төсекке еш себеп-салдарсыз, талғам-талғаусыз оңай ауыса салатын әйел-еркек кейіпкерлеріңізге «каталдау қараңыз» деген тілек айтқым келеді. Сүйіспеншілікке қомағай обырлық емес, арлы сезім, жан тазалығы жарасатын сіз кім-кімнен де артық түсінесіз ғой» деп



хат жазған Нәзікен адал, ары таза, тамаша келіншекке риза болдым. Автор: «Нәзікен де»... кей-кейде төсектен төсекке себеп-салдарсыз, талғам-талғаусыз оңай ауыса салатын әйел-еркек кейіпкерлеріңізге «қаталдау қараңыз» дегенді айтады. Орынды тілек. Одан бірақ оқып алып, оқырманның бәрі сөйтеді-ау деген күдік тумаса керек. Алайда «себеп-салдарсыз-ақ» сөйтін жүргендер аз ба? Оларға әдебиет жазушы тыйым сала ала ма? Адамның адалдығы, сенімділігі, мәдениетті жүріс-тұрысы, өзгені сыйлай білетін, өзге үшін қинала білетін қасиетті де сүйіспеншілік сәттерінде жарқырап көрінбей ме» деп лаж жоқтан жазғанына Бексұлтан Нұржекеұлы ақталғандай сыр танытады. Сондықтан бәрібір ойнас жасағанды қойдыра алмаймыз. Одан да олай деуден гөрі суық жүрістілерді, өзгені өліп-өшіп сүйгенін сүйіспеншілік махаббатқа лаж жоқ жатқызатынын меңзегеніне мойындайтынын сезесің Бексұлтан Нұржекеұлының. Қорыға айтқанда Нәзікен мен Бексұлтан екеуіне де рахмет айтамын. екеуінің де пікірі дұрыс.

\* \* \*

Сүйіспеншілік пен төсек қатынасының додасын Бексұлтан Нұржекеұлы ұқсап тереңнен талғап сүюдің, еркелетудің, аялаудың, құмартудың қасиетті қылықтарын, қимылдары мен нәзік әрекеттерін сезім сиқыр сәттерін, сүйісінісі мен тітіркенісін жарқыратып ашып бере алмасам да менің де бар. Соны халыққа шығаруға ұялып жүрген жайымды сөз реті келгенде айта кетпекпін.

27.02.2008 жыл «Раритет» баспа компаниясына «Көлқұдық» атты кітап шығармаққа қолжазбамды дайындау үстінде редактор Кеңес Дүйсенге «Әй, қалқам-ай» (04.09.1998 ж.), «Ене әдетін келін жалғастырған» (16.06.2001 ж.), «Қарымта» (05.06.2003 ж.) деген үш әңгімемді алып қалуды талап еттім. «Неге алып қаласың? Бәрі болған оқиғалар екен ғой» деді. Оған «Оқырман қауымнан қысыламын. Мына шалдың мұнысы несі дей ме» - деп. Кеңес күліп алып қалды. Мен бұл әңгімелерді газетке де ұсынғанға ұялғанмын, оқырман қауым. Мүмкін кейін ұсынамын.

\* \* \*

Бүгін Астанадан балам Мұратбек әдейілеп келіп, менің жаңадан жарық көрген «Түсімдегі жолбарыс» атты кітабымды көріп, керемет риза болып, қайта-қайта бетімді құшып сүйіп, «Маған кітапқа қолтаңба жазып беріңіз» - деді кітап кәдірін білетінін танытып.

\* \* \*

Мұратбек мектепті, университетті, аспирантураны жақсы оқып бітірді. Мектепте оқып жүргенде-ақ сурет салды, мүсіндер жасады, проза жазғанын оқыдым. Поэзия да жазады деп естігенмін. Бір құстың мүсінін жасап, даладағы қадаға қондырып қойғанын көрген белгілі жазушы Әбіқұл Ибрагимов: «Мына баланың бойында табиғи дарын, қасиетті өнері бар екен. Мына құсты тамаша келтіріп жасапты. Әлі жас бала ғой, келешекте керемет қасиет қонған, өнерлі болатын нышан бар балаңда» - деп. Көше жақтағы тал көлеңкесіне ұзынша орындық істеп, соған ойып тұрып екі жолбарыстың мүсінін жасап, соны орындықтың екі басына отырғызып қойған болатын. Осыған көп жыл болса да әлі сол қалпында сақталған жолбарыс мүсініне отырған сайын бүгінгі күнге дейін таңғалысады ел-жұрт. «Біліп қана қою аз, сол білгенінді іске қолдана білуің керек. Ниеттену ғана аз, сол ниетінді іске асыруың керек» - депті И.Гете.

Сол айтқандай: осыншама бойға біткен қасиетті өнерлерінен қол үзіп жүргеніне Мұратбекке мен қатты өкінемін.

Тек менің жаңа жарық көрген кітабым үшін ғана бұрылып, үйге келген балам Мұратбек жолдасы Әлия, балалары Ниетжан мен Тоғжан бәрі отбасымен Шымкент жақтағы шипажайға демалуға кетті.

*22.03.2008 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек отбасымен демалыс орнынан келіп, Көлқұдыққа түгел кетті. Оны Швейцария мемлекетіне елшілікке министр жіберуге бұйрыққа қол қойыпты.

Мен Жексенбайдың тойына барып, сондағы елге «Түсімдегі жолбарыс» атты кітаптағы Ошан туралы өлеңді оқып бердім. Исақұл мен Жексенбайға бір-бір кітап сыйладым.

*29.03.2008 жыл.*

## ТӨРТІНШІ КҮНДЕЛІК

«Түсімдегі жолбарыс» атты кітабымды оқып көрген «Шу өңірі» газетінің редакторы Ахметжан Қосақов «Қауіп-қатер төнді басыма» деген өлеңімді толық оқып,

Қауіп-қатер төнді басыма,

Ақ кіргенде шашыма.

Зәбирама күдік туып тұр.

Күткенім күдірет, осы ма?

Науқасынан қорқамын,

Өзіме тілеп ажалын,

Ол қалсын, мен кетейін,

Кел де алшы тажалың – дегеніме (316 бет):

- Мұныңыз не? Неге өзіңізге өлім тілейсіз, - деді.

- Мен әйелімнің алдында кеткенімді тілеймін. Әйелсіз өмір маған өлім. Өйткені ағайынды, балашағалы, адамдардың арасынан да әйелі жоқ еркектерді көріп жүрмін. Көбісінің күні күн емес – итқорлықта өмір сүріп жүр. Өз қадірімен жақсы жөнелген де дұрыс қой, - дедім. Ол күлді. Тағы: «Ақиқатын мойындаймын күдігімнің» атты өлең жолын да оқып:

Жүйелі сөз атасы астарлы ойды

Тек қана

Асып туған тектілер тап басады.

Мен сияқты дарынсыз, сауатсызға

Қиын да көсем сөздің ұстатары (34-бет) - деп неге өзіңізді дарынсыз, сауатсыз деп төмен көрсетесіз. Сізде ой да, ұйқас та, өлеңге деген бейім де бар. Бұл кітапты оқырман қауым үшін шығардыңыз. Олардан ыңғайсыз емес пе? -- деді Қосақов.

- Мен кейде қате жазсам, оқығанда да қате оқитын кезім бар. Соныма бола өзімді шала сауат, не сауатсызбын деймін. Менің ой-өрісімнің барысының шын ақиқаты солай екені шығармам қара дүрсін, кедір-бұдыр, төгілдіріп, құлпыртып, астарлы ой айтуым сирек болса, қате оқып, қате жазатыным дәлел емес пе? Сонымды мойындауым, дедім. Қосақов тағы күліп, басын шайқады. Мына тірлігімді дарындыға жатқызбаймын.

Осы кітапты баспаға дайындаған редактор Кенес Дүйсен айтты:

- Сізде Бауыржан Момышұлына ептеп ұксаған қатты ашық кететін мінез бар, - деді. Мұнысы несі деп іштей ойладым да қойдым.

Содан кейін «Жас Алаш» газетіне (№90, 8 қараша 2007ж.) Бақытбек Смағұлдың «Тауқұдырет» деген Бауыржан Момышұлы туралы мақаласы жарық көрді. «Бауыржан Момышұлы тек өзгелерді ғана сынап қоймайды, өзін де сынайды. Өзін де аямайды. Өзінің кемшіліктерін, қателіктерін, өмір соқпағындағы мүлт кеткен тұстарын ашық айтады».

«Ойым шалақ, сөзім шорқақ екенін өзім де анық сеземін. Мен өтіріктен аулақпын, өтірік айтсам имансыз кетейін». «Адам – пенде. Кемістік әркімде бар. Кемістігім жоқ деп ойлайтын адамдар адам емес. Надандықтың үлкен дәрежесі сол ойда жатыр. Мойныма аламын. Менің жақсы қасиетімнен жаман қасиетім аз емес. Құдай маған кемістіктерді аямай төгіп берді. Қартайған кезімде ойланып, өткен өмірді еске алып отырсам, өмірімде көп қателіктер істеппін». «Мен жазушы емеспін. Мен тек қана мемуаристпін, шындықты ғана жазамын. Болған оқиға мен көзіммен көргенімді ғана жазамын» - депті Бауыржан Момышұлы.

Мұндай ақиқат шындықты ашына айтатындары күнделігінде аз емес көрінеді. Мен қысқартып алып отырмын.

Бауыржан Момышұлы: «Мен жазушы емеспін» - деп отырғанда мен қалай ақынмын, не жазушымын деп ұялмай айтпақпын. Демек, кім не десе о десін, бірдеме жазғанның бәрі жазушы емес те, сөз ұйқастырғанның бәрі ақын емес шығар деп ойлаймын.

Енді осы ойымның шын болмысын менің шығармамды толық оқып танысқан оқырман шын бағасын берер деп ойлаймын.

«Ол қалсын, мен кетейін,

Кел де алшы тажалың» дегенім:

Басқасын айтпағанда бір шағын ауылда әйелі жоқ, жасы жетіп, уағы өткен үш шалдың екеуі асылып өлсе, бірі келінінің ұрысына күйініп, ажал тапты. Сондықтан Ахметжанның әлгіндей сауалы қай-қайдағыны еске түсіріп отыр. Алла мұның бетін ары қылсын деп тілейік.

\* \* \*

Халықаралық мәдени-интеллектуалды журналдан Қожа Ахмет Иассауи мен Мәулен Жәлаледдин Руйиды оқып, бірталай тың сырларынан хабар алдым. Әсіресе, Руйидың «Жоғалған қой туралы», «Торға түскен құстың нақылы», «Ғалым мен теңізші», «Қорқақ қалалық», «Саңыраудың ауру көршісінің көңілін сұрағаны», «Сіңірім шыққан кедей едім» деп кілемшесін ұрлап әкеткен.

Руйидың өмір тарихын, ақындығын, өсиеттерін, данышпан ойшыл, ақылды, қарапайым, кішіпейіл екендігіне дейін тындырған істерін оқып, анық көз жеткіздім.

*03.04.2008 ж.*

\* \* \*

Бүгін Зәбира ауруханадан шықтым деп хабарлады. Әсия сөйлесіп, қызы Арайдың бес жасқа толғанына өлең жазбайсыз ба, деді.

*05.04.2008 ж.*

\* \* \*

Арайлым менің, арайлым!  
Арайлым менің, арайлым,  
Сағынғанда келе ме деп қараймын.  
Қылығыңмен қытықтайсың еркелеп,  
Жалт қаратып, ойын бөліп талайдың.

Үкідей нәзік үлпілдеген тұлымың,  
Балауса ақыл туа біткен білімің.  
Ашық жарқын ойнағанда шарқ ұрып,  
Түзу сөздің дәл шешесің түйінін.

«Аға-апа» деп звондайсың алыстан,  
Мөлдірдей пәк бүлдіршіндік болмыспен.  
Мейрам сайын құттықтайсың біздерді,  
Талып үнін есіледі тосылған.

Қызғалдағым,  
Құлпырған қызыл гүлім,  
Бірі болшы болашақта білімдінің.  
Бес жасың құтты болсын, бақытты бол,  
Ата-апаңның қабыл ал құттықтауын.

*08.04.2008 жс.*

\* \* \*

Бұрын Ниязбек балам екі жасында сырқаттанып, соны көтеріп келіп, аудандық дәрігерге емдеттім. Қайтарда малшы қауымның адам дәрігері Құлжанбек Еркебаевтың көлігіне мініп қайттым. Ол жол-жөнекей «Алға» совхозының малшы қауымын үй тастамай, дәрігерлік көмек көрсетіп аралады. Сонда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, әрі осы шаруашылықтың директоры Кәден Қабышовтың жылқышысы Әлімшенің үйінде түстеніп отырғанының үстінен шықтық. Олармен бірге тамақ жедік. Сол үйден шығарда:

- Қарағым, бала көтерген адамның жолы үлкен болады. Сен табалдырықты бұрын аттап шыққын, - деп, Ниязбекті көтеріп тұрған маған есікті нұсқап, жол берді Кәден Қабышов. Сонда мен отыз екіде болсам. Кәден Қабышовтың алпыс жасқа таяп қалған кезі еді. Сол жолғы лауазымды ағамыздың рухани ата салтымызды сақтап, баласындай маған жол бергені мәңгі ойымда сақталып қалды.

*11.04.2008 жс.*

\* \* \*

Мен талай адаммен кездесіп, пікірлескенімде билікке риза бір пенде көрмедім. Соған орай мына дәлелді келтіре кетейін. «Халықты мүмкіндігінше басып, мүмкіндігінше үрейлендіріп, сол арқылы басқару түптің-түбінде биліктің басын жұтатын дүние» - дейді Қасым Аманжол («Жас Алаш», №28, 5 сәуір 2007ж.). Бұл билік үшін жақсы сөз емес.

*13.04.2008 жс.*

\* \* \*

Кейде белгісіз бір құдірет менің ой-санамды жаулап алып күйдіреді де қояды. Соңда өткен ойсыз күніме өкініп, қорланамын. Соның бір қырынап сыр шертейін.

1973 жылдың басында жаңа шыға бастаған облысқа келген алты «Жигулидің» бірін мен аудан бойынша бірінші болып иелендім. Осының артынша ГАЗ-69 (сегіз орындық) машина алсам, 1978 жылдан ДТ-16 тракторын да жекешеге иелендім. «Жигули» заңды жекеменшікке сатылатын болса, кейінгі екеуін жеке адамның сатып алуына заң жоқ кез болатын.

Мен бұл техникаларды, әрине, ұрлап алған жоқпын. Жора-жолдас, тағы басқа адамдардың көмегіне сүйене отырып ретін тауып алдым да, ел ортасында осыларды көпе-көрнеу жүргізіп жүрдім. Тек қана Ахмет деген шешен: «Мен алатын ГАЗ-69 алып қойдың, сені өлтіремін» дегені болмаса, бір адам да мынауың заңсыз деп қарсы болған емес. Ол кезде жекеше техникасы барлар өте сирек еді. Мен рухани байлықты ойламай, дүние қуып кеткенімді кейін білдім. Басынан саналы, сезімді болсам, мектепті сыныпты жақсы оқыр едім ғой. Соның сазайын кейде қате оқып, қате жазғанда тартып жүрмін. Мына техникаларды иеленудегі ой-санам рухани жағыма бейім болса мен, мүмкін, басқаша әрекет жасар ма ем.

Тек қана менің жетістігім: іні-қарындастарым мен балаларымнан ешнәрсемді аямай, барлығын түгел саналы түрде оқытқанымды көңіліме медеу тұтамын. Алла осы жұлдыздарымды аман қылсын.

*14.04.2008ж.*

\* \* \*

Бүгін «Шу өңірі» газетіне №31 (8168) сәрсенбі, 16 сәуір 2008 жыл «Барың болса, жазып таста» деп менің «Түсімдегі жолбарыс» атты кітабыма Жақан Тайжанұлы пікір жазыпты.

*16.04.2008ж.*

\* \* \*

Мына өмірдегі жанды-жансыздың бәрі адам үшін жаралған. Соның өзінде адамда, яғни бізде, қанағат жоқ пендеміз-ау, шіркін!

*21.04.2008 ж.*

\* \* \*

«Тығсым дүние» деген газеттің №08 (159) санында (сәуір, 2008 жыл) «Жолбарысты Сауытбек» деген мен туралы мақала шыққаны туралы Мәкен Уақтегі хабарлап, сол газетті әкеліп берді. Зәбира оған сый-сияпат көрсетіп, риза етіп жіберді.

*28.04.2008 ж.*

\* \* \*

«Жас Алаш» газетінің 2008 жылғы 29 сәуірдегі № 34 (15284) санында «Жолбарысты Сауытбек» атты мақала басына газеттің екі бетіне де екі жолбарыстың суретін қоса жариялапты мен туралы. Газеттің жоғарғы жағында «№4, сәуір 2008 жыл. МБМ. Мыннан бір мезет» («Жас Алаштың» ғылым-таным қосымшасы деген жазуы бар).

Мені сыйлап, газеттің екі бетіне де жолбарыстың суретін салып, көлемді мақала жазған «Жас Алаш» ұжымына мың алғыс айтамын.

*29.04.2008 ж.*

\* \* \*

Астанадан Мұратбек бізге звондап, Сыртқы істер министрлігіндегі қызметтестері «Сенің әкең тегін адам емес екен. «Жас Алаш» газетінен «Жолбарысты Сауытбек» деген мақаланы оқыдық. Той жаса, жу, бізге кітабын әкеліп бер» деп айтыпты.

Осыны маған Мұратбек мақтаныш сезіммен хабарлағанына қуанып қалдым. Құдірет сыйлаған табиғи қасиетіңді бағалағанға не жетсін?

*05.05.2008 жыл*

\* \* \*

Ниязбек Төле биден үй тұрғызуға кірісті. Мен көп жылдан бері жинаған құрылыс заттарыммен қоса екі қабат шикі кірпіштен салынған 10 x 16 метр қорамды бұзып, құрылыс заттарымен шикі кірпіштерін таси бастады. Осыны тасыған құрылысшы жұмысшылар: «Сіздің үйде құрылыс заттың бәрі бар. Мұны қайдан алғансыз. қалай жинағансыз?» - деп таңғалысты. Талғат күйеу балам да: «Атамның үйінде жоқ нәрсе жоқ» дегенін құрылысшылар да қайталады.

*08.05.2008 жыл*



\* \* \*

Маған; «Сенің «Түсімдегі жолбарыс» атты кітабыңды оқыдым. Басқалар сияқты көңіл жықпас дудамал бос сөз жазбайсың. Өзгені де, өзінді де аямай, дәл түйінін тауып, шын-ақиқатын көңіліне қарамай бетіне басып, тура айтасың. Саған бәйге беру керек. Неге сен бұрыннан елге, оқырман қауымға көрінбей, беймәлім жым-жырт жүргенсің. Кітабыңды қайта-қайта оқып, кейбір өлеңінді елге айтуға жаттап жүрмын» - деп көпшілік жұрт көзінше Әбдірашұлы Мұрат Сәлімбаев деген азамат осындай талай пікір білдірді.

*12.05.2008 жыл*

\* \* \*

Менің шын туған жылым 01.10.1940 жыл болса, туу туралы куәлігімде 20.05.1941 жыл деп жалған жазылып алынған. Сол үшін, міне 68 жасқа келдім. Осы бар өмірімде мені ешкім туған күніммен құттықтап, кеш өткізген емес.

Құдайдың құдіреті, бүгін таң азанмен Қордай ауданында тұратын Жақсылық құда звондап, туған күніммен құттықтады. Бұдан соң жан-жақтағы, ауылдағы бала-қыз, келіндерім, немерелеріме дейін туған күніммен құттықтап звондады.

Бұл мен үшін 68 жастағы, демек шал болған өмірдегі бір тың жаңалық болды. Осыны ескерген Жақсылық құдаға рахмет. Балаларыма ой салса керек.

*20.05.2008 жыл*

\* \* \*

«Айқын» газетінен (16.05.2008ж.) бір әйелдің сұхбатын оқыдым. Оның айтуынша күйеуі екеуі де, төркіні мен ата-енесі де бұл өмірде сүттен ақ, судан таза екен. Осыған сенесіз бе, оқырман қауым? Әрине, бұл өмірде ондайлардың көп болуын тілейміз. Кейде мұндай өзінен-өзі ақталғандар керісінше болып келеді. Қайта «Мен де пендемін ғой, пенделігім болған шығар» дейтіндер сүттен ақ, судан тазаға жақын ба деп те ойлайсың. Егер ондайлар көп болса, мына өмірдің жарқын болуына септігі тиер еді-ау! Неге бос сөз сөйлейтіндер көбейген бүгінде?

*25.05.2008 жыл*

\* \* \*

Бүгін түнде көптен бері көрінбей кеткен Жолбарысым мені іздеп жүр екен. Екеуміз кездестік. Сөйтсем екінші тағы бір Жолбарыспен кездесем. Ол да маған ілесті. Ояна кетсем, түсім екен. Зәбираға айтып: «Балаларыма ынтымақ, бірлік беріп, бастарына бақ қонып. Қыдыр дариды екен» - деп түсімді жорыдым.

- Бұл түсінді ешкімге айтпа. - деді Зәбира.

- Бұл Жолбарыс 1963 жылдан бастап түсіме кіріп, менімен бірге болғанын және нағашым Сүлейман бұл түсті ешкімге айтпа деп, 45 жыл құпия сақтап, жарияламағанымды білесің ғой. Тек биыл ғана (2008ж.) «Түсімдегі жолбарыс» атты кітабым жарық көргені болмаса, - дедім...

*29.05.2008 жыл*

\* \* \*

Бүгін Шудан ертеңгісін келген Мұратбек Сыртқы істер министрлігінен бізге телефон соғып, обходной толтырып жүргенін айтты. Түсте көлік апарамын үйімді көрсетуге, дайын отырындар, деді.

Мұратбекті Сыртқы істер министрлігі бұрын Швейцария мемлекетіндегі елшілік қызметке тағайындаған. Соған ұшақпен жол жүруге 550 мың теңгелік билетін дайындап та қойыпты.

Түсте Болат, Әсия төртеуміз барып, Мұратбекке берген екі қабатты үйін көрдік. Үйі тамаша, көгалды жерден тұрғызған. асты-үстінде 12 бөлмесі бар екен. Құрылысшылар үйді 10 күнде бітеміз дейді. Кешіне қарай Мұратбек Болатты өзі жүрген үйіне қонаққа шақырып, ертіп кетті. Болат маған күйеу бала болып келеді.

*11.06.2008 жыл*

\* \* \*

Көктерек ауылындағы бір көше бойындағы тұрғындарын шақырып. Нарымбек, Күлиза, Тілеу марқұмдарға дұға бағыштап, мал сойып, құдайы бердім. Бұл ел маған риза болып, рахметін білдірді.

Болатбек (Бөкей) Әбішев деген ақын бізге әруақтарды сыйлап, дұға оқытып, құдайы тамақ бергенімізге рахметін жаудырып

жатып, өзінің жыр жинағы «Өмір – дария, өмір - өлең» атты кітабын сыйға тартты. Мен де оған Нарымбектің суретін, ол туралы бұрын жарық көрген «Моншада» деген әңгімені, «Жас Алаш» газетінде жарияланған «Жолбарысты Сауытбек» атты мақала мен «Түсімдегі жолбарыс» атты жыр жинағын сыйға тарттым.

Болатбек риза болды. Кешіне Шу ауданындағы үйге келіп қондық.

*27.06.2008 жыл*

\* \* \*

«1986 жылдан КСРО архитекторлар одағының мүшесі, қазір Қазақстан архитекторы, директор Тортай Байғұтты Сейітжанұлына арнаймын» деп 04.10.2006 жылы өлең жазып, оны «Түсімдегі жолбарыс» атты кітаптың 273-бетіне кіргізгенмін.

«Кеше ғана қарапайым ауылымның баласы.

Бүгін, міне, ғажап. Ақордамның авторы» - деген жыр жолдары жалғасын таба береді.

Осы кітапты оқыған біреулер сенімсіздік тудырып. «Ақорданың авторы Жапонияның архитекторы» деп күдіктенген болатын.

Кеше кешкісін (04.07.2008ж.) Астананың 10-жылдық тойына орай көгілдір экраннан Байғұтты Сейітжанұлы өзі сөйлеп. Ақорданы тұрғызарда басқа мемлекеттерді аралап көріп жүріп, тәжірибе жинақтап барып, салғызғанын айтыпты. Осыны көрген Зәбира айтқанда мен аз ғана уақыт оны көруге үлгермей қалғаныма өкіндім.

Осыған күдік туғызған біреу ауданнан маған телефон шалып, Ақорданың авторы анық Байғұтты екеніне сенім білдіріп, көшірім сұрағандай болды. Алланың мұнысына да шүкір, адамнан сенім кетпесін, деп ішім жылып қалды.

\* \* \*

«Сен Астанаға бардың, сонда Байғұттыға неге кітап апарып бермедің», - деп Зәбира маған ренжіді.

«Әуелі, Байғұтты өзіне арнап менің өлең жазғанымды білмейді. Әрі әдейілеп кітапты апарып беру маған ерсі сияқты», - дедім Зәбираға. Онда да ол маған тағы ренжіді.

*05.07.2008 жыл*

\* \* \*

Бүгін суық хабар естігенімде өз басыма түскендей қатты киналдым. Меркіге жетпей Алматы-Тараз бағытына кағынайтын үлкен жол бойында жолаушылар ауқаттанатын орындар ішінен қымыз сатып алып ішкен екі әйел каза болады. Мұны естіген қымыз сатып отырған әйел:

- Менің қымызым таза еді ғой, - деп өзі ішіп көремін деп ол да табанда тіл тартпай кетеді.

Сөйтсе қымыз сатушы әйел сол жердегі камыс арасындағы сазды жерді қазып, салқын болуы үшін қымызды ыдысымен сулы шұңқырға қойып, бетін шүберекпен жаба салады екен. Сол күні жылан түсіп, ішінде өліп, ісініп кеткен. Оны қымыз сатушы марқұм әйел көрмеген де, байқамаған.

\* \* \*

Бұрынғы уақытта бір кісі қатты сырқаттанып, өлермен халге жетеді. «Ел құлағы елу» деп, елден естіген талай балгер, бақсы, тәуіп, шипагерлерге барып, бір жанына шипа іздейді. Бірақ қаншама емделіп, қаралғанымен аурудың беті қайтпай нашарлай береді. Ең соңында білікті деген бір шипагер:

- Бұл кеселіңе дауа жоқ қарағым, әуре болмай-ақ қой. - деп тоқ етерін айтады.

Өмірден күдер үзіп, өлімге бой ұсынған ауру көзі жаутоңдеп, киіз үй төрінде жалғыз жатады. Осындай сәттердің бірінде іргеден киіз үйге кірген жылан тыныштықты сезініп, босағадағы ыдыста тұрған сүтке тиіп, ішкенінше ішіп жөніне кетеді.

Осыны көріп жатқан наукас: «Жанымды босқа қинағанша тез өлейін» - деген оймен ілбip, тұрып, жылан басын сұққан сүтті сіміріп салады. Әлгінің өлмек болған ойы керісінше болып, күннен-күнге сауыға бастайды. Ақыры біржолата құлан таза жазылып кетеді. Содан соң баяғы білгір деген шипагерге барып:

- Сіз менің кеселіме ем қонбайды, дауа жоқ деп едіңіз, міне, жазылып кеттім. - дейді.

- Қалай жазылып кеттің?

- Көзімше бір жылан сүтке тиді. Соны бір шөп сындырып алып,

араластырып, өлмекке улы сүтті сіміріп салдым. Өлмей, керісінше, міне, сауығып кеттім.

- Онда жыланның сүтке тигенін көзің көріпті. Ал сүттегі уды араластырған шөпті қайдан сындырып алдың?

- Шөпті керегенің іргесіндегі шығып тұрған жерінен сындырып алдым.

- Онда сен шөпті сындырып алған жерінді қазып көргін. Сол жерде өлген адамның сүйегі болуға тиісті. Сен сындырып алған шөп сол марқұм жамбасын тесіп шығып, өсіп тұрған өсімдік болуы мүмкін. Өмірде осындайлардың қисыны келіп, сәті түспейтіндіктен мен сенің кеселіңе ем қонбайды. дауа жоқ деуім сондықтан.

Керісінше. Алла сәтін салып, қисынын келтіріп, кеселіңе ем қонып, дауа болғанына шүкіршілік еткін. - деді шипагер.

Ауырған кісі киіз үйін басқа жерге жылжытып алып, шөп сындырып алған жерін қазып көрсе, адам сүйегі шығыпты. Алланың сыйы көп қой, шіркін! Бәрінің қисынын келтіріп, ем дарымайтын кеселге де дауа қондырыпты, деп маған Өсерұлы Жексенбі деген қария осы оқиғаны баяндаған еді.

Мұның рас-өтірігін бір Алла білер делік, оқырман қауым.

*13.07.2008 жыл*

\* \* \*

Көктерек (Бірлік) ауылына Зәбира, Әсия, Ниязбек төртеуіміз барып, Күлиза апайға қойған ескерткішін көрдік.

1956 жылы жерленген атам - Зәбираның әкесі Шоңбайұлы Нарымбектің бейітін іздедім. Осыдан көп жыл бұрын Сейткерім деген кісі маған шикі кірпіштен төрт құлақ өрілген қорғанын көрсетіп, әруағына құран бағыштаған болатын. Осы көп қорым қасынан Мирный елді мекеніне қарай құбыр арқылы су жүргізіп, сол су құбыры мүрделер тұсынан тесіліп, барлық ескерткіш белгілер құлап қалған. Міне, енді беймәлім болып қалған атам Нарымбектің жатқан жерін іздеп, ойша бір зиратты белгіледім.

*17.07.2008 жыл*

\* \* \*

Оңтасынның айтуы бойынша Кәрі, Тілеулес үшеуміз барып, Нарымбек атайдың зиратын таптық. Кешегі мен белгілеген мүрденің қасында екен. Бұрын ол кісінің қорғаны шетін ала болатын, сонысына қарай жаңылысыппын. Су қорғанды бұзғанмен, марқұмның жатқан жері ойылмапты, жері қатты, мықты екен. Өз білгенімше атама дұға бағыштадым.

Марқұм қайын енем Күлизаның қайтыс болғанының 20-жылдығына мал сойып, құдайы беріп, әруағына дұға бағыштадық.

*17.07.2008 жыл*

\* \* \*

Марқұм атам Шоңбайұлы Нарымбекке мүрдесін қоршатып, тастан көрнекті ескерткіш орнату ойыма келіп, келесі жылға соның темір-терсегін дайындадым. Ескерткіш тасына, өсиет сөз қалдырмаққа мынандай өлең жаздым:

Ойындасыз еліңнің асып туған Нарымбек,  
Күйеуі деп мені қадірлейді қалың көп.  
Әруағың бағыштап ескерткішті орнаттық,  
Қызың Зәбира, күйеу балаң Сауытбек.

*20.07.2008 жыл*

\* \* \*

Бір үйге бір кісі барса, бір кемпір мен екі жас бала отыр екен. Сонда жаңағы кісі:

- О, бәйбіше, мына екі бала қай балаңыз? - депті.

- Мына біреуі баламның баласы, тістеп алады анасы. Мына біреуі де баламның баласы, балдан тәтті анасы, - деп екінші баланы көрсетіпті.

- Түсіндім, бәйбіше, түсіндім. - депті сұрақ қойған кісі.

\* \* \*

Кеңес Оразбекұлына келесі баспаға өткізетін «Аша елі» кітабымның қолжазбаларын қарап шығуға бердім. Ол маған «Көлқұдық» атты кітапқа алғысөз жазған екен, соның көшірмесін берді.

*13.08.2008 жыл*

Өтежан Нұрғалиев деген ақынды «Жалын» баспасында редактор болып жүргеннен танымын. Үйіне кейінгі жолы барғанымда жалғыз ұлының қаза болғанын айтып:

- Менің өмірімнің жалғасы үзілді, менде енді болашақ жоқ, менің түбім бітті. - деп камыққан болатын.

- Қой, олай деменіз, Аллаға шүкіршілік қылыңыз, қыздарыңыз бар ғой, - деп басу айтсам да қайғысы тарқамады. қыздарын өмірінің жалғасына санамайды. Әйелі, қызы қасында отыр. Тағы да:

- Ауылдағы ел-жұртым шын-ақиқатты кесіп айтатыным үшін жек көреді. Мейлі онда да шындықты бетіне басып жаза берем, - деді.

Менің өлеңдерімді оқып көріп:

- Сенің поэзия кітабыңа редактор болсам, мал құсатып соямын, - деді.

Шынында, менің өлең кітабыма редактор болып, мал құсатып сойғаны дұрыс болатын еді. Бірақ оның сәті түспегені өкінішті болды.

Өтежан Нұрғалиевтің өлең кітаптары көп. Өлеңдері жиі-жиі шығып тұрады. «Сағатты кім өлтірді?» (Әшімбаев) дегенде де көлемді өлең жазған. Онын өлені де, сөзі де, мінезі де шалкез болып келеді. Өтежанның қаны шашыраған ащы да шын-ақиқатты бүгүсіз, бет-жүзіне карамай, тік қатты айтатынын, оның бұрын «Жалын» баспасында редактор болып жүргенінен білетімін.

Өтежан Нұрғалиев: «Менен мықты ақын шыкса қуанар едім. Бірақ ондай ақын жоқ» - деген сұхбатын бүгін оқып, оны еске алып отырмын. («Жас қазақ» газеті, №32 (188), 15 тамыз 2008 жыл).

Енді оның өз сөзіне аздап жол берейін:

«Қазір біз дүние жүзіндегі ең надан халықпыз. Олжас біздің елдің топас ақынымыздың бірі. Неше түрлі абырой-беделді Олжас «маған берші» деп сұрап алады. Жалынып алады, бермесе – тартып алады. Семейдегі полигонды жапқызу дейтін абыройды да ол Мәскеуге барып, жалынып, сұрап алды. «Жүмекен» (Нәжімеденов) сабырлы, төзімді, сосын жыбырлақ ақын болатын. Қаламы қалай тартады, солай жыбырлап жаза береді, жаза береді. Басқа ақындарға қарағанда бағының төмен болатыны сол. Оның халық білетін бір-ақ

өлені бар, ол – «Менің Қазақстаным» - қазіргі Әнұранның мәтіні. Мұхтар Мағауинді жақсы көремін, бірақ өзі адам емес. Адамға керекті басқа қасиеттер ода жоқ. Өзінің жазған-сызған шимай-шатпақтарын сүйеді».

Міне, бірде бір ақын-жазушы оған жақпайтыны сұхбатында жетерлік. Бәрін тізе бермей, негізгісіне тоқталамын.

«Жас қазақ» Өтекені:

- Сіздің көзқарасыңызбен қарайтын болсақ, тарихта бірде-бір ұлы адам қалмаған секілді?

Өтежан Нұрғалиев:

- Қалмайды. Эсхил, Софокл құсап ұлттың трагедиясын ашып көрсететін ақындар ғана ұлы. Халық құрып бара жатқанда шығар жол көрсеткен ақын ғана ұлы. Мен қазақтың ұлыларын ақымақ қылып, ақымақтарын ұлы етіп көрсетемін. Сонда ғана шындық қайтадан жаңа қырынан көрінеді.

Міне, сұхбат басынан аяғына дейін осындай пікірде.

Осы арада жай ғана мысал. Көлік ағылып, қарама-қарсы жиі жүріп жатқан үлкен жолға керексіз бір нәрсе көліктен түсіп, не тас домалап, не ағаш құлап, жүргіншілер жүрер жолын жауып, кедергі келтірсе де, соны айналып өтіп жататыны көп. Ілуде бірі ғана көлігін тоқтатып, жолдағы кедергіні алып тастайтыны некен-саяқ.

Сол сияқты мына өмірде де біреуді біреу мақтаса – жабыла мақтайды да, жамандағанда да сондай.

Мысалы. Бауыржан Момышұлы біреу-ақ. Сондай мінездес екінші Бауыржанды қазақ халқынан тауып көрші. Жоқ.

Ал Өтежан Нұрғалиев сияқты шын-ақиқатқа түзу қарап, бүйректен сирақ шығарып, тыңнан өз пікірін дұрыс-бұрыс болсын тік айтатындар да сирек.

Өтежанның «Менен мықты ақын шыкса қуанар едім» деуі дұрыс па? «Бірақ ондай ақын жоқ» деуі дұрыс емес деген ойдамын. Өтежан Нұрғалиев неге көпке топырақ шашқандай болды? Көптің аты көп емес пе.

*17.08.2008 жыл*



\* \* \*

Серік Асылбекұлы мен бұрын «Жалын» баспасына барғанымда уылыжыған жас еді. Мүмкін жоғарғы оқу орнын бітірген кезі шығар. Қазір өзі Т.Жүргенов атындағы қазақ халық өнер академиясының профессоры екен. Сонда бұрын менің осы шығармамның тек бір жолын ғана оқып, түк те сөз айтпай жымығанына таңғалып едім. «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра» десе де мен сұрауға ыңғайсыздандым.

Соның бүгін «Жалын» журналы (№8, 2008ж.) Халық кегінің жоқтаушысы» мен «Қазақ әдебиеті» газеті (22 тамыз-4 қыркүйек 2008 ж.) Тағылым әдеби сын жазғанын оқып, таң көрдім. «М.Әуезовтың «Қилы заман» баянының басты кейіпкерлері Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай, тағы басқалар «рухы биік адам – заманның үздік жетістігі. Бақтығұл өзін жаратылыстың бір бөлшегіндей сезінеді» - деп толғанады. Серік Асылбекұлы тағы мұнымен қатар Мұрат Әуезовтың. Ж.Дәдебаевтың филология ғылымының докторы, профессор Б.Майтановтың, тағы басқа көп ойшылардың Мұхтар Әуезов туралы шығармашылығы хақында пікірлерін келтіре кетеді. Осылардың ішінде белгілі академик, философ Ғарифолла Есім «Бақ дегеніміз – елес». Зиялы қауым хакім адамдар ешқашан өздерін бақыттымын деп есептемейді, олардың басындағы мәселе – қайғы. Ал қайғы – ойшылдық белгісі. «Мен бақыттымын» деген адамда ойшылдық болмайды. Бақыт деген көпшілдікке катысты мәнді сөз» деп Ғ.Есім тұжырымын алға тарта отырып, «Бақ дегеніміз - елес» - дейді. Рас сөз. Тек бақ қана емес, мына тіршілік те, өмір де елес. Өйткені ол бүгін бар болғанмен, ертең жоқ. Елес емес нәрсе барлық уақытта бар болуы керек, деп Серік Асылбекұлы да өз ойын қорытады. Осы сөз де үлкен астары бар мағыналы тұжырым.

«Болар бала боғынан» деп қазақ босқа айтпаған екен. Менің қолжазбамның бір-ақ сөйлемін оқып қана Серік Асылбекұлының жымыған сырында терең мән бар екенін бүгін сезгендеймін. «Кейінгіні көріп қартаясың» деген осы да.

*22.08.2008 жыл*

\* \* \*

Нұрлан Кенжеахмет ҚХР Шыңжаң автономиялы районының Арасан ауданында дүниеге келген. Сол елдің әдеттұрып, ұлттық

психологиясын және адамгершілігін қытай, жапон мен қазақты салыстыра келіп, былай дейді: «Жапон ғалымдарымен Өзбекстанға бардым. Қайтарда Шымкенттен такси жалдап, Алматыға тарттық. Жолда келе жатып, таксист жүргізуші ішкен сусынның бос шөлмегін терезеден лақтырып жіберді. Жанымда отырған жапон жігіті менен машинаны тоқтатып, әлгі шөлмекті алуды өтінді. Таксист машинаны әзер тоқтатып, бізге кейіді. Сол арада жапон жігіті жылдам қимылдап, құмыраны алып келді. Ал қазақ жігітінде өз елінің қоршаған ортасын қорғайын деген түйсік жоқ. Жапонияда жапондар өз елін өз үйіндей аялайды» - дейді Нұрлан Кенжеахмет. (Қазақ әдебиеті, 22 тамыз 2008 жыл).

Бұрын Николай Шамшура деген жолдасым үйге келіп, мені қыдыруға ілестірді. Қасындағылар Фрунзе (қазіргі Бішкек) әскери саланың шенділері екен. Қыдырып жүргенде әрбір отырыс жасаған сайын босаған шөлмектерді, коробка, қағаздарын түгел жер қазып көміп, қоқыстарына дейін тазалап отырды. Мен мұны кең далادا жүріп, бірінші рет көргеніме таң қалдым. Қазақ десек өзіме тиеді, талай лауазымы жоғарылармен қыдырғанда мұндай тазалыққа көңіл бөлген бір пенде көрген емеспін, қарапайым тұрмақ саналы деген қазақ азаматтарынан. Кең даланы ластаумен болған...

*24.08.2008 ж.*

\* \* \*

Бүгін үлкен ұлым Мейрамбегімнің тұңғышы, менің де тұңғыш немерем Аидамды құтты қонысына ұзаттық.

Аиданы біржарым айынан анасының емшегінен шығарып алып, Зәбирам баққан болатын. Сондықтан ол тек Зәбира екеуіміздің тәрбиемізде болды. Оны жоғарғы оқуын оқытып, білім бұлағынан сусындатып, қолына қос дипломын алған соң ғана бүгін, міне, тұған ұясынан ұшырып, өзі қалаған мекеніне қондырдық.

Алла Аидамның жолын қабыл көріп, көңіл қосқанымен ынтымақ-бірлік бергізіп, зор денсаулық пен бақ қонып, Қыдыр дарысын деп тіледік.

*26.08.2008 жыл*

\* \* \*

Бүгін Aidаның тұрмыс құру тойы Алматыда өтті. Аға, әкпе-жезделері үлкен үлес қосты. Швейцариядағы елшілік аппаратында қызмет істейтін ағасы Мұратбек пен жеңгесі Әлия Аида мен Қуанышқа алтын сағатты сыйға жіберіпті. Соны екеуіне сыйлады.

Той асабасы керемет дарыды екен. Ән шырқалып, би билеу бір толастамастан тойды тамаша жүргізгеніне жиылған жұрт риза болып тарасты.

Осы тойға келген Болаттың ісін реттеймін деген бір бейтаныс дөкей әйел ісін тындырмай, талай мың долларын жеп кеткенін Болаттан естідім. Әсияның да төрт баласын балабақшаға орналастырамын деп, талай ақшасын бейтаныс әйел жеп кеткенін Әсиядан естідім. Өмірде осындай да сұрқия, суайт әйел болады екен-ау?! Бұл туралы 12.-13.06.2008 жылы күнделікте жазылған болатын.

*27.08.2008 жыл*

\* \* \*

21.08.1999 жылғы күнделігімде «Ілияс Жансүгіровтың әруағын сыйлап, оның әйелі әйелдігін жасаса да жолдасы, қаламдасы Мұхтар Әуезов оның әйеліне неге жақындасқан» деп жазғаным бар.

24.08.2005 жылғы күнделігімде «Ана тілі» газеті №7. 12 ақпан 2004 жыл Данабике Байқадамованың «Мен білетін Әуезов» Мұхтар Әуезов Ілияс Жансүгіровтың әйеліне қалай жақындасқаны толық баяндалады. Бұл жазбада Мұхтарға тап берген әйел екені жазылғанын оқып, мен де Мұхтар әруағынан кешірім сұрағаным айтылған болатын. Енді бүгін «Жалын», №8 2008 жыл 31-бетте Сәбит Мұқанов Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Н.Жанділдинге хат жолдапты. Соның тек Ілияс Жансүгіровтың әйеліне қатысты тұсын ғана айта кетейін.

«Кейбір осындай әйелдер (мәселен, Ілияс Жансүгіровтың әйелі) бұзық жолға түсіп, әркімнен бала тауып жүргенде бұл Гүлбаһрам айдаудан қайтқаннан кейін Алматы облысының бір қолхозында есепші болып, бұзылмай, жарылмай, адал еңбегімен күн көрген» - деп Сәкен Сейфуллиннің әруағын сыйлап, арын адал сақтап, кітаптарын, қолжазбаларын, суреттерін, хаттарын, дүние-

мүліктерін толық сақтағаны әйелі Гүлбаһрамның әңгімесінде толық баяндалады.

*Сәбит Мұқанов.  
25/IV-1964 жыл, Алматы.*

\* \* \*

«Ілияс Жансүгіровтың әруағын сыйлап, оның әйелі әйелдігін жасаса да, оның әйеліне Мұхтар Әуезов неге жақындасқан» деген жорамалымнан да бұрын Сәбит Мұқанов ашық хат жазыпты. Міне бүгін оқып таныстым.

*07.09.2008 жыл*

\* \* \*

Арақ ішуді, карта ойнауды қойып, көп жыл істеген мамандығым – сауда жұмысынан бас тартып, 37 жасымнан бастап шығармашылықпен айналысуды ойлағаным әр жазбамда бар.

Содан бері 68 жасыма дейін қазір «Жыр бесік» топтама жинақ, «Аша елі», «Түсімдегі жолбарыс», «Көлқұдық» - демек 4 кітабым жарық көрді.

Қайта жазылған «Аша елі», «Болашаққа хат», «Менің қарапайым өмірімі», «Күнделік» - тағы міне, төрт кітаптың қолжазбаларын компьютерден көшіріліп, баспаға дайын тұр. Осы 8 кітаптан кейін толық 5 кітап бола ма деген болжамым бар. «Шығармашылықпен айналысу - тазару» деген Аристотель сөзінің өте терең философиясының құпиясына сана-сезімім жетпесе де бергі жағынан шығармашылығымға қатысты оқиға барысының идеясын өз әлімше ашуға ұмтылыс жасап, ішкі дүниемнің санасын тазартқандай болдым ба деген ойдамын, оқырман қауым!

*12.09.2008 жыл*

\* \* \*

Шәкен-Әлия үйіне шақырып, Зәбира екеумізге тамақ берді. Сол үйде Мұхтар деген азаматпен бірге болдық. Ол менің «Аша елі» кітабымды оқыған екен. Кітаптағы кейіпкерлер мен іс-әрекет туралы сұрақтар қойып, соған жауап бердім. Мұхтар да өз ойларын білдіріп, тағы шығып жатқан кітаптарымды беруімді сұрады. Ол да бір саналы азамат екен.

*17.09.2008 жыл*

«Егемен Қазақстан» газетіне (29 шілде 2008 жыл) Мархабат Байғұттың «Сағыныш саздары» (эсселер) жарияланды. Ғафу мен Тоқаш ақынның 1985 жылы ауыл-ауылды қыдырғандығы, оларға жасаған сый-құрметтің артық-кеміне дейін кінә тағылғаны сезіліп баяндалған.

Сонда Тоқаш Бердияровтың туған ауылы «Ұшқынға» ат басын тірейді. Енді газет сөзіне жол берейін:

«Мерейтой иесінің аса жақын бір туысы шатақ шығарды.

- Әй, Тоқаш, - деді әлгі кісі ежірейіп. - сен бері қарап, жөндеп тындағын. Елу жылдығыңа келесің, тә-ә-әк. Алтыс жылдығыңа келесің, тә-ә-әк. Окта-текте окалақтап соғатының бар. Күтіп, құрметтеп, сыйлап жібереміз. Тә-ә-әк. Ал енді анау немере ағайының қайтыс болды ғой. Бір-екі жылдан асып барады. Келмедің де, көрмедің де, көңіл айтпадың да. Мұнын қалай. а-а-а? Адамгершілігің қайда сенің? Айтшы, қане, осыны? – дейді.

Бұған:

- Ойбуй, бетім-ай, бұларын қалай сендердің? Тоқаң түгел қазағыңа, түбі бір бүтін ұлтыңа бірдей үл емес пе еді? Қазақжырының керегесін кеңейтіп, көсегесін көгертіп жүрген Бердиярдың баласы сендердің әрқайсыңа, бас-басына келіп, көңіл айтып жүре берсе, қазақтың қара өлеңін кім көркемдемек? Тоқан жай ғана қатардағы пенде емес қой, бауырлар! Көптің бірі емес қой, деп осы сарындас мағынада Тоқаш үшін Ғафу жауап береді.

Міне, оқырман қауым, біздің жөн біледі деген зиялы ақынымыз осылай сілтейді. Біз сонда не болып бара жатырмыз? Қойылған сұраққа Тоқаштың сөзін сөйлеген Ғафудың айтқандары жауап беретін сөзге тұра ма? «Аса жақын бір туысы шатақ шығарды» дейді автор. Сонда «Немере ағайынның қайтыс болғанына көңіл айтпадың» деуі де «шатақ шығарды» деген сөзге жата ма?

Қайта бұл туысының Тоқаштың бетіне басқан ащы сұрағы оны бұрыстықтан дұрыстық жолға сілтейтін шын-ақиқат әділ сын емес пе? Тоқашты «көптің бірі емес қой» депті, сонда ол көптен де үлкен болып па? Көпшілік қауым болмаса ол жазған жыр кімге керек? Аса жақын бір туысы қасындағы жол серіктеріне айтып, кінә тағып

отырған жоқ қой. Қаза болған марқұмға қатысы бар туысы болған соң Тоқашқа ашық айтып отыр мемес пе?

Тірі адамның соңғы қайтпас сапары - өлім. Бұған көңіл бөлмеген жақын туысы тұрмақ, былайғы таныстардың өзін толық адам деп тану қиын. Айюан да, сиыр да өлгеніне өкіріп, жан жағын азан-қазан ғып, шулыған ғып жатады. Бұрынғыдан сөз бар: «Өлік шыққан босағада айбарлы жолбарыс тұрады» деген. Демек Тоқаш сияқты аса жақын туысы тұрмақ жай таныстардың өзі уағында келіп көңіл айтпаса көрінуге именіп, үйіне баруға батпай, бетінен сұсты жолбарыс сескендіріп тұрғандай сезілетін ұғым бұл. Қазақ сол үшін «Өлік шыққан босағада айбарлы жолбарыс тұрады» деп айтқан.

\* \* \*

Шу аудандық мұражай қызметкерінің бірі үйге келіп, жазушы Әбіқұл Ибрагимовтың «Жазым» деген (Алматы. «Жалын», 1989ж.) кітабымен екеуміз бірге түскен суретті мұражайға қоюға сұрап алды.

Кітапты оқығанда соңына былай деп жазыппын:

«Бұл кітапты баяғыда бір оқып едім. Міне, бүгін екінші мәрте оқып отырмын. Әрбір оқырман қауым үшін өз өңірінен шыққан ақын-жазушы мен өнер иелері қандай жаныңа жақын десеңізші. Бұған мақтанасың. Мына Әбекеннің кітабындағы кейіпкерлердің көбісі таныс болса, ауыл да, жер де, өзен де күнде көріп жүргедіктен өте жаныңа жақын, көңіліңе мақтаныш сезімін ұялатады. Ал енді көркемдігі жағынан өзінше шоқтығы биік екені бірі білсе, екіншісі өзінше айтылады».

*02.07.2004 жыл.*

\* \* \*

Әбіқұл Ибрагимов «Жазым» атты кітабына былай қолтаңба жазыпты:

«Айналайын қызым Галя! Бақытты бол, ата мен анадның атын шығаратын азамат бол, ару бол! Тілектес Әбіқұл» деген.

Бүгін Шу аудандық мұражай жиынында болдым.

*22.10.2008 жыл*

\* \* \*

«Егемен Қазақстан» (29 қазан 2008 жыл) Шерхан Мұртаза «Ұрпақсыздар ұмытылады» деп жазыпты. Сонда өзінің жақын туыстарының ұрпақсыз ұмытылғанын айта келіп: «Енді өзім ше? Жалғыз ұл 50 жасқа келді. Бала жоқ. Сонымен тұқым үзіле ме? Ал менен кітаптар қалар. Олар ұрпақты жалғастыра ала ма? «Бір кем дүние» - деп күрсінгендей болады.

Мұндай ойдан мен де кенде емес екенімнің бір көрінісі – жалғыз інім Әбдіманаптың ұрпақсыз кеткеніне өкінсем, арғы аталарыма барлау жасап «Ниет көшбасшы» деп әңгіме жазғаным бар.

*01.11.2008 жыл*

\* \* \*

«Ельциннің ерлігі» деген («Жас Алаш», 26 сәуір 2007 жыл) білгір тарихшы Мәмбет Қойгелдінің мына пікірі кейде ойыма жиі түседі. Онда былай деген жолдар бар:

«КСРО-ны таратқан кім? Ельцин! Әйгілі Үшеудің (Ельцин-Кравчук-Шушкевич) келісімі болмағанда КСРО тарамайтын да еді. Бұл құжатты жасаған және оған өзі де қол қойып Кравчук пен Шушкевичке де қол қойдырған кім? Әрине, Ельцин! Тіпті, Ельцин осы құжатқа қол қояды біраз кешіктіргенде, уақытша абдырап қалған империяшыл тұлғалар қайтадан ес жиып, КСРО-ны таратпай қойығы әбден мүмкін еді.

Сондықтан да тәуелсіздікті сүйетін әрбір қазақ Ельциннің осы ерлігі мен еңбегін ұмытпауға тиіс. Таққа келу бар да, тақтан кету бар. Таққа келу – сөз жоқ, айрықша қиын. Ал тақтан кету – бұдан да қиын. Міне, осыған карамастан, Ельцин тақтан дер кезінде кетті. Дер кезінде кете білді. Өз еркімен. Өз ықтиярымен. Сөз жоқ, бұл да – үлкен ерлік» - дейді.

Осы Мәмбет Қойгелдінің пікірін бүгін зейінді ойласам, тура айтылғаны көрініп тұр.

Ельцин мансап тағынан бас тартып, өз орнына Ресей президенті етіп сайлаған Владимир Путинді дәл халқының қамын жете ойлайтынын танып, тандап қойған көреген екен. Ельциннің мақсатынан шыққан Путин де өзі басқарған екі сайлау сегіз жыл мерзім ішінде-ақ Ресейді қай жағынан болса да қерегесін кеңейтіп,

экономикасын өсіріп, бұрынғы Кеңес Одағының ыдырамаған кезіндегідей дәрежеге жеткізгендей болды. Демек Путиннің билікке келуімен Ресейде ұлы державалық шовинистік көзқарас берік орнауының белгісі «Қап тауындағы қыр көрсетуі» деп түсінген жөн.

Ресей халқы Путинді тағы үшінші рет президент сайлауына түсуін қалап сұранса да «ата заңымызға қайшы» деп, одан бас тартты. Бұл да Путиннің өз еркімен тақтан кетуі. Ельцинге ұқсас екенін көрсетеді. Енді Путин де өзінің орнына мынау лайықты деп Дмитрий Медведевті танып, Ресей президенттігіне ұсынып, оны қоюы да Ельцинге ұқсас екенін өмір көрсетіп отыр.

Осындай халқының қамын ойлайтын басшысы бар ел бақытты ғой, шіркін!

*28.11.2008 жыл*

\* \* \*

Жиенбеттегі үйге келдік. Ниязбек жаңа үйіне кіріпті. Бүгін бір өте ерекше жақсы хабар естіртті Ниязбек. Жалғыз інім Әбдіманаттың баласы бар екенін ауыл әкімі Кемелхан Көпжасаров Тараз қаласында екенін естіріпті.

*02.12.2008 жыл*

\* \* \*

Бүгін ауыл әкімі Кемелхан Көпжасаровқа барып інім Әбдіманаттың баласын қалай тапқанын сұрадым.

- Ініңіздің баласы Тараз қаласында мені өзі іздеп келіп, танысты. Ол елжұртын, әкесінің туыстарын іздеп, таппай жүргенін айтты. Мені сыртымнан Жиенбет елі екенімді естіп келіпті. Өзінің мекенжайын жазып берді. - деп мынаны маған жазып берді Кемелхан – Абдіманапов Арман. 10 микрорайон. до 43/147. Тел.: 57-41-80. Шешесінің аты – Толғанай, депті.

Мен Кемелханды құшақтап, бетінен сүйіп:

- Інім Әбдіманатты тірілтіп бердің, көп рахмет, өзіңді шақырып, той жасаймын, - деген сияқты игі тілегім мен қуанышымда шек болмады. Енді мұның түпкі сырын ептеп оқырмандарға түсінікті болу үшін баяндайын.



Өткен тарихым ештеп жазбаларымда айтылса да мына жалғыз інім Әбдіманаптың баласы Арман табылған соң қайта еске түсірудің реті келіп тұр.

Әкем Мәдімәр жалғыз інісі Әлеш Ұлы Отан соғысында құрбан болған соң соның атына жаздырып, туу туралы куәлігін Әлешұлы Әбдіманап деп алыпты.

Әбдіманап менен 4 жас кіші. Әкем Мәдімәр менің 5 жасымда қайтыс болса, анам аурушаң болғанына қоса тағы екі кішкене қарындасым болды. Сонда төрт жетімнің үлкені мен болғандықтан жап-жас маған бір отбасының тағдыр-тауқыметінің салмағы түсті. Бұл өзінше айтары көп таусылмайтын жыр. Енді жанұямнан Әбдіманапты өзінше бөліп айтар болсам, ол да жасында бел ауруымен ауырса, есі кіре келе үлгісі нашар балаларға ілесіп, тентек болып өсті. Анам мен менің тілімді жүре тыңдады. Оны мен ертіп барып. Жамбыл облысының Талас ауданы орталығы Ақкөлдегі зооветеринарний техникумына оқуға түсуіне себепші болдым.

Бұл оқу орны Луговойға (қазіргі Т.Рысқұлов) көшіп келген соң Әбдіманаптың тентектігінің әсерінен соңғы курсынан оқудан шығарылды. Содан соң Әбдіманапты зоотехник, веттехник, ет дайындаушы сияқты талай қызмет істеуіне мүмкіндік туғыздым. Бірақ қай жұмыс болсын, берекесіздік танытып, тұрақты болмады. Онда да інімді өзіммен салыстырар болсам, сөзге шешен, әрбір істің көзін, ретін табатын, ерттеуді аттай өмір болмысына дайын тұратын, қоршаған ортасына жұғымды сияқты толып жатқан қасиеттері менен артық еді. Тек қана мінезінің тұрақсыздығы мен ішімдіктің кесірі оны өмірде кейін тартты.

Әбдіманапты үш рет үйлендірдім. Оның әрқайсысының машақаты өзінше жетерлік, жеке-жеке хикая. Әрине, адам алып, келін түсіру деген оңай шаруа емес екені өмір құбылысынан белгілі жәйт.

Бірінші, әйеліне үйленгенде үлкен той жасап, өзінше отау кылып шығарсам да, ажырасып тынды.

Екінші, әйелі әлі үйленуге жасы жетпеген қыз болғандықтан заң жүзінде іс қозғап, осы заңсыздықты қоздырмай, інімді аман

алып қалсам да оны да кетірді. Ұзынқұлақтан сырттан естуімізше әйелінің ішінде кеткен қызы бар, дейді.

Үшінші. әйелі Толғанаймен Әбдіманап 1985 жылы қосылып, отбасын құрған болатын. Мұнымен де 1988 жылы ажырасып тынған. Ал енді мына өзі іздеп келіп, елі-жұртын, бізді тауып отырған Әбдіманаптың Арман баласы бар ма, жоқ па, екенінің анық-қанығын, менің де біле бермейтінімнің бір ұшы мынада еді. Мен өз отбасыммен құм қойнауының «Көлқұдық» атты жерінде тұрсақ, ал Әбдіманап Толғанай екеуі ауылдық жердегі Жиенбет ауылында тұрды. Ал ажырасқан соң Толғанай Қазақстанның басқа өңіріне құмға сіңген судай болып, хабарсыз кеткен. Әбдіманаптың Жиенбет ауылында Толғанайдан туған Арманның өлі-тірісінен хабарсыз болып қалғанбыз. Әбдіманап 1994 жылы о дүниелік болғанда, баласы Арман туралы түк те сыр ашпай кетті. Енді бүгін Әбдіманаптың баласы Арман табылған соң осында Арман табылған деп ауыл тұрғындары да білетін болып шықты. Қорыта айтқанда ұзын сөздің қысқасы осы.

Өзі іздеп келіп, елі-жұртын, ағайын-туысын және бізді тауып отырған Арман ерекше сезімді екен. Сондықтан Арман балама мың рахмет алғысымды айтамын. Елі-жұртым да оған риза болуда.

Арман балама алла ұзақ өмір беріп, бақ-қыдыр орнап, өсіп-өніп, өз мақсатына жете беруін тілеймін.

Арман табылмай тұрғанда күнделігіме (01.11.2008ж.) Шерхан Мұртазаға еліктеп. «менің де жалғыз інім Әбдіманаптың ұрпақсыз кеткеніне өкінемін» деп едім. Енді бүгін Арман табылған соң осы артық сөзімді қайтып алдым. Алла кешірсін демекпін.

*04.12.2008 жыл*

\* \* \*

Өткен 2008 жыл Отанымыз тыныш, барлық жағынан қарқындап, экономикасы өсіп келеді. Ел-жұртымыз аман, ынтымақ-бірлігіміз артып, жылдан-жылға жағдайлары жақсарып келе жатқаны қуанарлық іс.

\* \* \*

Енді өз отбасыма келсем, басымыз аман, малымыз түгел, ауру-сырқаудан аманбыз. Мұратбек ОҒЕС қауымдастық ұйымының

Швейцария өкілеттігінде қызмет істеуге отбасымен көшіп кетті. Астанадан оған үй берді. Назарбек те Алматыдан үй салып, соған кіріп алды. Ниязбек те Шу ауданының орталығы Төле би ауылынан үй тұрғызып, жаңа қонысқа көшті. Немерем Аида жоғары оқуды бітіріп, екі диплом алып, отбасын құрды. Аиданың үлкен тойын өткізіп, дүние-мүлкін, төсек-орнын, жиһаздарын апарып беріп, Зәбира екеуміз бір үлкен міндеттен құтылып, жеңілденіп қалдық. Менің «Түсімдегі жолбарыс» атты өлең кітабым жарық көрді.

Демек, 2008 жыл Отаным, елім, жерім, өз отбасым үшін бір тамаша, табысты жыл болды.

Енді мына жаңа жыл да сондай табысты жыл болсын, деп 01.01.2009 жылдың алғашқы минутында Зәбира, Назарбек, Ұлбала төртеуміз тост көтеріп, алладан тілек тіледік. Әумин.

Бізді - Зәбира екеумізді барлық бала-қыз, келін-күйеу балалар Жаңа жылмен құттықтап, телефон соқты.

*01.01.2009 жыл*

\* \* \*

Бүгін Алматыдан өте қуанышты жақсы хабар келді. Сүйікті қызым Галя таңғы 5-те босаныпты. Өмірге қыз әкелді. Соған Зәбираны тез асығыс Алматыға қарай сағат екіде өзім көлікке мінгізіп, ұзатып салдым да үйде жалғыз қалдым.

\* \* \*

Мен кейінгіме түсінікті болу үшін жазбаларым мен күнделігімде өз отбасым туралы бұғусіз жазғандарым көп.

Енді менің жалғыз қалу себебім мынаған тірелін тұр. Алланың берген ұл-қыздары сыртта. Жалғыз Ниязбек қана бізбен бірге тұратын. Ол Жиенбеттен үлкен үй саламын деп, құрылыс заттарын осы жерге түсіріп, дайындаған болатын. Оған барлық бала-қыздарым аудан орталығы Төлеби жөн деп, үйді сол жерден тұрғыздырды. Оған мен көп уақыт көнбей, қарашаңырақта бәрін тудың, өстің, бұл құтты мекен деп көнбегеніме болмай қойған соң оларға Зәбира да қосылған. Сол лаж жоқ көнгем. Қазір Жиенбеттегі осы қарашаңырақ та, балам Мейрамбектің үйі де бос. Екі үйді де сағпай қойдым. Мейрамбектің үйіне біреуді соған карап отыр деп босқа кіргізіп қойдық. Ниязбек келіп үйге жүріндер деп қунара

келеді. Кейде үйді жауып, балаларға қыдырып жүргенде үйге ұры түсіп, талай заттарды алып кетті.

Мен басында ескерттім, аудан орталығы мен Жиенбет ауылының арасы 12 шақырым, бүгін бәріне рақымшылық жасалып, жерді де, үйді де қаттап ауыл мен ауданда айырмашылық жоқ, кейін тіпті өкінесіңдер дегем. Және осы ауыл бойынша жері көп те мен едім. Қазір бәрі игерусіз, бос жатыр. Бала-қыздарым менің тілімді алмағанына бүгін өкініп жүрген сияқты. Ал енді аудан орталығындағы үйіміз де сұмдық тмаша, үлкен, әрі жақсы көрікті, сулы, нулы, үлкен жол жиегінде барлық катынасқа ыңғайлы жерден орын алған.

Алайда қарашаңырақтың аты қарашаңырақ, бұл үйімді қимай мені жалғыздық билеп тұр. Үлкеннің тілін алмаған деген осы.

**08.08.2009 жыл**

\* \* \*

Бұрын Шерхан Мұртаза ағамыздың «Бір кем дүние» деген ойтолғауын оқығанмын. Бүгін соның бәрін қайта оқып, жылап отырмын. «айлас әйел мұңдас» деп Шерхан әкеден 5 жаста жетім қалса, мен де 5 жаста әкеден жетім қалдым. Ол кісі жоқшылықтан қорлық көріп өссе, мен керісінше, баршылықтан қорлық көріп өстім. Бұрын жетімдіктен қорлық көргенімді ептеп жазсам да соның кейбіреуін қайталаудың реті келіп, қолыма қалам алып, қамығып отырған жайым бар.

Әсіресе «Бір кем дүние» деген ойтолғаудағы «Ас пен тас», «Бір тостаған жасымың», «Бастан сипау», «Жалғыз бала», «Аш бала мен тоқ бала», «Ұрпақсыздар ұмытылады», тағы басқа осы сияқтыларды оқығанда көзіме жас алдым. Енді жалпыға жария еткен Шерхан ағаның сөзін қайталамай, өзімнің көрген қорлығыма аздап тоқталайын.

Анам мен інім, сырқат екі қарындасым жас болды да үйдің қу тірлігіне 6-7 жастан бастап, әкеден қалған көп төрт түлік малды айдап сал, айдап келге жастай араластым. Сол малдарды бағамын, қараймын, жем-шөбін дайындаймын, соларды малға саламын, жайғаймын, ұры-қары, зорлықшылардан қорғаймын, қисынсыз қарау адамдардың күш-көлікті сұрағанына бермеймін деп сөз де

естідім, таяқ та жедім, көрмеген қорлығым жоқ. Бұларды айта берсем таусылмайтын жыр. Бұларды сөз қылмайын.

\* \* \*

Мектепте Сырқашым деген мұғалім тақыр басымды сызғышпен ұрып, содан шошынып шыққан жара қаптап кетті. Шаш алдыруға ауылда жақын туыс та жоқ. Кейбіреуі жарадан жиіркеніп, шашымды алмайды. Содан соң 6-7 шақырымдай жерде тұратын нағашым Сүлейманға барып, шашымды алдырамын. Ол кісі 2-3 жылда әрең дегенде басымдағы жараға тотияйынды күйдіріп басып жазды. Күні бүгінге дейін сол тотияйын қойған орны оймақтай-оймақтай ақ таңылтақ болып, шаш шықпай төбел таз болдым.

\* \* \*

Бір жылы Жексенбі деген туысымыз көше бойын шақырып гамак берді. Ол кезде әке-шешесіне ілесіп майда балалар да баратын. Өңкей балалар қаз-қатар қонақтаған балапандай босағада отырмыз. Төрдегі кісілерге табақ-табақ ет келгенде әрқайсысы қолына ілінген ет, жілік, сүйек сияқтыларды менің қасымда отырған балаларына ұсынып берді. Балалар болса маған көрсетіп, «көз қызар, көз қызар» біз ет жел отырмыз, сен құры отырсың дегендей бұйырғанын жеп отырды. Тіпті төрдегі кісілердің біреуі маған да ет ұсына ма деп мойнымды созып, жалтақ-жалтақ қараймын. Көпшілік жұрт ішінде біреуінің де мейірімі маған түспеді. Солардың бәрінің тұрмысы біздің үйдің тұрмысынан көп төмен. Күш-көлігімізді сұрап жұмсайды, аттарымызды көкпар тойға сұрап мінеді. Кейде менің жорғам мен жүйрік атымды да сұрап мінетіні бар.

Анам Іздән пейілі кең адам еді. Қазаны оттан түспейтін, дастарқаны жиылмайтын. Ол кезде ауқат тауып ішудің өзі мұң болғандықтан, анам кейбіреулерге қол ұшын беретін.

Бірақ біз қаншама тұрмысты болсақ та мынандай жерде әкенің орны бөлек екен деп осыны ойлап өзім жасып отырмын. Өздері әбден тояттап алғанда ішінен біреуі жалтақтап отырған мені көріп: «Сауытбекке түк те ұсынбапсың ғой» дегенде әрең отырған мен байқұс дауыс көтеріп жылап жібергенім. Сол үйдің қазан-ошағына көмектесіп, сорпа алып келе жатқан анам Іздән да мені көріп, о да

жылап жіберді. Шіркін, қайран өмір-ай десенші! Қаншама байбардам бол - әке орны бөлек екен. Мен өмір бойы әкемді сағынып өстім. Қазір, міне, 70 жасқа жақындадым. Осы оқиғада бірге болған Алтынбек деген құрдасым «Сауытбекке құлақ бермесем жылайды» - деп кейде айтып қалатыны бар. Менің сол жылағанымды әлі ұмытпайды.

\* \* \*

Анам Іздән мені ең алғаш мектепке ертіп барғанда мектеп директоры Сары Хасенов далада тұр екен. Мені көріп, Мәдекеңнің баласы екен ғой, деп бетімнен сүйіп, мені көтергенін әлі ұмытпаймын. Жетім жүрегім бір жібiгендей болды.

\* \* \*

Он бір жастамын-ау деймін, мен бала кезден атқа мiнуге, көкпарға баруға өте құмар едім. Оған мен әбден төселгенмін.

Елу-алпыстай атты азаматтар көкпар тартып, 21-бекеттен алып ұзатып, көкпарды жеткізбей, алып қашып кетті, біз кейін ауылға қайттық. Осы көкпар шыққанын естіген Амангелді (қазіргі Алға шаруашылығы) колхозында парторг болып қызмет істейтін Кенжебай деген ағамыз да көкпар тартуға келе жатыр екен. Мiнген аты күрең төбел, үлкен де көрнекті екен. Көкпардың ұзап кеткенін естіген соң ол да кейін қайтты. Ауылға карай барлық аттылар жарыстық. Мен бірінші болдым. Кенжебай ағай екінші екен, артта қалғандарды күтіп алып, бәріміз бас қостық. Көпшілік қауым екеумізді қайта жарыстырды. Мен тағы оқшау озып кеттім де, тоқтап Кенжебай ағайды күтіп алдым. Арттағылар түгел келді. Кімнің озып, кімнің қалғанын естігендер ішінен аузына ие болмайтындар: «Сен білдей бір колхоздың парторгінің, астындағы атың да сұмдық үлкен әрі көрнекті, мына жетім Сауытбектің тайынан қалып қалғаны ұят емес пе», деп қыршаңқы, намысқа тиер сөзді қатарлары бар, басқасы бар. әр жерден жаңбырша жаудыра бастады. Сонда: «Сендер не оттап тұрсындар. Сауытбектің тайы атымнан озбақ түгілі өзі өзімнен озсын. Мен оның тайы атымнан, өзі өзімнен озғанына тілектеспін. Бұлардың келешегі бар, жас. Бізден осындай кейінгі жастар озсын. Жастарымыздың өзімізден

озуына үлкендер, жағдай жасайық» - деп қыршаңқы топтың аузына құм құйғандай болды.

Кенжебай ағайдың осы сөзі ойымда мәңгі қалып, кейбір жазбамда бар. Мен бұл кісіге риза болып, сыйлап өстім. Кенжебай ағай Тілеуғабыл болыстың немересі ғой. Тектілігін сездірді.

Әкем Мәдімәр мен ағам Әліштің үйімен екі үйіміз бар еді. Біз әуелі Мәдімәр салған үйде тұрған едік. Біздің ауылға шешен халқы көп қоныстанған. Мәдімәр үйі ауылдың ең шеткі көшесінің сыртында болатын. Біздің отбасы бардам болған соң «шешендер бір түнде қырып кетеді» деп нағашым Сүлейман Әлештің үйіне бізді қоныстандырды. Бұл көшенің ішкі жағына салынған екен. Біз Әлештің үйіне қалай көштік, солай әкем Мәдімәр үйін Үмбетқұл құзғын сыртымыздан бір қара сиырға сатып, оны Абаш дегенге беріп жіберді. Жесір әйел, жетім балаға кім өктемдік көрсетпейді дейсің. Қарау, қараниет адамның бәрі басынады екен. Біздің үйдің қойларын тартып алғанын айтпағанда, түйе, аттарымызды сыртымыздан шаруасына жұмсағандар қаншама болды деесізіші. Бұл кез ауылда күш-көліктің қат кезі болатын. Әуелім менің өзімнен мініп жүрген түйе, атымды тартып алып, өз шаруасына көрнеу жұмсағанын қайтесің. Соның бірін нақты айтар болсам шешен халқының көбісі қарау, зорлықшыл болады екен. Менің мал бағып, мініп жүрген қара інген түйемді Моди деген шешен тартып алып, айдап қойған 0,25 га жерін кешке дейін өңдеді. Мен 9-10 шамасындағы жастамын ғой, құр жылаумен болдым. Міне, мұндай қиянаттың талайын басымнан өткіздім. Жетімдіктің әсерінен зорлықшыл, қарау адамдарға қор болған қайран өмірім-ай десесі.

*19.08.2009 жыл*

\* \* \*

Бұл өмір қызық. Құпиясы таусылмақ емес. Кейде ойға шомып отырып өтіп кеткен оқиғалардың әрқайсысын еске түсіріп, уағында баға бермеген сәттер қызығына енді ойланып-толғанатын кезімді жиілететін болдым. Соның кейбіреуіне толқталғанды жөн санадым.

Мен көп жыл тұрған Көлқұдық ауылында жарық беретін движоктың жүргізушісі құтаймай қойды. Қаншама моторист келсе де бір күн жарық берсе, көп күн жарық бермейтіні әдетке айналды. Осындай себеппен бұрынғы мотористі жұмысынан босаттырп, өзімнің туысым Уэтайұлы Сайлауды жұмысқа тұрғыздырдым да Көлқұдыққа көшіртіп алдым. Өйткені оның әкесі Уэтай марқұмның менің жетім күнімде ептеп қол ұшын бергені ойымда еді. Сонысын ескеріп, Сайлау үйленгенде боталайын деп тұрған түйе де бергем. Басқа көмегімді аяған емеспін.

Енді Сайлаудың нәсібіне өзі жарық беретін моторист мейман күтетін қонақ үйдің меңгерушісі, тағы штабтың үйлерін ақтап-сөктеп жөңдейтін жұмысшысы болса, әйелі адам санитаркасы болып, төрт жұмыстың жалақысы бұйырды.

Алғаш бұрынғы моторист үйді босатқанша отбасымен біздің үйде тұрды. Бір күні әйелі екеуі түнеуге қонақ үйге кеткен болатын. Сөйтсе кішкентай көр тышқанды көріп, Сайлау қонақ үйдің пешінің үстіне қарғып шыққанда басын үйдің төбесіне ұрып, жарақаттап алышты. Бойы екі метрге жуық.

- Мұның не, жігіт адам да көр тышқаннан қорқа ма? – дедім.

- Елки-палки, тышқан балағымнан кіріп кетсе қайтемін, - дегені.

Көршіміз Ошан дегеннің бір тауық қоразы Сайлауды көрсе болды тұра кеп қуады. Ол да сораңдап тұра қашады. Онысына ел-жұрт күлумен болады. Оған Сайлау намыстанбайды.

- Қораздан да адам қаша ма, неге ұрып жібермейсің? – деймін.

- Елки-палки, басыма ұшып кеп шұқиын деп жүр, қалай қорықпаймын, - дейді. Ошанның кемпіріне сатшы деп жалынып, 10 сом беріп (ескі ақша) түнде қонақтап отырған қоразды ұстап алып, сойып құтылды.

Төрт-бес жұмыстың жалақысын алса да тұрмысын көтере алмады. Мен үш аяқты ИЖ мотоциклдің су жанасын әкеліп, көп жылға қарызға бердім. Мал өсір. Кен жерде отырсын, деп те жағдай жасадым. Бірақ шаруасын шарықтатып, тұрмысын түзей алмады. Бір тана бітіп еді, «Өкіреді» деп көлдің басына атып тастады.

Сайлау тек қана штабтың үйлерін жарықсыз қалдырған емес.



Движокты жүргізуге дындай болып, күндіз-түні жарық беріп тұрды. Кейбір адам осындай да болады екен.

*20.08.2009 жыл*

\* \* \*

Шу ауданының имамына барып: «Бұрын осы құранның 114 сүрелерінің барлық аяттарын екі мәрте оқып, танысқанмын. Үшінші рет әкем Мәдімәрға құранның 114 сүрелерінің барлық аяттарын оқып, құран бағыштадым. Тағы Рамазан айының 28.08. – 07.09.2009 жылы ораза күндері әйелім Зәбирамның әкесі Нарымбекке бағыштап, құранның 114 сүрелерінің барлық аяттарын аударып (құран түсіріп) бітірдім. Осы құран аударуға байланысты қандай жолдары бар? Соның шариғатын түзеңіз. Бұл менің Құранды төртінші мәрте түгел оқып бітіруім. Әрі құран бүкіл әлемге тән үгіт (12 с. 104 А). «Бұл құран бүкіл әлем үшін бір насихат» (39 с. 87 А). Бұл құран жетекші (45 с. 11 А). Негізінен осы құран ең тура жолға бастайды (17 с. 9 А). Міне, осындай құран сөзіне орай осы құран сүрелерінің аяттарын алып, өз шығармаларымның арасына мақал, мәтел ретінде оқырман қауымға үлгі етіп ұсынсам бола ма?» - деп сұрадым.

«Сіздің бұл ұсынысыңыз өте орынды. Басқа дін жолына берілгендердің ұқыпты-ұқыпсызын сөз етпегенде, мен білетін бір адам Құран кітаптағы аяттардың жартысын жатқа білетін болып шықты. Бірақ оның Құран сөзінің түпкі мағынасын біле бермейтіні өкіндіреді. Ал сіз болсаңыз шығармаңыздың желісіне қарай құран сөзін кіргізіп, жетекші етіп, насихаттап, тура жолға бастайтынын үлгі ретінде оқырман қауымға ұсынуыңыз орынды», - деп құптады имам.

*09.09.2009 жыл*

\* \* \*

Менің Алматы «Раритет» баспасынан 2009 жылы «Көлқұдық» атты кітабым жарық көрді. Сонда «Аша елі» повеснің жазылу жайынан дегенде Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» кітабындағы «Шоқай болыс» деген тақырыптағы кейіпкер Секердің інісі Бүйембай қарақшының өлеңі бар. Баласы Әбиір Бүйембайға «Жасың жетпіске келді. енді ұрлығыңды қой» деп 78

жол өлең айтады. Әкесі Бүйембай да акын екен. 108 жол өлеңмен жауап қайтаралды. Сонда Бүйембай Арғын елі мен Кенесарыға ауыр сөздер айтқан. Мен соны тіл тигізген жерін кітапқа жеңілдетіп өзгертіп беріп, авторға ептеп қиянат жасадым. Өйткені Арғын елі мен Кенесарыны сыйлауым еді. Осымды кейін мені зерттейтіндер бола қалса «неге өтірік жазған» демес үшін соны күнделікке көрсетіп отырмын. Өлеңдегі қаншасыншы жолдардан өзгерткенім мына төмендегі:

7 жол: «Арғыннан сөйтін ептеп мал жемесек» дегенін «Басқадан сөйтін ептеп мал жемесек» деп өзгерттім.

24 жол: «Арғынның елін шауып көп алып ек» дегенін «Басқаның елін шауып көп алып ек» деп өзгерттім.

25 жол: «Арғын түгіл би болды сныр құттық» дегенін «Олар түгіл би болды сныр құттық» деп өзгерттім.

27 жол: «Әуелі біздің елді арғын шапқан» дегенін «Әуелі біздің елді солар шапқан» деп өзгерттім.

30 жол: «Арғынды осылайша құдай атқан» дегенін «Оларды осылайша құдай атқан» деп өзгерттім.

31 жол: «Ел шапқан Кенесары кегім жатыр» дегенін «Ел шапқан оларда кегім жатыр» деп өзгерттім.

35 жол: «Арғыннан ұл боп тусан кек қайыр деп» дегенін «Олардан ұл боп тусан кек қайыр деп» деп өзгерттім.

45 жол: «Арғыннан сөйтіп жүріп өліп кетсең» дегенін «Олардан сөйтіп жүріп өліп кетсең» деп өзгерттім.

47 жол: «Қорқады қырғыз, арғын дабысымнан» дегенін «Қорқады қырғыз, басқа дабысымнан» деп өзгерттім.

Мен өзімнің жазғандарымның артық-кеміне жауапты екенімді естен шығармай, оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

*19.10.2009 жыл*

\* \* \*

Менің балаларымның бәрі сыртта да, тек Ниязбек қана ауылда. Сондықтан олармен беделім мен өмір бойы жиған-терген еңбегімнің игілігін көруде. Әрбір әке-шешенің міндеті - әр баласын тәрбиелеп өсіріп, оқытып, үйлендіріп, өзінің құтты қонысына қондыру болса, өз тізгініне езі не болған кейінгі оған жасаған әке-шешесінің еңбегі

де балаларына сатулы емес қой. Сырттағы балаларымның «осы жүрген жүрісіміздің өзі әке-шешеміздің арқасы» деген жай сөзіне, еңбегінді елегеніне марқайып қаламыз.

Атап айтқанда, қолдағы бала болған соң мал, үш үй, қоралар, 700 гектар жер, екі Беларусь, бір ДТ-16, соқа, шөп шапқыш, тракторды тіркемесімен, тағы басқаларды пайдаланып жүрді. Қазір ДТ-16 трактордан басқасын сатқанбыз.

Енді менің өмір бойы жиған 3-4 тіркеме боларлық құрылыс ағаштар, рельстер, трубалар, швейлерлер – міне, осылардың неше трімен тағы толып жатқан құрылысқа жарайтын ауыр темірлер де болды. Бұған қоса осы техникалардың бөлшек заттарымен сельхозтехника да жер өңдейтіндер болды. Бұлардың бәрін жолдас-жоралардың арқасында заңды иелендім. Бірін де ұрлап алған емеспін. Бұрын 10 жыл ГАЗ-69 машина болған. Көбісін сонымен тасығам. 2008 жылы аудан орталығынан үй тұрғызып, Әусқан рельс, швейлерлер мен трубаларды өзі әкеліп берген. Сол жылы бітіріп, кіріп алды Ниязбек. Сонда жоғарыда айтқан құрылыс заттарға қоса 10-15 метрлік екі қабат қораларды бұзып, 10 мыңнан аса шикі кірпішімен құрылыс заттарын үйге жұмсадық. Әлі содан артылған ағаштар, рельс, труба, швейлерлер тағы құрылыстық заттар толып жатыр.

Осы ауыр заттарды жиямын деп нығымды да шығарып алдым. Бұрын «не керегі бар» деген заттардың бәрі қазір Ниязбекке керек болды. 3-4 тіркеме ағашым өртеніп те кетті ғой. Енді осыны баяндап, қысқаша жазуыма 03.11.2009 жылы күнделікке темір өткіздім, 160450 теңге болды деуім ой тұғызып отыр. Өмір бойы жинаған техниканың бөлшек заттарын, ұры ұрлағаннан, Ниязбек көріпгенге бергенінен қалғанын металлалом ретінде 10 тоннаға жететіндей 160450 теңгеге өткізіп тындым. Техникаға жарайтын бөлшек заттар болса да лаж жоқ, металлалом ретінде арзан бағаға бердім. Әлі де бөлшек заттар бар. Мен өзімнің және балаларымның «ақырын бер» деп, өне бойы Алладан тілеу тілеп отырамын. Ал өмір бойы жиған-терген еңбегімді пайдаланып отырды. Соған Ниязбектің ұқыпсыз екенінен қауіптенемін. Өйткені «Ниет көшбасшы», «Әке балаға сыншы» деген сөздер бар ғой. Соған орай Ниязбектің «ақыры болса екен» деген күдік туып, Алла ақырын берсе екен деп тілеу тілеймін.

*12.11.2009 жыл*

## БЕСІНШІ КҮНДЕЛІК

«Егемен Қазақстан» газетінен (22-23-25-26.09.2009 жыл) Немет Келімбетовтың «Күншілдік» деген шығармасын оқып тауыстым. Өмірдің нешебір қатысы жерінен тамаша ой қозғап жазған. «Әйелін шын сүйген жігіт оны ұдайы қызғанады, ар-ожданын қорғайды, әйтпесе сүйіспеншіліктің несі қызық, несі қымбат». «Әйелін қызғанбаған еркек, менің ойымша, еркек емес. Тіпті өз үйіріндегі жылқыларды сол үйірдің қожасы – айғыры да қызғанады ғой». Бақытты болу бір бөлек, оны сезіне білу – екінші бөлек нәрсе. «Күншілдік – таланттыларды (дарындыларды) бір-бірінен теңестеріп қоятын күш, зиян күш. «Өз білгені, өз түсінгені, өз құпиясы бар адам ғана өзгелерден өзгеше өзіндік бейнесі бар дербес адам саналады».

*21.11.2009 ж.*

\* \* \*

Мен өлімді көп ойлаймын. Өйткені менің қатарларымның бәрі кетті. Мен жалғыз қалдым. Оның үстіне өзіме қарасты атаның ең үлкені менмін. Мені жалғыздық жегідей жейді.

\* \* \*

Тұңғыш шөберем Жанияға арнап өлең жаздым.

*30.11.2009 ж.*

\* \* \*

Мен поэзия, проза не болмаса басқа жанр болсын солардың ешқайсысынан талантты емеспін. «Құштарлықсыз даналық жоқ» - депті Теодор Момизен. Мені осы шатпақтарға қол жеткізіп жүрген – құштарлық.

\* \* \*

Абайдың бір сөзін әлі қабылдай алмай келемін. Ол мәселе істің қалай біткенінде емес, қалай басталғанында деген сөзі. Ал мен ойлаймын жақсы бітпесе, ол неғылған бастама деп. Қадыр Мырза-Әлі («Қазақ әдебиеті» газеті, №49 (3160), 20-26 қараша, жұма 2009 жыл) ой толғайды.

*06.12.2009 жыл*

\* \* \*

Швейцариядан Мұратбек телефон шалып, Зәбира екеуміздің отау құрғанымызға 50 жыл толуымен құттықтады.

*12.12.2009 жыл*

\* \* \*

Бүгін Зәбира екеуміздің шаңырақ көтергенімізге 50 жыл толды. Сондай айтулы күнмен Галя, Назарбек-Ұлбала, Әлия-Мәрлен, Дания-Талғат, Әсия-Серік телефон шалып құттықтады.

Галя мен Мұратбек келер жылы алтын той жасаймыз деп жоспар құрып, соған кімдерді шақырамыз деп Аидаға тізім тіздірді.

Біз Зәбира екеуіміз «кезінде күміс той, 60 жылдық той жасадыңдар, сендерге рахмет, алтын той жасамай-ақ қойыңдар» дегенімізге көнбеді балалар.

*13.12.2009 жыл*

\* \* \*

Зәбира екеуміз Жиенбеттегі үйге келдік.

Менің шығармаларымды демек, түсімдегі «Жолбарыс», «Көлқұдық» кітаптарымның қаражатын көтерген тек Галя мен Мұратбек қана. Ал 16.09.2009 «Раритет» баспасына жанадан өткізген «Аша елі» кітапты тек Галя шығынын «мен көтеремін» деп қаражатын сол берді. Швейцариядан Мұратбек кітап шығынына қаражат жіберемін деп хабарлағанына Галя қарсылық білдірді.

*18.12.2009 жыл*

\* \* \*

Бұрынғы карттар ағайын, ауыл, ел арасы болсын ортақ іске жұмылып қолдаса үлес қосып отыратын. Қазір сол ынтымақ сиреп барады. «Қара тоған» солай қазылған.

\* \* \*

Сабыр құда үйіне Зәбира екеуімізді тамаққа шақырды. Бұрын менің «Көлқұдық» атты кітабымды мақтағанын Назарбектен естігем. Кітапты қайта сөз қылып: «Талай кітап оқып жүрмін. Көбісі түсініксіз. Сіздің кітабыңыздағы оқиғалар түсінікті, анық болған соң әйелім де оқып, таң қалады» - деді Сабыр.

*24.12.2009 жыл*

\* \* \*

Басым айналып, тілім құрғап, асказаным ауырып мазам болмаған соң, әрі намаз оқығанда құран сөзіне тілімді сындыра алмағандықтан бүгін жұма күні намаз оқығанды тоқтатып, тек Рамазан айында ғана (ораза күні) намаз оқыш ниет етейін дедім. Алла кешірсін.

*25.12.2009 жыл.*

\* \* \*

Бүгін өткелі тұрған 2009 жылдың соңғы күні. Бұл жылда басымыз аман, шаруашылығымыз ойдағыдай, мақсатымыз орналып келетініне шүкіршілік етемін. Отан тыныш, ел-жұрт аман, қарқын алып халқымыздың басы да, экономикасы да өсіп келеді. Алланың мұнысына тәуба.

*31.12.2009 жыл.*

\* \* \*

Жаңа жылды Галяның үйінде Назарбек-Ұлбала, Аида-Қуаныш бәріміз қарсы алдық.

*31.12.2009 жыл.*

\* \* \*

«Раритет» баспасындағы олар кітапқа дайындаған «Аша елі» кітаптың жартысын алып келіп оқыдым. Ойдағыдай дайындапты.

*12.01.2010 жыл.*

\* \* \*

Галяның бұрынғы кітаптардың жарыққа шығуына берген қаражатын айтпағанда «Аша елі» кітаптың өзіне 300 мың теңгеден аса беріп, өзі алтындарын өткізіп күнін көруі, маған деген сұмдық қамқорлығы болса, ниетінін өте кең екенін сезінесің.

Бүгін «Раритет» баспасына барып «Аша елі» кітаптың жарыққа шығару қаражатының қалған 120 мың теңгесін өткіздім.

*01.02.2010 жыл.*

\* \* \*

«Болашаққа хат» атты қолжазбамды қайта қарау үстіндемін. Жуалы ауданынан келінім Толғанай Шу ауданындағы Ниязбектің үйіне келгенін хабарлады.

*02.02.2010 жыл.*

\* \* \*

«Даладағы шаруа қуған өмір біркелкі бірім-екі, екім-үш баласының соңында. Түптеп келген дала өмірі (егіншілік шаруа мен малшылығын өсіргенмен ойын өсіруі екіталай) ілуде болмаса. Менің даладағы елу жылға жуық өмірім солай өтті».

\* \* \*

«Қазақ әдебиеті» 12-18 ақпан 2010 жыл №6(317) «Жазушы өз кемшілігін өзі көре ме» атты тақырыпта Әнес Сарай, Марал Ысқақбай, Дулат Исабеков, Молдахмет Қаназ, Эрнест Төреханов сынды жазушылар ой қозғағаны орынды. Бірақ біреуі де шығарманың «бір ұшы шын-ақиқатпен ұштасуы керек» демегеніне таңқалдым.

Сонда қалай болса солай шын-ақиқаттан аттап өтіп, кездеспейтін іс-әрекеттен шығарманың ретін тауып құлпыртып, өмірде болмаған тіпті болмайтын оқиғаларды жазып, оқырман қауымын түк түсінбеске, сезімсізге бағалағанын ескермей ме деген ой келді маған.

*12.02.2010 жыл.*

Әбдіманаттың әйелі Толғанай мен баласы Арман келді.

*02.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Ниязбектің қырық жасқа толуына құттықтап қайын жұрты түгел келіп отырыс болды. Біз Зәбира екеуіміз Әлияның үйіне барып қондық.

*03.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Толғанай мен Арман көшіп келемін деген соң Әбдіманаттың үйін және үйдің қағазын тағы басқа үй заттарына керектілердің бәрін берді Забира.

*04.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Мен жас уағымда өте тынымсыз тентек болыппын. Сонымды шешем марқұм Іздән:

- Ой шіркін-ай, Сәукентайымды (мені солай атайтын) отқа күйдірмей, суға ағызбай, кем-кетік қылмай сүйегімнің тындығынан бактым-ау дейтін.

Жатқан жері пейіш болғыр. Адамның жас кезіндегі кейбір оқыс істері ұмытылмайды екен. Әкем қойшы «Балажайсан» жайлауында отырғанымызда 4-5 жастамын-ау деймін, тау етегіндегі есек құсап қалқайып тұрған жұқалау тасты ат қып мініп ойнайтынмын. Бір күні сол тасты мініп ойнап отырғанымда құлап, бір аяғым астында қалды. Жылаған даусымды естіп жүгіріп келіп шешем Іздән бар пәренімен тасты көтеріп мені астынан жұлып алды. «Ойпырмай қандай құдірет маған сонша күш бергенін де өзім сезбей қалдым» деуші еді кайран марқұм шешем.

*05.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Әкем Мәдімәр қойшы болып жүргенде өне бойы 4-5 түйемен көшетінбіз. Менің тынымсыз екенім сондай. жүк артып тізбектеліп келе жатқан түйенің ең алдыңғысының бидасын төмен басамын да қарғадай боп басына мінім. басын көтергенде өрмелеп үстіндегі жүкке шығамын. Енді оған артқан кереге, уық, кебеже сияқтылардан ұстап төмендеп жерге секіріп түсемін. Келесі түйелерді де осы әдіспен адақтап соңына шығамын. Қазір ойласам сол кездің түйелері өте жуас әрі теппейді-ау деймін. Жануарлар бәрі әбден жұмыс басты болып кеткен ғой.

*13.03.2010*



\* \* \*

Соғыста құрбан болған Әлештің Раушан деген қызы шешем Іздәннің қолында болатын. Соны басқа елге тұрмыс құрып кеткен Әлештің әйелі Қадиша қызын үш-төрт адаммен келіп тартып әкеткен. Бір жолы біз көшіп келе жатып әкем Мәдімәр ауырып, жүк артқан түйенің үстінде жатқан болатын. Ол кезде түйенің үстіне жүкті кең даладай жайдық, үш-төрт адам бала-шағасымен отыруға ыңғайлы қып артатын. Қазір ойласам Төле биден Жиенбет ауылына қарай баратын су ағатын каналдан өткен жер сияқты. Осы жердегі жол салып, топырақ төсеп жатқан үш-төрт әйелдің бірі маған Қадиша болып көрінді. Жүк артқан түйеге мініп-түсу маған сөз емес қой. Көліктен секіріп түсе салып біраз жер қалып қойған әлгілерге жүгіріп барсам мен Қадиша деп танығаным басқа әйел болып шықты. Бұған дейін көшіміз талай жер ұзап кетсе де соған жүгіре қуып жетіп түйеме мініп алдым. Бұл ісімді шешем Іздән, не ауырып жатқан әкем Мәдімәр білген жоқ. Білсе көшті тоқтатып мені күтер еді ғой. Қазір ойласам мен не деген тынымсыз өлермен едім. Мен 01.10.1940 жылы туылсам, әкем Мәдімәр 1945 жылының жазында қайтыс болған ғой. Сонда мен 4-5 жасымдағы әрбір ісіме таңғаламын бүгін. Жатқан жерлері торқа болсын әке-шешемнің, Әумин.

\* \* \*

Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим. Таңғы сағат 4-ің 50 минутында ұшақпен Швейцарияға Зәбира екеуіміз жол тартып келеміз. 7 сағат жол жүрді. Сағат 12-де ұшақ Түркияның Стамбул қаласына келіп қонды. 14.50 минутына дейін осы қаланы араладық та, қайта ұшаққа отырып, Швейцарияға жолға шықтық. Стамбул мен Швейцарияның арасындағы тау көрінісіні ұшақ ішінен көріп таңғалдық.

Швейцарияның Женева қаласына сағат 4-тен ұшақ сағат 6-да қонды. (біздің уақыт пен ол жердің уақытында айырма бар) Бізді Мұратбек күтіп алды.

Айналайын баласынан. Қаладағы үйі де тамаша екен. Әлия, немерелерім Ниетжан мен Төржан қуана қарсы алды. Женевадағы үйі 3 бөлмелі тамаша, ауасы таза екен.

*18.03.2010 жыл*

\* \* \*

Швейцариядағы Мұратбектің үйіне алғашқы күні түнеп, жақсы демалып шықтық.

*19.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Зәбира, Мұратбек, Әлия мен төртеуіміз Женева қаласын қыдырып араладық. Сон-Серк-Швейцария, тағы тау үңгірі – «Юра»-ны аралап көрдік.

*20.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Швейцарияның – «Монтре». Лозанна тағы басқа толып жатқан жерін Зәбира, Мұратбек, Әлия, Ниетжан, Тоғжан және мен аралап көрнекті жерлерін көріп, суретке түстік.

*21.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Францияның – Аннесси қаласын, өзен, Альпы тауын, тағы басқа толып жатқан көрнекті мәдени орындарын мен, Зәбира, Мұратбек, Әлия, Тоғжан, Ниетжан бәріміз аралап, көп суретке түстік.

*28.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Женева қаласының «Икса» деген елді мекенін аралап, дүкендерін көріп, аяқ киім тағы басқа Зәбира екеуімізге заттар сатып әперді Мұратбек пен Әлия.

*03.04.2010 жыл.*

\* \* \*

Демек, қорыта айтқанда «Швейцариядағы 35 тәулік сапарда» деген көлемді шығарма жазбаққа Швейцарияның тарихи деректерін Мұратбекке алдырдым.

Осы 35 күнде, күнде Мұратбек бізді қыдыртып, барлық ерекше жерлерін көрсетті.

Сол үшін 18.03.-22.04.2010 жылғы күндерінің аралығында

аралаған жерлердің деректерін Мұратбекке алдыртып жинап жүрдім.

*18.03.2010 жыл.*

\* \* \*

Швейцарияның – Орба өзені – туннель, Брауниевенг герцогының күмбезі, Ботанический сад араладык. «Ньюшатель» деген елді мекеннен Мұратбек машина алды, нөмірі КФ-31-147.

Мұратбек Швейцарияның орысша жазылған тарихи нақты деректерін әкеліп берді маған. Мен мұны қазақшаға аудартып, «Швейцариядағы 18.03.2010 жыл – 22.04.2010 жыл демек 35 тәулік сапарда» деген көлемді шығарма жазбаққа алдырдым.

*21.04.2010 жыл.*

\* \* \*

Ұшақтың өз ерекшелігі болады екен. Жолаушылар - бірінші класс, екінші класс деп екіге бөлініп отырады екен. Бірінші класстың тамағы тәуір әрі қалаған тамағынды да. ішімдіктен де береді екен. Бағасы да екінші класстан екі есе артық. Зәбира екеуіміз Швейцарияға барғанда екінші классты орындыққа отырып барғанбыз. Қайтарда бірінші класстық орындыққа отырғызып. Мұратбек бізді шығарып салды бәрі отбасымен, баласынан айналайын.

Швейцарияның сағатымен бүгінгі күндізгі 11-де Женевадан ұшаққа отырып 2,5 сағат жол жүріп, Түркияның Стамбул қаласына қонды. Сол жердің уақытымен түнгі сағат 11-де ұшаққа қайта отырып, Қазақстанға жол тарттық.

Сонда ұшақ ішінде бізге не ішесің деп. стюардесса қыз тиісті тамақ түрінің тізбе қағазын берді. Біз не қағазды оқи алмаймыз, не сөйлесе алмай қойдық. Басқа тілде жазылған тағам түрін оқи алмаймыз, не тілін түсінбеген қорлық екен. Әйтеуір берген тамағы мен сусын ішіп қанағат қылдық.

«Швейцарияның Женева қаласынан ұшақтың екінші класс орындығында қырғыздың 1 еркек, 2 әйелі және біз Зәбира екеуіміз бірінші класс орындығына отырып. Түркияның Стамбул

қаласындағы әуежайға келіп түстік. Сол әуежайда отырғанда біздің қазақ екенімізді сезген қырғыздың еркегі:

- Сенің президентің, біздің өз халқына өзі оқ атқан қанышпер президент Құрманбек Бәкиевты қашыртып жіберді» - дегені.

- Сіз олай деменіз, қайта ереуілді, ұрыс-қақтығысты ұшықтырмай, бәсеңдетті, - дедім. Ол тағы бірдеме айтайын деп еді, Зәбира маған жүр, оның сөзі құрысын, ол нашар адам айдаладағы Стамбул қаласында осындай сөз айта ма деді. Содан соң оның қасынан кетіп, басқа орындыққа барып отырдық.

\* \* \*

Сонымен ертенгісін сағат 8-де Алматыға қонған ұшақтан бізді Назарбек пен Ұлбала күтіп алды да Галяның үйіне әкелді.

Түс қайта Рысбек құда маған көлік жіберіп соның үйіндегі құдаға бару жайлы ақылдасар жиынына мен өзім ғана қатыстым. Зәбира шаршағандықтан бара алмады.

*23.04.2010 жыл.*

\* \* \*

Айналайын Мұратбегімнің пейілі кең ғой. «Алла да пейіліне қарай береді» деген сөз бар. Мұратбек мені сыйлайтын жора-жолдастарыма да сыйлық беріп жіберген. Соның бірі Умәлс Асатовқа да Швейцариядан сағат беріп жіберген болатын, соны апарып, Мәлстің қолына тағып риза еттім.

Аудандық «Шу өңірі» газетінің жауапты хатшысы Еңлік Бұралқиева деген қызға да құнды әтір беріп жіберген. Оған да сәлемдеме сыйлығын беріп, ризалығын алдым.

Мұратбектің Швейцариядан басқаларға да жіберген сәлемдеме сыйлығы көп болатын. Соны Алматыдан бастап ауыл-ауылдағы тиісті адамдарға әлі тарату үстінде болдық. Бәрі рахметін айтып, риза болып жатыр.

*04.05.2010 жыл.*

\* \* \*

Шолпанқұл ағамыздың марқұм болған 20 жылдығына балалары құдайы тамақ берді. Марқұм атынан балалары 50 мың теңге шығарып, футбол ойынын өткізді.

Бейбітбай-Исақұл біздің үйге келіп, біраз өткен-кеткен әңгімелерді ойға түсірдік. Олардан менің «Аша елі» кітабым туралы облыстық «Ақ жол» газетіне жақсы сын-пікір жазғанын естідім.

*08.05.2010 жыл.*

\* \* \*

1 – Қазіргі Шу ауданын бұрын «Аша елі» немесе «Аша болыс» деп атаған. Ал қазіргі аудан орталығы «Новотроицк» ауылы болып тұрған жердің тарихи аты «Қазыққаққан». Мен Шу ауданының тарихын көп жыл зерттеп «Аша елі», «Көлқұдық» атты кітаптар жазғаным оқырман қауымға белгілі.

Енді тәуелсіз Қазақстан мемлекет болып тұрғанымызда «Новотроицк» дегенді өзгертіп бұрынғы жердің тарихи аты «Қазыққаққан» не «Аша» деп ат беріп, бір көшесін Секер батыр атымен атауды тиісті орынға ұсынғанмын.

Бұл «Көлқұдық» атты кітап 305 бет (Алматы «Раритет» 2009 ж.). «Тиісті орынға жазылған өтініштің түпнұсқасы» деген тақырыпта толық баяндалады. 04.05.1991 жылы жазылған. Бұл ұсынысым аяқсыз қалу түгілі, тиісті орындар өтініш-арызға жауап та берген жоқ. Кейін «Новотроицкіні» өзгертіп «Төле би» деп атағаны орынды болды. Бірақ Шу ауданының тарихына қатысы жоқтарға «Төле би» ауылынан көшеге ат беріп жатқанда осы жердің тарихи мәңгі аты Қазыққаққан мен Аша елінің басын қосып Аша болысын құрған Секер батыр атаусыз қалды.

*17.05.2010 жыл.*

**2 – Шу ауданының әкімі Б.Ж.Қараиолақовқа  
Жиенбет аулының тұрғыны Сауытбек Мәдімәрұлынан**

Өтініш-арыз

Менің өтініш-арыз беру себебім Шу ауданының құрылуының 80-жылдығына орай әрі төмендегі деректерге сай екі ұсынысым бар.

Біріншісі: «Түркістан-Сібір темір жолы құрылыстың тез және сапалы жүруіне РСФСР Халкомсовы жанына құрылған Түрксіб құрылысына жәрдемдесу комитеті (пред.Т.Рысқұлов) көп қызмет етті. Магистраль өтетін жол бойы революцияға дейін де зерттелген еді.

1927-28 жж. ол қайтадан зерттелді. Соңғы зерттеу барысында магистральдың бағыты өзгеріп, рельстік жолды қысқартуға, соның нәтижесінде бірнеше ондаған миллион сом қаржыны үнемдеуге мүмкіндік туды. Луговая-Фрунзе-Алматы арқылы өтетін Қордай бағыты орнына жол Шоқпар асуы арқылы жүріп 23 км қысқарды. Солтүстікке Лепсіге соқпай, Балқаш бағыты қабылданды, бұл жолды 78 км қысқартты» - деп жазған (Қазақ совет энциклопедиясы II том 227-бет). Осы деректерді келтірген себебім бүгінде бұл сан жетпес жүк тасымалы мен жол қатынасы үшін ұтымды жағын айтпағанда, Шу, Мойынқұм сияқты екі ауданның халқы күнделікті тіршілік қамымен мына жағы Алматыға, бір жағы Тараз қаласына қарай, үшіншісі Шу-Астана бағытына қарай қатынауда соның қаншама игілігін көріп отыр.

Егер бұрынғы өзгеріссіз темір жол салынып кеткенде, басқа азапты жерін айтпағанда мына Алматы мен Тараз қаласына қарай Луговой арқылы Астана мен Шуға әсіресе екі аудан халқының қатынауы қияметтің қияметі болар еді.

Шіркін Тұрар Рысқұлов туған халқының қамын алыстан терең ойлаған қандай көреген. Бұған біз де, бізден кейінгі ұрпақтар да қарыздар екенін ұмытпайық.

Сол үшін ересен еңбегін елеп, өзі темір жолды әкелген Шу вокзалына есімін беріп, тағы сол жерде Тұрар Рысқұловқа ескірткішін орнынан алып, вокзалдың алдына темір жолға қаратып көшіруін сұранамын.

Екінші: Шу ауданының түпкі тарихын 30 жылға жуық зерттеп, мен «Аша елі» (1994 ж.) кітап жазған болатынмын. Бүгінде соны қайта толықтырып жазғандықтан баспадан жақында қайта жарық көрді. Сонда осы Шу ауданын (бұрынғы аты Аша болысын құрған) сондағы елді ұйымдастырып құрған Секер батыр болатын.

Бұл ересен еңбегі «Аша елі» кітабында толық баяндалады. Сондықтан Төле би ауылынан бір көшеге Секер батыр есімін берілуін сұранамын.

Үшінші: Төле би ауыл жерінің бұрынғы аты «Қазыққаққан» болатын. Сондықтан Төле биден «Қазыққаққан» деп те бір көшеге ат берілсін.

Осы үш ұсынысымды жүзеге асыруды ұйымдастыруыңызды сұранамын. Сонда бабалар рухы риза болар еді.

*Жиенбет ауылы, Іздан көшесі, 7 үй тұрғыны  
Сауытбек Мәдімәрұлы.  
03.08.2009 ж.*

\* \* \*

*Шу ауданы, Жиенбет ауылы, Іздан көшесі №7 үй  
Мәдімәров Сауытбекке*

Сіздің 2009 жылғы 3 тамыздағы №М-70 берілген өтінішіңізге байланысты төмендегіні хабарлаймыз:

Қазақстан Республикасында 2009 жылдың ақпан, наурыз айларында өткізілген кезекті «Халық санағынын» нақты қорытындысы шыққанға дейін елді мекендерге көшелердің атаулары өзгертуге мораторий қойылған болатын.

Осыған байланысты Сіздің өтінішіңізді қанағаттандыруға мүмкіндік жоқ.

*Төле би ауылдық округінің әкімі*

*Қ.Баєтов*

*С.Мадимәровқа*  
*Шу ауданы, Жиенбет ауылы, Іздан көшесі 7*

Сіздің аудан әкімінің қабылдауында болып, көтерген мәселеніз бойынша төмендегіні хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасында көшелердің, елді мекендердің, нысандардың атауларын өзгертуге байланысты белгісіз мерзімге дейін мараторий жарияланып отыр.

Осыған орай, Сіздің Шу темір жол вокзалын Т.Рысқұлов пен Төле би ауылының бір көшесін Секер батырдың есімімен қайта атау туралы өтінішіңіз жоғарыда аталған мораторийдің уақыты біткенге дейін қаралмайтындығын хабарлаймыз.

Т.Рысқұловқа арналған ескерткіш Шу қаласындағы Т.Рысқұлов атындағы алаңда 2006 жылдың 2 маусымында «ТүркСібтің» 75-жылдығына орай орнатылған.

*Аудан әкімінің орынбасары*

*А.Нәметқұлов*

*Аудан әкімінің аппараты*  
*Көшірмесі: С.Мадимәровқа*

*Шу ауданы, Жиенбет ауылы, Іздан көшесі 7*  
*2009 жылдың 3 тамызындағы №М-70 өтінішке*

Қазақстан Республикасы мемлекеттік хатшысының 2009 жылғы 15 қаңтардағы №32-2841 хатына орай, көшелердің, елді мекендердің, нысандардың атауларын өзгертуге байланысты белгісіз мерзімге дейін мараторий жарияланып отыр.

Осыған орай, Сіздің Шу темір жол вокзалын Т.Рысқұлов пен Төле би ауылының бір көшесін Секер батырдың есімімен қайта атау туралы өтінішіңіз жоғарыда аталған мораторийдің уақыты біткенге дейін қаралмайтындығын хабарлаймыз.

Т.Рысқұловқа арналған ескерткіш Шу қаласындағы Т.Рысқұлов атындағы алаңда 2006 жылдың 2 маусымында «ТүркСібтің» 75 жылдығына орай орнатылған.

*Аудан әкімдігі мәдениет және*  
*тілдерді дамыту бөлімінің бастығы*

*А.Есеналиев*



*Шу ауданының әкімі Қ.К.Жабағиевке  
Жиенбет ауылының тұрғыны Сауытбек Мәдімәрұлынан*

Өтініш-арыз

Менің өтініш-арыз беру себебім – Шу ауданының құрылуының 80 жылдығына орай әрі төмендегі деректерге сай үш ұсынысым бар.

Біріншісі: Түркістан-Сібір темір жол құрылысының тез және сапалы жүруіне РСФСР Халкомсовы жанынан құрылған Түрксіб құрылысына жәрдемдесу комитеті (пред.Т.Рысқұлов) көп қызмет етті. Магистраль өтетін жол бойы революцияға дейін де зерттелген еді.

1927-28жылдары ол қайтадан зерттелді. Соңғы зерттеу барысында магистральдың бағыты өзгеріп, рельстік жолды қысқартуға, соның нәтижесінде бірнеше ондаған миллион сом қаржыны үнемдеуге мүмкіндік туды. Луговой-Фрунзе-Алматы арқылы өтетін Қордай бағыты орнына жол Шоқпар асуы арқылы жүріп, 23 км қысқарды. Солтүстікке Лепсіге соқпай, Балқаш бағыты қабылданды. бұл жолды 78 км қысқартты деп жазған (Қазақ совет энциклопедиясы, II том, 227-бет). Осы деректерді келтірген себебім, бүгінде бұл сан жетпес жүк тасымалы мен жол қатынасы үшін ұтымды жағын айтпағанда, Шу, Мойынқұм сияқты екі ауданның халқы күнделікті тіршілік қамымен мына жағы Алматыға, бір жағы Тараз қаласына қарай, үшіншісі Шу-Астана бағытына қарай қатынауда соның қаншама игілігін көріп отыр.

Егер бұрынғы өзгеріссіз темір жол салынып кеткенде, басқа азатты жерін айтпағанда Алматы мен Тараз қаласына қарай Луговой арқылы Астана мен Шуға, әсіресе екі аудан халқының қатынауы қияметтің қияметі болар еді.

Шіркін, Тұрар Рысқұлов туған халқының қамын алыстан терең ойлаған қандай көреген. Бұған біз де, бізден кейінгі ұрпақтар да қарыздар екенін ұмытпайық.

Сол үшін ересен еңбегін елеп, өзі темір жолды әкелген Шу вокзалына есімін беріп, тағы сол жердегі Тұрар Рысқұловтың ескерткішін орнынан алып, вокзалдың алдына темір жолға қаратып көшіруін сұранамын.

Екінші: Шу ауданының түпкі тарихын 30 жылға жуық зерттеп мен «Аша елі» (1994ж.) деген кітап жазған болатынымын. Бүгінде соны қайта толықтырып жазғандықтан баспадан жақында қайта жарық көрді. Сонда осы Шу ауданын (бұрынғы аты Аша болысын құрған) сондағы елді ұйымдастырып құрған Секер батыр болатын. Бұл ересен еңбегі «Аша елі» атты кітапта толық баяндалады. Сондықтан Төле би ауылынан бір көшеге Секер батыр есімін беруін;

Үшінші: Төле би ауылы тұрған жердің бұрынғы аты «Қазыққаққан» болатын. Сондықтан Төле биден «Қазыққаққан» деп бір көшеге ат беруін сұранамын.

Осы үш ұсынысымды жүзеге асыруды ұйымдастыруыңызды сұранамын. Сонда бабалар рухы риза болар еді.

*Жиенбет ауылы, Іздән көшесі, 7 үй тұрғыны  
Сауытбек Мәдімарұлы.*

*Шу ауданы, Жиенбет ауылы, Іздән к-сі №7 үй  
С.Мәдімарұлына*

**Құрметті Сауытбек Мәдімарұлы!**

Шу ауданының 80 жылдық және Шу қаласының 50 жылдық мерейтойын өткізу қарсаңында ойыңызбен бөлісіп, хат жазғаныңызға алғысымды білдіре отырып Сізге төмендегіні хабарлаймын.

Шу қаласында 2006 жылы «ТүркСібтің» 75 жылдығына орай орнатылған мемлекет және қоғам қайраткері Т.Рысқұловтың ескерткішін темір жол стансаның алдына ауыстыру мақсатында аудан тұрғындарының пікірі зерттелуде.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы» №45 қаулысының 3.2 тармағының 1 тармақшасына сәйкес ат қою және оларды қайта атау туралы. олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы шешім қабылдау кезінде:

«Республикаға айрықша еңбегі сіңген және оның тарихына,

ғылымына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне елеулі үлес қосқан адам аттарын, сондай-ақ мемлекет пен қоғам қайраткерлерінің және әлем деңгейіндегі ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің есімдерін әрбір облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана үшін екіден (2) аспайтын және олардың қайтыс болғанына бес жыл толған жағдайда ғана беру» керектігі көрсетілген. Аталған қаулыға сәйкес Т.Рысқұловтың есімімен темір жол стансасын атау мүмкін емес. Себебі ауданның бес (5) елді мекеніндегі көше аттары мен Шу қаласы мен Тасөткел ауылындағы мектептер Т.Рысқұловтың есімімен аталады.

Бүгінгі күнде Абай ауылындағы бір көше Секер батырдың есімімен аталады. Ал, Сіздің Төле би ауылындағы екі көшені «Қазыққаққан» және Секер батыр есімдерімен қайта атау туралы ұсынысыңыз бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

*Аудан әкімінің орынбасары*

*Д.Усқұмбаева*

\* \* \*

Марксизм-ленинизмнің ілімімен дүние жүзіндегі жұмысшылар мен шаруалардың қамын ойлап тұнғыш рет бір жүйедегі социалистік мемлекет орнады.

Сол тұнғыш ұлы Кеңес Одағын В.И.Ленин, И.В.Сталин, Г.М.Маленков, Н.С.Хрущев, Л.И.Брежнев, Ю.В.Андропов, К.У.Черненко, М.С. Горбачев, Б.Ельцин басқарды. Бір жүйедегі мемлекетті әрқайсысы әртүрлі басқарды. Орынды-орынсыз жерлері де жетерлік болды. Әсіресе И.В.Сталин зиялы қауымды «Халық жауы» жеген жаламен апат қылса, талайлар құғын-сүргінге ұшырады.

Әсіресе, Н.С.Хрущевтен бастап бүгінгі күнге дейін бұрынғы өтіп кеткен Кеңес Одағын басқарғандарға сын айту (жамандау) өріс алды.

Тіпті «қайта құру» деп М.С.Горбачев Кеңес Одағының шаңырағын ортасына түсіріп тынды. Жалпы халық кімге сенерін білмей дал болды.

Ең соңында Борис Ельцин талай кірме отар республикаларға тәуелсіздік алып берді. Борис Ельцинге мың рахмет. Жатқан жері жаннатта болсын демекпін, марқұмның.

*19.05.2010 жыл.*

\* \* \*

Ал Қазақстан Республикасын И.Голощекин, М.И.Мирзоян, Н.А.Скворцов, Борков, Ж.А.Шаяхметов, П.К.Пономаренко, Л.И.Брежнев, Яковлев, Беляев, Юсупов, Д.Қонаев, Г.Колбин, Н.Ә.Назарбаев басқарды.

Н.Ә.Назарбаевқа дейін әрине басқарудың берік орныққан жүйесі жоғарғы бір орталыққа бағыну болса да әрқайсысы әртүрлі орынды-орынсыз басқарды.

Бұлардың ішінде әсіресе, И.Голощекин тұсында қазақ халқын ашаршылыққа ұшыратып 3/2 қырылып тынды. И.Голощекин қазақ халқына зиянынан басқа жақсылығы болған жоқ. Бұлардан тек Дінмұхамед Қонаев қана қазақ халқын барлық жағынан көркейтуге үлкен үлес қосқаны тарихтан белгілі.

Ал Н.Ә.Назарбаев Қазақ Республикасы өзінше отау тігіп тәуелсіздік алған соң жоғарғы жаққа жалтақтамай басқарып келеді. Демек, қазақ республикасының қазіргі жағдайымен болашақ болмысына тек өзі жауапты екенін тарих көрсетеді.

*25.05.2010 жыл.*

\* \* \*

Жиенім Ғалымның баласы үйленіп, соның үлкен тойы болды. Мен бірінші сөйлеп, ақ тілек айтып, бата бердім.

*22.05.2010 жыл.*

\* \* \*

«Жиенбет» ауылындағы мешітке марқұм Мейрамбегімнің қатарлары марқұм болған қатарларына және жаннатта болсын құдайы тамақ берді. Мен баламның қатарларына рахмет айтып, бата бердім.

*24.05.2010 жыл.*

\* \* \*

1967 жылы мен Алматыда бір айға жуық болғаным бар. Сонда тұратын жолдасым екеуіміз анда-санда сондағы драма театрына кіріп, өнерін көріп жүрдік. Бұрынырақ барып, театр ауласында екеуіміз әңгіме-дүкен құрып отырамыз. Сол бір кездегі

жолсерігімнің бір сөзі бүгін ойыма түсіп отыр. Сонда: Топ ішіндегі үлде мен бүлдеге оралып, алдыңғы қатарда жайнандап келе жатқан егде әйел қасындағы ерлі-зайыптының әйелінің анасы. Ал ендігі топ ішінде соңын ала келе жатқан жұпыны киімді, жүзі пәс егде әйел қасындағы ерлі-байлының жігітінің анасы. Міне, ерлі-байлының қайсысының анасы екені осыдан-ақ белгілі» - деді. Ой сұмдық-ай деп, жолсерігімнің байқағыштығына аң-таң болдым. Сол кездері ерлі-зайыптылар да ұл қыз өсіріп, бүгін келінді болып, бұрын не істегені бастарына келген шығар. Өйткені, «бұрын не істесең, сол алдыңа шығады» деген ғой Бабыр.

*27.05.2010 жыл.*

\* \* \*

Нарымбек атай мен Тілеу марқұмдардың бейітінің басына барып құран оқыдым. Жәні жанатта болсын. Нарымбек атайдың 100 жылдығына орай былтыр 2009 жылы ескерткішті тастан суретімен орнатуға тиісті орынға сұраныс беріп, қаражатын төлеп қойған болатынмын. Сол дайын болған. Сол үшін ескерткішті орнататын орнына, цемент, күйген кірпіш, құм Г.Б. көлікке қаражат беріп осыларды дайында деп Тілеулеске табыстады.

Әрі Нарымбек атайдың жатқан орнын өлшеп, бұрынғы қоршауға берген сұранысым кіші екенін сездім.

*09.06.2010 жыл.*

\* \* \*

Шу қаласына Зәбира екеуіміз келіп, ескерткіш жасайтын тиісті орынға барып, Нарымбет атайдың мүрдесін қоршайтын темір шарбаққа қайта сұраныс беріп 3x3.5 метрлік қоршауға 22 мың теңге төледім.

Бұрын үлкен тасқа Нарымбет атайдың суретімен дайындап қойған болатын. Оның қаражатын былтыр 2009 жылы төлеп қойғам.

*12.06.2010 жыл.*

\* \* \*

Мен әкем Мәдімәрдың құдайдан тілеп сағынып көрген баласымын. Оған мен перзент ретінде ештеңе көрсете алмадым.

Әкемді көрген, бірге жүрген, сөйлескен адамдар да қалмады. Тек аудан орталығында тұратын Әдібас деген кісі бар еді.

- Сенің әкең Мәдімармен бірге болғамын, - дейтін кездескен кезде. Бүгін барып, оны іздеп, аудан орталығы Төле би ауылына барып, оны тауып, ертіп келіп, екеуіміз және Умәлс үшеуіміз суретке түстік.

- Әдеке, сіз менің әкеммен кездескенде не сөйлесетінсіз. Соны үйіңізге барып ойланып жазып беріңіз. Бүгін әкемді көргендер жоқ.

«Әкең өлсе өлсін, әкеннің көзін көрген өлмесін» деген, әкем Мәдімардың бүгін маған әр сөзі алтын, - дедім. - Мақұл, есімде қалғанын ойланып көрейін, - деді.

*21.06.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін «Мұхаммед Пайғамбар» атты кітапты оқып тауыстым. Енді «Құран кәрімді» балам Мейрамбек марқұмға арнап құран түсіріп оқи бастадым, жаны жанатта болсын. Аса қамқор ерекше мейрімді Алланың атымен бастаймын.

*24.06.2010 жыл.*

\* \* \*

Біз Жиенбет ауылына көшіп келіп, мен І-ші сыныпты оқып жүргенде қойларымызды қосып қойған Керімбай дейтін қолхоздың қойшысы «Шәйтанды ой» дейтін жердің арғы жағында тұратын. Соған анам малды біліп келуге жұмсады. Ауылдан 5-6 шақырымдай қашық. Бұрын Бибат деген үлкен қызға ілесіп барып, жолын көргем. Кейін жалғыз өзім барып, шешем Іздан айтқан сәлемін жеткізіп, кейін қайттым. Жол борпылдақ арба жол. Сол жолмен келе жатып анандай жерден кішілеу жыланды көріп, соны өлтірмекке қолымдағы таяғыммен ұмтыла бергенім сол еді, менен бұрын жылан жиырылып-жиырылып маған қарай қарғып ұша топ ете түсіп борпылдақ жолдың шанын бұрқ еткізді. Маған жетпей қалды. Енді тағы қарғып ұшқанша мен қашып үлгердім. Артыма қарай-қарай қашқанда жыланның үш-төрт мәрте қарғып ұшып жолды бұрқ-бұрқ еткізген шанынан зәрем ұшып бар пәрменімен зытып жүрсем, мына жағымда да жылан бар екен. Оны тек көргенім

болмаса, маған ұмтылғанын, не өзінше ары қашқанын байқауға дөт шыдамады. Тек қана бар жүгірісіммен зыта бердім. Мен бұған дейін қашқан емеспін, керісінше талай жылан өлтіргенмін. Мен осыны біреулерге айтсам, ұшатын жылан ордасына кез келгенсің, Алла сені одан сақтапты, дейді. Ой сұмдық-ай, осы қорқынышты оқиға әлі көз алдымнан кетпейді. Сол жерді неге «Шәйтанды ой» деп атады екен деген ой туады.

27.06.2010 жыл.

\* \* \*

Ниязбек үй тұрғызамын деп, біраз құрылыс заттарын Жиенбет ауылындағы үйдің қасына жинаған болатын. Оған барлық бала-қыздарым аудан орталығы Төле би ауылынан үй салсын, ары-бері қатынауға тиімді деп мені әрен дегенде көндірген.

Сонымен аудан орталығынан үй тұрғызғанда менің неше жылғы жинаған құрылыс заттарымды, неше күн тасыған құрылысшылар маған таңғалысты.

- Сіздің үйде жоқ нәрсе жоқ екен, бәрі бар. Мұның бәрін қайдан тапқаныңыз, қалай жинай бергенсіз, - деді өңкей 4 құрылысшылар.

Енді осыншама құрылыс заттар жаңадан тұрғызып жатқан үлкен үйге жетпейтін болғандықтан, есіктің алдындағы 10x16 метрлік екі қабатты (екі этажды) шикі кірпіштен салынған үлкен қораны бұзып, кірпішін, құрылыс заттарын алайын, - деді Ниязбек. Оған мен көнбей:

- Есіктің алды астан-кестең болып бұзылып, шашылып жатады. Мен о дүниеге сенің жаңа үлкен үйінен емес, өзім тұрғызған, сендердің бәрің осы үйде туып, осы үйде өстіңдер, өзімнің қарашанырағым, өз үйімнен шығамын, - деп көнбегенмін.

Оған бәрі жабылып, мені тағы көндірді:

- Онда қораны бұзып, құрылыс заттарын алғанда орнын жөндеп берсін, - дегенмін Ниязбекке, ол - мақұл деген болатын. Сол қораның орны бұзылып, астан-кестең болып жатқанына үш жыл болды. Шашылған орнын жөндейін демеуі. Керісінше, құрылыс заттар: ағаш, шатыр, рельс, швейлер труба тағы толып жатқан заттарды әлі жаңа тұрғызған үйіне тасуда.

Міне, бүгін сол бұзылған қораның шашылған құрылыс заттарын

реттеп, орнын жөндеп, соған тақалып 5x16 соғылған бастырманы жөндей бастадым.

Қазіргі мына өтпелі кездегі жұмыссыздық, қымбатшылық, жоқшылық сияқты толып жатқан қиын сәттің кедергісіне барлық бала-қыздарымның сүрінбей еркін жүруі әуелі Алланың сыйы болса, одан кейін осыған жағдай жасаған Зәбира екеуіміздің адал еңбегіміздің жемісінің игілігі екені белгілі. Қазіргі өте қиын кездің өзінде Мұратбегім үйге иеленсе, Назарбек пен Ниязбек үй салып алуы, сол біздің осыған жағдай жасап, саналы тәрбиелегеніміздің жемісі. Сол үшін Аллаға шүкіршілік етіп отыру әрқайсысының парызы.

*24.06.2010 жыл.*

\* \* \*

Бес күнде бұзылған қораның орны мен бастырманы бүгін жөндеп бітірдім. Бұған Зәбира риза болса, төңіректегі көршілер жалғыз өзім тап-тұянақтай етіп жөндегеніме таңқалысты.

*01.07.2010 жыл.*

\* \* \*

Ата-бабамыздың болашақ ұрпағына мәңгі мұраға қалдырған жерді сатса, қазақ еместерге біржотала берсе, не шекарадағы жерді дұрыс шекараластырмаса.

Тіл, салт-дәстүр дамымпай, аяқасты қалса.

Жердің асты-үстіндегі қазақ халқының байлығын қазақ еместерге беріп жіберсе.

Міне бұдан басқа толып жатқан жолсыздықтар ішінен, әсіресе осы үшеуіне жол берілсе, кім болса ол болсын - қазақ халқының нағыз жауы осылар.

(Мен мұны бұрында жазғанмын, бұл қайталуым).

\* \* \*

Қайын атам Нарымбектің тастан жасалған ескерткішін Ниязбектің көлігімен Көктеректегі мүрдесіне апардық. Тастан жасалған ескерткіш үлкен болғандықтан өте ауыр салмақты болып, әрең жеткіздік.

*12.07.2010 жыл.*



\* \* \*

Нарымбек атайдың мүрдесінің басына ескерткішті алты адам егтеп жүріп тұрғызып орнаттық. Марқұмның жәні жәнатта болып, Алла қабыл көрсін, Әумин.

*13.07.2010 жыл.*

\* \* \*

Нарымбек атайдың ескерткішін ашуға ауыл имамы бастаған адамдар төрт-бес көлікпен барып, лентасын қиып, жамылғыны ашып, тасқа түскен суретін өте жақсы екен деп маған ризашылығын білдірді.

Әруағына тағзым етіп, жанатта болсын деп имам құран бағыштады. Тастағы жазуды оқып:

«Ойындасыз еліңнің асып туған Нарымбек  
Күйеуі деп мені де құрметтейді қалың көп  
Әруағына бағыштап ескерткішті орнаттық

Қызың Зәбира, күйеу балаң Сауытбек», - деп кім жазған деді көпшілік. «Мен», - дедім. «Рахмет, жақсы жазылған, ескерткіш көрнекті етіп жақсы соғылған», - десті жұрт. Бұдан соң бәрі, тағы ауыл тұрғындары құдай тамаққа отырып, Нарымбек атайдың әруағына құран бағыштап Зәбира екеуімізге 4-5 адам кезек-кезек сөйлеп, рахмет айтысты. Атамыздың жаны жәнатта болсын.

*14.07.2010 жыл.*

\* \* \*

Қызы Зәбира «уағында әкеме не бұйырды, сол жетер» десе де болмай, сол Нарымбек атайдан көгеріп отырмын деп болмай ескерткішті орнатып тындым. Енді «өлім – қаратүнек емес, ол - жарық» дегенді Нарымбек атайдың рухына тілеймін. Әумин, Алла қабыл көрсін.

\* \* \*

Алматыдан Назарбек келіп Зәбира екеуіміздің отау құрғанымызға елу (50) жыл толуына байланысты алтын той жасаудың барысымен пікір алыстық.

*17.07.2010 жыл.*

## *Сауытбек Мәдімәров*

Сауытбек Мәдімәров 1940 жылы І қазанда Шу ауданы Жиенбет ауылында дүниеге келген. 1956 жылы орта мектепті бітірген.

1964 жылы сауда саласында сатушы болып қызмет атқарды. Кейін мәдениет бөліміне жұмысқа ауысады.

1980 жылдан бері «Социалистік Қазақстан» (Қазіргі «Егемен Қазақстан»), 1977 жылдан «Шу өңірі» газетінің штаттан тыс тілшісі.

Сәкең әдеби шығармашылықпен айналысып келді. 1983 жылы «Жыр бесігі» атты кітабы жарық көрді.

1994 жылы «Аша елі» прозалық шығармасы басылып шықты. Сондай-ақ «Түсімдегі жолбарыс», «Көлқұдық» - барлығы 5 кітабы жарық көрсе, енді «Болашаққа хат», «Күнделік», «Менің қарапайым өмірім» кітаптары баспаға басылуға дайын тұрған көрінеді.

Сәкең ағамыз 1959 жылы Зәбира жеңгемізбен шаңырақ көтеріп, 4 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірген мәуелі бәйтеректей өнегелі де, берекелі жанұя иелері.

Осындай ел қызығарлық, жұртқа үлгі боларлық отбасынан қанаттанып ұшқан ұл-қыздарының ішінде шаруа қожалығының басшысы да, ғылым қызметкері де, елшілікте істейтіні де, сот саласында да қызмет атқарып жүргендері бар екенін мақтанышпен айтуға болады.

### *Құрметті Сауытбек аға, Зәбира жеңгей!*

Бүгінгі елді жинап, дүбірлетіп жасап жатқан мерей тойларыңыз құтты болсын, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, шаңырақтарыңыздан шат-шадыман қуаныш, береке-бірлік, баянды бақыт кетпесін деп тілейміз.

### *Шу аудандық мәслихаты*

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 19 бабының 3 тармағының 7 тармақшасына сәйкес:

Ауданның әдеби шығармашылық саласын өркендетуге қосқан көп жылғы еңбегі үшін және 70 жас мерей тойына орай Мәдімәров Сауытбек Мәдімәрұлы Грамотамен марапатталсын.

*Мәслихат хатшысы Б.Саудабаев*

***Шу аудандық мәслихаты  
Құрметті Мәдімәров Сауытбек Мәдімәрұлы!***

Шу аудандық мәслихаты, ауданның әдеби шығармашылық саласын өркендетуге қосқан еңбегіңіз үшін және 70 жас мерей тойыңызға орай сізді осы ГРАМОТАМЕН марапаттайды.

*Мәслихат хатшысы Б.Саудабаев*

\* \* \*

Мұратбек, Әлия, Ниетжан, Тоғжан - бәрі Швейцариядан келді. «Алтын тойға» дайындық жүргізу үшін ерте келді.

*29.07.2010 жыл.*

\* \* \*

Мұратбектің «Көлқұдықтағы» қораның қадасына бір құстың мүсінін жасап, қондырып қойғанын көрген белгілі жазушы Әбіқұл Ибрагимов таңғалып:

- Мына балаң сұмдық өнерлі болады, - деген. Сол кезде Мұратбектің жеті-сегізінші сыныпта оқитын кезі еді. Сөйтсем сол уақытта сурет салып, бірдеме түртіп жазады екен. Әттең, әттең сол бір табиғи дарынын дамытпай аяқсыз қалдырды.

\* \* \*

Зәбира екеуіміздің 70 жасқа толуымыз бен Алтын тойымызды екеуін, Шу қаласында атап өтті. «Біздің шанырақ көтергеніміздің жиырма бес жылдық Күміс тойымызды және 60 жасқа толған тойды жасадыңдар, енді Алтын тойды жасамай-ақ қойындар», - десек те болмады.

Ұл-қыздарыма үлкен рахмет. Осы тойды видеокассетаға түсірген

жігіт айтты: «Мен талай тойды өткізіп жүрмін, соның ішінде сіздің той өте ерекше болды», - деді.

\* \* \*

Шу аудандық мәслихаттың бөлім бастығы Жиенбеков Есмахан тойда Зәбира екеуімізге ақ тілегін айтып, ізгі тілегін білдіріп: Құрмет грамотасын табыс етті.

*31.07.2010 жыл.*

\* \* \*

«Қазақ көшпенділікпен, малмен өте берген» деп мұқататындар бар. Көшпенділіктің өзі сыр-қыры, құпиясы көп, еңбектенуді талап ететін сала. Мысалы, бір жылдың өзінде жазиралы көгалды, жайлы қоныс, мөлдір тұнық суат қуалап көшкенді айтпағанда жайлау, күздеу, қыстауға әр жыл сайын үш рет көшуі міндет.

Сонда киіз үйді жығып, оны түйеге артып, одан соң жаңа қонысқа жүкті түсіріп, киіз үйді қайта тігу деген - осының бәрі көп еңбек етуді талап ететін жұмыс. Бұған сырттағы төрт түлік малдың бейнеті қосылады. Осындай алашапқын болып жүрген қазақтың кеңбайтақ атақонысына көз алартқандар да аз болмағаны тарихтан белгілі.

Осының бәрін бір қалыпқа түсіріп, тұрақтылықты орнықтырған қазақ халқының ынтымақ бірлігінің барлығы, ақылдылығы, шешендігі, батырлығы, батылдығы, терең ойлылығы, тапқырлығы, еңбекшілдігі асып, найзаның ұшымен, білектің күшімен жеріміздің тұтастығын сақтаған атам қазақ не деген ер болған.

Сөйтіп жылына неше мәрте көшіп-қонып жүрсе де, сана-сезімі, мол парасатты қазақ халқынан ақын-әнші, сал-салагер, күйші көп шығып, ата салт-дәстүріне дақ түсірмей, тілін, дінін сақтап, асты-үсті толған байлық ата-қонысын болашақ ұрпағына мұраға қалдырған атам қазаққа рахмет айта отырып, қазақ болғанымға мақтанамын.

*06.08.2010 жыл.*

\* \* \*

Зәбира екеуіміз Қордай ауданындағы Жақсылық құданың келін алған тойына бардық. Бірінші мен сөйлеп, келін Мешітбай Қыдырбаевтың жиен қызы екен. Мешітбай марқұмның адамгершілік болмысы туралы біраз сыр шертіп, еске түсіріп, тойдағыларға таныстырдым.

Сонда Мешітбай марқұмның бала-қыздары келіп маған рахметін жаудырды. Марқұм Мешітбайдың жатқан жері жарық болсын. Өте жақсы, саналы, парасатты адам еді.

*08.08.2010 жыл.*

\* \* \*

Мұратбектің машинасы Швейцариядан Астанаға келген. Соны барып отбасымен алып келе жатып, Көктерегі мен орнатқан Нарымбек атайдың ескерткішіне барып көріп, құран бағыштатыпты. Кешіне Жиенбеттегі үйге келіп, Нарымбек атайдың ескерткішін «Айырықша көрнекті жақсы орнатыпсыз» деп маған риза болды. Атайдың жатқан жері пейіш болсын.

*12.08.2010 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек Жиенбет ауыл тұрғындарын шақырып, құдай тамақ беріп, әруақтарға құран бағыштатты.

*15.05.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Мейрамбегімнің жолдасы Исахан мен Жадыраның баласы Бахтиярдың өлген күні. Бір жылға толды марқұмның жаны жанатта болсын. Сол Бахтияр марқұмға арнап мен «Ақ орамал сал» - бірінші үзік, «Күйеусіз түскен келін» - екінші үзік, «Бахтияр тірілді» - үшінші үзік атты деректі әңгіме жазғам. Осы әңгімелерді «Болашаққа хат» атты кітапқа (Алматы 2010 жыл) кіргізіп, соны Исахан мен Жадыраға Мұратбек екеуіміз апарып беріп, оқып берген соң Бахтияр марқұмға арнап құран бағыштадым. Мен кітапты оқып отырғанда Исахан мен Жадыра тағы басқалардың көздерінен жас моншақтап, қамығып тыңдады. Маған риза болып алғыстарын

жаудырды. Шіркін, бұл өмірде мәңгілік болып кім қалар дейсін. Мұратбек штабқа (Көлқұдыққа) кетті. Туған жері ғой.

*16.08.2010 жыл.*

\* \* \*

Мұратбек екеуміз Шу қаласындағы біздің Алтын тойды түсірген операторға бардық. Бізді киноға түсіруге келісті.

- Сіздің кітаптарыңызды оқып, болмысыңызбен танысайын, - деді. 6 кітабымның екеуін видеоға түсіріп алып кейін қайырды да, төрт кітабымды алып қалды.

Қайтарда Шу ауданының әкімі Қ.К.Жабағиевке Мұратбек кірді. Ол:

- Аудан энциклопедиясына әкең екеуің де кіруге тиістісіңдер, құжат және суреттеріңді өткіз,- депті Қ.К.Жабағиев.

Мұратбек өзінің және менің құжаттарым мен суреттерді өткізіп, отбасымен Алматыға жол жүріп кетті.

*19.08.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Жүсіпбек Аймауытовтың 2-томын оқып тауыстым. Сыршыл тосын теңеулермен ерекшеленген.

*03.09.2010 жыл.*

\* \* \*

Жақсылық құданың анасы құдағиды жерлеуге қатыстық. Жәні жанатта болсын. Қайтып келе жатып, Кенесары ханды қырғыздар ұстаған жерге, оған арнап үлкен ескерткіш тұрғызған екен. Соған тоқтап, мінәжат етіп құран бағыштадың. Елі үшін ерең еңбек етіп, құрбан болған Кене ханның жатқан жері жарық, пейіш болсын.

2008 жылы «Нұрлы әлем» баспасынан «Шыңына көш, тарих! Шыңғыс хан кім?» деген зерттеуші Тілеуберді Әбінайұлының кітабы жарық көреді. Осыған «Шыңғыс ханның нәсілі монғол ма, түрік пе?» деген Марал Ысқақбай мақаласы («Қазақ әдебиеті» газеті №33 27.08.2010 ж.) жарық көрді.

«Ал сонда сенің зерттеуің бойынша «Шыңғыс хан кім болып шықты?» деп сұрадым дейді Марал Ысқақбай. Ол ешқандай да

монғол емес, түркі тұқымдас тайпаның өкілі. Дәлірек айтсақ, қазақтың үлкен тайпасының бірі - жалайырдан» - дейді Тілеуберді Әбінайұлы.

Бұл мақалада Шыңғыс хан монғол емес, қазақ екендігіне нақты дәлелдерді көп келтірген. Менімен пікірлескен кейбір ағайындар: «Бүкіл әлемнің санасына сіңіп кеткен нәрсені түзету мүмкін емес. Енді Шыңғыс ханды монғолдан қайтарып ала алмайсың» - дегенді айтады. «Біздікі ғылым жолы. Ғылымның басты мақсаты – шындыққа қол жеткізу. Қалыптасқан ұғым қате болса да, мойындап жүре беру керек дейтіндей, ол – мемлекет шығарған заң емес. Заңның өзі де уақыт жеткенде мемлекетпен бірге күйрейді. Тілеуберді секілді ізденімпаз жігіттер қозғаған сөз бұдан ары да жалғасын табатынына сенімім мол» деп Марал Ысқақбай сөзін қорытқаны орынды. Менің де Шыңғыс ханның қазақ екеніне сенімім мол, Әумин.

*13.09.2010 жыл.*

\* \* \*

Ержан құда қыз ұзату тойының соңында қызын күйеуге шығарып салды. Маған екінші сөз берді. Осы тойда Ержанның әкесі Қанайдың туған қарындасы Бақытжанға сөз реті келгенде мен оған «келін» деп қалдым. «Ой қойыңызшы аға мен сізге келін емес құдаша боламын» деді. «Неге сізді мен келін демеймін. Сіз келін болып түскенде тойыңызға боталайын деп тұрған түйе бергемін» - дедім. Оныңыз рас, - деді Бақытжан. Ел күлді. Сауытбектің келіні деуі орынды десті. Бірақ кейін ажырасып кеткен болатын. Менің төртінші буын інім Сайлау осы Бақытжанға үйлену тойын басқарып жүрген маған:

- Әй, Сауытбек, мына Сайлаудың тойына не бересің? - деді Қосымбай ата.

- Боталайын деп тұрған түйе берем, - дедім ел көзінше. Кейін сол түйені Жақан деген автодүкеншіге қарызы үшін арзан болмашы қаржыға бере салғанын білмей қалғам.

*25.09.2010 жыл.*

\* \* \*

Ержан құда ұзатқан қызының өлтірі құдайын берді. Менің бірінші сөйлеп, бата бергеніме құда-құдағным ризашылығын білдірді.

*26.09.2010 жыл.*

\* \* \*

Көп күн тұрмақ, бірталай ай болды. Кітап оқып, бірдеме түртуге қол тимей өлі күндерді өткіздім. Енді өтіп кеткен кісілердің ерекше қабілетінен сыр шертейін деген ойға тоқталдым.

*28.09.2010 жыл.*

\* \* \*

Үркіншілік ұрысының батыры Қосымбай Есенұлы Кеңес өкіметі алғаш құрылған жылдары Жиенбет елінің 514 түтіні мен Бестерек елінің 200 түтініне ауыл кеңесінің төрағасы болады. Осы кезде бір туысы қоғамға тән қылмыс жасап, оны Қосымбай заң орнына апарып өзі қамады. Екі күннен соң бір дорба тамақ апарып, әлгі қылмыскерге бер - дейді ғой. Бұған аң-таң болған заң қызметкері:

-Оу, Қосеке, өзіңіз қылмыскерді әкеліп қаматтыңыз, енді бүгін оған тамақ әкелуіңізге жол болсын. Қылмыскерге тамақ алдыруды заң көтермейді, деп алмай қояды.

- Бұл қылмыскерді бұрын өзім әкеліп қолыммен қаматсам, оның басының кірлігі. Енді бүгін тамақ әкелсем, онымен түбімнің бірлігі деп ауқатын бердірген екен ер Қосымбай.

\* \* \*

Ер Қосымбай үш-төрт адам атпен бір жабайы қабан шошқаны қуады. Қуа-қуа қабан болдырғанда атынан қарғып түсіп ер Қосымбай атша үстіне мініп алып, екі құлағынан тұғырта ұстап, жолдастарына артынан тұмсығына ұрындар дейді. Сөйтіп қабан шошқаны ұрып алыпты.



\* \* \*

Ұлы Отан соғысы болған жылы өңкей әйелдер колхоз жұмысын істеп жатқан жеріне барады. Сөзден сөз, әңгімеден әңгіме, қалжыңнан қалжың айтысып отырып:

- Ойбай, менің бұтыма жылан кіріп кетті, деп ұзын кең ақ дамбалының сыртынан ұстап, міне басы, міне құйрығы, ұстап жібермей тұрмын, - дейді ер Қосымбай.

Әйелдер шуласып:

- Ойбай, жыланды жібермеңіз. Шағып алады, - деп іш киімін шешіп, жыланды сыртқа алып тастайын десе, ұятты жері көрініп қалатын болғандықтан, не істерін білмей құры сасып-салбырап, әйелдер шулай береді. Бір сәттен соң:

- Ой құрғыр, жылан екен десем, құрай екен ғой, - деп іш киім балағынан ұзынша құрайды лақтырып тастапты.

Сөйтіп соғыс кезінде де қам көңіл әйелдерді бір күлкіге қарық қылыпты ер Қосымбай.

\* \* \*

Күйеу баласы аудандық кеңесінің төрағасы Әбжапар Досымбаевтың үйіне таң азаңмен барып ұйқысынан оятады ер Қосымбай.

- Бүгін түнде сені арқа тұтып, біреуді ұрып өлтірдім. Сол үшін заңға хабарлапбай тұрғанда саған келдім. Кәне, енді мені содан құтқар, - дейді. Түсінен шошып оянғандай, шошынған Әбжапар:

- Опыр-ай, ойпыр-ай, - деп далаға шығып кетеді. Қайтып келіп жуынған соң:

- Ой, Қосеке-ай, адам өлтірген ауыр іс қой, енді қайттік, - деп қасына келіп, сұлық жата кетеді Әбжапар.

- Ой, сені сынайын деп әдейі қайтер екен деп келсем, сен әшейін бір қоян жүрек неме екенсің. Бір ауданды билеп тұрғандағы ісің мынау болса, - депті. Ер Қосымбайдың мұндай іс-әрекеті өте көп екенін ел-жұрт аңыз ғып жиі айтатын.

\* \* \*

Шу ауданы әкімдігінің аппарат жетекшісі А.Шәймерденовке бардым.

- Сіз балаңыз екеуіңіз де Шу өңірі энциклопедиясына кірдіңіздер және екеуіңіз де Шу ауданының 80-жылдығы, Шу қаласының 50 жылдық орденімен наградталасыздар, - деді.

Бүгін Ш.Мұртазаның 5-ші том кітабын оқып тауыстым.

Мен бұрын «Менің қарапайым өмірім» атты шығарма жазғам. Сонда майда үй тірлігін, көрген жетімдігім, тағы басқаларды ағамыз менен де ары қаттырақ көрген жетімдік қиындықтарын жазыпты. Ол кісі әкесінен 5 жасында жетім қалып, жоқшылықтың қиындығын тартса, мен де 5 жасымда әкеден жетім қалып, керісінше, баршылықтың азабын тарттым. Өйткені, әкемнен 100-ден аса қой, оннан аса ірі қара (түйе, жылқы сияқтылар) қалып, соны бағамын, қараймын, жем-шөбін дайындаймын, көлікті зорлықшыл қарауларға бермеймін деп таяқ та жедім, боктау естіп талай зәбір шектім. Мұның көбісі шығармамда айтылған жоқ. Ал Шерхан ағамыз көбісін жазған сияқты.

*18.10.2010 жыл.*

\* \* \*

Ауданның, демек Шу ауданының 80 жылдығы мен Шу қаласының 50 жыл тойларына байланысты жиынына қатыстым.

\* \* \*

«Дінмұхаммед Қонаев сияқты ақылдылар уағында жоғары отырған мен өзінің негізгі орны халқынан төмен екенін сезінетіндер де сиреп барады-ау».

\* \* \*

Төле би ауылының орталығындағы Балуан Шолақтың ескерткішінің ашылуына қатыстым. Түстен кейін Шу қаласындағы Шу өңірі энциклопедиясы кітаптың тұсау кесері, әрі оның тарихы, бүгінгісі мен болашағы атты ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатыстым.

*22.10.2010 жыл.*

\* \* \*

Шу ауданы әкімдігінің аппарат жетекшісі Асылхан Шәймерденовке бардым. Ол Ерболат Досымбаевқа телефон соғып, мына Сауытбек Мәдімәровқа 2 Шу өңірі энциклопедиясын, 2 Шу ауданының 50 жылдығы мен Шу қаласының 50 жыл толу медалін беріңіз, - деді. Осы сәуегі де мен бірінші болып алып қайттым.

*25.10.2010 жыл.*

\* \* \*

Ауыл бойынша, құдайға шүкір, ең жері көп менмін. Ауыл ортасындада, сыртта да. Сол жерімнің бір басқа көршімен шекаралас 80 метрдей арығына тұтас қарағаш өздігінен еніп, ересен іріленіп кеткен болатын. Бұл көлеңкесі жерді істен шығарып, өнім беруге кесірін тигізеді екен. Кейбіреуі сырт киім жеңінің жуандығынан жеңішкесі де одан да жуандарын айтпағанда, адамның беліндей жуандарының өзінен бүгін 6-7-ден артық қарағашты кесе бастадым.

Бұл ағаштар өте жуандап, әрі бұтақтап, жан жағына жайыла өсіп кеткендіктен, көршілес шекара шарбағын бұзып басқаның жеріне құламас үшін әрбір ағашты кескен сайын құлауға жақындағанда 5 метрдей темір ілгішке арқан жалғап, басына іліп, соны алыстан тұрып тартып, өзімнің қалаған жеріме құлатумен болдым.

*26.10.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін алтыншы (6 күн) күн кешкісін 80 метрдей арық жерге тығыз тұтас шыққан адам беліндей жуан ағаштан күніне 7-8-ден аса кесіп, бәрін тек қана құлатып біттім. Ал енді бұл жуандарынан басқа үлкенді-кішілі кесілген ағаштарда сан жоқ қой. Осы ағаштарды кескен алты күн ішінде Зәбира мені аяп, мұны қойғын десе де қоймадым. Өйткені, ішім, қолдарым, иығым ауырып ұйқым бұзылды.

Менің бір әдетім, бастаған ісімді бітірмей тынбаймын. Менің мұнымды Зәбира балаларға хабарлап, олар ағаш кескенді қойсын деумен болды. 30 соттықтай жердің бәрі құлаған ағаш болып кетті.

Бұлар әлі бұтақталған жоқ қой. Мұнымды көргендер жалғыз өзімнің мына ісіме таңқалысты. 70 жасындағы бұл істі жастар да істемейді десіпті.

*31.10.2010 жыл.*

\* \* \*

Алматыдан Аида келіп, оған мал сойып, қарсы алдық. Маған неге ағаш кесесің деп ренжіді.

*06.11.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Зәбираның туған күніне Аида алтын сақина салды. Ниязбек-Айгүл, Әлия-Марлен бәріміз Зәбираның туған күнін атап өтіп, тойсымақ жасадық. Түн ортасында Аида менің бұйымтайым - сол сіз ағаш кесуді де, тасып жиюды да қойыңыз - деді, жарығым.

Сөйтіп түнгі поезға Алматыға қарай Аиданы Ниязбек шығарып салды.

*07.11.2010 жыл.*

\* \* \*

Кесілген талдардың бәрін жуандарын 2 метрден кесіп тәшкеге 2-3-тен салып тасып, басқа ірілі-майдасын да сүйретіп, бәрін үйге тасып бітірдім. Ірі талдардың өзі бір үлкен үйме болса, майдалары кішігірім маядай болды. Сонда осыншама орманға ұқсаған көп талды алты күн кессем, 13 күн талды кесіп тасыдым. Демек, бұл талды 19 күнде бәрін бітірдім. Бұл ісіме төңіректегі ел-жұрт өте сұмдық таңғалысты. Аида Алматыдан звондап, маған ренжумен болды. Шіркін, жетім болып тапталып өскенімнің әсері ғой. Қолым, саусақтарым, белім, ішім ауырса да бұл істі бітірдім. Әрине, жалғыз өзім әрбір адам беліндей жуан өте ұзын талды кесіп, оның биігіне іліп, 5 метрдей темір ілгішке арқан байлап. оны алыста тұрып тартып, қалаған жеріме құлатып. одан соң бөлек-бөлек кесу оңай болған жоқ.

Мұндай өлермендік істі 70 жастағы шал түгіл жастар да істемейтіні белгілі ғой. Осылай 19 күнді өткіздім.

*18.12.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Швейцариядағы Мұратбек ұлды болғанын естіріп бізді қуантты. Алла бауын берік қылып, құтты болсын, өмір жасы сәбидің ұзақ болсын деп тілек тіледік.

Мен Астанадағы Дания-Талғат үйіне бармаққа билет алдым. Шерхан Мұртазаның 4-ші том кітабын оқып тауыстым.

*22.11.2010 жыл.*

\* \* \*

Астанадан таңғы сағат 6-да Талғат пен Жантөре поездан бізді күтіп алды. Дания, Талғат Астананадағы Мұратбектің Қорғалжын (Ильинка, военный городок) үйінде тұрады. Сонда келіп, Дания қызымызды отбасымен көріп, қуанып қалдық.

*24.11.2010 жыл.*

\* \* \*

Астанадағы Саммитты көгілдір экраннан көріп, қазақ халқымыздың мерейі үстем болғанына қуандым. Саммит деген сөздің мағынасы ағылшынша аударғанда «шың, биігінің сатысы» деген мағынаны білдіреді екен. Алла қабыл көріп, біздің қазақ елі дүние жүзіндегі елдерге танылып, солардың ішінде «Шың, биігінің сатысына» көтеріле берсін, әумин.

*01.12.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін таң азанмен қызым Дания босанып, өмірге ұл бала әкеліп, бәрімізді қуантты. Жан-жақтағы сыртта тұратын бала-қыздарым телефон соғып, бәрі құттықтап шығыпты.

*03.12.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Зәбира екеуіміз Астананың базарына барып, Мұратбектерге жіберуге ет, қазы, шәй сияқты тағы басқа заттар сатып әкелдік.

Кешіне сол заттарды Жантөре Швейцарияға жол жүретін қыздың үйіне апарып берді.

*04.12.2010 жыл.*

\* \* \*

А-ның жазғанын көріп шошыдым. Өз пайдасы үшін халықты қанаған мансап иесін керісінше кітап жазып ардан аттаған.

*04.12.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Дания перзентханадан үйге келді. Жаңа туған сәбиді көріп қуанышымыз шарықтай түсті. «Егемен Қазақстан» газетінің 3-4-желтоқсан күні жарық көрген екі газетті алдырып, Самитте сөйлеген Еуразия жеріндегі қазақ жеріндегі сөздерін оқып шықтым.

*05.12.2010 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Зәбира екеуіміздің үйленгенімізге 51 жыл толса, Әсия қызымыздың туған күні, 34 жасқа толды. «Өткен күннен бір елес» деген деректі әңгіме жазып бітірдім бүгін.

*13.12.2010*

\* \* \*

Швейцариядан Мұратбек Зәбира екеуімізге күшті аяқ киім беріп жіберіпті. Соны Астанадағы Данияның үйінде отырғанымызда біреу әкеліп берді.

*19.12.2010 жыл.*

\* \* \*

2010 жыл демек Барыс жылы менің отбасыма да өте бір жемісті, ой-мақсатымыз орындалған сәтті жыл болды.

Бізге қарасты отбасылар түгел ауру-сырқаудан аманбыз. Әуелі қызым Әлия өмірге ұл бала әкелсе, Швейцарияда тұратын Мұратбегімнің отбасында Сағижан атты ұл бала өмірге әкелді. Астанада тұратын қызым Дания да ұл балалы болды. Бәрінің де денсаулығы жақсы. Үш немерелі болғаныма мың да бір рахмет айтып, Аллаға шүкіршілік етемін.

Зәбира екеуіміздің отау құрғанымызға жарты ғасырдан асып, әрі 70 жасқа толғанымызға орай Алтын тойды Шу қаласындағы мейманханада бала-қыздарым жоғары деңгейде өткізіп берді. Рахмет бәріне.

Тағы да осы жылы Алматы қаласындағы «Раритет» баспасынан «Аша елі», «Болашаққа хат» деген екі кітабым бірдей жарық көрді. Осының бәрі бала-қыздарымның сый-құрметі. Мың да бір рахмет бәріне, Аллаға шүкіршілік етемін.

Нарымбек ағайға көрнекті тастан ескерткіш белгі қойдым. Сол кісіден өсіп-өніп отырмын деп. Жаны жанатта болсын марқұмның.  
*31.12.2010 жыл.*

\* \* \*

Мен түсінбеймін, 70-тен аскан біреу тақтан да, байлықтан да айырылғысы келмейді. Сонда ол өзінің артына есеп бермейтін сияқты. Бұрынғы хандар, патшалар, Бас хатшылар, президенттер тақтан да, байлықтан да не опа көрді деп ойламайтынына қайран қалам.

\* \* \*

Ағаш кесіп жатырмын, әрі Әлдіхан Қалдыбаевтың «Көңіл көмбесі» атты кітабын оқудамын.

*26.01.2011 жыл.*

\* \* \*

Жиырма жыл болды Ел басшысы өз халқымен бірге тәуелсіздігімізді нығайтып келеді. Биыл 2010 жылдың 1 және 2 желтоқсан күні 55 мемлекет пен 12 серіктес елдің басшылары 69 халықаралық ұйымның бетке ұстар жетекшілерінің басқосуы өткізген Астана Саммиты болды. Тағы Азия ойындары жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Демек, Ел басшысының ұйымдастыруымен қазақ халқын дүние жүзіне танытты. Көп жылғы еңбегінің барысында кемшілігі де аз емес сияқты.

«Ұлы адамдарда ғана ұлы кемшілік болады» депті Франсуа де Лароне Фуко айтқан сөз ойға келді.

\* \* \*

Біздің Жиенбет кітапханасына Бауыржан Момышұлының 30 томдық кітабы келіп, қуанышқа бөледі мені.

Соның бүгін 1-ші томын алып оқи бастадым.

*07.02.2011 жыл.*

\* \* \*

Бүгін анам Іздән қайтыс болғанына 20 жыл болды. Соған құдай тамақ беріп, құран бағыштадым. Ауылдағы бала-келінім келіп бірге болдық.

Зәбира белінен қатты ауырып қалды.

*11.02.2011 жыл.*

\* \* \*

Жасымда әңгіме тыңдауға құмар болып өстім. Біздің үйге қонақтар көп келетін. Солардың сөздерін тапжылжымай тыңдап отыратынмын. Анам Іздән кең пейілді, дастарханды болған соң, әйел қауымы да ертелі-кеш біздің үйде бас қосып, әртүрлі әңгіменің тиегін ағытатын. Сонда «мына Сауытбек артық-ауыз сөзімді тыңдап отыр, бар, жат, сен еститін сөз емес - деп талай ұрысқан. Бұрынғы көне көз қарттар ел жайлы, тарихи оқиғалар жайлы, адамгершілік жайлы, ел билеген айтулы азаматтар жайлы кейінгі жастарға үлгі ретінде көп әңгімелейтін. Мен мұндайды ескерусіз қалдырған емеспін. «Бүйенбай батырдың баласымен айтыс» өлеңін арабшадан қазіргі әріпке ауыстырып алуым да сондықтан еді.

Мен есейе бастаған жылдары қой төлдету науқанына сақпаншы болып жүргенімде:

- Сіздер ертелі-кеш қолдарыңыз қалт етіп босап бастарыңыз қосыла қалса, қойдан басқа сөз айтпайсыздар. Неге басқа маңызды әңгіме айтпайсыздар? - демесім бар ма.

- Әй, Сауытбек, сен не деп тұрсың? Дәл қазір әңгіме айтатын уақыт па? Күндіз-түні қой қауырт қоздап жатқаны мынау. Өз төлін енесінің бірі алса, бірі алмайды. Қой төлдету науқаны аяқталады, содан соң неше түрлі әңгіме де айтылады, - деп аға шопандар Сарыбаев Арапбай мен Дәуітов Әбдірахман (кейін Социалистік Еңбек Ері атағын алған) мені сөгіп, талай жерге апарып тастады. Жатқан жерлері торқа болғыр, қайран тамаша ағаларым-ай.

Бұрынғының тамаша әңгімесі, тарихи оқиғалар желісі - бәрі көнекөз қарттарда ғой, шіркін. Соның ішінде әсіресе, Арапбай ағай қарадай жүріп, әңгімешіл еді. Жарық көрген «Аша елі», «Көлқұдық», «Болашаққа хат» атты кітаптағы деректердің көбісін сол кісіден алдым. Ісі мен сөзі бірдей, өтірігі жоқ таза сөйлейтін



ұстамды, көнекөз саналы кісі болатын. Өмір шіркінде әртүрлі адамдар бар ғой. басы артық сұрақ қойып, жеңіл ойлылардан сөгіс алған кезім де аз болған жоқ. Қазір ойласам жасымнан-ақ әңгіме, тарихи оқиғаларды көп тыңдап, оны ұғынып өскендігім осы шимай-шатпақты жазуыма түрткі болған сияқты.

Оның үстіне мен басынан мақал-мәтел, көсем сөзді тыңдап, осындайдың жарық көргенін жазып алуға құмар болып өстім. Кейін тағы мұнда «Құран Кәрім»-ның қазақшасы жарық көрді. Соның 114 сүресінің аяттарын түгел жыл сайын 1-2 реттен қайталап оқып, оның өзіме керекті жерін жазып алып отыруды әдетке айналдырдым. Ал 600 мыңнан астам хадисінен де жарық көргендерінен өзіме керектісін түртіп қойдым да, ойымнан шығарған емеспін.

Қорыта айтқанда, менің кітаптарымдағы оқиғаларға қатысы бар аяттан, хадистен, мақал-мәтелден, көсем сөзден жиі қолданып, мазмұнын түйіндеп, эпиграф ретінде шығарманың болмысын қорытуым.

Демек, жасымнан нақыл сөзді құмартып тыңдап, жазып алып, шығармаларыма жиі пайдаланғанмен мен ойлы адам емеспін. Өйткені, ойлы адам болсам, басынан жақсы оқып, білімімді дамытар едім ғой. Керісінше, мен жетіжылдық сыныпты да өз дәрежесінде тауыспасам, әрі нашар оқыдым.

*13.02.2011 жыл.*

\* \* \*

Бұл өмірде кім қалар дейсің? Ақын Өтежан Нұрғалиев қайтыс болыпты. Марқұмның арты қайырлы болып, жатқан жері жанатта болсын. Оны мен «Жалын» баспасында редактор болып жүргеннен танушы едім. Үйінде де екі-үш мәрте дәмдес болған едім.

Бет-жүзіңе карамай тік сөйлейтін адам еді. Соның бір газеттегі (сұхбат-диалогын) түртіп қойған едім, соны күнделігімде айта кетейін.

«Әсхил, Сафол құсап ұлттың трагедиясын ашып көрсеткен ақындар ғана ұлы халық құрып бара жатқанда шығар жол көрсеткен акын ғана ұлы. Мен қазақтың ұлыларын ақымақ қылып, ақымақтарын ұлы етіп көрсетемін. Сонда ғана шындық қайтадан жана қырынан көрінеді» -деп акын Өтежан Нұрғалиев марқұмның

қатты айтқанын жазып қойғанмын. Мен көбінесе өзіме әсер еткен ақын-жазушылар сөзін жазып жүретін әдетім бар. Сағат Әшімбаевты «Кім өлтірді» деген дастан жазған Өтежан Нұрғалиев.  
*15.02.2011 жыл.*

\* \* \*

Нәмет Келімбетов төсек тартып жазған жазушы. Көрмеген қорлығы жоқ. Мен онымен шығармалары арқылы таныспын. Сұмдық ашық ойлы жазғандықтан шығармаларын құштар оқимын. Кейбір жазғандарын қойын дәптеріме жазып жүрмін. Ол туралы бұрын да күнделігіме жазғамын. Қайтыс болыпты. Жатқан жері торқа болып, арты қайырлы болсын. Қашан да жақсы адамға халық ортақ қой.

Оның «Егемен Қазақстан» газетіне 22-23-25-26.09.2009 жылы күншілдік сұхбат-диалогі жарық көрген болатын. Бұрын да күнделігіме ештеп содан жазғамын. Енді Нәмет Келімбетов марқұмды еске алу ретінде содан аздап жазайын.

«Сенімсіздік түптеп келгенде, қызғаншақтықтың көрінісі емес адамгершілік нормасы».

«Қызғаншақтық жаман қасиет емес».

«Қызғаныш сезімі барлық адамның бойынан табылады».

«Шексіз сенімге мен өзім иланбаймын».

«Көбінесе әйелдер қызғаныш сезіміне тамызық тастап отырады».

«Қазақ қашанда ерлі-зайыптылар ортасындағы опасыздықты ар-ождан сотына салып отырған».

«Біз ашу-ыза қысқанда көбіне жүгеннен айырылып қаламыз».

«Сабырлық – ашу мен ызаға қарсы қойылған тосқауыл».

«Ашу – қысқа мерзімге ақымақ болу».

«Басқа біреулерді ең көп табалайтын адамдар өздерін-өздері дәрменсіз, бейшара, сорлы санайтын жандар».

«Табалау қолмен ұстап алатын қылмыс емес. Неге табалап отырсың дей алмайсың».

«Күншіл адам ешқашан ешкімге риза болмайды».

«Күншілдер әсіресе аса әділетті, мейірімді адамдарды қатты күндейді ғой».

«Күншіл адам ең алдымен өзін басқа біреумен салыстырады».

«Күншілдік ешқашан жақсылықтың қозғаушы күші болған емес».

«Саналы қызғаныш түптеп келгенде, адамға берілген табиғи сезім».

«Қиындықтан ақыл-парасат арқылы, қанағат-ынсап арқылы шығып кету нағыз даналықтың белгісі».

«Сенген адамын ешкім қызғанбайды» - депті Нәмет Келімбетов. Нағыз мақал-мәтел көсем сөз емес пе, мұндайлар шығармасында толып жатыр. Сол үшін бағалаймын.

*17.02.2011 жыл.*

\* \* \*

«Қияметке жақын қалған заманда кісі тандап сәлем беру (яғни, танығанына ғана амандасу) етек алады, сауда кең жайылады. Тіпті әйел күйеу саудасына көмектесетін болады. Туыстық қатынас үзіледі. Жалғанға, жалаға куә болу белең алып, шындыққа келгенде куәлік жасырынады. Қаламның беделі артады» - дейді. 202 (Муснәд. 1/407 408: Мустәдрак, 4/98, 446. (Мұхаммед Пайғамбар, кітап – 147 бет).

Мен осы хадистен қорқатынымды айтайын бүгінгі күнге байланыстысын: Аллақияметкүнді болдырмасында жақындатпасын да деп тілейік. Бірақ кісіге тандап сәлем беру, әйел күйеуінің саудасына көмектесу, жалғанға, жалаға куә болу, қаламның беделі арту, бәрінің қазір кең етек жайып, өріс алып болып тұрғаны рас. Күнде шығып жатқан бәленбай газет-журналды айтпағанда, ешкім оқымаса да 5 томнан 50 томға дейін кітаптар шығып жатқаны да рас екені белгілі емес пе? Туыстық қатынас та бұрынғыдай емес ыдырап бара жатқаны әр жерде сезіліп қалады. Бұрын да осы хадистен қорқатынымды жазғанмын. (04.06.2010 жыл).

\* \* \*

1969 жылы жазында Қойлан Нұрманұлы «Сарыағаш» шипажайында Бауыржан Момышұлымен бір айға жуық бірге болып, оның тамаша қасиеттерін әңгімелеп берген болатын. Кейін желтоқсан оқиғасында да сол кісіні жоқтап жүрді. Мен ол кезде Бауыржан Момышұлы туралы деректі әңгіме жазамын деп ойлаған

жоқ едім. Онда да ойымда қалғанын «Сарыағаш шипажайында» деген (01.10.2007 ж.) әңгіме жаздым. Бірақ «Сталинге» бардым деп Бауыржан Момышұлының өзі айтқанның рас-өтірігіне күмән келтіріп, жарыққа ұсынуға именіп жүрдім. Кейін Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына орай «Болашаққа хат» деген кітапқа 144 бет кіргізген болатыным. Онда да «Сталинге» бардым деп айтты дегені рас-өтірік пе деп именіп жүрсем, төменгі мына газеттерде Бауыржан Момышұлының Сталинде болғаны рас сияқты. Соны кейбірін толық күнделігіме кіргізейін, оқырман қауымым.

«Даңқты батырымыз Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерейтойы атап өтілуде. Баукеңнің 1976 жылдың мамыр айында Өзбекстандағы Тамды ауданында сапарда болғаны белгілі. Бұл туралы «Заң» газетінде бірнеше жыл бұрын белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбайдың «Тамды сапары» атты мақаласы жарияланған. Баукеңмен кездесуге келген Жүніс жырау Сәренбайұлының (сыр сүлейі Сәрсенбай жыраудың баласы) Баукеңе арнай сөзін ұсынып отырмын.

### **Сәрсенбайұлы Жүністің Бауыржанға жазған хаты**

Ардақтап, қадыр тұтар туған халқы,  
Ежелден қонақ сыйлау елдің салты.  
Тамдыға әдейі арнап келгенінде,  
Жүністің Бауыржанға жазған хаты.

«Ей Бауыржан, Бауыржан,  
Тұқымы асыл, тәуір жан.  
Намысты қолдан бермеген,  
Дұшпанға қылыш сермеген.  
Ат бауырынан қан кешіп,  
Қара судай көрмеген,  
Қайтарып қудың немісті.  
Москваға өрлеген  
Сыртыңнан дұшпан сескенді,  
Құлағы естіп көрмеген.

Жеңіспен елге оралдым  
Жеңілуді білмеп ең  
Сталиннің алдында  
Сенен басқа ешкім де  
Қаруын алып кірмеген  
Қаруын тастап барады дейді  
Тышқандай болып үрменен  
Қазақтың нағыз баласы  
Баршаның нағыз патшасы  
Нағыз батыр - өзіңсің  
Ешкімнің жоқ таласы.  
Түбіміз бірге туысқан,  
Қонысың шалғай арасы.  
Саған айтып сөз еткен,  
Сәрсенбайдың баласы.  
Жүніс ағаң мен болам  
Сексенге келген шамасы.

*Орынбек Әйтменбетов,  
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы,  
«Заң» газеті № 60 (1682) 28 сәуір 2010 жыл.*

\* \* \*

2 – «Шу өңірі (№76 (8418) 22 қыркүйек 2010 жыл) газетінде «Ұтқыр жауап» деген мақалада Бауыржан Момышұлының 100-жылдығына орай көлемді жазылған.

Соның мен тоқ етерін алайын.

- Ел аузында аңыз болып жүр ғой, сіз Сталинмен кездесіңіз, деп сұрақ қояды. Көп сөз айта келіп:

- Бір сәтте төрдегі терезе алдына қойылған көлденең столдың бойынан Сталинді көрдім. Сталин трубкаға салған шылымын тартып, үнсіз көлденең үстел бойымен ары-бері адымдады. Орта бойлы адам екен. шашын теп-тегіс етіп артына қарай майлап алғандай тараған, беті секпіл-секпіл. Бір кезде: «Как твоя фамилия» - деген дауысты естідім. Фамилиям Момышұлы деп қайталадым. Тағы да үн жоқ. Бір уақытта «Разве твоя фамилия не Момышович,

насколько я знаю у казахов фамилия кончается на букву «ов», «ев». Например, Шаяхметов – деді.

- Бұрынырақ қазақтар аты-жөнін әке, ата-бабасының атымен атайтын және атам үлкен молда болған кісі деп жауап бердім. Сол сәтте Сталин: «Товарищ Момышұлы, вы верите в бога?» -деп сұрақ қойды.

Бұл сұрақтан кейін Сталиннің әкесі де «священник» болғаны есіме түсіп, өзіме-өзім келіп алдым да: «Товарищ Сталин, я верю в бога столько, сколько вы верите в бога» деп так етіп жауап бердім. Сталин мырс етіп күліп жіберді де «Садись сюда и рассказывай» - деп алдындағы орындықты көрсетті. 10-15 минут уақыт ішінде өзімнің барлық өмірбаянымды баяндап бердім. Ешқандай басқа сұрақ қойған жоқ. Соңғы сөзі: «Ты свободен». Әскери тәртіппен қоштасып, шығып кеттім. - дейді Бауыржан Момышұлы, мен қысқартып жазып отырмын.

Газет материалдары бойынша дайындаған:

*Әбжанар Жақыбаев,  
Төле би ауылы.*

\* \* \*

«Сарыағаш» шипажайында Бауыржан Момышұлының өзі Қойлан Нұрманұлына айтқанымен Жүніс Сәрсенбайұлының өлеңіне қарағанда соғыс кезінде де Сталиннің қабылдауында болған сияқты. Бауыржан Момышұлы мұны ешкімге аса айтпаған-ау деймін.

\* \* \*

3 – «Бірде «Сарыағаш» шипажайының корпусының алдында жеңіл киімімен далаға шыға салған таяғы қолында Бауыржан Момышұлының әңгімесін тыңдап төрт-бес қария отырғанбыз. Осы сәтте бір жас жігіт «Ассалаумағалейкум» деп қасымыздан өтіп кетті. Сол жігіт сәл уақыттан соң қайтадан оралып, бәрімізге қол беріп амандасты да батырға қарап:

- Сіз Бауыржан Момышұлысыз ба? – деді.
- Сен өзің кімсің? – деді Баукен.

- Исламқұлов Қайрат Мұхамедқұлұлымын, – дегені сол еді, Қайратты бас салып бауырына қыса сүйе берді, сүйе берді.

- Мені досымның баласы іздеп келді. Жүр, - мені де қоса бөлмесіне ертіп келді. Маған дастархан мәзірін жасатты.

- Әкеңнен түрің аумайды екен. бірақ әкеңнің бойы ұзын еді, сен қысқасың, ол аққубаша еді, сен қарасың.

- Әкемнің мінезі қандай еді? - деді Қайрат.

- Ол өте сабырлы, парасатты болатын. Жаумен шайкаста әкең мені қорғап окка ұшты. Менің қолымда қайтыс болды. Әкеңді Крюковадағы бауырластар қабіріне жерлеттім. Ержүрек батырлығына әкеңді Кеңес Одағы Батыр атағына бір емес екі рет ұсындым. Болыстың баласы болған соң бермеді деген сияқты екеу ара сөйлескен дерегін Қойлан Нұрманұлы 1969 жылы маған айтқан болатын. Бұл қысқартып айтуым. «Сарыағаш» шипажайында деген деректі әңгіме жазғам («Болашаққа хат» кітап. 144-бет). Мұны қайталап жазып отырғаным - біздің «Жиенбет» кітапханасына бір аптадай болды Бауыржан Момышұлының 30-томдық шығармалар жинағы келді. Соның 1-ші томынан бастап бәрін оқи бастадым. Бүгін, міне, 3-ші том «Москва үшін шайқас» кітабын оқып тауыстым. Сонда осыдан 42 жыл бұрын Қойлан айтқан дерек дәл келгеніне әкем тірілгендей қуанып отырмын. Деректі әңгіменің шын-ақиқат болғаны да орынды ғой. Енді 3 том дерегін келтірейін.

\* \* \*

«Сөйтіп мен полк командирі болдым. (Бауыржан сөзі).

- Ал енді сіздің орныңызға кімді 1-ші батальонның командирі тағайындайсыз? – деп сұрады Логвиненко, штаб начальнигінің сөзін бөліп.

- Лейтенант Исламқұловты тағайындаймын.

- Қалайша?

- Исламқұлов жақсы командирлердің бірі. Батальонды соған тапсырдым.

- Ол партияда жоқ кісі ғой. Оның әкесі 25 жыл болыс болған.

- Мен де партияда жоқпын. Оның өзі емес әкесі болыс болған.

- Мен Исламқұловты тағайындауына қарсымын.

- Сіз мені тағайындауға қарсы болғансыз.

- Мен комиссармын. Штаб начальнигі Демирович шығып кеткеннен кейін.

- Мен командирмін, - дедім комиссарға.

- Бұдан бұрынғы жнырма-отыз ұрыста ол батальонды мен басқарғанмын. Ол менің батальоным. Сондықтан оны кімге тапсыру, алдымен менің еркімде. Комдивпен Исламқұлов туралы алдымен келісіп алған болатынмын.

- Бай болыстың баласы деп айтпаған боларсыз.

- Айтқам жоқ, - деп Бауыржан Момышұлы айтқанынан қайтпай, Исламқұловты 1-ші батальонның командирі етіп сайлады. (3-ші том «Москва үшін шайқас» кітап, 247-бет). Міне 42 жыл бұрын айтқан Қойлан сөзі шын-ақиқат екеніне көз жеткіздім.

Зәбираны Әлия, Әсия, Серік төртеуіміз Алматыға қарай поезға мінгізіп шығарып салдық. Әсия-Серік, Торғын Шымкент қаласына кетті.

*20.02.2011 жыл.*

\* \* \*

Қазақстан Президенттігіне үміткерлер туралы іс шара жүріп жатыр. Мен биыл 71 жастамын. Мансап мерзімін қанағат еткен бір-ақ адамды білемін. Өзгенің бәрі өлгенше мансапта болғысы келеді.

\* \* \*

«Өлімнің көркі - жоқтау» деп мен өзіме қатысты жандарды қалай жоқтап жазғаным шығармаларымда бар.

Ал Зәбира екеуімізді кімдер, қалай жоқтайтынын болашақ көрсетеді. Мүмкін бізді жоқтамайтындар да болар.

*05.03.2011 жыл.*

\* \* \*

«Борис Ельцин 31.12.1999 жылы өз үйінде жаңа жылдық дастархан басында туған туысқан арасында былай дейді: «Билікте жүргенімде, мен өзімді ешқашан бақытты санаған емеспін. Міне, биліктен кеттім, енді ғана өмірімді бақытты сезінемін». Қандай тамаша мойындау. Тағы «мен жұмаққа бармайтын шығармын,



өйткені күнәм көп» депті. Өз күнәсін мойындауы да ақылдылық қой.

Түрлі жиындарға, кездесулерге бір секундта кешікпейді екен. Ельцин биліктен кетуде де кешіккен жоқ» - дейді («Жас алаш», 3 ақпан 2011 жыл).

*15.03.2011 жыл.*

\* \* \*

Дінмұхаммед Қонаевтың бұрын «Өтті дәурен осылай» деп аталған алғашқы кітабын оқығанмын. Одан кейін қайта толықтырулар жасап, «Ақиқаттан аттауға болмайды» деп 1994 жылы жарық көрген кітабын екінші рет тағы оқыған болатынмын. Бүгін, міне, үшінші мәрте қайталап оқып шығып, содан ештеп көңіліме түйгенімді күнделігіме жазып отырған жайым бар.

Мұның артықтығы жоқ шығар деп ойлаймын.

«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Кеңесіндегі жылдар анығырақ айтқанда, қырық екі жылғы қызмет сол сенімнің дәлелі емес пе?

Мен қатарынан 25 жыл КСРО, 27 жыл республика Жоғарғы Кеңес Президиумының мүшесі болып, үшіншіден, он бірінші шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланған адаммын (8 бет).

Адал адамзат, ержүрек коммунист Тұрар Рысқұловтың басын тігіп Сталинге, Молотов пен Кагановичке жазған бір емес төрт хаты Шұғыл араласып, ашаршылыққа ұрынған көптеген адамдарды ажалдан арашалап қалуды сұрайды. Рысқұловтың хаттарының елеулі ықпалы болған. (28 бет)

1936 жылы Мәскеу түсті металдар мен алтын институтын қызыл дипломмен бітіріп, Қоңырат-Балқаш құрылысына жолдама алдым. (29 бет)

Сталиннің «ізбасары» саналған Маленков аз уақыт біздің мемлекетіміздің бірінші басшысы болған адам. Үшінші рет жүздесудің орайы келді. Мұқалмас жігер танытты. Менің білгенім, ол кісі қызметтен кетсе де кісіліктен кетпеген. Қандай тамаша бағалау.

Булганин басқарған мәслихатта мен алғаш рет Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.А.Скворцовты көрдім. (60-61 беттер)

Отаны үшін өмірге бар қазақ топырағынан майданға аттанған сарбаздардың бұл жерде қынабынан қылышын суырмай жатып-ақ даңқы шыққан Бауыржан Момышұлының жолы да, жөні де бөлек. Ақиық қыранның өзі айтқандай:

Ақыл айтар мезгілде,  
Мың жасаған шалдай бол.  
Қатал болар мезгілде.  
Шатырлаған жайдай бол.  
Мейірім түсер мезгілде,  
Ағарып атқан таңдай бол.  
Жауды бөгер кезінде,

Көлденен жатқан ордай бол, - деп азаматтық тұлғасын да, ақындық сөзі мен аталық өсиетін де қалдырып үлгерген еді. Шынында да Бәукең қаламдас інілерінің бірі жазғандай жұрттың мінезі мен құлқы, қимылы мен пиғылы қалыптасып алған заманда қалыпқа сыймай кеткен бөлекше бір жан болатын.

Қариялар: «Окка қарсы шапқанда өлім қапталда қалады» - деп отырушы еді.

Ысқырығының өзі ынжықтың иманын үйірген, тажал оғына қарсы шапқан арыстан жүректі Бәукене Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғарғы атақ мұнда берілді – ол кісінің өзі дүниеден өткен соң берілді. Бәріміз де қуанып, ештен кеш жақсы дедік.

КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының мүшесі КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі кезімде тиісті орындарға әлденеше рет атақ беру жайында мәселе қойғаным бар. Менің бұл әрекетімді естіген Бәукең бір жолы арнайы келіп: «Батыр - жау барда сыйлы, би - дау барда сыйлы Димеке, маған берген атақтан қадірімді асырған халқымның ықыласы артық. Тірлікте түк болмайды. Құдай риза, мен риза. Мен қасы да жау, досының қасы да жау, қасының досы да жау ер жігіттің өзінің дегені бар. Әрине, көз өзіне сенеді, құлақ өзінің сөзіне сенеді. Дара тұлғалы, даңқы төрткүл әлемге асқан азаматқа атақ алып беру абыройына ортақ бола алмағанымна әрине өкінемін. (113-114 беттер)

Сталин КСРО Халық Комиссарлары төрағасы және

Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің басшысы ретінде Қазақстан экономикасының күре тамырын қолынан шығарған жоқ. Сталинге барын – бар, жоғын – жоқ деп бүкпесіз хабардар етіп отырған Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің мүшесі А.И.Микоянның еңбегі зор. (118 бет) Шын бағасын әркімге беріп отырады.

Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылым академиясы ашылды. КСРО үкіметінің шешімін Хрущевтың өзі жаптырып тастады. Шығыс бөлімшесі шаңырақ көтерді. Оны 1979 жылдан ВАСХНИЛ-дің академигі Қилыбай Медеубеков басқарды. (192 бет)

1961 жылдың 22 маусым күні Хрущев Алматыға келіп түсті. Қонақасыға бір жарым мыңдай адам қатысты. Шетелдік қонақтар да аз емес еді. Жиынның беташар сөзін мен айттым (көп сөздерін қысқартып отырмын. Авт.). Кенет Хрущев сөзімді бөліп:

- Сіз неге Сталин туралы еш нәрсе айтпайсыз. - дейді шұқшия түсіп (сын айтпайсын дегені. Авт.). Мен «ақылдан сабыр артық» дегенге жүгініп, Сталин туралы ләм-мим деп тіс жарғаным жоқ. Хрущевтың ұнжырғасы түсіп кетті. Қабағы ашылмай, сыздаған жарадан бетер тырысып отырды. Ақыры қонақасының аяғын тоспай қайтып кетті. Бірақ кетер алдында оның көңілін көтеріп, бетін бері қараттық. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша ең құрметті қонаққа ат мінгіздік. Шіркін ат болғанда қандай! Луговой жылқы заводынан арнайы алдыртқан ақалтеке еді. Жүзіктің көзінен өткендей сұлуды көргенде Никита Сергеевич әйелі ұл тапқанын бетер қуанды.

- Атты менің поезыммен Мәскеуге жөнелттіріңіз, вагон-гаражға салыңыз, - деді пысықтап (офицерге). Танертең Хрущевке келіп, кешегі мінгізген аттың паспортын тапсырдым. Кешегідей емес жынын алдырған бақсыдай самолетке отырғыздық. Алып лайнер Мәскеуге маңдай түзеді. (228-229-230-231 беттер).

Съезд мені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына қайта сайлады. Ал осы съезде Брежнев маған жетінші боп сөз берді. Съезд жұмысы жүріп жатқан кезде бір күн үзіліс алдық. Біз тоқтаған қонақ үйде кемекшім Әбдірашитов келіп:

- Съезд делегаттары Сталиннің осы маңдағы саяжайына барып қайтуға жиналып жатыр, - деп хабар жеткізді.

- Жаксыны көрмек үшін барсақ барайық, - дедім.

Машина шақыртып, көпшілік жиналған жерге келдік. Сталиннің бұл саяжайы орналасқан жері де, оның табиғаты да бөлек. Кешегі ел басына күн туған соғыс жылдарында одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру тұсында ол осы үйде тұрып, осы үйде дүние салады.

Сырттай естіп, көз алдымызға елестеткендей емес. КСРО сияқты ұлы державаны жатқызып, тұрғызған «Әмірші» тұрған саяжай сияқты деуге келмейді, жұпыны. Шап-шағын, көз алдарқату үшін-ау дедім, тұнық көк бояумен сырланыпты. Бізді кезекші майор қарсы алды.

Көшеге шығатын есік жағынан кірмей, қызметшілерге арналған есіктен келдік. Үйдің ішкі үлкен есігіне алып баратын былай қарасаң, екі кісі айналып өте алмайтын тар, бірақ ащы ішектей созылған ұзын дәлізбен жүріп отырып, есік пен төрі едәуір кең ауыз бөлмеге кірдік. Сол жақ бүйірде киім ілгіш тұр. Маршалдың шекпені, плащ және тон ілініпті. Киім ілгіштің үстінгі жағында ескі малақай, жұқа құлақшын жатыр. Тонның етегін ала жамау-жамау пима көзге шалынады.

Майор есік ашып, біз үлкен бөлмеге ендік.

- Бұл бөлме, - деді ол, - әрі асхана, әрі жұмыс кабинеті. Сталин осында мәжіліс өткізіп, осында тамақтанатын, осында ұйықтап, жұртты қабылдайтын.

Бөлме қабырғалары жұқа тақтайшалармен қаптатыпты. Ұзын да үлкен стол тұр. Шағын столдар да болса керек, қабырғаға жағалай орындықтар қойылыпты. Бұрыш жағына былғарымен тысталған диван тұр. Сталин осында жатып дүниеден озыпты, жарықтық. Біз диван түбінде үн-түнсіз тұрып, әруаққа тәуеп еттік. Бөлме терезесінен айнала жүзімдік отырғызылған аядай ғана аула көзге түседі. Үйден шығып, сәл-пәл ілгері озып едік, алдымыздан шағын үй кезікті.

- Сталиннің қызы тұрған үй, үлкен саяжай салғанша Иосиф Виссарионовичтың өзі тұрған, - деді майор.

Экскурсия аяқталды. Бірақ одан түйген ой көп еді. (232-233-234 беттер). Маған әсер еткен соң Сталиннің саяжайын толық көшірдім.

Тағы реті келіп тұрғанда Сталин туралы жақында жарық көрген мына мақаланы да оқырман қауымға ұсынғанды жөн көрдім.

## Генерал не дейді?

«Жақында 1931 жылдан 1952 жылдың аяғына дейін И.Сталиннің жеке күзетінің бастығы болған генерал Николай Власиктің (1896-1967) күнделігі табылды.

Қош делік. Сонымен, генерал Власик И.В.Сталин туралы не дейді? «Пальтосының тозыңқырап қалғаны білініп-ақ тұратын. Мен бұл жөнінде Надежда Сергеевнаға (Надежда Сергеевна - Сталиннің әйелін айтып отыр – ред.) айттым да. Надежда Сергеевна да Сталинге бұған дейін бір-екі рет ескерткен екен. Бірақ Сталин жана пальто тіктіріп киюге көнбепті. «Мемлекеттің ақшасын босқа рәсуа етуге болмайды, әзірге менің пальтом киюге жарап тұр», - депті» дейді өз күнделігінде Власик.

Власик бұл күнделікті Сталинді мақтау, я даптау үшін жазбаған, өзі үшін жазған. Бір мемлекетті басқарып отырған Сталиннің жаңа пальто тіктіріп киюге мемлекеттің ақшасын аяп отырғанын генерал әрі таңырқай, әрі сүйсіне жазады.

Сталин тек пальтосын ғана емес, шинелі мен етігін де әбден тозған кезде бірақ ауыстыратын болған.

«Осының бәрі оның отбасына, айналасына әсер ететін» деп жазады Власик.

Сталиннің әйелі де, бала-шағасы да орнымен киінетін, артық ауыс бұйымға жоламайтын, - депті. («Жас алаш» газеті №19 (15581) 10 наурыз, бейсенбі 2011 жыл).

Міне, Д.Қонаевтың кітаптағы Сталин туралы сөзі мен Власиктің күнделігі дәлме-дәл келіп тұрғаны кімді болсын таңғалдыруы мүмкін.

\* \* \*

Сталиннен бүгінгі күнге дейінгі мемлекет басшылары елді қалай басқарғаны және өздерінің жеке бастарына мемлекет қаржысынан не істегені тарих пен ақпарат құралдарына белгілі. Әуелі мемлекет басшысы тұрмақ, соның төңірегіндегілермен ірілі-уақты әр саладағы лауазым иелерімен қоса облыс, аудан, ауылдың басшылары мемлекет қаржысын өздерінің жеке басына пайдаланып, жемқорлық жасағандары аз емес екені белгілі.

Мен бұрын Шу ауданына жаңадан сайланған бірінші хатшы туралы: «Хатшы жұмысты өзіне үй салудан бастады», «Үй де бітті» деп деректі шығарма жазғанмын. Ол «Көлқұдық» (2009 ж.) атты кітапта толық баяндалады.

\* \* \*

Брежневпен жиырма сегіз жыл қызметтес болдым. Леонид Ильичтің қайтыс болғанын хабарлады. Қарашаның 12-сі күні КОКП Орталық комитетінің кезектен тыс Пленумы болып өтті. Андропов бас хатшылыққа бірауыздан сайланды. Артық сөзі, асылық мінезі жоқ сыпайы адам еді. Бүгін шешілетін мәселені ешқашан ертеңге қалдырмайтын, жеті өлшеп барып бір-ақ кесуге, шұбыртпа сөзі жоқ, қысқа да нұсқа сөйлер еді. Ел аяғын тартыл басып, етек жеңін жинай бастаған. Екі жылдай ғана уақыт басқарды. 1979 жылы Ауғанстан жеріне әскер кіргізу жөніндегі шешімнің қабыдануына қатысқан басты тұлғаның бірі. Ақпанның 9-ы күні Андропов дүниеден қайтыпты. К.У.Черненконы бас хатшысы етіп сайлауымыз бәріміздің ортақ қателігіміз еді. «Черненко тізгінді бос ұстады деп жүр одан төрі, ол тізгінді ұстаған жоқ» деу жөндірек секілді.

(329-330-331-333-334 беттер) жағымды-жағымсыз әділ бағасын беріп отырған кітапта Д.Қонаев.

1985 жылы К.У.Черненко дүниеден қайтты. Горбачевты бас хатшылыққа ұсынуға байланысты Саяси Бюроның ат төбеліндей ғана мүшелері қатысқан мәжілісі өтті. Бұған не Щербицкий, не Романов шақырылмаған. Егер Саяси Бюро мүшесі төрт көзі түгел қатысса қауіптің қайдан төнерін Горбачев жақсы білген.

Бұл арада таразы басы Г.В.Романов жағына ауып кету қаупін Михаил Сергеевич бұрыннан білетін. Саяси әлемде Романовтың өз салмағы бар. Партия қызметінде әбден ысылған, тәжірибе жетеді. Кемел ойлы, кең құлашты қайраткер екенін аңғартқан еді. (347-348 беттер)

Қазақстан жерінде неміс автономиялық облысын ашуға Андропов мұрындық болды. Мәскеуге де хат пен жедел хат қарша борады. Телефондарға да тыным жоқ. Көбісі немістер. Түтікпек жері Еділ бойы. Автономия алсақ о бастағы «ата қоныстан» ірге

көтереміз деп отырып алды. Неміс автономиялық облысы қалай құрылмай қалды деген сауалға қысқаша жауап осы. (393-394 беттер) Д. Қонаев өте шын таза сөйлеп, мен өйттім-бұйттім демейді, өзінің тындырған ісін дәріптемейді. Мен білетін бас хатшы Горбачевқа мүлде ұқсамайтын.

Ставрополь өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы кезінде аса кішіпейіл, елгезек, үлкенге инабатпен, кішіге құрметпен қарайтын сияқты еді. Мен Қырымға барып демалған сәтте ерінбестен минерал суларына келіп, қимай шығарып салатын. Дүние кезек деген осы.

Саяси Бюроның бұрынғы мүшелерінің бірі аузы-басы қисаймай Леонид Ильичты жігерсіз қорқақ деуден тынбапты. Егер Брежнев батыл шешімдерге бармайтын тартыншақ, көленкесінен үрейленіп жүретін қорқақ болса, онда қалай Хрущевты орнынан алуды ын-шыңсыз ұйымдастырып, қолмен қойғандай ғып басқаруы мүмкін? Хрущевтың құдыреті мен беделі бір ғана біздің елде емес, төрткүл дүниеге жүріп тұрған шақ.

1964 жылы қазан айында өткен пленумда М.Суслов сөз сөйлеп тұрған кезде, әлдекім залдан:

- Сіздер бұрын қайда қалғансыздар? – деп дауыс көтереді. Брежнев бұрылып тұрып Хрущевке қарады да:

- Оны Никитадан сұраныз. Бұған әруақтармен айқасу әлдеқайда жеңіл болды, - деді нығырлап. Никита Сергеевич тілін тістеген күйі қып-қызыл боп отырып қалды.

«Огонек» мақаласында Брежневті қолдап келгенімді жазыпты. Мен оны жоққа шығармаймын. Қайта достыққа адал болғанымды мақтаныш етемін. (396-397 беттер)

Олжас Сүлейменовтың «Азия» кітабына араша түскенін толық баяндапты Д.Қонаев. (398 бет).

А.Я.Пельше құрметпен еске алуға лайық адам еді. (401 бет) Қарағандыға келген бір сапарымда Акулиничевпен, Досмұхамедовпен және Назарбаевпен бірге Қарқаралыға бардым. Жақынырақ таныстым. Ол маған ұнады. Ал, уақыты келді-ай деген тұста оны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өнеркәсіп жөніндегі хатшылығына ұсындым. Әуелгі кезде өзінің алдында тұрған міндеттерді айын елестете қойған жоқ еді. Ауыл

шаруашылығынан мүлде бейхабар-тұғын. Сондықтан күнделікті көмекке зәру еді. мен оған қолұшын беріп тұрдым.

Өзіміздің орнымызды басатындардың қамын біз ойламасақ кім ойлауға тиіс. Сондықтан да Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасы Б.Әшімұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төралығына сайланған кезде мен Назарбаевты үкімет басшылығына ұсындым. Орталық Комитеттің бюро мүшелерінің бәрі бірдей оның кандидатурасын қолдай қоймады. Әйтсе де мен өз дегенімді орындатпай қоймадым. (412 бет)

Асқаров Асанбай – 1944 жылдан КОКП мүшесі Жамбыл, Алматы және Шымкент облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болып істеген жылдарда, ол өзінің ұйымдастырушылық талантын танытты. Ол осында Еңбек Ері атанды.

Ысқақов Мұстахым Біләлұлы – Қызылорда партия комитетін басқарған. Ісінде айрықша іскерлік танытты. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары және Орал облыстық партия ұйымын басқарды. (413-414 беттер). (М.Б.Ысқақов Жамбыл облысын басқарып тұрғанда Шу ауданына келгенде біздің үйде болып, Зәбираның қолынан дәм татқан болатын).

Менің қызметім – партия ұйымын Скворцов, Борков, Шаяхметов, Пономаренко, Брежнев, Яковлев, Беляев, Юсупов басқарған жылдармен тұспа-тұс келді (423 бет). Горбачевпен кездесіп, екеуіміз ұзақ отырып әңгімелестік. Шешімін күткен проблемалар да жетіп артылатын. Оның да көбісін сөктім, өкпемді де айттым. Горбачевпен шыққан кезде зейнетті демалысқа кетуге біржола бел байлады (424 бет).

Мен 70-ке толғанда 1982 жылы Саяси Бюро мүшелерінің құттықтауының сыртында өз атынан мынандай телеграмма жолдағаны бар:

«Қымбатты Дінмұхаммед Ахметұлы! Зор құрметті сезіммен және шын жүректен Сізді жетпіс жасқа толуыңызбен және Отанымыздың жаңа тамаша наградасымен құттықтаймын.

Сізге қымбатты Дінмұхаммед Ахметұлы, шын жүректен жақсы денсаулық пен бақыт, КОКП XXVI съезінің шешімдерін орындауға жаңа шығармашылық күш-қайрат және зор табыс тілеймін.



Қолыңызды қатты қысып құшақтап сүйемін. (Көп қысқартып жаздым).

М.Горбачев:

Ісің оңалғанша итіне қол арта түр деген осы (425 бет). Ал, желтоқсанның он алтысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Оны өзім ашып КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.Разумовскийге сөз бердім. Ол менің зейнетті демалысқа шығуыма байланысты Саяси Бюроның шешімін оқып беріп, маған тілегін айтып, ыстық ықпалын білдірді. Бірінші хатшылығына Г.Колбинді сайлады. Желтоқсанның он жетісі күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы О.С.Мирошхин телефон соқты. Орталық Комитетке келуімді өтінді.

- Жайшылық па? Мен зейнетті деймалыстамын ғой, - деп едім.

- Алаңға бір топ жастар жиналды. Олар кеше өткен Орталық Комитетінің пленумының шешімін дұрыс-бұрыстығын білгісі келді. Жиналғандардың алдына сөйлеп, істің мән-жайын түсіндіріп берсеңіз дұрыс болар еді, - деп жауап берді.

Бірінші хатшының кабинетіне кірсем. Бюро мүшелері түгел жиналып, алаңға жиналғандарға не істеу керектігін ақылдасып отыр екен. Колбин екі адамға: Назарбаев пен Камалидиновке жастар алдына сөйлеуді ұсынды. Маған сіз былай етсеңіз қайтеді деген тапсырма болмады. Колбиннің кабинетінде бақандай екі сағат тіпті одан асық уақыт тапжылмай отырдым. Сосын Колбин Мәскеумен байланысып, әлдекіммен сөйлесе бастады. Бәріміз сыртқа шығып кеттік. Араға аз-кем уақыт салып, Колбин барлық бюро мүшелерін жинап, оларға қосып мені де шақырды. Кірген бойда маған:

- Сіз боссыз, демала беріңіз. Біз өзіміз-ақ тиісті шара қолданып, тәртіпке шақырамыз, - деді.

1987 жылы маусым айында Мәскеуде өткен КОКП Орталық Комитетінің пленумында маған алаңға шығып сөз сөйлеуге рұқсат етпегенін Мирошхин тағы да растады. (427-428 беттер)

Л.Брежнев: «Біз Сталин мен Хрущевтің кемшіліктерін ашып бердік, олардың қызметтері туралы енді тарихшылар жазсын, ал біз бүгіннен бастап халық алдындағы өзіміздің жауапкершілігімізді түсінуге тиіспіз». - деп атап көрсетуші еді.

Біріншіден, қайта құрудың сара жолы айқындалмады.

Екіншіден, экономиканы басқару және халықтың өмірін жақсарту тізгінінен айырылып қалды.

Үшіншіден, бұрынғылардың намысына тиіп, өздерін сүттен ақ, судан таза ғып көрсетуге ұмтылды. Қайта құру барысында жіберген орны толмас олқылықтар мен кешірілмес кінәлары үшін жауапкершіліктен сытылып кетуге жан салды.

Төртіншіден, ойланбастан от басты. Бірнеше ондаған жылдар бойы КСРО-да тұратын халықтар арасындағы достыққа сызат түсті. Бакуде, Ферғанада, Ошта, Молдовада, Оңтүстік Осетияда және өзге жерлерде дүрлігін басылды. Таулы Қарабахтағы қақтығыстар әлі күнге дейін саябыр тапқан жоқ. Кеңес Одағы ыдырады.

Бесіншіден, Басшыларын жаппай ауыстыру ең елеулі кемшілік, қайта құруды бетке ұстап, шебер ұйымдастырушыларды, шаруашылықты, партия, кеңес жұмыстарын жақсы білетін, алда тұрған міндеттерді біліктілікпен және салауатты шешетін адамдарды жіберді. Мұны «кадр сүргіні» демеске не шара.

Алтыншыдан, көрнекті ғалымдар қанша құдайдың зарын қылса да кеңес ғалымының өркендеуіне тиісті көңіл бөлінбеді. Озық елдер, ең алдымен бүкіл болашағын осы ғылымнан іздейді. Соны алға салады. Ғылымы өскен ел ғана өркен жая алады. Қайта құру жылдарында еліміздің экономикасында ешбір ілгерілеу болған жоқ. (447-448-449 беттер). Көп-көп қысқартып алдым.

Біріншісінің Қазақстанның ондаған жылдар бойына халық шаруашылығын өркендету ісіне орталықтан мол қаржы алғанымды айтпасам әділдік болмас еді. Алғанымызды орнымен жұмсауға тырыстық. Басқарудың берік орныққан жүйесі – бір орталыққа бағыну. Республика өмірінің қай саласын алыңыз онсыз аттап баса алмайтын, «әу» деп ауыз аша алмайтын халге жеттік. Кейде қысым көрсетіп, жолыңды кесіп отыратын. Қаржы мәселесінің қияметін айтып жеткізу мүмкін емес. Ғұмыр бойы темір құрсауға айналған биліктен ешкім оңайлықпен айырыла қоймайды.

Екінші ең үлкен себеп – елде ұлтаралық шиеленіс бұрын-соңды болмаған жағдайға жетті. Мемлекет бетімен кетті.

Таусыла айтпасқа амал жоқ. Мұндай сұмдық тіпті Берия мен Ежовтың сандырақтаған түсіне де енген емес деп өте әділ

айтылған. Ал тікелей маған келсе, менің жауабым бір-ақ мағынада: мен – коммунисттің және демім таусылғанша коммунист болып қаламын. (453-455-459-461 беттер).

Мен өте көп қысқартып жаздым.

Бұрынғы ата-баба тарихынан, шешен-көсемдерден, ақын-жазушылардан өте көп деректі сөз қозғаған кітапта. Маған Зухра Шәріпқызы ең жақын, ең кимас дос еді. Біз елу жыл, алты ай, екі күн бірге өмір сүрдік, - дейді.(495 бет)

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасайтын тұс келді.

Бірінші - бұл сталиндік заман. Бесжылдықтардың қарқын алып, елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру сияқты іргелі істер халықтық сипатқа ие болды. Қазақ ашаршылыққа ұшыраған ауыр да азапты жылдар «Халық жауы» деген жаланың өрттей қаулап, қуғын-сүргінге ұласты. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанымен жеке басқа табынудың ащы зардаптары елдің еңсесін онайлықпен көтермеп еді.

Екіншісі – бар билік бір кісінің қолына көшті. Хрущевтің ұрттап-ішіп, шайқап төккен шағы. Алайда, Хрущев Сталиннің уысынан сытылып шығып, өз соқпағын салуға ұмтылғанымен Ленин идеяларына жете алмай жарты жолда қалып қойды.

Үшінші кезең 1964 жылы Хрущевті «тактан» тайдырған, сөйтіп Брежневтің билігі басталған, яғни беріде «тоқырау» деп айдар тағылған жылдарға берілген әділ баға емес. Бұл уақытқа Андропов, Черненко басқарған жылдар қосылады.

Төртінші – бұл қайта құру деп аталған Горбачевтің «биік мансап – биік жартасқа» өрмелеп шығып билік құрған тұсы. Жариялылық пен демократия жылымығы ескен, бірақ «адам факторы» дегенді жамылып, кісіден қадір, сөзден пәтуа кеткен кезең. Дүние жүзіндегі екі ұлы держава болса, соның бірі – Кеңес Одағын басқаруға қабілетсіз екендігін бүркемелеу үшін тұтас бір қоғамдық құрылысқа баттатып қара күйені жағып, даттаудан жағы сембеді. Марксизм-ленинизмнің ата жаулары қай жағынан қақпан құрудың есебін таппай жүргенде іздегені іштен шықты. Быксып жана бастаған шалаға май құйды да жіберді. Одан арғысы баршаға аян.

«Лениннің ұлы партиясының түпкі мақсатының ізгілікке, асқан адамгершілікке негізделгеніне имандай сенемін. Социалистік және

коммунистік рухқа еліміздің күллі өмірін жаңаша қайта құру жолын саналы түрде қолдадым. Бірақ дүние жүзіндегі жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш мемлекеті – ұлы». Кеңес Одағының шаңырағы ортасына түскенін және КОКП-ның таратылатынын өз көзіммен көремін деп ешқашан ойлаған емес едім. Кесірлі күндерді көру тағдырдың ісі шығар, бірақ партия басындағы дәрменсіз топтың ішінде болмағанымға құдайға тоба деймін. Тарихтың аты тарих. Оның алып доңғалағы кері айналды. Әсіресе, туған елім – Қазақстан Республикасы үшін таусылып сөйлеу ертерек. (504-505-506-507 беттер). Қысқартып алдым.

Менің жан баласына өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе, реніш, наз болса да, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын.

Тағы да баршаңызға бақыт тілеймін. Арайлап атқан әрбір таң сіздерге қуаныш әкелсін. Алдымыздан ақ жарылқап, күн туа берсін, айналайын ақпейіл жұртым! (509 бет).

1993 жылдың сәуірі Дінмұхаммед Қонаев.

\* \* \*

Сөз реті келіп тұрғанда бұрын жазсам да ептеп айта кетейін. Менің жолдасым Зәбираның жақын ағасы Сейткерім деген қайынағам біздің үйге келіп қонып отырып мына төмендегі болған оқиғаны айтты. Бұрынғы қиын кезеңде біз үш бала оқу іздеп Алматы қаласына бардық. Сонда бір оқу орнын басқаратын Шәймерден ағамызға барып, жолығып отыр едік, бір аққуба балғын бала сәлем берді.

- Әй, сен кімовсың, - деді Шәймерден.

- Мен Қонаевпын, - деді.

- Сен менің балам емессің бе?

- Я, сіздің де балаңызбын ғой, - деді.

- Егер менің балам болсаң, мына үш бала елден оқу іздеп келген менің інілерім еді. Қазір бұлар жататын жатын орын жоқ. Сондықтан әке-шешене менен сәлем айт. Бұларға орын табылғанша сендердің үйде жүре тұрсын. - деді Шәймерден.

- Мақұл, - деп бізді бала Димаш үйіне ертіп барды (енді көбісін қысқартып айтайын - авт.). Біз Димаш не ішіп-жесе, соны ішіп-жейміз, не істесе, соны істейміз, оқуға да бір барамыз.

Тіпті жайма төсекте де Димаш бізбен бірге жатады. Сол үйдің баласы құсап кеттік. Ахмет атайдың аргымақ шатыс екі жұмыс аты бар екен. Соны екі-екіден мінгесіп барып, тау бөктеріне тұсаймыз. Сонда Ахмет «Аю шапқан» деген жер бар, содан аулақ болыңдар деп қолымен нұсқап көрсетіп қойған, одан аулақ апарып, аттарды тұсаймыз. Сол аттарды тұсап қайтқанда, соған барғанда бала емеспіз ба, ойнап жарысамыз. Сонда қасымдағы екі бала кезек-кезек аңғал Димаштың алдына жата қойып, жығып қояды. Мен омыраулы қарулы едім, тиіскендерінің жағасынан ала түсем, сонда Димаш жығылған жерден тұра сала тізесінің шаңын қаға, маған:

- Тиіспеңіз, өздері кейін түсінеді ғой, - деп өзін жыққан балаға араша түсетін сәттері көп болатын. Сөйтіп екі-үш айдай болғанда қасымдағы екі байдың баласы оқудың керегі не, ауылға қашайық, деп таң азақмен ауылға қаштық. Осыны сезіп қалған Димаш артымыздан бізді қуып келіп:

- Неге оқуды тастап ауылыңа қашасындар. Оқысаңдар білімді боласындар, жоқ әйтпесе біздің үйдің іші сендерді өкпелетіп қойды ма? Жүріңдер үйге, кейін қайтындар, - деді Димаш. Оған ана екі бала көнбеген соң маған:

- Сейкерім, сен қалғын. Оқуың мыналардан жақсы ғой, екеуіміз бірге оқимыз. Серік болып бір жүреміз, - дегеніне мен жетімге не жоқ, ауылда әкем тіреп тұрғандай қалмай қойғаным әлі өкінудемін. Бұл Димаштың Асқар деген інісі тумай тұрып 3-4 жылдай бұрын еді. Қазір ойласам «ниет көшбасшысы» деген рас екен. Бала кезінен ниеті Димаштың кең еді. Қазір міне Қазақстанды басқарып тұр ғой.

Ауылдағы бастықтардан қиянат көрген соң Димашқа хабарлаудың жолын тауып, телефонмен жақында сөйлестім. Ой сұмдық-ай, талай жыл бұрын өтіп кеткен бізді ұмытпапты. Бірден танып:

- Сендер үшеу едіңдер ғой, қасындағы екеуі қайда? - деді Димаш.

- Олар соғыста қаза тапты. Мен мүгедек болып оралдым, - дедім. Онда маған хат арқылы неге мұқтаж болсаң соның бәрін хабарла. Жолда сенің хатыңа кедергі жасамауын тиісті орынға табыстап қоямын, - деді Димаш. Көп балалы болған соң баспана беріп, отын-суға қарайласып, мүгедектігіме қаражаттан да тақ тұрды ауданның бірінші хатшысы Айтбай Назарбеков. Жақында Жамбыл облыстық атқару комитетінің төрағасы Путилов су жаңа көлікті (Запорожец)

тегін мінгізді деп біздің үйге мініп келген көлігін көрсетті. Мұның бәрі қудайдай жарылқаған Димашқа рахмет, - деді Сейткерім.

Осы деректі естіген мен қайран қалып, әуелі «Заң газеті», 20.05.1997 жылы, одан кейін «Аша елі» кітап, 163-бетке, «Көз алдымнан кетпес бейне» деген тақырыпта әңгіме жаздым.

\* \* \*

Қазақстанды ширек ғасыр басқарған, оның өндірісіне, экономикасына, ғылымы мен біліміне, қоғамдық-саяси тіршілігіне мол еңбек сіңірген Димаш аға Қонаевты ресми БАҚ немесе Ақорданың дәріптегенін көрдіңіз бе? Жоқ.

Қонаевтың тектілігін танытқан кадам – оның республика басшылығынан өз еркімен кетуі. Қонаевты тап сол кезде Мәскеу қызметтен қуған жоқ. Бірақ Димекен уақыттың жеткенін, орнын жастарға босату қажеттігін өзі түсінді.

Қонаевтың Горбачевке өтініш жазбай-ақ: Қазақ халқы мені қолдайды, биліктен кетпеймін, деп өз тағын қорғауға шамасы келмеді ме? Әрине, келді. Бірақ ондай кадамға бармады. Абырой-беделін биліктен де жоғары қойды.

Д.Қонаевтың тұсында оның отбасы мүшелері, жақын туыстары ірі қызметтерді иеленіп, елдің атақты байларына айналды ма? Тағы жоқ.

## Ініден ізет

«Коммунистік партия таратылып, арада бірнеше апта өткен соң менің кабинетімдегі жоғарғы басшыларымен жалғанған арнайы телефон шырылдай жөнелді.

- Заманбек қалқам, сен бе? – деген өзіме таныс, еш уақытта ұмытылмайтын дауыс естілді. Сол мезетте орнымнан қалай тұрып кеткенімді байқамай қалдым.

- Сәлеметсіз ба, Димаш Ахметұлы! Денсаулығыңыз жақсы ма?

- Денсаулығым ба? Әзірше жаман емес.

- Қал-жағдайыңыз жақсы ма? Сізге менің көмегім керек пе?

- Телефон сымының ар жағында Димаш Ахметұлының күлкісі естілді.

- Мүмкін көмектесе алатын шығарсың?

- Димаш Ахметұлы, сіз айтсаңыз болды, не керек бәрін жасаймын.

- Рахмет Заманбек, менің саған телефон шалғандағы себебім мынау, сен білесің ғой, партия Орталық Комитеті таратып жіберген соң, Орталық Комитеттің іс басқару жұмысын да тоқтатты. Сонымен бірге менің «Волгамды» да бір жақа беріп жіберді.

Немере інімде «Жигули» бар. Ол көлікке отыру үшін менің жасым мен бойыма біраз қиналуға тура келді. Та-ақ, маған «Волга» сатып алуға көмектесер ме едің?

- Айтқаныңыз орындалады Димаш Ахметұлы. Бүгіннен қалмай, өзіңіз айтқан көлікті аласыз.

- Өте жақсы болды. Ал ақшасын саған немере інім Диар әкеп береді.

Арада бір сағат емес, қырық минут өткен соң көлікті Төлебаев көшесіндегі Димаш Ахметұлы тұратын үйдің алдына апарып қойды. Кейінірек Қонаев маған телефон шалып, рахмет айтты. Одан соң мен: «Қайран Димеке, қалайша біз сіз туралы ұмытып кеттік?» - деп ойладым.

Арда азамат марқұм Заманбек Нұрқаділовтың «Не только о себе» кітабынан алынды.

*«ДАТ» газеті №84 (12.01.2011 ж.)*

\* \* \*

Міне, оқырман қауым, ең жоғарғы орында 42 жыл қызмет істесе де, оның ішінде Қазақстанды ширек ғасыр басқарған Д.Қонаев зейнетті демалысқа шыққанда жекеше көлігі де болмаған. Ол дүние-мүлік, қаражат жимаған. Отбасы мүшелеріне, туыс, таныс-тамыр, жегжат-жұратына ірі қызмет ұсынбаған. Өте адал, таза, турашыл, өмірі мөлдір адам болғанын ел-жұрты біледі. Сол үшін де халқы Д.Қонаевты сағынады.

\* \* \*

«Ұлылардың ұлылығының белгісі - әдептілік пен қарапайымдылық, санасыздықтың белгісі - менмендік» депті Мұхаммед Пайғамбар (кітап 375 бет). Дінмұхамед Қонаев

ұлылардың ұлысы да, кейінгі санасыздың санасызы демеске лаж жоқ.

«Жиенбет» ауыл орталығында мектеп оқушыларының Наурыз мейрамына дайындаған ойын-сауығы болды. Мен көпшілік қауымға баға бердім.

Жиылған жұртқа наурыз-көже берілді. Азаматымыз Әділхан бір ірі қара мал сойып, Жиенбет елінің әрбір отбасына құдайы ғып етін таратты.

*21.03.2011 жыл.*

## **АЛТЫНШЫ КҮНДЕЛІК**

Көше бойын шақырып наурыз көже берген соң өзіміз оңаша отырғанда балам Ниязбек әйелі Айгүлге:

- Қарашы, мамамның істеген тамағы қандай ас берсін дәмін кіргізіп, ішкің келіп, араныңды аша береді. Міне, бал татыған қою шәй ішкен сайын ішкің келе береді, - деді. Ниязбектің бұл сөзін бірінші естуіміз еді.

- Сен маманның (Зәбиранын) үйдегі берген тамағын сөз қылып отырсың, ол үйдегі тұрмақ жолаушы жүргенімде менің не тамақ ішкенімді қадағалап отырады. Егер сыртта жүргенімде уақтысымен ұқыптап ауқаттанбағанымды білсе, ас адамның арқауы - сен өзіне тамақтануыңа пұлынды қимадың ба, - деп ренжіп ұрсады және Зәбира жылытпа тамақ ішкің келсе де бермейді, мен сирек ішпеймін де. Оның үстіне менің әдетім үйге қонақ келсе, олармен бірге тамақтанғанды қалап, араным ашылып отыратынын Зәбира біліп берекесін кіргізіп, келер кісіге деп ауқатты артығымен дайындайды. Соның бірін айтайын.

Бірде шаруашылықтың тракторшылар бригадирі Айдар Жалбиев сау етіп оншақты шөп дайындайтын жұмысшыларымен кешкі ымыртта үйге келе қалды. Сонда Айдар:

- Бағана Абай совхозының орталығында сендер бет-бетіңмен кетіп, ауқаттанамыз дегендеріңде айттым ғой, біз Сауытбектің үйіндегі келіннің тамағы дайын болған уағында тура барамыз. Сол үйден тамақтанасындар деп. Міне, қазаны оттан түсіп, тамағы дайын болғанда тура келіппіз. Енді ішіндер, жендер. Бағана бұлар



бет-бетімен ауқаттанамыз деп кетсе, қайта басын қосу қиын болатын болған соң солай дегемін. Айналайын Зәбира келінімнен, өне бойы осы үйден тамақтанып жүрміз, - деді Айдар Жалбиев.

Мұндай қонақ жиі болатын. Ал мен Зәбираның күтімімен осылай жүрмін және жасымның келгеніне қарамай ауыр жұмыстардан да қалмай жүргенім шешеннің арқасы.

*30 – 31.03.2011 жыл.*

\* \* \*

Ниязбектің сөзі түрткі болып «Жақсы көргенін айтады, жаман бергенін айтады» деп оқырман қауымға ішкі сырымды баяндамақпын. Құдайға шүкір, қатарымнан тізгінімді ерте игеріп, талай адамға қолқабыс жасадым десем артық айтқандық болмас. Аллаға аян. Шығармаларымда ептеп басқаға жасаған жақсылықтарым айтылса да, кейбір тұсын қайталаудың сәті келіп тұр. Соның жемісі ме, ойлаған арман, мақсат, үміттерімнің ойдағыдай болғанын Алланың жақсылығы деп шүкіршілік етемін. Мұның «асылық болмасын» деп мың мәрте Алладан кешірім тілеймін.

Енді осы 71 жасыма дейін талай адамға жақсылық жасап қолұшын бергенімнің алтауына ғана тоқталайын.

1 – Жақсығұл Дүтбаев дегенің «не арақ, не су емес 91 ящик x 20 = 1820 бөтелке x 287 = 5123 – 40 сом (бұрынғы құнды ақша). Осыдан құтқардым. Бұл сол уағындағы бағамен алғанда ортаң қолдай 20-дан аса ірі-қараға тең еді.

«Көлқұдыққа келді, көл боларсың» деп батасын беріп, жүр еліме, жұртыма сені табыстайын дегеніне бармадым Жақсығұлдың. Бұл туралы толығынан «Көлқұдық» атты кітапта баяндалады.

Абай шаруашылығының Әмірбек деген кассирі малшы қауымға айлығын таратып жүріп ақшасы жетпей қалып, маған келіп 10 000 сом ақша қарыз алды. (Кеңес өкіметі кезіндегі өте құнды ақша). Мен көбінесе біреуге бергендерімді жолдасым Зәбираға айтпаймын. Білсе де білмесе де ол үндемейді. Онымен оның ісі жоқ. Мына күрделі ақшаны Зәбираның, не басқа біреудің көзінше куә ретінде бермеппін, не қолхат алмаппын бірде-біріміз. Соны қазіргі мына сенімсіз уақытқа қарап ойласам үрейленем. 10 000 деген сол кездегі

бағамен 3-4 жеңіл машина ғой. Бір айдан соң қарызын әкеп беріп Әмірбек рахметін айтты. Берген қарызымның күліп келгеніне мен рахмет айттым.

Мен үш адамға жекеше машина әпердім. Сол бір кезде машина түгіл үш дөңгелекті мотоцикл алу деген бір әкірет болатын. Солубай дегенге «Запорожец» әпергенімде құнының көбінің ақшасын қарызға мен бердім. Он жылдан соң сол берген қарыз ақшамды Солубаймен ұрысып жатып әрең алдым. Рахмет жоқ. Бұдан басқа да оған істеген жақсылығым аз емес еді. Солубайды түрмеден де шығарып алғанмын.

Кешебай дегенге «Москвич» әпердім. Ол құнын өзі төлеп алды.

Ең соңында жаңадан шығып жатқан Жигулидің бірін Тұрғын дегенге әпердім. Оған да қарызға ақша бердім. Ол қарызын тез төледі. Сол марқұмның әйелі Элла (немка) бүгінгі күнге дейін «Сауытбек бізге машина әперген» деп анда-санда айтып қояды. Маған сол жетеді. Ал ана екеуінде рахмет те жоқ.

Сайлау Уәтайұлы дегенге толығырақ тоқталайын. Ол төртінші буын інім. Менің басқаға жылқы, сиыр, қой басқа да бергендерім аз емес. Соның ұрлығын ғана айтайын. Екі адамға түйе бердім. Соның бірі Сайлау үйленгенде боталайын деп тұрған түйе бердім. Оны Жақан деген автодүкеншіге қарызы үшін 400 сомға бағалап арзанға бере салғанына кейін өкіндім (бұл ептеп бұрынғы жазбамда бар).

Сайлау жұмыссыз жүргенде қасыма көшіріп әкеліп, әйелі екеуін жұмысқа орналастырдым. Ол әкеден жетім ғой. Өзіне үш дөңгелекті ИЖ мотоциклін алып беріп, құнын өзім төледім. Ол қарызын үш-төрт жылда аз-аздан төлеп жүріп әрең құтылды. Бұдан басқа да оған жасаған жақсылығым көп еді.

Сөйткен Сайлау інім, менің шешем, інім, балам қайтыс болғанда жай ғана көңіл айтуға жарамағанын қайтесін. Бүгінде ол да марқұм болды.

\* \* \*

«Кейінгіні көріп қартаясың» деген ғой. Қартайған былай тұрсын, кейінгіні көріп түңілесің. Мен 24-те, Зәбира 23-жаста малшы қауым орталығы штабка (Көлқұдыққа) көшіп бардық. Сонда ол жерде бірнеше шаруашылықтың малшылары шоғырланған Көлқұдыққа

алған көшіп барған кезімізде өрімдей жас едік. Бастапқыда көлденең келетін өкілдерге арнайы қонақ үй деген болмаған. Ауыл, аудан, облыс, республикадан өкілдер малшы қауымды аралайтын. Бұдан басқа да іс шаралар үшін ақын-жазушы, тілші дегендерің күн құрғатпайтын.

Солардың көбісі біздің үйде болатын. Кейде өз үйімізге өзіміз сыймай, сыртқы есік көзіне бала-шағамызбен жататынбыз. Бұларға қоса көлденең көк атты жүргінші қонақтар қаншама? Соларға Зәбира ренжімей күтіп-сыйлап екі шәй, бір етін берсе, мен кейде оларды мас қылып ауқатқа тойдырмай үйден шығармайтын кезім де жиі кездесетін. Сонда біреулер «бақ-қыдыр еркегінде ме, әйеліңде ме» де таңғалса, кейбіреулердің Сауытбектің несі кетіп баратыр. оған ақша қағаз ғой. - деп жел сөзге жол бергендерді естіп жүрсек те, есігіне құлып салмайтын, қазағымыздың салт-дәстүріндегі кең пейілін сақтауда болдық.

Осы қонақ күту жағдайы басқаға берген қолқайырдың бәрі, әуелі отағасының әйеліне байланысты екені пешенеден белгілі. Әйелің ренжіп отырса, мұндай кең пейілдік қайдан болсын.

Қазіргі жастар біреуге бір кара түгіл не бір тиыны ауысса, жандары қоса шығатынын көрін те, естіп те жүрміз. Шақырылмай өздігінен келген қонақ түгіл өзінің тиісті шақыратын қонағының өзін ұрыс-талас болып әрең шақырады.

Менің анам Іздән айтар еді: «Сенің еркін жүруің, келінімнің арқасы сені қатты сыйлайды. Сондықтан сен не істеймін десең өз еркінде, әйтпесе Зәбира сұмдық бетті тілмар. әр істің көзін тауып, барды ұқсатып, жоқтан бар жасайды. Көрінген әйелдер тұрмақ ер азаматтар Зәбираға байқап сөйлеп, бетіне келмейді. - дейтін.

Бұрынғылар айтады екен: «Би қылма, хан қылма, би түсетін, хан түсетін үй қыл» деп.

Сол айтқандай үй болғанымыз Зәбирамның арқасы. Оның үстіне жазмыштың құдыреті шығар 23 жасымнан маған әруақ қолдал пайда болған жолбарыстың да септігі тиген шығар. Сондықтан да әуелі Аллаға, одан кейін жан жолдасым Зәбирама табынып келемін. Осы өзім сүрген өміріме ризамын. Алла бүгін алса да.

Ақиқатты айтамын деп өзімді-өзім дәріптеп жібергеніме

оқырман қауымнан кешірім сұраймын. Өмірде неше түрлі адам болған соң соның кейбіреуі:

- Сенімен санаспай, өз білігімен жүріп басқаға не берем, не қоям десе де өзі білетіні қалай? - деп мені Зәбирамен шағыстырғысы келетіндер де бар. Сонда:

- Сауытбек өзі табады, өзі жұмсайды, онда ісім жоқ. Мен тек қазан-ошақтың иесімін. Ер азамат аман болса болды, - дейді екен.

Осыны қазір қартайған кезде ойласам мен бақытты адам екенмін. Міне, өткен күнім осылай өтті. «Шынын айтамын» деп өзімді-өзім артықтау айтқандайыма оқырман қауымнан тағы кешірім сұраймын.

\* \* \*

Зәбира екеуіміз Алматыға бардық. «Үш қиян» баспасына шығармаларымды 1-том жинағын шығаруға өткіздім.

*15.04.2011 жыл.*

\* \* \*

Зәбира екеуіміз поезбен Шымкент қаласында тұратын Әсия-Серіктің үйіне жолға шықтық.

Шымкент қаласындағы дендросаябақты араладық. Дендросаябақ 1979 жылы белгілі қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың басшылығымен құрылды. Саябақтың көлемі – 117 га. Дендросаябақта 560 түрлі ағаштар мен бұталар бар. Олар тарихи шыққан отанына байланысты бес флорарлық аймаққа бөлінеді.

Қазақстан Орта Азия; 2. Еуропа. Қырым, Кавказ; 3. Қиыр Шығыс. Сібір; 4. Шығыс Азия; 5. Солтүстік Америка

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылы 23 наурызындағы №83 қаулысына сәйкес дендросаябақ Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны болып қайта құрылып, күрделі жөндеуден өткізілді.

«Дендросаябақ жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын нысан болып табылады» деп тақтаға жазып қойыпты.

Кеңес кезінде ұлттық табыстың тек 3 пайызын ғана иеленгеннің өзінде басқа ересен еңбектерін айпағанда Асанбай Асқаров 117

га жерге 560 түрлі ағаш отырғызыл. іші толған ескерткіштер мен түрлі нысандар тұрғызуы өте іскер басшы екенін көрсетеді. Бұған шығарған қаржыны ұтымды пайдаланған іскерлігі дендросаябақ ішінде көз тұндырады.

Осы саябаққа Асанбай Асқаровтың есімін берсе ғой деген ой туды маған. Біз бұл саябақты бір күнде аралап бітіре алмадық. Саябақтың іші керемет екен. Жаңа отау құрғандардың жеті жұбы топ-топ болып жүр екен. Қыдырып саяхат жасаушылар да көп.

Артына игілікті із қалдыру былай тұрсын кеңес өкіметі тарқап, қазақ елі тәуелсіздік алған сәтте басқасын айтпағанда Жамбыл облысын осы облыстың әкімі Өмірбек Байгелдиев, Шу ауданын осы аудан әкімі Амангелді Кәрентаев туралатты емес пе?

*30.04.2011 жылы.*

\* \* \*

«Түлкібас» ауданына барып, Сиқым атамыздың ескерткішіне құран бағыштадым, суретке түстік. «Сарытөр» ауылында Жиенбет (Бокқайнат) елі бар екен. Сол еліме барып сәлем бердім. Қанатбек деген мешіт имамы: «Мал соямын». - деп мені жібермей қойды. «Жаман қой - өрісін бір күнде тауысады» деп мені Нұрпейіс деген азамат шақырды. Оның үйінде ауқат дайындалып жатыр деп малын сойғызбадым.

Қанатбек маған шапан кигізіп, рұқсатын әрең беріп, суретке түсіріп шығарып салды. Әркімнің өз еліне не жетсін, шіркін.

\* \* \*

«Темірлан» ауылындағы Күш атасы – Қажымұқан Мұнайтпасұлының мұражайына Зәбира, Әсия, Серік, Арай, Мағжан бәріміз барып аралап көрдік. Онда еркін күрестен әлем чемпионаттардың бірнеше дүркін жеңімпазы, дүниежүзінің 28 елінде өзінің дара күшін паш етіп, 48 алтын, күміс, қола медальдарынан алқа таққан қазақтың данқты палуаны екенін айғақтағаны мұражайда деректері толып тұр. Суреттері, тұтынған заттары, киімдері, ескерткіштері бәрі-бәрі мен мұндалап тұр.

*01.05.2011 жыл.*

\* \* \*

Кешіне қарай Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы Арыстанбаб қабірінің үстіне соғылған кесене күмбезіне түнедік. Мінажат етіп, құран оқып шырақшысына құран оқыттық. Суы тұщы құдығынан су ішіп, ауылға да су алдық. Құдайы садақа бердік. Көп жыл түсімнен жолбарыс шықпай жүрген кезде осы түстің арасында мен ауада қалқып жүретінмін түсімде. Бұл түсі де көп көрдім. Бірақ ешкімге айтқан емеспін. Жақсы түс деп жоритынмын. Соны бүгін Әсияға айттым. - «Бала-шағаң аман бол, бала-шағаңыз данқты болады екен» деді Әсия.

\* \* \*

Укаша ата VII-X ғғ. қабіріне барып шырақшысына құран оқытып, мінажат етіп құдайы садақа бердік. Одан кейін басқа жақтағы «Укаша ата құдығы» IX-X ғғ. бар екен соған барып құдығынан су іштік. Шырақшысына құран оқытып, құдайы садақа бердік. Шырақшысы көп адамдар ішінде тұрған маған шапан кигізіп, Зәбираға көк орамал берді.

Түстен кейін Қожа Ахмет Яссауи кесене-күмбезіне барып зиярат еттік. Күмбез ішін толық аралап, шырақшыларынын көрсетуімен Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би тағы басқалардың жерленген белгілерін және қазан, тағы мұражайдағы хандардың көп тұтынған заттарын көрдік. Әрбір бөлмесіне кірген сайын құран бағыштап құдай-садақа берумен болдық. Қожа Ахмет Яссауи Мұхаммед Пайғамбар жасынан асқан соң жер астын мекендеген орнын да көрдік. Осы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі төңірегінде 18 рет суретке түстік.

Кешіне қарай Шымкенттегі Әсия-Серіктің үйіне келіп тынықтық.  
*02.05.2011 жыл.*

\* \* \*

М.Әуезов атындағы мектеп директоры Тынышқан Жаңабаев пен Еңбек ауылындағы орталау мектептің директоры Несіпхан Қоңырбаев деген азаматтар Төле би ауылындағы үйімде отырған маған келді. Екеуінің де түрі таныс болғанымен ара қатынасым жоқ жігіттер еді.

- Аға, сізді іздеп Жиенбет ауылындағы үйіңізге барсақ жоқсыз. Сондағы мектеп мұғаліміне звондап білсек, Төле би ауылындағы үйінде шығар деген соң осында келдік. Сізді тапқанымыз жақсы болды, - деп екеуі қосақтаса тіл қатты.

- Иә, біз осындамыз.

- Бұл үйді қашан тұрғызғансыз?

- Төрт жылдай болды. Енді бұйымтайларыңды айтыңдар.

- Бұйымтайымыз сол. Сіздің «Аша елі» кітабыңызды оқып риза болып сізге келдік, - деп маған құнды бас киім мен шапанды кигізіп, көйлегі бар, тағы бір буманы қолыма ұстата, екеуі қосарласа рахметтерін жаудырғаны. Аң-таң болған маған: «Аға, осы Шу өңірі туралы жазылған талай тарихи мақала, кітап оқыдық. Бірақ сіздің «Аша елі» кітаптағы жазылған тың деректер мен шынайы шын іс-әрекет оқиғалар бізді таңғалдырды. Сол үшін сізге ризалығымызды білдіргелі келдік. Бұл болған оқиға деректерін қайдан алғансыз?

- 1960 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» кітабының Шокай болысы деген тармағындағы Бүйембай қаракшының баласымен айтысын кездестірдім. Әбиір деген баласы әкесіне «ұрлығыңды қой» деп 78 жол өлеңмен жауап қайырады. Сонда маған қатты әсер еткені ағасы Секер батыр туралы айтқаны болды. Араб әрпімен жазылған өлеңді бүгінгі кириллица қарпіне аудартып алдым. Осыдан бастап Аша елінің Секер батырдың соған қағысты адамдар туралы тағдырын ел аузынан сұрастырып, отыз жылдан аса материалдарды тірнектеп жинадым. Тек қана естігенімді жазбай солардың шын-ақиқатын салыстырып сұрыптай отырып жаздым. Ол кезде кітаптағы оқиға істерге қатыскандар мен шежірелі көнекөз, көкірегі ояу қарттар көп болатын. Солардан кітаптағы деректерді жидым.

- Ой, сұмдық-ай, сізді біз енді таныдық. Пәс, баяу, кішіпейіл, ақырын аспай-саспай белгісіз болып жүріп, талай нәрсе тындырғаныңызды енді білдік. Сізге рахмет, - деп екеуі мені кезек-кезек құшаққа ала сүйөмен болды.

- Сендердің сыйларыңа емес, менің еңбегімді танығандарыңа рахмет. Мен қарапайым өзімді ұстап, ел көзіне бадыраймай, тысқары, томен болып жүргенді ұнатамын. Сондықтан шығар, «сен

бұрын ел көзіне шалынбай қайда жүргенсің» дегендер де болған. - дедім.

Сөйтіп олар далаға шығып, көлігіне мінерде де кезек-кезек құшағына ала, рахметін айта үйлеріне қайтты. Бұл да Алланың маған берген сыйы шығар деп шүкіршілік еттім.

*10.05.2011 жыл.*

\* \* \*

Қиындықты көп көріп өскенмен. өмірге не керектілерден көрмей, баршылықта өмір сүрдім. Маған қарағанда балаларым еркін бақытты боп өсті. Олар соны сезінуге тиісті. Бұл олардың ой-санасына байланысты.

*28.05.2011 жыл.*

\* \* \*

«Бабалар мейірімі» деген мақала жазғанмын. («Шу өңірі», 29.09 – 08.10.1995 жж.) Бұл «Аша елі» повесінің жалғасы болатын. Онда Дулат ауылынан Естемес атасының 40 түтіні мен Масақ ауылының Шу өзенінің оң жағындағы Жиенбет еліне қоныс аударғаны баяндалған.

Бұған қарсы мақала «Шындықты бұрмалаған» деп Оразалы Сүйімбекұлы Акботаев дау шығарып, заңдасуға дейін баруым мүмкін дегенді жазған. Осы кезде облыстық «Ақ жол» газетінің тілшісі Бақытжан Текебай маған жолығып былай деді:

- Сіздің «Бабалар мейірімі» деген мақаланызбен оған қарсы жазылған «Шындықты бұрмалаған» деген Оразалы Акботаевтың мақаласын да менің әкем (89 жастағы) Мұқатай (Мұхаметқали) Текебаев оқыпты. Мақаланы жазған Сауытбек Мәдімаровпен заңдасуға дейін барамыз деп баланың мазасын алып жүр екен. Мақаладағы Естемес атасы туралы болған оқиға шындық. Артық-кемі жоқ ақиқат істер болатын. Шын ақиқат екенін мен дәлелдеймін. Менің атымнан болған оқиғаны «Ақ жол» газетіне жазып, мына бейтаныс балаға жақтасып, көмектес, деді әкем. Енді мен соны облыстық газетке жазамын. Ой сұмдық-ай, айдаладағы бейтаныс Мұқатай ақсақалға риза болып:

- Әкене де, саған да рахмет. - дедім де, ол кісі сіздің ағайыныңыз



ғой, мен үшін ренжісіп қаласыз ба? Оразалыға өзім барып жолығайын, - дедім.

- Сіздің «Аша елі» кітабыңызды оқыдым. Сондағы «Босаға» деген мен «Темір награда» дегенді түсіндіріңізші, - деді Бакытжан.

- «Босаға» деген сөздің мағынасы 7-9 атасына дейін кісілігі үзілмей ел басқарғанды босаға деген. Егер арасында 2-3 атасы ел басқарудан үзіліп қалса, оны «босағаға» жатқызбаған.

Дулаттың Шымырында – 11 босаға болған. Соның Бекболатында 9-да, Шыңқожасында 2 босаға бар екен. Бекболаттың 9-босағасының бірі Жиенбет Тілеуғабыл болысқа әрең-әрең жеткен екен. Өйткені Тілеуғабыл болысқа дейін арғы аталарында ел басқармағаны болып, әрең-әрең босағаға жатқызған.

Ал «Темір наградаға» келсек, бастығым мені алыстан шақырып алып: (атын атамай-ақ қояйын):

- Сені «Темір наградаға» ұсынғалы отырмыз, - дегені, бағалағаны шығар. Несіне мені шақырып алып айтып отыр дегенді ойлап, үндемей кенседен шығып кеттім. Құдай менің аузыма «сізге рақым ет». дегенді де салмапты. Сол «темір награда» бір алаяқтың омырауына тағылды, - дедім Бакытжанға. Ол таңғалып, басын шайқады.

«Шындықты бұрмалаған» деген мақаланы жазған Оразалы Ақботаевты іздеп барып жолықтым.

- Сен несіне біздің Естемес атанын Жиенбет еліне көшіп барғанын жазасың. Соны да сөз қылып, - деп ашулы тіл қатты Оразалы.

- Аға, мен біреулерді кекетіп, мұқатып, төмендетейін деген жоқпын. Қиын кезінде бабаларымыз бір-біріне қол ұшын бергенін, сыйластығың, соның кейінгі ұрпағы біліп, сезіп, сол татулықты ұштастырып, мейірім шапағатын жалғастыра берсін деген мақсатпен жаздым, - дедім. Үн қатпай біраз ойланып қалды да:

- Саған Жапар Түйебеков та осы мақалаң үшін өкпелеп жүр, - деді Оразалы. Осымен сөз бітті. Басқа дау болған жоқ.

*30.05.2011 жыл.*

\* \* \*

Масақ елінің бір үлкен ауылы өздерінің ата қонысы әуелі Меркі жерінен дүрліге көшіп, Алматы маңына, одан Дулат болысына, одан Ақша еліне қоныс аударып тұрақты мекен таппаған ғой. Ең соңында оларды Тілеуғабұл болыс Аша болысына қосып алып, өзінің ата қонысы «Құйған» деген жерден өздеріне қоныс малына өріс бергені «Бабалар мейірімі» атты мақалада баяндалған. Бұған да Масақ елінің азаматтары намыс қылып, менің сыртымнан айтпаған өсегі жоқ. Тек қана Масақ елінің азаматы Бейкүт Қалдыбаев деген ғана: «Неге біздің ел шындықты жасырады» деп мені жақтаған болатын.

2010 жылы Шу ауданының құрылғанына 80 жыл толуына байланысты Масақ ауылының «Құйғанға» қоныс аударғанын көлемді ғып «Шу өңірі» газетіне Шортанбай Ақбозов толық шежірелі мақала жазды. Мәмбет Қойгелдиев екеуі.

Сонымен тойға байланысты Төле би ауылындағы осы шараға сай үлкен жиында елдің көзінше Шортанбайға: «Осы «Құйғанға» қоныс құрғандарыңды жазғанда менің сыртымнан айтпаған қайбар сөздерің қалмап еді. Енді неге менің дерегімді мойындап, газетке жаздың». - дедім. Шортанбай Ақбозов үндемей, елдің көзінше жүре тыңдап кетті.

Демек, Естемес атасының да, Масақ атасының да кейінгі ұрпағы Аша болысына кіргенін және Жиенбет елінің жасаған жақсылығына бүгін намыстанатын сияқты екені сезілді.

\* \* \*

Мен Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармалар жинағымен «Халық перзенті» фотоальбомын 23 айдай уақытта асықпай ұғынып оқып шықтым.

Ұлы Отан соғысы кезінде 5-6 айдай батальон командирі, 2 жарым жыл полк командирі, 1 жыл дивизия командирі болған кездегі Бауыржан Момышұлына байланысты әскери барлау органдарының құпия жазбалары тағы басқасына жабық болуынан толық кітап етіп шығаруға қол жеткізе алмаған екен.

«Баукең мұралары бүгінде біз болжағандай 30 том емес, әзірше одан да асып 45 томға жетіп отыр.

Келешекте Мәскеу, Балтық жағалауы елдері, Германия және

Кубадағы архив деректерін жеке кісілер қолындағы мұрағаттарын толық қамтып, батыр туралы әлем тілдерінде жазылған сын мақалаға, ғылыми зерттеу еңбектерін, көркем шығармалары, майдандағы әскери карталар мен нұсқауларды толық жинастырып, «Бауыржан әлемі» деген атпен жариялар болса, сірә, осы қырық бес (45) томға тағы да ондаған (10) томдар емін-еркін қосылып, көлемі ересен молая түсеріне көзіміз анық жетіп отыр.

Бүгінде бұл деректердің біршамасы біздің қолымызда жүйеленіп, жинақталып та қалды, - дейді Мекемтас Мырзахметұлы. (30 том, кітап 234-239 беттер)

*01.03.2011 жыл.*

\* \* \*

Енді мен Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармалар жинағын оқығандағы алған әсерім айырықша екендігіне де тоқтала кеткенді өзіме борыш санаймын. Бірақ менің білімім жетпегендіктен тек қазақ тілінде жазылғанын ғана оқып, орыс тілінде жазылғанын кітаптан алмадым. Сондықтан келешекте Бауыржан Момышұлының шығармасының бәрі қазақ тіліне аударылса екен деп армандаймын.

Бауыржан Момышұлының көптомдық шығармалар жинағын оқығанда өзіме әсер еткен тұстарынан күнделігіме көшіріп отырмын. Себебі келешекте өзіме қарастылар күнделігімнен оқып отырсын деген оймен көшіріп жаздым.

\* \* \*

«Шылымын тұтатқаннан кейін де ләм-мим деместен бір ауыз сөз айтпастан дәптерді оқи берді. Ақырында дәптердің бетін жапты ол. Не айтар екен деп аңыра күткен едім бірақ Бауыржан үн қатпады.

- Бұл жиырма алтыншы октябрьде болатын, - деп ескерттім мен.

- Иә - деді ол. – Жиырма алтыншы октябрь... Москва түбіндегі арпалыстың он бірінші күні... Бауыржанмен бірге осы блиндажда тұратындардың бәрі алдеқалай кныстырылып жасалған, қарағай шыршасы төселген сәкілерде манадан бері ұйықтап жатыр. Ояу отырған екеуіміз ғана.

Біз Москва түбінде жаумен шайқасқан батальонның тарихын

жалғастыра бермекшіміз. Момышұлы шылымын тартуда. Түтінін сора түсіп, шылымның отына діттене қарайды.

- Жаңа әңгіме бастайық, - деді ол. – Тек шартымыз есіңізде болсын.

- Қандай шарт?

Сіздің тәңіріңіз – шындық қана!

Осыны айтып маған ызалана қарады. Қабырғаға сүйеулі тұрған қылышқа көзімнің қнығымен бір қарап, ішімнен күрсіндім де, жана дәптер мен қарындашты қолыма алдым. Әңгіме желісімен жазған кітабында жалған сөз айтар болсаң, бірінен соң бірін шауып тастаймын, - деп Бауыржан қатер төндірген екі қолым да, менін бақытыма қарай әзірге аман.

Жаңа дәптердің дақ түспеген ақ беттері әңгіменің жалғасына ынтызар еді. Бауыржан өткен оқиғаларды баяндауға кірісті» - дейді Александр Бек. (28 том, кітап 37-38 беттер)

(Бізде де, демек дүние жүзінде де жазушы деген көп қой. Бірақ көбісі үстірт жазатыны аз емес екені белгілі. Ал енді Бауыржан құсап болған істерді ақиқат қалпында жазатындар өте сирек. Бауыржанның өзі жазғаны былай тұрсын, өзін жазғаны үшін Александр Бекке осылай шарт қойғаны бәрінен шын-ақиқат үстем екенін танысың. С. М)

*03.06.211 жыл.*

\* \* \*

«Жау қолданарлық амалын, айла-шарасын жете бағаламап едім. Мен жаудың осы амалын күн бұрын ұқпадым, оны көзсіз ақымаққа бағаладым. Сөйтіп жау бүгінше үстем болды. Бізді жеңді. Көптігімен алды деу де орынсыз.

Өйткені аз күштің өзімен де көп күшті ұзақ әурелеудің жөні бар еді. Жау бізді жүректігімен де, көптігімен де жеңген жоқ. Өзінше қолданған амалымен, тәсілімен, ұрыс әдісімен жеңді. Кешегі күні мен осы жағын терең ойладым, содан барып алдырдым. Айыбым сол» - дейді Бауыржан. (27-том, кітап 191 бет).

*05.06.2011 жыл.*

Пулемет ротасының саяси жетекшісі — политругі Жалмұхамбет Бозжанов кіріп келді.

- Ақсақал... ротада төтенше оқиға болды: сержант Боранбаев өз қолын өзі атып жаралапты.

- Қой? Боранбаев па?

- Иә.

- Оны қайттың? Атып тастамадың ба?

- Жоқ... Жаракатын таңып, қамауға алып, осында айдап әкелдім.

- Қайда өзі? Шақыр берман.

Теңселе басып, Боранбаев блиндажға кірді. Сау қолын көтеріп маған сәлем берейін деп еді. менің ызғарлы пішінімді көріп, қолын қайта сұлық төмен түсірді.

- Сөйле! — дедім мен.

- Жолдас комбат қалай болғанын өзім де білмеймін.

- Сөйле, - дедім тағы да.

Қылмыстының күнәсі тым ауыр екенін сезгенде оған ұрысудың да, оны тілдеудің де қажеті болмай қалады ғой.

Ол орманның ішінде сүрініп жығылғанын, сонда мылтық атылып кетіп, қолы жарадар болғанын айтты.

- Өтірік, сен су жүрек корқақсын. Ер емес, опасызсын. Бізде ондайларға рахым жоқ.

Рахимов батальон штабының бастығы еді, орнынан ұшып тұрды.

- Лейтенант Рахимов! Қызыл әскер Блоханы шақырыңыз. Тез келсін. Батальонды мына орман алдындағы аланға тұрғызыңыз... Барыңыз, - дедім Рахимовқа.

- Мені қайтпексіз, мені қайтпексіз — деп Боранбаев бір сұмдықтың боларын сезгендей еді.

- Саптын алдында атып тастаймын.

- Жолдас комбат, мен шынымды айтайын, атпаңыз. Жолдас комбат мұны істеген өзім. Әдейі істедім.

Мен Бозжановқа:

- Мұның орнына бөлімше командирі Блоха болады. Сап алдында мынаны сол өз бөлімшесі атады, - дедім. Бозжанов маған сыбырлап:

- Ақсақал, атуға біздің правомыз бар ма? — деп сұрады.

- Бар! — дедім мен. — Кімнің алдында болса да жауапты өзім

көтерем. Қазір айтқанымды орындаймын. Ал сіз мәлімдеме жазып қойыңыз.

Блиндажға қызыл әскер Блоха кірді.

- Қарашы мынаны танысың ба? – деп Боранбаевты нұсқадым.

- Әй, оңбаған. - деді Блоха. - Өзінің түрі де сұмрайланып кеткенін қарашы.

- Мұны бөлімше болып өз қолдарыңмен атасыңдар.

- Орындаймыз, жолдас комбат, - деп үн қатты.

- Сені бөлімше командирі етіп тағайындаймын. Сосын Боранбаевтың қасына барып, оның айырым белгілерін, бас киіміндегі жұлдызын алдым. «П» әрпі тәрізденіп сап түзеп тұрған батальонға қарай аяңдадым. Жұрттың қарсы алдында бетпе-бет шинельшең, белдіксіз Боранбаев тұр.

- Сіздің бұйрығыңыз бойынша батальон сапқа тұрды, - деп рапорт берді Рахимов.

- Бөлімше командирі Блоха! Бөлімшенмен мұнда кел, - дедім мен. Бөлімше команда бойынша сапқа қарай бұрылды. Мен сөз бастадым:

- Жолдастар, жауынгерлер мен командирлер! Алдарыңда тұрған адамдар кеше мен: «Аттан» деп дауыстап, «Ал қаруыңды» деп әмір бергенімде, қорқып қаша жөнелді. Бірақ тез арада естерін жинап қайтып келді. Бұлардың бірі былайша айтқанда бұрынғы командирі сол кеткеннен қайтпады. Майданнан кету үшін ол өз қолын атып жаралапты. Отанына опасыздық еткен қарабет қазір менің бұйрығым бойынша атылмақшы. Ол опасыз – мынау – деп мен Боранбаевты сұқ қолыммен нұсқап көрсеттім.

- Айтындаршы, мұның өзгелерден жаны артық па? Жоқ, артық емес. Бұл өз ойында: соғысса басқалар соғыссын, мен шеттеп қалайын, әйтеуір жер бетінде тірі жүрсем болғаны, дейді. Ер кәдесін ұмытып, ар-ұяттан безіп отыр. Сөйтіп, сендердің алдарыңда, өз жолдастарының алдында кешірілмес күнә істеп отыр.

Әлпештеген балаларың атыңнан безеді. Олар енді қарабет әкені әке деуге арланады, атыңды атауға намыс қылады. Сенің әйелің қорқақтың, опасыздың, сап алдында атылған қарабеттің жесірі болады. Сенімен некелескен күнді үрейлене еске алып, саған қарғыс жаудырады. Сен туралы еліңе жазамыз. Сені өз қолымызбен өлтіргенімізді жұрт білсін.

- Отделение, кру-гом, – деп команда бердім. Түстері бұзылып, жауынгерлер кілт бұрылды. Менің де денем түршігіп кеткендей болды.

- Қызыл әскер Блоха, опасыздың шинелін сыпыр. Шинель сыпырды. Блоха былай лақтырып тастап, бөлімшесіне барды.

- Ей опасыз, кру-гом, - дедім мен. Мен команда бердім. Төске алынған винтовкалар қылмыстыға кезеліп, төне қалды. Сонда Боранбаевқа менің де жаным ашып кетті. Менің құлағыма «кешіре гөр, кешіре гөр» деген үн келгендей болды. Бұдан бірнеше сағат қана бұрын өзінің ең жақын бауырындай, қиыспас досындай санаған адамына енді қаруын кезеніп, о да команданы орындауға әзір тұр. Оның батыр кеуделі тұлғасынан: «Бізді көп телміртпе, кешірім ет» деген жалынышты лебіз естілгендей.

(Осы арада Момышұлы опасызды қимай ой толғауы, бір жарым бет сыр шертеді) іс жүзінде былай болды. Мурыннің винтовкасы қалтырағанын көріп:

- Мурын, неге қалтырап тұрсың – деп зекідім. Ол селк ете түсті де, кеудесін керіп, мылтығының дүмін қыса ұстады. Мен қайта команда бердім.

- Қоян жүрек қорқаққа, Отанына опасыздық істеген, сертті бұзған сатқынға бөлімше оқ ат! Сөйтіп қорқақ жазасын тапты. (27-том, кітап 28 беттен 39 бетке дейін). (Мен мұны өте көп қысқартып көшіріп отырмын. Опасыздар үшін Бауыржан сұмдық қатаң екені кітапты толық оқығандар көз жеткізеді. Мен тек қана тоқ етерін жазып отырмын.

*06.06.2011 жыл.*

\* \* \*

«Дивизия штабында Панфилов қарап:

- Жолдас генерал... – дей беріп едім, ол мені жалма-жан тоқтатып тастады.

- Жолдас Момышұлы, мына кісі генерал-лейтенант Звягин, армия қолбасшысының орынбасары.

- Жолдас генерал-лейтенант! Дивизия командиріне жүгінуіме рұқсат етіңіз. Батальон командирі аға лейтенант Момышұлы.

- Неткен партизаншылдық! – деп тыжырынды ол. - мына қылышы несі?

- Мен артиллеристпін. әскери мамандығым ресми өзгертілген жоқ. Қылышты ұстап тағып жүрмін, – деп жауап қайтардым. Звягин Панфиловқа жазғыра қарады.

- Қайдан шыққан тәртіп бұл? Батальон командирінің сізге, дивизия командиріне тікелей келетіні қалай?

Панфилов қызарып кетті. Звягиннің кінә тағуы әбден орынды еді. Шынында да Панфиловтың бойында бір мін болатын: әдетте оның бастыққа тән мінез көрсетпейтіні, дәреже-шен талғауды жақтырмайтыны соншалық, кейде батальон командирлері тұрсын взвод командирлері де тіпті. Солдаттар да устав ережесінен тысқары оған тікелей бара беретін.

Қазір ол менің резервтегі батальон командирі екенімді айтты.

- Ә, резерв командирі, - деді Звягин. Қарулы әскерің қанша?

- Алты жүз жауынгер, станок төрт пулемет, сегіз орудия – деп мәлімдедім мен.

- Оқ астында, ұрыста болып көрдіңіз бе?

- Иә, - деп қысқаша жауап қайырдым.

Әңгімеге Панфилов араласты. Ол бірнеше сөзбен батальон туралы, немістер жолымызды кесіп тастағанда, біздің де қарап қалмай жау тылындағы жол торабын басып алғанымыз жайында, сөйтіп Волоколамскіге, Мәскеуга қарай ұмтылған гитлершілерді сол маңда бір тәулікте әурелегеніміз жайында айтып берді.

- Сонда бұл бұйрықсыз қимылдады, – деп түсіндірді Панфилов мені иегімен нұсқап, - анығын айтқанда, басқа бұйрық берілген. Кері шегініп, дивизияға қосыл дегенбіз. Оның орнына бұл сол жерге аялдап, жол торабын басып алған... қылыш асынған партизаныңыздың сиқы, міне осындай.

- Ә, солай деңіз! Қазақпысың?

- Иә.

- Жарайды.

Звягин: «Батальонды қазақтың бастап жүргені жақсылық екен». Мұндай лебізді мен бұрын да талай естігем. Ә дегенде мақтау сияқты көрінгенмен мұның өзі біздің ер жетіп, есейгенімізді елемеушіліктен туған ескілікті көзқарас еді, сондықтан, шынымды айтсам, мұндай лебіз намысыма тиіп шаншудай қадалатын» - дейді Момышұлы (28 том, кітап 56-59 бетке дейін).



Сөйгіп армия колбасшысының орынбасары генерал-лейтенант Звягинмен Момышұлы осылай танысты. Ол қазақтың батальон басқарғанына таңғалса, кейін полк, дивизия басқарғанда іштарлық болған шығар. Өйткені Момышұлын Кеңес Одағының Батыры атағын беруге талай мәрте ұсынса да бермеуі сондықтан болар.

*08.06.2011 жыл.*

\* \* \*

Қашқындардың ішінен рота командирлерінің хабаршысы Савицкийді. Шилібаевты. Берсанскийді және басқаларды таныдым. Саудамыздың біткені ме? Бұларды шынымен-ақ жау қуып келе ме екен. Мен тобырдың сонынан тұра жүгіріп, тез-ақ басып оздым да бар күшіммен:

- Тоқта, – деп ақырдым. Үйме-жүйме болып, тоқтай қалысты.

- Сендерге не болған? Неге қашып келесіңдер үн жоқ.

- Савицкий неге қашып келесің?

- Бәрі кетіп қалды, жолдас комбат. Рота командирі жараланған кезде кеткен. Біз жалғыз қалдық.

- Өтірік айтасың. Мен сапқа тұруға байырдым. Рет-ретімен санағанда отыз үш адам болып шықты. Мен қатта күйіп-пісіп тұрмын.

- Өңшең қорқақтар. Барша Совет халқы Отан үшін арпалысуда. Ал сендер, отыз үш сатқын окоптарыңды тастай қашып, жауға жол ашып бердіңдер. Жараланғандардың атынан, қаза тапқандардың атынан, өздерінің окоптарында жауға қарсы нағыз ерлікпен шайқасушылар атынан қазір бәрінді атып тастаймын. Бозжанов, пулеметті әкелуге бұйрық бер. Саптағылардың құты қашып, бәрі сұрланып кеткен. Мен солдаттардың бірі Прохоровтың қасына бардым.

- Неге қаштың? - Ол жауап бермеді.

- Әйелің бар ма? – деп сұрадым.

- Иә.

- Қалтаңдағы нәрсенің бәрін ал.

Ол өзінің қызыл әскерлік книжкасы мен бір кішкене суретті шығарды. Жас әйелінің бейнесін көрдім.

- Сенің әйелің бе? Өлер алдында қарап ал, енді қайтып көрмейсің. Жігіт өкіріп жылап, менің аяғыма жығыла кетті.

- Прохоров тұр. - Еніреген қалпында ол орнынан тұрды.  
- Савицкий, саптан шық. Шилібаев, шық бері! Сен де, сен де.  
Көзінен жас көрінгендердің бәрін осылайша саптан шығардым.

- Неге жылайсыңдар? - Үн жоқ.

- Әбіл, неге жылайсың?

Шилібаев өксіп тұрып үн қатты.

- Сіздің қолыңыздан кеткенше... Немістің оғынан өлгенім жақсы.

Осы арада Бауыржан ата-бабамыздың ұлағатты сөзі мақал-мәтелдерінен сұмдық ой толғатуы кітаптың жарты бетіндей болған соң, мынандай шешімге келді.

- Барындар, - дедім мен. — Кінәларыңды кештім. Мә, Прохоров, суретінді ал, әйелің жаныңда болсын. Төккен көз жастарың үшін сендердің маскара қылықтарыңды кештім. - Енді басқаларына үн қаттым.

- Ал сендер жөнінде не істеуім керек?

Бәрі үшін Березанский жауап берді.

- Біз де соғысамыз.

- Біздің кім? Сен бе?

- Бәрі соғысады.

Бозжанов менің бұйрығымды орындап, пулеметке адам жіберген болатын, ал енді менің рұқсатымсыз жарлық берді.

- Кімде-кім ұрыста абыроймен өлуге риза болса, бері шықсын. -  
Бәрі бір кісідей алға адымдады.

- Березанский, - деп үн қаттым мен. — Жана сен «біз» дедің ғой, ендеше бәрі үшін жауапты бол. Осы взводты басқар. Ал, Бозжанов, сен рота тізгінін қолыңа ал. Дереву барып бекініске орналасыңдар. Бозжанов жалма-жан дауыстап жіберді.

- Ер соңымнан, жолдастар. (28 том, кітап 180-185 бетке дейін).  
Сөйтіп отыз үш қашқын қорқақ толты пулеметпен атып тастамай Бауыржан күнәсін кешірді. Тәртіп үшін қатаң болса, мейірімділігі де сондай екенін сезесің. Бауыржан өте қауіпті сәттің өзінде ойын ұтымды жағына тез қарататынына сұмдық таңғаласын.

*12.06.2011 жыл.*

Қасыма Бозжанов келді.

- Ақсақал, - деді ол – бір ұнамсыз оқиға болды.

- Ал. Не болды.

- Жаралылар қалып кеткен.

- Қалып кеткені қалай? Оны қайдан білесің?

- Қазір доктормен сөйлестік. Артта қалған күркелі арбадан дерек жоқ. Доктормен бірнеше санитар батальонмен бірге жүріп кетіпті.

Орнымнан ұшып тұрдым. Қалайша? Басқа көргеніміз аз болғандай-ақ. Біз батальон болып опасыздыққа дейін барыппыз. Жаралыларға опасыздық істеп, тастап кетіппіз. Жорық тәртібі бойынша санитарлық взвод болатын орталыққа қарай асыға бастым. Соңымнан Бозжанов келді. Сондайдан-ақ Белековты көрдім.

- Белеков, - деп дауыстадым мен. – Тұр, - деп ақырып жібердім.

Белеков медицина қызметінің капитаны болатын.

- Маған ақырмауыңызды сұраймын.

- Жаралылар қайда?

- Мен арбакеш емеспін. Білмеймін.

- Білмейсіз бе? Өзіңізге сеніп тапсырылған жаралылардың қайда екенін білмейсіз бе?

- Білмеймін. Арба қалып қойған.

- Маған неге мәлімдемейсіз. Сіз абыройдан айырылдыңыз. қанын төккен жолдастарыңызға опасыздық жасадыңыз.

- Мен ешкімге де опасыздық жасаған жоқпын.

- Колонна бойынша хабарландар: лейтенант Рахимов маған келсін. Бір минут өтпей-ақ рота командирлерінің бәрі – Филимонов, Тимошин, Бозжанов түгел жиналды. Мен былай дедім:

- Жолдастар! Әскери дәрігер Беленков біздің жаралы жолдастарымызды тастап кеткен. Біз қалып кеткен дәрменсіз жолдастарымызды бүкіл колонна болып құтқаруға баратынымызды жауынгерлерге түсіндіріңдер. Лейтенант Брудный осында ма?

Брудный алқа-қотан тұрған топты жұрттың ішінен алға шықты. - Брудный, басқы жортуылшы ретінде алда жүресің. Жолдастар, роталарына жетіп, бұйрықты орындаңдар. Өзіміздің ізімізбен қайта оралып келеміз. Табан астынан немістермен кездесіп қалуымыз мүмкін. Орман іші қараңғы тартты. Арада бір жарым сағаттай уақыт өткенде, қарсы алдымыздан байланысшы Самаров жүгіріп шықты.

– Жолдас комбат, лейтенант Брудный жіберді, қалған жауынгерлер табылды, – деп дауыстады. Ұзамай тақырда тұрған арбаны көрдім. Мен Киреевті шақырып алдым.

- Неге қалып қойдың?

- Аттар болдырып қалды, жолдас комбат.

- Немістерге тап болсаң ше?

- Олай да болуы мүмкін.

Мен Рахимовқа батальонның барлық рота командирлерін шақырып, тақыр алаңда сапқа тұрғызу жөнінде бұйрық бергенмін. Бұлардың қатарында доктор Беленков та тұр.

- Беленков, саптан шығыңыз, - дедім мен. Мен нықтай сөйледім.

- Қорқақтығы үшін, абыройынан айырылғаны үшін, жаралыларды тастап кеткені үшін Беленковты қазіргі қызметінен тайдырамын. Ол совет командирі, советтің әскери дәрігері деген атаққа лайық емес. Беленков! Айырым белгілеріңізді, медициналық сумқаңызды, әбзеліңізді сыпырыңыз.

- Сіз... Сіз... Сіз – деп қарсылық білдірмекші болды ол.

- Жап аузынды! Киреев! Мұнда келіңіз. Өз винтовқаңызды Беленковқа тапсырыңыз. Сіз, Киреев санитарлық взводты басқарағын боласыз, ал бұған лайықсыз мына адам қатардағы санитар ретінде жаралыларды өзі іздеп алып шығатын болады. Беленков, жарлықты орынданыз. Айырым белгілері сыпырылсын.

Беленков тұтыға сөйледі.

- Менің... Менің жоғары дәрігерлік білімім бар. Мені бұдан айыруға сіздің правоңыз жоқ. Мені бұдан тек халық комиссары айыра алады. Шынында да устав бойынша, заң бойынша менің мұндай правом жоқ еді. Тіктеп қарадым да, батыл қайырдым.

- Бұған менің правом бар. Біз, төрт жүз елу совет жауынгері, өз армиямыздан қол үзіп алдық. Біздің батальон – арал дерлік. Жау басып алған жерлердің ортасындағы Совет аралы бұл. Ал осы аралдағы ең жоғары өкімет билігі менің қолымда. Мен батальон командирі, қазір бүкіл советтік мемлекет билігінің өкілімін.

- Мен мұнда, - енді мен тым қатты кеттім. – мен мұнда Совет Одағындағы барлық Қарулы Күштердің бас қолбасшысымын. Осынау аядай жерде алды-артымызда да, оң жағымыз бен сол жағымызда да жау тұрған кезде мен совет өкіметімін.

Мен, өз әскерлерінен қол үзіп қалған батальон командирі, міне осындай адаммын. Ал сен қоян жүрек қорқақ неме правон жоқ дейсің маған. Мен сені дәрежеңнен айыру былай тұрсын опасыздығың үшін атып тастау былай тұрсын. тіпті боршалап кескілеуге де праволымын.

Мен еркісіз орнымнан тұра келіп тебіренген қалыпта өзімнің осы сөзімді Панфиловтың алдында қайтадан айтып шықтым. Нақ осы араға келгенде ол күле бастады..

- «Мен – Совет өкіметімін» деп тіке айтып салдыңыз ба?

- Иә, жолдас генерал.

- Мен «Бас қолбасшымын» деп те соқтыңыз ба?

- Иә.

- Е, жолдас Момышұлы, алыптың сыбағасы ғой бұл.

- Әңгіменізді айта беріңіз. Бірақ асықпаңыз. Мен сізге мұрсат беремін. Сіз бен біз қазір орман ішіндегі алаңдамыз. Ол тағы да күлді.

- Сіз, шынында да өз докторыңызды боршалап кескілейтін бе едіңіз? - Енді мен де күліп жібердім. – Кескілеу қайда, жолдас генерал. Дәтім шыдамас еді.

- Ал жоғары дәрігерлік білім жөнінде не айтасыз? Мұны қайтпексіз?

- Жоғары дәрігерлік білім жөнінде мен оған былай дедім, жолдас генерал, «қатардағы санитар болып қызмет етесін. жауған оқ астынан жаралыларды алып шығып шынығасың, өз борыншынды адал атқаруды үйренесің, міне, сонда жоғары дәрігерлік білімнің болады. Қатардағы жауынгер бола жүріп, жоғары дәрігерлік білімге татитын еңбек сіңір» - дедім. Сөйтіп дәрежесінен айырдым, жолдас генерал.

Панфилов маған күлімсірей қарап отырды. Менің әңгімемдегі кейбір жайттар оған ұнап қалғандай, өзінің көңілге түйген әлденендей бір ойына дөп келгендей көрінді маған.

- Сіз, жолдас Момышұлы, бұл оқиғаның қанша гибрат аларлық екенін бәлкім әлі де түсіне қоймаған боларсыз. Рапорт жазыңыз. Мен өз тарапымнан армия қолбасшысынан мұны бекітуді өтініп сұраймын. Бірақ бұл өз алдына... Әңгіменізді одан әрі айта беріңіз.

Мен өз мәлімдемемді жалғастырдым, яғни, дұрысын айтқанда. өзімнің командирлік сырымды шерте бердім» - дейді Момышұлы.

«Бір күндік өмірі бар көбелектің өзі тіршілік қамымен жүргенде кейбіреуіміз өмірді нейбетке өткізетініміз бар». (Отан соғысында өз міндетін орындамай жаралыларды тастап кеткен Беленковқа Бауыржанның берген жазасы тура екенін Панфилов та құптаған. С.М.)

*15.06.2011 жыл.*

\* \* \*

«Заевпен бірге ұрыс майданынан қашқан төрт пулеметші - өңшең қорқақтар, - дедім мен. – Сендер тылда тырайғайлап жүргенде адал жауынгерлер жаумен жағаласты. Енді неге келдіңдер? Өз жолдастарыңның беттеріне қалай қарайсыңдар? Ар-ұяттарың қайда?

- Сенің ар-ұятың қайда? Ползунов?

- Жолдас комбат, сіздің қалай қарсы алатыныңызды білгенбіз. Сонда да алдыңызға келіп тұрмыз.

- Бірден неге қайтпадыңдар. Жолдастарыңның жаумен шайқасып жатқанын көргеннен кейін неге бұрылмадыңдар. - Заев үн қатпады. Гаркуша мынанды жауап айтты:

- Немістерге тап болдық, жолдас комбат. Басқа жаққа бұрылған едік. Төбемізден тағы да оқ жаудырды. Мен былай деп бұйырдым.

- Заев, штабқа барыңыз. Ал сендермен, өңшең қанғыбастар, әңгіме басқаша.

Ұзамай Заевтың соңынан бөлмеге Бозжанов кірді. Заев:

- Жолдас комбат, сіздің жарлығыңыз бойынша келіп тұрмын.

- Қаруыңды тапсыр, - деп бұйырдым мен. Заев асынған қайыс бауларын ағытып, белдігін, пистолет қабын шешіп, бәрін стол үстіне қойды.

- Жұлдыз алыңсын. Айырым белгілері сыпырылсын!

Заев жарлықты үнсіз орындады.

- Петлицаларыңды жүл, - деп талап еттім мен.

- Жолдас комбат, мүмкін петлицаларымды қалдырыңыз.

- Жок. Жұлыңыз. - Екі петлицасын да жұлып-жұлып алып

столдың үстіне тастады. Енді Заев жай солдат болудан да қалды. Мен оның ең соңғы жауынгерлік белгісін де алып қойдым.

- Барлық қалта ақтарылсын. Ондағы зат біткеннің бәрін стол үстіне салыңыз. - Жарлыққа мойынсұнған Заев қалтасындағы нәрселерін шығара бастады. Төс сипалаған Заевтың қолы бөгеліп қалды.

- Бұл аяулы нәрсе. жолдас комбат.

- Шығар бәрін. - Түймесін ағытып, қалтасынан бір буда хат алды. Хаттармен бірге суреттер де шықты.

- Хаттар кімге келген?

- Әйелімнен.

- Заев, - дедім мен, - бұл хаттарға ешкім тимейді, бұларды ешкім оқымайды. Мен ішімнен үкім шығарып, шешім қабылдап та қойдым: ату жазасы. Бірақ тағы ойланып толғандым. Заев, әйеліңізге хат жазуға мүмкіндік бере аламын. Сіз өзіңіз басқарған рота сапының алдында атыласыз. Сізді өзіңізбен бірге қашқан жауынгерлер атады.

- Жолдас комбат, - деп үн қатты Заев, - менің абыроймен өлуіме мүмкіндік беріңіз. Өз ротамда қатардағы жауынгер ретінде өлуіме мүмкіндік беріңіз.

- Болмайды.

- Жолдас комбат, білмеймін... өлім жазасына лайықпын. Барлауда ма, атака кезінде ме, әйтсеуір жау оғынан өлетін болайын. Шешен болып кетті. Заевтың өзін-өзі ерлікпен айыптауы «Кешірім ет, өмірін сақта» деп жар салғандай.

- Әйеліңе хат жаздың ба?

- Иә. Бір мезеулікте масқара болып, өз өмірімді еш кетірдім.. Әскери сап алдында атылатыным туралы да жаздым. Балама шындықты айтпай, оны аялап өсіргейсің дедім. «Әкем ұрыста қаза тауыпты» деген сенімде болғаны жақсы ғой оның.

- Рахимов, қағаз алыңыз, - дедім мен - Былай деп жазыңыз. «Дивизияның әскери трибуналына». Маған қарасты батальонның екінші ротасының бұрынғы командирі Заевты қамауға алып, сізге жіберіп отырмын. Үстіміздегі жылдың 30 октябрінде Быки деревнясының маңында, Заев ротаның бір бөлігін соңына ертіп алып, ұрыс майданынан масқаралықпен қашып кетті. Отанына

опасыздық жасаған мұндай сатқынға лайықты бір ғана жаза- оны сап алдында ату. Заевтың қылмысты ісін қарап, батальон сапының алдында ату үшін оны соттың үкімімен бірге маған жіберуді трибуналдан өтініп сұраймын». Жаздын ба?

- Иә, жолдас комбат.

Мен қағазды алып оқып шықтым да, уақытын көрсетіп, қолымды қойдым. Осы қағазбен бірге Заевты дивизия трибуналына айдап жібердім. - дейді Б.Момышұлы. (28 том. кітап 251 беттен 263 бетке дейін).

*18.06.2011 жыл.*

\* \* \*

Синченко

- Жолдас комбат, Заевты көрдім.

- Қайда?

- Сонау үйде. Үйдің қасында да нәбетші сақшы тұр. Дивизия прокуратурасы мен әскери трибуналы осы үйде орналасқан екен. Өтіп бара жатқан бетімде тоқтай қалып, күрең төбелден түстім де трибуналға қарай беттедім. Сақшы нәбетші офицерді шақырды.

- Сізге кім керек, жолдас аға лейтенант?

- Мен Заевтың ісі туралы білгім келеді. Осы күнге дейін үкім шығармауы қалай?

- Қазір анықтайын. Сәл күте тұрыңыз.

Маған әскери тергеуші егде адам келіп жолықты. Қолында қалың папка. Сыртынан «ісі» деген бір сөзді көзім шалды. Мен аты-жөнімді айтып одан:

- Заевтың ісін әлі қарап болған жоқсыздар ма? – деп сұрадым.

- Келгеніңіз өте жақсы болды, жолдас аға лейтенант. Сіздің рапортыңыз бойынша трибунал істі қарауға кірісе алмайды.

- Неге?

- Біріншіден, жолдама қағазға нөмір қойылмаған, мөр басылмаған.

- Менің батальонымда мөр деген жоқ.

- Екіншіден,- деді тергеуші – сотқа тарту үшін полк командирінің рұқсаты қажет. Тек одан жауап алдым. Өзі жазып берді. Бәрін де мойындады, танысуыңызға болады. Тергеуші маған папканы



ұсынды. Оның ішінен өзімнің рапортымды. Заевтың бір парак қағазға түсірілген жауабын көрдім.

«Мен ұрыс майданынан қашып, әскери қылмыс жасадым». «Пулемет артылған арбамен қаштым. Пулеметші жауынгерлердің қашыл кетуіне де айыптымын» - депті. Жауабында Заев өз кінәсін әсте жуып-шаймаған қайта:

«Мен қылмыстымын, ақтарлық еш нәрсе жоқ» - деп ашық жазған. Сөйтіп ол өзіне өзі үкім шығарған.

Мен камалғандар жатқан үйге көз салып едім, кенет бір терезенің жақтауына маңдайын тіреп маған қадала қарап тұр. Нақ сол арада мен өзімді өзім билей алмай қапелімде бір өрескел қылық жасадым. Папканы оның ішіндегі өз рапортымды да Заевтың жазба жауабын да ұсақтап жыртып, желге ұшырып жібердім. Соның артынша: «Заев», – деп дауыстадым мен. Ол сынық терезенің жақтау ағашына жармасқан күйінде көздері отша жайнады. Тергеуші күйіп-пісті:

- Мұныыз не? Заңды бұзушылық қой бұл. Мен мәлімдеймін. Дивизия командирі сіздің бейбастық қылығыңызды білетін болады.

Сонда ғана есімді жиып, шынында да әбестік жасағанымды сездім.

- Жолдас тергеуші, мұны босатуға рұқсат етіңіз. Өз айыбын ұрыста өтесін. - Тергеуші бірден тыныштала қоймастан, мені право бұзушы деп атады, одан соң қолын бір сілтеді. Заевты босатуға рұқсат етті. Бірақ менің өрескел қылығым жайында дивизия командиріне мәлімдейтінін қайталап айтты.

Бірнеше минуттардан кейін тиісті документтер реттеліп, Заев босатылды. Қағазды сарапшыға бердім де:

- Заев, батальонға бар, - деп дауыстадым. Қас қаққанша ол үйден жүгіре шықты.

- Құп болады, жолдас комбат, батальонға барайын.

- Бұрын бойыңызда болған нәрсенің бәрін тағып алыңыз. Енді Заев толық офицерлік қалыпқа келді.

- Тағы да екінші ротаны басқарасың, - дедім мен.

- Құп, жолдас комбат, екінші ротаны басқарайын.

- Штаб бастығымен бірге өз ротана барасың, - дедім мен, - тағы да жауынгерлерді жинап, өз кінәнді айтып бересін. Өз аузыңмен айтасың.

- Құп болады, жолдас қомбат.  
- Әйеліңе жазған хатың мынау, жырың тастауыңа болады.  
- Жок, жыртпаймын. Кінәмнан арылған кезде ғана жыртамын мұны. (29 том, кітап 4 беттен 9 бетке дейін). (Көп қысқартып алдым. Бауыржан Момышұлының шын-ақиқат үшін жүрегі сұмдық қатал болса, өте қатал ауыр қылмыскер үшін жүрегі тым керемет кешірімді екені рота командирі Заевты құтқарып алғанынан сезіліп тұр. – «Менің қылмысымды ақтаралық еш нәрсе жоқ», деп ашық кінәсін мойындап жазса, әйеліне жазған хатын «кінәмнан арылған кезде ғана жыртамын» деуі Заевтың нағыз шын-ақиқатқа құл екенін сездіреді). С. М.)

*20.06.2011 жыл.*

«Адам адамдық қымбат қасиеттерді бойына меңгергенге не жетсін». Бауыржан адамдық қымбат қасиеттердің бәрін бойына меңгергенін 30 томдық шығармаларын оқып сезіндім. С. М.

«Адамзат мүддесіне ортақ ойлы жазылған шығармалар поэзияда да, прозада да баршылық. Сол ашқан жаңалығын, не ойлаған мақсатын әркім өзі іс жүзіне асырса, сол нағыз данышпан және нағыз ержүрек батыр». Бауыржан сондай батырлардың батыры. С.М.)

\* \* \*

Мен өз күнделігімде халық батыры Баукең туралы, оның жан алып, жан беріскен сонау сұрапыл соғыстағы бейнесін, іс-қимылын санамалап жазуды мақсат еткен жоқпын. Олай етсем бұл бір емес, бірнеше кітапқа жүк болар еді. Айтпағым бір қарағанда қатал шешімдерінің астарында турашылдық, адамгершілік қағидалары тұрғанын ескерту еді. С. М.

\* \* \*

Қадыр құда 03.07.2011 ж. қаза болған, соған Алматыға барып жерлеуге қатысып, кешіне Жиенбеттегі үйге келдім.

*05.07.2011 жыл.*

Әкем Мәдімәр Тұңғышбаевты 1889 жылы туып, 1945 жылы қайтыс болған. Мен әкемнің 51 жасында 1940 жылы туыппым. Сонда әкеден 5 жасымда жетім қалып, әкемді сағынып өстім.

Аяғын апыл-тапыл басып мынау өмірдің өзіндік сырларына қаныға қоймаған төрт-бес жасар балада қаншалықты ес болуы мүмкін. Мен әкеден ерте айырылғандықтан онымен болған үзік-үзік суреттер мәңгі жадымда қалды.

Енді осы жөнінде айтайын.

Әкем бидай қаптаған қаптың ауыз жағына салып маған кара пима әкелгенін білемін.

Әкем көп ақша санағанда қасында отырған маған екі қағаз ақша бергені де есімде қалыпты.

Үйіміз көшкенде әкем ауырып, жүк артқан түйенің үстіне жатып келгенін де білемін.

Түн ортасында біздің киіз үйге ұрылар от қойып (киіз майша лаулап тез жанады ғой) есіктің алдындағы әкем бағатын қолхоздың бір отар қойынан бөліп алып айдай қашқан. Бірақ оларды қасқыр алып жүрген есектей екі төбет Қырқар мен Алыпсоқ жібермей арпалысуда. Сонда әкем үйде тұрған екі шелектегі судың алғашқы бірін өртке өрістетпей дәл құйып, енді екінші шелектегі суды құя берген опыр-топыр дүрбелең кезде мен оянып кеттім. Өртті өшіре салып әкем мен шешем үйден жүгіре шыққан қарбаласта шошып үрейленген мен де жылай қабаптаса соңынан ілесе далаға шықтым. Әкем мен шешем ұрыларға ит қосып «Айдақ, айдақ, айт» деп дем беріп жүргенде мен үйдің артындағы тоған суға түсіп кеттім. Терең суға бір батып, бір шығып шолпылдатып ағып бара жатқан жерімнен қайран әкем жүгіріп келіп мені судан суырып алды.

Сонда ұрылар үйге от қойып, отардың бір бөлігін айдай қашып иттер үріп, жан алып - жан беріскен сәттің өзінде «Қарғаның бір көзі бокта болса, бір көзі окта» деп қаранғыда қапыс қалмай, менің тоған суына түсіп кеткенімді қалай байқап қалған десеші. Қайран әкем, мені өлімнен алып қалған кезі, көз ілеспес сәттілікке баға да жетпес. Шіркін, сөйткен әкеме бұл өмірге мен оған не ола көрсеттім деп кейде қиналамын. Сонда ұрылардан қойды иттердің күшімен түгел алып қалды. Ұрылар ұсталмаса да жаңадан жер аударылып келген шешен ұлтынан екені белгілі болды. Өйткені

ұрыларды иттер талағанда жандалбасалап өздеріне тән белдігін сермегенде иттер белдігін тістеп, бір ұшын қиып үзіп алып қапты. Осы белдіктің үзігі шешен халқына тән екені анықталған. Киіз үй босағасының осы өртенген орны сол бір қауіпті оқиғаның куәсі ретінде мен есейгенде де көз алдымнан кетпей ойымда мәңгі қалды.

Әкем маған бір жорға, құнан, не дөнен-ау деймін, сатып әкелді. Ерттеп, соған мінгізген кезде аузы ақ көбік болып тұрғаны есімде қалды. Сол жорғаны ұрылар ұрлап әкетіп, оны Шу стансасында сойып жатқан жерінен әкем ізімен барып ұстайды. «Төгілген толмайды» деп айыбына берген торы байтал мен анама тігін қол машина алып келгені әлі есімде. Сол торы байтал әкем өлген соң жүйрік торы бие болды. Оны кейін Ұмбетқұл сұраусыз мініп, қамшымен ұрып оң көзін ағызып жіберді. Содан соң «Мәдімәрдың соқыр биесі» деп атады ауыл.

Әкем қайтыс болғанда киіз үйдің ішкі іргесіне шымылдық құрып, сүйегін сонда жатқызып, үстіне үлкен тас бастырып қойыпты. Іші кеуіп кетпес үшін қойса керек. Мен өлген әкемді киіз үйдің іргесінен сығалап көріп жүргенім әлі есімде.

\* \* \*

Міне, әкем туралы ойымда ұмытылмастай болып қалған оқиғалар осылар ғана. Басқа бес жасыма дейін әкемнің не істеп, не қойғанын білмеймін. Пенде шіркін бардың қадірін біле бермейді. Ал, әкенің қадірін мен сияқты жетім өсіргендер ғана біледі. Жүре келе әкенің орны бөлек екенін қорлық көріп, жылап сағынып өстім.

Әкем мешін жылғы (1932 ж.) аштықтан қысылмай аман өткен екен. Одан кейінгі өлгенге дейінгі өмірі Шу өзенінің екі жағындағы ел ішіндегі ең ауқаттылар қатарында болған көрінеді. Әкем қайтыс болған кезде төрт түлікті малды болыпты. Қойдың өзі жүзден аса екенін ел-жұрт айтатын.

Әкем жоқ болса да тамақтан, ішім-жемінен, киім-кешектен, шаруа-тіршілікке күш-көліктен таршылық көргеміз жоқ. Бәріне де бардам болдық. Костюм-шалбарды қатарымнан бұрын кисем, белесепетті де бұрын айдадым. Ол кезде ауыл тұрғынының көбісінің тұрмысы төмен екені белгілі ғой. Жүйрік ат, жорға деген менде болды.

Мен төрт жетімнің үлкені болғандықтан шешем мен інім сырқат

болды да. үй тірлігіне жастай ерте араластым. Шешем айтқанына тақ тұрдым.

Мектеп оқуына құлқым жоқ болып, нашар оқыдым да, үй шаруасына бейім болып өстім.

Мен жоқшылықтан емес, баршылықтан қорлық көрдім деп есептеймін. Төрт түлік малдың қолдағысын бағамын, ұры-қары зорлықшылдан қорғаймын, өз әлімше жем-шөбін дайындаймын. Ол кезде бірен-сараны болмаса көбісінің тұрмысы төмен. Шаруаға күш-көлік қат. сұрап алғаны балай тұрсын, сұраусыз түйе, аттарды қарау адамдар зорлап алғанда боқтаудың неше түрін естісем, таяқ жеген кезім де аз болған жоқ. Соның бірін тілге тиек етіп кетейін. Мініп келе жатқан кара інген түйемді жолдан Моди деген шешен ұлтының жігіті ғартып алып, егістігінде жыртып қойған жерін кешке дейін өңдеді. Мен түйемді «бер» деп соңынан жүгіріп жылаумен болдым. Міне мұндай зорлықшылдар өмірде аз болған жоқ.

Әкем өлген соң төрт-бес жылдан кейін көп малдың белді иесі болмаған соң берекесі кете бастады. Үмбетқұл 30 саулық қойды тоқтысымен сонда, 60 басты кейін, тағы 20 басты қарызы үшін колхоздың есебіне салып жіберді. Шетінен бірден-екіден үйіне алғаны толып жатыр ғой.

Маған әкем қалдырған жүйірік шұбар атты сұраусыз Үмбетқұл мініп, зорықтырып өлтіріп, бізге терісін көрсетіп тынды. Жорғаны да құртама деп анам колхоз бастығы «мен мінейін, колхозға сат» деген соң колхозға сатып жіберді. Міне, осылай төрт түлік малымыз азайды.

Анам Іздән Тұңғышалы келіні 1913 жылы туып 1991 жылы өмірден қайтты. Әкем Мәдімәрдан 32 жасында жесір қалды. Анам ашық-жарқын, ақ көңіл, көпшіл, сөзшең болатын.

Бар болған соң ба, жесір әйел болса да қазаны оттан түспейтін, дастарханы жиылмайтын, үйді кісіден кісі басып жататын жиі еді. Кейінгі кезде аурушаң болды. Әйтпесе еңбекшіл еді. «Береген қолы алаған» деп қолы қысқа, кемтар момындарға күш-көлікті, тұрмысқа қажеттілікті де көп беретін. Көбіне сол бергеніне жазатын. Мысалы, Есеналы деген кісі екі күнге сексеуіл әкеліп алуға қара інген түйемізді сұрап әкетті.

Соны тоғызыншы күні әрең әкелді. Сөйтсе, түйені баглакка

тығып, екі-үш айдан соң өлмей өз қалпына әрен келді. Апам неше күн сол үшін жылады. Сұраусыз кейбіреуі «берсе қолынан, бермесе жолынан» деп жесір әйел, жетім бізді басынып талай нәрсе істейтін. Анам Іздән сезімді, саналы, әр нәрсенің жөнін біліп, істің көзін табатын. Ешкімнің көңілін қалдырмайтын. Көп малдың аяқасты болуы сондықтан болса керек. Кеңес өкіметі құрылған алғашқы колхоздану сәтінде Жиенбет ауылының қазіргі қонысын менің анам Іздән таңдап қоныс құрған екен. Сонысына бола бүгінде «Іздән» атында бір үлкен, тағы бір шолақ екі көше бар.

Үй шаруасынан өзге алтыншы сыныптың үш ай демалысынан бастап қоғам жұмысына араластым. Шөмеле салдым, арба айдап шөп тасыдым, арба айдаушы болып жұмысшыларды жұмысқа апарып үйіне әкелдім. Сексеуіл тасып, қамыс орып, шөп шауып осыларды үйге тасып, базарға да сатып тіршілік қамын жасадым.

1956 жылы жетінші сыныптан соң 1958 жылға дейін колхоздың неше түрлі жұмысына араластым. Арба айдаушы болдым, жылқы, сиыр, бұқа да бақтым. Бір бұқа сүзіп, өлім аузынан қалдым. Сақпаншы, шопан да болдым, колхоздың белсенділері қайда жұмсаса соған бардым. Қант қызылшасының неше түрлі жұмысына атсалыстым. Сонда Ләлә дейтін мақау бала екеуіміз Шу стансасындағы қант заводында қант қызылшаны машинадан түсіруші болып жарты ай жаттық. Сонда Ләлә жүргізушілерден тамақ сұрап, мені жарты ай бақты. Ләланың мақау екенін ескеріп машина айдаушылары тамақ беретін. Қазір ойласам айдалада біз жататын жатын орын жоқ, көрінген бұрышқа түнейміз, не тамақ жоқ, неге барғанымызды білмеймін. Колхоз да жарытып ештеңе төлемейді ғой. Қазір ойласам, жігерім күм болады.

Колхоздың белсенділері мені қайда жұмсаса соған бара берген тіл алғыштығымнан болса керек, мені шақырып алып, 1958 жылы Жамбыл қаласындағы ауыл шаруашылығы мектебінің қой шаруашылығының бригадирлік мамандығын дайындайтын оқуға жолдамамен жіберді. Айына 30 күн еңбек күн жазып 200 сом (ескі ақша) ақша колхоз есебінен төлеп, мені бірінші оқытты.

Бұдан кейінгі өмір жолымнан бастап осы жасқа дейінгі не істеп, не тындырған деректерім «Жалған екен көргенім», «Күміс той»,

күнделіктерде, хикаялармен өзге де шығармаларымда сыр беретін болғандықтан қысқартып отырмын.

\* \* \*

«Ленин, Сталин, Маленков, Хрущев, Брежнев, Андропов. Черненко, Горбачев – міне, бұлардың әрқайсысы бір жүйелі Кеңес Одағын әртүрлі басқарды. Тіпті ең соңғы басқарған Горбачев «қайта құру» деп жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш мемлекеті -- Ұлы Кеңес Одағының шаңырағын ортасына түсіріп тынды. Одан да кейін басқарған Борис Ельцинге мың рахмет. Бірталай кірме республикаларға тәуелсіздік алып берді. Оның жаны жанатта болсын, марқұмның деп Алладан тілеймін».

*23.07.2011 жыл.*

\* \* \*

«Мәңгіге жататын не болды екен. Мәңгі дегеннің өзі ақырзаманда жоқ болатын сияқты Алла ақырзаманды болдырмаса екен» деп тілейік.

\* \* \*

«Мен қазір жетпіс бірдемін. Бұл сан жасамал болғанымды көрсетсе, оның аржағында уақыттан ұтылыс жасадың дегендей сыр тұр. Қайран өмір, уақытыңды осылай ұрлайды екен-ау».

\* \* \*

Балам Мұратбек Мәдімәр Тәжікстанда елшілікте қызмет істеді. Зәбира екеуімізді Тәжікстанның елді мекені.н талай тарихи орнын. нысандарын аралатып қыдыртты. Одан соң Өзбекстан елшілігінде қызмет істеді. Ташкент қаласын, тағы басқа елді мекендері мен тарихи орындарын қыдыртып, қыдырған жерлердің бәрінде 100-ден 300 жуық суретке түсірумен болды. 2008 жылдан 02.08.2011 жылға дейін Швейцарияда елшілікте әрі Женева қаласының Біріккен Ұлттар ұйымының бөлімшесі мен халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдігінің үшінші хатшысы болып қызмет атқарды. Зәбира екеуімізді бір айға жуық Швейцарияның барлық қалалары мен тарихи орындарына

қоса Франция, Италия және Германияның кейбір қалаларын аралатып көрсетті. Сонымен қатар, жол жөнекей Түркияның әсем қаласы болып табылатын Стамбул шаһарымен таныстық. Солардың бәрінде суретке 2000 аса түсірді. Мұратбек баламызға мың да бір рахмет. Енді міне қызмет орны ауысып, Астана қаласына келді. Алла бала-шағасымен аман-есен қылып, ой-мақсаты орындалсын деп тілеймін.

*03.08.2011 жыл.*

\* \* \*

Исақұл Ошанқызы 02.08.2011 жылы өмірден өтті. Соны бүгін соңғы сапарға шығарып салушы көп болды. Мен «Көлқұдықта» Ошан қариямен 20 жыл көрші тұрдым. Сонда Исақұл бойын жаңа түзей бастаған қыз еді. Ошан менің әкемдей, Исақұл туған қарындасымдай болатын. Исақұлдің оқығаны, Бейбітбайға тұрмысқа шыққаны, балалы болғаны, неше түрлі қызметі, өмір жолының әртүрлі құбылыстары, тіпті бүгінгі күнгі соңғы сапарға дейінгінін бәрі Забира екеуіміздің көз алдымызда өтті.

Біз Исақұл -- Бейбітбайдың өміріндегі іс-шарасының бәріне қатыстық. Бізден кейін де көп жора-жолдас, дос-жаран тапқанын мына қазасына қатысқандардан көз жеткізіп, марқұмға риза болдық. Исақұл қыз бала болса да кейбір тұстары ер жігітке бергісіз еді. Адамгершілігі зор, алғыр да, ақылды, көпшіл болатын. Өткінші өмір шіркіннің неше түрлі құбылыстарының тек адамдық жақсы жағын меңгерген еді. Марқұмның жаны жанатта болып, арты тойдан той болсын деп Алладан тілеймін.

\* \* \*

Бүгін Әсия, Серік Шымкент облысындағы Түлкібас ауданы, «Сарытөр» ауылындағы мешіт имамы Қанатбекке

1 – «Түсімдегі жолбарыс» атты 13 кітап

2 – «Көлқұдык» атты 13 кітап

3 – «Аша елі» атты 13 кітап

4 – «Болашаққа хат» атты 13 кітап. Барлығы менің 52 кітабымды апарып берді.

*06.08.2011 жыл.*



\* \* \*

Бүгін елді шақырып, екі немереміздің шілдехана тойсымағын, әрі елге ауызашар бердік. Әсия, Серік Шымкентке кетті.

*15.08.2011 жыл.*

## ЖЕТІНШІ КҮНДЕЛІК

\* \* \*

Зәбира екеуіміз Шымкент қаласында тұратын марқұм Мейрамбек баламның екінші қызы Торғынның тұрмыс құруы жайлы барып ақыл қорыттық.

Сонда тұратын қызым Әсия – Серік және нағашылары, анасы Ләззат бәріміз 07.10.2011 жыл күні «Жайлау» мейрамханасында қыз ұзату тойын өткізетін болып келістік.

*16 – 19.09.2011 жыл*

\* \* \*

Алла жанды-жансыздың кожасы етіп адамды бәрінен артық жаратқан. Тіпті, 18 мың жандының адамға бағынғысы келмейтін өте жыртқыш айбындыға қаһарлы сұмдықтардың өзін дегеніне көндіріп керегіне жарататын да адам. Сөйтіп бұл өмірдегі жаратылыс құбылыстарының өзіне тән құпиясының сырын адам ашып келеді. Өлі аша бермек. Онда да таусылмақ емес. Осының ішінде тек жансыз нәрсеге келмек болсақ соның әрқайсысының өзіне тән болмысына қарай барлығын адам өзін тиісті жеріне орын тауып қойып соған жұмсап керегіне жаратуда. Мысалыға, соның бірін ғана алар болсақ: топырақ, тас, құм, цемент, су, кірпіш, ағаш міне, осы сияқты тағы басқа толып жатқан құрылыс салуға керек заттың бәрінің басын қосып біріктіріп барып соның әрқайсысын өзіне тән атқаратын тиісті орнына қойып бір-бірімен ұштастырып жұмсап, керек жеріне жаратқанда ғана ойындағы бір ісі біткен адам қалаған жеріне үй тұрғыза алады. Егер осы құрылысқа тән керек заттың бірі кем болып болмай қалса, құрылыс бітпей тоқтап қалады. Болмай қалса шегенің өзіне құрылыс бой кетермейді. Бұған қоса құрылысқа тән әрбір заттың өзіне тиісті керек жерін бүтіндеп тұра қалатын орнымен атқаратын міндеті бар. Сонымен

қоса құрылыс заттың әрқайсысының атқаратын міндетіне қарай мықты-нашарлығы, салмақты-салмақсызы, салмақ көтеретіні-көтермейтіні, ауыр-жеңілі, төзімді-төзімсіздігі, қалың-жұқалығы көп уақыт – аз уақыт шыдамдылығы, шіруі-шірімеуі, тот басуы – тот баспауы, сынуы – сынбауы, майысуы – майыспауы, үгілмеуі – үгілуі, дым тартуы – дым тартпауы, құлауы – құламауы, жарылуы – жарылмауы, лықсуы – лықсымауы, құрылыстың отыруы – отырмауы, жылуы – суығы, жарығы – қараңғысы, ауасының таза-тары, кездейсоқ қауіп қатер оттын, судан, боран-дауыл, жер сілкінісі сияқтыларға төзімді мықты болуын осының бәрін ескеріп отырып адам өзіне құрылыс салады.

*02.10.2011 жыл*

\* \* \*

Менің бұлай ой қозғауым түкке тұрғысыз болар-болмас нәрседен шығып жеке бастың қамынан айтылып күнделікке жазғанымға оқырман қауымнан кешірім сұрай отырып ретсіз болса да енді тоқ етерін баяндайын.

Бұрын Шу ауданындағы орман шаруашылығы сексеуілді орман алқабын қақ жарып кең далаға поез жүретін темір жол салып, көп жыл поез вагондарымен сексеуіл тасыған. Сол кезде таскөмір дегенді ел білмейтін.

Кейін 1960-70 жылдар аралығында сол поезбен сексеуіл таситын мекемені қысқартып жауып, рельстерді жиғанда кейбір колхоз-совхоз шаруашылықтары өздеріне керегінше рельстерден сатып алып, мал қора тұрғызған. Қазақ елі тәуелсіздік алған кезде мал біткенді құрдымға жіберген басшылар әкесінің дүниесіндей шаруашылықтың бар байлығымен қоса малшы үйі мен мал қорасына дейін тоз-тозын шығарып, бұзып алып, сатқанын сатып, өзіне жаратқанын жаратып, қаладан басқа жерден үй салып, қалғанын иеленіп, тып-типыл етті емес пе? Сонда мен дәл малшы қауым орталығында тұрғандықтан рельстер сатып алғам. Соны «Көлқұдықтағы» қорама балам Ниязбек үй тұрғызғанда соған жаратқаннан қалғанын құры үйдің алдындағы бақша егетін жеріме мал түспес үшін темір сеткаға қадағып қойғам. Балам Мейрамбек те бақшасын қоршаған сеткаға қадағып қойған болатын.

Шын мәнінде әр заттын өз болмысына қарай өзінің жұмсайтын орнын тауып, лайықты жеріне жарату керек қой. Ал мына поезды көтеретін рельстер құры босқа сеткаға қада боп тұр. Бұл рельстерді бұрын поезд жүретін жолға төсеу үшін жұмсалғанмен шаруашылық оны құрылысқа бейімдеп дәнекерлеген. Сеткаға қада болуға ағаш, арматура сияқты жіңішке темір де жарайды.

\* \* \*

Астанада қызмет істейтін балам Мұратбекке «Ильинка» ауылынан үй берді 10 соттық жерімен. Үйден жері 2 метрдей ойлы алқап төменде. Тал, не бақша егілмей жері босқа жатыр. «Алла қолдап, қоғам берген жерің бос жатқанша балаларыңа үй тұрғыз. Мен мына құры сеткаға қада боп тұрған рельстерді қазып алып берейін, 2 метр ойлы-шұңқырға рельстерді қадағып цементтеп жертөле (подвал) тұрғыз. Жертөле де бұйым қоюыңа керек болса, әрі үстіне үй тұрғызуыңа асты мықты болады».

«Құрылыс салсаң өзіңе мықты ғып сал табаның. Қорғаушысы үйіңнің сол болады, қарағым» - деп Рудаки ақын айтпақшы үйіңнің табаны мықты болсын, дедім.

Ауыр рельстерді қазып аламын деп қиналып, зорығып ауырып қаласыз, - деп Мұратбек қарсы болды. Онда да мен ұзындығы 2,5 метр – 25, майда – 3, сонда 28 рельс, бұдан да ауыр салмақты жердегі түбі цементтелген қалың труба – 4, майда – 10 сонда 14 труба - барлығы 42 қаданы бір метрдей жерден қазып алып орнына қайтадан 42 қаданы қадап, жарты айда бүгін, міне, 02.10.2011 жылы бітіріп қойдым. Енді тағы үйдің қасында ұзындығы 7,6 метр - 4 жердегі көмілген түбі цементтелген ұзындығы 4 метрден – 11, тағы ұзындығы 2,5 метр – 13 сонда барлығы 28 рельстерді Алла қаласа аман-есен болсам келер жылы қазып алып, бәрінің басын қосып, Астанадағы «Ильинка» ауылындағы Мұратбекке жібермекпін. Бұл ауыр рельстер мен трубаларды көтеру былай тұрсын бір метр жерге көмілген, кейбіреуі цементтелгенді қазып суырып алу шал адамға оңай шаруа емес. Бұларды жерден суырып алғанда да, көтергенде де өзіме салмақ түсірмей әдіспен істеймін. Әйтпесе, 71 жастағы шалға мұндай жұмысты атқаратын күш қайда. Мұның бейнеттеніп, зорланып, ретін тауып істеуім жасымнан жетім болып

әбден тапталып өскеннің әсері шығар. «Балалары қызметкер, жердегіні жалман, аспандағыны арбап не көрінді сонша, одан 30-40 жастағы жігіттер де мұндай ауыр жұмысты істемейді» - деп ел-жұрт сөз қылады екен. Қадаларды алып жатқанымда өзіме де айтқандар болды. Мен мұны күнделікке мақтан үшін жазып отырғам жоқ. Балаларым мен басқаларға аузымен орақ орғанша бейнетқор болуын тілеп жазып отырмын. Жетім болып жасымнан қабырғам қайысып, омыртқам майысып, қорлық көріп өсем де еңбекшілдігім шығар «өмірдің мәні - мақсатта» - деп ойымдағы бар мақсатым орындалды деп толық айта аламын. Өткізген өміріме өте ризамын. Отаным тыныш, ел-жұртым, бала-шағам аман болып, солардың алдында Алла бүгін ала берсе де мойынсынып, оған ризамын, әумин.

\* \* \*

Зәбира, Галя, Дания, Аяла, Әсия-Серік, Арай, Мағжан және мен Шымкент қаласына барып, үлкен балам Мейрамбегімнің екінші аяулы қызы Торғынды «Қыз ұзату» тойын жасап, шығарып салдық. Қарағымның Алла барған жерінде бағын ашсын.

Тойға Торғынның нағашылары, жолдастары, тағы басқа сыйлы адамдар катысып, той тамаша өтті. Барған жері Дулаттың Сикымының «Алақүшік» деген атасы екен.

Зәбира, Галя, Дания, Аяла, Әсия-Серік, мен «ғайып – ерен, қырық - шілтен» тастың қуыс жапсарлас тар жерінен Алла кеңшілік етіп, бізге жол беріп, бәріміз өтіп шықтық. Құдіреттің әсерінен алыстан келген көп адамдардың ішінен өте алмай қалғаны да кездесті. Шырақшысы бізге «ғайып – ерен, қырық - шілтен» тас қуысы жайлы көп әсиет айтты. Садақа беріп, құран бағыштадық. Осы сапардан қайтып келе жатып мен бұрын өне бойы аспан ауасында қалқып жүретін түсімді есіме түсіріп, бірінші рет Әсияға айттым. «Болашағыңыз даңқты, ел-жұртқа белгілі, бақытты болады екенсіз» - деді.

*07.10.2011 жыл*

\* \* \*

Бүгін ертеңгісін балам Мұратбек поездан Зәбира, Дания

үшеумізді күтіп алып, үйіне әкелді. Сыртқы істер министрлігінде қызмет істейді Мұратбек. Енді осы Астанадағы балам Мұратбектің үйінде тұрағын боламыз. Ауылдағы балам Ниязбек те көлігімен түнгі сағат 2-де Мұратбектің ауылдағы қалған жүктерін әкелді. Келінім Әлия, немерелерім Ниятжан, Тоғжан, Сағижан бәрі біздің келгенімізге қуанып қалды. Дания мен Талғат та дәл осы Мұратбектің үйімен жапсарлас үйден кейін жаңа үй алды. Даниям інісі Мұратбектің дәл қасынан үй алып, көрші болғаны қандай тамаша. Осыны бұйыртқан Аллаға мың рахмет. Біздің өрісіміз кеңейіп, ертелі-кеш араласып тұрамыз. Бұрын осы Астанадан кенже қызым Әсия мен күйеу балам Серік те үй алған болатын. Қазір үйлерін жалға беріп, өздері Шымкентте қызмет істейді. Ал немерем Аидам да осы Астанадағы екі мектепте ұстаз болып істейді. Әзірше Аида жолдасы Қуаныш екеуі Дания мен Талғаттың үйінде тұрып жатқан жайы бар. Алла қаласа Аида мен Қуаныш та үйлі бола ма деген үмітім бар.

*21.10.2011 жыл*

\* \* \*

Бала кезімде қария-шалдар: «Ей, Алла, ақырымды бер» де жиі айтып отыратын. Соны бүгін ойласам «ақырымды бер» дегені «ақыр заманға (заман ақыр) дейін өмірінің жалғасын үзбей, ұрпақты болуын тілесе, әрі қазіргі өмір сүрген кезіндегі іс-әрекетінің жаманшылығы болса, сонысы ұрпағының жалғасын үзіп кетуге кесірі тиіп кете ме деп өздерін әділ, дұрыс тура жолмен жүруге өзіне өзі есеп беріп, ескертіп отыратын ойлы сөз екен. Кейін осы «ақырымды бер» сол қария-шалдармен бірге кетті. Мен қазір 72 жасқа шыққанша талай ел-жұртты аралап жүрмін. Бірақ 40-50 жыл болды «Ақырымды бер» - деп, өз өмірінің ақырына болашаққа тілек айтқан бір пенде кездестірмедім. Мен қатарлы толқындардың мүмкін «ақырымды бер» деп ойлайтыны бар шығар, бірақ мен кездестіргендердің көбісі тек қана күнделігін ғана ойлап, арғы ақырын ойына да алмайды. Бұған қоса балалы болуды да қаламайтыны шыға бастады. Егер балалы болғандардың кейбіреуінің өзі бір-екі баламен шектеліп, «бір бала - жоққа тән, екі бала – бірге тән» – дегенді де ойламайтын болды.

Енді карапайым халықтың ішіндегі мұндайды сөз қылмағанда саналы, парасатты, білімді, ақылды, зиялы деген мемлекетті басқарғандар мен үлкенді-кішілі ел билегендердің кейбіреуі тек қана бай болып, жақсы өмір сүрсе болды, қазіргі іс-әрекетінің әсерінен өзі мен отбасының ақыры немен тынарын да ойына ала бермейтін қылмысты жазалары өздеріне куә. Осының рас екенін тек қана дүниежүзіндегі мемлекетті басқарғандардан тілге тиек етейін оқырман қауым.

*29.10.2011 жыл*

\* \* \*

1. 1965-1989 жылға дейін Румынияны 24 жыл басқарған Николае Чаушеску қылмысы үшін өлім жазасына кесілді.

2. 1965 жылдан Филиппин мемлекетін 20 жыл басқарған Фердинанд Маркос Гавай аралында көз жұмды.

3. 1968 жылдан Иракты 24 жыл басқарған Саддам Хусейнді 2007 жылы өлім жазасына кесті.

4. 1971 жылдан Гаити мемлекетін 15 жыл басқарған Жан Клод Дювале еліне соқыр тиын қалдырмай Францияға қашып кетті. Қазір тергеу жұмысы жүріп жатыр.

5. 1975 жылдан Чилиді Аугусто Пиночет 17 жыл басқарған. 1990 жылы түрлі қылмысының арты ашылған сот үкімі оқылғанша қайтыс болды.

6. 1975-1979 жылдар аралығында 4 жыл Камбоджаны басқарған Пол Поттың қылмысын анықтап, үкім шығармақшы болған кезде ол қайтыс болды.

7. Ливия мемлекетінде табаны күректей 42 жыл отырған Муаммар Каддафиден де қалды бұл дүние. 2011 жылдың 20 қазанында қорлықпен өлтірілген.

8. Хосни Мүбэрак 1981 жылдан Египетті 30 жыл басқарған. 2011 жылғы 11 ақпанда орнынан еріксіз кетті. Алдымен үй қамаққа алынған Хосни мен ұлдарының үстінен тергеу жұмыстары жүргізілуде. Қылмысы дәлелденсе олар өлім жазасына кесіледі.

9. Зин Эль Абидин Бен Али Тунистің президенті болып, 27 жыл бойына тақтан түспеген. Бүгінде елден қашып кетсе де президенттің отызға жуық туыстары қазір қамауда отыр. Қантарда Бен Алидің

Швейцар банктеріндегі барлық қаражаты күшін жойғанмен, әйелі елден қашқанда 60 миллионға жететін бір жарым тонна алтынды алып кетіпті.

10. Слободан Милошевич 1989 жылдан Сербияның президенті болып, 11 жыл басқарған. Қылмысы үшін түрмеде қайтыс болды.

11. Лоран Гбаго Кот Д Ивууардың президенті болып, 11 жыл басқарған. Қылмысы үшін қазір түрмеде отыр.

12. Мануэль Норьега Панама мемлекетінің бұрынғы диктаторы, есірткі сатқаны үшін Америка түрмесінде 20 жылын өткізген. 2010 жылы есірткіден түскен ақшаның ізін жасырғаны үшін ол тағы 7 жылға сотталды.

\*\*\*

Жер бетіндегі мемлекетгі жолсыз жемқорлықпен басқарғандардың қылмыстары ашылып, кейбіреулері отбасымен түгел құрдымға кетіп жатқанын міне, ақпарат құралдары дүние жүзіндегі елге жария студе. Бірақ бұдан секем алып, өздерінің ақыры немен тынарын ойламайтындар да көп. Өйтпесе мұндай жемқорлық қылмыстың нешеме алуан түрі қазақ елін де жайлағаны белгілі жәйт.

Демек, ел басшы мен биліктегі шолақ белсенділер кір іс-әрекеттеріміздің ақыры немен тынар екен деп, осындай басқа мемлекет президенттерінің жемқорлық қылмыстары ашылып, өлім жазасына кесіліп, атылып жатқанынан секем алар еді-ау.

Бұрынғы қария-шалдар құсап «ақырымды бер» демек түгіл, болашақтағы ақырын ойламайтынынан жолсыз іс-әрекеттері куә. Бұлардың ақырының жауабы да жоғарыда жазасын тартқан ел басшыларына ұқсас болатын сияқты ма, қайдам? Өйткені солардың қылмысымен бұлардың да қылмысы барабар екені белгілі.

Осы 12 мемлекеттің диктаторларының ішінен Ливияны 42 жыл билеп-төстеген Муаммар Каддафидің ақыры бұлай тылғанын айта кетейін.

Жақында алжирлік ақпарат агенттіктерінің бірі Каддафиге қатысты жантүршіктіретін тағы бір бейнежазбаны жария етті. Онда үш сағат бойы Каддафиді қалай қорлағаны көрсетіледі. Алдымен жаралы Каддафиді жүз шақты адам тепкінің астына

алады. «Тез өлтірмеңдер оны, қинайық әбден» - деп айқайлайды қорлаушының бірі. Сол кезде әлгілердің бірі Қаддафидің артынан келіп, пышақпен... Айтуға ауыз бармайды тіпті. Жарасына құм сепкені, тепкілегені мұның жанында түк емес.

АҚШ-тың президенті Барак Обаманың әлгі бейнежазбаға қатысты сөзін батыстың БАҚы іліп әкетті. «Сіздер оның өлімі (Қаддафидің – ред.) сияқты ит өлімді ешқашан көргілеріңіз келмейді. Бірақ, менің ойымша, бұл - әлемнің барлық диктаторларына ескерту, адамдардың еркін өмір сүргісі келеді» - деді Барак Обама.

(«Жас Алаш», №104. 29 желтоқсан 2011ж.) Осыны ойланып көрші, оқырман қауым.

\* \* \*

Бүгін Дәурен Омаровтың «Ерте тұратын ел» атты кітабын оқып бітірдім. Жиырма жастағы автордың жазғаны өте тамаша екен. Ол өзін жасамал болған сайын жоғарыдан көрсететініне анық сенем.

*03.11.2011 жыл*

\* \* \*

Бүгін Смағұл Райымбектің «Көңіл шуағы» атты кітабын оқып тауыстым. Сұмдық тамаша жазушы екенін көрсете біледі.

*15.11.2011 жыл*

\* \* \*

Ұлы Отан соғысы кезінде біздің елге жер аударылып жаңа келген эзербайжан ұлтынан Оспан деген ғұлама молда келіп, марқұм әкем Мәдімәрдан көп бала-шағасының ішерге ауқаты жоғын айтып, жәрдем беруін сұрайды. Оған бір шелек ұн, тағы бір шелек ақталған күрішті, екі бөлек қып белін буып қапқа салып береді де тағы бір лақты ешкі алыңыз дейді. Лақты ешкіні Оспанның інісі Махмұд келіп алып кетеді.

Кейін әкем Мәдімәр қайтыс болып, әке қоры таусылып, жетім-жесірдің күн көрісінің қиын кезіне біз тап болған кезде анам Іздән қолхоздың қойма меңгерушісі болып қызмет істейтін Халит берді деп ет, құмшекер, май, ұн сияқты тағам түріне керекті нәрселерді әрдайым әкеліп жүрді. Соны мен кейін білдім. Бұл Халит менің



әкем Мәдімәр жағдайына қарайласқан Оспан молданың үлкен баласы екен. «Көңіл көңілден су ішеді» - деп, баяғы Мәдімәрдың жақсылығын ұмытпапты. Әкем Мәдімәр Мешін жылдың өзінде бардам болып, талай адамға көмек қолын созғанын елден ептеп естісем, анам Іздән айтып отыратын. «Ескі дос естен кетпес, жаңа дос қадіріңе жетпес» деп, әкем өлген соң ескі достары ұмытып кетсе, керісінше, қадіріңе жетпес деген жаңа дос әкем Мәдімәрдың жақсылығын ұмытпай, артындағы жетімдеріне – бізге Халит шапағатын тигізіл жүрді. Осы Халит кейін мұнда – біздің ауылда молда болып, дастарханға құран бағыштаған бір отырыста былай дегені бар:

- Біз алғаш осы елге жер аударылып келген кезде отбасымызда көп жан едік. Ішерге аukat болмай қатты қиналдык. Сонда мына Сауытбектің әкесі Мәдімәр марқұм аukatты екен. Әкем Оспан сол кісіге барып, жағдайын айтса ұн, күріш, тағы лақты ешкі берінті. Сол лақты ешкінін лағы да, өзі де егізден тауып, екі-үш жылда бір қора ешкі болып кетті. Онда біз шиеттей баламыз. Ол ешкілердің сүтін ішіп, етін жеп, қыл-түбітінен жіп иіріп, киім тоқып жан сауғаладык. Бұдан басқа да Мәдімәр мен әкем Оспан дос болып, бізге қарайласып тұрды. Біз Мәдімәрдың арқасында аштыққа ұрынбай тірі қалдык. Бұл жақсылығын біздің әулет өмір бойы ұмытпайды, - деген-ді жиылған жұртқа.

Енді осы баяғыда өтіп кеткен оқиғаны неге айтып отырғаным туралы тоқталайын. Менен кейін менен төрт жасы кіші інім өмірге келгенде әкем Мәдімәр Оспан молдаға осы «жаңа туған нәрестенің атын қойыңыз» депті. Ол құран кітапты ашып, соған қарап отырып жаңа туған нәрестеге «Әбдіманап» деп ат қойыпты да «бұл Мұхаммед пайғамдардың арғы атасының аты» - депті. Осыны анам Іздән айтып отыратын. Міне, сол сөздің ақиқат екеніне бүгін көз жеткізіп отырмын. «Мұхаммед пайғамбар» (Алматы, 2003, Аманбай Күнтөлеуұлы) атты кітапты оқып, Оспан молданың сөзі шын екеніне көз жеткіздім. «Мұхаммедтің әкесі Абдолла, оның әкесі Әбді әл Мүтәліп (Шейба) – оның әкесі Хашим (Омар бану) – оның әкесі Әбдіманап. Бұл Мұхаммед пайғамбардың әке жағынан төртінші атасы. Енді анасы Әминаның әкесі Охаб, оның әкесі Әбдіманап (72-бет). Сонда Мұхаммед пайғамбардың анасы

жағынан (нағашысы) екінші атасының аты да Әбдіманап. Қорыға айтқанда. Оспан молда өте мұқият зерттеп, жаңа туған нәрестеге Мұхаммед пайғамбардың әкесі жағынан да, анасы жағынан да қасиетті атасының атын беруі менің әкем Мәдімәрға көңілінің ризашылығын көрсетіп тұрғандай.

*25.11.2011 жыл*

\* \* \*

Жолбарыстан көп кейін мен канаты бар құс құсап жерден аспанға қарай көтеріліп, ауада қалқып ұшып жүрем түсімде. Осы аспан ауасында өне бойы қалқып жүретін түсті де жолбарыс құсатып жиі көрдім. Дәл өңімдегідей болып сезілген түсті ұйқыдан ояна кетсем сонда ауада емес төсегімде жатамын. Мұның түс екенін ояғанда сезінем. Бірақ бұл түсті талай жыл жиі-жиі көрсем де оны елеп ешкімге айтып, жорытпақ түгіл оған мән берген емеспін. Керісінше, бұл түс түсімнен шықпай қойса да оған етім үйреніп қалыпты, әдет құсап ескермей жүре бердім.

Бұрын жолбарысты да талай жыл ескерусіз қалдырып жүре бергенмін ғой. Тек жолбарыс түсімнен шықпай қойған соң ғана нағашым Сүлейманға айтқаным да, жазғаным да бар. Неге мен сонша сезімсіз болғанымды қазір ойлап өкініп отырмын. Қартайған сайын адамның бұрын жіберген ағаттығы кейде ойға түседі екен.

*02.12.2011 жыл*

\* \* \*

Шымкентте тұратын қызым мен күйеу балам Әсия мен Серік біз сол жаққа барған сайын Зәбира екеумізді әулиелердің қасиетті мекен жеріне қыдыртып, құран бағыштатып, тәжім еткізіп, тілек тілетеді.

Арыстанбаб басына барып түнеп, құдайы беріп, құран бағыштатып, шырақшысына тілек тілеп, тәжім етіп, құдығынан су ішіп, су алдық. Ертесіне Укаша атаның жатқан орны мен құдығы – демек екі жеріндегі шырақшысына да құдайы беріп, құран бағыштатып, құдығынан су тартып ішіп, үйге су алып, тәжім етіп, тілек тіледік. Құдығының шырақшысы маған шапан, Зәбираға орамал сыйлады.

Қайтарда Қожа Ахмет Нассауи басына барып, жертөлесінде де болып, екі шырақшысына құдайы беріп, құран бағыштатып, тәжім етіп, тілек тіледік. Тағы бір барғанымызда қазағымның киесі Қазығұртта да болдык. Нұх пайғамбардың кемесі қайырлап, тіршілік осы таудан басталған деген топшылау бар. «Қазығұрттын (тау) басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған» депті. «Кеме қалған» деген жердің айналасында «Пайғамбар тоқтаған», «Пайғамбар саусағы», «Пайғамбардың жайнамазы», «Пайғамбардың ошағы», «Пайғамбардың атының су ішкен жері» дегендерінде болып, оларға құран бағыштап, тәжім етіп, тілек тіледік. Кейінгі барғанымызда да (08.10.2011ж.) «Үңгірлі алқап», «Әңгір ата» және «Ғайып - ерен, қырық - шілтен» аталатын қасиетті орындағы «емдік тас», «шілде тас», «түсік тас» тағы өте қасиетті «қатпар-қатпар тығыз тастар» арасынан құдірет бізге жол ашып беріп, содан жүріп өттік. Өте алмай қалған адамдар да аз болған жоқ. Құдығынан су ішіп, су алдық. Осы орындардың қасиетін бізге түсіндірген шырақшысына жетеуіне де құдайы беріп, құран бағыштатып, тәжім етіп, тілек тіледік. Осы біз барған әулиелердің бәрінде де тәжім етіп, тілек тілеуші адамдар өте көп екен. Басқа елдерден де келушілер жетерлік екен. Алла қабыл көрсін.

Осы «Ғайып - ерен, қырық - шілтен» аталатын қасиетті орындардан қайтып келе жатқан сапарда бұрын өне бойы аспан ауасында ұшып қалқып жүретін түсім есіме түсіп, соны бүгін (08.10.2011ж.) Әсияға айттым. Бұған дейін бұл түсті адам баласына айтқан емес едім. Менің де білместігім аз емес қой.

- Бұл өте жақсы түс қой бала-шағаңыз даңқты болып, ел-жұртқа белгілі болып, артыңыздағы өніп-өсіп, бақытты болады екен, - деп жорыды Әсия.

Қазір анда-санда жолбарысым түсіме кіргені болмаса кейінгі кезде аспан ауасында қалқып жүретін түсті көрмейтін болдым. Мен қазір 72 жастамын ғой. Мұны кәрілікке жорыдым. Өйткені «кәрінің бағы қайтады» деген сөз бар ғой.

\* \* \*

Бүгін Астанада Дания мен Талғаттың Ерасыл деген баласының бір жасқа толған тойын тойладық.

*03.12.2011 жыл*

\* \* \*

Бүгін Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл торқалы тойына орай Астанадағы «Астана-Арена» стадионында Зәбира мен Мұратбек отбасымен түгел барып, музыкалық дастанын көрдік. Өте тамаша болды. Бұл стадионға 30 мың көрермен сияды екен.

*16.12.2011 жыл*

\* \* \*

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық торқалы тойы күні Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен мен Шетпедегі мұнайшылар ереуілге шығыпты. Сонда Жаңаөзенде 17 адам қаза тауып, 87 адам жарақат алса, Шетпедіе 1 адам қазаға ұшырап, 12 адам жарақат алған. Халыққа қарсы оқ атуға бұйрық берген кім, атқан кім – осыларды анықтап, заңмен жазалансын деп халық бас көтеруде. Ал «Азаттық» радиосында Е.Костюенко 22 адам өлгенін айтқан.

\* \* \*

2011 жыл менің отбасым үшін де жемісті жыл болды. Балам Ниязбек ұлды болды. Мейірлан деген немерем 29.03.2011 жылы өмірге келді. Швейцариядағы елшілікте қызмет істейтін балам Мұратбек ҚР Сыртқы істер министрлігіне бірінші хатшы болып, елге көшіп келді. Қызым Дания мен күйеу балам Талғат Астанадан үй алды, немерем Аида да Астанада екі жерде қызмет істейді. 2011 жылы бәріміздің басымыз аман, малымыз түгел, ауру-сырқаудан аманбыз.

01.01.2012 жылдың жаңа алғашқы минутын Астанадағы Ильинка ауылындағы Мұратбектің үйінде Зәбира, Дания мен Талғат, Мұратбек пен Әлия отбасымызбен түгел қарсы алдық.

Алла бізге тек жақсылығын сыйлап, ел аман, жұрт тыныш болып, Отанымыз көркейе берсін. Аумин.

*01.01.2012 жыл*

\* \* \*

Ганди Мохандос Карамчаның «Таңдамалы хаттар мен сөздер» атты кітабын оқып бітірдім. Бұрында «Менің өмірім» атты кітабын оқығанмын. Елі үшін ерен еңбек еткен қайраткер екені баяндалады.

*07.01.2012 жыл*

\* \* \*

21.10.2011 жылдан Астанадағы Мұратбектің үйінде тұрып, бүгін Шу ауданы Жиенбеттегі үйге қарай поезбен қайттық.

*23.03.2012 жыл*

### СЕГІЗІНШІ КҮНДЕЛІК

Соңғы үйіне барғанымда көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиұлы:

- Менің жалғыз ұлым қаза болды. Енді менің өмірімінің жалғасы үзілді, - деп қамықты марқұм.

- Олай деменіз. Мына балаларыңыз бар ғой, - дедім мен.

- Бұл қыздар өмірімінің жалғасына жатпайды, - деп тағы да айтты ол. Осы сөзін айтқанда дастархан басында естіп отырған қыздары мен әйелінің көңіліне қарамады. Тағы ол:

- Шындықты жазғаным үшін ауылым да мені жек көреді. Онда да мен шындықты жазамын, - деп осы сарында талай әңгіменің тиегін ағытып еді марқұм. Енді бүгін ақын кітабы жарық көрді. Әке рухына бас иген перзенттері – Маргарита, Бәла, Тахмина – осы үш қызының демеушілігімен Өтежан Нұрғалиұлының 2-томдық таңдамалысы жарық көрді. (Қазақ әдебиеті газеті, 8-14 маусым, жұма, 2012 жыл. №23 (3291). Мен қыздарына риза болдым. Өте тік сөйлейтін адамға лаж жоқ қой, шіркін. Алла ондайдың болмысын солай жаратқан ғой деген ой келді маған.

*21.06.2012ж.*

\* \* \*

Шындықты айтып ер Махамбет айбырылған басынан

«Ақындар аз сын сағатта сөзден ісі зорайған

Десек дағы Абай қашан жол іздепті оңайдан?

Ел, ұлт жайлы сырларымен

Жыры биік тұрғанымен

Ісі үшін мен Махамбетті биік қоям Абайдан!

Бұл адамдық ұстанымым қалыптасқан талайдан», - депті Мұхтар Шаханов. «Ақындықтың міндеті мен азабы және қазіргі кезеңдегі ақындық азаматтық ұстанымым» атты топтама өлеңдерінде. (Жас Алаш, №52 (15718), 3 шілде, сейсенбі, 2012 жыл).

*07.07.2012ж.*

\* \* \*

Менің Шымкент қаласында тұратын қызым Әсия босанып, (28.07.2012ж.) өмірге ұл бала әкелді. Соған бола Забира екеуіміз бүгін ертеңгісін поездан түстік. Серік күйеубалам күтіп алды. Баланың атын Шағатай қойыпты. Нәрестенің бауы берік болсын, жасы ұзақ болсын, деп Алладан тілек тіледік.

30.07.2012ж.

*(18 мың жандының ішінде адам жанынан жақын,  
әрі бағынғысы келмейтіндердің өзін өз мақсатымызға  
пайдаланғанымыз аз емес. Соның алтауын сөз етейік).*

I-ит

а) Қырқар мен Алыпсоқ

Асыраған иесіне ит достығын тұрақты сақтап, сол үйдің бір мүшесі сияқты болып, иесін, үйін, мал-жанын, ауылын қориды. Иесі жолаушы болып жол жүргенде қасынан қалмай, қауіп-қатерден сақтап, жанынан жалау серік болады. Басқа жағымсыз жағын айтпағанда, кейбір түсініксіз адамдар жақын туысының көңілін қалдыру былай тұрсын, сол жақындарының көзін жойғанын өмір көрсетіп жүр. Ал асыраған ит иесін қаппақ түгілі достығын мәңгі сақтап, оны қауіп-қатерден қорғағаны туралы біздің отбасымыздан өткен оқиғадан сыр шертпекпін. (Бұл бұрын ештеңе жазылса да қайталаудың реті келіп тұр).

\* \* \*

Бұл мен төрт жастан аса бастаған кезде болған оқиға.

Түннің бір уағында әкем Мәдімар мен шешем Іздәннің асығыс-оқыс, опыр-топыр қимылынан ұйықтап жатқан мен оянып кеттім. Сөйтсем ұрылар біздің отбасымыз түгел ұйқы құшағында жатқанда киіз үйдің босағасындағы туырлыққа от қойып, есіктің алдындағы әкем бағып жүрген колхоздың бір отар қойынан бөліп алып айдай қашуда екен. Киіз май құйғандай тез жанады ғой. Әкем ұйқысынан ояна сала үйде дайын тұрған екі шелек судың алғашқы бірін жаңадан лаулап жана бастаған киіз бен керегедегі өртке құйып, екінші шелектегі суды құйып жатқанда мен ұйқымнан оянып кеттім.

Үйдің ішінде өтты өшіре сала әкем мен шешем үйден далаға жүгіре шыққанда, шошынып жылай мен де қабаттаса шықтым. Осы кезде Қырқар мен Алыпсоқ деген екі ит ұрыларға ырық бермей айқасуда. Әкем мен шешем иттерге дем беріп, «айдақ, айдақ» деп жүргенде мен үйдің артындағы «Ақтөбе» колхозының тоғанындағы суына түсіп кеттім. Сол бір сәт әлі есімде, ойымнан тегі шықпайды Тік түскен бойда суды шолпылдатып ағып бара жатқан жерімнен қайрап әкем жүгіріп келіп мені судан суырып алды. Ой, шіркін-ай, қазір ойласам, үйге от қойып, ұрылар қойды бөліп алып, айдай қашып, иттер оған үріп, азан-қазан шуылдаған арпалыста жау шауып жатқан қараңғы түн сәтінде менің тоған суына түсіп кеткенімді қалай байқап қалған десеші. «Қарғаның бір көзі боқта болса бір көзі оқта» деп сөйткен қайрам әкеме мына жалған өмірде не опа көрсеттім деп киіналамын. Әкемнен бес жасымда қалдым ғой. Анадан жерде иттер арпалысып жүрген қараң-құранынан байқалған ұрылар үшеу сияқты көрінген. Егер екі ит болмағанда айдалада жалғыз отырған бізді үйден шығармай, үйімізбен қоса өртеп, не түгел қырып кетуі де кәдік. Иттер үйге отты да еркін қойдырмаған. Сол түні екі иттің керемет ересен күшімен қойларды түгел ұрылардан ажыратып алса, әрі біздің жанұямызды да аман алып қалған иттер ұрыларды жараласа керек. Өйткені оларды талағанда ұрылар жаңдалбасалап, беліндегі белдігін шешіп алып сонымен иттерді ұрғылаған. Сонда иттер белдіктің бір үзінін тістеп қиып алып қалыпты Бұл әр жерінен бір күміс отырғызып күмістелген белдіктің үзiгi шешеннің ұлтына тән ұлттық белдік екені айғақталған.

Демек, ұрылар ұсталмаса да, Отан соғысы кезінде жер аударылып жаңадан келген шешен ұлтының ұрысы екені анықталды. Сол бір кезде аудан бойынша неге солай екенін қайдам, жер аударылып келген шешен халқы біздің «Мойынқұм» колхозында өте көп тұратын. Кейін біздің «Еңбек» бөлімше тұрғыны Мақышбайды, тағы бір-екі адамды о дүниеге аттандырды. Әуелім өздері бір-бірімен пышақтасып, екі жағынан 4-5 шешен қырылғанын естідік. Шешен ұлты ішінен өте қатыгез, ешкімді аямайтындар кездесетінін жүре білдік.

Сөйтіп қасқыр алып жүрген Қырқар мен Алыпсоқтың сұмдық ұрылармен арпалысуының арқасында біздің отбасы аман қалды. Бала кезімде Қырқар мен Алыпсоққа кезек-кезек есек құсатып

мініп алатыным осы оқиғаны жазу үстінде ойыма түсіп отыр, оқырманым. Әй, балалық-ай десеңші.

\* \* \*

Б) Бокжер: Мен жаңадан үйленгенімде анам Іздән бір күшік асырады.

- Мына Сәукентайым (мені солай айтатын) балалы болып, сол немерелерімнің мына күшік боғын жесін деп ырым қылып сол күшіктің атын Бокжер қойды. Сол Бокжер өсе келе күшті ит болып, 3-4 ит жабылса да бәрін жеңетін болды. Мен ойлаймын «ит те, ат та әркімнің пешенесіне қарай есігінен-ау» - деп. Өйткені, маған біткен жылқының қайсысы болсын жүйрік болып, жарысқанымнан озушы едім. (Артық сөзге кешірім сұраймын).

Зәбира екеуіміз «Мойынқұм» шаруашылығының орталық азық-түлік дүкенін ұстадық. Өзіміз бұдан бөлек 4 шақырымдай қашық «Қорағаты» бөлімшесінде тұрамыз. Сонда таң азанмен дүкен ашуға үйден жаяу шыққан Зәбираны «Естемес» (1,5 шақырым) көпіріне дейін Бокжер шығарып салып, кейін қайтады. Бұл кезде ауыл тұрғындары иттерін байламайтын әдет. Біз тұрған көше мен жолдағы көшеде, демек екі көшенің қабаған иттері Бокжерге жол беретін. Зәбира соны анда-санда есіне алып, Бокжерге риза екенін сөз етіп қояды.

\* \* \*

В) Бокжер: Біз бұдан кейін тағы «Көлқұдық» атты малшы қауым орталығы болып саналатын «Штабта» дүкен ұстадық. Сонда анда-санда үй ішімізбен жолаушы болып кеткенімізде Бокжер дүкенді айнала үріп қарайтынына көршілеріміз аң-таң болып қызыға қараушы еді.

\* \* \*

Демек, «ит -- жеті қазынаның бірі» деген сөз рас. Кім болса ол болсын асыраған иті кішкентай, әлсіз, кәндек, нашар болса да бар күшін салып иесін қорғап, достығынан айнымай, өзі өлгенше сенімін ақтайды. Кейбіреулер көңілін қалдырған адамға «Сен ит екенсің» дейді. Сонда ол ит иесін қаппайтынын ойламайды-



ау деймін. Бұл өте артық айтылған сөз. Керісінше, жақын туысы жақынына ойынына келгенін істеп жүргенін өмір көрсетіп жүр емес пе?

Ал Қырқар, Алыпсоқ, Бокжер сияқты иттер иттің «Сырттаны» өмірде сирек кездесетіні сөзсіз.

\* \* \*

## 2 – мысық

Мысық та асыраған иесінің бір жанашыры сияқты. Ол өзіне гән жақындығын сездіріп, мияулап келіп, асыраған иесінің алдына отырып, жатып, еркелеп жүреді. Үйге кірген зиянкеш тышқан сияқтыны аулағанын айтпағанда жыланға дейін қауіп-қатердіден өз әлінше қорғайды. Менін Мейрамбек деген қайтыс болған баламның мысығы «ішінде жан жоқ үй жетім» деп ешкім жоқ, құлыптаулы тұрған үйіне барып, иесін талай мәрте іздегенін көршілері көріп, таңғалып, әрі көңілдері босаған. Тағы мысықтың асыраған иесінің қасында жүруі, қозғалысы, мияулауы әсіресе күйінің құлазығанын, елегізгенін сейілітіп, өзінен басқа үйінде тағы бір жан жүргендей әсер туғызады.

«Ері, туысы жоқ әйел жетім» деп, ешкімі жоқ бір әйел айтып еді: «Маған даладағы үріп тұрған ит те сеп, үйдегі мияулап жүріп-тұрған мысық та сеп болып, жалғыздығымды осы екеуі білдірмей, жаныма жалау болып тұрады» - деп. Әрине, оның беті аулақ, «жалғыздық кімге жарасқан, бір құдайға жарасқан» - деп тегін айтпаған ғой. Әйтеуір мысық та адам баласының жанына жақын болған соң әркім тегін асырамайғыны белгілі екені сөзсіз.

\* \* \*

## 3 – Қарлығаш

Құстың да адам баласына ниетінің жақын екенін сездіретіні көп. Соның ішінде қарлығашты айтар болсақ, ол киіз үйдің шаңырағына, не адамдар тұрып жатқан үйінің өздері қолайлы санаған жеріне жұптаса жүріп, ұя салады. Оған жұмыртқалайды. Оны басып, балапандарын шығарады. Балапандары қанаты қатайып, ұшуға жарағанда «жас баланы қаз-қаз тұрғызып, тәй-тәйлап жетелегендей ғып» ештеп балапандарын ұшырып-қондырып, ұша алатындай

жетілдіреді. Содан соң бастапқы мекеніне бәрі ұшып кетеді. Келер жылы осылар тағы келіп, болашаққа деген өз мақсаттарын тағы қайталайды. Адам мен құс арасындағы осы қатынастың өзі қандай бір тамаша көрініс. Демек, қарлығаштар балапандарын адамдар арасында өсіруі, оның адаммен дос, әрі сенімді серігі екенін сездірсе, балапандарына қауіп-қатер адамдар арасында тұмайтынын сезіп, адамды мият тұтуы ғой шіркін. Құс пен адам арасындағы осы мейірім-шапағаттың өзі бірін-бірі кейде түсінбейтін біздер үшін үлгілі сабақ кой деп ойлаймын.

\* \* \*

#### 4 – Жылқы

Төрт түлік мал ішінде жылқы малы, текті, әрі киелі. Оның кейбіреуі иесін танып, жайылып жүрген жерінде ұстата береді. Мінез көрсетіп иесін теппейді. Айғыры үйіріндегі өзіне тән биелерін басқа айғырдан ерекше қорғайды. Оларда өздеріне тән биелеріне деген махаббаты жетілген. Кейбір әйелі мен әйел жақындарының зинакор екенін сезіп, біліп тұрып қорғап қызғанбайтын еркекті «дәйіс» деп, о дүниеде жауапты екенін Құран Хадисінде айтады. Ал жылқы малының айғырында «дәйіс» деген атымен жоқ. Ол айғырлар басқа айғырмен өлісуге бар, үйірінен көп биеден бір бие де бермейді. Ал кейбір ер азаматтар жалғыз әйелін зинакорлықтан қорғай алмай, «дәйіс» аталып жүргендер аз емес, өмір көрсетіп жүр. Менің бір торжорға айғырым болды. Соны үйірінен ұстата болғанда Токбай деген жылқышы бір өңірдегі Қамбар Атапын қасиетті қожасы маған былай деп ренжіді: «Бұл айғыр «буранын түлейіндегі» жылқы малының қасиетті киесі еді. Үйірінен ұрыға, не көк бөріге бір құлын да бермейді. Бұл үйірге бақташының керегі жоқ. Өзі бағады, өзі үйірін қорғайды, өзі жері жанатты шұрайлы жайылымына үйірін айдап апарып жаяды. Қораға өзі танытын иесіне ғана жол беріп айдатын қаматады.

Сонда үйіріндегі безаяқ қашпаған бие қораға кірмей қашып кетсе, осы айғырдың өзін қорадан шығарып жіберсең болды, қуып әкеліп, қашпаған биенің өзін қораға кіргізеді. Кейінгі балалар мотоцикл, машина сияқтыға құмар болушы еді, сен насып осы жорғаға мінуге құмар болып үйірінен бөлесең» -деді.

Шынында сондай текті, киелі айғырдың сыртғанын үйірінен бөлгеніме өзім де кейін өкіндім. (Бұрын бұл ештеп жазылған, қайталаудың да реті келіп тұр). Жылқы малының ересен тағы бір қасиеті, үйіріндегі айғыры өзінен туған ұрғашы құлын байтал шығарда, тағы еркек құлын құнан шығарда үйірінен бездірін қуып жібереді. Өйткені: «Енді сендер әжетке жарап, жыныстық қатынас жасауға жарадыңдар, жақынына жоламай, бөтенмен бол» дегендей, жылқы малының тектілігі бұл. Осыны алдын ала білетін жылқышылар әр үйірдегі ұрғашы-еркектерін тай шыққаннан бастап, үйірден бөліп, басқа үйірге үйретеді. Өйтпесе, олардың күні жоқ, іздеумен өтеді.

Қорыта айтқанда, жылқы малының айғыры өзінің жақынымен жыныстық қатынас жасамайды. Бұл іс-әрекеті кейбір бірге туғандардың өзі бір-біріне қыз беріп, қыз алысатын ұлттан ары зият екенін көрсетеді.

Менің Иншалла деген әзербайжан жолдасым болды. Сол айты:

- Менің балам бірге туған інімнің қызын аламай қойды. «Ол біздің ең жақын, бірге туған туысымыз ғой. Қалай қызын аламын?» - деп. Мен соның баласына риза болдым. Ал жылқы малы мінсен - келік, ер жігітке - ұшатын қанат. Саусаң - қымыз, саумал, жаратсан - қазы, қарға, аukat сияқты адам өміріне пайдалы жағы толып жатқан өзінше ғой. Шіркін «малда ақыл бар, ес жоқ» деген ғой. Басқа қасиеттерінен де, әсіресе айғыры өзінің жақынына жыныстық қатынас жасамайтынын кейбір ұлттан ары зият екенін көрсетпей ме деген ойда қалам.

## 5 – Құмырсқа

Жәндіктер ішінен құмырсқаның орны бөлек. Өйткені, олар өздерінің салған жолымен шуап барып, жан-жаққа бытырап жүріп, өздеріне керекті ауқатын іздейді. Сол талқан дәнін арқаланып, өздерінің илеуіндегі ініне кіргізіп, қоймасына жияды. Бұдан шығып, тағы кейін қарай жолына түсіп, ауқат іздеуге шыққанда осы бос бара жатқан құмырсқа, арқаланып қарсы келе жатқан құмырсқаның ауқатына таласпайды. Әрқайсысы өз міндетін білетін тату, әділ жүретін өте еңбекшіл екеніне таңғаласын. Олар әуелі өзінен бөленбай есе ауқатын арқаланып келе жатқанын көргенде

қайран қаласын. Тек келешегін, қыстығын ойлап, еңбектенуде. Бір-бірімен алысуын көрмейсің. Олардың міндеті - тек адал еңбек. Осы құмырсқаның тіршілігі кейбір жалқау, жатып ішер, қараулар үшін үлгі аларлық екені сөзсіз екен деген ой туады маған, оқырман қауымым. Мен кейде жүрген жерімде құмырсқаның илеуін көрсем, ауқат іздеп, өздерінше ересен еңбек етіп жүрген құмырсқаны басып кетпейін деп аяғымды байқап басам.

## 6 - Көк бөрі

Қасқырдың болмысына қарай үш топқа жіктеймін.

Бірінші: Көкжал өзінің қоршаған ортасына сұмдық қарау жыртқыш. Ол жегеніне мәз емес, қырғанына мәз. Ол өзіне не кездесе болды өзінен бәленбай есе күштілердің өзін есебін тауып көзін жояды. Бір отар қойды бір итқұстың өзі қуып жүріп ту талақайын шығарып, жегенін жеп, жемегенін мойнын бұрап, лақтырып тастай беріп, быт-шығ қылып, тоз-тозын шығарып, сайда санын, қырда ізін қалдырмай, бытыратып жібереді. Бір отар қойдың қашқан-құтқаны беталы лағып қалса, жарақат алған, тісі тигендердің көбісі өлдіге тән. Өйткені, қасқырдың тісі уға тән. Жарақат алғандарының жазылуы некен саяк. Төрт түлік малдың қайсысы болсын оған қасқыр қырғидай тиетін жауыз. Менің Ошан деген көршімнің күрең айғыры үйірінен ешқашан Көк Бөріге құлын берген емес. Ол өзіне кездескенін тікелей қуып жетіп, алдыңғы аяғымен тарпып, мойнын шайнап, бұрап лақтырғанын көргендер бар. Ол күрең айғыр өзіне кездескен көкжалдың бәрін осылай жер жастандырған. Далада өліп жатқан қасқыр болса осы айғыр жайғады деп айтатын ел.

Бір жолы осының үйірі көлге түсерде бір ауыл итті иттігін жасап тура жүгіргенде осы айғыр итке қуып жетіп белінен тістеп лақтырып жіберген. Бұл елдің көргені, ал көрмегені қаншама дейсін. Екі-үш көкжалға бой бермейтін осы айғырға өшіккен алты қасқыр жабылып, оны жарақаттады. Бұл күрең айғырдың сырттаны болатын.

Екіншісі: Осы Көк Бөрінің өте тәкәппар, өжет, қайтпас қайсар екені олардың өздеріне тән болмысын сақтауынан. Біз кездесетін әлемдегі жанды-жансыздың көпшілігін бағындырғанымыз аз емес.

Мысалы, басқасын айтпағанда аю, жолбарыс, арыстан, барыс тағы басқа аңдарды дегенімізге көндіреміз. Ал көкжал неше түрлі айла, тәсіл, күш-қуат жасап үйреткенмен оған бір де көнбей өздеріне тән мақсатын сақтайды. Қасқырдың әсіресе осы жеріне қалай тәпті болмайсын. Сайып келгенде Көк Бөрі өзінің түпкі қасиетіне өте берік дағдысынан айнымай, ауытқымай сақтайтынына таңғаласын. Мен 50 жыл болды Құмқойнауында тұрамын. Ол жақта қасқыр ұстаушы, қақпаншы жетерлік. Соның ең ересені Қойбай деген азаматты тілге тиек етейін. Ол бөрінің талай белтірігінің інінен қазып алып үйіне бақты. Соның бірін де бағындырып үйрете алмады. «Қасқырдың күшігін қанша бақсаң да, ит болмайды» деген сөз рас екен. Соның бөріне де қаншама айла, тәсіл, күш қолданып асырағанмен үйрете де, көндіре де алмады. Қасқырдың әлі көзін ашпаған күшігінің өзі осындай. Керісінше сол күшіктердің арлан әкесі мен қаншық қасқыр шешесі бір түнде келіп талай малын қырып кетіп жүрді. Қаншама қорғанып сақтанған көкжалға сөз емес. Қасқырдың белтіріктерін інінен қазып алмай тұрып әуелі арлан әкесі мен қаншық қасқыр шешесін қақпанмен бұрын ұстап алған күні де болды Қойбайдың. Онда да қасқыр күшігінің ісін сезген басқа бөрілер келіп бір түнде малдарын қырып кетеді. Не деген кек қуалаған тағы екеніне таңғаласын. Әуелі айдаладағы менің биік сетке қорама түсіп талай қойымды қырып кеткені бар. Өйткені, Қойбай інінен қазып алған қасқыр күшіктерін қоржынына салып алып атпен біздің үйдің қасынан жүріп өткен. Түнде соның ізімен келген арланы мен қаншық қасқыр мені де өздеріне жау санап малдарымды қырып кетті. Сонда ең болмаса бірін жесеші, құр өлтіріп кеткен. Демек, адам баласына үйренбейді де, бағынбайды да тек өз қасиетін сақтайтынын өмір көрсетіп жүр. Ал басқа жыртқыштардың үйренгенін де, адамның айтқан ісін орындағанын да көріп жүрміз.

Үшіншісі: Қасқырдың «жақсылыққа-жақсылық» қайтаратыны туралы куә болғанымды тілге тиек етейін.

Біздің жақтағы бірінші «Бозбай» деген жайылымды Тәліппай деген екінші «Бозбай» жайылымында Түбек дегендер совхоздың отар қойын бағатын. Екеуінің ауыл арасы 3-4 шақырымдай қашық. (Бұл бұрын ептеп жазылған болса да қайталаудың реті келіп тұр).

Түбек отар қойын бағып тұрса қасындағы бір түп жүзген түбінен бір қасқыр шыға қашады. Отар қойды қасқыр қақ жарып өткенмен ешқайсысына тиіспей керісінше артына қарай-қарай кідіріңкіреп тоқтағандай болып жөніне кетеді. Бұдан қауіптенген Түбек отар қойдың бас аяғын жинастырып ауылына қарай беттейді де, жаңағы итқұс шыққан жүзген түбін үңіліп қараса ін түбінде жаңа туған бір қасқыр күшігі қан-қан болып жатыр. Түбек жүзген қасында тұрған сәтте қасқырды толғақ қысып қашуға мұрша болмай лаж жоқ туса керек. Содан лаж жоқ күшігін тастап қашып шыққан беті екен. Түбек бұдан кейін отар қойын басқа жаққа жаяды. Осы оқиғадан хабардар бірінші Бозбайдағы Тәліппай келіп, Түбекке «сені атаман күшіктеріне кіндік ата болды.- дейді. Кәне, сол қасқырдың күшіктеген жерін көрсет, жөніңді айт. Бөлтіріктерін алайық» дейді. Оған Түбек жөнін де айтпай қаншық қасқыр туған жүзгенді көрсетпей қояды.

Осы қарсаңда аудан орталығында Наурыз мейрамы болып, Түбектің баласы соған кеткен күнгі кешінде қойды санаса 96 бас қойы кем шығады. Бөлініп қалған. Түнімен ұйықтамай қиналып шыққан Түбек таң азанмен кем қойды іздеп шыкса, ауыл жанындағы сазда әлгі жоқ қойлар бірдемеден үріккендей үрпесіп топталып тұр екен. Қуанып кеткен ол табанда санап жіберсе 96 қой түп-түгел. Бұл бөлінген топ қой бұл жерге қалай келгенді ойлап, төңірегінен із шалса екі қасқыр екі жағынан қаумалап айдап келіп иіріп тастап кеткен ізі сайрап жатыр. Ой сұмдық-ай, бұл бөлінген топ қой қайда түнетегенін білмек үшін ізіне түсіп барса, қас қылғандай қаншық қасқыр күшіктеген баяғы өзі көрген жүзген түбіне түнепті. Сөйтіп Көк Бөрінің арланымен қаншық қасқыр бір қойға да тиіспей үйінің қасына екеулеп қаумалап айдап әкеліп тастапты. Бұл қасқырлардың мына жақсылығына Түбек рахметін жаудыруда.

Мен Түбектің үйіне барып осы оқиғаны естіп отырғанымда Тәліппай келді. Аман саулықтан соң ол:

- Әй, Түбек, мына атаман досына айтсаңшы, саған тиіспесе де маған тиіседі. Бүгін түнде келіп менің біраз қойымды қырып кетті. Бұрын да 5-6 қойымды жайратып кеткенін өзің білесің. Менің көршіме де тиіспе десенші. - деп Тәліппай мұңайды. Оған Түбек:

- Сенің қара көңіл екеніңді итқұс та сезеді. Әйтпесе, маған неге

тиіспейді. Қаншық қасқырдың күшіктеген жерін көрсет, бөлтірігін алайын деп едің ғой, бұл қасқырдың саған тиісуі сол жаман ниетіңнің жауабы, - деді.

Шіркін қасқыр қарау, жыртқыш болса да, мына сияқты адам нанғысыз тұсы адамнан ары зият екені көрініп тұр. Егер осы бөлінген қой басқа біреуге кездесе, қолды болуы мүмкін ғой. Осындай жағдайлар да қасқырдың «жақсылыққа-жақсылық, жамандыққа-жамандық қайтаратынын» бұрынғы көнекөз қарттар айтып отырушы еді, сол сөз рас екені деген ой түйдім. «Жолбарыста қырық кісінің күші бар, бір кісінің жүрегі бар. Қасқырда бір кісінің күші бар, қырық кісінің жүрегі бар» дегендей-ақ шынында қасқырда қырық кісінің жүрегі бар екені оның болмысынан сезіледі. Осы өзім куә болған оқиғаларды қоспасыз әрлеусіз жаздым.

*01.08.2012ж.*

*Шымкент қаласында жазылды.*

\* \* \*

Бүгін Серік бізді, Зәбира, немерелерім Арай, Мағжан бәрімізді - Шымкент қаласын аралатып, қыдыртты. Қошқар ата деп аталатын киелі бұлақтан бастау алған осы аттас өзен Шымкент шаһарын қақ жарып ағып өтіп Бадам өзеніне барып қосылады екен. Суының шипалығынан бола осында халық көп екен. Шомылып, су ішіп, су алып жатыр. Біз де – Зәбира, немерелеріміз бәріміз суына жуынып, су ішіп, су алдық. Суы бойымызға шипасы дарысын деп ниет етіп, елдер құдайысын салатын сейфке біз де садақамызды салып, шырақшысына құран оқыттық. Қошқар атаның шырақшысы Дулаттың сикым руынан екен. Соған қарағанда Қошқар ата да сикым ба деп ойладым. Бұл Қошқар ата әулие бұлағының суы қыста жылы, жазда өте салқын болады екен. Суы қан қысымы кетерілгендерге, жүйкесі жұқарғандарға, буыны қақсағандарға бірден-бір ем. Суын ішсе асқазан жараларына шипа, ұйқыны тыныштатады екен. Осы су көзін тапқан Қошқар атанын атымен аталып кеткен деген ежелгі әңгіме бар деген сөз естідік. Суы тастай, әрі өте мөлдір тұнық екен. Алла қолдап зиярат ниетіміз қабыл болсын, әумин, Шымкент қаласындағы ескерткіштер Тұрар Рысқұловтың, Бауыржан Момышұлының, Д.Қонаевтың, Абай Құнанбаевтың, «Ордабасын»

аралап. «Ордабасы» аталагын нысанды орталық орын өте керемет тамаша салыныпты. Аралап көріп, көркінің тамашасына көңіл толды.

*04.08.2012 жыл.*

\* \* \*

Жетімдіктің әсерінен суыққа тоңып, басымнан күн өтіп өскендіктен бе кейінгі кезде құлағым естуден қала бастады. Соған бола балалар дәрігерге қаратып, нәсістің «АМ III» деген естіркішін әперді. Оның дауысты естіртуге қосатын үш жолы бар екен. Соның жай, орташа дыбысқа қосатыны істен шықты да ең соңы көпшілік қауымның алыстан шуылған ғып қатты зор естіретініне екі айдай болды соған қосын жүрдім. Соның өзі әрең-әрең естіртеді. Бұл менің құлағымның біткені ме, жоқ әйтпесе «АМ III»-ның біткені ме - бұл жағы белгісіз. Жолым түсіп Шымкент қаласына келген соң (07.08.2012 ж.) құлағымға ма, жоқ нерв жүйеме ме, бір жай соққан желдің гүйіліндейге ақырын шуылған қосылғандай дыбыс миына тұрақтады.

Бұл дыбыс мені мен-зен күйден арылтпады. Мұны мен әуелі күн райының өте ыстығынан көріп, сәт айын басымды тастай сумен жуып, ой-санамды гүіл-шуынан сейілттем деген ойымнан түк те шықпады. Ұйқыдан ертеңгісін алғашы тұрғанымда артық дыбыссыз нерв жүйем мөлдір таза тыныш тыныстап жүремін де бірте-бірте шуылған-гүілдеу қайта миыма тұрақтайды. Бұл маза бермейтін дыбыстың тұрағы құлағымда ма, жоқ әйтпесе миымда ма, білмек үшін екі құлағымды мақтамен тас қып бекітсем, шуылған гүіл миымнан естілетінін білдім. Бұл менің жасамал болғанымнан ба, жоқ әйтпесе құлағымды киюлі тұрған «АМ III» естірткіштің қатты зор дауысы миыма орнынып сырқатқа шалдықтырған ба, әйтеуір белгісіз.

Содан соң Зәбира мен қызым Әсия бұл сырқат сырын «АМ III» естірткіштен көріп, мұны құлағымға киізбей қойды 08.08.2012 ж. бастап. «Естімесен естіме, тек денсаулығың бұзылмасын» - деп.

\* \* \*

Бүгін мен өзіме өзім сын көзбен қарасам, бұрынғыдай емес



екенмін. Ұмытшақтық қоюланып келеді екен. Ойға алған мақсаттан да алжаса бастағам. Жазған-оқығанымнан да қате жіберетінді шығарғам. Тұрған-жүргенімнен өзгеріс туып, жығылмас жерде жығылатын болдым. Сөйлеген сөзімде де қайталау, бірді-бірге шатастыру сияқтылар анда-санда болып қалады. Бұған миымдағы шуылған гүл қосылса, еріншектік те ұлғайып келеді. Осының бәрін ойлап, болашақтағы аз ғана өмірім қалай болар деген күдік туды. Өйткені, кейінгі өмірімде қалай болса солай сөйлеп, не болса соны істеп, қайда болса сонда жүріп кетіп, меңзендік билеп алса мен не болғаным деген ой жегідей жейді.

\* \* \*

Құрал Алдабергенұлы деген ағамыз 26.12.2002 ж. күні Шу қаласынан әдейілеп келіп, маған о дүниеге аттанар соңғы аманат-өсиетін табыстап айтып еді. Сонда мен оған:

- Аға, мұнының қалай. Денсаулығыңыз мықты. Ауру-сырқаттан адасыз. Жүріп-тұруыңыз ширақ. Істен де қалған жоқсыз. Сөйлеген сөзіңіз де орнықты. сіздің о дүниені ойлап, оған мойынсынуыңыз әлі ерте, - деп едім. Сонда ол:

- Осы денімнің сауында өзімнің жүріп-тұрған кезімде, ой-мақсатымнан алжаспай тұрғанда, тілімнің барында саған соңғы өсиет-аманатымды айтайын деп әдейі келдім. Алладан басқа кім біледі ертең қандай боларымды, - деп еді.

Сол ағамыз осыдан соң 29.01.2005 жылы өзі айтқан жағына жол тартты. Соны бүгін ойласам Құрал ағамыздың үш жыл бұрын өсиет-аманат айтқаны дұрыс екен. Мен де о дүниеге кететінімді бұрын ойлап, кейінгіме айтатын өсиет-аманатты алдын ала айтып қояйын деген ой туды. Өйткені, менің миыма тұрақтаған гүл шуы қандай күйге түсіреді деген ой маза бермей, жанымды жегідей жеп тұр.

\* \* \*

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген. Сол айтқандай мен «Сәмбет» ағаларымның төртеуінен өмірімде көп қолдау көрдім. Жапар Түйсебеков. Уәш Асатов, Ақаш Бұхарбаев. Оразалы Ақботаевтар. Ауданда он бір жылдан аса бірінші хатшы

болып тұрғанда Жапар Түйебеков мені сыртымнан қолдап, қорғап жүргенін жүре білдім. Соның нақты бір-екеуін тілге тиек етейін.

Жапар Түйебеков маған телефон шалып:

- Көлқұдықта» бір жетім бала тұрушы еді, әлі сонда жұмыс істей ме? – деді.

- Жақа, мен адам ауыстырмаймын ғой дедім, - деді бастығым Рақымжан Әблезовке.

- Сіз бір шындығыңызға көз жеткізген екенсіз, - деді ол да. Мен тұрған жердегі үш-төрт шаруашылықтың бастықтарының тұратыны да Жапар Түйебековтың маған көзқарасынан еді. Жапар Түйебеков Жамбыл облыстық атқару комитетінің бірінші орынбасары болып, кетерде сені маған табыстап:

- Сауытбек Мәдімаровқа көз қырыңды сала жүр деген, - деді Уәш Асатов. Кейінірек мен ауданның бірінші хатшысы, прокурор, сауда жүйесінің бастығы, осы үшеуінің айтқанына көнбегенім үшін олардың қиянатына тап болдым. Осы жағдайымды кейінірек Уәш Асатовтан естіген Жапар Түйебеков облыстағы тиісті орындарға бұйрық беріп, бір аптаның ішінде жолымды ашып, бір қалыпқа келтірді және Оразалы Ақботаевқа табыстапты. Маған қиянат жасағандар жазасын алып, сауда жүйесінің бастығын облыстан аластап жіберді. Кейін Жапар Түйебеков зейнетке шыққан соң Жамбыл облыстық охотинспекторының бастығы болғанда 1983 жылдан Жамбыл облысы бойынша штаттан тыс қоғамдық охотинспекторы етіп, қосымша жұмысқа алды.

Бұдан басқа да Уәш Асатов, Ақаш Бұхарбаев, Оразалы Ақботаевтардың әрқайсысының айтары мол өмірімде қолдау көрдім. Демек, осы төрт ағаларымның да жақсылығын өмірде ұмытпаймын. Бүтінде тертеуі де о дүниелік қой, жандары жанатта, орындары жарық болсын. «Жақсылықтың сыйлығы жақсылық қана» деген (55-с. 60-А.) Құран сөзін ағаларымның о дүниесімен, артындағы үрім-бұтақтарына тілеймін Алладан, Әумин.

*11.08.2012 жыл.*

## ТОҒЫЗЫНШЫ КҮНДЕЛІК

\* \* \*

«Жазушы Н.Қапалбекұлы суырып салма, жезтаңдай ақын Саяділ Керімбековтің атақты Көкбайталы жайлы жазып қалдырған «Көксағым» атты поэмасын ғылым академиясының қолжазба қорынан тауып алып, оны араб әрпінен кириллицаға аударып, көпшілікке ұсынуының тәрбиелік мәні зор ғой деп ойлаймыз» - дейді «Қаламгер қарымы» атты тақырыпта Адам Мекебаев («Қазақ әдебиеті», 12.03.2010ж., №10 (3174)).

*20.08.2012 жыл*

\* \* \*

Менің көнекөз қарттардан естуімше Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы «Байтал» шаруашылығы болып аталуына ұйытқы болған «Көксағым» атты поэмадағы осы Көкбайтал сияқты. Мен бұл дастанды оқып таныспасам да солай ойлап отырған жайым бар.

Өйткені бұрын осы «Байтал» шаруашылығының орнында тұратын бір бай үлкен той жасарда алдын ала бұрын өздеріне тиісті халқына хабарлайды. Той қай күні болатынына хабардар шапырашты елінің азаматтары да бәйгіге қосуға Көкбайталды әкеледі. Бірақ той иелерінің басшысы Көкбайталдың ерен жүйрік екеніне хабардар екен.

- Біз шапырашты елін тойға шақырған жоқпыз, Көкбайталды бәйгіге қостырмаймыз, - деп қоспай қояды. Содан соң шапырашты елінің азаматтары сол жердегі Шымырдың Шыңқожасынан тараған руы көкірек Бекқұлы биден Көкбайталды бәйгіге қостыруына жәрдем сұрайды. Тойдың басшысына ол:

- Қатар тұратын ел болған соң тойыңа шақырмасаң да келіп қалыпты. Көкбайталды бәйгіге қостыр. Бірінші бәйгіге ілінсе, қоржынның бір басы сендердікі, - депті.

Содан соң Көкбайтал бәйгіге қосылып, бірінші болып келіп, бас бәйгіні шапыраштылар иеленеді. Бұл тігілген бәйгінің жартысына үміткер той басшысы Бекқұлы биден сұрайды. Сонда ол:

- Менің қай қоржынымды айтқанымды қайдан білсін, - деп теңдік бермеген екен. Сонда қарттар:

- «Байтал озып, бәйгі алмайды» деуші еді. Мына Көкбайтал озып, бәйгі алды, заманымыз не болар екен? – деп қауіптеніп ой қозғапты. Осыдан кейін көп уақыт ұзамай кеңес үкіметі құрылынды.

Мен бұл туралы мына деректен хабарсыз кезімде ештең күнделігіме бұрын жазған болатынымын.

*30. 12. 2001 жыл.*

Демек сөзімнің қорытындысында Саяділ Керімбетовтың атакты Көкбайтал жайлы «Көксағым» атты дастанындағы осы Көкбайтал ма деген ой туады.

\* \* \*

Әкемнің әкесі Тұңғышалы бабамның тоғыз ұл, бір қызының ең үлкені менің әкем Мәдімәр екен. Әкемді он үш жасында өзінен екі жас үлкен, руы Бестерек Мәдігұлдың қарындасына үйлендіріп, одан екі ұл көріпті. Сонда Тұңғышалы отбасында 11 ұл, бір қызға бола кейде артық сөйлепті. Бір көпір салар жиында:

- Сендер ағаштан көпір салсан, мен адамнан көпір саламын, - десе, тағы мал жүрген жер айқай-шусыз бола ма?

Жайылым, суат сияқты даулы мәселелер кезінде де көптігін алға тартып шыға келеді екен. Талғы жалғыз қызын жылан шағып, оны ұстап алып, киіз үйдің шаңырағына байлап қойып қыздан уын шығаруға дарымшыға оқытқанда ісініп кетіп жылан шарт етіп жарылып өлгенде қыз да Аллаға жан тапсырыпты. Содан соң бір жыл «апрап ішіндегі бір бидайым» деп жоқтау айтыпты. Сонда он бір ұлды арпаға, бір қызды – бидайға теңепті. Осыдан құлағдар Тілеуғабыл болыс адам жіберіп: «Өсіміне кесір болады, жоқтауды қойсын», - деп қойғызыпты. Содан соң кейін тоғыз ұлы да жігіт болып үйленер алдында бірінен соң бірі «домалатпай» деген, тағы басқа науқастардан Аллаға жан тапсырып, ең үлкені – менің әкем Мәдімәр мен ең кенже ұлы Әлеш екеуі ғана тірі қалыпты. Содан соң Тұңғышалы бабам: «Мен Аллаға асылық айтып, кесірге ұрындым» - деп жылап жүріп, 1932 жылы өмірден өтіпті.

Қазір Тұңғышалының ең кенже ұлы Әлештен Раушан деген бір қыз қалып, одан төрт ұл, үш қыз өсіп-өніп отыр. Әрине, казак халқы жиенді нағашы атасының өмірінің жалғасына санай бермесе де бұған да Аллаға шүкіршілік етіп отырмын.

\* \* \*

1916 жылы қазақтан патша әскеріне Тұңғышалының Бұзау деген

баласы тізімге ілініп, әскерге жұрмек болады. Сонда әкем Мәдімәр: «Інім Бұзау бос белбеу – орнына мен барамын». - дейді. Оған әкесі Тұңғышалы, шешесі, әйелі қарсы болып, «Бұзау бойдақ кой, өзі барсын» дегеніне көңбей әкем кетеді.

Бұл бір. Екіншісі: әскере барған соң «онбасы» болып, қарауындағыларға жұмыс істетеді. Сонда өзімен бірге барған Саусақбай дегенді бөрене басып, қайтыс болады. Соның қалай қайтыс болғаны туралы басқа өңірден барған, өзімен гүйдей құрдас Насихат Сүгірұлы деген ақынға жоқтау жаздырып әкеліп, марқұм үйінің көңілін аулайды.

Үшінші: Мешін жылы Жиенбет елі аштықтан басқа жаққа ауғанда, ол сол жерде қалып, аштыққа ұрынбай еңбектеніп, «Сталин» артелінің іргесін қаласады.

Төртінші: өкімет өсір деп берген бір қой, бір ешкіні көбейтіп, кейін басқаның уақ малын қосып, «Сталин» колхозының тұңғыш аға шопаны болады.

Бесінші: Отан соғысы кезінде жүзден аса қой, оннан аса жекеше ірі малын көбейтіп, Шу өңірінің тұрмыстысы болып, жетім, жесір, тұрмысы төмендерге көмегін тигізеді. Сонда біздің үйде жетім, жесір, тұрмысы төмендердің жүргенін кішкене күнімдегі көргенім әлі көз алдымда.

Алтыншы: Отан соғысына аман оралған Жиенбет елінің, (ол кезде Жиенбет елі жүзден аса отбасы болған), алыс-жақыным демей әрбір азаматқа бір қойым дайын, - деп алғашқы соғыстан аман келген азаматтарға бере бастаған. Бірақ төтенше келген ажал әкемді 1945 жылдың ортасында алып кетіп, дарқан көңілі іске аспай қалды. Содан соң әкемнен қалған малдың көбісін Үмбетқұл маскүнемнің құртқаны «Қарапайым менің өмірім» атты шығармада баяндалады.

Қазір ойласам «ниет - көшбасшы» деген рас-ау деймін. Өйткені әкем Мәдімәрдың еті тірі, ойға сергек, жетім, жесір төңірегіндегі тұрмысы төмендерге қолқайыры мол, намысқой, еңбекшіл, пысық екені елден дара өз шаруасын да дөңгелетіп кеткені емес пе – деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, Тұңғышалының тоғыз ұлының ішінде оның өмір жолын жалғастырған Мәдімәрдан екі ұл, екі қыз бармыз. Әкем Мәдімәрдың дарқан көңілінің, ниетінің кендігінен шығар. О бастан кең ойлаған әкеме «өсер оғау өрісті» дегенді тілеп, осы сөзімді асылыққа жазбай, Алла ақырын берсін. Әмин.

*25.08.2012 жыл.*

Әбдіманап інім қайтыс болған соң оның үйін иеленіп үлкен балам Мейрамбек тұрды. Оның да марқұм болғанына талай жыл болды. Бұл үйдің моншасы, төрт түлік малдың қора-жайы, тауық күрке, керек-жарақ қоятын орын мен шөп жинайтын бастырмасына дейін бәрі бар. Жері көп, әрі судың мойны, басқанын жеріне шықпаса да, оған дайын. Алма, өріктің неше түрімен көкөністің әр түрі самсап тұр. Бұл үйге қарастының бәрімен қоса ауласы мен жері түгелімен сыртынан мықты қоршалған. Ұшқан құс болмаса, жүретіндер бұзбаса төңірегіне кіре алмайды. Осыған қызыққандарға үйді көп жыл болды, сатпай қойдым. Қаражатына пенделік етсем баяғыда сататын едім ғой. Оған екі марқұмның екі ұлының бірі болмаса бірі иеленер деген ойда болдым.

Әбдіманапұлы Арманды осы үйге тіркетіп, кітапшасын қолына берсем де шешесі екеуі келіп, бұл үйге тұрмай қойды. Ал Мейрамбектің Жантөресі де сөйтті. «Ауыл тұрғындары жұмыссыз. Біз не істейміз?» - дейді. Шынында солай екені де рас. Менің балаларымның бәрі сыртта болған соң жерді пайдалануға, жоғарыдағы айтқан көкөністің бәрін жыл сайын жиып алуына бір көршіме босқа беріп қойдым. Ол тұрмақ өзім тұрған үйдің тағы басқа толып жатқан жерлерім пайдаланусыз жатыр. Осы босқа бергенді жиып алуға барған көршінің көрі шешесі Шәйкүл бал татып, самсап тұрған алма, өрік, тағы басқа жемістерді көріп, иесіз қалғанына екі марқұмды есіне алып, қамығып жылағанын айтты маған. Мен де оған жасып, «иесі жоқ үй жетім» деген осы ғой деп қиналып, көзіме жас алдым. Мен оны сатпай отырғаным анам Іздән мен інім Әбдіманап, балам Мейрамбектердің тұрған үйі, солардың көздері деп сатпай қойғанмын. Енді ең болмаса иесі жоқ осы үйдің теректері мен қарағаштарын өзіме кесіп алайын деп, соның төрт терегін кесіп, өзім тұрған үйге трактормен сүйретіп апарып қойғам. Сол төрт теректі бүгін қабығын аршып бітірдім. Бұл ағаштар да адам белінен де жуандап кеткен. Қалған терек, қарағаштарын да кесіп алатын ойдамын.

*28.09.2012 жыл*

Мен бүгін зиялының досына жасаған деректі оқып, қиналып отырмын. Содан үзінді берейін.

«Мәскеудегі беделді емхананың бірінде еңбек етегін жақын қарындасым: «Сені бізде емделуге жатқан бір үлкен карт кісі шақырады», - деді. Арнайы сол кісіге жолығуға іздеп бардым. Ол В.И.Ленинмен жүзбе-жүз кездесіп, еліміздің тағдыры, тәуелсіздігі, атамекені, жері туралы келелі мәслихат құрған белгілі қайраткер, атакты профессор, ғалым Әлімхан Ермеков екен. Көп сөйлестік. Сол жерде еліміздің талай айтулы арыстарының, сталинизмнің кезінде өз басынан өткен жазықсыз жапалы жылдар тақсіретін, көрген қорлық, қиянат, озбырлығын, халық жауы атанып, итжеккенде болғанын да сөз еткен еді. «Біз не көрмедік. - деді Әлекең. – Сол зұлматты сендер, жастар, көрмеңдер. Өрімдей өмірлеріне қиянат таңбасы басылмасын.

Мен сол жылдарда итжеккенде Сәкен Сейфуллинмен бір түн бір камерада бірге болдым.

Есіл ер: «Мен Сәбит Мұқановты адам етіп едім. Ол қысылшан кезде маған қиянат жасады...» - деп еді. Мұны сендерге әдейі айтып отырмын. Өмірлерінде қиянатқа, өтірікке, жалғандыққа бармандар. Адам баласына нақақтан бәле салмандар». - деді.

Бұл 1966 жылдың ақпан айы еді... Болатхан Тайжанов (Мысыр мемлекетіндегі Қазақстанның елшісі болған) осылай ағынан жарылды», - дейді. «Мен қысқартып алдым: «Сәкеннің сүйегін іздеу» атты тақырыпта мақала жазған Апбаз Қаражігітов. («Жас Алаш», №96, 29 қараша 2012 жыл).

Зиялылардың кейбірі зиянды қиянатқа баратыны сталинизмнің кезінде тұрмақ қазір де Заманбек Нұрқаділов пен Алтынбек Сәрсенбаев сияқты асылдарымыздың көзін жойғаны кімді болса да өкіндіруде екенін белгілі емес пе? Міне, мен де осы деректі оқығанда қатты қиналып, күнделігіме осы деректен үзінді жазып отырмын. Өкпеге емес, өлімге қиятын зиялы да бар екеніне өкінудемін.

*30.11.2012 жыл.*

## ҚЫСҚА ӨМІРДЕРЕК

Толық есім кірген соң балалыққа бармадым,  
Жетім-жесір тағдыры сол болды тек арманым.  
Жасқа дейін үш мүшел тірлік қуған кезеңім,  
Одан кейін өмірді әділдікке арнадым.

*01.12.2013 жыл.*

\* \* \*

Мен өзіме қатысы жоқ болса да жақсы іс тындырғанды, біреуге жақсылық жасағанды, жақсы мінездіні, жақсы сөз сөйлегенді, жақсы хабар жеткізгенді естісем содан өзіме қуаныш табамын. Керісінше, осындайға қайшы көзқарас болса, оған керемет қиналамын.

*07.12.2012 жыл.*

\* \* \*

Сәтенкүл күйеуі сенімен құрдас болса да сені көз ұшынан көріп, байқамай жолыңды кесіп өткеніне абыржып күтіп тұрып амандасқан соң:

- Аға, сізді байқамай, жолыңызды кесіп өтіп кеттім. Мына жағымнан өтінізші, - деді Зәбира дастархан басындағыларға.

- Ізет білгеннің жәні бөлек қой. Әнеу күні қоларбамен ағаш алып келе жатсам Баян анандайдан көріп, мен өткенше күтіп тұрды. Құдаша әлі тұр, бұл неғып тұр деп ойласам, менің жүріп өтіп кетуімді әжептеуір уақыт күтіп тұр екен. Жүріп өттім де: «Көп жаса, рахмет!» - дедім. Басқа көшедегі кейбір келіндер де сонандайдан келе жатқаныңды көрсе болды жолыңды кеспей, күтіп тұрады өткеніңше. Сондайда оларды көп күттірмей тез өтіп кетіп, рахметінді айтасың. Басқа ауыл арасында жүргенде де танитындар түгіл танымайтын әйел-келіншектердің де жолыңды кесіп өтпей күтіп тұратындары бар. Жолын кесіп өтіп кеткенде тұрған не бар дейтін түсініксіздер өмірде бар шығар. Бірақ қазақ халқының өзіне тән әдеп-ғұрпын сақтағанға не жетсін.

Адам қамын шын ойлайтын жоғарыдан сезілмейді.

Парызына сылтау айтып кейбір басшы безілдейді.

*13.12.2012 жыл.*



\* \* \*

13.12.1959 жылы Забира екеуміз шаңырақ көтергенбіз. Соған міне, бүгін 53 жыл толды. Тағы кенже қызымыз Әсия да 13.12.1976 жылы туғанына 36 жыл болды. Сондықтан жан-жақтағы ұл-қыздарымыз бен күйеу бала, келіндерімізге қоса басқалар телефон шалып құттықтады. Бәріне рахмет. Алла олардың денін сау, аман-есен қып, ой-мақсатына жеткізсін деп ақ тілек тілеймін.

*14.12.2012 жыл.*

\* \* \*

Ой көзімен қарасаң бұрынғы мен қазіргі өмір тіршілігіндегі ел басқарған патша, хан, президент, бас хатшы көп болған. Солардың тарихында елді жағымсыз басқарғаны толып жатыр да жағымды басқарғаны саусақпен санайтындай-ақ екеніне өкінесің. Бұл қалай?

*17.12.2012 жыл.*

\* \* \*

Менің бала кезімде біздің «Сталин» колхозына «Еңбек» колхозын қосып, шаруашылықты ірілендірген. Екі ауыл басшысы біздің ауылда тұрып, «Еңбек» бөлімшесінде жұмыс барысын жүргізді. Сонда неше түрлі үлкенді-кішілі жиын «Сталин» колхозында өтетін. Сондай жиынның бірі «Еңбек» бөлімшесінің тұрғындары көліктері ары-бері қатынасқа бар-жоқ болса да сайлауға дауыс беретіннен бір күн бұрын кешіне «Сталин» колхозындағы Жиенбет еліне жегжат-жұрат, сырт таныс түгіл танымайтыны да үйді-үйге топ-топ болып келін бөлініп қонатын. Келген қонағына малдысы мал сойып, күні бұрын қымыз, боза, мақсым ашытып дайындалса, шишадан да алып, әрбір үй иесі өзінің жағдайына қарай қонағын сыйлайтын. Сол бір күнді әрбір үй кішігірім той сияқты думандатып өткізіп, меймандары ертеңіне сайлауға «дауыс» беріп қайтатын. Бұдан басқа да осындай жиын қайталана беретін. Сол бір кезде ел тұрмысының өте төмен уағы болса да ынтымақ-бірлігі жарасып, пейілдерін кеңге салып, ертең не ішем, не жеймін демей, барынша қонағын сыйлайтын. Сондай думанды жиында кішігірім айтыс та болатын.

Менің анам Іздән жесір әйел, жетім балалы болса да бардамдығына қарай кең пейілді, дастарханды кісі жиі келетін.

Ол кезде ауыл тұрғындарының көбісінің тұрмысы төмен ғой. Анам өзі ашық-жарқын ал тілді сөзімен, реті келген жерде айтыса кететін. Осындай сайлауға дауыс беруге келген жиын сияқтының неше түрінде анам Шынжыр деген әйел екеуі серіктесіп қосылып, талай айтысқанын көрдім бала кезімде. Мынандай жиын тұрмақ жәй күннің өзінде үйден қонақ үзілмейтін. «Береген қол - алаған» деп өзін де құрметтеп қонаққа шақыратын жұрт. Сондайдың бірі «Еңбек» ауылына барғанда анам Іздән Шынжыр екеуі қосылып, таң атқанша біреумен айтысқанда, мен баламын ғой, қасында ұйықтап қалғанмын. Сол бір күнгі айтыс көз алдымнан әлі кетпейді.

«Шынжыр мен Іздән қарсыласының сауалына қарай сөз жарыстырғанда сөзді тез тауып, оны өленге қиыстырып, суырып салып, жауабын қайтаратын» - деген ауыл тұрғындарының сөзін талай естігенмін.

*21.12.2012 жыл.*

\* \* \*

Парасат пен кісілік егіз туған сияқты. Өйткені кісіліксіз парасат адам бойында толық емес, парасатсыз кісілік те адам бойында толық емес. Бұл екеуі адам бойында толық тұрғанда ғана адамға тән қасиеттердің неше түрлі қабілет құбылыстардың бет-пердесінің астарын қоршаған ортасына айқын көрсетеді.

Демек парасат пен кісілік екеуі тең адам бойында болғанда ғана ол төңірегіне иманжүзді көркем көрінеді. Оның астарында мыналар бар: мінезі – салмақты, сөзі – орынды, іске – мығым, артық сөзі не ісі жоқ, ой-мақсаты ашық-жарқын, жүріс-тұрысы – салдарлы, қоршаған ортасына – ұстамды, тамаққа – талғамды, киімі – жарасымды, басқаға – шынышыл, төңірегіне – тұрақты, ашуы – ауырлау келеді. Осының бәрін алдын ала адам бойындағы парасат пен кісіліктің өзі-ақ оны сырт көзге танытып тұрады. Мұндай адамдар көбінесе көп жасайды. Ал өмірдегі адамдар сан-алуан түрлі. Олардың қандай екенін өмір жолының болмысы анықтайды. Менің де қандай адам екенімді өмір жолымның болмысы көрсетеді. Осыны жазғанымды Алла кешірсін. Әмин.

*23.12.2012 жыл.*

\* \* \*

Астана қаласына жақын Ақмол деген жердегі «АЛЖИР» атты

халық жауларының әйелдерін қамаған лагерь орнына Зәбира, Мұратбек, Сағижан төртеуіміз сағат 16.00-да барып, сағат 20.00-да қайттық. Қысқартылып алынған «АЛЖИР»: 1 –Акмолинский, 2- лагерь, 3-жең, 4-изменников, 5-родины – деген ұғым береді. Үш қабатты «АЛЖИР» музейінде зиялы халық жаулары дегеннің көбісінің суреттерімен қоса әйелдердікі де баршылық. Әйелдерді тасыған вагон, оның ішінде өлген адам бейнесі, соған қараған қарауыл итімен тұр. Музей ішінде документалды деректер толып тұр. Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хатының көшірмесі суретінің астында тұр. Оның қызы Рита Рысқұлова Тұрарқызының да суреті бар. Осы қамалған әйелдердің кейбіреуі күніне 40 бау қамыс орып өткізбесе, оларға тиесілі 0,800 гр. нанын бермегені де жазылған. Мұндай жазалау дерек көздерінің неше түрін оқып қиналдык. Деректі киносын 20 минут көргенде қамалған әйелдерді қалай жазалағанын, көрген қорлық-зомбылығын көрсетіп айтқанда жаның түршігеді. Алла солардың о дүниесіа берсін. Әмин.

*30.12.2012 жыл.*

\* \* \*

Ұлу жылында елім аман. Отан тыныш, экономикасы да қарыштап өсті. Тек қана «ұйымдасқан жемқорлық» халықты қобалжытады. Бұл келеңсіздік те тығалар деген үміттемін. Енді 2013 жыл Отаныма, еліме жақсылық әкелсін деп тілеймін.

*31.12.2012 жыл.*

\* \* \*

Бұл Ұлу жылы менің отбасыма жақсы, жемісті жыл болды. Маған қарастының бәрі ауру-сырқаудан аман, ойдағыдай ой-мақсаттары орындалып жатыр. Әсия деген кенже қызым өмірге Шағатай деген немеремді әкеліп, бәрімізді қуантты. Зәбира екеуіміз Астанадағы Мұратбектің үйінде 2011, 12, 13 – осы үш жылдың Жаңа жылын қарсы алып отырмыз. Бүгін, міне, Мұратбектің үйінде қызым Дания-Талғат отбасымызбен түгел 2013 жылды қарсы алдық.

2013 жыл құтты жыл болып, отбасыма жақсылық әкеліп, бәрімізді аман-есен, ой-мақсатымызға жеткізетін жемісті жыл болсын! Алладан осыны тілеймін. Әмин.

*31.12.2012 жыл.*

\* \* \*

Бүгін Галяға, Назарбекке, Әлияға, Ниязбекке, Данияға, Мұратбекке, Әсияға, Аидаға - қасымда жүрсе де ауызша айтқан жазылған ұмытылмайтын болған соң, балаларымның әрқайсысына хат жазып бердім. Онда негізгі ойларым айтылған. Алла бұларды аман-есен етіп, ақырын берсін. Әмин.

*07.01.2013 жыл.*

\* \* \*

Мейрамбектің екінші қызы Торғынның дүние-мүлкін, төсек-орнын Зәбира, Әсия-Серік, Аида-Қуаныш екі көлікпен апарып, міндетінен құтылды. Торғын нағашы жұртынан ұзатылса да, олар қызға тиісті дүние-мүлкін біз апардық. Қайтарда Бәйдібек бабамыздың ескерткішіне құран бағыштадық.

*20.03.2013 жыл.*

\* \* \*

«Укаша ата әзіз әулие Укаша» Кентаудан 30 шақырым жердегі тау ішіне бардық. Менің екінші баруым. Бұрын жолы нашар еді. Кейін асфальт жол салыпты.

«Түсінде Алла Тағала Жәбірейіл арқылы аян беріп айтады «Укаша, тұр ұйқыңнан, саған Мұхаммедпен жүздесуге күн туады. Бабалар аманат хатың жеткізер сәт келеді. Сен пайғамбарымызды Меккеден табасың» - депті де ғайып болыпты. Оянса – түсі екен. Содан Меккеге жетіп, Пайғамбарымызбен тілдесіп, мұсылман дінін қабылдайды.

«Сіздің табаныңызға кірген тікен менің көзіме қадалсын. Сізге келе жатқан оққа кеудемді тосамын» - депті. Пайғамбар бұл сөзге риза болып, батасын беріпті. Өзіне әскери қолбасшы, қорғаушы етіп сайлапты. Осыдан бастап Укаша сахаба атаныпты. Бірде аңдыған жау кәпірлер патшасы Дауан желке тұсынан шауып жібереді. Осы кезде денесінен бөлінген бас қақ айырылған сіңіп кетіпті. Сол жерден терең құдық пайда болыпты. Әруағы зиярат еткен жандардың ниетін Аллаға тез жеткізетін шешуші рух». (Зиярат кітап, 52-бет).

\* \* \*

Біз әулие Укаша ата сүйегі жатқан жеріндегі денесімен 20 метр қаны шашыраған орнына барып, тәжім етіп, шырақшысына құран

оқытып, садақа бердік. Ол жерге үл үккен автобуспен барған көп адамдар ішінен менің Аида кызыма көйлек берді шырақшысы.

Екінші рет тағы жол жүріп, Укаша атаның өте терең құдығына бардык. Адамдар көп екен. Кезекке тұрып, құдығынан су тарттық. Мен оң қолыммен шелекті құдыққа салдым. Он қолыммен шелекті қайта тарттым. «Сүйінші, сізге жарты шелек су келе жатыр». - деп шырақшысы қуантты мені. Шелекті құдыққа үш рет салған кейбір ер мен келіншекке бір қасық та су шықпағанына қиналғандарды көргенбіз. Ал маған шелекті құдыққа бір салғанда-ақ су шықты. Бұған қоса тағы «сүйінші, өсіп өнесіз, бақытты боласыз, міне, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жүрежат, тағы одан ары үрімбұтағыңыз көбейеді» - деп шырақшы суды құйып берген сол шелек түбінен ілесе келген тоғыз тастарды маған санап беріп, қуантты. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп, «айтқаның келсін» деп мен шырақшыны құшақтап, бетінен сүйдім. Серікке де, Аида-Қуанышқа да су шықты. Серікке бір тас, Аидаға бір тасты ырым ғып бердім.

## **МЕНИҢ ШЫҒАРМА ЖАЗУЫМА ТҮРТКІ БОЛҒАН ДАЛАДАН ТАУЫП АЛҒАН ӨЛЕНДЕР ЖАЙЛЫ**

Мен жеті жылдық сыныпты бітірген соң колхоз жұмысына шығып жүрдім. Шөмелей салдым, арбекеш болдым, шөп тасыдым, жұмысшы тасыдым, мал бақтым, басқа да неше түрлі жұмсаған жұмысын орындадым.

Бірде кой төлдету науқанында сақпаншы болып, одан кейін бидай орағында Жайсандағы (таудағы) қырман жұмысына шаруашылық басшылары жұмсады. Сонда «Мойынқұм» колхозының аға шопандарымен бірге Жайсан жайлауына көшіп барған мал дәрігері Серікбай Шәуенов те бар еді. Соның «Центральныйдағы» үйінің сыртқы ауласында бұрқырап шашылып жатқан көп қағазға кезігіп қалдым.

Ілініп-салынып жүретін сырқат әйелі, 3-4 жасар баласы, не отағасы Серікбай - үшеуінің бірі де жоқ мына шашылып жатқан не қағаздар екенін сұрап білетін. Бұл қағаздарды баласы далаға алып шығып ойнап жүріп тастап кетті ме, не төрт қанатты кніз үйдің түрілген төрт керегесінен құйын желтұрып кеулен ұшырып шығарды ма далаға? Әйтеуір белгісіз. Анығы сол – бұл қағаздар керегі жоқ

нәрседей үйдің сыртқы ауласында шашылып жатыр. Содан соң әр жерден бірден-екіден жатқан парақтармен бүктелген дәптерлер де бар – барлық шашылған қағаздарды тірнектеп теріп жиып алдым. Мұны неге далаға тастағанын сұрап, анық-қанығының мән-жайын білуге ешкім болмаған соң, керек болса ұқыптан тығып қояр еді ғой, керексіз болғаннан кейін сытқа тастаған дегенді ойлап, жиған қағаздарымды алған бойда жұмыс орнымға кетіп қалдым. Біраз күн өткен соң қырман жұмысынан босанып, «Сталин» бөлімшесіндегі үйге бардым. Содан соң жолсыздықпен түлей түртіп, біреудің үйінің сыртқы ауласынан сұраусыз тауып алған қағаздарды реттей бастадым.

Бұл оқушыға арналған кереге көз бен жазу жазатын дәптер парағына жазылған өлеңдер болып шықты. Дәптер парақтарының жыртылған-жыртылмағаны бар, бірден-екіден бөлек-бөлегі де бар. Осыларды төрт көзбен – төрткөз парағына қарай үзілген тұстарын жалғадым. Әрі сиямен жазылғанын – сиямен, сия қаламмен жазылғанын – сия қаламмен жазылғанына қарай орайластырдым. Енді өлең сөзінің үзілген жерін келесі ұйқас сөзіне тіленіп тұрған тұсының ырғағына қарай жыртылған парақтардың ажырамына келтіре отырып, біріктіріп, ретке келтірдім. Оның үстіне бұл қағаздар біраз күн далада жатқан. Өйткені ашық қалған дәптер, беттері күнге кеуіп сарғайса, су тиген әріптің сиясы еріп боялған парақтардың әріптері де оқуға келді. Өлең сөзінің кейбір әріптері өше бастаса көмескі белгісіздеуі де баршылық екен. Сондықтан бастапқы сөздің үзілген жерін келесі ұғымды-ұғымсыз тұсының ырғағына қарай сөздің мағынасын тақытатынын тауып, өлең ұйқасына қарай ескере отырып, бәрін ретке келтіріп оқып шықтым. Сия қаламмен жазылғаннан сиямен жазылғаны көп екен. Оның үстіне бәрі бір қолмен жазылмаған. Әртүрлі қолтанба бар. Бәрін түгел зейінді оқып шыққанымда тек қана араб әрпімен жазылған көлемді өлең бар екен. Оны кейін 1960 жылы Үмбетқұл дегенге аудартып, бүгінгі кириллица қаріпіне түсіріп алдым. Бұл:

1 өлең – Сарыүйсін Бүйенбай батырға жасын (70 жас) жетпіске келді, енді ұрлығыңды қой, деп баласы 78 жол өлең жазыпты.

2 өлең – Сонда Бүйенбай батыр (арғында бұрыннан кегім бар) ұрлығымды қоймаймын, деп 108 жол өлең жазыпты.

396 Осы даладан тауып алған өлеңдер ішінен әсіресе Бүйенбай

батыр мен «Байбағыс өлгенде Тойдалының айтқан көңілі» деген екі өлең өте қызығушылығымды танытып, осыны елге оқып беріп жүрдім. Әсіресе Бүйенбай батырдың өлеңіндегі Секер батырдың Аша елін Әулиеата оязы ел демей, төңірегіндегі болыстарға қаратып, әрі қанатып қойған. Осыған қарсы күрескен Секер батыр көп еңбек сіңіріп, өзінше ел, өзінше Аша болысын құруға белсене атсалысқан. Нашардың сөзін сөйлеп, соның жағында болғаны үшін де ағайындары батырды өлтіргені туралы айтып, өлеңмен жоқтайды. Осы өлеңді кез-келген көпшілік жұртқа оқып беріп жүрдім.

\* \* \*

1964 жылы құмдағы малшы қауым орталығы «штабка» (Көлқұдық) көшіп бардым. Бұл штаб 4-5 шаруашылық орталығы болғанымен тікелей жері де штаб та Абай совхозына қарасты болатын. Мұнда шаруашылықтың бір бөлімшесінің бастығы малдары түгел тұратын. Оның үстіне Абай совхозының тұрғыны Сарыүйсін, Шымыр болып екі рудан құралған ауыл. Демек мен даладан тауып алған өлеңдегі Секер батыр мен Бүйенбайдың туған ауылы осы Абай совхозындағы Бөрі сарыүйсін мен алғашқы осы штабка көшіп барған кезде көзі ашық, көкірегі ояу, көнекөз шежіреші қарттар көп еді. Оларға Бүйенбаймен баласы Әбіірдің айтыс өлеңін оқып беріп жүрдім. Сонда сол қарттардан көп, әрі тың, нақты Секер батыр туралы деректер алдым. Аша болысын құрғаны, осыған қатысты іс-әрекет қимылдары алты руы елге сіңірген ерен еңбектерін қоса Секер батырды неге өлтірді, кім өлтірді, қалай өлтірді, тағы бұдан басқа толып жатқан мағлұматтар берді.

Бірақ мен даладан тауып алған Секер батыр туралы өлең оның елі тұрмақ жақын аталас ағайындарында жоқ болып шықты. Бұл өлең бұрын болғанын айтқанмен дәл өзі жоқ Секер батыр туралы жазылған өлеңді мен даладан тауып алып, жаңырттып айтып жүргеніме туыстары рақмет айтты. Көшкінбай, Мұрат тағы басқасы бар менен көшіріп алды. Қазір ойласам түлеп тұртып жолсыздықпен біреудің ауласынан неге сұраусыз алдым деп өзіме-өзім кінә

тақсам да осы даладан тауып алған өлең мені шығармашылықпен айналысуға түрткі болып бастаған екен. Өйткені: «Қолға алған дүниесін түбегейлі жетілдіруге тырысса ол да адамның зор қасиеті» - депті бір данышпан. Зор қасиетті болмасам да даладан тауып алған өлеңдегі Бүйенбай мен баласы Әббірдің айтысы арқылы Секер батырдың іс-әрекетін 20-30 жыл зерттеп жүріп, «Аша елі» хикаясын кітап етіп жазып шықтым. Осы Секер батырдың іс-әрекеті мені шабыттан-шабытқа жетелеп, бүгінде құдайға шүкір, жеті кітабым жарық көруіне осыған айғақ екені сөзсіз.

Бүгін, міне, «Бүйенбайға ұрлығыңды қой» деген баласы Әббірдің 78 жол өлеңі да. «Бүйенбай батырдың «ұрлығымды қоймамын» деген 108 жол өлеңі де, демек екі өлең де «Көлқұдық атты кітапқа енді. (Алматы. Раритет) 300-304-беттер.

Енді авторларының әруағын сыйлап, тауып алған өлеңдердің бәрін де жарыққа шығарып қоюды жөн көрдім, оқырманым.

### ***3 өлең: Байбағыс олгенде Тойдалының айтқан көңілі:***

Көңіл айтып хат жаздым  
Әбила сізге азырақ  
Көзден аққан моншақ жас  
Жолдасыңнан ажырап  
Ел-жұртың күйінді  
Шуылдасып жамырап.  
Құдіреттің ісіне  
Қайғырмаңыз көп жылап,  
Жылағанмен келмейді,  
Енді сізден кетті ұзап.  
Шара бар ма, қайтелік,  
Жасырақ қалды балалар.  
Бас иесіз шырқырап  
Естіген ел қамықты  
Сай сүйегі шықырлап  
Блажы бар ма пендегің  
Жаратқан құдай жүр нұнап  
Бағын-дағы жазуға  
Тәуба қылып тұр шыдап.  
Жыламай тәуба десеңіз  
Масышар күні алдыңнан  
Амандасып шығады



Күліп сөйлеп сусылдап,  
Нелер өтті Әбила  
Толықсыған солкылдап  
Басында тұрмас нұр дүние-ай  
Толқып тұрған бір сынап.  
Әпілаттік өткен дүниеден  
Өнер қылып бұлбұлдан  
Алайын деп келгенде  
Жебірейілді алдаған  
Өлімнен қашқан жылпылдап  
Әзірет шері ода өткен  
Қырып-жойып кәпірді  
Зүйлікәрі қылшылдап.  
Асан өлді у ішіп  
Пісіп тұрған асылдар  
Толқып тұрған шыртылдап  
Кербаланың шөлінде  
Шейіт болған Үсейін  
Бір жұтағын су сұрап  
Қорқыт өткен дүниеден  
Қашып жүріп өлімнен  
Түйеге мініп тірілеп  
Жиренше өткен дүниеден  
Адамзаттың жорғасы  
Қоңыраудай сылдырлап  
Ешкім тірі қалмайды  
Не қылсаң да өлім ақ.  
Болған іске берік бол  
Тәуба қылып Әбила  
Бір біз емес дүниеден  
Нелер өтті шіркін-ай  
Атамыз адам Әуена  
Абылды Уабас өлтіріп  
Әуелі солар көрген-ай  
Нұхи, Ыдырыс. Лутшыша  
Олар да опа көрмеді-ай  
Дәуіт те өткен дүниеден  
Болатты бұзған зергер-ай  
Әзіреті, Мұса о да өтті  
Алладан нада енген-ай  
Шах, Сүлеймен, Ескендір  
Омар да өткен дүниеден

Ісу-жу жауап берген-ай  
Ұлықпан қайда өлмесе  
Бір мың жасқа келген-ай  
Өлмесе қайда (Әбилау)  
Ақырасқұл пайғамбар  
Екі әлемді сұраған  
Рүстем Дастан о да өткен  
Сайын Қуан ерлер-ай  
Атаусыз қанша көп қалды  
Айтып-айтпай несіне  
Барлығы жерге кірген-ай  
Туғаннан соң Әбила  
Көреді пенде өлімді  
Болған іске өкінбе  
Байлағың бекем белінді  
Басшылық етіп Байбағыс  
Бастап еді елінді  
Өкіметке қадірлі болып еді сенімді  
Берік бол енді болаттан  
Аман болса балалар  
Тарқатады шерінді  
Орында бар оналар  
Жеткізеді кемінді  
Ессіз әйел сен емес  
Ойлама енді ерінді  
Ойлай берсең өткенді  
Көңіліңді кір басып  
Кетіреді сәніңді  
Уайым түбі тым құйын  
Адастырып ақылдан  
Қашырады қалынды  
Кеткен қайтып келмейді  
Ойлағанмен жарыңды  
Көңіліңе тоқтау түссін деп  
Өтініш теріп мен жаздым  
Қолымнан келген барымды  
Амандығын Әбила  
Балалардың сұрағын.  
Қамыққанмен пайда жоқ  
Ойламағың уайым.  
Өлшеулі күш біткен соң  
Қорағатының суына

Алып келіп түсірді-ау  
Жаратқан жалғыз құдайым  
Мағұзымдағы жазуға  
Ырза бол да тәуба кыл  
Әбила сіден сұраймын  
Ұятты болды Әбила  
Уақытында бара алмай  
Бата қылып қол жайып  
Құран оқып бере алмай  
Колхозшының белгісі-ау  
Қолымыз кетті тие алмай  
Тоқтау түссін сізге деп  
Бір азырақ сөз жазып  
Жібердім сізге осылай, - депті Тойдалы ақын.

Байбағыс деген кісі Шу ауданы «Ақтөбе» колхозының төрағасы болып жүріп Қорағаты өзен суының жылым тұңғиығына батып өліпті.

1985 жылы осы даладан тауып алған көңіл айту жоқтау өлеңді әрең дегенде ретке келтіргенсіп, машинкаға бастырып, Шу ауданы орталығында қызмет істейтін кеңсесінде отырған жерінде Байбағыстың баласы Сәпиге апарып бердім. Ең болмаса рахмет деген де жоқ. Алла әркімді мұндай баладан сақтасын.

#### *4 өлең: Иманша Тойдалыдан*

Құрметті сәлем жаздым Иманша саған,  
Құдай-ау әр пәледен сақта аман.  
Ғазизат шырын жолдас нағашым ең,  
Аман ба Иманша қайның, қатын, балаң.  
Алпыстан жасым барад асынқырап.  
Ойнаған ор текелей өтті-ау заман.  
Кәрілік кеселменен қабаптасып,  
Жағдайым бұл уақытта боп тұр жаман.  
Үйінде Тұрлыбектің отырғанда,  
Ауылға бір келші деп айттың маған.  
Бір аттын жарты пұлын берем дедің,  
Естіді сол үй толған барлық адам.  
Алпысты сен де таяп алқымдадың,  
Өтірік орын болмас енді саған.  
Колхоздың атын ұрлап мініп бардым,  
Қуанып кеш батқанда күліп бардым.  
Таң атқан соң атты алып қояды дел.

Асығып жарым түнде тұрып бардым.  
Адасып ауылыңнан ары кетіп,  
Айналып Тұрлымбетті жүріп бардым.  
Ертеңнен кешке шейін ат сабылатып,  
Үйіңе кеш болғанда кіріп бардым.  
Ат түгілі бір тоқты бере алмадың,  
Жалғанда естен қалмас қылықтарың.  
Бұл Имаш мазақ қылып шақырды-ау деп,  
Біза болып ішімнен тынып бардым.  
Жақындап үйге таман барғаннан соң,  
Халықтан жасырынып жымып бардым.  
Нағашың не берді деп сұрағанда,  
Ұялып Боққайнатқа сынып қалдым.  
Неңді алды мақтан сенің Имаш батыр,  
Мен енді жаза берем толып жатыр.  
Бір аттың жарты пұлын беремін деп,  
Беруге түк таба алмай қалдың ақыр.  
Бұлтаңдап Отынбайша жауап беріп,  
Борандай қарсы соққан замандасың.  
Жігіт екен жарамады нағашың деп,  
Естігендер келеке қылып жатыр.  
Атың құтты болсын деп алып келген,  
Қызыққа Боққайнаттар кіріп жатыр.  
Имашың осындай-ақ еді ғой деп,  
Бұлар да сырыңызды біліп жатыр.  
Имашқа ат сабылтып жүргенің деп,  
Ысмағұл, Жүнісбек күліп жатыр.  
Сөзіме тездеп енді жауап қайтар,  
Сөз кептеп көмейімнен келе жатыр.  
Сұрамай неге міндің атымды деп,  
Балалар кеше туған сөгіп жатыр.  
Шоканның шашыраған бұтағы едім,  
Түсінбей бұл сөзіме қалма батыр.  
Неғылдым келекетіп шақырғандай,  
Аруақ сарт болмаса табар ақыр.  
Жиенді наза қылма деген сөз бар,  
Ақырың енді Имаш болсын тақыр.  
Бәрінен нағашымның болдың пысық,  
Бұл күнде күдіретпен болдың пұшық.  
Қой бағып бес-он теңге табысына,  
Мастанып мұнша неге кептің ісіп.  
Бір күн бір түн сен мені әуре қылдың,

Бірдеңе сұрадым ба сені қысып.  
Мақшарда өтіріктің орнын таппай.  
Кетпегің жанып тұрған отқа түсіп.  
Тексеріп бұл сөзімді терең ойла.  
Ол жерде жүре алмайсың арақ ішіп.  
Екі елі ауызыңа ие болып.  
Тыныш жүр мұнан былай сорлы пұшық, - деп хат жазыпты  
Тойдалы Иماشқа.

*5-өлең: Имаштың Тойдалыға жазғаны*

Тойдалы жиен өкпелеп,  
Маған өлең жазыпсың.  
Өлең жазып кайтесің.  
Бейшара сорлы жазғаным.  
Меніменен айтыссаң,  
Көріңді қазып қамдағың.  
Жаман тамын қорғаның.  
Тістеуде кетер бармағың.  
Ішінде кетер арманың,  
Бір қымтысам өкпеңнен.  
Аузыннан шығар зардабың.  
Қатындарша қарғадың,  
Көріп пе едің молданың,  
Ысқаттан байып оңғаның.  
Маған өлең жазыпсың,  
Бар кісі құсап салмағың,  
Үмі десем ұшасын,  
Насыбайдай жоқ салмағың.  
Мастығы ма сорлым-ау,  
Жарым пұт бидай ішінде,  
Ысқаттан алған дорбаның  
Құлынымнан жорғамын  
Жорғалап топтан озғамын  
Жоқ кылар едім қызталақ  
Өкіметті ойлаймын  
Он жыл ағыс тармағын  
Арағым ішкен болмаса  
Жолдассыз емес жан-жағым  
Жылайтұғын балаң жоқ  
Бауырым деп жылайтын  
Байсақал да қалған жоқ  
Жан ашитын адам жоқ

Өліп кетсең осыдан  
Өлігің кейін болады  
Боқ шоқыған қарғаның  
Намыс қылдым айтқанға  
Төрт Дулаттың бірі деп  
Өзімді-өзім алдадым  
Бүйте берсең ақымақ  
Тиеді елге салдарың  
Сіздің өлең келген соң  
Аузын аштым қамбаның  
Әруақты елдің тұқымы ең  
Ұзақбай мен Есберген,  
Әбдірәсіл, Кенжебай,  
Ырыскелді, Темірқұл.  
Осы сөзді бағала  
Атадан туған бағланым  
Тойдалы сенің әкең жездем енді  
Қалыпты Николайға кез кеп енді  
Ілгері Жылан менен Жылқы жылы  
Жоғарыдан келіп ең мегдеп енді  
Неменеге сорлым-ау шіренесін  
Бұтта дамбал жоқ еді, жейдең енді  
Мені сен өлеңменен жеңе алмайсың  
Бекерге неғыласың өрлеп енді  
Соқырды мінгестірген бір жолаушы  
Қайыр қылма деп кеткен пендеге енді  
Сол соқыр құсағаның жарамайды  
Тіліңді келтірсеңші келмеге енді  
Қызығы домбыраңа ілестіріп  
Он күнде жіберіп ем жөндеп енді  
Исіңді жаман деуші қыз-келіншек  
Сабасам да көндірдім көнбегенді  
Қанша бай, қанша кедей болғанменен  
Бір қандырып жібердім шөлдегенді  
Сатсам да шапанымды о дүнией-ай  
Тұрғызып жіберуші ем мендегенді  
Қызталақ маған қарай өлең жазған  
Баста миың жоқ екен зердең енді.  
Екеуміздің биіміз ауылда жүр  
Жайымызды біледі Мерген енді  
Бұл Имашты айтысып жеңе алмайсың  
Жігі текті алып кел көрден енді

Маған қарай қызталақ өлең жазған  
Жеті атаңның аузын (с...) өлген енді – деп хат жазып, Имаш  
Тойдалыға жіберген.

*6-өлең. Имишқа сәлем Тойдалыдан:*

Алайын енді қолға қаламымды  
Естідім Имаш сенің хабарыңды  
Өнерің өтірікке шыққан еді  
Білемін бір өтірік табарыңды  
Жыланда асырауым сені депсін  
Қолыма алып көрдім саламыңды  
Біреуді асырауға қашан жеттің  
Беріп еді Есей тауып тамағыңды  
Арқама мінгестіріп жүрдім депсін  
Ұялып сен білмейсің қаларыңды  
Өлерінді білмейсің өтіріктен  
Тартайын әдемілеп табағыңды  
Түгелдей айтқаныңа жауап жазып  
Деміккен тарылтайын табаныңды  
Адамға қарап жүрген сүйкенесін  
Оттамай ішпейсің бе арағыңды  
Балаң жоқ деп айқайлап айтқанменен  
Онымен пәс қылмайсың назарымды  
Қолына жазып бердім балалардың  
Істеген маған былтыр азабыңды  
Мәмбеттер екеуімізге төрелік берер  
Жиенді мына ақымақ наза қылды  
Жиенді тыныш жүрген сүйкендіріп  
Қалмағын бір күні ұстап таяғыңды  
Өстіп жүріп бір күні орға түсіп  
Халыққа тигізерсің залалыңды  
Жорғамын топтан озған деп айтыпсың  
Көріп ем шаңға ілеспей қалғаныңды  
Айтысып Қаракызбен ілгеріде  
Бір уыс қылып еді заманыңды  
Жорғалап ілгеріде топтан озсаң  
Жазып бер енді маған жарарыңды  
Жорғалаймын деп жүріп байқұс қортық  
Ырситып жарып алма табаныңды  
Шамаңа қарамастан тырбандайсың  
Қойяйын дәмінді алып сабаныңды  
Жазыпсың балаң жоқ деп қағазына

Тіреп тұр сенің балаң хабарымда  
Тамменен қарағайды қиған менен  
Қиыспай бөлек түсіп қалады да  
Қанағат бір Алланың бергеніне  
Сен құсап елден сұрап аламын ба?  
Тоғыз ұл мен төрт қызым кетіп еді  
Мапшарда соны тауып аламын да  
Балаңның бірі күнту, бірі шүршіт  
Отырсың теберік қып көзге сүртіп  
Балаң жоқ деп айтыпсың жылайтұғын  
Айтқыздын мұның өзін түлей түртіп  
Жазыпсың балаң жоқ деп қара басып  
Албасты басыпты ғой сені басып  
Ит үріп керуенді қаппайтұғын  
Ауызын үргенменен үлкен ашып  
Жеткіздім талай жерге деп айтыпсың  
Қай жерге барып едің менен асып.  
Өтірік көрінгенге мақтанасың  
Ізімді көріп пе едің менің басып  
Имаш пен Тойдалының жүрген жері  
Мәлім ғой Пәрменқұлға айдан ашық.  
Бір барып Пәрменқұлға сынатылы  
Бұл етіп бұдан тағы жүрме қашып  
Қортыйып сол ауылда сен де жүрдің  
Мен сенен қай уақытта кем боп жүрдім  
Жеткіздім талай жерге деп айтыпсың  
Менімен өзің қашан тең боп жүрдің  
Орынсыз мен сен құсап оттамаймын  
Ешкімнің арқасынан боқтамаймын  
Сандалттың бір күн, бір тун біленсің бе  
Мен тегі бұл жазыстан тоқтамаймын  
Ішінде өлең кептеп толған екен  
Қарныңды сенің тесіп орталайын  
Оттайсың әрбір шөптің басын шатып  
Естіген бұл сөзіңді күлер халық  
Мен саған айтысқалы жазғаным жоқ  
Сен өзің қалғанбысың естен танып  
Алдымен мына сөзге жауап бергің  
Шақырдың ат берем деп мені неғып  
Жауабын осы сөздің бергін десем  
Мақтандың жорғамын деп судай ағып  
Тіліңді тазалап ал бөкка батқан



Ат бер деп сұрап па едім сенен барып  
Сен өзін шақырмасаң барып нем бар  
Мақтанып Боққайнатқа болдың демдар  
Батпандай мінің тұрып былшылдайсың  
Осынша әуре қылып менде нең бар  
Айтыпсың «Жігітекті» алып кел деп  
Сүйегін көрден ашып алып бер деп  
Егерде керек болса өзің барып  
Сұрағын Терсебайдың біреуінен  
Мүрдесін «Жігітектің» танып бер деп  
Ешкімге өлең сұрап мен бармаймын  
Өзің бар біраз өлең тауып бер деп  
Түнеп кел бес-алты күн мүрдесіне  
Аузыма бірденені салып бер деп  
Жазып ем сәлемдеме былтыр саған  
Хабарың биыл келді былшылдаған.  
Шақырып ат берем деп ауылына  
Барып ем бес тындық жоқ дүр баған  
Айкайлап ат берем деп шақырғанда  
Жігіт екен деп айтты естіген жан  
Мен сенен қай уақытта ат сұрадым  
Мақтанып жұлқынасың болып талқан  
Сен итке шақырмасаң кім барады  
Бара ма сен жарып ішкен сорпаң  
Қой бағып әркім ішті қою сорпа  
Мен саған барып па едім салып қолқа  
Тыныш жүрген адамға ат берем деп  
Сандалттың бір күн, бір түн мені босқа  
Әжуа қылар кісін мен бе сенің  
Мәмбеттің ортасына салам топқа  
Халықтың ортасына сынағалық  
Біріміз жығылармыз қалың топқа  
Оттайсың бірдемені өлең емес  
Малданып өтірікті өнер емес  
Тұқым жоқ Байсақалдан деп айтыпсың  
Байсақал аржақтағы бүкіл Кеңес  
Қырық үй бар әлде болса Байсақалдан  
Бұл сөздің мақтаны жоқ, дәріп емес  
Бәрінің төрт мүшесі түйдей түгел  
Мұрны жоқ сен секілді кәріп емес  
Бардағы иланбасан барып кергін  
Қортықты сен сияқты адам демес

Жағынды қарыстырын енді байқус  
Менімен айтысуға шамаң келмес, - деп хат жазып жіберінгі  
Тойдалы Иماشқа.

\* \* \*

Тойдалының өлең саптауында көреген ақын екені сезіліп тұр.  
Бағы ашылмай, ел көзіне көрінбей кеткен ақын ғой, шіркін. Әруағы  
риза болсын деп жарыққа шығармақпын. Шу қаласында тұратын  
жалғыз қызы бар деп естимін. Мына өлеңді жарыққа шыққан соң  
соған апарып беретін ойым бар. Мұнымды Алла қолдасын. Әмин.

\* \* \*

Қай жылы екенін ойымнан шығарыпшын. 1960 жылдар арасы-ау  
деймін. Тойдалымен айтысқан Иماشты ат үстінде жүрген жерінен  
кездестіріп, сәлем бердім де:

- Сіздің Тойдалымен айтысқан өлеңіңізді тауып алып, елге оқып  
беріп жүрмін. Сіз ақын екенсіз ғой, - дедім.

Ол ат үстінде тұрып:

- Әй, жиен Сауытбек, сен біздің қарашанырақ үлкен үйіміздің  
жиенісің ғой. Сол тектілікті жасапсың (ол менің Бура Сарыүйсін,  
демек Мәмбет, Баймырза, Сары – осы үш атасының шыққан үйі  
қарашаңырағының жиені екенімді айтып тұр). Айтыс өлеңді  
даладан тауып алып, елге оқып жүр екенсің. Саған көп рахмет.  
Мұның өзі сенің тектілігің. Қарабаланың Дәулетқұлы айтып еді  
сені: «Біздің ауылдағы кейінгі балалар ішінде Сауытбек сезімді,  
тұрақты» - деп. Сол айтқаны рас екен. Жасың ұзақ болып, ниетіңе  
жет, бақытты бол. Мен Тойдалымен екінші рет тағы айтысқанмын,  
- деді Иماش.

### *7-өлең. Жақсыбай Жантөбетовтың әйелі өлгендегі жазғаны*

Жайнаған жарық дүние  
Талайдың өттің басынан  
Басылып бірде шат көңіл  
Бірде судай тасыған  
Болмаған қанша құрыш болат  
Бірде жерде жасаған  
Тұрмайсың сірә, қалыпта  
Не боласың осыдан  
Өмірі шаттық ержүрек  
Өлімді көрге жайлаған  
Жайнап жүрген гүл көңіл  
Сарғайып бүгін басылған.

Басылғаны адал жар  
Қосағым кетті-ау ұысымнан  
Ақыреттік адал еді  
Он бесінде қосылған.  
Жаттықсыз жақын болып ед  
Жолыққанда тосыннан  
Жаман күнде жар болып  
Қызметін асырған.  
Жаманым болса жасырған  
Қызметі көп еді  
Істеген жүріп басымнан  
Еске түссе мінезі  
Жабырқап жаным ашыған  
Жабырқамас қандай ер  
Айырылған соң досынан  
Топырағы торқа боп  
Нәсіп болсын жанына  
Әуіз гәусар асыннан  
Алғыс айтам артынан  
Пайда болмас жылаудан  
Жар болып ен жасында  
Жұрт қысылған жыланда  
Ашадан Шуға ел ауып  
Түн қатқан жокпын шұбауда  
Қол ұстасып налымай  
Жаттығып ең жайлауға  
Сабыр түбі сары алтын  
Жетіп едік бұл халге  
Ұл ер жетіп, қыз өсіп  
Жеткенде жаңа қалауға  
Алпысты таңаған сақал шаш  
Ұшырады қылауға  
Төл атымнан айырып  
Ниетімді жалған сынауда  
Атым пенде болған соң  
Шүкір қылам бұған да  
Сабыр қылам шыдауға  
Әбиір бер табиғат  
Жеткізіп қалды сұрауға  
Әйелім қаза болғалы  
Жұмысқа қолым бармайды  
Өйткені сыртта ұл-қызы

Алашым деп жылайды  
Жүйрік көңіл талапты  
Бір жарды таңдап алғалы  
Қандай адал кез болып  
Басқарар біздің шаруаны  
Жолығып адам бір дайын  
Кетіре ме күйік зардабы  
Елім бір теңіз дарияға  
Жақанның түсті қармағы  
Шортан емес, бақа емес  
Ілінгей сазан бағланы  
Адал жарға кез ғыл деп  
Тербетемін жалғыз Алланы.  
Бір табиғат өзінше  
Ырзана қарыздар  
Жаратушы әм бәрі  
Домалақ деген анама  
Жарықшақ әзиз бабама  
Қасиетті әм бәрі  
Албан, Суан, Дулаттын  
Жәрдем бергің әруағы

**8-өлең. Жақсыбайдың аудандағы қызметкерлерге жазғаны**

Өтініш аудандағы інілерге  
Іс түспей ердің сыры біліне ме  
Бәріңді інілер деп бірақ жаздым  
Атасам елді түгел іліне ме  
Білмеске оқ өтпесе сөз өтпейді  
Марапат қандай батым білдей ерге  
Тапсырдым бұл сөзімді Жампоз саған  
Елтай мен Сейдуали Шалғай және  
Сары алтын танымаса мыстан арзан  
Әсіл сөз адамзатқа қымбат баға  
Жауынгер батыр жойқын боз балалар  
Сай туған ерлерің замандағы  
Өкшелес інілерім сен білмейсің.  
Қадірлі қайдан білсін бала-шаға.  
Қырық күнге жеңген өліп жақындады  
Көп мінген төл атым ед астымдағы.  
Сондықтан інілерге сәлем жазбақ  
Ағаңның болғаннан соң ауып нәмі

Бір кезім сыр айтарлық келіп отыр  
Достарға өздеріндей жақындағы  
Жайымды жағдай билеп сіздерге айттым  
Дарияға көпір болған ақылдары  
Жаксыдан сыр жасырма деген еді  
Сол үшін жай айтуға акын бары  
Жастарым аруларын болсын сенімдірек  
Білімді балаларсың туған зерек  
Бәйгіден басын тартқан қалмас жүйрік  
Жіберсе көтермеші сүйеп демеп  
Шаршаған сол жүйріктей болып тұрмын  
Қандай ер шылбыр тартып берер көмек  
Пендесін бір табиғат ондарында  
Пендені бір нәсіптен қылар себеп  
Келім-кетім меймандарды құрметтейтін  
Болып жүр бұл ағаңа әйел керек  
Ол әйел мүмкін бар ма табылатын  
Жарарын донесінен тарту қылып.  
Ерінің қимылына бағынатын  
Тәргіпшен үйдің ішін таза ұстайтын  
Киізі күн аралап қағылатын  
Жайлы орын қалмыш төсек жайластырып  
Бір көрпе екеу ара жамылатын.  
Мейман келсе алдынан атын байлап  
Астына қағып киіз салатын  
Керегін сондай мұқтаж ағасының  
Іздесе інілері не ғылатын  
Тарланға таңдамалы кезі келмес  
Дегенің керегі не бәрі қатын  
Жампозжан былтырғы айтқандарың қайда  
Күн болды піскен қауын жарылатын  
Сайыпкер көп жылқыдан табар жүйрік  
Бәйгіге уақыты болды шабылатын  
Қалғанда алқындырып алпысқа жас  
Ойласам жас шағымды қарным аш.  
Адамды жүйрік көңіл билейді екен  
Сонда да керек бөп жүр бір қаламқас  
Жолдасқа бұл жалғанды  
Ініме Әбухаир, Сәдуақас  
Әр уақыт інілерге сәлем жазып  
Бұл жактан тоқтам ас болмас.

9-өлең.

*Жақсыбайдың Алматыдағы Кенен мен Есдәулетке жазғаны*

Сағындым Есдәулет пен Кенен сені  
Бір жылғы құрбыларсың туған төлі  
Замандас қатарын кім сағынбайды  
Бірге өскен жора-жолдас көлемдегі

Бұлақтың шыңнан шыққан қайнарындай  
Ағылған ерлері едің өлеңдегі  
Аман ба ел-жұртың екі саңлақ  
Қызылтау ауданыңның көп елдері

Аман ба және тағы бала-шаға  
Қандек пен Әзіртаудың өрендері  
Бұл жақта аман-есен біздің ел де  
Колхозы Шу ауданның әйел-ері

Жақында бір жаңалық болып өтті-ау  
Тағдырдың жазуымен эзелдегі  
Пәниден баки жайға кетті әйелім  
Өмірдің түйін талып келген жері

Болып тұр осы күнде жағдай солай  
Болғалы бұл жағдайлар болды талай  
Жақсы ма қалдырыңыз, бала-шағаң,  
Дұрыс па төл атыңның жәйі қалай

Қырық жасында қырымпоз тартатұғын  
Жақсы әйел қылықтанып алай-бұлай  
Қыз бар ма сіздің жақта бізге ылайық  
Зер салып төңірекке жүргің қарай.

Қош құрбылар, хабар жаз бұл жағдайға,  
Саламат бас қосармыз қойса құдай!

*10-өлең. Кененнің Жақсыбайға жазған көңілі*

Жақсыбай, жан жолдасым оң көзімдей  
Сені қатты сағындым нұр көзіндей  
Хабарды хат арқылы кеше алып  
Хат жаздым қайтарғалы дер кезіндей.

«Мүлкі айран» әйел өлсе деген екен,  
Бұрынғы Жиреншенің бір сөзінде,  
Қайырлы болсын арты бәйбішенің,  
Ұл-қызы одан туған сол көзіндей.

Құдайым аман ғылсын балаларды  
Артына тастап кеткен қарға ізіндей  
Сағынған сары еркесін көрмей кетті  
Жалғыз-ақ арман бар ғой сол жерінде.

Жақсы қыз тапсақ хабар жібереміз,  
Жақсыбай, ізден, ерміз біз де өзіндей  
Су шығар жұлдыз бенен шымды жерден  
Сөз шығар өздеріндей үлгілі ерден.

Дүниеге келген менен кету анық,  
Қорықпа құтылам деп қазған көрден  
Бар шығар жайпап жүрген жандай байы  
Сен бесік көрінгенмен күнін көрген.

Алғанша аспа әйел ауыз басар  
Бар шығар сыйлайтұғын келіндерден  
Бар ма екен Сауытбектен қалған қатын  
Аяндап бұл уақытта бізге келген.

### *11-өлең. Жампоздың Жақсыбайға айтқан көңілі*

Ал Жақа жазған хатың тиді бізге  
Сол үшін бізден сәлем енді сізге  
Іс түспей іске шебер ешкім болмас  
Мәнісін бұл сөзіміздің білдіңіз бе

Былырғы жазғы кнім керек болып  
Мойныңды биыл зорға бұрдыңыз ба  
Құдайдың не қылса да еркі өзінде  
Пенденің еркі бар ма өздігінде

Қайырлы болсын арты жеңгеміздің  
Өмірі ұзын болсын өзгеніздің  
Болмаса шабандығым жамандық жоқ  
Сырымыз білінбейді енді біздің

Бұл сөзім айтыс емес, көңіл айту  
Алмайын аузын ашып көмбеніздің  
Ағажан, құтты болсын жана жеңгей  
Қайнысы қуанған бірталай мендей.

Сұраймын өткенді ойлап, өкінбеніз  
Ешкім жоқ жүретұғын ақыр өлмей  
Базыналық сөзбенен көтеремін  
Жұмыс жоқ қалатұғын қолдан келмей.

Өз басым қай уақытта сізді сыйлау  
Өкімет басқадарға тұрмын сенбей.

\* \* \*

Даладан тауып алған он бір өлеңге 60 жылға жуықтады. Содан бері Бүйенбай баласы Әбиірдің айтысын. Тойдалының Әбилаға айтқан көңілі және Тойдалы мен Имаштың айтысын талай елге талай рет оқып бердім. Соның тоғыз өлеңі жарық көрген жоқ еді. Енді бүгін авторлардың әруағын сыйлап, осы өлеңдерді де жарыққа шығармақпын. Осы акындар ішінде әсіресе Тойдалының үш өлеңінде сөз жатық, астарлы, ұйқасы да бір-бірін құптап тұрса, артық сөз жоқ, өте терең толғап, тәбіреніс сезімге тола, өлеңге даңғыл саңлақ акын екенін көрсетеді.

\* \* \*

Осы он бір өлеңді алғаш даладан тауып алып, жыртылғанын, өшкенін, кеуіп кеткенін, су гигенін, сөздердің, әріптердің көмескі белгісіздерінің кейбір жерлерінің жазуларын ажырата алмай, түп нұсқадан ауытқып кеткен жерім бар шығар деген ойымды оқырман қауымға ескертемін.

*15.04.2012 жыл.*

*«Әрбір күн мәңгіліктің бір бөлшегін құрайды» - депті Пауло Козльо.*

Сол мәңгіліктің бір бөлшегін құрайтын әрбір күнімнің күнделігін жазғанымда қайталаулар бар екен. Соным үшін кешірім сұраймын оқырман қауымнан.



## МАЗМҰНЫ

<i>Сөз басы</i> .....	3
<i>Бейіттерден өткенде</i> .....	32
<i>I - бап</i> .....	40
<i>Ұйықтағандағы жайлы төсегің</i> .....	41
<i>II - бап</i> .....	42
<i>Мен кіммін?</i> .....	43
<i>III - бап</i> .....	45
<i>I - бап</i> .....	46
<i>II - бап</i> .....	48
<i>III - бап</i> .....	51
<i>IV - бап</i> .....	52
<i>V - бап</i> .....	52
<i>VI - бап</i> .....	53
<i>VII - бап</i> .....	54
<i>VIII - бап</i> .....	55
<i>X - бап</i> .....	57
<i>XI - бап</i> .....	58
<i>Екінші күнделік</i> .....	135
<i>Үш анық</i> .....	182
<i>Үшінші күнделік</i> .....	187
<i>Төртінші күнделік</i> .....	233
<i>Бесінші күнделік</i> .....	266
<i>Сәрсенбайұлы Жүністің</i> <i>Бауыржанға жазған хаты</i> .....	306
<i>Генерал не дейді?</i> .....	315
<i>Ініден ізет</i> .....	324
<i>Алтыншы күнделік</i> .....	326
<i>Жетінші күнделік</i> .....	359
<i>Сегізінші күнделік</i> .....	371
<i>Тоғызыншы күнделік</i> .....	385
<i>Қысқа өмірдерек</i> .....	390
<i>Менің шығарма жазуыма түрткі болған</i> <i>даладан тауып алған өлеңдер жайлы</i> .....	395

**ЖЕКЕ КІТАПХАНА**  
Мәдімәров Сауытбек  
мәдімәрулы

## **Сауытбек Мәдімәрулы**

**Өмір - керуен**

**Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының компьютер  
орталығында беттелді**

Редакторы	Махмут ҚОСМАМБЕТОВ
Тех. редакторы	Құралай РЫСҚАЛИЕВА
	Жадыра МАХМУТҚЫЗЫ

---

Басуға 08.08.2015 кол койылды.

Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$  Қаріп түрі  
“Times New Roman”. Көлемі 26 баспа табак.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 90

---

Алматы қаласы, Райымбек даңғылы 60  
“Үш Қиян” баспасының баспаханасында басылды.  
Тел: 393-29-38



